ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибеков Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаева С.С., Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 249 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгзілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

«ТІРІ БІЛІМ» МЕН ТІЛ ЭКОСОФИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСІМІ – ТІЛДІ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАЙ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕГІ

Дәулетбекова Ж.Т.

Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры, п.ғ.д., Алматы, Қазақстан

Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» ілімінің түп негізі – халықтың білім сабасындағы өмірлік байламдар. Ұлт Ұстазының тіл мен әдебиетті, жалпы қазақтың сөз өнерін кие тұтып, оның мәнісін тануға баулуды өзінің алдына өмірлік мақсат етіп алуы жайдан жай емес. Ғалым халқының болмыс-бітіміндегі, ұлттық діліндегі рухани әлеміндегі Тілдің орнын терең таныған, оны жас ұрпақ санасына сіңіруді өзінің Ғалымдық миссиясы етіп ұстанған. Бұл баяндамада Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» ілімін жүзеге асыруға өзек болатын тіл экософиясы туралы тұжырымдар талданады.

Әуелгі сөз «тіл экософиясы» термині жөнінде. «Экософия» - «экология» және «философия» сөздерінің бірігуінен, дұрысы, кірігуінен жасалған термин сөз. Ол бүгінде «аң-құсты аман сақтайтын ілім» атауын білдіреді. Экософияның адамзатқа керектігін эколог ғалымдар мойындап отыр. «Канадалық Дэвид Сузуки: «Табиғатты саламат сақтау үшін баланың жан дүниесі сакральды дүниетаныммен баюы керек»- деп, оны қолдады. Келесі бір ғалымдар экософияны жолға қою үшін табиғаттың киесі туралы діни аңыздар мен көне білімдерді тірілту керек деген ұсыныстар жасады» - дейді «Экософия немесе киелі табиғат» атты кітаптың авторы Санжар Керімбай Instagram әлеуметтік желіде берген сұқбатында [1].

«Тіл экософиясы» деген терминнің де білдіретін мағынасы осымен барабар: бұл – тілді қасиетті, киелі ұғым ретінде танитын, жас ұрпаққа танытуды мұрат тұтатын жаңа ғылым саласы. Бұл тұрғыдан алғанда «Тірі білім» ілімі мен «тіл экософиясы» терминінің бір-бірімен тамырластығы мен үйлесімі бірден байқалады. Бірақ бұл үйлесімде тіл туралы білім берудің түпкі мәні – діни мистикалық сипаттағы көзсіз табынудан бөлек бағам. Бұл процесте тілдің адамзат өміріндегі, тағдырындағы мәні мен рөлін түйсіндіру, тілдің адам игілігіне қызмет ету мүмкіндіктерін таныта отырып, сөз әдебі мен мәдениетіне, тіл шеберлігіне үйрету маңызды. Осы орайдағы «тірі білімнің» мақсаты пәнді оқыту арқылы Тіл мен Адамның, Тіл мен Танымның, Тіл мен Ділдің, Тіл мен Мәдениеттің арақатынасының «мәнісіне» бойлата отырып, оқушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру, сол дүниетаным негізінде сөзін «бағып» сөйлеуге төселдіру, патшаның тағынан шешеннің бағын жоғары санайтын ұлттық дәстүрді ұстана отырып, сөз шеберлігіне баулу. Тілдің әрі объективті әрі субъективті құрылым ретіндегі ерекшелігін ашып, тілге деген жас ұрпақтың оң көзқарасын, саналы қатынасын қалыптастыру мақсат етіледі.

Батыстық зерттеушілер «тілді әлдебір ерекше табынатын құдіретті нәрсе - фетишизм деп қарамау керектігін» баса айтады. «Фетишизм (фр."фетише" - таңғажайыптық) - табиғаттан тыс, ерекше қасиеттері бар жансыз заттарға табыну. Бұл тұмарлар, бойтұмарлар: тастың бір бөлігі, қоянның аяғы, қасқырдың тісі. Ертегідегі сиқырлы таяқша да фетиш деп айтуға болады. Бірақ қазақтың ұлттық діліндегі, дүниетанымындағы тілге қатысты дүниелік білім бұл ұстанымнан бөлек. Өйткені тілді тек қарым-қатынас құралы, айналасындағыларды ақылмен билеудің құралы деп түсінетін бастыстық өлшем мен «жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» дейтін сенімі арқылы тілді кие тұтатын, «жақсы сөз – жарым ырыс» деп, сөздің магиялық қуатын жан дүниесімен сезінетін, «өнер алды – қызыл тіл» деп өз баласына тілдің адам тіршілігіндегі Мәнін түйсіндіретін, «тіл – ұлттың жаны» деп ұрпағына оны бойтұмардай сақтауды аманаттайтын қазақтың тілге қатысты ұғым-түсініктерінің арасы алшақ жатыр. Көркем туындылар арқылы сөздің қазақ діліндегі өзіндік мәнін ашу қажет болды.

Қазақтың сөзге деген құрметінің еуропалықтардың сөйлеу арқылы (дауыс-үн культі) өзін қорғау мен таныту ұстанымынан түбегейлі айырмашылығы бар. Оған шығыстық діл тән. Жапон ғалымы Кимуро Седзабуро әр халықтың сөйлеуге қатынасына назар аударып,

этнопсихологиялық зерттеулер жүргізген. Оның пайымдауынша, еуропалық үшін дауыс, үн арқылы жеткізілмеген адамның ішкі қалауы, еркі – әлеуметтік тұрғыдан алғанда түкке тұрмайтын нәрсе. Сондықтан еуропалықтар сөздің өтімділігін дауыстың қарқынына, мәнеріне байланысты бағалайды және әркім өзін жұртқа үн арқылы мойындатуға тырысады. Ал, «өмірді бейнелеу, әлемді образдаудағы жапон стиліне келсек, адамаралық қатынас немесе сұхбат (диалог) – жапондықтар үшін, ең алдымен, түсінісу құралы. Сұхбаттың негізгі мақсаты – субъектілер арасындағы қолайлы мамыражай көңіл-күйді немесе сұхбаттық ықылымды орнату, сол арқылы ғарыштық үйлесімділікке ұмтылу. Еуропалық тұлға үшін әлеуметтік өмірдегі құбылыстар – әр адамның өзін-өзі қорғау, мәртебесін таныту, басқа әлемді мойындату, сонымен қатар сол әлемнен қорғану тәсілі. Шығыстық менталитет үшін сұхбат – адамдар арасындағы сөз қақтығысы емес, ол өзіне жақын адамдардың ішінен өзгеше типтегі жандарды іздеу және өзіне бөтен адамдардың арасынан мүдделес адамды табуға деген талпыныс» [2, 54-б.]. Бұл қазаққа да тән болып келеді. Ақыметтің тірі білімінің өзегіне де осы ұлттық танымдағы тұжырымдар салынған.

Ақымет сынды ұлы тұлғаның ұлт құндылықтарына қауіп төндірген дүрбелеңге толы XX ғасырдың басында «Тірі білім» беру туралы дабыл қаққаны бекер емес. Ортақ саясат, ортақ даму жолына бірге түскен бағы үстем жұрттардың бірте-бірте кіші жұрттың ұлттық құндылықтарын мансұқтап, өз ілімдерін тықпалайтынын, сөйтіп, халықты рухани тамырынан айыратынын алыстан болжаған ғұлама одан құтылудың жолын ойластырғанда тапқан амалы «Тірі білім» болатын. Халықтың «білім сабасындағы» дүниені танытуды ұсынуында да осындай көрегендік бар. Әлемде қайталамасы жоқ, өзі айтқандай, сан ғасыр бойы өзінің тегіндегі табиғатын таза сақтаған, «түріктің тұнық тілі» деп бағалаған туған тіліне төніп келе жатқан қауіпті ерте сезген. «Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ» деп мақтанышпен айта келе «20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» деп ұлт зиялыларына ой салып, тарихи мәні зор міндет жүктейді [3, 271]. Сол жүктің салмағын жүрегімен сезінген ғалым бірінші кезекте қазақтың асыл қазынасы – сөз өнерінің ғылыми жүйесін жасауды, сол жасаған ғылымын жас ұрпаққа жеткізудің жолын анықтап беруді өзінің басты мұратына айналдырады. Өйткені ол жат тілдің қалыбына салынып, өз табиғатынан ажыраған тілмен бірге бірте-бірте ұлттың да жойылатынын білді.

Ғалым болжағандай, тілді оқыту процесінде оны табиғи тамырынан бөлектеп, ол туралы үстірт, жалаң білім берілсе, ол әуелі жеке адамның, содан соң қоғамның дамуында деградация тудыратыны сөзсіз. Себебі үстірт жүретін өлі оқу, біріншіден, баланың өз тіліне немқұрайды қатынасына себеп болады; екіншіден, тілге деген жеккөріністілігін тудырады, одан безіндіреді. Үшіншіден, жалаң ақпараттық сипаттағы тіл туралы білім адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа кері әсерін тигізеді. Салдарынан тілді құндылық деп танымайтындықтан, өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақтың арасындағы эко-гармония бұзылады. Ең соңында, өз тілін менсінбейтін, рухы өшкен, ұлттың санында бар, сапасында жоқ «тірі өлік» ұрпақтың көбеюіне, сөйтіп, ұлттың өзін-өзі жұтып, жоюына әкеледі.

Ғалым тілді, сөз өнерін сақтаудың бірден бір жолы «Тірі білім» беру деп тұжырымдады. Ал, тірі білімнің ұстыны – өз тілінің заңдылықтарын мән бере отырып тану, соған сай аталардан жалғасқан сөз саптау амал-тәсілдерін түйсініп қолдануға үйрету. «Тірі білім» аясында Тіл бастапқы пайда болған кезінен-ақ Тірі Табиғаттың адамды тууының, яғни олардың өзара субъект-субъектілік, эко-гармониялық қатынасының ерекше формасы болып келе жатқанына мән берді. Сондықтан Тірі білімнің Тілі немесе Тірі Тіл – оны жасаушылар мен тұтынушылардың қарым-қатынасының ең қуатты құралы» екенін бағамдады. Сондықтан басты мәселе Тірі білімнің ерекше формасы ретінде Тілді субъект-субъект қатынасында меңгертудің жолын тіл туралы тірі білімге негіздей отырып жүргізу болды. Осы ұстанымы арқылы ғалым Тіл де Тірі Табиғат секілді адамның фило және онтогенездік (жеке дара

дамуында) тұрғыдан дамуына, Тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал ететін Ұлы күш екенін дәйектеп берді.

Тіл туралы тірі білім пәндік тұрғыдан бөлшектенген, тіл туралы құрғақ ақпарат беруден аспайтын, субъект-объектілік қатынасқа негізделген өлі білімге қарсы қойылды. Бұл жердегі Ұлт ұстазының бірден-бір сүйенгені – ұлтымыздың «пайдасызы қалынып, пайдалысы жинақталған Білім сабасындағы» рухани қор. Ақаң салған сол жолдың арқасында кеңестік кезеңдегі білім жүйесінде қазақ тілі де Мәскеуден шығатын типтік бағдарламаға телініп, бөтен тілдің табиғатына сай оқытылғанымен, оның табиғаты сала-салаға ажыратылып, үстірт танытылғанымен, халық жадындағы, оның білім сабасындағы тіл туралы білімдер озық ойлы әдіскерлердің еңбектерінде , танымы терең мұғалімдердің (сондай мұғалімнің бірі – менің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ берген Ұлы Ұстазым – Шекер Оразымбетов) сабақ үстінде айтқан тағылымды әңгімелері арқылы ұрпақтар ұлтының ұлы құндылықтарымен ауыздануға мүмкіндік алды. Ол жайында В.Шилин шығыс, батыс елдерінің тілді оқытудағы тәжірибесін салыстыра отырып, Шығыс дәстүріндегі алдыңғы толқын буынның өзінен кейінгілерге берген тіл тәлімін былай сипаттайды: «Шығыста бұлай фундаментальді тұрғыдан бөлініп берілген білімнің өзінде тіл тек білімді меңгертудің ғана емес, Мұғалімнің өз Шәкіртін тұлға ретінде жетілдіруінің құралына айналған» [4, 19].

«Тірі білім мәселесін зерттеген шетелдік ғалымдар білім алушының тілдің Адам мен Адамның, Адам мен Тірі Табиғаттың арасындағы дәнекерлік рөлін сезініп, түйсінуі маңызды деп санайды. Оқыту процесіндегі басты мәселе – Тіл мен оның қызметі туралы білімді тірілту арқылы оқушылардың Білім мен Тілдің арасындағы үндесімді түйсінуіне қол жеткізу. Негізі мұндай түсінік қазақтың ділінде ежелден бар. Қазақ – тілдің айрықша қуатын терең сезінген халық. Оның дәлелі қазақтар үшін тіл – жай ғана қарым-қатынастың құралы емес, магиялық күші ерекше, бойына «тылсым сыр» тұнған қасиетті дүние. Сондықтан тілдің киелі құбылыс, қуатты қару, өнер ретіндегі мәнін бабаларымыз әуелден-ақ терең сезінген. Оған халық мақалында түйінделген тұжырымдар дәлел (1-кесте).

1-кесте. Тіл экософиясына қатысты қазақ мақалдары.

Сөзім – Өзім	Сөз – Кие	Сөз – Күш	Сөз – Болмыс	Сөз – Өнер
Сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің	Жақсы сөз – жарым ырыс	Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады	Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені	Өнер алды – қызыл тіл
Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды	Уәде – Құдайдың үйі	Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді	Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ	Шебердің қолы, шешеннің сөзі ортақ
Тіземнен сүндірсең де, сөзімнен сүріндірме	Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар	Айтпаса, сөздің атасы өледі	Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер	Патшаның тағынан шешеннің бағы артық
Ойы күңгірттің сөз күңгірт	Айтылған сөз – атылған оқ	Қаһарлы сөз қамал бұзар	Ойы байдың – тілі бай	Білім – тұл, тілден шығып есілмесе

Сондай-ақ, аузымен құс тістеген шешендердің халық арасына таралған сөздерінде де, бүгінгі күнге дейін ұлт зиялыларының танымдық еңбектері мен ақындардың шығармаларында да тіл экософиясына бастайтын орамды ойлар, терең пайымдаулар, тұғырлы тұжырымдар көптеп кездеседі. Бұл – ұлттық діліміздегі тілді құндылық деп бағалау, оны кие тұту дәстүрінің үздіксіз жалғасып келе жатқанының көрінісі.

Тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы жиырма жылында жалпы білім беретін мектептерде де, жоғары білім беру орындарында да қазақ тіл біліміндегі тілтанымдағы жаңалықтар, антропоөзетік парадигма аясында жүргізілген соны зерттеу нәтижелері енгізіліп жатты. Өкінішке орай, соңғы он жылда мектеп жүйесінде бұл дәстүр үзіліп қалды. Сондықтан ендігі

міндет – сол үзілген жүйені қалпына келтіру, қазақ тілінің білім мазұмнын тіл табиғатын тануға қарау бағыттау, Ақыметтің «тірі білімін» жандандырып, Тілді оқытудың сапалық деңгейін көтеру. Тіл сабақтарында «тірі білім» ілімінің қағидаларын ұстанып, қазақ тілінің даралығын танытуға арналған теориялық ережелермен бірге ұлттық ділдегі тіл туралы орныққан даналық тұжырымдарды тарата меңгерту балалардың тіл экософиясын саналы түсінуіне жол ашады. Тілдің адам болмысының айнасы екенін, сол арқылы адамның өзін-өзі танитыны, басқаларға танытатыны, өзгені танып білетіні туралы білім баланың тілге қатынасын өзгертеді. Ол үшін сөздің мазмұнын үстірт түсіндірумен шектелмей, сыни тұрғыдан талдатып, одан өз байламдарын жасатып отырудың нәтижесі жоғары болмақ. Дарынды сөздің, көркем шығармашылықтың мысалдары ақын-жыраулар тілінде ерекше танылады. Сол себепті қазақ тілі сабағында ұсынылатын оқу материалдарында теорияның нысандары бар мәтіндерді ғана емес, алған білімін одан әрі тереңдететін танымы биік, талғамы ерек туындылар құрап отыруы ұтымды.

«Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады»,- дейді ғалым [5, 9-б.]. Осы тұста назар аударатын мәселе – Ақымет білімді жеке-дара алмайды, өнер-білім деп қолданады. Осы атаудың өзінде-ақ, ғалым оқу әрекетінің бірінен-бірі ажырамайтын екі қырын көрсетеді. Ол «тірі білімнің» қос қанаты секілді мәніс білім мен әдіс білім ұғымымен де ұштасады. «Білім» - білу, тану, ұғыну, сезіну де, ал өнер – сол алған білімнің оқушының ой көрігінде қайнап, сығынды тұжырымдарын енді өз қабілет-қарымымен жасап шығаратын дүниесі, яғни өзінің «өнімі», «өнер туындысы».

«Сөз», «өнер», «мәдениет» – тек тілдік мәселе емес, адам болмысының айқын көрсеткіші ретінде философиялық та мәнге ие ұғымдар. Ғаламдану дәуірінде оқушыға «тірі білім» дарыту үшін өз тамырына терең үңілдіріп, тарихында бар танымдық, рухани, материалдық игіліктерін сапалы үйрету – басты талап. Нәтижесінде сөзді өнер тұтқан халықтың бүгінгі ұрпағының танымы кеңіп, талғамы қалыптасады. Әрі тарих пен өркениет тоғысында өз топырағындағы даналық ойлардан нәр алады.

Шығыс, Батыс елдерінде және еуразиялық кеңістіктерде қалыптасқан рухани құндылықтардың тұтастығы мен сапа жағынан айырмашылықтарын анықтау адамзат философиясы тарихының бүгінгі таңдағы келелі мәселелерінің бірі болып отыр. Өйткені әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәсілдердің бәріне жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байланыстарын, адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтарын ескеру аса қажет. Тарихтың бүгінгі белесінде осы құндылықтарды жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу заман талабына айналуда. Сондықтан да белгілі бір жағдайларға байланысты қазақ халқының тоқырауға ұшыраған, кері түсіндірілген ұлттық құндылықтарын терең зерттеу, олардың мәнін айқындау, жалпыадамзаттық өркениет аясындағы рөлін ашу, бағыттарын айқындау міндеттері уақыт сұранымымен де сәйкес келіп отыр.

Ұлттық құндылықтардың мәні өзінің зерттеу қажеттілігімен немесе қазақ халқының сана-сезімін оятуға бағытталуымен ғана шектелмейді. Бүгінгі ғаламдану заманында әр халықтың болмысы өз тарихымен тамырлас рухани негізде қалыптаспаса, өрісі тарылып, ішкі және сыртқы жойқын күштерге төтеп бере алмайды. Рухани тәуелсіздіктің мәні – адамның дүниеге көзқарасының қалай қалыптасуына байланысты. Ұлттық рухшылдықтың қайнар көзі сонау сақ философы Анақарыстан, орта ғасыр ойшылы әл-Фарабиден, аузымен құс тістеген сөз дүлдүлдерінің шығармаларынан, Абай мен Шәкәрім идеяларынан бастау алады. Сондықтан тіл экософиясына қатысты білімді меңгертуде ұлы ойшылдардың пікірі тұғыр ретінде ескеріліп отыруы шарт.

Қазақ философиясының өзіне тән ерекшелігі – адам, бақыт, көркемдік пен сұлулық, өмір мен өлім, дүние, әлем, болмыс пен батырлық, адам мен табиғат үйлесімі секілді құндылықтардың бүтіндігінде. Олардың барлығы да сөз өнері мен халықтың тарихи жадында

өзінің молдығымен, көркемдік сұлулығымен, тарихи деректілігімен, сыршылдығымен орын алғаны хақ. Тілді оқыту процесінде даналық сөздерді оқу мәтіндері түрінде ұсыну пәнді оқытудың дидактикалық мәнін тереңдетумен қатар, баланың сөз шеберлігін жетілдіруге де үлгі көрсетіп, эмоциялық әсері мол болмақ. Одан да маңыздысы бұл материалдар арқылы сөздің өнер ретіндегі сипаты ғылыми тұрғыдан талдау нысанына айналады. Даналық тұжырымдардың ішкі мазмұны мен сыртқы сөз көркемдігінің үйлесімі танытылады. Мазмұнды әсерлі жеткізу үшін қолданылған сөздегі дыбыстардың үйлесімі, олардың сұлу үнмен әуезді айтылуы, құлаққа жағымды естілуі, аз сөзге терең мағына дарытып тұратын ой тереңдігі, сөз астарында жасырылған имплицитті, құпия кодтар, сөйлемдегі сөздердің орны тәртібінің құбылуының, инверсияның ойға әсерілілігі және т.б. таратып айту үшін ғылым керек болады. Егер даму дегеннің өзі адам бойындағы мүмкіндіктің шындыққа айналуы деп түсіндіретін философиялық байламға сүйенсек, онда оқушының таным мен тағылым алу мүмкіндігінің кеңеюі оған тілді меңгертуде экософиялық қуаты мықты құралдарды пайдалану арқылы шешілетіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда көркем сөз үлгілерін оқыту арқылы тіл экософиясын түйсіндіру, оны жас ұрпақ санасына сіңіру тіл тазалығын сақтауға, сөз бедерлілігін үйренуге, ойды жүйелі, түсінікті, әсерлі етіп жеткізуге ықпал ететін базалық қор әрі құндылықтық мәнге ие үдеріс болып саналады. Сондықтан сөз құдіреті арқылы оқушының бойында «тиіс ғалам» мен «түйіс ғаламды» тоғыстыра отырып, оған «тірі білімнің» дәнін салу – оқыту процесіндегі дәстүр мен инновацияның бірлігіндегі биік мұратымыз болып қала бермек.

Мақала AP19676778 «Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясы – тілді оқытудың концептуалдық бағыты» атты гранттық жоба аясында шығарылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://sakhara.kz/?p=1109-12.08.23
2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау.-Алматы: Санат, 1997. - 464 б.
3. Байтұрсынұлы А.Түрікшелер құрылтайы// Бес томдық шығармалар жинағы.- 4-т. Алматы: «Алаш», 2006. - 266-275 б.
4. Шилин К.И., Ларина А.П. Живое знание. Часть I. Живая психология Востока. -2022. – 420.
5. Әдебиет танытқыш. Қазақ тілінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, – 2022. Т. IX: -592 б.

ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Смағұлов Ж.Қ.
Ф.ғ.д., профессор, Е.А.Бөкетов атындағы ҚҰЗУ
Қарағанды, Қазақстан

Құндылыққа негізделген білім беру жүйесі – қазіргі білім берудің ажырамас бөлігі. Оқу бағдарламасына құндылықтарды интеграциялау арқылы қоғамға саналы, тәрбиелі, патриоттық сезімі жоғары азаматтарды тәрбиелеу мүмкін болады. Осы тұрғыда әрбір мұғалім мен білім беру мекемесінің басты мақсаты – құндылықтарды жас ұрпақ бойына дарыту. Педагог К.Д.Ушинский: «Біз жан – жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан – жақты зерттеп білуіміз керек» дегенді босқа айтқан жоқ. В.Г.Белинский бұл туралы: «Балаларды алғашқыда чиновник, ақын, қолөнерші болуға емес, адам болуға тәрбиелеу керек, содан кейін басқаларға тәрбиелеуге тиіспіз» деп жазған екен.

XXI ғасыр жоғарғы мектебінің мақсаты жас мамандарды жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Қазіргі кезде біздің қоғам дамудың жаңа кезеңіне көшкендіктен, бұл кезең - ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық технологиялар оқытушылар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына

айналғандықтан, білім беру саласында ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстарын жүргізу барлық білім беретін ортаның басты мақсаты. Еуропацентристік көзқарастағы жаһандастыру үдерісі қазірде жанталаса шабуыл жасап жатқанда ұлттық болмысты сақтап қалу үшін жас ұрпақ тәрбиесіне мемлекеттік дәрежеде мән берілуінің себебі де сондықтан. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс.

Міне, осы орайда ҚР Білім және Ғылым Министрлігі әзірлеген «ҚР жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «ҚР жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілді [1]. Жоғары педагогикалық білімді мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс. ЖОО-ғы болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығы оқу жылдары кезінде кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке дайындаумен тікелей астарласуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени, методологиялық, психологиялық-педагогикалық пәндік блоктарды меңгеруін қамтамасыз етеді.

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау процесінде олардың жобалау іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру мәселесінің орны ерекше. Себебі, жалаң «білімдер, іскерліктер және дағдылар» қалыптастырудан құзыреттіліктер қалыптастыруға көшіп отырған бүгінгі күнгі білім парадигмасына сәйкес ең алдымен педагогты шығармашылықпен жұмыс жасауға дайындау қажеттігі туады [2, 9].

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын *жеке тұлғаның* жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Ғалымдар осы құндылықтарды төртке бөліп жүр ғой. Олар: өмірдің құндылықтары, мәдени құндылықтар, әлеуметтік-саяси және рухани құндылықтар. Осылардың ішінде рухани құндылықтар бірінші тұруы тиісті. Оның ішінде әдеби мұраларымызды оқытуға арналған әдебиет жеке тұлғаның көзқарасы мен рухани дүниетанымына ықпал етеді. Сондықтан да әдебиетті құндылық бағдарлы оқытуда даралық-шығармашылық әдіс деген оның метақағидасына негіз болады деп жүр. Даралық-шығармашылық әдістің негізгі мақсаты жеке тұлғаның өз қабілеттерін көрсете білуі үшін, оның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Рулық, тайпалық, аймақтық аталатын құндылықтар жүйесінің әртүрлі элементтері жалпы адамзаттық құндылықтар иерархиясымен кіріге ме деген сұрақ алдымызда тұр. Яғни, адамның жеке басының тұлғалық құндылығы жалпы адамзаттық құндылықпен сәйкес келіп жатса, онда әлеуметтік болмыста үйлесімді ахуал қалыптасар еді деген ой туындайтыны сөзсіз. Қазіргі модернизациялану заманында қазақтың рухани құндылықтары сақталуы мүмкін бе? Әлде жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдылығын мойындап қана алға жылжуымыз керек пе?

Біз филолог әдебиетшілер шетелдерден ағылып келіп жатқан неше түрлі антигуманистік ықпалдағы ақпараттар ағынына қарсы қояр еш амал таба алмай қалдық. Тіпті олардың көбі қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесіне қарама-қарсы ұғым-түсініктерге негізделгенін саралап та үлгермей жатырмыз. Осы антигуманистік идеялардың кесірінен К.Маркс айтқандай «сананы тұрмыс билеп кеткен» қазіргі кезде көркем шығарманың жеке тұлғаны қалыптастырудағы жетекшілік ролін қолдан шығарып алдық. Жеке адам не тұлға

тәрбиелеу мен дамытуда талай жылдар бойы іс-тәжірибеден өтіп, өзін дәлелдеген дәстүрлі жолдан айрылып қалдық.

Көркем әдебиеттің өнер саласы ретіндегі эстетикалық мұраты - адам тәрбиелеу арқылы жеке тұлға қалыптастыру. Ол бүкіл адамзаттық гуманизмнің жақсылық пен жамандық, әділдік пен арамзалық, махаббат пен зұлымдық, сұлулық пен ажарсыздық секілді қарама-қайшы және бірінсіз екіншісі жоқ, бітіспес күрес үстіндегі осы ұғымдарға негізделгенде ғана сөз өнері ретіндегі міндетін толық атқара алады. Орыс жазушысы Ф.Достоевскийдің «Әлемді сұлулық қана сақтап қалады», яғни, (Красота - спасет мир) деуінің себебі де осында. Расында неге аузымыздан түспейтін, шам алып іздеп жүретін шындық немесе әділдік емес?! Жазушыдан асырып айту мүмкін емес. Тек сұлулықты толық бағалап, түсіне алған адам ғана қатыгездік пен қара жүректіліктен аулақ болады. Атақты жапон жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Ясунари Кавабатаның «Созерцание красоты пробуждает сильнейшее чувство сострадания и любви, и слово «человек» начинает звучать как слово «друг» деген ойы да осыған саяды.

Бүкіл адамзаттық гуманизм идеяларына негізделген биік мақсат-мұраттардың орнын қайткен күнде де бай болу, қала берсе мещандық, тоғышарлық ой-сана билеп бара жатыр. Бір араб ғұламасы «бала мінез жағынан тұқымына да, әке-шешесіне де тартпайды, бала заманына тартады» деген екен. Нарықтық заман, капиталистік қоғам құрып жатқанда жас ұрпақ санасын тек тұрмыс билеп кетпеуі үшін оған қарама-қарсы қоятын бір ғана амал бар. Ол – білімді маман ғана емес, жақсы тұлға да тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру.

Сондықтан да сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз тарихқа жаңаша көзқараста баға беру мәселесімен тығыз байланысты болуға тиісті. Ол арқылы жеке тұлға тәрбиелейміз десек, сол бала тек өз ұлтының тарихы мен руханияты, дүниетанымы мен барша болмыс-бітіміндегі қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Кеңестік идеология ықпалында тәрбиеленген космополиттер қаптап жүрген дәл бүгінде жас маманды ұлтжанды адам ретінде қалыптастыру әрбірден соң ұлт тағдырының болашағы туралы ойлану дегенге апарып саяды. Әдебиетті оқытуда тарихқа жаңаша көзқарасты өз мәнінде қолдана алып жүрміз бе?

Құндылыққа негізделген білім беру жүйесінде сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз - педагогтың бағыттауымен шәкірттің өз бетінше білімді игеруі, соның нәтижесінде неғұрлым дамытылған жеке тұлғасы қалыптасады. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты сынауға емес, шыңдалған ойлауға үйрету деп білеміз. Бірақ менің ойымша М.Әуезовтің әсемдік әлемін ешбір жаңалықпен шәкірт санасына орнықтыру мүмкін емес. Оқушының, студенттің эмоцианальдық, психологиялық қабылдауына әсер ете алмаған бірде бір сабақ оның жеке адам ретінде қалыптасуына көмектесе алады деп айту қиын. Мысалы, кез келген I курс студенттеріне барып, Құнанбайдың Абайға таққан үш мініндегі «Сен жайдақ су сияқтысың, оны ит те, құс та кешеді» дегендегі сөзінде кімдікі дұрыс десеңіз, барлығы да бірдей «Абайдікі дұрыс» деп шу ете қалады. Анығына келгенде Құнанбайдікі дұрыс екенін логикалық тұрғыда ақылмен толғап жатпайды. Оның себебі сол – кешегі кеңес дәуіріндегі таптық көзқарастағы ғылыми әдебиетте осылай дәлелденген, оған сүйеніп жазылған оқулықта да солай, яғни, мектепте мұғалім де сабақта осыны негіздейді. Соны сабақ барысында талдап тұрып өз оқушымызға «Әкеңді сыйлама, Абай да солай жасаған» деп ұлтымызда жоқ өрескел мінезді дәріптеп отырғанымызды білмейміз. Жайдақ суға сай «қадіріңді білме, өзіңді өзің құрметтеме» деген ұғымды насихаттап жатқанымызға көңіл аудара бермейтініміз өкінішті. «Сол арқылы халқымыздың «Адам әуелі өзін сыйлау керек, өзін сыйлай алмаған басқаны құрметтеп жарытпайды» деген ұлағатты ұғымына қарсы шығып отырғанымызды аңғара бермейміз. Міне сізге сыни тұрғыда оқыту арқылы шыңдалған ойлауға бағыттау мен оқушының даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау, Осындай ұлттық құндылықтарға негізделген күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық туғызамыз» [3, 12].

Құндылық бағдарлы оқытудың дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі болатын болса, бір ғана «Абай жолында» сыни тұрғыда зерттеушілік дағды қалыптастыра отырып жеке тұлға тәрбиелей оқытатын мәселелер толып жатыр. Бұл

тарихи тұлға және көркем образ мәселесіне келіп тіреледі. «Қодар мен Қамқаның» оқиғасы, Базаралы мен Балағазды басқа емес, тура Абайдың өзі итжеккенге айдатуы, Әмірдің Құнанбайдың теріс батасынан өлуінің себебі Біржан келген соң серілік құруы ғана емес екенін айтсақ та жетеді. Немесе Кеңгірбай мен Еспембет Еңлік пен Кебекті дұрыс өлтірді, болмаса Әнет баба, Көкенайдың Қалқаман мен Мамырдың жазаға тартылуы өте дұрыс деп неге оқытпасқа? Сыни тұрғыда оқытуда шәкірттің қызығушылықтарын ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс деген секілді кезеңдері арқылы тарихи шындық пен көркемдік шешім таразыға тартылуы керек.

Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану» деген уақытта сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен [4, 126]. Осы тұрғысына келгенде Мағжанның Батыр Баянының інісі Ноянды өлтіруі әлем әдебиетіндегі ги де Мопассанның «Студент қыз», «Томпыш», Гогольдің «Тарас Бульба», М.Горькийдің «Ана кесімі айнымайды» шығармаларымен байланыстыра отырып сыни тұрғыда оқытуға өзі-ақ сұранып тұрған жоқ па?

Мектептен тек дене бітімі жағынан ғана емес, моральдық, психологиялық, тәрбиелік жақтан да шыңдалып шықпаған оқушы өмірдің кез-келген қиыншылығына төзімсіз келетіні қатты байқалып жүр. Жаһандастыру аталатын аждаһаның ықпалында жас ұрпақты космополитизмге, ұлттық нигилисттерге айналдырып бара жатырмыз. Бұл қауіпті құбылыс. Өз ұлтының әдет-ғұрып, салт-санасына, тарихы мен ұлттық менталитетіне мұрын шүйіре қарайтындардың қаптап шығып жатқанының себебі әдебиет сабағында жеке тұлға қалыптастыру жолындағы жұмыстардың кенже қалуы немесе екінші жаққа ысырылып қалуында демеске амалымыз жоқ.

«Құндылық бағдарлы мақсатта сын тұрғысынан ойланта оқытуда жұпқа және топқа бөлгендегі тақырыпқа сай талданатын мәселені даттаушы және жақтаушы жақ деп бөлгенде тарихи шындыққа сай сыни әділ шешім айтқан оқушыларды ізденімпаздық, ғылыми шығармашылық жолға бағыттау қажет деп ойлаймын» [5, 255]. Сонда ғана шәкірт өз халқының тарихы мен руханиятына терең бойлайды және ұлттық қасиеттерін ұлықтай білетін жеке тұлға болып қалыптасады. Сонда ғана өз келінін әйел қылғанның шариғатқа да, «Жеті жарғы» атанған ата заңымызға жатпайтынын ұғады. Сонда ғана махаббат деп аталас өз қарындасын үйленудің және Мағжан айтқан «сұм сұлу» үшін елін сатқандар шыққан елде ешқандай ұлттық қасиет қалмайтынын түсінеді. Егер дұрыс бағыттай алсақ, сонда ғана студенттің өз бетінше білімді игеруі арқылы шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіске қол жеткіземіз.

Құндылық бағдарлы оқытуға байланысты айтатын тағы бір пікір қазақ әйелінің теңсіздігі деген мәселеден туындайды. Ұлттық құндылықтарды сыни тұрғыдан бағалау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім болса, бұл соған өзі сұранып тұр. «Еліміз - Алаш, керегеміз – ағаш» болғаннан бергі ұлттық салт-дәстүрімізді мансұқтай бергенді қашан қоямыз. Сол қалың мал, сол әмеңгерліктің арқасында сахарамызда жесір мен жетімнің, жезөкшеліктің болмағанын неге жоққа шығарамыз. Қазақ байларының барлығын неге «Қалың малдағы» Итбайдың деңгейінде бағалай беруге тиістіміз. Әр қайсысы бір ауылды, тіпті бір руды асырап-баққан оларға сыни тұрғыда баға беретін уақыт жеткен жоқ па? Әрі-беріден соң сол байлар 1928 жылы кәмпескеленген соң халқымыздың 3 млнға жуығы қырылып қалды.

Әрбір ұстаз – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтіні анық. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау арқылы жеке тұлға қалыптастыру, рухани әлемін байыту, дарындылығын дамыту осындай негізгі мәселелер арқылы жүзеге асуы керек деп санаған дұрыс болмақ. Ұлы ағартушымыз

Ы.Алтынсарин «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы, тамаша жақсы педогогика құралдары да, үкіметтің ең жақсы бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылаулары да оқытушыға тең келе алмайды» деген болатын. Ендеше, бүгінгі таңда бүкіл адамзат қоғамының XXI ғасырдың алғы шебіне, яғни ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде білімді, зияткер тұлғаны қалыптастыру – жаңа Қазақстанның алдына тұрған басты міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Концепция государственной политики в области образования. - Алматы: Казахстан, 1995.
2. Өтебаев И. Болашақ кәсіби оқыту баклаврын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс-әрекетіне даярлау. // Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. Қарағанды, 2010. – 48 б.
3. Смағұлов Ж. Мәртебелі мамандыққа мән беру керек. // Қазақ тілі мен әдебиеті. Республикалық ғылыми-педогогикалық журнал. Алматы. 2011. № 2.
4. Халперн Д. Психология критического мышления. 4 - е международное издание. Санкт-Петербург, 2000. – 250б.
5. Смағұлов Ж. Тарихтан тағылым. Зерттеулер. 2-том. Қарағанды: Арко, 2014.- 320 б.

KAZAKÇA VE TÜRKÇEDE GÖRÜLEN YALANCI EŞ DEĞER KELİMELER
FALSE EQUIVALENTS FOUND IN KAZAKH AND TURKISH

Prof. Dr. Cihan ÇAKMAK

L.N. Gumilyev Avrasya Milli Üniversitesi, Türkoloji Bölümü

Kelimeler insanların iletişim kurarken kullandıkları temel dil ögelerinden biridir. Her biri kendi içinde seslerden örülmesine rağmen insanların kendilerine yükledikleri anlam ile kullanım alanına çıkarlar. Ortak anlam dünyasına sahip kimi kelimeler ise aynı ses dizgesine sahip olduğu halde yazılışları aynı olmasına rağmen söz konusu kelimeye yüklenen anlamın farklılık kazandığı görülebilmektedir.

Özellikle birbirine yakın veya akraba olarak kabul edilen bir dilin farklı lehçeleri arasındaki fonetik yakınlık söz konusu durumun daha sık görülmesine imkân tanımaktadır. Yazılışları aynı fakat ufak birtakım ses değişikleri dışında (kimi kelimelerde) ortaya çıkan bu anlam olayı Türk lehçeleri arasında yoğun bir şekilde görülmektedir.

SSCB'nin 1990'lı yılların başında yıkılmasıyla birlikte bağımsızlıklarını ilan eden Türk Cumhuriyetleri ile Türkiye arasında başta kültür olmak üzere, ekonomi, politika, basın-yayın faaliyetleri gibi hayatın her alanında ciddi bir iletişim ortamı oluşmaya başlamıştır. Duvarların yıkılması ile kardeş Türk toplulukları arasında matbuat alanında hızlı bir şekilde aktarma faaliyetleri başlamıştır. Bu noktada Ahmet Bican Ercilasun yapılacak aktarma çalışmalarında hedef lehçe ve kaynak lehçe kavramları üzerinde durmuştur. Örneğin Özbek Türkçesinden Türkiye Türkçesine yapılacak aktarma faaliyetlerinde Özbekçe için "kaynak lehçe", Türkiye Türkçesi için ise "hedef lehçe" kavramlarının kullanılması gerektiğini belirtmiştir (Ercilasun, 2011: 86).

Bu çalışmada Batı Türkçesinin bir kolu olan Türkiye Türkçesi ile Kuzey Türkçesinin önemli bir kolu olan Kazakçadaki yazılışları aynı fakat anlamları bakımından farklı olan kelimelere yer verilecektir. İncelemede üstte incelenen kelime, onun altında ise Kazakça ve Türkçe karşılıklarına yer verilecektir. Kazakça madde başları için Kenan Koç, Vehbi Başkapan ve Ayabek Bayniyazov tarafından hazırlanan Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü (2003)[1], Türkiye Türkçesi madde başları için ise Türk Dil Kurumu'nun internet sayfasında yer alan Güncel Türkçe Sözlük[2] kullanılmıştır.

[1] *Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü* (2003). (Haz. Kenan Koç, Ayabek Bayniyazov, Vehbi Başkapan), Ankara: Akçağ Yayınları.

[2] www.sozluk.gov.tr (Erişim tarihi: 15.10.2025)

Çalışmada 20 madde başı incelenmiştir. Elbette burada ele alınan kelimeler bildirinin sınırını aşmamak amacıyla sınırlandırılmıştır. Yapılacak farklı çalışmalarla Kazakça ve Türkiye Türkçesi arasında yazılışları aynı anlamları farklı olan ve yalancı eş değerlik oluşturan yüzlerce kelime tespit edilebilecektir. Çalışmada Kazakça için *Kaz*., Türkiye Türkçesi için, *TT*., Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü için *KTS*., Derleme Sözlüğü için ise *DS*. kısaltmasına yer verilecektir.

1. Yalancı Eş Değer Kavramı

Yalancı eş değer kavramı dünyada hemen her dilde görülebilen yaygın bir kavram olarak karşımıza çıkmaktadır. Söz konusu kavram Dünya dillerinde şöyle adlandırılmaktadır: Fransızcada *faux ami*, İngilizcede *false friend*[3], Almancada *falscher freund*, İtalyancada *falso amico*, İspanyolcada *falso amigo*, Hollandacada *valse vriend*, Belçika dilinde *fås amisse*, Katalancada *fals amic*, Norveççede *falske venner*, İsveççede *falska vänner*, Fincede *väärät ystävät*, Galiçya dilinde *falso amigo*, Macarcada *hamis barát*, Rusçada *lojnıye druz'ya perevodçika*, İnterlinguada *false amico* ve Esperanto dilinde *falsa amiko*[4] olarak tanımlanır (Çakmak, 2014: 16-17; 2016: 20).

Dünyadaki bu kullanımların yanı sıra Türkoloji literatüründe çok sayıda farklı adlandırmaya rastlamak mümkündür. Yalancı eş değer kelimeler için "*biçimsel eşteş sözcükler* (Hacımüftüoğlu), *sahte tanış, biçimdeş sözcükler, sahte karşılıklar, sözde denkteşler* (Resulov 1995), *yalancı eşteş, yalancı eş değer, yalancı eş değerlik, aldatıcı kelimeler* (Ersoy, 2007: 61), *sesteş kelimeler* (İlker, Gedikli), *dillerarası benzeşimler* (Yıldırım), *okşar kelimeler* (Sultanzade) ve *iletişimi zorlaştıran kelimeler* (Özkan, 1996) gibi başlıklar kullanılmıştır. Yalancı eş değer; iki ayrı dilde veya bir dilin iki ayrı lehçesinde yer alan bir kelimenin köken, yazılış ve söylenişlerinin aynı, anlamlarının ayrı olmasıdır. Eş değer kelimesi İngilizcede *equivalent* kelimesi, Türkçeye Arapçadan gelen *muadil* kelimesinin karşılığıdır ve "değer yönünden birbirine eşit, denk olan" anlamına gelir. *Yalancı eş değer* kelimesi bir başka tanıma göre *sözde eş değer* olup gerçekte eş değer olmayan kelimeler için kullanılır. Çeviri biliminde 'yalancı eş değer' terimi ile kaynak dildeki bir kelimeyle amaç, dildeki bir kelimenin köken yazılış ve söylenişlerinin aynı, anlamlarının ayrı olması durumudur (bkz. Resulov 1995)." (Çakmak, 2016: 20-21).

2. Yalancı Eş Değerler Üzerine Yapılan Çalışmalar

"Yalancı eş değerler ve aktarma meseleleri ile ilgili çok sayıda çalışma yapılmıştır. Bunlar arasında; Ahmet Bican Ercilasun (1992 ve 1994), Fatma Özkan (1999: 883-889), Asker Resulov (1995: 916-924), Ayşe İlker (1999: 883-889), Mustafa Uğurlu (2000: 59-80; 2001: 197-206; 2002: 389-401; 2004: 29-40), Ahmet Karadoğan (2004: 1591-1604), Hüseyin Yıldırım (2005), Fatih Kirişçioğlu (2006: 21-35), Dilek Ergönenç Akbaba (2007: 151-176), Feyzi Ersoy (2007: 60-68), Seyitnazar Arnazarov (2008: 31-49), Çiğdem Usta (2008: 668-691), Y. Gedikli (1998: 56-69), N. Kaldarbek (1998: 70-71), S. İsmail (1998: 72-77), Ö. Aydın (1994a: 16-23; 1994b: 32-43), E. Şen (1994: 69-72), G. Esenova (1996: 62-66), N. Demir (1997: 379-389), M. Musaoğlu (2003: 1-22), M. F. Aklayış (2009: 60-70), M. Kara (2009: 1056-1082), S. Adıgüzel (2012: 53), F. U. Denizer (2007), Z. Uspanova (2007), Tuna Beşen Delice (2013: 131-146), A. Kulmaganbetova (2008), Hüseyin Yıldız (2008: 911-659), Cihan Çakmak (2012, 2014, 2016), Habibe Yazıcı Ersoy (2012), Hakan Akça (2017: 91-132) ve Okan Celal Şengör (2017: 133-171)'ün çalışmaları yer almaktadır." (Çakmak, 2018: 538)

Türkiye'de bu konuda çok sayıda makale çalışması yapılmış olmasına rağmen, lehçeler arasındaki yalancı eşdeğerlikler üzerine kitap hacminde yayımlanmış eserlerin sayısı oldukça sınırlıdır. Bu alandaki kapsamlı ilk çalışma, Habibe Yazıcı Ersoy tarafından 2012 yılında kaleme alınan *Başkurt Türkçesi ve Türkiye Türkçesinde Yalancı Eşdeğerler* adlı eserdir. Bu çalışmayı, Cihan Çakmak'ın 2016 yılında yayımladığı *Kazan-Tatar Türkçesi ile Türkiye Türkçesinde Görülen Yalancı Eşdeğer Kelimeler* adlı kitabı izlemiştir.

---

[3]False friends (French: *faux amis*) are pairs of words or phrases in two languages or dialects (or letters in two alphabets that look or sound similar, but differ in meaning.
The term should be distinguished from "false cognates", which are similar words in different languages that appear to have a common historical linguistic origin (whatever their current meaning) but actually do not.
As well as complete false friends, use of loanwords often results in the use of a word in a restricted context, which may then develop new meanings not found in the original language.

[4] http://en.wikipedia.org/wiki/False_friend

3. Kazakça ve Türkiye Türkçesinde Görülen Yalancı Eş Değerlik Örnekleri

aba[5]

Kaz. aba (II): hayvanları bir arada tutmak için parmaklıklarla çevrili yer, çit. (KTS: 21)

TT. aba: (I) abla, anne. TT. aba (II): 1. yünün dövülmesiyle yapılan kalın ve kaba kumaş. 2. bu kumaştan yapılmış yakasız ve uzun üstlük.

ada[6]

Kaz. ada: mahrum, yoksun. (KTS: 26)

TT. ada: 1. deniz veya göl suları ile çevrili kara parçası; cezire. 2. tali yoldan ana yola güvenli çıkışı sağlamak için tali yolun sağ tarafına yapılan, çizgilerle ayrılmış bölüm. 3. kavşaklarda trafiği düzenleyici, yönlendirici veya ayırıcı olmak üzere bordürle sınırlandırılmış veya yer çizgileriyle belirlenmiş alan. 4. çevresi yollarla belirlenmiş olan arsa ve böyle bir arsayı kaplayan yapılar topluluğu.

adaşmak/adasmak[7]

Kaz. adasmak: yolunu şaşırmak. (KTS: 26)

TT. adaşmak: çocuklar, oyunda ad seçerek eş olmak. (DS)

akıret/ahiret[8]

Kaz. akıret: kefen. (KTS: 38)

TT. ahiret: dinî inanışa göre, insanın öldükten sonra dirilip sonsuza dek kalacağı ve Tanrı'ya hesap vereceği yer; öbür dünya, öteki dünya, ahret.

ajan[9]

Kaz. ajan: gardiyan. (KTS: 27)

TT. ajan: 1. casus. 2. bir kimsenin, bir ortaklığın veya bir devletin bazı işlerini yapan kimse; temsilci.

aman[10]

Kaz. aman: 1. sağ, salim. 2. tüm, bütün, hiçbir zarar görmeyen. (KTS: 44)

TT. aman: 1. yardım istenildiğini anlatan bir söz. 2. bir suçun bağışlanmasının istendiğini anlatan bir söz. 3. usanç ve öfke anlatan bir söz. 4. rica anlatan bir söz.

ara[11]

Kaz. ara (I): testere. (KTS: 48)

TT ara: 1. iki şeyi birbirinden ayıran uzaklık; çatlak, mesafe. 2. iki olguyu, iki olayı birbirinden ayıran zaman. 3. kişilerin veya toplulukların birbirine karşı olan durumu veya ilgisi.

aza[12]

Kaz. aza: cenaze evine yapılan maddi yardım. (KTS: 27)

TT. aza: üye.

aylak[13]

Kaz. aylak: rıhtım, liman. (KTS: 30)

TT. aylak: işsiz, boş gezen, avare (kimse).

başmak[14]

Kaz. başmak: terlik. (KTS: 83)

TT. başmak: ayakkabı.

kabak[15]

Kaz. kabak: alkollü içki satılan yer, meyhane. (KTS: 217)

---

[5] Madde başları şu kaynaktan alınmıştır: Çakmak, C. (2014). "Yalancı Eş Değerler ve Kazak Türkçesindeki Görünümleri", I. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu Bildiriler Kitabı (18-21 Mart 2014), Niğde, s. 675-706.

[6] age. 689

[7] age. 689

[8] age. 689

[9] age. 689

[10] age. 689

[11] age. 690

[12] age. 690

[13] age. 691

[14] age. 700

[15] age. 692

TT. kabak: kabakgillerden, sürüngen gövdeli, sarı çiçekli, birçok türü olan bir bitki (Cucurbita).

keser[16]

Kaz. keser: ilmek bıçağı. (KTS: 233)

TT. keser: tahta, ağaç yontmaya ve çakmaya yarayan, kısa saplı, bir yanı keskin ağızlı çelik araç.

mana[17]

Kaz. mana: biraz önce, az önce. (KTS: 366)

TT. mana: 1. anlam. 2. zaman.

masa[18]

Kaz. masa: sivrisinek. (KTS: 369)

TT. masa: 1. ayaklar veya bir destek üzerine oturtulmuş tabladan oluşan mobilya. 2. bu mobilya etrafında oturanların tümü. 3. dairelerde, kurumlarda belli konularla ilgili işlerin görüldüğü bölüm. 4. iç içe geçme ayaklarıyla yüksekliği ayarlanabilen masa biçiminde atlama aracı.

meydan[19]

Kaz. meydan: savaş alanı. (KTS: 362)

TT. meydan: alan, saha.

oda[20]

Kaz. oda: kaside, methiye, övgü. (KTS: 405)

TT. oda: 1. evin veya herhangi bir yapının oturma, çalışma, yatma gibi işlere yarayan, banyo, salon, giriş vb. dışında kalan, bir veya birden fazla çıkışı olan bölmesi; göz. 2. serbest meslek adamlarını içinde toplayan resmî birlik. 3. Yeniçeri kışlası.

saka[21]

Kaz. saka: 1. aşık kemiklerinin en büyüğü. 2. tecrübeli, deneyimli, olgun. (KTS: 460)

TT. saka: 1. evlere, çeşmeden su taşımayı iş edinmiş kimse. 2. kırsal bölgelerde sulama işlerini düzenleyen ve denetleyen kimse.

sırt[22]

Kaz. sırt: dış. (KTS: 506)

TT. sırt: sırt, arka.

şort[23]

Kaz. şort: katiyen, kesin olarak, kesinlikle. (KTS: 644)

TT. şort: paçaları dizlerin yukarısında olan kısa pantolon.

ulu[24]

Kaz. ulu: 1. salyangoz. 2. on iki hayvanlı takvime göre beşinci yılın adı, ejder. (KTS: 585)

TT. ulu: 1. erdemleri bakımından çok büyük, yüce olan; azametli. 2. çok yüksek, çok büyük olan (şey).

4. Sonuç

Yalancı eş değer kelimeler Türkçenin farklı lehçeleri arasında bir problem olarak ortada durmaktadır. Bu sorunun çözümü için birden fazla çözüm önerisi sunulabilir. Bunlar şöyle sıralanabilir: 1. İncelemede birbiriyle tam yalancı eş değerlik oluşturan Kazakça ve Türkiye Türkçesinden 20 örnek madde başına yer verilmiştir; 2. Lehçeden lehçeye aktarma yaparken mutlaka hedef ve kaynak lehçe arasındaki aktarmalar alanın uzmanları tarafından yapılmadır. Her iki lehçeye yeteri kadar vâkıf olmayan birinin hata yapma olasılığı oldukça fazladır; 3. Aktarma sırasında hedef ve kaynak lehçeye ait en kapsamlı sözlükler kullanılmalıdır. Örneğin herhangi bir kelimenin aktarılması esnasında tereddüt oluşturacak bir durum oluşursa bu durum dipnotta sözlüklerdeki

[16] age. 701
[17] age. 701
[18] age. 693
[19] age. 701
[20] age. 693
[21] age. 702
[22] age. 702
[23] age. 696
[24] age. 698

anlamlarının yanı sıra cümle içindeki bağlamından yola çıkarak ilgili kelimenin hangi anlamda kullanıldığı hususuna karar verilmelidir.

Kaynakça

Çakmak, C. (2014). "Yalancı Eş Değerler ve Kazak Türkçesindeki Görünümleri", Niğde Üniversitesi, I. Uluslararası TDAS (18-21 Mart 2014); *I. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu Bildirileri Kitabı, Cilt 1, (Haz. Prof. Dr. Addulreşit J. Q., Doç. Dr. Hikmet K.),* Ankara: Bizim Büro Mat., 2014, s. 675-706.

Çakmak, C. (2016). *Kazan-Tatar Türkçesi ile Türkiye Türkçesinde Görülen Yalancı Eş Değer Kelimeler*. Ankara, Gece Kitaplığı Yayınları.

Çakmak, C. (2014). "Türkmen Türkçesinde Görülen Yalancı Eş Değer Kelimeler Üzerine", *Dede Korkut Türk Dili ve Edebiyatı Araştırmaları Dergisi*, C. 3, S. 5, s.15-53.

Çakmak, C. (2018). "Eski Türkçedeki Yalancı Eş Değer Kelimelerin Tatar ve Kazak Türkçelerindeki Görünümü", Orhun'dan Anadolu'ya Uluslararası Türkoloji Sempozyumu (01-07 Haziran 208), Ulanbatur-Moğolistan; *Orhun'dan Anadolu'ya Uluslararası Türkoloji Sempozyumu Bildiriler Kitabı, Cilt 1, (Haz. Şaban D., Melis S. G.), İstanbul: Kesit Yayınları, s. 534-555.*

Ercilasun, A. B. (2011), "Lehçeler Arası Aktarma", (Türk Dili, Sayı: 520, Nisan), *Türk Dünyası Üzerine İncelemeler*, 3. Baskı, Ankara: Akçağ Yayınları, s. 83-91.

Ersoy, F. (2007). "*Çuvaş Türkçesi ve Türkiye Türkçesinde Yalancı Eş Değerler*", *Türkbilig,* 2007/14, s. 60-68.

Ersoy, H. Yazıcı (2012). *Başkurt Türkçesi ve Türkiye Türkçesinde Yalancı Eş Değerler,* Ankara: Gazi Kitabevi Yayınları.

Koç, K., Bayniyazov, A., Başkapan, V. (2003). *Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü,* Ankara: Akçağ Yayınları.

Özkan, F. (1999). "Bugünkü Türk Lehçelerindeki İletişimi Zorlaştıran Kelimeler", *3. Uluslararası Türk Dil Kurultayı 1996*, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, s. 883-889

Resulıv, A. (1995). "Akraba Diller ve "Yalancı Eş Değerler Sorunu", *Türk Dili*, Sayı: 524, s. 916-924.

TÜRKÇE SÖZLÜK (2005). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.

Uğurlu, M. (2011). "Lehçe İçi Aktarmada Yalancı Eş Değerlik", 38. I*CANAS, Uluslararası Asya ve Kuzey Afrika Çalışmaları Kongresi. International Congress of Asian and North African Studies (10-15. 09.2007) Ankara-Türkiye, Bildiriler Dil Bilimi, Dil Bilgisi ve Dil Eğitimi IV*, Ankara, s. 1877-1890.

ЦИФРЛЫҚ ДИДАКТИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Құрман Н.Ж.

М.В. Ломоносов ат. ММУ Қазақстан филиалы профессоры, Астана, Қазақстан.

Қазақстан Республикасының заманауи білім беру процесіндегі цифрлық технологияның рөлі қарқындап, бір сабақтың аясында қарастырылған мәселелер тұтас педагогикалық процеске қатысты қарастырылуын қажет етіп отыр. [1] Цифрлық дидактиканың жаңа трансформациялық болмысын жалпы және жекелеген пәндердің әдістемелік жүйесіне қатысты уақыт оздырмай қарастыру – күн тәртібіне барынша өзектілігімен қойылуы керек мәселе. Дидактикалық категориялардың классикалық жүйесінде цифрлық технологияларды қолдануға байланысты жаңа принциптер және оқыту әдістері де орын алып, жаңа цифрлық оқыту ортасындағы қазақ тілін оқыту әдістемесінің де ғылыми келбетін жаңа деңгейге көтеру жолдарын қарастыру қажет. Цифрлық дидактика – XXI ғасырдың білім беру жүйесінің өзегі. Әрбір кезеңнің дидактикаға алып келетін өзінің жаңалығы мен ерекшелігі болатыны белгілі. [2] Цифрлық дидактиканың жаңалығы - оқыту процесінде білім беруші /мұғалім,оқытушы/ мен білім алушының /оқушы, студент/ жаңа дидактикалық қатынаста болып, білім мазмұнын ғана емес, сол білім мамұнының жүзеге асуының әрбір сәтінің де инженері сияқты биік саналылық деңгейінде оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыруға қатысуы. Ол процесті «инженерлік» сипатқа енгізіп отырған дүние - цифрлық технологиялардың дидактикалық процеске қарқынмен енгізілуі. Осы айтылғанмен байланысты цифрлық дидактикалық процеске қатысу субъектілердің де дәстүрлі дидактикалық процеске қатысушыларда өзге

болатыны түсінеміз. Бұрынғы «мұғалім - оқушы», «оқытушы - студент» дидактикалық қатынасты енді «оқытушы – цифрлық технология - студент», «мұғалім - цифрлық технология - оқушы» триадасы түрінде танып-білуіміз керек.

Болашақ педагогтерді дайындауда да мұғалімді бұрынғыдай тек білім мазмұнын жеткізуші тұлға ретінде емес, оған қоса цифрлық технология негізінде дидактикалық процесті ұйымдастырып өткізуші, білім беру ортасының жаңа «дизайнын» құрушы, оқу-танымдық процестің жаңа жүйелік-құрылымдық мазмұнын жасақтаушы тұлға ретінде дайындау жүзеге асырылуы керек. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындауда қазақ тілін оқытудың цифрлық трансформациялық жүйесіне байланысты курстарды ұйымдастырып, оларды міндетті және маңызды кәсіби пән қатарына қосу керек. Сондай курстар арқылы цифрлық дидактик мамандар қалыптасады, келешектегі қазақ тілін оқыту процесінің заман талабына сай қызмет ететін мұғалімдері дайындалады. Ғалымдар әр елдегі білім беру саласындағы цифрлық трансформация жағдайына қарай цифрлық дидактиканың ерекшеліктерін зерттеп, келешектегі оқыту саласының келбетін модельдеп, интегративтік оқытудың заңдылықтарын анықтауда.

Цифрлық дидактиканың өзіндік ерекшеліктері қандай екендігін, ең алдымен «цифрлық» деген ұғымның өзі-ақ түсіндіре алады. Цифрлық дидактика пәннің мазмұнын меңгертумен қатар, цифрлық сауаттылықты, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады. Жасанды интеллектімен оқу-танымдық процесте жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады. Цифрлық дидактикалық негізде әзірленген қазақ тілін оқыту әдістемесі курсын құрып, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін заманауи дидактикалық білімнің кең спектрімен қамтамасыз етіп, дидактикалық әдістемелік, психологиялық, коммуникативтік және оқу процесін ұйымдастырушылық дағдылардың заманауи талаптармен ұштасуын мүмкін етеді. Цифрлық дидактиканың теориялық негіздерін жүйелеу арқылы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің жаңа талаптармен үндескен кәсіби педагогтік құзыреттілігін қалыптастыру жолы анықталады. Бұл жерде тек теориялық білім алып қойымай, қажетті деңгейде цифрлық практикалық дағдылар да қалыптастырылатыны белгілі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында цифрлық дидактиканың рөлі де, қызмет ерекшеліктері де қажетті дәрежеде қарастырылмай келе жатыр. Десек те цифрлық дидактиканың қалыптасуына қажетті факторлар айқын, олар:

- біріншіден, қоғамымыз цифрлық оқыту құзыреттілігі қалыптасқан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғаліміне тапсырыс беріп отыр;
- екіншіден, болашақ шәкірттерінің барлығы дерлік мектепке келгенде цифрлық сауаттылығы жоғары болып келеді, ал қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің деңгейі дәстүрлі әдістемелік дайындықтан әрі қарай өспей қалатын болса, қазақ тілін оқыту процесі ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі дәрежесіндегі қазақ тілінің мәртебесіне де қатысты болатыны айқын;
- үшіншіден, цифрлық дидактикалық заңдылықтар мен талаптарды қазақ тілін оқыту барысында шебер қолдана білуі арқылы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің тұлғалық келбеті биіктейді;
- төртіншіден, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының теориялық негіздемесі заманауи ғылым деңгейінде жетіліп отырады.

Цифрлық дидактиканың мазмұны мен мәнін түсініп меңгерген қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің цифрлық құзыреттілігі дамуы олардың бірқатар маңызды дағдыларды меңгеруімен танылады. Оның ішінде цифрлық технологияны білу және қолдана алуы, нақты көрсететін болсақ:

- бейнеконференцияларды ұйымдастырып өткізу;
- онлайн сабақтар;
- онлайн тестілеулер;
- цифрлық дидактикалық оқу құралдарын әзірлеу;
- қазақ тілін оқытудың цифрлық ресурстарын дұрыс іріктей білу және оларды интеграциялау;

- цифрлық контенттер бойынша сыни ойлау дағдылары;
- цифрлық қарым-қатынас этикасын ұстануы;
- әріптестермен цифрлық режимде тренингтер жүргізу;
- ата-аналармен цифрлық технологиялар арқылы байланыс орнату және оның режимдерін сақтау т.б.

Әрине, қазақ тілін оқыту әдістемесін цифрлық дидактика негізінде жаңалау үшін, қазақ тілін оқыту процесінің, студенттерді дайындау процесінің толыққанды цифрлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі қажет. Сонымен бірге цифрлық дидактиканың практикалық аспектісінің қатамасыз етілуі де міндетті, атап айтсақ, қашықтан және аралас оқытуға қажетті білім платформалары болуы және олармен жұмыс жасауға даяр болуы маңызды.

Қазақ тілін оқытудың интерактивтік құралдары мен ресурстары да молынан қамтамасыз етілуі керек. Бұл мәселе бойынша да нақты жоспармен жұмыс жасау керек деп ұсынамыз. Яғни қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша теориялық зерттеулер базасын құру керек. Қазіргі кездегі мектеп оқулықтарының «Оқулық» ғылыми-практикалық орталық сайтында орналастырылуы - үлкен жетістік. Бірақ, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-зерттеу базасы да болашақ мұғалімдер, студенттер үшін, мұғалімдер мен ізденушілер үшін қолжетімді болып, бір арнаға жинақталатын уақыт әлдеқашан келді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына бірден-бір ықпал ететін орта – білім беру саласы болғандықтан, ал ол саланың негізгі жүгін қазақ тілі мұғалімдері арқалайтындықтан, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми зерттеулердің де бір базаға орналастырылып, дәстүрлі және цифрлық қазақ тілін оқыту әдістемесінің арасында табиғи сабақтастық орнауына цифрлық дидактика бірден-бір тірек бола алатын осындай реурстық қор жасақталуы керек. Қашықтан оқытудың жүйелерін, электрондық кітапханалардың, оқытудың интерактивтік ресурстарын - теориялық білім базасы мен практикалық жаттығу, сабақтар жүйесінің электрондық қоры жүйеге түріліп, қазақ тілі мен әдібеиті пәні мұғалімінің оармен университетте жүріп танысып, қолданып, үйреніп, шынайы педагогтік қызметке кіріскенде одан әрі жалғастыратындай деңгейде үйренуі тиіс.

Цифрлық дидактиканы жаңа теориялық тірек ете отырып студенттерге қазақ тілін оқыту әдістемесін меңгертудің мынадай ерекшеліктері бар. Цифрлық дидактика қазақ тілін оқытуды технологиялық жүйеге түсіріп, қазақ тілін оқыту процесін цифрлық құралдарымен жабдықталуына тірек жасайды. Цифрлық дидактика қазақ тілін оқыту процесін икемді және мобильді болуына негіз қалайды. Цифрлық дидактика қазақ тілін оқыту процесінде білім беруші мен білім алушылар арасындағы дидактикалық қатынастарды түрлендіру мүмкіндіктеріне ие қылады яғни ынтымақтастық оқудың жаңа түрлері пайда болады, атап айтқанда онлайн-топ жасақталады, кроссплатформалық жобалар әзірлеу мүмкін болады, ұжымдық редакциялау мүмкіндігі болады. Білім алушының өз бетімен білім іздену рөлі күшейе түседі. Мұғалім, педагог бұл жерде дәстүрлі дидактикадағыдай, алыдн ала білім мазмұнын алып келіп, білімді жеткізуші емес, студентпен, оқушымен қосыла білім іздеуші ретінде болып, жаңа рөлге енеді.

XXI ғасырдың талабы – медиа құзыреттілік пен цифрлық сауаттылық болғандықтан, білім алушы да, педагог те бұл талапты орындауы міндетті болады. 20-30 жылдап білім мазмұны өзгермейтін догмалыққа айналған қазақ тілі мен әдебиет пәндері бойынша оқу бағдарламаларының білім мазмұны өзгеріп, жетілдіріліп, заман талабына сай өзгертіліп, толықтырылып, динамикалық күйі қарқындап отырады. Білім алушылардың жекелеген білім алу траекториялары құрылып, ол траекториялардың бейімделуі үшін үлкен мәліметтерді талдау мүмкіндіктері пайда болады. Цифрлық дидактика заңдылықтары қазақ тілін оқытуда білім алушылардың жаңа мотивацияларына ықпал етіп, қызығушылықтары мен үлгерімі жоғарылауына қажетті мүмкіндіктер жасайды. Цифрлық дидактиканың қазақстандық білім жүйесінде орын алып, жекелеген пәндерді оқыту әдістемелері үшін заманауи оқыту теориясына айналуы үшін әрбір пәнді оқыту әдістемесі бойынша жүргізілген теориялық зерттеулер негізге алынуы керек. Цифрлық дидактика сонда тек қазіргі бар болып отырған оқыту процесін цифрлық технологиямен жабдықтау емес, жаңа білім беру жүйесінің, жаңа дидактикалық жүйенің жасалуы болады. Цифрлық дидактика жаңа кәсіби ойлауды қажет етеді.

Осылайша, цифрлық дидактика – дәстүрлі дидактиканы трансформациялап, жалпы оқытудың, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін де оқытудың принциптерін, әдістері мен тәсілдерін цифрлық білім беру жүйесі аясында қарастырып, қоғамымыздың заманауи жаңа талаптарына бейімдейтін теория. Цифрлық дидактиканың қазақ тілін оқыту әдістемесі саласына негіздеме болуы негізгі педагогикалық талаптардың орындалуына байланысты болады. Ол педагогикалық талаптар мен олардың мазмұны жаңа дидактикалық мақсат пен міндеттерге сәйкес болады.

- Цифрлық білім беру ортасын құру - бейне платформаларды (Zoom т.б.), электрондық кітапханалар пайдалану. Интернеттің қолжетімді болып, үздіксіз қызмет етуі.
- Педагогтердің де, білім алушылардың да цифрлық сауаттылығы, цифрлық құзыреттілігі – педагогтер қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен оқу контентін жобалай алады, АКТ құралдарды сауатты және қауіпсіздік талаптарын орындап қолдануы.
- Цифрлық технологияның дәстүрлі оқытумен интеграциялануы - қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен цифрлық ресурстар қоры жасақталуы, олармен жұмыс жасаудың әдістемелік нұсқаулықтары болуы, оқу жоспарлары гибридтік болуы яғни оффлайн және онлайн форматтарда қолдану мүмкіндігі қарастырылуы.
- Цифрлық дидактиканың оқыту процесін индивидуалдандыру мүмкіндігі - цифрлық платформалар мен қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен цифрлық оқу ресурстарын білім алушының мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына қарай бейімдеу мүмкіндігі болуы.
- Цифрлық дидактиканың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту процесінде кері байланыс пен интерактивтік оқыту мүмкіндігін қамтамасыз етуі – геймификация, чат, сұрау, тестілеу т.б.
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің цифрлық рефлексия жасау мүмкіндігі болуы – өзіндік талдау, студенттердің пікірлерін жинақтау, талдау.
- Цифрлық дидактиканың құқықтық және этикалық нормаларын сақтау – авторлық құқық, плагиатқа қарсы, жеке мәліметтерді қорғау т.б.
- Цифрлық дидактика педагогтің желілік кәсіби педагогтік қызметінде басшылық етуі – EdTech-қауымдастықтар, онлайн-коллобрациялар, желілік қауымдастықтар т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Карта цифровой трансформации государственного управления в сфере дошкольного, среднего, технического, профессионального и послесреднего, специального, дополнительного образования, охраны прав детей на 2024-2028 г.г. Приказ МПРК от 9 сентября 2024 года № 261.
2. Краевский В.В. Методология педагогики. - Чебоксары, 2001. - 244 с.
3. Михалева О. В. Цифровые технологии в контексте лингвистического образования. - Педагогическая информатика. – 2023. – № 2. – С. 298-305.
4. Глотова М. Ю. Информационно-коммуникационные технологии в профессиональной деятельности педагога: учебное пособие. – Москва: МПГУ, 2020. – 252 с.
5. Гапонова С.В. Методологические основы цифровой дидактики. // Образование и наука в XXI веке, 2023.
6. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Алматы: Сөздік, 2008. – 160 б.

ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ДЕТЕЙ - БИЛИНГВОВ НА УРОКАХ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА

Тагирова С.А.
кандидат педагогических наук, доцент, БГПУ им. М. Акмуллы, Уфа, Российская Федерация

Функциональная грамотность формируется на основе достижения базовых образовательных результатов, которые даны в федеральных государственных образовательных стандартах. В нормативных документах одним из новшеств является термин «функциональная грамотность», которая направлена на решение учебных задач и жизненных проблемных ситуаций на основе формирования предметных, метапредметных и

универсальных способов деятельности. Ключевым компонентом функциональной грамотности является читательская грамотность.

В Республике Башкортостан ведется большая работа по развитию книжной культуры. В 2024 году по итогам X Всероссийского конкурса «Самый читающий регион» республика получила статус «Литературный флагман России». В республике ежегодно проводятся международная книжная ярмарка «Китап-байрам», главной целью которой является воспитание любви к чтению, республиканский конкурс «Читающие родители – читающие дети», составлен список 100 книг для чтения «100 художественных произведений писателей Башкортостана» и т.д. Несмотря на реализацию множества проектов в регионе, нельзя отрицать проблему отдаления современных детей-билингвов от чтения, низкой мотивации и интереса обучающихся к учебному процессу. Сегодня, к сожалению, на место осмысленного чтения приходят иные средства массмедиа.

Актуальность темы обусловлена значимостью успешного формирования читательской грамотности у школьников на уроках башкирского языка и отсутствием работ, диагностических материалов в данной области. На наш взгляд, данная проблема особенно остро стоит в образовательных организациях, где дети-билингвы изучают родной башкирский язык как предмет и не владеют или слабо владеют родным языком. Башкирские дети, обучающиеся на русском языке, в основном, изучают башкирскую литературу и язык в комплексе. Цель изучения данного предмета: «воспитание и развитие личности через приобщение к духовно-нравственным ценностям башкирской литературы, других литератур народов России, развитии их общей читательской культуры» [8, с.24]. Чтение на башкирском языке обучающимся, изучающим родной башкирский как предмет, дается им с трудом, по сравнению с русским языком. Трудности связаны и с техникой чтения и непониманием смысла прочитанного текста. Задания, выполненные на определение сформированности читатаельских умений обучающихся 6 класса Башкирской гимназии № 102 имени Равиля Бикбаева Республики Башкортостан показал средний уровень сформированности читательской грамотности большинства детей.

Целью нашего исследования стало изучение современного состояния читательской грамотности у обучающихся и разработка дидактических материалов, которые позволят в будущем оценить качество чтения у детей-билингвов. В задачи входило изучение существующих трудов и методик по формированию читательской грамотности, наблюдение, опрос.

Читательская грамотность определяется «как способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширить свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни»[4, с. 64]. Справедливо отмечает И.Р.Гальперин рассматривая текст как «совокупность предложений с единой коммуникативной задачей» [2, с. 39], И.А.Зимняя придерживается психолингвистического понимания текста и рассматривает текст как многоуровневое развитие, состоящее из мотивационного, предметно-денотативного, смыслового уровней, языкового, речевого и фонационного планов [3, с.105]. При билингвальном образовании большую роль играет и лингвокультурная информация текста. Вслед за Верещагиным Е.М.,Костомаровым В.Г. отмечаем «.каждый письменный текст характеризуется дискурсивными параметрами конкретной лингвокультуры»[1, с. 225].

Чтение – рецептивный вид речевой деятельности и связана с восприятием и переработкой текста. Читательская грамотность билингва – это «…умение понимать, использовать тексты на родном и русском языках, анализировать, изучать их для решения жизненных и учебных задач». Е.А.Хамраева подчеркивает, что формирование функциональной грамотности на уроках русского языка предполагает развитие не только коммуникативной компетенции, но и языковой, лингвистической компетенций [7, с. 18]. Читательская грамотность является основным компонентом функциональной грамотности, поэтому сформированность умений в этом аспекте определяет общие учебные умения

обучающихся-билингвов. При формировании которой большая роль принадлежит смысловому чтению.

За счет активного познания и владения лексическим пластом языков у обучаюшихся-билингвов формируется смысловое чтение. На качество понимания смысла прочитанного влияют познавательный и языковой аспекты текста. Познавательный аспект, например, обеспечивает элементарный анализ прочитанного текста, а имеющийся словарный запас – осмысление закодированной информации. Изучение специальной литературы послужили теоретико-эмпирической базой для разработки диагностических материалов для определения уровня сформированности читательской грамотности обучающихся средних классов на уроках башкирского языка, изучающих родной башкирский язык как предмет. Дидактические материалы с методическими рекомендациями были разработаны на основе инструмента измерения чтения международного исследования PISA и соответствуют примерной основной образовательной программе и учебно-методическим комплексам под авторством В. И. Хажина, А. Х. Вильданова, Ф. А. Аккужиной, М. И. Карабаева. При выполнении предлагаемых заданий можно определить уровень сформированности следующих видов читательских умений: поиск информации в тексте, понимание смысла, оценивание качества и достоверности, осмысление содержания и формы. Т.е. овладеть читательской грамотностью – это значит понимать текст, размышлять над его содержанием, оценивать его смысл излагать свои мысли о прочитанном.

Для включения в сборник был подобран лексически доступный, познавательный и интересный текст. При подборе текста для работы с учащимися-билингвами учтен их объём, присутствие лингвокультурного компонета, показаны дружественные связи между башкирскими и русскими народами. Например, для обучающихся 6 класса был предложен следующий текст:

Ҡымыҙ

Ҡымыҙ борон-боронда башҡорт халҡының бәрәкәтле, шифалы эсемлектәренең береһе булып тора. Башҡорттар элек яҙ етеү менән йәйләүгә сығып йәй буйы ҡымыҙ эскән, шуның арҡаһында ла уларҙың һаулығы ныҡ булған, төрлө ауырыуҙарға бирешеп бармағандар. Сөнки ҡымыҙ еңел үҙләштерелә торған аҡһымдарға, витаминдарға һәм микроэлементтарға бай. Был шифалы эсемлек ашҡаҙан, үпкә, йөрәк ауырыуҙарын, нервы һәм эндокрин системаларын дауалауҙа, матдәләр алмашыныуын көйләүҙә, иммунитетты нығытыуҙа яҡшы дауа булып тора.

XIX быуаттың уртаһында ҡымыҙҙың кеше һаулығына шифаһын Рәсәйҙә лә аңлап ҡалалар. Рәсәй төрлө төбәктәренән Башҡортостанға башҡорт ҡымыҙы менән дауаланырға халыҡ ағыла башлай. Ҡымыҙ һәм Башҡортостандың хозур тәбиғәте тынсыу ҡалаларҙан килгән кешеләргә һаулығын нығытыу өсөн шифахана ролен үтәй. 1890 йылда яҙыусы Сергей Аксаковтың ейәнсәре Ольга Аксакова Башҡортостанда (хәҙерге Бәләбәй районында) тәүге ҡымыҙ менән дауалау учреждениеһы төҙөй (хәҙерге “Аксаков” шифанахаһы). Ул саҡта шифахана “Кумысная колония О.Г. Аксаковой”, тип атала. Артабан Шафран тимер юл станцияһы (хәҙерге Әлшәй районы) тирәләй башҡа “Ҡымыҙ колониялары” селтәре барлыҡҡа килә. 1898 йылда Андреевский шифаханаһы асыла.

Башҡорт ҡымыҙын билдәле рус яҙыусылары үҙ итә. Лев Толстой Ҡаралыҡ йылғаһы буйындағы һамар башҡорттарына килеп ҡымыҙ менән һыйланырға яратҡан. Антон Чехов Башҡортостанға килеп ҡымыҙ менән дауалана. Әйткәндәй, ул дауаланған шифахана бөгөн Чехов исемен йөрөтә (Әлшәй районында Чехов исемендәге шифахана). Башҡортостанда ҡымыҙ хәҙерге көндә яңынан популярлыҡ яулай башланы. Хәҙер ҡала супермаркеттарында уны йыл әйләнәһенә һатып алып эсергә була. Йәй көнө ҡымыҙ бигерәк тәмле була. Халҡыбыҙҙың борондан килгән бәрәкәтле, шифалы эсемлеге – ҡымыҙҙы эсеп тәндәрегеҙгә көс-ҡеүәт алырға онотмағыҙ. *(Азат ЯРМУЛЛИН, тарихсы).*

Биремдәр. Задания.

1. Текста бирелгән мәғлүмәттәргә таянып, ҡымыҙҙың кеше организмына файҙалы эсемлек икәнен дәлиләүсе 2 һөйләмде табып яҙығыҙ. // На основе информации, приведенной в

тексте, найдите 2 предложения, которые доказывают, что кумыс является полезным напитком для организма человека.

2. Бирелгән фекерҙәр дөрөҫмө, дөрөҫ түгелме? // Определите верность, неверность данных фактов.

	Дөрөҫ	Дөрөҫ түгел
1. Ҡымыҙ борон-боронан башҡорт халҡының бәрәкәтле, шифалы эсемлектәренең береһе булып тора.		
2. Башҡорт ҡымыҙын билдәле рус яҙыусылары үҙ итмәй.		
3. Ҡымыҙ еңел үҙләштерелә торған аҡһымдарға, витаминдарға һәм микроэлементтарға бай.		
4. Рәсәйҙең төрлө төбәктәренән Башҡортостанға башҡорт ҡымыҙы менән дауаланырға халыҡ ағыла башлай.		
5. Ҡымыҙ һәм Башҡортостандың хозур тәбиғәте тынсыу ҡалаларҙан килгән кешеләргә һаулығын нығытыу өсөн дауахана ролен үтәй.		

3. Текстың йөкмәткеһенә тап килмәгән мәғлүмәттәрҙе билдәләгеҙ. // Выделите сведения, которые не соответствуют содержанию текста.

а) Ҡымыҙ тураһында иң беренсе яҙманы Геродот (б. э. т. 484—424 йылдар) ҡалдырған.

б) Башҡортостанда беренсе ҡымыҙ дауаханаһы 1890 йылда төҙөлә.

в) Ҡымыҙ ашҡазан эшмәкәрлеген яҡшырта, эсәк-ҡарынды таҙарта.

г) Лев Николаевич Толстой табиптарҙың тәҡдиме буйынса ҡымыҙ менән дауаланыу өсөн Һамар губернаһындағы башҡорт утары Кәрәлеккә сығып китә.

д) Ҡымыҙҙы пропагандалаусы инглиз Дж. Каррик хатта башҡорт аттарын Англияға ла алып ҡайта, әммә беҙҙәге кеүек ҡымыҙ килеп сыҡмай.

4. Тәҡдим ителгән инфографика буйынса 3 һорау төҙөгөҙ.// Сформулируйте 3 вопроса по представленной инфографике.

1._____

5. Текста бирелгән мәғлүмәтте ҡулланып, таблицаны тултырығыҙ.// Заполните таблицу, используя информацию, содержащуюся в тексте.

Яҙыусылар	**Дауаланыу урыны**
Сергей Аксаков	
	Һамар өлкәһе
Антон Чехов	

Баһалау критерийҙары

1-се эш

Баһалау критерийы: текстан йәшерен мәғлүмәтте эҙләп табыу оҫталығы // Умение находить скрытую информацию в тексте.

Балл	Критерий йөкмәткеһе
2	Дөрөҫ яуап - 1) Сөнки ҡымыҙ еңел үҙләштерелә торған аҡһымдарға, витаминдарға һәм микроэлементтарға бай. 2) Был шифалы эсемлек ашҡазан, үпкә, йөрәк ауырыуҙарын, нервы һәм эндокрин системаларын дауалауҙа, матдәләр алмашыныуын көйләүҙә, иммунитетты нығытыуҙа яҡшы дауа булып тора.
1	Ике һөйләмдең береһе генә дөрөҫ.

0	Башҡа яуаптар билдәләнгән, йә иһә яуап юҡ.

2-се эш

Баһалау критерийы: тексты интерпретациялау оҫталығы // Умение интерпретации текста.

Балл	Критерий йөкмәткеһе		
2	Был фекер дөрөҫмө, дөрөҫ түгелме?	Дөрөҫ	Дөрөҫ түгел
	1. Ҡымыҙ борон-борондан башҡорт халҡының бәрәкәтле, шифалы эсемлектәренең береһе булып тора.	+	
	2. Башҡорт ҡымыҙын билдәле рус яҙыусылары үҙ итмәй.		+
	3. Ҡымыҙ еңел үҙләштерелә торған аҡһымдарға, витаминдарға һәм микроэлементтарға бай.	+	
	4. Рәсәйҙең төрлө төбәктәренән Башҡортостанға башҡорт ҡымыҙы менән дауаланырға халыҡ ағыла башлай.	+	
	5. Ҡымыҙ һәм Башҡортостандың хозур тәбиғәте тынсыу ҡалаларҙан килгән кешеләргә һаулығын нығытыу өсөн дауахана ролен үтәй.		+
1	1-2 хата ебәрелә		
0	Башҡа яуаптар билдәләнгән, йә иһә яуап юҡ.		

3-сө эш

Баһалау критерийы: мәғлүмәттәрҙең текста булыу-булмауын билдәләй алыу оҫталығы // Умение определять наличие/ отсутствие информации в тексте.

Балл	Критерий йөкмәткеһе
2	Дөрөҫ яуап - А, Д
1	Ике мәғлүмәттең береһе генә дөрөҫ.
0	Башҡа яуаптар билдәләнгән, йә иһә яуап юҡ.

4-се эш

Баһалау критерийы: график формала бирелгән мәғлүмәтте аңлау// Понимание информации, представленной в графической форме.

Балл	Критерий йөкмәткеһе
2	3 һорау төҙөлгән
1	1 йәки 2 һорау төҙөлгән
0	һорауҙар юҡ

5-се эш

Баһалау критерийы: текста бирелгән мәғлүмәтте практикала ҡулланыу оҫталығы // Умение использовать информацию данную в текстк на практике.

Балл	Критерий йөкмәткеһе
2	Дөрөҫ яуап - Сергей Аксаков - **Бәләбәй**, **Лев Толстой** - һамар өлкәһе, Антон Чехов – **Әлшәй**
1	Өс мәғлүмәттең икеһе, йә береһе генә дөрөҫ.
0	Башҡа яуаптар билдәләнгән, йә иһә яуап юҡ.

Таким образом, приходим к выводу, что разработка измерителей читательской грамотности для применения к детям-билингвам, как и сам процесс формирования читательской грамотности, целесообразно осуществлять систематически на уроках родного башкирского языка. Отсутствие в имеющихся учебниках специальных заданий на читательскую грамотность усложняет практику решения детьми учебных задач и приобретения читательского опыта, а также не дает возможность в полном объеме обеспечить достижение результатов обновленных ФГОС.

Список литературы:

1. Верещагин Е. М., В. Г. Костомаров В. Г. Язык и культура Лингвострановедение в преподавании рус. яз. как иностранного : Метод. руководство / Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва : Рус. яз., 1990. – 246 с.

2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981. – 138 с.

3. Зимняя И. А. Психология обучения неродному языку: на материале русского языка как иностранного. М.: Русский язык, 1989. 223с.

4. Лыпаева М.А., Смирнов К.В., Куше И.В. Исследование читательской грамотности студентов в условиях билингвального высшего образования. (Пед №11, 2018, стр.75)

5. Унарова В. Я. Читательская грамотность обучающихся-билингвов: контекстное исследование // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2025. – № 02. – С. 76–92.

6. Тагирова С.А., Астанова Б.З., Шаяхметова Р. С. Башҡорт теле дәрестәрендә уҡыусыларҙың уҡыу грамоталылығын формалаштырыу юлдары: Родной язык, фольклор и литература в системе образования: теория, практика, перспективы: Материалы Всероссийской научно-практической конференции, – Уфа: Издательство ИРО РБ, 2024. – 98-104 с.

7. Хамраева Е.А. Обучение детей-билингвов технике чтения: вы уже читаете по-русски? // Русский язык за рубежом. 2018. № 6. С. 17–23.

8. Хажин В.И., Вильданов А.Х., Аккужина Ф.А. Примерная рабочая программа учебного предмета «Родная (башкирская) литература» для 5-9 кл. основного общего образования. – Уфа, 2022.

ҰЛЫ ХАКІМ АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАР БАСТАУЫ

Рай Қ.М.

Қазақстан-Британ техникалық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., Алматы, Қазақстан.

Қазақтың ұлы дәстүрінің бірі – ұлыларының бірін-бірі қапысыз ұлықтауы. Бұл ұлықтау жайдақ сөз, жағымпаз мадақ түрінде емес, асығын жасығынан айыра білер асқақ талғампаздықпен айтылар түйін-тұжырым болып келетіні – өз алдына бөлек мәселе. Оған дәлел – көріпкелдікпен һәм сезгірлікпен дәл айтылған Мағжан сөзі. Мағжан Абайдың жұртын сүйген жүрегін, елім деп езілген сезімін танығандықтан да, оның болашақ өмірін – мәңгілік өмірін нақ болжап тұрғаны сөзсіз.

Шындығында, тарихта өткен зиялыларды өмір сүрген дәуіріне қарамай біріктіріп тұрған үлкен қуатты күш – олардың ұлтына деген махаббаты. Сол махаббат отқа да түсіріп, суға да батырып, дәуір толқынында теңселтсе де, тектіліктің белгісі олардың сол жолда аянбай тоқтаусыз күресуі болды. Ұлы Абай шығармаларын парақтаған әр адам өнерімен де, өмірімен де ұлтын сүюдің үлгісін танытқан дана Хакімнің қастерлі сөзінің құнын тани түсері сөзсіз. Бүгінгі заманның толғақты мәселелерін оң шешу үшін де оның қарасөздерін қайта парақтауымыздың, парасатты сезімнен туған сергек сырларын жаңаша парықтауымыздың өзі – заңды құбылыс.

Абайдың қарасөздері – оның өміртанымының өзегін құрайтын өзгеше өнер түрі. Ол бірінші сөзінде жер ортасы жасқа жеткенде, баянсыз, байлаусыз өмірдің жеріткенін айтады. «Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын! Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ. Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік» [1, 15-б.].

Ұлы Хакім ел бағудан да, мал бағудан да, ғылым бағудан да, дін бағудан да, бала бағудан да бөлек, өз мәнін мәңгілік жоғалтпайтын жаңа жол іздейді. Ендігі қалған өмірінде ғибрат болған дүние сабақтарын тұжырымдап, кейінгіге із тастауды мақсат еткенін айтады. Сол іздеген ізгіліктің қайнары секілді соны өріммен үндестіреді. Ол әрбір ұлы адамға тән қарапайымдылықтың жолымен былай деп сөз бастайды: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыға байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». [1, 15-б.]. Бірақ бүкіл ынта-

ықыласын салып, күш-қайратын жұмсап, жанын жеп жазған осынау қарасөздерінің құнын бұл байламы одан сайын көтере түседі.

Үстірт қараған көзге ғақлияда Абай өз жұртын сынап-мінеп отырғандай көрінетіні де шындық. Жасыратыны жоқ, кейбір ортаңқол ақындар Абайға еліктейміз деп, елге сіңірген еңбегі болмаса да, өзінен-өзі бұлданып, жалпақ жұртқа тиісіп, сынап өлең жазып қоятыны бар. Осы жай алаңдатқандықтан, студент кезімізде «қайткенде жастардың жүрегіне нұр құямын» деп барын аямай санамызға сіңіруге тырысатын ұлық ұстазымыз Қадыр Мырза Әлі ағамызға сұрақ қойдым: «Неге біздің кейбір ақындар қазақты ылғы жерлеп, әкесіндей ұрсып өлең жазады?». Қадыр аға күліп: «Иә, бізде ондай ақындар баршылық. Олар өздерінше Абайға еліктегісі келеді. Бірақ қазақты Абайша сынау үшін Абайша сүю керек екенін жете сезінбейді-ау деймін», - деді. Қадыр аға: «Егер сендер Абайды әлі де толық түсінбесеңдер, мен сендерді кінәламаймын. Оны қырықтан асқанда қайта оқып қарасаңдар ғана дана ойдың тереңдігін танырсыңдар», – деп айтатын. Сонда бала көңіл, албырт жастық «Абайда бәрі ап-анық айтылып тұрған жоқ па? Оны түсіну үшін несіне қырықты күту керек?» дегендей іштей қарсыласатын. Бірақ бұл қарсылық білім тереңдігімен өзін риясыз мойындатқан ұстазға дауыстап айтылмайтын. Енді араға жылдар салып барып Абай шығармаларын оқығанда, мүлде басқа ой-түсініктің туғанын шын сезінгендейміз.

Абай өз қарасөздерінде ұлт мүддесін сын мен шынның тұтастығынан іздейді. Қазақ ел болу үшін ең әуелі неден бас тартып, неге ұмтылуы керек деген ойды тұғыр етіп ұстанады. Әрбір жаңа нәрсенің жоқтан пайда болмайтынын ескерген Абай өмір философиясының осы тәсілін ұстамды қолдануды көздейді. Жаңа жолға бетбұрыс жасау әркімнің, әр ұлттың өзін-өзі тануы арқылы ғана жүзеге асатынын пайымдайды. Сондықтан ол жұртының атадан жалғасып келе жатқан жақсы дәстүрлерін дәріптемей-ақ, сол бабалар аманатына адалдық сақталмаған осал тұстарды осып айту арқылы қалың көптің жігерін жанып, намысын оятып, көзін ашуды көксейді.

Екінші, үшінші сөздер қазақты азапқа итермелеп әкелген әдепсіздіктің, қайратсыздықтың, надандықтың жайын ашуға арналады. «Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тиымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [1, 17-б.]. Абай осы пікірінде қазір өзіміз жоқтап жүрген ұлттық идеологияның тетігін қолға ұстатып тұрған жоқ па? Яғни, дауырықпа мен даңққұмарлық, жалқаулық пен жатыпішерлік психологиядан арылмай, ұлт бірлігі туралы ұғым арман-сағым болып алдайтынын дәл көрсетеді. Ол үшін тағы да әркімді өзін-өзі бағалауға дұрыс бағдарлайтын тәлім мен тәрбие қажеттігін түйіндейді. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» – дейтін даналық сөзінің шешімі дәл осы қарасөзінде жатыр. Өзгеден озуды ғана көксейтін көген көздердің ұлттың бірінші жауы екенін осылайша парықтайды. Атаққұмар, шенқұмар шенеуніктердің санасына сәуле түсіп, шіркін, Абайды бір рет оқыса ғой деп армандайсың.

Бесінші, алтыншы қарасөздерде Абай қазақтың әр қилы мақал-мәтелдерін мүлдем басқаша талдайды. Ол халық даналығының ішінде пенделік пиғылмен араласқысы келген пысықай пайымдамалардың күл-паршасын шығарады. Шын мәнінде, кейде өзіміз үстірт қарайтын мақал сөздердің нені көксеп, нені меңзеп отырғанын Абай сөзінен кейін тіпті басқаша қабылдайтын сияқтысың. Мәселен, «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат» т.б. былай қойғанда, «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалдың мәнін аса бір алғырлықпен ашып бергенде жаңа дүниені қабылдағандай күй кешесің. Ол бірлік, тірлік деген сөздерді ұйытқы етіп ұстанып, осы мақалдың түп-төркініндегі ойды өзіміз айта беретін ұлттық идеяға елеусіз ғана ұштастыра салады.

Жалпы алғанда, Абайдың қарасөздері бірінші, екінші деп сандық ретпен бөлектеніп қойылғанмен, олардың ішкі мазмұны бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі ашып, бірте-бірте ауқымы кеңейе түсетін, Күннің нұрындай жарыса тарап жатқан ой сәулелері секілді. Адамның дүние есігін ашқанынан бастап ахиретке дейінгі аралықтағы өмір сырын жік-жікке бөліп,

жүйелеп түсіндіреді. Онда нәпсі мен қанағаттың, бай мен кедейдің, ақ пен қараның, адал мен арамның көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын нәзік пернелері рентгенмен түсіргендей аса бір дәлдікпен дөп басып ажыратылып отырылады.

Сөзінің басында елді жайлаған ауыр дерттің тамырын басып нақ айтқан Абай келесі кезекте сол аурудың қайдан, неден пайда болғанын, себебін анықтайды, ал одан кейінгі сөздерінде оның емін де өзі ұсынатындай. Сонда Абайды ұлтын сауықтырушы, дәуірінің тамыршысы демей көріңіз. Мысалы, онынші сөз ұрпақ не үшін керек, өзіңнің қателігіңді қайталамайтын баланы қалай тәрбиелеуге болады деген мәселер жөнінде өз ойларын ортаға салады. Сондай-ақ, он екінші, он үшінші сөздерінде иман, ғибадат мәселерінің адам тіршілігіндегі рөлін сипаттайды. Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екендігін тұжырымдаған дана Абай он төртінші-он жетінші сөздерінде сол иман қонақтайтын жүрек ақыл мен қайраттың басын біріктірер ұлы ұяға айналғанда ғана халықтың қамын жейтін адам шығарын тағы да таратып дәйектейді.

Қорыта айтқанда, осы жүректің дерттен аулақ болуының бүкіл сыры мен жолын одан кейінгі келетін өзге сөздері түгелдей ашады. Оның ішіндегі мәйегін тауып, мәнін ашу, сөлін сығып, сырына қанығу, жеке бастың күйінен жұртының жайын жоғары қоюға ұмтылдыратын ұлы идеялардың тоғысуын тану қажет. Ұлттық идеяның алтын тамырын Абайдан іздеу адастырмас ақиқатқа із салары анық. Сонымен, екінші - он жетінші қарасөз аралығының өзінде-ақ ұлттық идеяға тірек болар үш концептуалдық негіз айқындалады. Олардың біріншісі – өзін-өзі объективті бағалай білу, екіншісі – имандылық, үшіншісі – ел бірлігі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Қарасөздер.- Алматы: «Атамұра», 2024.-160 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ҰСТАЗ ТҰЛҒАСЫ

Зайсанбаева Г.Н.
Білім беру орталығының аға тренері,
Филология ғылымдарының кандидаты, сертификатталған тренер
Астана, Қазақстан

Әлем толассыз өзгеруде. Дүние есігін ашқан әрбір жеткіншектің өзгермелі әлемде өзінің орнын таба білуінде отбасы мен білім беру орындарының рөлі ерекше. Әрине ата-анасынан кейін бірінші орында тұратын тұлға -ұстазы. Қазақ тілі арқылы құндылықтарды шәкірт жүрегіне ұялату - бұл бұл биік мақсат. Ұстаз шәкіртінің санасын оятып, тәрбие мен білімнің дәнегін егеді. Білім беруде оқушының өз құндылықтарын айқындауға басты бағытты ұстаздары көрсетеді. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту мәселесінде, ең бастысы, оқушы тіл арқылы өзінің құндылығын айқындай білуі маңызды деген пікірдемін.

Құндылықтар деген ұғымды қоғамдық білім саласында әртүрлі қарастырады. Білім беру үдерісінде құнды идеяларды жүзеге асыратын саналы азаматтарды қалыптастыру. Құндылықтар - бұл адамның ойлауы мен ақыл-ой мәселелерімен тығыз байланысты ұғым. Жеке тұлғалық құндылықтардың дамуы, ұлттық құндылықтарға, ал ұлттық құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтарға ұласатыны белгілі.

Милтон Рокич американдық психолог, жеке және қоғамдық құндылықтарды зерттеу саласындағы беделді ғалымның зерттеулерінде, **құндылық** — адамның немесе адамдар тобының табиғат пен қоғамда кездесетін заттар мен құбылыстардың өмірдегі маңыздылығы туралы тұрақты және ұстанымды көзқарасы. Барлық мәдениеттерде адамдар мойындайтын негізгі құндылықтарды анықтау — мәдениетаралық зерттеулерді объективті түрде жүргізуге мүмкіндік береді делінген [1]. Құндылық бағдарлар кез келген қоғамдық құбылысқа белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Ол адамның іс-әрекетінің мотивациялық негізі және ұжымдық санаға ықпалы мол. Құндылықтар - жеке адамның, ұжымның ақыл-ойынан туындайтын және оны жүзеге асыруға, дамытуға уақыт, күш-жігер, қаражат кетіре отырып, жылдар, ғасырлар бойы

сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани және материалдық қазынасы. Құндылықтар арқылы жеке адам дамиды, ақыл-ойының, білімділігінің, қоғамдағы құрмет пен сыйластықтың салмағы артады, ортақ мәдениеттің бір бөлшегіне айналады және сол мәдениетті ары қарай жалғастырушы, дамытушы бола алады. Шәкірт санасының қазақ тілі мен мәдениеті арқылы құндылық бағдарлы дамуы үшін технологиялармен бәсекелестік туындаған қазіргі заманда ақыл-ойды дамытатын құралдар қажет.

Қазақ сөз өнері ертеден ой-сананың биік үлгісінде дамығаны баршамызға аян. А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері деп, асылында, — нені айтамыз? Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады» -деп керемет айтып кеткен [2]. Сөз өнерінің адамның ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін білдіре алатындай етіп үйреніп, оны өнер деп дамыту - нағыз шеберлік.

Адами қарым-қатынаста, тілдесімде адам ішкі жан құбылыстарын денедегі өзгерістер арқылы таниды, ым-ишараның астарына үңіле отырып, өз құндылықтарын анықтайды, ұлттық құндылықтардан шабыт алады, жаңа идеяларды жүзеге асыруға құлшынады. Қазақ сөз өнері құндылыққа толы. Астарлы сөздің құпияларына бойлай отырып, біз ойымызды тереңдетеміз, шынайы өмір шындықтарын қабылдай отырып, ақыл-ойымыздың көкжиегін кеңейтеміз. Педагог арсеналына қажет оқушылардың өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану бағытындағы осы құралдар сұрақ қою шеберлігімен байланысты қолданылады. Даналық ойдың иелері қазақ би-шешендердің де осы жолмен шәкірт тәрбиелеп, даланың даналық мектебін қалыптастырғанын білеміз.

«Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда оған Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, үйленбеген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратындығын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызып, оған бірнеше сұрақтар қояды:

–Шырағым, дүние неге сүйенеді?

Абай:–Дүние үмітке сүйенеді.

Жанқұтты:–Көздің көрмесі бола ма?

Абай:–Көз қабағын көрмейді.

Жанқұтты:–Шам жарығының түспесі бола ма?

Абай:–Шам жарығы түбіне түспейді.

Жанқұтты:–Болат пышақтың кеспесі бола ма?

Абай:–Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді» - деп жауап берген екен [3]. Шындығында әрбір жауапта терең даналық жатыр. Адамның жақсылықтан үміттенуі, адам алысты болжап көре алса да, кейде жақын, жанындағыны байқай бермеуі, тағы бірде басқаларды жылытамын деп өзіне деген жылу мен мейірімді ұмыт қалдыру немесе болат пышақтай, өзіңе келгенде қолыңның қысқалығы. Міне, Жанқұтты бидің қойған сауалдарына жауап бере отырып,осылайша, Абай ұрпағына азық болар ой тастап кеткен. Осындай диалог қазіргі таңда ұстаз бен шәкірт арасында да өрбитіндей білім беру ортасын құру құндылық бағдарлы білімнің бір көрінісі дер едім.

Біз өз заманымызда қазақ шешендік сөз маржандарын әлемдік зерттеулермен, құрылымдармен де ұштастыра отырып қарастыра аламыз. Бұл құралдар әлемдік ақыл-ой, мидың қызметін белсендіруге қатысты коучинг құралдары деген атпен танымал. Ақыл-ой деңгейлерінің құрылымдық сипатына байланысты ұсынылатын сондай құралдың бірі - нейрологикалық деңгейлер. Қоршаған әлеммен адамның қарым-қатысы санада белгілі бір құрылымдарға бағынады. Білім арқылы әр адамның әлемді тануда өзіндік ерекшелігі, көзқарасы қалыптасады, сол арқылы басқа адамдармен де қарым-қатынас орнатылады. Адам күніне 70 мың түрлі ой ойлайды екен. Ақылмен сараланған ойлары арқылы өз өмірін, өмірдегі өз орнын, басқалармен ара қатынасын, әлеммен ара қатынасын реттейді. Ақыл күші арқылы ойды реттеу, құрылымдау, оның сөзін, әрекетін дұрыс арнаға бұрады. Өзінің жан дүниесіндегі құбылыстарды жете түсінуге жол ашады. Американдық ғалым Роберт Дилтс нейрологикалық

деңгейлер атты құрылымы бізге ойымызды реттеуге, мақсаттарды айқындауға көмекке келеді. Біздің ішкі жан дүниеміздегі құбылыстардың сыртқы әлеммен байланысын түсінуге көмектеседі [4].

Нейрологикалық деңгейлер алты кезеңнен тұрады. Бөлімдердің деңгейлері бір-бірімен байланысты, олар ойды тереңдетуге көмектеседі. Әр деңгей адамның өзі және қоршаған ортадағы өзінің рөліне назар аударады. Ойды құрылымды жеткізуге құрал бола алады.

Сонымен қатар, коммуникацияда мақсатқа қол жеткізуде, өзін-өзі дамытуда бұл деңгейлер бойынша адам танымы дамиды, өрісі кеңейеді. Нейрологикалық деңгейлерді төменнен жоғарыға қарай тұлға өзінің қазіргі жағдайын талдайды, ал жоғарыдан төменге болашақ мақсатқа жетуін модельдейді (1-сурет).



1-сурет.

Біз нейрологикалық деңгейлерді Абай мұрасы арқылы талдап көрейік [5].

Қоршаған орта. Адамның өз ортасы тұлға дамуына ерекше әсер ететіні белгілі. Ұстаздың немесе шәкірттің қоршаған ортасы жайында кім, не, қайда сұрақтарына жауап ізделеді. Менің жанымда кімдер бар? Менің маңайымда нелер бар? Мен қайдамын? Барлық материалдық дүние және адамдар, отбасы, орта назарға алынады.

Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ойын осы деңгейде даму сатысында ортаңдағы үлгі тұтар адамдардың болуының маңызын ерекшелейміз. Әр адам өз айналасын тани білу арқылы, қажет болса, оны өзгерту арқылы өзін дамыта алады. Жас жеткіншектің рухани дамуында отбасының және ұстаздарының, сыныптастарының, достарының, яғни білім мен тәрбие алып жүрген ортасының маңыздылығын есімізден шығармаймыз.

Әрекет деңгейі. Не істеп жүрсіз? Қандай әрекеттер жасайсыз, жасай аласыз? деген сұрақтарға бірінші деңгейдегі жауаптармен байланыстыра ойланасыз. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені-көргені көп болған адам білімді болады» деген сөздің өзектілігі адамның іс-әрекетіне өзі сыни көзқараспен қарай алу маңыздылығын көрсетеді.

Қабілет, дағдылар. Бұл әрекетті жасауда қандай қабілеттеріңізді қолданып жүрсіз? Қандай дағдыларыңыз, қабілеттеріңіз көмекке келеді? Өзіңіздің мықты тұстарыңызды талдаңыз. Сіз өз бойыңыздағы қабілеттеріңізді қалай дамытасыз? Осы деңгейде Абайдың:

«Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз»- деген сөзі есімізге оралады. Яғни дағды, қабілеттеріңізді білу, оларды күшейту арқылы келесі ойлау деңгейіне өте аласыз.

Құндылықтар. Төртінші деңгей екіге бөлінеді. Бірінші жағы бізді шектейтін наным-сенімдеріміз, екінші жағында құндылықтар. Шектеулі сенімдер бұлар біздің санамыздағы әрекетімізді шектейтін ойлар.

Шектеулі сенімдер сана түкпірінде жеке қағида, ұстанымдар ретінде сақталады. Мысалы:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деген жолдарда Абай жастық шағында өзін шектеген ойларына өкініш білдіреді. Бұл деңгейде бізді шектейтін ойларға талдау жасалады, көбінесе бұл ойлар болымсыз етістіктер арқылы немесе керек, қажет сөздер арқылы беріледі. Педагог оқушылармен әңгімелесу барысында осы іспеттес ойларды әртүрлі тәсілдер арқылы өзгерте алады.

Сонымен қатар, адамды шабыттандыратын, рухтандыратын сенімдер де ойлау деңгейінің жоғары деңгейінде қалыптасады. Құндылықтар адамды мақсатты әрекетке бастайтын, шабыттандыратын сенімдер. Сіз бұл әрекеттерді не үшін жасайсыз? Бұл әрекетті жасау сіз үшін неге маңызды? Құндылығы неде?

Осы ретте адамға шынайы құндылық сыйлайтын ұғымдар Абайдың:

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген толық адам идеясына негіз болған құндылықтар екені белгілі. Бұл құндылықтар базалық адами құндылық ретінде танылған. Сонымен қатар әр адамның құндылығы оның жеке таңдауына байланысты айқындалады.

Тұлға деңгейі. Жеке тұлғалық (идентификация) тұлғалық өзінің жеке рөлін анықтаудың маңыздылығы сана деңгейінің жоғары сатысы болмақ.

Сіз кімсіз? Өзіңізді қандай бейнеде елестетесіз? Сіздің осы өмірдегі, осы сәттегі рөліңіз қандай? Абайдың мына сөздерінде айтылғандай:

Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі,
«Мені мен «менікінің» мағынасы - екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Қандай әкесіз? Қандай анасыз? Қандай ұстазсыз? - деген сұрақтарға жауап іздеу, санаға сілкініс жасайтыны сөзсіз. Бұл деңгейде адам өзінің кім екенін, кім болғысы келетінін бейнелі суреттермен сипаттай алады. Осы бейнелерді сипаттай отырып, өзінің жоғары миссиясын да анықтайды.

Миссия. Сана деңгейінің ең биік шыңы. Абай атамыздың:

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!» -деген жолдарда айтылғандай, адамның өмірге келудегі жоғары мұратын айқындай білу сұрақтарына жауап іздейді. «Сіздің өміріңіздің басты мұраты не?», «Ұстаздық миссияңыз қандай?» сұрақтары арқылы ойланады.

Абайдың «Адам бол!» тұжырымына сай келетін жоғары мұраттарды анықтауда әрбір ұстаз өзіне бағытталған сұрақтар аясында терең ойларымен бөліседі. Қоғамдағы ұстаздардың алатын орны мен рөлін, рухани дамуы мен саналы әрекеттері арқылы еліміздің де болашағына адал қызмет ету жоғары идеяларымен қаруланады. Бұл нейрологикалық деңгейлер жүйесі әмбебап құрал ретінде білім беру үдерісінде тиімді қолданылады. Білім берудің мақсаты өз құндылығын айқындаған саналы, адал азаматтарды тәрбиелеуде заманауи құралдарды практикада тиімді қолдану жақсы нәтижелер береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Rokeach, M. (1968) beliefs, Attitudes, and Values, San Francisco, Jossey-Bass. Rkeach, M. (1973) The Nature of Human Values, New yourk, The Free Press.

2. Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2003. - 208 б.

3. Билер сөзі., Алматы, «Қазақ үні», 1994 ж.-160 б.
4. Дилтс Р. Стратегии гениев. Т. 1. Аристотель, Шерлок Холмс, Уолт Дисней, Вольфганг Амадей Моцарт https://www.litlib.net/bk/63403
5 . Абай Қалың елім, қазағым...Алматы, «Атамұра», 2002 г.

Ж. АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ АФОРИЗМДЕРІ

Жұмағұлов С.Б.
Ф.ғ.д., профессор. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қазақ руханиятының кемелденуіне өлшеусіз үлес қосқан Жүсіпбек нақылдары – ұлттық ұстынға айналған қастерлі құндылық. Өр мінезімен халқының құрметіне бөленген асыл сөз алыбы журналистика, көркем аударма, әдеби сында өзіндік өрнегін қалдырды. Ұлт топырағында тыңнан тамыр жайған педагогика, психология ғылымының негізін қалаушылар көшбасынан табылды. Бастапқыда Баянауыл, Кереку мектептерінде, кейіннен Семей оқытушылар семинариясында білім алған Аймауытұлы аласапыран дәуірде қоғам ісіне кірісіп, қайраткерлік тұлғасымен көрінді. Ұлт зиялыларымен етене араласып, әлеумет жұмысына жегілді. Мемлекеттік басқару және ұлт автономиясы бойынша шешімдер қабылданған Семей облыстық қазақ сиезіне қатысады. Алаш үні «Сарыарқа» (1918-1919) газетінде мақалалары - жарияланады. М.Әуезовпен «Абай» (1918) журналын шығарады. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатында, Семей губерниялық оқу бөлімінде, Ташкенттегі Қазақ институтында, «Қазақ тілі» және «Ақ жол» газеттерінде, Шымкент педагогикалық техникумында, Қарқаралы мектебінде еңбек етті.

Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртқан Алаш элитасының сарабдал саяси қадамдарын қолдаған Жүсіпбек «Енді қазақ елеулі ел болам десе, санаулы сыбаға алам десе, алатын кезі келді. Алғанда немен алады? Әрине, белдесіп, теңдесіп отырып айтысса алады. Белдесуге күш керек, теңдесуге жол керектігін» ұрпақтар сабақтастығының өрелі де өміршең биігінен ұғындырды. Алаш автономиясына қол жеткізудегі жанкешті тайталасты «Әлде болса, «Ханның қара сыбағасы» деп алдымызға әкеліп беретін автономия жоқ, бұ заманда сыбаға ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алынады» *(Қазіргі саяси хал)*, «Бұ күнде тіршілік күресінде майданға түспеген, мәдениетке талпынбаған жұрт болмайды» (*Қазір екі нәрсе керек)* деген кесімді ойымен үстеді. «Артынан елі ермеген басшы – басшы бола алмайды. Басшының артынан ермеген ел – ел бола алмайтынын» айтқанда, «Қараңғыда қан жылап қаңғырған күнде басыңды алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз» Әлихан Бөкейхан бастаған үркердей шоғырға тірек болудағы әлеумет міндетін айқындады. Отаршылдықтан арылған арда жұртының саяси хұқына қатысты «Адам баласы өзінің тұрмысын түзеуге ерікті» *(Мемлекет құрылысы)* екенін нығырлап, «Алаш Орданың қазіргі мақсаты – қазақты жұрт қылып, автономия алу» *(Қазіргі саяси хал) (Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. 6 том. 334-б.)* болып отырғанын ақ алмастай ойымен шегеледі. Алаштың тұңғыш құрбаны атанған мұраттасы Қазы Нұрмұхаметұлының ерлігіне рух асқақтығын дарытты: «Өкінбе! Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің».

«Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қиқырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай» кемеңгерлігіне бойлап, Қаражан Үкібайұлы сынды ұлт меценаттарының қаржылай демеуімен «Абай» журналын жарыққа шығарған Аймауытұлы «Қазақта қашаннан білгіштің соңынан ергіштік береке барын» *(Журнал туралы*) дұрыс көрсетті. «Бұл заманда жан сақтауға, бас қорғауға, тұрмысты түзетуге қалып отырған құрал – өнер, ғылым, қысқаша айтқанда – мәдениет» құдіретінен асқан күш жоғына иландырды. «Оқымай мәдениет жоқ: мәдениетсіз ел, қандай кәп болсын, күшті болсын, ұлтшыл болсын, ұлттығын сақтап, табанды ел болып тұра алмайды» *(Қазір екі нәрсе керек)* деген ұлағаты маңызын жойғаны жоқ.

«Ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат (идея), жалынды жүрек, терең білім керек» *(Асыл қазына жиналса екен)* дегенде «Тіршілік дегеніміз – дүнияға келу, ішіп, жеу, өлу ғана емес, ойлай білу» *(Әдебиет)* екенін түрлі тақырыптағы ой-толғамдарына үзілмес желі етіп отырды.

Жүсіпбек – қазақ классикалық әдебиетінің белді өкілі. Сондықтан «Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркем өнердің басты тақырыбы» *(Ж.Аймауытовтың А.Байтасовқа хаты)* болып қалатынын эстетикалық үйлесімде түйсінгендіктен, «Абайдан соңғы ақындар», «Абайдың өмірі һәм қызметі», «Мағжанның ақындығы», «Әдебиет мәселесі» *(Талқыға),* «Көркем әдебиетті саралау», «Әдебиет мұралары», т.б. мақалаларымен қазақтың асыл сөзін, әдебиет алыптарын пролеткульшілдік саяси қаралаулардан қорғауды суреткерлік парызы санады. Интеллектуалдық өрісі мен өресі бөлек проблемалық әрі полемикалық мақалаларында өнер поэтикасын теориялық саралауға, қаламгерлер шығармашылығының психологиясын бажайлауға объективтілікпен келді. Ұлттық, адамзаттық құндылықтарды қылбұрауға ала бастаған әміршіл-әкімшіл жүйеге қарсылығын «Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қиқым-сиқымды балалар алдап сатып тыға беретін» *(Абайдан соңғы ақындар)*, «Өзі өмірді анық, жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараңғыны жарық, бұлдырды ашық көрсете алмаған ақын – ақын емес» *(Мағжанның ақындығы),* «Өлең еместі өлең деп, жұрттың алдына тартуымыз ұят. Бұл туралы өлеңшілер ойлану керек» *(Көркем әдебиетті саралау),* «Әдебиетке баға берген ел ақынға етік тіккізбес болар» *(«Жоққа» ескерту),* «Жазушылық, ақындық сүйекке бітетін өнер: қанша машықтаса да, кім болса сол жазушы бола алмайды, кемелдікке жете алмайды» *(Жан жүйесі мен өнер таңдау)* іспеттес нақылдарымен жеткізді.

«Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейтінін» *(Абайдың өмірі һәм қызметі)* түйгенде, «Мағжан – табиғат қойнында туып, табиғат анасының бауырында өскен нағыз табиғат ұлы» *(Мағжанның ақындығы туралы)* бағытындағы эстетикалық талдауларын классикалық филология қағидаттарымен дәйектеп отырды. «Тіршіліктің ауыр соққысына иленіп күйсіз, құл болып жүрген өнер өркендемек емес. Жақсы нәрсе шығару үшін қамсыз тұрмыс, көтеріңкі көңіл керек. Күйсіз жүйрік жүгірмейді» *(Қазаққа пайдалы жас талап),* «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді» *(Әдебиет мәселесі Талқыға)* деп шығармашыл тұлға азаттығын, сөз бостандығын қызғыш құстай қорғады.

«Жүрекке, ихтихатқа, иманға қолқа салу кімге де болса зорлық, әсіресе ақынға зорлық» *(Ардақты Мағжан!),* «Ақын – елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жайынан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемекші» *(Ашық хат Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына атсалысыңыздар)*, «Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде» *(Мәшһүр аға!),* «Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғалым иесі де болу керек» *(Әдебиет мәселесі Талқыға)* деген ақ жүрек ердің әдеби сын әдіснамасы, өнер стихиясы, сырлы сөздің әсемдік әлемі, рухани кеңістіктің ұлттық өзегі, кеңес идеологиясының қасаңдығы хақындағы нақылдары өрелі тақырыптарға батыл бойлауымен өміршең.

«Адамның жанына азық беретін, жабыққан көңілдің пердесін көтеріп, ой сәулесін жіберетін, адамды тербететін, оятатын (музыка) күй саймандардың үні, тамылжыған тәтті әндер болады» *(Музыканың пайдасы),* «Жалпы мәдениет, әдебиет мәселесі – әрбір ұлттың тарихының төрінен орын алатын қиын мәселе» *(Ән-күй жайында),* «Көңілдің көлеңкесі ән-күйге түседі. Әдебиеттің айта алмағанын ән-күй айтып береді. Күй халықтың жүрегі ғой, жүрек қалай қақса, әуез де солай толқымақ, бармақ та солай билемек. Ән-күй қазақ тарихына бір қымбат дерек, ән-күй (музыка) ұлттықтың бір нысанасы» *(Күйлерді жинау керек) (Қараңыз: «АҚ ЖОЛ». Көптомдық. 21 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т. 21. – 2020. 339-б)* сипатында ой сабақтаған

энциклопедиялық білім иесінің музыка, театр, өнер хақындағы «Театр кітаптарын қалай көбейтеміз?», «Театр кітабы туралы» (Театр кітапсыз түрленбейді, көгермейді), «Музыканың пайдасы», «Ән-күй жайында», «Күйлерді жинау керек», т.б. толғаныстарындағы нақылдары өнертанудың тылсым иірімін екшеудегі жаңашыл қадам болуымен сипатталады.

«Адамшылықты, өнерді сүйген таза жүректе біреуді олай, біреуді бұлай ұстайтын тар мінез болмайды. Адам табысы адам баласына ортақ. Қазақстан Затаевичтерді адал ұлындай көру керек» деп білген әнші, композитор Жүсіпбек өнерпаздығына ұлы даланың музыкалық мұрасын жаңғыртушы А.Затаевичтің сүйсінуі тегін болмаса керек. «Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды» *(Асыл қазына жиналса екен)* іспеттес нақылымен ұлттық құндылықтарды ардақтауға, елдік қасиеттерді қастерлеуге үнемі ой салып отырған Аймауытұлы «Ұлтты сүю» мәселесіне жанкешті толқынның жаңаша өредегі танымымен үңілді. Ұлтыңды сүю өткеніңе орынсыз тамсану, бұрынғыңды жөнсіз дәріптеу, қандасыңды мән-мағынасыз мадақтау емес екенін ұғындырды. Өркениет аламанында озғандар тағылымы, оқығандар міндеті, жұртқа қызмет ету қағидаттары байыпталған толғамындағы нақылдары ұлттық ойлау жүйесіне сыни көзқарас дарытты. Аламан ғасырдағы қандасының ойлы, арлы, жігерлі, харакетшіл болуын діттеген арман-аңсары көрініс тауып жатты.

«Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр». «Оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жаһат қылуы керек». «Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр».

Санаткер «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926), «Комплекспен оқыту жолдары» (1929) іргелі еңбектерімен қазақ ғылымында педагогика, психология ілімдерінің негізін қалап, тың ізденістер мен жаңа бағыттарға жол ашты. «Бізді ерекше таңғалдыратыны – адам психологиясын зерттеуде математиканы, оның вариациялық статистика дейтін саласын қалайша пайдалануға болатындығы жайлы мәселе. Қазақ топырағында мұны Аймауытовтан басқа ешкім күні бүгінге дейін көтермеген. Біздегі ғылыми психологиялық терминдердің алғаш жүйеге түсуі де Аймауытов есімімен байланысты» *(Қ.Жарықбаев)*. «Психология» оқулығында 320 шамасында термин қолданылған *(Ш.Құрманбайұлы)*.

«Тәрбие», «Әдет заңы», «Бұл әдеттен арылу керек», «Жастар кім?», т.б. мақалаларындағы нақыл сөздері ұлттық болмыстан суарылған шешендік қуатымен әсерлі де әуезді. «Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жанын (рухын), ақылын, сезімдерін, жігерін-мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңар жақтау бола беретінін» *(Тәрбие)* зерделеуімен жантану ілімінің терең қатпарларын үңгіді. «Тәрбиеге туған жұрттың тіл, мінезі, тұрмысы да әсер қылмақ. Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, жалыншақ, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ. Ашық көңілді, сауықшыл ер-жұрттың баласы да сауықшыл ер болмақ. Діндар елдің баласы діндар келеді» *(Тәрбие)*. «Жылауық, байбалам, жалыншақ, сұраншақ, жағыншақ, жарамсақ елдің жаны құл болады» *(Бұл әдеттен арылу керек),* т.б. нақылдары ұлттық тәлім-тәрбие ерекшеліктерін бағамдаудағы келелі мәселелерді көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің дамуына еңбек сіңірген ұстаз, әдіскер, лингвист ғалымның ана тілі, емле, әдістеме, терминология хақындағы «Қазақ тілін іске асыру қамы», «Емлені өзгертуге жоба», «Жазу таңбамызды азайту туралы жоба», «Жазу мәселесі туралы соңғы сөз», «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Пән сөздері қалай табылады?», «Тіл туралы», «Қазақша қат таныту әдістері», «Қат таныту әдістері», «Үлгі мектептері керек», «Мектеп қандай болу керек?», «Емлені оңайлату жобасы», «ҰУ, ЫУ, ІУ, ҰУ *(Емле жайында айтыс ретінде)*», «Емле, әріп жайынан *(айтыс ретінде)*», «Дәйекші жөнінен» *(жаңа әліппешілер сиезінің*

қарсаңында), «Жаңа әліпби емлесіне түсінік», «Әдебиет тілі мен емле (*ойласу ретінде*)», «Ана тілінің оқыту әдісі *(Қат таныту алдындағы жұмыс)*», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы *(барлығы 6 сағатта)*» *(Қараңыз: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013.)* ғылыми мақалаларының айшықты өрнектері ұлттық бояуы қанық нақылдарға табан тіреп отырады.

«Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады: жасаса, өркендесе, тілі де өркендейді» *(Жазу мәселесі туралы соңғы сөз)*. «Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысына түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол – дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек» *(Ана тілін қалай оқыту керек?)*.

«Білім – бір судағы меруерт, шеңгелдемесең, уысыңа міз ілінбейді. Білім – бір алтын балық, қармақты тұс-тұсынан қами салсаң, жылп береді. Білім – бір қызыл түлкі, қағушыны қаптатып, үстінен құс салып, астынан ит жүгіртіп, толайламасаң, ұстатпайды. Білім ұстайтын сол құралдар бізде бар ма? Бар. Көз – бүркіт, құлақ – қағушы, тіл – тазы, қол – қармақ, ой – шеңгел. Сөйлеңіз – бала тыңдасын (қақсасын), жазыңыз – көрсін (шолысын), сөйлетіңіз – тазы боп қусын, жаздырыңыз – қармақтансын, сұраңыз – ойлансын, оқысын, сабақ сайын есте болатын ереже, әдіс осы» *(Ана тілінің оқыту әдісі)*. «Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсетін, өрбитін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болу керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді» *(Пән сөздері қалай табылады?)*.

Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сынды ұлт қайраткерлерінің саяси және рухани мектебінде шыңдалған Жүсіпбек 1920 жылдардағы аштық алапатында азаматтық парызын өтеуде иісі қазақ баласына өрнек шашты. Семей губерниялық Аштарға көмек комиссиясының уәкілі қоғамдық қызметін атқарған қайраткер «Ашыққан ел һәм Семей азаматтары» *(Ақ жол. 1922. 25 апрель),* «Атқа мін азамат!» *(Ақ жол. 1922. 15 июнь),* «Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы *(Ақ жол. 1923. 27 май)* мақалаларымен дүйім жұртты қасіретке тап болған қандастарына қорған болуға үндеді. «Қазіргі мемлекет жұмысының ең зоры, ең тығызы – аштарға жәрдем беру. Россияда отыз миллиондай халық ашаршылыққа ұшырап отыр. Біздің Қазақстанда үш жарым миллион ел аштық ажалының құшағында» *(«АҚ ЖОЛ». Көптомдық. 7 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т. 7. – 2020. 306-б)* екенін нақты деректермен бекітіп, осынау қиын-қыстау күндердегі әлеумет жауапкершілігін жеріне жеткізе айтты.

«Қазақтың үлеспеген еншісі бар. Қазақтың бірінен-бірі жейтін қонағасы, алатын қолқасы бар. Аштарға жәрдем беретін малым кісіге беретін қонағасым, қимас досыма беретін қолқам деп ойласын. Бұл қолқа берілетін жолды бірінші туысқандық бауырлығы, қарындастығы үшін беруге, екінші ұлтты сақтау үшін, қазақ атын жоғалтпас үшін беруге, үшінші әлеуметшіл, адамшыл, азаматтық борышымызды атқару үшін беруге міндеттісіздер» *(Жүсіпбек. Атқа мін азамат! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 7 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 308-бет)*.

«Қырылып жатқан елді ажалдан құтқару көп көмек керек қылды. Ашаршылықпен алысудың қасында өзге жұмыстың бәрі ойыншық көрінді…. Семейдің губерниялық аштар комиссиясы Қазақстанның орталық комитетімен телеграмма арқылы тілдесіп, осы жобамен іс қылуға рұқсат алды. Май айынан бастап Семей азаматтары түгел атқа мінді. Сатбаев, Ермеков, Сәрсенов, Шынарбаев, Ғаббасов, Кочиков, Дулатов, Әлімбеков, Аймауытов, Бөгенбаев, Қарабаев, тағы толып жатқан жүзден артық кісілер жәрдем жинауға кірісті» *(Аймауытұлы Ж. Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 11 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым*

Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 262-бет). «Көз жасымызды көргендерге амандық берсін, тәңірі жарылқасын!». Семейден Торғайға екі рет мал келді, алдыңғы ретте 4249 қара, соңғы ретте 3836 қара, барлығы 8085 қара; мұның 2711-і жылқы, 5189 сиыр, 185 түйе.

…Бұрында талай жұттар болған, бірақ мұндай жәрдем еткенді көз көріп, құлақ естіген жоқ. Бұл жәрдем шын ағайындық, адамгершілікпен етілген жәрдем, мұны алушылар түсініп, күн сайын мың-мың алғыс айтып отыр» *(Семей елін тәңірі жарылқасын! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 9 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 191-бет)*. «Партия», «Қазақтың өзгеше мінездері», «Ұлтты сүю», «Қазақ партиясын жою туралы бір-екі ауыз сөз», т.б. мақалаларымен әлеумет санасы, қоғам тынысындағы кейбір кем-кетіктерге сын көзімен қараған тектінің «Сотты сұрыптау» мақаласында «Жауыздықтың мұрты қисайған жоқ. Енді бұған не дауа?» *(«АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 6 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т.6. 103-бет)* деп күйінуі тегін емес еді. «Еңбекші қазақ» газетінде Аймауытұлына жала жабылды. Орынсыз ғайбаттауға жауап жазған қайраткер *(Жүсіпбек. Жауап // Қазақ тілі. 1923. №42)* атақты «Торғай ісі» бойынша қуғын-сүргінге түсті.

«…Жеке адамдарға, қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға берілуіне көңіл бөлдім. Бірақ елмен таныс болмағандығымнан кеткен қаталар болмаса, мал бөлу жөнінде орынсыз қиянат істеген жоқпын» *(Жүсіпбек Аймауытұлының жауабы // Социалистік Қазақстан. – 1990. – 20 қараша. Материалды газетке әзірлеген Дихан Қамзабекұлы)* деген арлы азаматқа қатысты қанды қол биліктің имансыз үкімі шықты *(Қараңыз: Қаленова Т. Жүсіпбек Аймауытовтың қуғындалу тарихы немесе «Торғай ісі» сот процесі // e-history.kz › news › show).*

Сол бір тұманды жылдардағы бейуақ күндердің куәгері әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев Жүсіпбектің азаматтық тұлғасын тебіреніспен еске алды: «Сот үш күнге созылды. Үшінші күні Жүсіпбек соңғы сөзін сөйледі. Оны түгел жазып алған екен, мәнерлеп оқып шықты. Залда отырған көпшілік өте риза болды. Соңғы сөзін Жүсіпбек түгелдей қазақ халқының әдет заңы негізіне құрған еді. Асылы былай болды: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады; құн беріп, құн алады; қалың мал береді, қалың мал алады. Сонда ол бірінен-бірі ешуақытта қолхат алмайды; ешбір протокол жасамайды; Бәрін ауызша, сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем беріп үлестіргенімде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» дегенді айтты» *(Қараңыз: Кенжебаев Б. Телегей теңіз (Жүсіпбек Аймауытов жөнінде есімдегілер) Алғы сөзін жазып, әзірлеген Құлбек Ергөбеков // Лениншіл жас. – 1989. – 6 январь).*

Түйіп айтқанда, ұлт перзентінің қайраткерлік болмысы, шығармашылық тұлғасындағы қайталанбас қасиеттерін жаңа ғасыр биігінен тану үрдісі толастамақ емес. Ұлтына алғаусыз қызмет еткен Жүсіпбек нақыл сөздері Алаш өркениетінің рухани қайта түлеуіндегі мәңгілік сарқылмас қазынасы болып ғасырлардан ғасырларға ұласа бермек.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: СҰРАҚТАР МЕН ШЕШІМДЕР

Қапантайқызы Ш.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, п.ғ.д., Астана, Қазақстан.

Қазіргі күнде білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігі білім беру саласында ең үлкен міндетке айналып отыр. Себебі елдегі саяси-

әлеуметтік жағдайлар мен түрлі сыртқы ықпалдардың әсерінен әр қоғамдағы адамдардың құндылықтарға деген көзқарастарында өзгерістер болып отыратыны белгілі. Сондай кездерде әрбір мемлекет базалық ұлттық құндылықтарды қайталап еске түсіріп, заманға сай жаңаша мәнін айқындап, түсіндіру, оқыту, насихаттау ісін қолға алады. Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі білім берумен тығыз байланысты, сондықтан құндылықтар жүйесі жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларында нақтыланады.

Қазіргі қолданыстағы жаңартылған деген атаумен белгілі үлгілік оқу бағдарламасы "1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2. Құрмет; 3. Ынтымақтастық; 4. Еңбек пен шығармашылық; 5. Ашықтық және 6. Өмір бойы білім алу" деген "Мәңгілік ел" базистік құндылықтарына сүйеніп жүзеге асырылып келді [1].

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын: "тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік және жасампаздық және жаңашылдық" деген құндылықтарға негізделді [2]. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білім берудің базалық құндылықтары – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, білім беруді жеке тұлғаны дамытуға бағыттайтын ұстанымдар, сенімдер мен идеялар», «Мазмұндық концептілер – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құндылық бағдарлары" деген ұғымдар енгізілген. Стандартқа сәйкес білім беру мазмұны келесі базалық құндылықтарға бағытталған: 1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. Сонымен бірге осы құжатта "оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер" деген ұғым енгізіліп, "Адам", "Ар-ұждан", "Намыс", "Отбасы", "Отан", "Тіл", "Мәдениет", "Білім", "Еңбек", "Табиғат" құндылық концептілері айқындалып көрсетілді [3]. Демек, осы тізімде беріліп отырған он концепт болашақ бастауыш және орта негізгі білім мазмұнының құндылық бағдарын айқындайды деген сөз.

Әрине, құндылықтарды түрліше топтастыра беруге болады. Алайда осы жерде: *"Құндылықтар нормативтік құжаттарда белгіленіп, оқулық мәтіндерінің мазмұнында тұрса, жас ұрпақтың бойына барып қона қала ма?»* деген заңды сұрақ туындайды. Жауап: «Әрине, жеткіліксіз!». Олай болса, тағы нелерді оқытуымыз керек? Құндылық бағдарлы оқыту қалай жүзеге асырылуы тиіс? Ұлы дидактиканың *«нені оқытамыз?», «қалай оқытамыз?»* деген басты сұрақтары құндылық бағдарлы оқыту ісінде де өте өзекті болып тұр.

Стандарт пен Бағдарламаға сәйкес оқулық түзіледі. Қазақ тілі оқулықтарында бұл құндылықтар әдетте оқылым, тыңдалым мәтіндерінің мазмұны арқылы көрініс табады. Рухани құндылықтардың негізгі қайнар көзі – ұлттық тіл. Академик Ә.Қайдар: «Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамынсыз тілдің де болмайтыны рас. Ата-бабалардан ұрпаққа аманат болып қалған бай рухани, мәдени мұрамызды өз бойына сіңіріп, сары майдай сақтап, жалғастыру арқылы тіл қауымын мәңгүрттіктен аман алып келе жатқан сирек құбылыс – феномен де осы тіліміз ғой. «Өркениет, мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық менталитет» деп дәріптейтін құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл қасиетіне барып тұрақтайды, тілдің құдіретті күшімен, тамаша жаратылысымен ғана бейнеленіп, бағаланып, реальді факторға айналады», - деп жазады [4, 10 б.]. Жоғарыда біз атап өткен үш құжаттың ішінде соңғы стандартта ғана тілге қарай сәл бетбұрысты, атап айтқанда, «Тіл» құндылығына негізделген мазмұндық концептісінің жеке берілгенін көреміз. Ал 2017-жылдан қазіргі күнге дейін «Жаңартылған бағдарламаға» сәйкес тіл сабағында тілден басқаның бәрі оқытылып келе жатқаны белгілі. Қазақ тілі мұғалімдері бір күні географ, бір күні астроном, бір күні экономист болып, сабақ өткізіп келеді. Оқушы БЖБ, ТЖБ-да туризм мен жол жүру ережелерінен сынақ

тапсырып жүргені тағы белгілі. Пәнді құндылық бағдарлы жүргізу үшін алдымен оқушы сол пәннің өзін құндылық ретінде қабылдауы тиіс. Әрине, Стандартта белгіленген басқа тоғыз концепт те мәтіндер мазмұнында қамтылады, алайда оқулыққа енгізілетін оқу материалдары мен мәтіндер мазмұны ең алдымен қазақ тілінің өзін құндылық ретінде қабылдауға қызмет етуі тиіс. Ол үшін оқулықта:

Қазақ тілінің сұлулығы мен әлеуеті туралы көркем, ғылыми, публицистикалық мәтіндер;

Сөз өнерінің қасиеті, тіл мәдениеті, тілдік тұлғаның қалыптасуы жайлы мәтіндер;

Қазақ тілінің байлығын көрсететін шешендік өнерінің озық үлгілері;

Қазақстан жері мен қазақ елінің рухани байлықтарын мадақтайтын шығармалар;

Қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің тақырыптық жинақтары (тіл, сөз өнері, туған жер, рух, ар-намыс, парыз жайында), олардың пайда болу тарихы жайлы танымдық ақпараттар;

Оқулықтар тіліндегі аксиолексиканың этимологиялық анықтамалары т.б. қамтылуы тиіс.

Қазіргі жүйедегі қазақ тілінің грамматикасы ӘТН (әдеби-тілдік норма) деген атаумен шашыранды түрде беріліп, тіл заңдылықтарын өз жүйесімен оқымаудың салдары сауатсыздыққа әкеліп жатқандығын тілге жаны ашитын әрбір маман айтып келеді. Оқушының тіл туралы дүниетанымының қалыптасуы, тілдік санасының оянуы қазақ тілінің басты заңдылықтарының өзара ішкі байланысын, әрбір тілдік бірліктің қатысымдық қызметінің мәнін, өзіне тән басты ерекшеліктерін саналы түрде түсінген жағдайда, ақпараттық білімнен саналы білімге көтерілу үдерісінде қалыптасады. Бұл А.Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясына сәйкес «мәніс білім» мен «әдіс білімді» қатар жүзеге асырған кезде ғана мүмкін болады [5].

Құндылық қағаз бетіндегі танымдық ақпарат күйінен адам бойындағы «наным, сенім, мінез-құлық, әрекет» деген ұғымдарды құрайтын құндылық бағдарына айналғанға дейінгі аралықта бірнеше кезеңдерден өтуі тиіс. Осы құбылысты зерттеген психолог ғалымдар адамның құндылық бағдары қалыптасуының «Когнитивтік, эмоционалдық, бағалауыштық және әрекеттік» деген үш кезеңін атап көрсетеді [6, 7]. Яғни адам ақпаратты танығаннан кейін оның құндылық мәнін жүрегімен сезіне алса ғана құндылық бағдар қалыптасу үдерісі алдыға қарай жылжиды. Яғни, ақпаратты жай ғана бермей, оның оқушы сезіміне әсер етуі қажеттігіне баса мән беруіміз қажет болады. Ал жан-жақтан секунд сайын келіп түсіп жатқан түрлі форматтағы миллиондаған ақпараттың ортасында отырған заманауи ұрпақты таң қалдыру, эмоциясына әсер ету оңай шаруа емес екені анық. Ондай болса, *«Қазақ тілі сабағында немен қызықтыруға болады?»* деген тағы бір сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабын ұлы Абайдың: «Ынталы жүрек сезген сөз бар тамырды қуалар», - деген сөзінен табамыз [8]. Сондықтан Қазақ тілі пәнінің басты міндеттерінің бірі – оқушының бойында сөз өнеріне деген, тіл байлығын дамыту арқылы өз өмірін жақсартуға деген құлшыныстыояту болуы тиіс. Оқушы бұл пәннен алатын білімді құнды деп бағалауы үшін алдымен оның «пайдалы» екенін сезінуі қажет. Ол әуелі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқу арқылы сөз өнерін меңгеретінін, сол арқылы өз өмірін жаңа сапаға көтеретінін түсінуі қажет. Сол кезде ғана оқушы тіл мен әдебиет пәндерін, осы пәндер арқылы алатын білімін құндылық ретінде қабылдайды.

Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мұғалім қалыптастыратын құндылық негіздері: Сөзге деген сүйіспеншілік; Көркем сөз өнеріне деген қызығушылық; Тілді ұлттық-мәдени феномен ретінде бағалау болуы тиіс.

А. Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқыш" еңбегінде сөз өнерін адам санасының үш негізіне: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге тірелетінін атап көрсетеді. Ғалымның: "Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау», - деген пікірі құндылық бағдар қалыптасуының когнитивтік, эмоционалдық-бағалауыштық және әрекеттік деңгейлерімен, сонымен қатар құндылық қатынас қалыптасуының "іздеу, тану, сезіну, бағалау, мақсат құру" кезеңдерімен сәйкес келетінін анық көруге болады (1-сурет).



1-сурет. Құндылық бағдар қалыптасуы кезеңдерінің А. Байтұрсынұлы теориясымен сәйкестігі.

А. Байтұрсынұлы аталған еңбегінде шығарманың тілінің ғылымы және түрінің ғылымы болатындығын атап көрсетеді [9]. Соған байланысты қазақ тілі сабағында оқылым, тыңдалым мәтіндерінің түрі мен тілін талдау жұмыстары қатар жүргізілуі қажет. Бүгінгі тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі қолданыстағы бағдарламада оқылым, тыңдалым мақсаттары тек мәтін мазмұнын талдауға құрылған. Бұл жайында біз "Қолданыстағы жаңартылған бағдарламаның басты кемшілігі" атты мақаламызда тарқатып жазған болатынбыз [10].

Қазақ тілі сабағында БЖБ, ТЖБ ұйымдастыру формалары оқу сауаттылығы (мәтіннің түрі мен тілін талдау), өз мәтінін құрастыру (шығарма, эссе жазу) және жазу сауаттылығын (диктант, мазмұндама жазу) айқындау, коммуникативтік-тілдік нормаларды білу, қолдану (лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасау) деңгейін бағалау түрінде ұйымдастырылуы тиіс. Енді осы жерде тілдік ережелерді жаттату дұрыс емес, ол функционалдық тұрғыдан оқыту ұстанымына қайшы деген пікір ортаға шығады. Олай болса, *«Қазақ тілі сабағында берілетін тілдік білімді (ӘТН) қалай қызықты етіп ұсынуға болады?»* деген келесі сұрақ туындайды. Бұл сұраққа қатысты ғалымдар еңбектерінен *теориялық тақырыпты құнды ғылыми ақпараттардың көмегімен қызықты етіп түсіндіру арқылы құндылық мәнін сезндіру қажет* деген жауап таптық. Атап айтқанда, академик Ф.Ш. Оразбаева: «...қазақ тілін оқыту, үйрету барысында, біріншіден, оның қазақ ұлтының, қазақ халқының ана тілі екенін, оның ертеден дамыған тарихы барын, әдеби тіл дәрежесіне көтерілген салаларын, жазба тілге тән т.б. қасиеттерін түсіндіру қажет" екендігін айтады [11, 31 б.]. В.А. Маслованың айтуынша, адам бір объектінің құндылығын бағалауы үшін оның бойында осы қасиеттердің бар екендігін сезінуі қажет [12, 14 б.]. Демек, оқушы қазақ тілін оқып-үйрене отырып, оның құдіретті күші арқылы қазақ халқының рухани, мәдени құндылықтарын сезінген кезде тілге, ұлтқа деген құрметі де арта түседі, тіл арқылы баға жетпес байлықты меңгеретінін саналы түрде түсінеді.

Соған байланысты болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 01717-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенттеріне сабақ барысында қазақ тілінің құндылығын таныту мақсатында оқушыларды қызықтыратын, ұлттық рухын оятуға ықпал ететін, қазақ тілін басты рухани құндылық ретінде танытып, ана тілінің ерекшеліктері жайлы оқушылардың бойында терең түсінік қалыптастыруға әсер ететін құнды ғылыми ақпараттар іздеп, табу және оқушыларға түсіндіруде қолданылатын лингводидактикалық көрнекілік ретінде рәсімдеу тапсырмасы берілді (2-сурет).

Студенттерге құнды ғылыми ақпараттар келесі критерийлер бойынша бағаланатыны ескертілді: Оқушының тарихи (тарихи формасы мен мағынасы; басқа туыстас, туыстас емес тілдермен салыстырғандағы ерекшелігі) және заманауи (мәдениаралық коммуникациядағы маңызы; сөйлеу тіліндегі қолданысы) тілдік санасын оятуға ықпал ететін қызықты ғылыми-танымдық мәліметтерді қамтуы; Әр ақпарат бойынша пайдаланылған әдебиеттердің (ғылыми монография, мақала, оқу құралы, сөздік т.б.) көрсетілуі; Оқушының қабылдауына негізделген, жеңіл, қысқа да нұсқа нақты деректердің, мысалдардың болуы; Ықшамдалып, жинақталып, көрнекі түрде ұсыну мақсатында қосымша кесте, сызба, суреттерді қолдануы.



2-сурет. Студенттердің тілдік бірліктер жайлы құнды ғылыми ақпараттарды сабақта қолданылатын көрнекілік ретінде рәсімдеу үлгілері.

Осындай оқулыққа қосымша құнды ғылыми ақпараттарды қабылдауға жеңіл түрде, көрнекі етіп ұсыну қазақ тілінің бойында сақталған құнды қазынасын оқушының тілдік санасына жеткізуге зор ықпал етеді. Сондықтан қазақ тілінің әрбір теориялық тақырыбын өтер кезде қосымша қызықты ақпараттарды қолданып отыру, аксиологиялық тұрғыдан түсіндіріп, құндылық мәнін аша көрсетіп отыру арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Сол кезде тілдің табиғатын тану арқылы қазақ халқына деген сыйластықты арттыру, қазақ ұлтының рухани қазынасын игеру арқылы оны дамытуға өз үлесін қосуға деген патриоттық сезімді қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда, құндылық бағдар қалыптастыру ісі қатар жүреді. Әрине, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту ісінде сұрақтар өте көп. Қазақ тілі мен әдебиетінің әрбір мұғалімі осы бағытта үнемі ізденісте болып, өз ісін сүйіп, құнды деп бағалап қызмет етсе, ол сұрақтардың оң шешімдері табыла бермек.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша. ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы // https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim-semey/documents/details/744522

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670

4. Қайдар Ә. Мәдениеттің негізі - тілде // «Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет» атты профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б.

5. Байтұрсынұлы А. Баулу мектебі // «Жаңа мектеп» 1925. №1. 24-27 б. Мақаланы араб жазуынан орыс графикасына түсіріп, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» атты журналында (Алматы, 2000) және «Жалын» (2009. №9. 37- 39-б.) журналында жариялаған – О.Жұбаева. Ахмет Байтұрсынұлы: Баулу мектебі (adebiportal.kz)

6. Кейв М.А. Формирование ценностного отношения к математическим знаниям у студентов – будущих учителей математики - в процессе обучения дискретной математике. – АКД. – Красноярск, 2006. – 25 с.

7. Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей. Монография. – Оренбург, 1996. – 190 с.

8. Құнанбайұлы А. Қуаты оттай бұрқырап // https://abaialemi.kz/post/view?id=223

9. Байтұрсынов Ә.Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1989. – 298 б.

10. Қапантайқызы Ш. Қолданыстағы жаңартылған бағдарламаның басты кемшілігі // https://mtdi.kz/main/oku_adisteme/id/1292

11. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат.ҚБАРБК, 2000. – 208 б.

12. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 202 с.

1-секция.
ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ СРЕДСТВАМИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ РАБОТЕ С ТЕКСТОМ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Г. А. Абдуллаева[1], Г. А. Кажигалиева[2]
[1]Докторант; [2]Доктор педагогических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Современная филологическая подготовка ориентирована на формирование у студентов критического мышления, способного обеспечивать глубокий анализ текста, выявление смысловых и логических связей, а также аргументированное обоснование выводов [1, с. 45]. В современном цифровом образовательном пространстве особую актуальность приобретает использование цифровых ресурсов и инструментов искусственного интеллекта (ИИ), которые открывают новые возможности для развития когнитивных и метакогнитивных навыков студентов [2, с. 120].

Цель настоящей статьи — рассмотреть в теоретическом аспекте влияние ИИ и цифровых инструментов на развитие критического мышления при работе с текстом, выявить основные преимущества и ограничения их интеграции в образовательный процесс.

Критическое мышление определяется как способность анализировать, интерпретировать и оценивать информацию, выстраивать логические аргументы и формулировать обоснованные выводы [1, с. 50]. Для студентов-филологов критическое мышление непосредственно связано с работой с текстом. Выявление ключевых идей, анализ структуры и оценка аргументации помогают формировать профессиональную компетенцию, необходимую для дальнейшей академической и профессиональной деятельности. Таким образом, развитие критического мышления способствует будущей академической и профессиональной деятельности [3, с. 75]. Например, при анализе академического текста студент может выявлять ключевые аргументы автора и оценивать их логическую последовательность, что развивает умение критически оценивать информацию.

В работе с текстом студенты используют разнообразные цифровые ресурсы: мультимедийные материалы, электронные словари, интерактивные платформы, такие как Padlet, Google Docs и Quizlet, а также онлайн-корпусы и обучающие сервисы. Цифровые ресурсы открывают новые возможности для работы студентов с текстом. Они предоставляют студентам: доступ к разнообразным источникам информации; возможности коллективного анализа текста и совместного обсуждения; интерактивное взаимодействие с преподавателем и сверстниками; персонализированные задания и мгновенную обратную связь [4, с. 83]. Использование таких ресурсов способствует активному осмыслению текста, формированию аргументированной оценки информации и повышению мотивации к самостоятельной работе. Более того, интерактивные платформы и онлайн-корпусы позволяют студентам обсуждать тексты в группах, создавать собственные заметки и комментарии, что повышает вовлеченность и стимулирует коллективное обучение.

ИИ-технологии, в частности ChatGPT, обеспечивают новые формы поддержки критического анализа текста: проверка логической структуры и последовательности аргументов; генерация дополнительных примеров для углубленного анализа; Создание интерактивных упражнений для закрепления навыков критической оценки; Помощь в формировании письменной речи через рекомендации по стилю и связности текста [5]. Опыт использования нами указанных видов заданий на занятиях по общеобразовательной дисциплине «Русский язык» будущим учителям-предметникам свидетельствует о достаточно высокой эффективности применения инструментов ИИ в лингвообразовательном процессе.

В результате использования ИИ студенты могут развивать метакогнитивную рефлексию, анализировать собственные рассуждения и корректировать слабые места в аргументации, что повышает качество критического мышления. Например, ИИ может предлагать альтернативные формулировки аргументов или проверять связность текста, что помогает студентам самостоятельно улучшать логическую структуру своих рассуждений.

Современные тенденции в образовании показывают, что использование искусственного интеллекта и цифровых технологий становится неотъемлемой частью образовательного процесса. Однако их потенциал в развитии критического мышления студентов-филологов требует более глубокого осмысления. Одним из ключевых направлений дальнейших исследований является, на наш взгляд, разработка методических моделей, ориентированных на интеграцию ИИ в анализ и интерпретацию текстов. Такие модели должны учитывать когнитивные особенности студентов, специфику гуманитарных дисциплин и необходимость сохранения баланса между автоматизацией и самостоятельной мыслительной деятельностью.

Кроме того, важно обратить внимание на формирование цифровой грамотности студентов, поскольку эффективное использование ИИ возможно только при осознанном подходе к работе с информацией. Владение навыками критической оценки цифровых источников, умение распознавать недостоверные данные и различать факты и интерпретации становится необходимым элементом профессиональной подготовки педагога-филолога. На практике было замечено, что студенты, использующие ИИ для анализа текстов, становятся более уверенными в формулировании аргументов и быстрее выявляют логические несоответствия в тексте. Это подтверждает, что комбинирование цифровых и ИИ-инструментов с традиционными методами обучения способствует устойчивому развитию критического мышления у студентов. В этой связи обучение работе с текстом должно сочетать традиционные методы анализа (лексико-грамматический, стилистический, контекстуальный) с цифровыми и ИИ-инструментами, обеспечивающими более широкие исследовательские возможности.

В теоретическом аспекте перспективным направлением является разработка интерактивных учебных сценариев, в которых ИИ выступает не только инструментом, но и «партнёром» в диалоге. Например, при анализе художественного текста студенты могут использовать чат-боты для уточнения значений, поиска аллюзий или интертекстуальных связей. Это стимулирует когнитивную активность, побуждает к самостоятельному формулированию гипотез и аргументов. Таким образом, взаимодействие с ИИ становится своеобразной тренировкой аналитического и рефлексивного мышления [5]. Особое внимание заслуживает потенциал адаптивных систем обучения, которые на основе анализа ответов студентов способны предлагать индивидуальные задания, корректировать уровень сложности и предоставлять обратную связь. В отличие от стандартных электронных тестов, адаптивные платформы способствуют постепенному развитию критического анализа и метакогнитивной осознанности. Это особенно важно при обучении работе с текстом, где требуется умение видеть не только фактическую, но и скрытую, имплицитную информацию.

Снова в этом случае сошлемся на собственный опыт преподавания общеобразовательной дисциплины «Русский язык» будущим учителям-предметникам, когда на основе анализа ответов студентов с помощью ИИ нами формулировались индивидуальные задания для обучающихся, учитывавших уровень обученности студентов. Вместе с тем интеграция ИИ в образовательную практику поднимает ряд этико-педагогических вопросов. Одним из них является опасность снижения самостоятельности студентов при избыточной зависимости от автоматизированных подсказок. Преподавателю важно сохранять баланс между использованием интеллектуальных инструментов и стимулированием критической инициативы обучающихся. Кроме того, следует учитывать вопросы авторства и академической добросовестности: работа с ИИ должна строиться на принципах честности, уважения к интеллектуальной собственности и осознанного использования цифровых ресурсов [6].

Значимым направлением становится подготовка преподавателей к использованию ИИ. Для этого необходимы курсы повышения квалификации, методические семинары, а также создание сообществ практиков, где педагоги смогут обмениваться опытом и совместно разрабатывать учебные решения. Освоение ИИ как педагогического инструмента позволит не только модернизировать процесс преподавания, но и укрепить междисциплинарные связи между филологией, педагогикой и информационными технологиями.

Преимущества применения ИИ и цифровых ресурсов заключаются в следующем:

• стимулирование самостоятельного анализа и рефлексивного осмысления текста;

• повышение мотивации и вовлечённости студентов;

• формирование навыков критической оценки информации и аргументации;

• возможность дифференциации заданий с учётом индивидуальных потребностей студентов [7, с. 186].

Однако интеграция ИИ сопряжена с рядом вызовов:

• необходимость методической подготовки преподавателей;

• риск поверхностного использования ИИ без осознанной рефлексии;

• необходимость корректировки учебных программ для гармоничного внедрения цифровых инструментов [8, с. 107].

Следует подчеркнуть, что преподавателям важно не только освоить цифровые инструменты, но и грамотно интегрировать их в учебные модули, обеспечивая баланс между технологией и методикой обучения. Таким образом, проведенный теоретический анализ свидетельствует о том, что использование ИИ и цифровых ресурсов при работе с текстом обладает высоким потенциалом для развития критического мышления студентов-филологов. Технологии способствуют повышению когнитивной активности и формированию аргументированной оценки информации. Они также развивают метакогнитивную рефлексию студентов. Для эффективного внедрения необходимо сочетать технологические возможности с педагогической методикой, учитывать этические и когнитивные аспекты применения ИИ и корректно адаптировать учебные программы. Дальнейшие исследования могут быть направлены на разработку методических моделей интеграции ИИ, оценку эффективности цифровых инструментов и изучение долгосрочного влияния ИИ на когнитивные навыки студентов.

Список литературы

1. Бурлак Л. А. Критическое мышление и работа с текстом в вузе. – М., 2020. – 200 с.
2. Иванова Е. П. Искусственный интеллект в образовательной практике. – СПб., 2021. – 185 с.
3. Петрова М. В. Методы анализа текста в обучении филологов. – Казань, 2022. – 240с.
4. Орлов Д. С. Современные цифровые ресурсы в образовательной среде. – М., 2021. – 195 с.
5. ChatGPT: OpenAI. https://openai.com/chatgpt
6. Национальный корпус русского языка: https://ruscorpora.ru
7. Смирнова Е. В. Искусственный интеллект как инструмент развития когнитивных навыков студентов. – М.: Наука, 2022. – 220 с.
8. Соловьёв А. В. Цифровые технологии в обучении филологов. – М., 2022. – 210 с.

Қ. ЖҰБАНОВ ПЕН Ж. ЖОЛАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Ажибекова М.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 3-курс докторанты, Астана, Қазақстан.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы – түркі-ислам әлеміндегі рухани қазына. Оның хикметтері мен ілімі түркі халықтарының дүниетанымы мен мәдениетіне терең әсер еткен.

Яссауйтануға әр тараптан сан түрлі үлес қосқан ғалымдар мен қаламгерлер қатарының алдыңғы сапында Қ. Жұбанов тұрғандығын батыл айта аламыз. Қ.Жұбановтың «Мұрахаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» зерттеуі – өзіндік тың тұжырымдарымен құнды еңбек.

Профессор Қ. Жұбанов «Диуани хикметті» зерделеуде тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісіне салған. Тіл мен әдебиет, тарих деректерін молынан қарпып, Яссауйді шығыс поэзиясының шынарлары, түркі классиктерінің ақындық мұрасымен салыстыра зерттейді [1, 288-б.].

Қ. Жұбанов «Мұра-хаттар» еңбегінде ең алдыменен, Қожа Ахметтің аты-жөнін шыққан тегімен байланыстыра түсіндіреді. Зерттеушінің бұл тұста көздеген мақсаты – «қожа, молда» атауынан шошындыруды көздеген өкіметтің «көзқарасына қырын келіп қалудан қашушылық» болса керек. «Қожа – тегі, Яссауи – меншікті мекені, өз аты Ахмет», - деп түсіндіреді. Оқырмен көкейінде еріксіз туындайтын «Қай Ахмет?» деген сауалға профессор ақын хикметтерінен мысалдар келтіреді. «Басқалар сияқты, Ахмет, сен де тәңіріге ғашық бол, ғашықтығыңның растығын іспен көрсет, сонда ғана тәңірінің алдына баруға лайық боласың. Ғашық болғандардың бәрі де тәңірісіне солай сүйкімді болған», - деген мазмұн береді» [2, 288-б.] – дейді.

Қ.Жұбанов « «Яссауй» сөзінің түбірі «ясса» немесе «ясси» болып, соңына «и» жұрнағы қосылғанда «яссауй» болып айтылады да, тіркестегі мағынасы яссауйлік Хожа Ахмет дегенді білдіреді. Жазба әдебиетіміздің авторлары мұндай сөздерді көптен бері қолданып келе жатқан сияқты. «Қызылжари», «дулати», «арғыни» дегендер сондай парсы изафетімен жазылған сөздер» [2, 289-б.], – деп нақты түсінік береді. Зерттеушінің пайымдауына, «Ясса» – «судың, немесе қышлақтың аты». Бұл мекен – ақынның туып өскен қасиетті топырағы. Ал Ахмет есіміне «Қожа» сөзінің тіркесуін: «Ахметтің сүйегі – хожа. «Хожа – парсы сөзі, араб тілі бойынша сейіт, қазақ тілі бойынша төре-сүйек деген мағынаға келеді. Қазақ тілінде ертерек кезде танымаған біреу туралы «оның сүйегі кім екен?» деген сұрақ қойылатын. Сонда бұл сұраққа: «сүйегі қырғыз екен», «төре екен», немесе «қарақалпақ екен», «өзбек екен», «түркпен екен», «төре екен», «хожа екен», - деген сөздермен жауап қайтарылатын. Міне, осы «Хожа Ахмет Яссауй» деген атаудағы «хожа» деген сөз сол нәсілдік текті (сүйекті) білдіру үшін қолданылатын айқындауыш» [2, 291-б.], - дейді. Ахметтің нәсілдік тегін танытатын «хожа» – парсыдан келген «төре, сүйек» сөзі, ортағасырлық таным бойынша, Ахмет төреден тараған. Төре болғанда да, жай төре емес. Яссауйдің шәкіртінің сөзімен айтқанда: «Ол кісі – Ысхақ бабаның үрім-бұтағы, Ибрахим Шайхтың ұлы: ол – машаихтардың ең ұлығы болған менің Шайхым – Ахмет Яссауй» [2, 291-б.]. Әйтсе де, Қожа Ахмет төреліктің тағында емес, қарапайым халықтың арасында жүргендігін Қ.Жұбанов атап өтеді. Бұл жайт, бізге «жаман шекпеніне қарап, өзін әрдайым тәубелікке шақырған Аяз бидің» кейіпін есімізге түсіреді. Ясауи мұрасын зерттеуде қазақ ғалымдары, әсіресе Құдайберген Жұбанов пен Жанғазы Жолаевтың бірлесе жазған еңбектеріне жеке тоқталуды жөн санадық.

Ясауитану саласында алғашқы ойларды М.Дулатовтан кездестіреміз. Бұдан кейінгі зерттеулерде Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың 1999 жылғы «Жұлдыз» журналының 8-нөмірінде осы екі кісінің авторлығы көрсетіліп, «Қожа Ахмет Ясауи» атты көлемді материал жарияланды [3, 24-б.]. Бұл еңбектің жазылуы жөнінде Р.Сыздықтың еңбегінде жазу, жариялану кезіндегі бұрмалану барын айтады. Осы еңбек туралы проф. Есет Жұбановтың мәліметінше, оқу-ағарту саласының қызметкері Қ.Жұбанов және ислам дінінің қағидалары мен тарихын жақсы білетін, араб-парсы тілдеріне де біршама жетік Ж.Жолаевтың Ясауи мұрасына көңіл бөлген. 1920 жылдардың соңғы кезінде бастап жазылып, Қ.Жұбанов Ленинградқа оқуға кетуіне байланысты жұмыс аяқталмай, бас-аяғы жұмыр болып қалған еңбектің сақталуы да ерекше.1937 жылдары дүрбелеңнен соң дін атаулыға тыйым салынған соң бұл жұмысты ешқайда жарияланбай қалады. Оны Ж.Жолаев бірнеше рет көшіріп сақтайды. 1946-1947 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл-әдебиет институты басшыларына әкеліп тапсырады. Институт директоры Есмағамбет Ысмайыловтың Мұхтар Әуезовке «Мұқа, мынау бір қызық нәрсе сияқты» деген бұрыштама жазуына қарағанда қолжазба бірнеше ғалымның қолдарынан өткен сияқты. Бұл материал Н.Сауранбаевтың да қолында болады. 1970 жылы архивін ақтарған шәкірттері оны өзі жазғаны болар деп, қысқартып, «Қазақ әдебиеті» газетіне (1970 жыл 5 июнь, 23-нөмір) жариялайды. 2000 жылы жарық көрген үш томдығының 2-кітабында «Диуани хикмет туралы бір-екі сөз» деген атпен тағы енген [3, 25-б.]. Бұл еңбекте Н.Сауранбаев «менің еңбегім» деп өзі ұсынбағаны айтылады.

Нақтылағанда Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың жазған мақаласы едеуір көлемді, 6 тақырыптан тұрады, 95-толғауы талданады. «Қожа Ахмет Ясауи кім?», «Ахметтің тегін анықтауға болмай ма?» деген сауалдарға жауап іздейді. Хикметтерді толғау деп атап, құрылысы, буын сандарына көңіл бөледі. Қазақ тіліндегі өлең-жырлардың өлшеміне сәйкес келеді деп Абайдың өлең жолдарымен салыстырады. Бұл мәселе төңірегінде ақиқатына барып, Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың авторлығы қорғалуы тиіс екенін еске саламыз.

Қ.Жұбановтың «Медресе Хусайнияны» бітіргені және түркі жазбаларын жақсы меңгергені белгілі. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, ислам және тарихи-әдеби деректерді саралай алған. Бұл зерттеу барысында Ж.Жолаев та үлкен үлес қосқан. Ясауи мұрасына деген қызығушылық, оны ғылыми жүйелеу жолында Жұбанов пен Жолаевтың тығыз байланыста жұмыс жасағаны анық байқалады.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасын ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерделеу – түркі руханияты мен тілінің терең қабаттарын ашуға бағытталған маңызды қадам. Бұл бағытта Құдайберген Жұбанов пен Әбдуәли Жолаевтың зерттеулеріндегі Ясауи мұрасының ғылыми-әдістемелік негіздеріне қысқаша шолу жасадық:

Қ. Жұбанов зерттеулеріндегі ғылыми-әдістемелік негіздер

- **Тіл мен мәдениет сабақтастығы**: Жұбанов Ясауи хикметтерін тілдік және мәдени мұра ретінде қарастырып, олардың этномәдени мазмұнын ашуға тырысты.
- **Фонетика мен морфология**: Ол түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын зерттеу арқылы Ясауи тілінің ерекшеліктерін сипаттауға негіз қалады.
- **Терминология мен синтаксис**: Ясауи шығармаларындағы терминдер мен синтаксистік құрылымдарды талдау арқылы сопылық ілімнің тілдік көріністерін жүйелеуге үлес қосты.
- **Әдістемелік құралдар**: Жұбановтың еңбектері қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістемелік негіздерді қалыптастыруға ықпал етті, бұл Ясауи мұрасын білім беру жүйесіне енгізуге мүмкіндік берді.

Ә. Жолаев зерттеулеріндегі ғылыми-әдістемелік негіздер

- **Сопылық поэзияны лингвомәдени талдау**: Жолаев Ясауи хикметтерін тіл мен мәдениеттің тоғысқан тұсы ретінде қарастырып, олардың мазмұндық құрылымын лингвомәдени аспектіде зерттеді.
- **Когнитивтік және прагматикалық тәсілдер**: Ғалым хикметтердегі ұғымдарды когнитивтік модельдер арқылы талдап, олардың прагматикалық қызметін анықтауға тырысты.
- **Тарихи-лингвистикалық әдіс**: Жолаев Ясауи тілін тарихи даму контекстінде қарастырып, оның Шағатай тілімен байланысын ғылыми негізде дәлелдеді.

Бұл екі ғалымның еңбектері Ясауи мұрасын тек әдеби немесе діни тұрғыдан емес, тілдік және әдістемелік негізде де терең түсінуге жол ашады.

Қ. Жұбановтың тілдік танымындағы құндылық бағдарын былайша сипаттауға болады. Осы бағытта Қ.Жұбановтың тілдік танымындағы құндылық бағдарын концепт, құндылық принципімен зерттеушілер де бар [4, 47-б.].

1-кесте.

Зерттеу аспектісі	Мазмұны мен сипаттамасы
Таным мен тіл байланысы	Тіл иесі қоршаған ортаны тіл арқылы таниды; тіл – дүниетаным құралы.
Лингвогносеологиялық негіздер	Зат пен атау арасындағы табиғи/кездейсоқ байланыс, микрокосмостық таным, тотемизм, тарихи көзқарас арқылы ат қою.
Номинативтік қызметтің кеңеюі	Сөз тек атау емес, заттың мәнін де танытады. Атау қою – танымдық процестің көрінісі.
Құндылық бағдар ұғымы	«Құндылық» – адамның материалдық және рухани дүниеге қатынасы; концепт өзегінде құндылық жатады.
Когнитивтік лингвистикамен үндестік	Ақпаратты қабылдау, сақтау, жеткізу; сөздің танымдық жүгі; тіркесім заңдылығы – когнитивтік ұғымдармен сәйкес келеді.
Мәдениет пен тілдің өзара ықпалы	Тіл – мәдениеттің көрінісі; әр мәдениетте құндылық принципі жатыр.

Тарихи-мәдени контекст	Жұбанов тіл мен мәдениетті, дәстүр мен өнерді, Шығыс-Батыс руханиятын терең таныған.
Концепт пен аксиологиялық лингвистика	Тілдік бірліктер арқылы адамның затқа берген бағасы көрінеді; бұл – аксиологиялық лингвистиканың негізі.
Ұлттық тіл ғылымының негізін қалауы	Жұбанов – қазақ тіл білімінің теориялық негізін салған тұлға

Ғалымның хикметтерге жасаған талдауы сопылық поэзияны тілдік және мәдени мұра ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ол хикметтерді «толғау» деп атап, олардың құрылымын, буын сандарын, өлшемдік ерекшеліктерін қазақ поэзиясымен, әсіресе Абай шығармаларымен салыстыра отырып сипаттайды. Бұл – қазақ әдебиетінің поэтикалық жүйесі мен сопылық поэзия арасындағы сабақтастықты айқындайтын маңызды ғылыми ұстаным [5].

Жұбанов пен Жолаевтың бірлескен еңбегі – Ясауи мұрасын тілдік, тарихи және діни тұрғыдан кешенді түрде қарастырған алғашқы ғылыми талпыныстардың бірі. Бұл еңбекте хикметтердің мазмұны, құрылымы, терминологиясы мен синтаксистік ерекшеліктері жан-жақты талданған. Сонымен қатар, Ясауидің тегі мен тұлғалық болмысы туралы сұрақтарға нақты деректер мен сопылық дәстүрге негізделген жауаптар ұсынылған.

Қ. Жұбановтың тілдік танымындағы құндылық бағдар – тіл мен таным, мәдениет пен руханият арасындағы өзара байланысты терең түсінуге бағытталған. Ғалым тілдің номинативтік, когнитивтік және аксиологиялық қызметтерін біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Бұл ұстаным қазіргі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және аксиологиялық тілтаным салаларымен үндес келеді.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасын зерттеудегі Құдайберген Жұбанов пен Жанғазы Жолаевтың еңбектері – түркі руханияты мен тілінің терең қабаттарын ашуға бағытталған ғылыми-әдістемелік негіздердің бастауы. Бұл зерттеулер Ясауи мұрасын тек әдеби немесе діни тұрғыдан емес, тілдік, тарихи және мәдени контексте кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Жұбановтың тілдік танымындағы құндылық бағдар – ұлттық тіл ғылымының теориялық негізін қалыптастырудағы маңызды ұстаным ретінде бағаланады. Қожа Ахмет Ясауи мұрасын зерттеу – қазақ руханияты мен ғылымы үшін маңызды бағыттардың бірі. Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың еңбектері осы жолдағы алғашқы жүйелі ғылыми талпыныстардың бірі болып табылады. Бұл зерттеулер кейінгі буын ғалымдарына әдістемелік негіз болып, Ясауи мұрасын тануда бағыт-бағдар береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұлықпанова Ә.Ж. Қ.Жұбанов зерттеуіндегі Қ.А.Яссауйдің тұлғалық танымы мен ақындық болмысы. Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ Хабаршысы. - №3(57), 2019.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

3. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 665 б.

4. https://termincom.kz/assets/pdf/fccc01431d3e67547942d7aa722f633c.pdf

5. http://nblib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/f_2006_6/Sultan0606.pdf

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ

Ақтанова А. С.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Абай академиясы» ҒЗИ ғалым-хатшысы, ф.ғ.к. Астана, Қазақстан.

Елімізде бүгінгі білім беру жүйесінде Абай Құнанбайұлының ілімімен оқыту, оның «толық адам» концептісінде көрсетілген адам баласы үшін ең қажетті құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіру мақсаты қойылды. Абайдың адам болу, тіршілікте адамдық қалыпта өмір сүру және болашаққа адамдықтың алтын дәнін егіп кету туралы толғамдары оқу-ағарту мәселесімен тікелей байланысты.

Абайдың «толық адам» концептісі туралы ғылыми пайымдарды саралай келе олардың көбі Абайдың діни таным-түсінігіне байланысты ойдан бастап қарастыратынын байқаймыз. Мәселен абайтанушы, профессор М. Мырзахметов: «Толық адам. Абайдағы мораль философиясына байланысты гуманистік ойдың өзекті бір желісі - көбінесе, толық адам, жарым адам, толық инсаният, пенделіктің кәмалаттығы, кәмалат ғазамат деген өз заманы мен ортасына танымалы, бірақ қалың оқырман қауым үшін мағынасы бейтаныс сөздер мен ұғымдар маңына тіреледі. Бұл аталған термин сөздердің көбі Абайдың қара сөздерінде мол қолданылса да, олардың мағыналық төркіні өлеңдерінде де жатады», - деп көрсеткен [1.100]. Келісеміз, ислам философиясындағы осы ой Абайда да болды. Себебі Абай діни медреседе білім алды, исламға қатысты ғылыми еңбектерді өте жақсы түсінді, меңгерді. Дегенмен оның «толық адамға» қатысты ойлары тек сол бағыттағы қатып қалған қағидасы емес. Абай алдымен өз халқының ұрпағы ретінде барлық құндылықтарды қазақ дүниетанымына негіздеп алған. Абайдың қазақтық дүниетанымы туралы Мұхтар Әуезов : «Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында, бұл тілдің барлық байлығы, орамдылығы, өрнектілігі табылған.

Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш; қырдағы қалың қазақтың осы күнге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі. ...Қазақтың өміріндегі кемшіліктің қайсысына болса да Абай өз емін айтып кеткен»,- деп көрсеткен. [2]. Олай болса Абайдың осы телегей-теңіз мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізу жолында жасалып жатқан қызметтерге назар аударсақ.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық», – деп атап көрсеткен еді. Осы ойды тірек етіп, Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың ерекшеліктерін саралау арқылы оларды таныту жолдарын көрсетуге болады. Қазақ әдебиеті мен руханиятындағы теңдессіз тұлға Абай Құнанбайұлы шығармашылығы қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени, рухани болмысына терең сіңіп, ұлттық құндылықтардың алтын қазығына айналды. Абай мұрасының ерекшелігі – халықтық дүниетанымды жаңа өркениеттік деңгейге көтеріп, ұлттық сананы тәрбиелеуінде. Сондықтан бүгінгі педагогика мен қоғамдық сананы жаңғырту үдерісінде Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды таныту – аса өзекті мәселе болып саналады.

Біздің бүгінгі мақсатымыз – Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды айқындап, оларды қазіргі білім беру мен тәрбие процесінде тиімді пайдаланудың жолдарын көрсету. Ұлттық құндылық – белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесі мен рухани мұрасының жиынтығы. Ол халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет - ғұрпы, тілі, мәдениеті арқылы қалыптасады. Абай ұлттық құндылықтарды халықтық тұрмыс пен мінезді бейнелеу арқылы ғана емес, адамзаттық деңгейге көтеріп, оны ғылым-білім, адамдық, тұрғысынан жаңаша пайымдады. Оның қара сөздері мен поэзиясы ұлттық болмысты сақтай отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейді. Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтар – қазақ халқының рухани қазынасы, ұлттық сана-сезімнің іргетасы. Оның білім мен ғылымға үндеуі, еңбек пен адалдықты дәріптеуі, адамгершілік пен имандылықты насихаттауы, ұлттық дәстүрді бейнелеуі – бүгінгі ұрпақ үшін өмірлік бағдар. Абайды таныту арқыл ұлттық құндылықтарды сақтап, болашаққа жеткізуге болады. Ақынның: *«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»* деген тұжырымы – құндылықтық дүниетанымның негізін көрсетеді. Мұнда адамның кемелденуі әлеуметтік орта мен рухани факторларға тәуелді екендігі айқын көрінеді.

Бүгінгі қоғамда материалдық мүдделердің басым болуы, тұтынушылық мәдениеттің күшеюі құндылықтар жүйесінде дағдарыс тудырып отыр. Мұндай жағдайда Абайдың рухани

бағдарлары – әділет, ғылым, еңбек, адамдық – жастар тәрбиесінде де, ұлттық идеологияда да шешуші рөл атқарады. Абайдың: *«Еңбексіз мал дәулет бітуі мүмкін емес»* деген қағидасы бүгінгі экономикалық және әлеуметтік құндылықтар жүйесінің іргетасын құрайды.

Абай өзінің жетінші қара сөзінде: ««Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен»,- дейді. Абай адам үшін қажетті екі құндылықты бөліп алады. Ол жан құмары - рухани құндылықтар болса, тән құмары- материалдық құндылықтар деп көрсетеді» [4].

Материалдық немесе заттық құндылықтарға: тұрмыс, өркениет, киіз үй, ұлттық киім, жиһаз, тарихи ескерткіштерді жатқызсақ, рухани құндылықтарға: руханият, мәдениет, тіл әдебиет, дәстүр, тарих т.б. абстрактілі ұғымдар жатады. Осы екі құндылықтың арасындағы өзара байланыс адамзат мәдениетіндегі өркениеттік дамудың негізі болады. Академик, ғалым Ғарифолла Есім Абай шығармашылығы туралы: «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шығармаларын жаттап алу да аз, мәселе, оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...»,- дейді [5.75]. Ғарифолла Есімнің пайымдауынша, Абайды түсіну – бір сәттік әрекет емес, ол адам санасының кемелденуіне қарай тереңдей беретін процесс. Бұл ойдан шығатын қорытынды: Абай шығармаларындағы құндылықтар – әр буынға, әр дәуірге жаңа қырынан ашылатын рухани байлық. Мәселен, әділет, имандылық, ар-ұят секілді ұғымдар бүгінгі қоғамда да өзекті, бірақ олардың мәнін әр ұрпақ өмірлік тәжірибесіне сай түсінеді. Профессор Мекемтас Мырзахметов болса: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу - бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі»,- дейді [1.187]. Яғни, Абай – қазақ халқының дүниетаным шыңы, жастардың адамгершілігін қалыптастырудағы іргетас деп бағалайды. Яғни, Абай мұрасы ұлттық тәрбиенің негізін құрайды. Оның «толық адам» ілімі – жас ұрпақтың мінез-құлқын қалыптастыратын, адамдыққа жетелейтін басты бағдар. Абай шығармаларының басты лейтмотиві осы құндылықтар арқылы халықтың бірлігін сақтап, ұлт ретінде өркендеуі мен басқа елдермен иық тірестіре тұра алуы деуге болады. Абай шығармаларындағы құндылықтар алдымен адамдық пен ар-ұят, ұждан мәселесімен байланысты болып келеді.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде әділет, рақым, мейірім – ең биік құндылықтар. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген ойы бүгінгі тәрбиеде де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Сонымен бірге ақын ғылым мен білімге ұмтылу арқылы басқа елдермен қатар тұрып, даму туралы ой қозғайды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі жастарды ғылымға, ізденіске, еңбекке үндейтін құндылықтық бағдары деуге болады. Бұл жастардың адами қалыптасуы үшін іргетас қызметін атқарады. Абай келесі маңызды құндылықтар ретінде еңбек пен жауапкершілік екенін көрсетеді. «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас» деген қағида - адал еңбекке шақыратын ұлттық әрі жалпыадамзаттық құндылық болады. Сонымен бірге Абайдың «толық адамы» құндылықтардың екеуін де бойына сіңірген тұлға дейміз. Толық адам ілімі Абайдың «үш сүю» қағидасы (Алланы сүю, адамды сүю, әділетті сүю) мен ақыл, қайрат, жүректі қатар ұстау арқылы дамудың жолы. Ол бұл ойы арқылы ұлттық шеңберден асып, жалпы адамзаттық құндылыққа айналған рухани бағдарды көрсетеді.

Ойымызды профессор Жанғара Дәдебаевтың: «Абайдың ақындық тұрғысы дегеніміз − Абайдың адамзат тарихында, адамзаттың өмірлік тәжірибесінде атам заманынан бері

жинақталған, сұрыпталған ілім қорын, рухани асыл құндылықтарды бойына сіңіру, олардың жарығы мен жылуында жетілу, сөйтіп қайта түлеу нәтижесінде өз өмірінің мәдени өрісінде, өз өмірінің мәдени кезеңі мен кеңістігінде қалыптастырған айрықша ақындық қасиеті»,- деген түйінді пікірімен қорытындылай келе, Абай шығармаларындағы құндылықтар жүйесі бүгінгі қазақ елінің дамуы мен өркендеуінің іргетасы дейміз [6.197].

Қазіргі жаһандану жағдайында құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік әділеттілік мәселелері барған сайын күрделеніп отыр. Мұндай кезеңде Абай дүниетанымын аксиологиялық (құндылықтар теориясы) және әлеуметтік-философиялық өлшемдер тұрғысынан зерделеу – ұлттық ғылым үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін өзекті.

Әдебиеттер тізімі:

Мырзахметұлы М. Абайдың «Толық адам» ілімі - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 240 б.

Әуезов, М. Абай Құнанбаев: монографиялық зерттеулер мен мақалалар / Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев. - Алматы : Санат, 1995. - 320 б

Қ.Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» https://www.akorda.kz/kz/

Есім Ғарифолла. Абай туралы философиялық трактат. Алматы, 2004. - 83 б.

Абай қарасөздері. https://abai.kz/post/6

Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы. – Т.1. Дәдебаев Ж. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар. – Нұр-Сұлтан: 2021 – 310 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: ТІЛ ТАБИҒАТЫНАН ТІЛДІ ТҮСІНІП ҚАБЫЛДАУҒА ДЕЙІН

Аитова Н.Н.

Ф.ғ.к., доцент, Мақсұт Нәрікбаев университеті, Астана, Қазақстан.

Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – оқушыға тілдік білім берумен қатар, адамгершілік, мәдени және рухани құндылықтарды бойына сіңіру. Тілді үйрету – ұлттық сана мен ойлау мәдениетін қалыптастырудың ең пәрменді құралы. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры», – деп тілдің табиғатын адамның болмысымен байланыстыруы жай емес [1]. Демек, тіл – тек қатысым құралы емес, ой мен сана, мінез бен мәдениеттің көрінісі. Тілді құндылық бағдарлы оқыту дегеніміз – сол табиғи жүйені адамгершілік және эстетикалық таныммен ұштастыра үйрету.

Қазақ тілінің табиғаты – үндестік, жүйелілік және мағыналық тұтастықта. Бұл ерекшеліктер адамның дүниетанымы мен мәдени кеңістігін бейнелейді. Профессор Құдайберген Жұбанов тілді халық рухының көрінісі деп қарастырып, әрбір грамматикалық құбылыстың артында рухани мазмұн жатқанын атап өтеді [2]. Қазақ тілінің морфологиялық, сөзжасамдық жүйелері — түбір мен қосымша арқылы жасалған сөздер жүйесі (мысалы, «бол-мыс», «тұрмыс», «қылмыс») — адамның әрекет пен затты өзара байланыстыра қабылдайтын ойлау жүйесін бейнелейді. Бұл – тілдің онтологиясы мен когнитивтік құрылымының көрінісі. Мысалы: «болмыс» сөзінде «бол» деген әрекет түбірі + «-мыс» жұрнағы арқылы «заты бар, бар болатын нәрсе» деген мағына қалыптасса, «қылмыс» сөзінде «қыл» түбірі арқылы «жасаған іс» мағынасы шығады. Мұнда жұрнақтың мәні де маңызды: «-мыс/-міс» жұрнағы заттың не сапаның белгісі екенін білдіреді. М.Әділов қазақ тіліндегі -мыс, -міс жұрнақтары мағынасы жағынан *-ған,- ген* есімшесімен сәйкес келетінін айтады [3]. Бұл секілді формаларды жүйелі игерту арқылы оқушы тілдің құрылымынан ғана емес, сол құрылымның ой-сана, мінез-құндылықтармен байланысын да ұғына алады. Сөздің түбір мен қосымша арқылы жасалуы адамның әрекет пен затты өзара байланыстыра қабылдайтын ойлау жүйесін көрсетеді. *Болмыс, тұрмыс, қылмыс* сияқты сөздердегі –мыс/-міс жұрнағы адамның табиғаты мен мінезін бейнелейтін тілдік философияны танытады. Бұл тілдік дерек арқылы оқушыға мінез, жауапкершілік, моральдық ұстаным ұғымдарын түсіндіруге болады.

Біздіңше, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту үш өзекке сүйенеді:

- тілдік жүйені табиғи жолмен тану;

- тілдің логикасын дұрыс түсіндіру;
- тілдік мазмұнның рухани бағыттылығы. Әрбір грамматикалық тақырыпты мәдени-этикалық мазмұнмен байланыстыруға тырысу қазақ тілінің, оның грамматикалық жүйесінің ұлттық табиғи мазмұнын тануға мүмкіндік береді.

Тілдің табиғи жүйесі оның құндылықтық мазмұнын айқындайды: дыбыстық үндестік – үйлесімнің, морфологиялық рет – тәртіптің, синтаксистік байланыс – ой бірлігінің көрінісі. Мұны оқытуда эстетикалық сезім мен ой дәлдігін тәрбиелеу үшін қолдануға болады. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесін құндылық тұрғысынан түсіндірдің ұлттық дәстүрі Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алды, мәселен, қазақ тіліндегі ғаламзат есімдеріндегі септік жалғауларының жасырын тұруының шынайы мәнін түптеп келгенде дұрыс танып жүрміз бе? Танысақ, білім алушыға жеткізе алдық па? Септік жалғаулары, оның ішінде табыс және ілік септіктері ашық көрініп немесе көрінбей жасырын тұрып сөз байланыстырғанда қандай тілдік мағына беріледі? Бұны Ахмет Байтұрсынұлының өз мысалында көрсеткіміз келеді [1]. Мысалы, *Бала нені атты? Бала құсты атты.* Ал табыс септігі жасырын тұрса, табыс септігінсіз сұрақ қойылады: *Бала не атты? Бала құс атты.* Тәпсірлесек, «*Бала құсты атты»,* яғни бала кез келген бір (белгісіз) құсты атты. 2) «*Бала құсты атты».* Яки бала өзі көріп тұрған белгілі бір құсты (үйрек, қаз, т.с.с.) атты. Басқа мысалмен алмастырып қарайық. *Асан алма жеді.* Яғни Асан қандай да бір алманы жегені туралы айтылып тұр. *Асан алманы жеді.* Яғни Асан белгілі бір (қызыл, көк, жуылған/жуылмаған, өсіп тұрған/ немесе үстелдегі, т.с.с.) алманы жегені туралы айтылып тұр. Ендеше септік жалғауының түсіріліп немесе түсірілмей айтылуы жәй ғана сөз ықшамдау емес, белгілі бір грамматика-семантикалық мағына білдірудің жолы. Бұл секілді амалды, мысалы, ағылшын тіліндегі *a, an, the* артиклдерінің анық (жеке), танық (жалпы) жағдайды *(the apple/ an apple)* сипаттайтынымен салыстыруға болады [4].

Сондықтан А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тура толықтауыштың сұрақтары *не? кімді? нені?* деп берілуі өте орында. Оның мәні де түсінікті – табыс септігі ашық тұрса, толық сұрақ қойылады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы мысалында, *Бала нені атты? Бала құсты атты.* Ал табыс септігі жасырын тұрса, табыс септігінсіз сұрақ қойылады: *Бала не атты? Бала құс атты.* Ғалым Т Сайрамбаевтың еңбегінде ертедегі Орхон-Енисей ескерткіштер тілінде табыс септікті сөз тіркестерінің жалғаусыз түрі жалғаулы түрімен салыстырғанда әлдеқайда жиі кездесетіндігі айтылады: «Мысалы: Үч отуз балық сыды (Т., 19) – Олар отыз үш қаланы қиратты. Қырық йыл ел тұтдым бодун башладым (Е.,45, 4) – Қырық жыл ел билеп, халық басқардым т.б.» [5]. Бұдан анықтық, танықтық гарамматикалық амалдары ежелден қолданылатынын көретініміз. Тіпті оның жалпылау, нақтылаудан да тереңірек семантикалық функциясы болған деуге болады.

Ілік септігі де көп түсірілетін септіктер қатарында. Бірақ оның табыс септігіне қарағанда өзгешелігі бар. Ілік септігі сөз бен сөзді үнемі меншіктік қатынаста байланыстырып, сөйлемде өзі жалғанаған сөзді меншіктік анықтауыш етіп тұрады. Сондықтан оның сұрағы ашық қойылады және кейде қай? сұрағына жауап беруге бейім келеді. Бірақ табыс септігі секілді ашық жалғанғанда анықтық мағына, түсірілгенде жалпылық (танықтық) мағына береді: *Өнер алды - қызыл тіл.* Бұл барлық (кез келген, қандай да бір) өнер тілден бастау алады деген мағына береді. *Осы өнер бүгінде өнердің алды болып отыр.* Мұнда белгілі бір өнер түрінің қазіргі уақытта танымал болғандығы туралы айтылып тұр. Осындағы еленбей жүрген *“Бала құс атты”* және *“Бала құсты атты”* — тілдегі айырмашылық пен нақтылық құндылығын танытатын классикалық көрініс. Бұл мысал арқылы оқушыларға ойдың анықтығы мен жауапкершілік құндылығын түсіндіруге болады: тілдегі форма – ой дәлдігінің өлшемі. Демек, септік жүйесін үйрету барысында оқушыларға нақты ой айту, логикалық тұтастық сақтау және тілдегі дәлдікті бағалау дағдыларын меңгертудің ең тиімді жолы тілдің өз болмысында тұр.

Келесі сан есімнің *қанша? неше?* сұрақтарын қолдану жағдайларын да Ұлт Ұстазы А.Байтұрсынұлы еңбегі арқылы түсіндіруге аламыз: Нәрсенің дәл санын білуге сұрағанда неше? деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын

білуге емес, шамасын ғана білуге сұрағанда қанша? деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш, төрт күн жүремін». Тойда неше кісі болды? деп сұрамайды, қанша кісі болды? деп сұрайды. Өйткені тойда кісілердің анық санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұралады. Жауап беруші тойдағы кісілердің анық санын айта алмай, шамасын ғана айтады. Мәселен: «Екі жүз кісі болды» демейді, «Екі жүздей кісі болды» дейді [1, 35].

Неше? және қанша? сұрақтарының айырмасы – логикалық нақтылық пен мәдени икемділікті білдіреді. «Неше?» – есептік, нақты санды сұрайды, ал «қанша?» – жуық, болжалды мағына береді. Бұл айырмашылық тіл арқылы ой дәлдігі мен этикалық икемділікті – нақты жауап күту мен әдептілік шекарасын сақтай білуді танытады. Оның құндылықтық нәтижесі сол - оқушы тілдік форманы таңдау арқылы қарым-қатынастағы сыпайылық пен прагматикалық икемділікті меңгереді.

«Сен» мен «Сіз» есімдіктерінің айырмасы қазақ мәдениетінде терең этикалық мәнге ие. Мұнда тек грамматикалық емес, әлеуметтік иерархия, құрмет пен ізет қатынастары бейнеленген. Оны ғалым О.Жұбай өз еңбегінде когнитивтік грамматикада тілдік құрылымның артында адам санасындағы ұғымдық модельдер жатқанын көрсетеді. Жіктеу есімдіктері мен жіктеу парадигмасының сыпайы және анайы түрлері туралы нақты не білеміз? Қараңыз: “Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің анайы және сыпайы түрге жіктелуі басқа тілдерге ұқсамайды. Қазіргі кезде жіктеу есімдіктері *мен, сен, ол, біз, сендер, олар* түрінде келеді де сыпайы түрі 2-жақпен ғана шектеледі: *сіз, сіздер.* Грамматикалық оқулықтарда жіктеу есімдіктері қате берілгендіктен, жіктеу парадигмасы (қатары) де қате беріліп жүр. Төмендегі А. Байтұрсынұлының жіктеу үлгісі:

1-кесте. Қазақ тіліндегі анайы және сыпайы түрдегі жіктеу үлгісі

Анайы жіктеу		
Жекеше		көпше
І жақ	Мен келдім	-
ІІ жақ	Сен келдің	Сендер келдіңдер
ІІІ жақ	Ол келді	Олар келді
Сыпайы жіктеу		
І жақ	Біз келдік	Біздер келдік
ІІ жақ	Сіз келдіңіз	Сендер келдіңдер
ІІІ жақ	Ол кісі келді	Ол кісілер келді

Яғни анайы түрі де, сыпайы түрі де 3 жақ толық. Парадигма толық. Етістіктер де соған сәйкес жіктелуі керек” [5, 194]. Иә, нағыз ұлттық грамматика көрінісі. Ғылымда танылғанмен, қолданыста бейсана жұмсалып жүргенмен, оны академиялық сипаттағы еңбектерден, әсіресе, оқулық мазмұнынан таппауымыз – үлкен кемшілік. Жіктеудің толық парадигмасы бұл – тілдің этикалық кодексі. Мұғалім оқытуда бұл мысал арқылы сөйлеу әдебін, сыйластық құндылығын қалыптастыра алады. Нәтижесінде есімдіктерді құндылықтық талдау арқылы оқушы адамаралық қатынастың моральдық өлшемдерін тілдік деңгейде түсінеді.

Білім беру ісінде қазіргі тренд әдістемелік шеберлікке ойысты. Әрине, шебер оқыту қандай да бір дағдыларды қалыптастыруға септігі тиер. Алайда берілуі тиіс мазмұнның, мәселен, тілдік білім беру жағдайында әрбір тіл бірліктерінің, грамматикалық құрылыстың таситын жүгін, астарындағы семантиканы, лингвистикалық білім шоғырын түйсінбей әдіскер болу соғыс алаңына билеуге келумен тең. Яғни, тілді тек техникалық дағды арқылы ғана емес, мазмұндық-мағыналық оқыту қажет. Бұл – педагогикалық философия мен тілдік этика мәселесі.

Тілді оқыту барысында оқушы тек «сөйлеуге/жазуға үйренеді» деп ойлаудың өзі дұрыс емес. Ол сондай-ақ тіл арқылы өзін, әлеуметтік ортасын, мәдениетін, ұлттық тарихын түсінуі керек. Бұл – лингвистикалық білімнің философиялық және психологиялық аспектісі. Себебі тіл – адам сана-танымының, когниция сының (таным үдерісінің) құралы. Тіл үйрену кезінде ми құрылымдары, нейрондық жүйелер, когнитивтік схемалар іске қосылады. Тілдің морфологиясы, синтаксисі, лексикасы – барлығы ойлау үдерісінің тілге бейімделген формасы.

Қазақ тілінің жүйелілігі мысалында: түбір + жұрнақ, агглютинативті сипат – бұл ойдың, субъекті мен объектінің әрқашан анық байланысын тілде көрсетуге мүмкіндік береді. Мұнда оқушы «кім? не? қалай?» деген сұрақтарға тілдік құрал-құрылыстар арқылы жауап табады.

Нейролингвистикалық зерттеулер (ағылшынша – neurolinguistics) тіл мен ми арасындағы байланысты зерттейді: мысалы, тіл білмеген адамда тілдік құрылымдарды меңгеру кезінде сол құрылымдарға сәйкес ми аймақтары белсенді болады. Мұндай контекстте қазақ тілін оқытуда тілдің құрылымын ғана емес, оның танымдық үлгісін, ойлау схемасын, мәдени кодын да меңгерту маңызды.

Сондай-ақ, тіл – мәдени және рухани кеңістік. Тіл – ұлттың рухани мұрасы. Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» дегенін білеміз. Тіл мен ұлт егіз ұғым ретінде қарастырылуы тиіс. Мәселен, қазақ тілін оқыту арқылы оқушы өз ұлтының дүниетанымын, мәдениетін, эстетикасын, мінез-құлық үлгілерін меңгереді. Бұдан туындайтын педагогикалық мақсат тіл арқылы ұлттық сана қалыптастырылуы тиіс. Тілді үйретудің мәні тек тілдік құралдарды меңгерту ғана емес, сол тіл арқылы оқушының адамгершілік және моральдық ұстанымдарын қалыптастыру. Кез келген сөздің морфологиясы, сөзжасамы немесе басқа грамматикалық белгісі ғана емес, олардың мағынасы, құндылығы, семантикасы оқытылуы тиіс. Бұл тілдік философияның, этика мен педагогиканың қиылысу нүктесі іспетті. Әр сабақ соңында «бұл тілдік құбылыс адамға не үйретеді?» деген сұраққа жауап іздеу ең әділ де парасатты шешім болады.

Қазақ тілінің тарихы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан білім, мәдениет, рух. Тіл білімі тарихы көрсеткендей, тілдің өзгеру процесі (лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік) әсерінен ғана емес, әлеуметтік, мәдени, саяси факторлардан да туындайды. Бұл тұрғыда қазақ тілін оқыту тек қазіргі жағдаймен ғана емес, оның тарихи белестерімен, ғылыми-лингвистикалық жазбаша мұраларымен синтезделуі тиіс.

Сөзімізді түйіндесек, қазақ тілін оқытудағы стратегиялық позиция – тілдік білім, мәдени құндылық, рухани сана, когнитивтік құрылым, этикалық-адамгершілік аспектілерді интеграциялау. Тіл – құрал ғана емес, ұлттың, жеке тұлғаның әлемін бейнелейтін күрделі жүйе. Тілді түсініп қабылдау – тілдің сыртқы формасын емес, оның ішкі мағынасын, мәнмәтіндік қуатын және мәдени астарын сезіну. Бұл үдеріс когнитивтік және аксиологиялық тұрғыдан дамып отырады. Мектеп немесе жоғары оқу орнында тіл оқыту осы жүйенің құрылымын, мәнін, маңызын оқушыға бойына сіңіре алатын тәсілмен жүргізілуі тиіс. Сөйлем құрылымын дұрыс түсіну жауапкершілікпен сөйлеу мен дәл ой айту мәдениетін қалыптастырады. Осындай жұмыстар арқылы оқушы тіл арқылы сөйлеп қана қоймай, ойлана білетін, өз тілінің мәдени-рухани кодын түсінетін, ұлттық сана-сезім қалыптасқан тұлғаға айналады.Тілдің грамматикалық, семантикалық және прагматикалық деңгейлерін құндылық тұрғысынан талдау оқушылардың ойлау мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту – тіл табиғатын түсінуден басталып, оны саналы қабылдау мен рухани сезінуге дейін жетелейтін жүйе. Тілді үйрету дегеннің өзі – грамматикадан бұрын да, грамматика арқылы да ойлау мен көркем мінезді қалыптастыру үдерісі.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Тіл – құрал. Қазақ және орыс тілдерінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. –1999
3. Әділов М. Қазақ тілінде көне «-мыш» есімшелі жұрнағымен жасалған сөздер туралы // Х Халықаралық Түркология конгресі (Қазіргі заманғы түркология: ғылыми парадигмалары және пәнаралық сипаты) материалдардың жинағы. – Түркістан, 2023. –310-б.

Аитова Н.Н. А. Байтұрсынұлы грамматикасындағы тура объектілік қатынас. //Ахмет Байтұрсынұлы және өркениет. Халықаралық ғылыми конференциялардың және конгресс материалдары, Түркістан, 2022/4. 246-248.

5. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы, Мектеп. 1981. – 198 б. , 28-31 бб.
6. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, – 2014. – 392 б.

Ә. ЫБЫРАЙЫМҰЛЫНЫҢ «СЕМСЕР ЖҮЗІНДЕГІ СЕРТ» РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ (1-ТОМЫ БОЙЫНША) ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Н. Ғ.Алнағанбет[1], *С. С. Шокабаева[2]*
[1]2-курс студенті, [2]Ғылыми жетекші: Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ доценті м.а., ф.ғ.к., Астана, Қазақстан.

Қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу мәселесі этнолингвистика саласының негізгі өзегіне айналды. Бұл бағыттың басты мақсаты – тілдік бірліктер арқылы халықтың рухани, тарихи және мәдени дүниетанымын тану. К. Аханов атап өткендей, тіл – мәдениеттің айнасы, ал сөз – этностың рухани тәжірибесінің бейнесі [1, 45-б.]. Ә. Қайдар еңбегінде этномәдени лексиканы халықтың ұлттық болмысы мен ойлау жүйесін бейнелейтін тілдік қабат ретінде сипаттайды [2, 112-б.]. Бұл ойды Г. Смағұлова дамыта отырып, этномәдени атаулар көркем мәтінде халықтың тарихи жадын сақтайтын мәдени код ретінде қызмет ететінін атап көрсетеді [3, 67-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, жазушы Ә.ЫБырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясының тілі – қазақ халқының этномәдени болмысын айқындайтын көркем мәтін үлгісі. Романның алғашқы тарауларында автор халық өмірінің барлық қырын тіл арқылы өрнектейді: *шаңырақ, қазан, саба, түндік, бата, серт, аруақ,намыс* сияқты этномәдени лексемалар – халық рухының тілдік көрінісі. Мысалы, автор «Семсердің жүзімен серт еткен ел баласы» деп елдің адалдығын сипаттайды. Бұл тіркес семсер мен серт ұғымдарын ұлттық мінез, ерлік пен рухани жауапкершілік нышаны ретінде ұштастырады.

Е. Жанпейісов қазақ прозасындағы ұлттық бояудың көркем тіл арқылы жасалатынын айта келе, көркем мәтіндегі этномәдени атауларды ұлттық дүниетанымның басты көрсеткіші деп таниды [4, 92-б.]. “Әділбек ЫБырайымұлының *«Семсер жүзіндегі серт»* тарихи роман-трилогиясы белгілі бір тарихи тұлға мен сол уақыт кеңістігіндегі оқиғаға көркем синтез жасауымен және оны тұтас дүниеге айналдыруымен құнды. Кенесары ханның қырғыз жорығына қатысты қолда бар тарихи фактілер мен ел аузындағы деректерді қайыра жаңғыртып, өзінің жаңаша көзқарасын алдымызға жайып салады. Автор қазақ пен қырғыз арасының қалай ашылғаны жайлы ақиқатты іздеген ғалымға да, өз ұлтының жоғын жоқтаған милетшіл сөз зергеріне де айнала білген. Өйткені, бұл жай ғана тарихи роман емес, *тұрпаты мен болмыс-бітімі бөлек көркем сөзбен өрілген эпопеялық роман”* [5].

Қаламгер Ә.ЫБырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясы – қазақ халқының рухани жадын, мәдени құндылықтарын және этностық болмысын бейнелейтін көркем туынды. Романда этномәдени лексика ұлттық дүниетанымның басты тілдік коды ретінде көрініс табады. Бұл роман тіліндегі лексемалар семантикалық сипаттары мен мәдени қызметіне қарай **он негізгі топқа** жіктелді.

1. Әлеуметтік құрылым мен билік жүйесіне қатысты лексика: *хан, би, төре, сардар, батыр, уәзір, елші, жырау, ақсақал, абыз, нөкер, шора, ұлыс, ру, тайпа, жүз, қауым, қазы, мәмілегер, төрелік, бектер, датқа, әмір, әмірші, орда, елбасы, ел ағасы, билік, кеңес, уәли, сұлтан, уәзірлік,биік мәртебе, шешен, шежіреші, уәзір-хатшы, бас уәзір, би кеңесі, ордалы жұрт, бекзат, жарлы, малай, бақташы, ел қорғаны, батырлар кеңесі, елші топ, ұлық тұлға, бас сардар.*

Бұл атаулар қазақ қоғамының билік иерархиясын, қоғамдық ұйымдасуын көрсетеді.Жазушының “Хан ордасының төрінде би мен сардарлар кеңесті” деген тіркесі әлеуметтік құрылымның ұлттық сипатын танытады.

2. Батырлық және жауынгерлік лексика: *семсер, қылыш, найза, қалқан, дулыға, сауыт, жебе, садақ, шоқпар, айбалта, қанжар, ту, байрақ, жорық, айқас, шайқас, қамал, бекініс, жортуыл, шеп, сарбаз, сардар, жорық жолы, ұран, атой, ерлік, батырлық, қорамсақ, садақшы, қамшы, үзеңгі, ер-тоқым, жүген, ноқта, сауытбастар, дөңгелек қалқан, найзағай соғыс, ат үсті, қылыштасу, найзаласу, батырлар жыры, соғыс дабылы, барымта, тұтқын, жау, қорған, ел қорғау, серт майданы, ер намысы.*

Бұл лексика ерлік пен ел қорғау рухын бейнелейді.

3. Киім-кешек және әшекей бұйымдар лексикасы: *шапан, күпі, ішік, тон, шекпен, бөрік, тымақ, қалпақ, тақия, сәукеле, кимешек, көйлек, қамзол, белбеу, белдік, мәсі, кебіс, етік, жейде, шалбар, шапанша, жадағай, барқыт, жібек, жейде жаға, түйме, зер, кесте, алтын, күміс, жүзік, сақина, білезік, сырға, шашбау, шолпы, алқа, түйреуіш, үкі, түкті мата, камшат, түлкі ішік, тон тігісі, сән, сәнқой, сәндік ою, кестеші, сән үлгісі, киім тігу, сән өрнек.*

Киім-кешек халықтың әлеуметтік деңгейін және эстетикалық талғамын көрсетеді. Мысалы, “Кимешегі аппақ, зерлі белбеуі күнге шағылысып тұрды” деген сөйлем дәстүрлі киімнің мәдени мәнін ашады.

4. Тұрмыстық және шаруашылық лексика: *киіз үй, шаңырақ, уық, кереге, туырлық, түндік, есік, босаға, қазан, ошақ, саба, торсық, күбі, көнек, табақ, тегене, ожау, самаурын, сабау, тулақ, арқан, жіп, өрім, өріс, жайлау, қыстау, көктеу, күздеу, қора, мал, жылқы, түйе, қой, сиыр, ешкі, отар, шопан, өріс, суат, құдық, пішен, тез, қымыз, айран, май, ет, сорпа, мал сою, киіз басу.*

Бұл атаулар –көшпелі тұрмыс пен материалдық мәдениеттің көрінісі.“Шаңырақ көтерілген сәт – өмірдің қайта басталуы”.Тұрмыстық лексика этностың өмір салты мен кеңістік түсінігін сақтайды.

5. Табиғат және географиялық атаулар лексикасы: *дала, тау, өзен, көл, шөл, орман, тоғай, бұлақ, құдық, адыр, жота, белес, асу, өткел, өзек, аңғар, құм, жел, боран, қар, жаңбыр, найзағай, бұлт, ай, күн, жұлдыз, аспан, көк, жер, тас, мұз, самал, көктем, жаз, күз, қыс, толқын, қайнар, төбе, бел, шың, жар, үңгір, өзен бойы, жыра, көкжиек, түнгі аспан, құмдауыт, Сарыарқа, Ұлытау, Есіл, Ертіс.*

Табиғат атаулары кеңістік пен туған жерге дегенсүйіспеншілікті бейнелейді.

6. Салт-дәстүр және ғұрыптық лексика: *бата, тілек, құда, киіт, ас, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той, беташар, келін, көрімдік, ерулік, шүлен, шашу, той, сый, жора, рәсім, сауға, садақа, құрбан, зікір, ант, серт, аманат, аруақ, тәу ету, қонақасы, табақ, төр, табақ тарту, бәйге, көкпар, күрес, жорға, күйеу жолдас, жеңгетай, тілек айту, дастарқан, киіт тарту, ізгі тілек, құрмет, рәсімдік сөз, естелік сый, салт-кәде, бата беру, ата жолы.*

Рухани дәстүрлер мен салттар халықтың этикалық мәдениетін танытады.

7. Діни және рухани лексика: *Алла, Құдай, Тәңір, иман, шүкір, тәубе, тағдыр, пәле, сауап, обал, аруақ, рух, жан, адал, арам, пір, сопы, қажы, әруақ, намаз, зікір, мазар, қабір, молда, ахирет, шапағат, хақ, рахмет, тәубешіл, сенім, парыз, рухани тазалық, әділ қазы, ар, нәпсі, мейірбан, тылсым, қасиет, пәктік, сенім, шүкіршілік, тәуекел, дұға, шапағат иесі, тәңірлік ұғым.*

Рухани лексика адамның ішкі сенімін және діни мәдениетті бейнелейді. “Аруақ жар болсын!” (Ә.Ыбырайымұлы) тілегі – исламдық және дәстүрлі сенім сабақтастығын көрсетеді.

8. Фольклорлық және поэзиялық лексика: *жыр, толғау, терме, күй, аңыз, ертегі, шежіре, айтыс, ақын, жырау, шешен, шешендік сөз, мақал, мәтел, нақыл, жаңылтпаш, жұмбақ, өлең, дастан, наз, шер, толқу, эпос, аруақ жыры, халық сөзі, дана, сал, сері, өнерпаз, сөз зергері, күйші, жыршы, айтыскер, сөз сайыс, қисса, батырлар жыры, халық өлеңі, мақам, әуен, сарын, ұран, шешендік арнау, ұлт жыры, ауыз әдебиеті, фольклорлық бейне, халық даналығы.*

Фольклорлық лексика – халық даналығының тілдік бейнесі.“Жыраудың үні – елдің жадындағы тарих”

9. Этикалық және қарым-қатынас лексикасы: *аға, іні, бауыр, әпке, қарындас, дос, ер, жау, құрмет, сый, намыс, ар, абырой, адалдық, ізгілік, сабыр, төзім, үміт, сенім, достық,*

сүйіспеншілік, рақым, сәлем, амандасу, қоштасу, алғыс, кешірім, уәде, ант, серт, ақ тілек, мейірім, жылылық, бауырмалдық, татулық, елдік рух, бауырластық, татулық, ар-намыс, әділдік, ізгі тілек, адамдық қасиет, кішіпейілділік, шындық, адал пейіл, жанашырлық, мейірбандық.

Адамгершілік нормаларымен моральдық ұстанымдарды бейнелейді. “Намыстан айырылған ер – елден айырылғанмен тең” .Мұндай сөздерді рухани мәдениеттің тірегі деп санаймыз.

10. Мекендік және этнографиялық лексика: *ауыл, қоныс, орда, бекініс, шекара, жұрт, ел, ұлыс, қыстау, жайлау, көктеу, күздеу, жол, асу, өткел, аймақ, мекен, иен дала, орман-тоғай, елорда, тасты жер, құм, бел, қырат, адыр, өзен бойы, көл жағасы, таулы аймақ, қоныс-тұрақ, орда тігу, қоныстану, көш жолы, ауыл-аймақ, атамекен, туған жер, жайлау өмірі, мал өрісі, көш соңы, көш алды, отан, жерұйық, елдік мекен, орман алқабы, биік бел, өзен аңғары, қазақ елі.* Бұл топ халықтың кеңістік түсінігі мен жерге деген құрметін білдіреді.“Жайлау – елдің жаны, қыстау – жұртының тынысы”.

Қорытындылап айтқанда, мақалада жазушы Ә. Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясының бірінші томындағы этномәдени лексика көріністері мен олардың семантикалық топтары талданды. Зерттеудің мақсаты – шығарма тіліндегі ұлттық дүниетаным элементтерін айқындап, этномәдени бірліктердің көркем мәтін жүйесіндегі қызметін сипаттау.Автордың тіл қолданысында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, наным-сеніміне, әлеуметтік құрылымына және рухани мәдениетіне қатысты бай лексикалық қор кездеседі. Романдағы этномәдени атауларды он семантикалық топқа – әлеуметтік құрылым, батырлық-жауынгерлік, тұрмыстық-шаруашылық, киім-кешек, салт-дәстүр, табиғат, діни-рухани, фольклорлық, этикалық және мекендік лексика түрлеріне жіктеуге болады. Зерттеу нәтижесінде бұл лексикалық топтардың әрқайсысы қазақ халқының мәдени жадын, ұлттық құндылықтар жүйесін және рухани әлемін танытатын көркемдік-тілдік құрал ретінде қызмет атқаратынын аңғарамыз. Сонымен қатар этномәдени лексика –романдағы ұлттық код пен тарихи сана сабақтастығын жеткізудің негізгі тәсілі.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1993. – 496 б.

2. Қайдар Ә. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сөздігі). – Алматы: Санат, 2004. – 560 б.

3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 195 б.

4. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 268 б.

5. *Әбіл-Серік Әліакбар.* Қаламгерлер аттап баспаған тақырып «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогияның негізгі арқауы [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://ertisoniri.kz/rubrikalar/abaj-oblysy-zhanalyktary/3214-kalamgerler-attap-baspagan-takyryp-semser-zhuzindegi-sert-roman-trilogiyanyn-negizgi-arkauy.html

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Аманбекқызы Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты, Астана, Қазақстан.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер әрдайым әдебиеттану саласының зерттеу нысаны болып келді. Оның негізгі себебі мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде «адамдар арасындағы қарым-қатынас қызметімен қатар өткен өмір мен бүгінгі заманды және болашақты, ұрпақ пен ұрпақтың арасын жалғастырып тұратын «алтын көпір» іспеттігімен ерекшеленеді» [1, 45-б]. «Халық даналығы» атты 2 мыңнан астам қазақ мақал-мәтелдерінің

түсіндірме сөздігін және зерттеу еңбегін жазған ғалым Ә.Т. Қайдар қазақ және жалпы түркі паремиологиясына алғаш рет этнолингвистикалық талдау жасап, бұл саладағы ғылыми ізденістің негізін қалады. Ғалымның «Қазақ қауымында мақал-мәтелдерді педагогикалық, философиялық, этнографиялық тұрғыдан қарастыру кейінгі кездерде ғана басталған сияқты. Қалай болғанда да, мақал-мәтелдердің табиғатын танып-білуде қазақ қауымында істелген істерден гөрі істелуге тиісті істер әлдеқайда көп» [1, 45-б], – деген пікірі әлі де өзекті. Соңдықтан Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдердің қолданысы мен антропоөзектік тұрғыда абстракциялану уәждері, логика-семантикалық жіктеу шарттары, тұрақты тіркестерден өрбуі мен паремиялардың сөздік мақаласын жасау жұмыстарының қолға алынуы тіл ғылымының қазіргі даму бағыттары үшін де аса маңызды.

Бұл мақалада Шәкәрім шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдерді осы бағытта талдай отырып, тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде мәнін ашуға тырысамыз. Ендеше, тіл біліміндегі «паремия» ұғымына аз-кем шолу жасайық.

Жалпы, «паремия» ұғымына анықтама беруде ғылымда нақтылық жоқ. Орыс көркем әдебиеті негізінде сөйлеу әрекетінде қолданылатын паремиялардың рөлі туралы кандидаттық диссертация қорғаған И.В. Горбань өз отандық лингвистері «паремия» терминіне қатысты біржақты анықтама берген жоқ деп санайды. Дәстүрлі паремиялар әдебиеттік ұғым ретінде саналып, фольклорлық жанр аясында зерттелетін. Қазіргі ғылым дамуында «паремия» ұғымының ауқымы кеңейді (кейбір зерттеушілер мұнда мақал-мәтелдерді ғана емес, мысалдар, ертегілер, тәмсілдер, нақыл сөздер, жалпы атауларға айналған есім сөздер, әндер, т.б. жатқызады) [2].

Ғалым Ә. Қайдардың анықтауынша: «Паремиология – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты нақыл сөздерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі. Паремиология о баста гректің paroimia қысқа айтылатын нақыл сөз және соны зерттеу деген ұғымға байланысты пайда болған» [3, 221-б]. Әлем тілдерінің бәрінде кездесетін көркем сөздің қуатты да құнарлы мәйегі саналатын мақал-мәтелдер – ерекше табиғатымен танылған әмбебап құбылыс. Тіл қоғамда өзара түсінісу мен пікір алмасуға негізделген қатынас құралы ретінде коммуникативтік және өмір шындығы мен болмысты бейнелеп көрсету қызметін атқарады. Мақал-мәтелдерде тілдің осы екінші қызметі көрініс табады. Мақал-мәтелдердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, туыстас халық тілдеріндегі ортақ нұсқалар, логикалық сәйкестік пен образдылық, бейнелеу тәсілдеріндегі шендестік, т.б. мәселелер – паремиологияның зерттеу нысанына жатады.

Осы мақалада Шәкәрім шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдерге, сыртқы құрылымы мен қолдану тәсіліне байланысты дәстүрлік тұлға негізінде пайда болған авторлық, стильдік инварианттарға тоқталамыз. Ғалым Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің түрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін *инварианттар* деп атаған. Инварианттардың пайда болуында белгілі бір заңдылық жоқ, ол автордың асыл тасты әр қырынан құбылта білетін шебердей мақал-мәтелдердің көркемдік образы мен бейнелеуіштік әсерін, эмоциялық-экспрессивтік қуатын сақтай отырып қолдануына байланысты туындайды. Ә. Қайдардың «Мақал-мәтел инварианттары бірде олардың компонент-теріне иинверсия жасау арқылы, бірде оларды түсіріп, эллипсис түрінде айту арқылы, бірде дербес екі түрлі мақал-мәтелдердің элементтерін өзара шебер қиыстыру арқылы, т.б. жолдармен жасала береді» [3, 223-б], – деген пікірін негізге алып, Шәкәрім шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдердің тұлғалық-құрылымдық өзгерістерін, мәнмәтіндегі авторлық, стильдік инварианттарын анықтауға болады:

1. Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты инварианттар:

Молданың істегенін істеме,
Айтқанын істе [4, 159-б].

Сабыр түбі сары алтын,
Сарғайған жетер мұратқа [4, 292-б].

«Молданың ісін қылма айтқанын қыл»,
Ерте сақтан әр іске әдеттенбей [5, 44-б].

Еңбекке шыда ебін тап та,
Сабырдың түбі – сары алтын [5, 34-б].

Мұндағы бірінші мысалда «*Молданың істегенін істеме, Айтқанын істе»* деген халық мақалы қара өлең шумағының ұйқасын бұзбай, бастапқы үлгідегі 15 буыннан қалыпты 11

буынға ықшамдалған. Бұл мақалдың тағы бір үлгісі Ә. Қайдар сөздігінде түсіндіріледі, мұнда қарсы мәнді сөздер шартты райдың жұрнағымен жалғаулық шылау арқылы байланысқанымен, мағынасы бір: «*Молданың айтқанын істесең де, істегенін істеме*» мақалы ауыспалы мағынада қазақ ауылындағы ертеректегі молдалар мұсылман діні туралы әр жерден оқып та естіп білгенін айтып, кеңесін берсе де, кейде олардың пендешілікке бой ұрып, діннен хабары аз қарапайым жұртты алдап-арбап, әр түрлі ырым-кәделерді сылтауратып пара алып, пайда түсіруге машықтанғандығы да белгілі. Дана халық мақал арқылы бұрынғы молдалардың осы қылығын әшкерелеп, оның «істегенін істеме» деп тиым салып отырғаны айтылады [1, 431-б]. Шәкәрім өлеңінде дәл осындай ыңғайсыз қылықтардан ерте сақтанып, жастайыңнан бойыңды түзе, жаман әдеттен сақтанып ойыңды күзет деген насихат айтылған.

8 буынды *«Сабыр түбі сары алтын»* мақалына, керісінше, бір буын қосып, өлең ұйқасына сай 9 буынға түрлендіреді. Кейде «Сарғайған жетер мұратқа», кейде «Сабырсыз қалар ұятқа» деп келетін екінші сыңары ақын өлеңінде қолданылмаса да, алдымен бейнеттеніп, шыдамдылықпен соңын күт деген ой түсінікті жеткізілген. Ә.Қайдар түсіндірмесінде де осы мағына айшықталады: «*Сабыр түбі – сары алтын,* Сабыр етсең бәрі алтын» мақалы ауыспалы мағынада сабырлылық, салмақтылық, парасаттылық көрсету әрқашан да сап алтынның өзіне де, сарғая істеген ісіңнің алтынға бергісіз бағалы да игілікті нәтижесіне де қолыңды жеткізетіні айтылады [1, 464-б].

2. Мақал-мәтелдердің жеке элементтері ғана сақталатын инварианттар:

Бұқа буға семіреді,	Сөйтсе де жанасалап бір қалмайды,
Азбан дуға семіреді [4, 351-б].	Дегендей *«бұқа буға, азбан дуға»* [7, 312-б].
Ұятсыз адам иттен де жаман.	Адамнан артық жәндік жаралмаған,
(С. Сарайиден) [6, 297-б].	Дейді жұрт: *«Айуан жоқ иттен жаман»* [7, 10-б].

«Бұқа буға семіреді, *Азбан дуға* семіреді» нұсқасы ықшамдалып, мағынасын сақтай отырып, қолынан жетпейтін нәрсеге дәмеленіп, қызға ғашық болғанымен сөзін айта алмайтын болбыр жігітті бейнелеуде қолданады. Халық арасында бұл мақалдың «Тентек дауға семіреді, Қайғысыз суға семіреді» [8, 104-б] деген де мағыналары кездесіп, алаңсыз адамның мақсатсыз өмірін немесе болмашы нәрсеге көңілі тойып, өзінше масаттанып жүруді тұспалдайды. Ә.Қайдар сөздігіндегі мәні түсініктірек: «*Бұқа буға, азбан дуға семіреді*» мақалының бір мағынасы бұқа күйіне байланысты бойы кернеген күш-қуатынан семірсе, азбан (піштірілген бұқа) бұқаның күйлеу кезіндегі гүж-гүжін көріп-ақ мас болады дегенді тұспалдайды, ауыспалы мағынада жастар өз бойындағы жігіттік күш-қуатынан марқайса, қарттар соларды көріп (өткен өмірін еске алып-ақ) өз-өзінен күпінеді дегенге саяды [1, 256-б].

«Ұятсыз адам иттен де жаман» мақалы ақын қолданысында біршама түрленіп, тіпті қарсы мәнге ие болып, адамнан артық айуан болмайтынын айтады. Адам өз бойындағы нәпсі айдаһарын тізгіндеп, құрықтай білмесе, иттен өтіп кететіні, оның қасында ескі досын сатпайтын иттің адалдығы артық екенін сипаттайды. Олай болатын себебі, адам болмысы дүниедегі барлық жаратылыстың қасиетін бойында сақтайды. Ақыл мен нәпсі таразысында қайсысы басым болса, мінез де соған сай түрленеді. Ақын адам бойынан мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек ету қасиеттері жоғалса, айуаннан бетер болатынын жеткізу үшін осы мақалды қолданады.

3. Компоненттер орнын ауыстыруға байланысты инварианттар:

Өлімнен ұят күшті. («Орхон жазба ескерткіштерінен») [6, 244-б].	Орынсызды істеуге өлгенше ұял, *«Ұят күшті өлімнен»* дегендей-ақ [5, 258-б].
Ас иесімен тәтті, табағымен қымбат [4, 233-б].	*«Иесімен ас тәтті»* деп Еңлікті, Шақырып ап екеуі отырды жеп [7, 302-б].

«Өлімнен ұят күшті» мақалын түрлендіруде өлең қатарындағы ұйқасты сақтау мақсатында компоненттерінің орны ауыстырылған. Халық арасында кең таралған мақалды тура мағынасында қолдана отырып, ар-ұяттың қаншалықты қымбат қасиет екенін ұқтырады. Ә.Қайдар сөздігінде нақты түсініктеме беріледі: «*Өлімнен – ұят күшті*» мақалы ауыспалы мағынада өлім кімге болса да қорқынышты; бірақ адам бір өлімнің боларын біледі, оны табиғи құбылыс деп қарайтынын айтады. Ал, тірі жүрген адамның өлімнен де жаман қорқатын нәрсесі – ел алдында масқара болып, ұятқа қалу; ол адамның ең қымбат, ең абзал қасиеті саналатын

ар-намысынан айрылуы. Қазақтардың «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деуінің себебі де осында [1, 456-б].

«Ас иесімен тәтті» деген мақалды қолдануда да өлең құрылысының ұйқасына сай негізгі ойды жеткізу көзделеді. Мұнда қазақ халқының қонаққа ас беруде алдымен өзі татып, содан кейін қонағына ұсынуы – шын ниеті мен адал пейілінің, толық қауіпсіздік пен бөтен ойының жоқтығын білдіретін жоралғының бірі. Академик Ә. Қайдар сөздігінде осы мақалды талдай отырып, қызықты мәліметті келтіреді: «*Ас – иесімен тәтті, Табағымен – сәнді*» мақалы қазақ салтында үйге келген қонақ үй иесінің өзі де дастархан басында бірге отырып, беріп отырған тағамнан өзі де ауыз тиіп, дәмдес болғанын қалайды; бұл салт бұзылса, үй иесі қонақпен бірге отырмай, оның алдына асын қойып шығып кетсе, қонақ ас жегендей болмайды, тіпті секем алуы да мүмкін. Бұл мақалдың тағы бір түсініктемесі бар: Ә. Диваев жорамалынша, Қоқан хандығына қазақтан елші барғанда оларды өлтіру үшін алдына у себілген ас қояды екен. Шыдамсыздаулары уланған астан алып, өліп кетеді де, қалғандары қашып құтылады. Осыдан кейін қазақ арасында Қоқан хандығына сенімсіздік туып, ел арасында осы мақал тарапты. Қонаққа барған жерде «Ас иесімен тәтті», өзіңіз де отырыңыз!» деп үй иесін де асқа бірге отыруын қалайтын болған (Кустанаев Х. Этнограф. очерки. Ташкент, 1894)» [1, 200-б].

4. Екі жолды мақал-мәтелдердің бір жолын түсіріп айтуға байланысты пайда болған инварианттар:

Жығылған күреске тоймайды,	*«Жығылған жан күреске тоймас»* деген,
Жеңілген жұдырыққа тоймайды [4, 280-б].	Қарта ойнаған кісідей күнде ұтылып [7, 39-б].
Аққа зауал жоқ,	*«Ақ иіліп сынбақ жоқ»* - деген рас,
Ақ иіліп сынбайды [4, 267].	Нәпсі өлсе өзімшіл, бұған кім сенбейтін [7, 186-б]?

«Жығылған күреске тоймайды» мақалы 11 буынды қара өлең ұйқасының тәртібіне сай соңғы буыны қысқартылған. Жастарға айтар өсиетін нанымды жеткізу мақсатында қазақ мінезін сипаттау үшін, осы халықтың ұлттық өнері саналатын күреске қатысты мақал алынып отыр. Ә. Қайдар түсіндірмесінде де адамның осы бір тойымсыздық мінезін таратып жазады: «*Жығылған күреске тоймайды»* мақалының бір мағынасы күресте жығылған, бірақ абайсызда қапы жіберіп алдым деп ойлайтын палуанның қарсыласымен қайта күрескісі келіп тұратын әдеті; бұл табиғи психикалық процес болса, ауыспалы мағынада біреумен айтыс-тартыста, жарыста, күш сынасқан, сөз, білім таластырған бәсекелестікте жеңіліске ұшыраған адамның бір әдеті – бұл әрекетті қайта бастағысы келіп тұратындығы. Ондағы ойы: бұл жолы жеңілсем де, ендігі жолы жеңуім мүмкін деген үміт, сенімнің күші болмақ» [1, 336-б].

«Ақ иіліп сынбайды» мақалын қолдануда сыртқы құрылымы аса өзгертілмеген, буын саны да бірдей. Адал адамға қолдаушы көп, ақыры ақталады деген мағынада қолданылған. Шәкәрім «Аққа зауал жоқ, *Ақ иіліп сынбайды*» мақалын тура мағынасында халық арасында жиі кездесетін, адалдық пен әділдікті насихаттайтын нақыл ретінде қолданады.

5. Қосалқы компоненттермен кеңейтілген инварианттар:

Жетім бала өз кіндігін өзі кеседі.	*«Жетім бала иесіз,*
(Әбілғазыдан) [6,157-б].	*Өзі кесер кіндігін», –* [5, 131-б].
Бай бір борандық, Батыр бір оқтық.	«*Байдың малы болады бір борандық», –*
(Я.Я.Лютштен) [6, 64-б].	Бәрінен адал еткен еңбек озар [7, 175-б].

«Жетім бала өз кіндігін өзі кеседі» деген мақалды қолдануда Шәкәрім оған «иесіз» деген сөзді қоса отырып, «Түрік айтқан, білесіз, Белгілі мақал ол бүгін» деп дереккөзін де өлең шумағында көрсетіп кетеді. Қазақ мақал-мәтелдерінің арасында кездесетін бұл мақал Әбілғазының «Түрік шежіресінен» алынған деп көрсетіледі [17]. Әбілғазы XYII ғасырда Хиуада хандық құрып (1643–1664), мемлекет басқару ісіне біраз жаңалықтар енгізген қоғам қайраткері, тарихшы. Тарихи тақырыптарға жазылған екі еңбегі бар: 1) «Түрікпен шежіресі» («Шежіре-и таракиме») 1660–1661 жылдары жазылып біткен. 2) «Түркі шежіресі» («Шежіре-и түрік»). Мұнда ақын өз кіндігін өзі кесер иесіз жетім бала секілді қорғансыз, сырласар, мұңдасар замандас таппай өмірінің соңғы жылдарын жалғыз өткізген өз күйін суреттейді.

«Бай бір борандық», «Бай бір жұттық» деген нұсқалары кездесетін 5 буынды қазақ мақалын «*Байдың малы болады бір борандық* деп өлең ұйқасына сай 12 буынды етіп

түрлендіреді. Мұнда да Шәкәрімнің бүкіл шығармаларында алтын желі болып жалғасып жататын мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек идеясы насихатталады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында бастапқы қалпынан еш өзгеріссіз қолданылған мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы:

Ноқталы басқа бір өлім. (С. Есмағамбетовтен) [8, 287-б].

Көппен көрген ұлы той. (З. Бабырдан) [4, 42-б].

Қайғы емес қаза, Болмаймын наза,
Ноқталы басқа бір өлім [7, 31-б].
Көз жұмып, *«Көппен көрген ұлы той»* деп,
Береді бұл надандық кімге пайда [7, 38-б]?

«Ноқталы басқа бір өлім», «Көппен көрген ұлы той» (Көппен бірге көрген ұлы той мақалы ауыспалы мағынада ел-жұртыңмен бірге көріп, бірге көтерген қасірет те, қайғы да той іспеттес, өйткені оның ауыртпалығы көпшілікке тең түседі, ортақ іске айналады. «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» деген мақал да осы ұғымды аңғартады*)* [1, 364-б].

Шәкәрім шығармаларында кездесетін паремиялардың бұдан басқа түрлері де болуы мүмкін. Олар өз алдына бөлек зерттеуді қажет етеді. Жоғарыда келтірілген мысалдардан дәстүрлі тұрақтылыққа ие, тілде қалыптасқан мақал-мәтелдердің құрамы өзгеріп, инварианттық жағдайда қолданудың өзіне тән ерекшеліктері байқалады. «Ол – тұлғалық өзгерістерге душар болып, әр қырынан бір көрініп, әр жерден бір белес беріп немесе бір жерге шоғырлана қалатын мақал-мәтелдің барлық жағдайда басын қосып, оның номинативтік қалпын сақтауға негіз, дәнекер болып отырған мағына-мазмұн тұтастығы, логикалық тұжырыммен қабысып келетіні баршаға мәлім, таныс, етене образ, өмір ситуациясы, ортақ тәжірибе» [3, 226-б]. Тағы бір ескеретіні, Шәкәрім қолданысынан бөлек, қазақ мақал-мәтелдерінің қалыптасқан дәстүрлік тұлғасының өзінде әр түрлі семантикалық-құрылымдық нұсқалар кездеседі, олар сөздік мақалада жинақталады. Ал авторлық, стильдік инварианттардың бұл құбылыстан жөні бөлек.

Көркем шығарма – өз заманындағы өмір шындығы мен тарихи кезеңнің айнасы. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдер қолданысының өзіне тән мағыналық мақсаты, өз тұсындағы адам психологиясын, қоғам тынысынан хабар берер қызметі ерекше. Себебі «Тіл жеке адамның игілігінде болумен қатар, халық қазынасы. «Халық тілі – қайнар бұлақ» деуінің мәні осында. Көпшіліктің кәдесіне жараған тіл өз иесінің заманына лайықты талап-тілегіне орай қашалып, сұрыпталып, жетіліп отырады. Тарих іздері осыны байқатады» [9, 548-б].

Мақалада талдау нысанына алынған мақал-мәтелдердің қолданысы туралы айтар болсақ, олардың құрылымдық сипаты сан алуан. Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты инварианттар, екі жолды мақал-мәтелдердің бір жолын түсіріп айтуға байланысты пайда болған инварианттар және бастапқы қалпынан еш өзгеріссіз қолданылған мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Оның өзі өлең құрылысы мен ұйқасына лайықтап қолданылған нұсқалар деуге болады. Компоненттерін өзгертіп айтуда буын санын толықтыру үшін түрлі жалғаулар қосылып, мағыналық бояуы еш өзгеріссіз сақталған.

Мақал-мәтелдердің жеке элементтері ғана сақталатын инварианттар, компоненттер орнын ауыстыруға байланысты инварианттар және қосалқы компоненттермен кеңейтілген инварианттар алғашқыларына қарағанда аз кездесті. Оны да мағына дәлдігін беруде, авторлық ойын айқындауда, көркемдік бояуын қоюлатуда қолданылған құбылтулар деуге болады. Сондай-ақ, ақын қолданысында халық аузында жиі кездесетін мақал-мәтелдермен бірге, өте сирек кезігетін «Ноқталы басқа бір өлім, Ақ иіліп сынбайды» сияқты нұсқалар да кездесті. «Жетім бала өз кіндігін өзі кеседі» деген мақалды Әбілғазының «Түрік шежіресінен» алғанын көрсете отырып, ақын өзінің тек ана тілімен емес, түркі тілін («Жасымнан жетік білдім түрік тілін»), әлем тілдерін меңгерген өз заманында өте сауатты, зиялы тұлға, терең ойшыл екенін көрсетеді. Бұл қысқа ғана жұмысымызды болашақта ақын тілін паремиялар арқылы терең танып, оқырмандарға насихаттауға, сыр сөздерін айшықтауға қызмет ететін үлкен еңбектің бастамасы деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.

2 Горбань И.В. Роль паремии в речевых актах (на материале языка русской художественной литературы). Автореф. КФН. – Саратов, 2010.
3 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
4 Бабалар сөзі: Жүз т. – Астана: «Фолиант», 2010. 65-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 414б.
5 Шәкәрім. Иманым. – Алматы: «Арыс», «Абзал-ай» , 2018. -320 б.
6 Бабалар сөзі: Жүз т. – Астана: «Фолиант», 2010. 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 350б.
7 Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, [А.Құдайбердиев]. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
8 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.69: Қазақ мақал-мәтелдері. – 440 б.
9 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: 2007. – 624 б.

ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Апеева Г.С.
Ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін-өзі тануына, өмірде табысты болуына бағытталған. Бұл мақсатқа жету үшін дәстүрлі оқыту парадигмасынан құндылыққа негізделген, тұлғалық бағдарланған парадигмаға көшу қажет. Тіл мен әдебиет пәндері осы бағыттағы ең тиімді сала болып табылады, себебі олар адамды сөз өнері арқылы тәрбиелейді, рухани құндылықтарды бойына қалыптастырады, тұлғаның ішкі дүниесін байытады. Соңғы жылдары «құндылыққа негізделген оқыту» [1] ұғымы педагогика ғылымында, соның ішінде тіл мен әдебиет пәндерін оқыту әдістемесінде жетекші бағыттардың бірі ретінде қалыптасты. Бұл ұстаным тек білім мазмұнының рухани сипатын айқындап қана қоймай, сонымен бірге оқушының ішкі мотивациясын күшейтуге, оқу процесіне эмоционалды қатысын арттыруға мүмкіндік береді.

Мотивация – оқу іс-әрекетінің қозғаушы күші, оқушыны белсенді әрекетке итермелейтін ішкі фактор. «Мотивация және мотивтер жүйесі оқу іс-әрекетінің нақты қозғаушы күші болып табылады» [2]. Мотивациясыз білім алу процесі механикалық сипатта болады, ал мотивация бар жерде оқу процесі шығармашылыққа айналады. Сондықтан құндылыққа негізделген сабақтардың басты мақсаты – оқушыда оқу мен тануға деген тұрақты уәж қалыптастыру. Бұл уәж тек бағамен немесе сыртқы талаптармен емес, ішкі рухани және мәдени себептермен байланысты болуы тиіс. Демек, құндылықтық мазмұн оқушының оқу мотивациясын тұрақты ұстап тұрудың кілті бола алады.

Құндылыққа негізделген оқыту – тұлғаның ішкі әлемін дамытуға, рухани және мәдени бағдарларын қалыптастыруға бағытталған жүйе. Бұл тәсіл оқушының «не үйрендім?» деген сұрағына ғана емес, «неліктен бұл мен үшін маңызды?» деген ойға жетелейді. Мұндай сабақтарда оқыту процесі тек білім мен дағдыны қалыптастыру емес, сонымен қатар тұлғаның өз өмірімен, сезімімен, сенімімен байланысты рефлексиялық тәжірибеге айналады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл және әдебиет сабақтары ерекше әлеуетке ие, өйткені олар адам өміріндегі ең нәзік – рухани және мәдени қабаттармен жұмыс істейді. Құндылықтық бағыттағы сабақтарда оқушылардың мотивациясы үш деңгейде қалыптасады. Біріншісі – когнитивтік мотивация, яғни танымдық қызығушылық. Бұл деңгейде оқушы тіл мен әдебиет материалын қызықты, маңызды, жаңа білім көзі ретінде қабылдайды. Екіншісі – эмоциялық мотивация, мұнда оқушы көркем мәтін арқылы сезім мен ойдың тереңдігіне еніп, оқу процесінен эстетикалық ләззат алады. Үшіншісі – жеке-рухани мотивация, бұл деңгейде оқушы алған білімін өзінің өмірлік тәжірибесімен, адамгершілік ұстанымдарымен байланыстырады. Осы үш деңгейдің үйлесімді дамуы нәтижесінде білім беру процесі тұлғаның рухани және зияткерлік дамуына қызмет етеді.

Әдебиет сабақтарында құндылықтық мотивацияны қалыптастырудың тиімді тәсілдерінің бірі – кейіпкердің өмірлік тәжірибесін талдау арқылы өзіндік ұстаным

қалыптастыру. Мысалы, Абай, Шәкәрім, Бейімбет Майлин немесе М. Әуезов шығармаларындағы кейіпкерлер өміріндегі моральдық таңдауларды талдау кезінде оқушылар өз өмірлерінде кездесетін ұқсас жағдайларды еске түсіреді, өз көзқарастарын салыстырады. Бұл әдіс тек әдеби талдау емес, сонымен қатар тұлғаның өзіндік рефлексиясын тудырады. Нәтижесінде оқушы «бұл мен үшін нені білдіреді?» деген сұраққа жауап іздейді, яғни құндылықты ішкі мотивациялық тәжірибеге айналдырады.

Тіл сабақтарында да құндылықтық мазмұн мотивациялық рөл атқарады. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың рухани коды. Оқушы тіл арқылы мәдениетті, дәстүрді, халықтың дүниетанымын таниды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер ұлттық ойлау жүйесін бейнелейді, ал оларды талдау мен қолдану оқушылардың рухани дүниесін байытады. Мысалы, «Жақсы сөз – жарым ырыс» немесе «Адамның көркі – шүберек, ақылдың көркі – сөз» деген мақалдардың мағынасын талдау оқушыларды тіл мәдениетіне, әдепке, қарым-қатынас мәдениетіне баулиды. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың тілді құр жаттамай, оның рухани мәнін түсініп үйренуіне ықпал етеді.

Құндылықтық мотивацияның тағы бір маңызды механизмі – эмпатия. Әдебиет сабағында оқушылар кейіпкерлерге эмоционалды тұрғыда еніп, олардың сезімін бастан кешіреді. Бұл үдеріс оқушылардың адамгершілік қабілеттерін, түсіну мен жанашырлық сезімін дамытады. Мәселен, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқығанда оқушы Абайдың ізгілік пен әділдік жолындағы күресін сезінеді, оның ой-толғаныстары арқылы рухани биікке көтеріледі. Мұндай сабақтар оқушының ішкі жан дүниесіне әсер етіп, оқу процесін жай ақпарат алудан терең сезім мен түсінікке айналдырады. Тіл мен әдебиеттің құндылықтық мотивациялық әлеуетін күшейтуде мұғалім тұлғасының рөлі айрықша. Мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, құндылық трансляторы, рухани бағыт беруші. Оның сөзі, интонациясы, мінез-құлқы, сабақтағы қарым-қатынасы – бәрі оқушыларға әсер етеді. Егер мұғалім өзі құндылыққа сеніп, оны іс жүзінде көрсетсе, оқушылар да соған еліктейді. Сондықтан құндылыққа негізделген оқытудың басты шарты – мұғалімнің рухани мәдениеті мен тұлғалық үлгісі.

Мотивацияны арттырудың тағы бір құралы – оқушылардың өмірлік тәжірибесін сабақ мазмұнымен байланыстыру. Мысалы, оқушы әдеби шығармадағы кейіпкердің қиын таңдауын өз өміріндегі шешімдермен салыстырады немесе тіл сабағында мақал-мәтелдерді қолдана отырып өмірлік мысалдар келтіреді. Мұндай тәсілдер білімді жеке тәжірибемен ұштастырады, ал бұл өз кезегінде оқу процесін мағыналы әрі уәжді етеді.

Цифрлық дәуірде мотивацияны сақтау ерекше өзекті мәселе. Оқушылар ақпарат тасқыны мен гаджеттер әлемінде өсіп келеді, олардың назарын сабаққа аудару қиындай түсті. Осы тұрғыда мұғалім құндылықтық мазмұнды заманауи технологиялармен ұштастыруы қажет. Storytelling, Padlet, Kahoot, Quizizz сияқты платформалар арқылы оқушылар өз идеяларын цифрлық форматта ұсына алады. Мысалы, әдеби кейіпкердің атынан storytelling бейнеролик жасау немесе ұлттық құндылықтар бойынша интерактивті викторина құрастыру – оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін әрекетке айналдырады. Бұл – құндылықты сезінудің прагматикалық тәсілі.

Құндылыққа негізделген сабақтардың мотивациялық әсері бірнеше ғылыми аспектілер арқылы түсіндіріледі. Біріншіден, психологиялық тұрғыдан, мұндай сабақтар оқушының ішкі қажеттіліктерін қанағаттандырады: өзін тұлға ретінде сезіну, қоғамда өз орнын табу, мағына іздеу. Бұл – В. Франклдің «өмірдің мәнін табу» концепциясымен үндес. Екіншіден, педагогикалық тұрғыдан, құндылықтық мотивация оқушының белсенді позициясын қамтамасыз етеді: ол енді пассив қабылдаушы емес, өз ойы мен сезімін ашық білдіретін субъект. Үшіншіден, әлеуметтік тұрғыдан, мұндай сабақтар тұлғаның жауапкершілік сезімін, қарым-қатынас мәдениетін және қоғаммен байланысын дамытады. Құндылықтық мазмұн оқушылардың шығармашылық белсенділігін де арттырады. Мысалы, «Менің рухани ұстазым – ...» тақырыбындағы эссе немесе подкаст жазу, әдеби кейіпкерге хат жазу, көркем мәтін бойынша рөлдік қойылым ұйымдастыру – оқушылардың эмоционалды және интеллектуалдық энергиясын біріктіреді. Бұл процесте оқушы өз ойын, сезімін, көзқарасын білдіре отырып, шығармашылық арқылы құндылықты өмірлік ұстанымға айналдырады.

Құндылыққа негізделген сабақтардың мотивациялық тиімділігін педагогикалық зерттеулер де дәлелдейді. Мәселен, зерттеулерде құндылықтық мазмұн енгізілген сабақтарда оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы және эмоциялық қатысуы айтарлықтай жоғары болатыны анықталған. Олар сабақ соңында «бұл маған не берді?» деген сұраққа нақты жауап таба алады, ал бұл рефлексия – ішкі уәждің көрінісі. Мұндай сабақтардың нәтижесінде оқушыларда бірнеше маңызды қасиет қалыптасады: рухани тұрақтылық, жауапкершілік, адамгершілік, мәдени талғам және ой еркіндігі. Олар тек білім алушы емес, өз өмірін саналы құндылықтар жүйесіне негіздей алатын тұлғаға айналады. Осылайша, құндылықтық бағыттағы тіл мен әдебиет сабақтары білім мен тәрбие арасындағы табиғи байланысты қалпына келтіреді. Алайда бұл жүйені тиімді іске асыру үшін мұғалімдердің кәсіби даярлығы жоғары болуы керек. Құндылықтық оқытудың мотивациялық әсері мұғалімнің өз ұстанымына, әдіс-тәсіл таңдауына, оқушылармен өзара әрекеттесу мәдениетіне тікелей байланысты. Мұғалім тек тақырып мазмұнын түсіндіріп қана қоймай, әр оқушының ішкі әлеміне жол таба білуі қажет. Ол үшін педагогикалық эмпатия, рефлексия, шығармашылық еркіндік және кәсіби махаббат қажет. Болашақта құндылыққа негізделген оқыту технологияларын одан әрі жетілдірудің басты бағыты – мотивация мен рухани дамудың арасындағы байланыс механизмін зерттеу. Бұл бағытта аксиологиялық педагогика, когнитивтік психология және нейродидактика ғылымдарының тоғысы жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қорытындылай келгенде, құндылыққа негізделген тіл және әдебиет сабақтарының мотивациялық әсері – білім берудегі ең маңызды жаңғыру бағыттарының бірі. Бұл сабақтар оқушылардың танымдық қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың рухани қажеттіліктерін де қанағаттандырады. Мұндай жүйеде оқушы білім алушы ғана емес, ойлайтын, сезінетін, әрекет ететін тұлғаға айналады. Құндылықтық мотивация білімді өмірдің мәнімен, адамдық болмыспен байланыстырады. Ал мұғалім осы процестің дирижері ретінде оқушының жүрегіне жол таба білуі тиіс. Тіл мен әдебиет сабақтарындағы құндылықтық мотивация – оқушыны ізгілікке, мәдениетке, ұлттық санаға, рухани тұтастыққа бастайтын жол. Бұл жол білім мен тәрбиенің тоғысқан тұсы, адамның ішкі әлемін байытатын алтын көпір. Сондықтан құндылыққа негізделген сабақтар – болашақ ұрпақтың тек зияткерлік емес, рухани әлеуетін де қалыптастырудың ең сенімді тетігі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балтабаева Ж.Қ. Оқу пәндері арқылы құндылықтарды қалыптастыру / https://uba.edu.kz/storage/app/media/%D0%9F%D1%80%D0%B5%D0%B7%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F.pdf?utm_source
2. Болтаева Ә.М. Мотивация психологиясы. Оқу құралы. - Алматы «Қазақ университеті» 2020.

ӘДЕБИ МӘТІН АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУДЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Асетова А.Л.
Ә. Марғұлан атындағы ППУ оқытушысы, Павлодар, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның рухани дамуы мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Әсіресе тіл мен әдебиет пәндері білім алушылардың ұлттық болмысын, дүниетанымын, құндылық бағдарын айқындайтын маңызды сала болып отыр. Әдеби мәтін - тек эстетикалық құндылық қана емес, ол ұлттың дүниетанымы мен мәдени жадын сақтаушы рухани құрал. Құндылық бағдарлы білім беру тұжырымдамасында әрбір пән мазмұны адамның ізгілікті, отансүйгіш, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етуі тиіс екендігі атап көрсетіледі [1, 27-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби мәтінді психолингвистикалық тұрғыда талдау - ұлттық құндылықтарды меңгерудің тиімді жолдарының бірі. Әдеби мәтін арқылы ұлттық құндылықтарды дарытудың психолингвистикалық негіздерін айқындауымыз қажет болып отыр. Зерттеу міндеттеріне

психолингвистика ғылымының тіл мен сана байланысын зерттеу ұстанымдарын қарастыруды; әдеби мәтіндегі ұлттық құндылықтардың тілдік және танымдық көрінісін талдауды; бағдарлы оқытуда психолингвистикалық тәсілдерді қолданудың мүмкіндіктерін көрсетуді жатқызамыз.

Психолингвистика - тіл мен ойлау, тіл мен сана, тіл мен тұлға арасындағы байланысты зерттейтін ғылым саласы. Ол адамның сөйлеу әрекетін, тілдік бірліктердің қабылдану және жасалу үдерісін қарастырады. Психолингвистикалық тұрғыдан тіл - тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар тұлғаның дүниетанымын бейнелейтін танымдық жүйе болып табылады [2, 45-б.]. Тілдік сана - адамның тіл арқылы дүниені қабылдау, бағалау және түсіну қабілеті. Тілдік сана құрылымында ұлттық мәдени ерекшеліктер, дәстүр, дүниетаным элементтері көрініс табады. Әдеби мәтін осы тілдік сананы қалыптастыру мен дамытуда ерекше қызмет атқарады. Себебі, көркем сөз арқылы оқушы ұлттық болмысты сезініп, рухани тәжірибесін кеңейтеді.

Қазақ тіл білімінде тіл мен таным, тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалымдар Ф.Ш. Оразбаева, Ә.Қайдар, Г.Смағұлова, Н.Уәли және т.б. өз еңбектерінде тілдік тұлға ұғымын қалыптастырды [1, 56-б.]. Бұл еңбектерде адам санасында тілдік бірліктердің психологиялық бейнеленуі мен ұлттық мазмұнның байланысы жан-жақты ашылған. Әдеби мәтін ұлттың тарихи, мәдени және рухани болмысын айқындайтын ерекше тілдік құрылым болып табылады. Ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, ойлау жүйесі, мінез-құлқы ұлттық дүниетанымммен тығыз байланысты. Мысалы, қазақ әдебиетіндегі «ару», «намыс», «қонақжайлық», «ата-баба аманаты» сияқты ұғымдар тек сюжеттік элемент емес, ұлттық құндылықтардың көрінісі ретінде танылады [3, 88-б.].

Мектеп пен жоғары оқу орындарында әдеби мәтіндерді оқытуда осы құндылықтық мәнге назар аудару тұлғаның рухани әлеуетін арттырады. Әдеби мәтінді талдау барысында білім алушылар кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай отырып, өздерінің ішкі құндылықтар жүйесін салыстырады. Бұл үдеріс психолингвистикалық тұрғыдан адамның когнитивтік және эмоциялық механизмдерін белсендіреді. Қазақ әдебиетіндегі көркем мәтіндер ұлттық дүниетанымды бейнелеудің қуатты құралы болып табылады. Мысалы, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасын психолингвистикалық тұрғыдан талдағанда, тілдік бірліктер мен кейіпкердің ішкі сөйлеу әрекеті оқырманның эмоционалдық қабылдауына тікелей әсер етеді. Шұғаның монологтарында кездесетін «жүрегім ауырып кетті», «сезімімді сөзбен жеткізе алмадым» сияқты тілдік құрылымдар эмоциялық санадағы күйзеліс пен нәзіктік ұғымдарын белсендіреді. Бұл сөздер тек лексикалық мағына беріп қана қоймай, оқушы санасында «қазақ қызының нәзік болмысы», «махаббат пен адалдық» сияқты мәдени стереотиптерді жаңғыртады. Осылайша, көркем мәтінді қабылдау кезінде оқырман ұлттық эмоционалдық кодты тіл арқылы қайта жаңғыртады. Бұл - психолингвистикалық интерпретацияның маңызды көрсеткіші.

Тағы бір мысал ретінде М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы диалогтерді талдауға болады. Абай мен Құнанбай арасындағы пікірталастарда қолданылған «ел қамы», «әділдік», «парыз», «ар» сияқты ұғымдар когнитивтік санада ұлттық мораль мен рухани өлшемдерді белсендіреді. Мұндай тілдік таңбалар ойлау үдерісін ұлттық мазмұнмен бағыттап, өзіндік құндылық жүйесін салыстыруға итермелейді. Психолингвистикалық тұрғыдан мұнда екі деңгейлі қабылдау жүреді. Мәтіннің мағынасын түсіну және сол мағынаны өзінің ішкі сана кодымен интерпретациялау. Осы әдіспен талдау барысында біз сөздің артындағы мәдени-ұлттық астарды байқай аламыз. Тілдік сана мен ұлттық дүниетанымның өзара байланысын тәжірибе жүзінде сезінеміз.

Көркем мәтін арқылы ұлттық құндылықтарды қабылдау кезінде оқушының қабылдау, түсіну, интерпретация және бағалау сатылары іске қосылады. Әрбір сатыда тілдік таңбалар санада ұлттық мәдени кодпен байланысады. Бұл байланыс ұлттық дүниетанымды жаңғыртуға және тілдік сананы байытуға әсер етеді. Әдеби шығарманы қабылдау процесі күрделі психолингвистикалық құбылыс. Оқушы мәтінді қабылдағанда, ондағы сөздер мен бейнелерді өзінің өмірлік тәжірибесімен, мәдени фонымен салыстырады. Бұл санада жаңа мағыналық құрылымдардың түзілуіне әкеледі [4, 59-б.]. Психолингвистика тұрғысынан көркем мәтін оқу

үдерісінде үш деңгейде әсер етеді. Бірінші, танымдық деңгейде оқушы жаңа ақпарат алады және ұлттық ұғымдармен танысады. Екінші, эмоциялық деңгейде кейіпкерлердің сезімі мен тағдырына еніп, эмпатия қалыптасады. Үшінші, құндылықтық деңгейде оқушы өз әрекетін, көзқарасын ұлттық өлшеммен салыстырады.

Мұғалім осы психолингвистикалық сатыларды ескере отырып, әдеби шығарманы талдау кезінде құндылық бағдарлы сұрақтар қоюы керек. Мысалы: «Бұл кейіпкердің ісі қазақ дүниетанымында қалай бағаланады?», «Осы оқиғада қандай ұлттық ұғымдар көрініс тапқан?» деген сұрақтар оқушылардың ұлттық сана мен эмоциялық сезінуін қатар дамытады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды меңгертуде диалогтік оқыту, ассоциативтік карталар, бейнежобалар сияқты әдістер психолингвистикалық тұрғыдан тиімді. Бұл тәсілдер оқушылардың сөйлеу әрекетін белсендіреді, мәтінді терең түсінуге және ішкі рефлексия қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құндылық бағдарлы білім беруде психолингвистикалық тәсілдерді қолданудың тиімділігі - оқушының тіл мен ойлау әрекетінің табиғи байланысын дамытуында. Әдеби мәтінді талдау барысында оқушының когнитивтік процестері белсенді жұмыс істейді. Мұғалім осы процестерді ескере отырып, мәтінді талдауда оқушының ішкі ойлау механизмдерін іске қосуға жағдай жасауы тиіс. Мысалы, кейіпкердің сөзін немесе әрекетін түсіндіру арқылы оқушы өз көзқарасын тілдік формада білдіреді. Бұл тілдік сана мен мәдени код арасындағы байланысты тереңдетеді. Демек, психолингвистикалық талдау оқушының тілдік қабілетін ғана емес, ұлттық ойлау жүйесін де қалыптастырады.

Цифрлық білім беру ортасында әдеби мәтінді психолингвистикалық тұрғыда меңгертудің жаңа мүмкіндіктері пайда болды. Электронды оқулықтар, интерактивті платформалар, мультимедиалық материалдар көркем мәтінді қабылдаудың жаңа формаларын ұсынады. Мұндай құралдар оқушылардың қабылдау және ойлау әрекетіне қосымша визуалды және аудиалды стимулдар беріп, мәтін мазмұнын терең түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, заманауи технологиялар арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын бейнелейтін бейнежобалар мен шығармашылық подкасттар жасау психолингвистикалық белсенділікті арттырып, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын нығайтады.

Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның рухани және ұлттық болмысын қалыптастыру қоғамның мәдени дамуы мен тұрақтылығының маңызды кепілі. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби мәтінді психолингвистикалық тұрғыда талдау оқыту процесінде ерекше мәнге ие. Әдеби мәтін -ұлттық мәдени кодты сақтайтын және келесі ұрпаққа жеткізетін рухани құбылыс. Ол арқылы оқушы тек тілдік білім ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетаным, құндылықтық бағдар және рухани сана қалыптастырады. Психолингвистикалық тәсіл әдеби мәтінді қабылдау мен түсінудің когнитивтік, эмоциялық және құндылықтық деңгейлерін ашып көрсетеді. Бұл тәсіл арқылы оқушылар ұлттық ұғымдарды таниды, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалау барысында өз құндылықтар жүйесін қалыптастырады және ұлттық сана мен мәдени сәйкестігін терең сезінеді. Әдеби шығарманы талдау үдерісінде психолингвистикалық әдістерді (диалогтік оқыту, ассоциативтік талдау, бейнежоба, т.б.) қолдану оқушының тілдік санасын дамытуға, ішкі рефлексиясын арттыруға және рухани дүниесін байытуға ықпал етеді. Сондықтан әдеби мәтінді психолингвистикалық тұрғыда зерделеу - ұлттық құндылықтарға негізделген тұлға тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады.

Қорыта келгенде, әдеби мәтінді психолингвистикалық тұрғыдан талдау тұлғаның ұлттық сана-сезімін, рухани дүниесін және тілдік қабілетін біртұтас дамытуға бағытталған тиімді ғылыми-әдістемелік бағыт болып табылады. Бұл тәсіл арқылы оқушылар тек көркем туындының мазмұнын меңгеріп қана қоймай, сол мәтін арқылы ұлттың ойлау жүйесін, мінез-құлық нормаларын, мәдени-рухани құндылықтарын таниды. Әдеби мәтінді қабылдау, интерпретациялау және бағалау үдерісінде психолингвистикалық тетіктерді ескеру оқушылардың когнитивтік және эмоциялық белсенділігін арттырады, ал ұлттық мәдени кодпен байланыс орнату олардың тұлғалық және азаматтық өзіндік санасын қалыптастырады. Сондықтан да, қазіргі білім беру жүйесінде психолингвистикалық талдау ұлттық болмыс пен рухани тұтастықты сақтауға, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникацияда ұлттық

дүниетанымды дәріптеуге мүмкіндік беретін маңызды педагогикалық бағыт ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. - 208 б.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы: Санат, 2004. - 560 б.
3. Смағұлова Г. Мәдениетаралық коммуникация және ұлттық болмыс. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 180 б.
4. Уәли Н. Тіл мәдениеті және ұлттық сана. - Алматы: Қазақ тілі, 2010. - 212 б.
5. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы және құндылық бағдар. - Астана: ЕҰУ баспасы, 2015. - 156 б.

БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

[1]Аубакирова С.Т., [2]Қапантайқызы Ш.

[1]2 курс магистранты, [2]Ғылыми жетекші: П.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның кәсіби ғана емес, рухани дамуын қамтамасыз ету. Бұл міндетті жүзеге асырудың маңызды жолдарының бірі – болашақ мұғалімдердің аксиологиялық (құндылықтық) құзыреттілігін қалыптастыру. Өз кезегінде тіл мен әдебиет мұғалімі оқушылардың тілдік қабілетін дамытумен қатар, олардың рухани және мәдени құндылықтарын да қалыптастырады. Бұл зерттеу жұмысы негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы студенттерінің бойындағы аксиологиялық құзыреттілігін дамытудың алғышарттары мен өз тәжірибеміз бойынша жүргізілген әдіс-тәсілдердің нәтижесін шығаруды мақсат етеміз.

Аксиологиялық құзыреттілік тіл білімін оқыту арқылы алынған білімнің құндылықтық және студент бойында жеке тұлға қалыптастырудың пайдалық мәніне көбірек назар аударады. Аксиология – құндылықтар теориясын зерттейтін философияның бір саласы, ол адамдағы ізгілік пен дұрыс мінез-құлықты сипаттауға бағытталған сала [1]. Аксиологиялық тұрғыдан қарағанда, білім алушылар тіл үйрену және үйретудің құндылық аспектісін негізге алып, тіл білімін меңгерудің практикалық және рухани маңызын арттырады. Тілді оқыту үдерісі арқылы білім алушылар әртүрлі тілдік стильдерді айырып тануға, тілдік формаларды талдауға, сондай-ақ ойды, идеяны және ақпаратты дәл, еркін, орынды түрде жеткізуге дағдыланады. Яғни, аксиология аспектісі тіл үйренудің адам тұлғасын құндылық тұрғысынан қалыптастырудағы және қоғамдық коммуникация мәдениетін арттырудағы рөлін айқындайды.

Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі – «адамның өмірлік әлемі», «әлемнің бейнесі», әлеуметтік ортаның ішкі нұсқаулары, нормалары, уәждемелік қажеттілік өрісі, адам белсенділігінің негізгі реттеушісі [2]. Құндылық бағдар адам санасының негізін құрайды, дүниетанымдық көзқарастарына ықпал етеді және өзгермелі саяси-экономикалық жағдайда тұлғаның тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Бұл нұсқаулар уәждемені басқаруға, тұлғаның іс-әрекетін бағыттауға және оның мінез-құлқын анықтауға қызмет етеді. Осылайша, құндылық бағдар негізгі, тұрақтандыратын, реттейтін және бағыттайтын қызметтерді атқарады. Тұлғаның құндылық бағдары тек тұлға қалыптасу уақытына дейін ғана емес, өмір бойы жүретін процесс. Адам өмірінде орын алатын факторлар, оның әлемге деген көзқарасы мен қарым-қатынасын, маңызды деп қабылдайтын аспектілердің ауысып отыруын қамтамасыз етеді. Яғни, құндылық жүйесі де әрдайым ауыспалы күйде болады.

Жоғары оқу орнының оқушысының бойында құндылық бағдар дамытудың жолы – аксиологиялық тәсіл. Құндылыққа бағытталған оқыту үдерісінде студент тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсініп, кәсіби қызметінің рухани мәнін ұғынады. Мұндай тәсіл оқыту үдерісінде тек білімді меңгеру ғана емес, сонымен қатар тұлғалық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталмыш тәсілді ғалым Королева А.В. өз зерттеуінде студенттерді әлеуметтік тәрбиелеу арқылы ұлттық сананы жаңғыртудың әдіснамалық

тәсілдеріне енгізеді [3]. Аксиологиялық тәсіл барлық гуманистік тұжырымдамалардың негізі, онда адам адамзаттың ең жоғары құндылығы ретінде әрекет етеді. Аксиологиялық көзқарас тәрбие ұлттық және әлемдік мәдениеттің рухани-адамгершілік дәстүрлері мен нормаларына негізделуі керек деп тұжырымдайды. Бұл тәсіл студент бойында кәсіби құндылықты дарытудың да өзегі десек, қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындауда тек тілдік құндылық ұғымдарын көздемей, кәсіби аксиологиялық құзыреттілігін де арттыратыны анық.

Әлеуметтік тұрғыдан қолайлы ортада адам қоғамда маңызы бар мінез-құлық пен іс-әрекет формаларына сай қажеттіліктерін қалыптастырады. Қоғам өз кезегінде тұлғаның таңдау ұстанымдарына сәйкес келетін бірыңғай құндылықтар жүйесін айқындайды, оған терминалдық және инструменталдық құндылықтар жатады. Тұлғаның кәсіби дамуы оның құндылықтар жүйесін түсінуімен және қабылдауымен тікелей байланысты. Бұл процесс адамның кәсіби тұрғыдан психологиялық, аксиологиялық және тұлғалық қалыптасуында айқын көрініс табады. Кәсіби дамудың ішкі құрылымдарына жаңа технологияларды енгізу, кәсіби маңызды мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін қолдану, студенттің оқу барысында жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тұлғалық сапаларын жетілдіру, сондай-ақ мотивтер мен құндылықтар жүйесін жаңарту кіреді. Р.К. Төлеубекованың пайымдауынша, құндылық бағдарлар жүйесі маманның өз кәсіби міндеттеріне деген тұлғалық қатынасын қамтиды [4].

Осылайша әрбір мамандықтың өзіне тән мәні мен мазмұнын айқындайтын ерекше құндылықтары бар екенін ескерсек, «кәсіби құндылықтар» ұғымы адамның кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алатын, меңгеретін және жүзеге асыратын құндылық бағдарларын білдіреді. Сол себепті «кәсіби құндылық» – тұлғаның кәсіби қызметіндегі әлеуметтік және жеке маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде қарастырылады [5]. Демек құндылық категориясын зерттеу адамның таңдау ерекшеліктерін және оның өмірдің түрлі құбылыстарына деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік беретін әдіснамалық негіздермен сипатталады. Аксиологиялық тұрғы тұлғаның үйлесімді дамуын және кәсіби білімнің мәнін гуманистік бағытта түсіндіруге жағдай жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда, құндылық ұғымдарының объективті сипаты адамның жалпы болмысын айқындайды. Аксиологиялық және гуманистік тәсілдердің өзара байланысы «құндылықтар мен мақсаттардың» арақатынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ф.Ш. Оразбаева өз еңбектерінде студенттің өздік және шығармашылық жұмыстарының тілдік және тұлғалық дамудағы маңызын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, мұндай жұмыстар студенттердің сөздік қорын байытып, қазақ тілінің қолданыс аясы мен қатысымдық мүмкіндіктерін терең тануға жол ашады. Бұл үдерісте студенттерге этикеттік орамдар, көріктеуіш тілдік құралдар, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер ұсынылып, олардың тілдік қорына орнығуына бағытталған тапсырмалар орындалады. Мұндай әдістемелік тәсіл оқу мотивациясын арттырып, студенттің қазақ тілін еркін әрі белсенді қолдануына ынталандырады. Сонымен қатар, интеграциялық сипаттағы білім мазмұны жастардың ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауына, ұлттық рухының нығаюына ықпал етеді. Ал қазақ тілінің ішкі әлеуетін тану болашақ маманның кәсіби қызметінде оны орынды қолдануға ұмтылысын арттырып, кәсіби өмірде тілдің маңызын сезінуге жетелейді. Ең маңыздысы бұл үдеріс студенттің интеллектуалдық әлеуетін дамытып, өз халқының мәдени және рухани мұрасын қадірлей білетін нағыз зиялы тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады [6].

Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеу жұмысының негізі ретінде педагогикалық іс-тәжірибемізде қолданылған әдіс-тәсілдердің нәтижесі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығында оқитын 4-курс студенттерінің БӨЖ (білімалушының өзіндік жұмысы) жұмыстарын алдық. Тәжірибенің басты мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы студенттерінің бойында кәсіби, мәдени және рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау. Тәжірибелік жұмыстар барысында студенттердің тілді меңгеру деңгейімен қатар, олардың кәсіби бағдарын айқындау, мәдени сана мен этикалық құндылықтарды дамыту көзделді. Сабақтар мазмұны мен формасы жағынан студенттің жеке тұлға ретіндегі дамуын, өзін-өзі тануын және қоғам алдындағы кәсіби жауапкершілігін сезінуін қамтамасыз етуге бағытталды.

Қазақ тілі мұғалімі ретінде кәсіби бейнесін қалыптастыру мақсатында «Қазақ тілі мұғалімі – қазіргі Қазақстан қоғамындағы ең қажетті мамандық» тақырыбында эссе жазу жұмысын ұтымды деп қарастырдық. Тапсырманың негізі мақсаты – студенттердің өз мамандығына деген көзқарасын анықтап, мұғалім еңбегінің рухани және әлеуметтік құндылығын сезіндіру. Сабақта эссе жазу және өзара бағалау әдістері қолданылды. Бұл әдіс студенттің кәсіби ойлауын жетілдіріп, өз пікірін дәлелді түрде жеткізу дағдысын қалыптастырды. Эссе жазу арқылы студенттер берілген мәселені өз ойын жеткізу, басты құндылықтарды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік көзқарасын білдіру арқылы ашады, дәлелдейді, тезис арқылы пайымдайды [7]. Эссе жазу барысында студенттер мұғалім мамандығын тек кәсіп емес, қоғам мен ұлттың рухани тірегі ретінде қарастырып, «мұғалім – ұлттық сананы қалыптастырушы тұлға» деген ұстанымға келді. Сабақ нәтижесінде студенттердің сыни ойлау дағдылары, рефлексия жасау қабілеті және кәсіби жауапкершілігі артты. Өзара бағалау үдерісінде әділдік, құрмет және сенім сияқты адамгершілік құндылықтар айқын көрініс тапты. Бұл сабақ аксиологиялық тұрғыдан студенттің кәсіби-рухани бағыттылығын тереңдетіп, мамандықтың қоғамдық маңызын ұғындыруға септігін тигізді. 1-кестеде эссе жұмыстарын өзара бағалау үшін бағалау критерийлері ұсынылған.

Бағалау критерийлері	Сұрақтар	Баға
Кіріспе	Тақырып анық көрсетілген бе? Негізгі ойы айқын ба?	
Негізгі бөлік	Дәлелдер жеткілікті ме? Мысалдар қолданылған ба?	
Қорытынды	Ой тұжырымдалған ба? Оқырманға әсер қалдыра ма?	
Логика мен құрылым	Ойдың логикалық тізбегі ретімен берілген бе? Абзацтар дұрыс бөлінген бе?	
Тілдік сауаттылық	Грамматикалық, орфографиялық, тыныс белгілері сақталған ба?	
Шығармашылық	Ерекше ой, өзіндік көзқарас байқала ма?	

1-кесте. Эссе жұмысын бағалау критерийлері

Тұлғалық құндылықтарын дамытып, кәсіби ойлау дәрежесін арттыру үшін Т. Шонановтың «Зерттеу әдісі» мақаласын рөлдік талдау әдісі ұйымдастырылды. Басты ерекшелігі – студенттерге әртүрлі әлеуметтік және кәсіби рөлдер беріліп, мақаланы сол рөлдер тұрғысынан талдау тапсырылды (мысалы, зерттеуші, тілші, тарихшы, әдіскер, журналист, министрлік өкілі т.б.). Бұл әдіс студенттердің аналитикалық, сындарлы және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытты. Әр рөл нақты әлеуметтік көзқарасты бейнелегендіктен, студенттер өз ұстанымын дәлелдеуге және өзгенің пікіріне құрметпен қарауға үйренді. Аксиологиялық жағынан рөлдік талдау әдісі студенттерде толеранттылық**,** объективтілік**,** әділдік және ғылыми адалдық құндылықтарын қалыптастырды. Сабақ барысында пікірталас мәдениеті, кәсіби этика және интеллектуалды өзара құрмет орнады. Нәтижесінде, студенттер зерттеу әдісін теория жүзінде ғана емес, тәжірибеде де қолдану мүмкіндігін көрді, ал бұл олардың кәсіби аксиологиялық құзыреттілігінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етті.

Қазақ тілін оқытуда әдеби мәтіннің, соның ішінде өлеңнің орны ерекше. Өлең – тіл мен мәдениеттің, рух пен эстетиканың тоғысқан тұсы. Келесі әдістің басты мақсаты – студенттердің тілдік және әдістемелік құзыреттілігін арттыра отырып, олардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін тереңдету. Сабақ барысында әр студент өз қалауымен өлең таңдап, оны жатқа айтып және сол өлеңді оқыту әдістемесін ұсынды. Студенттерге келесі жұмыс түрлері міндеттелді: мәнерлеп оқу, жаттау, әдістемелік презентация жасау, шағын топта сабақ үлгісін өткізу; үш тапсырмадан тұратын шағын практикалық жұмыс: өлеңнің құрылымдық ерекшелігіне, тілдік элементтеріне және жаттауға бейімделген тапсырма әзірлеу. Өлең мәтінін таңдау мен оны мәнерлеп оқу студентке тек тілдік материалмен жұмыс істеуді ғана емес, эстетикалық талғам мен рухани сезімді дамытуға мүмкіндік береді. Әр студенттің өз талғамымен өлең таңдауы — оның жеке көзқарасын, рухани дүниесін және мәдени қабілетін танытты. Бұл процесс арқылы студент бойында сұлулықты сезіну, ұлттық поэзияны қадірлеу, шығармашылық еркіндік пен жауапкершілік сияқты құндылықтар қалыптасты.

Оқыту әдістемесін ұсыну барысында студенттер өздерінің педагогикалық шеберлігін көрсетті: әр топ өлеңді оқыту жолдарын жас ерекшелігіне қарай бейімдеп, нақты тапсырмалар

құрастырды. Бұл тәсіл студенттерге шығармашылық дербестік**,** ұйымдастырушылық қабілет және жауапкершілік мәдениетін дарытты. Көпшілік алдында сөйлеу, өз идеясын қорғау және өлең арқылы ұлттық дүниетанымды таныту тәжірибесі студенттерді кәсіби тұрғыдан да, адамгершілік тұрғыдан да дамытты. Өлең жаттау барысында қалыптасқан тілдік-эстетикалық сезім студенттің болашақта сабақ беру үдерісінде тілдің көркемдік әлеуетін дұрыс қолдануға ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, бұл сабақта студент өзін тек тіл маманы емес, рухани тәрбиеші тұлға ретінде сезінді.

Қазақ тілі оқушы бойына құндылық бағдар беру үшін ең тиімді, ұтымды пән. Сондықтан, қазақ тілі мұғалімі ретінде сабақ тақырыбының аксиологиялық бағытын білу, ұйымдастыру да бөлек міндет. Болашақ маман ретінде аталған міндетті атқара алу үшін студенттердің өздеріне зерттеу жұмысы берілді. Әдістемелік зерттеу жұмысының мақсаты – студенттердің бойында қазақ тілінің рухани, мәдени және ғылыми маңызын терең түсіну дағдысын қалыптастыру: зерттеу және талдау; дереккөзбен жұмыс жасау; түсіндіру және салыстырмалы талдау; шығармашылық интерпретация. Сабақ барысында студенттер қазақ тілін рухани құндылық ретінде таныту мақсатында тілдің тарихи дамуы, басқа тілдермен байланысы және қазіргі қолданыстағы ерекшеліктеріне қатысты ғылыми ақпараттарды іздеп, талдады**.** Құнды ғылыми ақпараттарға қойылатын критерийлер (тақырыппен байланыстылығы, дереккөздің нақтылығы, тарихи және мәдени мәні, заманауилығы, тілдік ықпалдылық және ғылыми дәлдік) негізінде жұмыс жүргізілді. Бұл талаптар студенттерді ғылыми адалдыққа**,** ақпараттық дәлдікке және зерттеу мәдениетіне баулыды. Студент әрбір алынған ақпараттың мәнін түсіндіріп, оны болашақ оқушыға жеткізу тәсілін көрсетті. Бұл – тіл мен мәдениеттің сабақтастығын сезіндіретін маңызды тәжірибе. Әдіс студенттерге қазақ тілін ұлттық болмыстың басты белгісі ретінде танытуға мүмкіндік берді. Тілді құр грамматикалық жүйе емес, ұлттың дүниетанымын бейнелейтін рухани құбылыс ретінде тану студенттің кәсіби-аксиологиялық көкжиегін кеңейтті. Әр студенттің ізденісі мен түсіндіру жұмысы оның ұлттық сана-сезімін**,** мәдени жауапкершілігін**,** рухани ойлау кеңістігін кеңейтті. Студенттердің зерттеулеріне шолу жасау мақсатында кейбірінің идеялары төмендегідей:

1) Сілтеу есімдігін оқыту барысында танымдық құндылық бағдар беру (сілтеу есімдіктерін күнделікті өмірде қолдану арқылы қоршаған ортаны тану: мынау не? т.б.)

2) Одағайларды оқыту арқылы эмоциялық құндылық бағдар беру (одағайлардың басты қызметін негізгі ала отырып, адам баласының эмоциялық реңін беру қызметін сипаттау)

3) Біріккен сөздерді үйрету негізінде тарихи, ұлттық құндылық бағдар беру (жер-су атауларының қойылу уәжін анықтау: Барсакелмес қорығы, Қырыққыз тас мүсіні, т.б.).

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау үдерісінде аксиологиялық құзыреттілікті дамыту — кәсіби білім берудің маңызды құрамдас бөлігі екенін айқын көрсетті. Зерттеу барысында студенттердің тіл оқытуды меңгеру деңгейімен қатар, олардың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімділігі дәлелденді. Эссе жазу, рөлдік талдау, өлең арқылы оқыту және зерттеу жұмыстары студенттердің кәсіби ойлауын, сыни және шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, өз мамандығына деген жауапкершілік пен құрмет сезімін арттырды. Әрбір әдістемелік тәжірибе студенттің тілдік дағдысын дамытумен қатар, оның ұлттық рухани дүниесін байытып, адамгершілік ұстанымдарын нығайтты. Нәтижесінде, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының болашақ мұғалімдері тілді тек коммуникативтік құрал емес, ұлттық мәдениеттің рухани өзегі ретінде танып, оны оқытуда құндылықтық көзқарас ұстануға бейімделді. Бұл зерттеу аксиологиялық тұрғыдан кәсіби даярлық мазмұнын байытуға, мұғалім тұлғасының рухани әлеуетін арттыруға және білім беру үдерісінің гуманистік бағытын күшейтуге нақты үлес қосады. *Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.*

Әдебиеттер тізімі:

1. Ginting, D. A., Zaim, M., & Thahar, H. E. (2023). Filsafat Ilmu sebagai Landasan Pengembangan Pendidikan Bahasa. Journal on Education, 5(2), 2881-2887. https://doi.org/10.31004/joe.v5i2.936

2. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары: әдіст. құрал. – Астана, 2013.
3. Королева А.В. Креативность и критичность мышления будущих специалистов // Профессионально-личностное развитие преподавателя и студента: традиции, проблемы, перспективы. – Тамбов, 2016. – С. 56-59.
4. Толеубекова Р.К., Аманова А.К. Ценностные ориентации как часть профессиональной компетентности будущих Специалистов в сфере образования // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2016. – № 1(23). – С. 113-118
5. Канке В.А. История, философия и методология психологии и педагогики: учеб. пос. для магистров / по ред. М.Н. Берулавы. – М.: Издат-во Юрайт, 2014. – 487с.
6. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Ан Арыс, 2009. – 367 б. – Б. 348
7. Миятбекова Ж.К. Эссе жазу әдістемесі. – Шымкент: Өркениет, 2021. – 81 б.

MAHTUMKULU'NUN DÜŞÜNCELERİNDE DEĞERLER EĞİTİMİ

H. Açıkgöz
Türk Dili ve Edebiyatı Öğretmeni, İbrahim Cinkaya Sosyal Bilimler Lisesi, Denizli – Türkiye.

Değerler eğitimi, bireylerin kişilik gelişiminde temel rol oynayan adalet, doğruluk, cömertlik, vatan sevgisi, sabır ve iman gibi evrensel ilkelerin aktarılması sürecidir. Türk dünyasının büyük şairlerinden Mahtumkulu Firakî (1733–1790), bu değerleri şiirlerinde açık ve yalın bir dille işleyerek Türkmen halkının manevi rehberi olmuştur. Onun şiirleri, yalnızca Türkmen edebiyatının değil, aynı zamanda Türk dünyası ortak kültür mirasının da temel kaynakları arasında yer almaktadır (Bayramov, 2014, s. 57).

UNESCO'nun 2024 yılını "Mahtumkulu Yılı" ilan etmesi, bu büyük şairin düşüncelerinin günümüzde de geçerli ve evrensel olduğunun göstergesidir. Mahtumkulu'nun eserlerinde yer alan ahlâkî, toplumsal ve dinî değerler, modern pedagojide önemli bir yere sahip olan değerler eğitimi açısından yeniden yorumlanmaya muhtaçtır.

1. MAHTUMKULU'NUN HAYATI VE DÖNEMİ

Mahtumkulu, XVIII. yüzyılda Türkmenistan'ın Gerkez boyuna mensup bir ailede dünyaya gelmiştir. Babası Devletmämmet Azadi, dönemin tanınmış şair ve bilginlerindendir. Mahtumkulu, klasik medrese eğitiminin yanında halkın içinden biri olarak onların dilini, acılarını ve umutlarını şiirine taşımıştır (Aşırov, 2012, s. 18).

XVIII. yüzyılda Türkmen toplumu aşiret kavgaları, parçalanmışlık ve dış baskılar nedeniyle zor bir süreçten geçmekteydi. Mahtumkulu, şiirlerinde halkını birlik, adalet ve iman ekseninde kenetlenmeye çağırmış; bireysel ahlaktan toplumsal sorumluluğa kadar geniş bir değerler yelpazesi sunmuştur (Buran, 2019, s. 142).

2. AHLAKÎ DEĞERLER

2.1 Adalet ve Doğruluk

Türkmen Türkçesi
Adalatsyz kişi bolmaz döwletli,
Dogrulyk bilen tapar yns izzeti.
Egrilikde ýoluň barar zillete,
Dogry sözlü bolan tapar murady.
(Aşırov, 2012, s. 85)

Türkiye Türkçesi:
Adaletsiz kişi olmaz devletli,
Doğrulukla bulur insan izzeti.
Eğri giden yolun sonu zilleti,
Doğru sözlü olan bulur muradı.

Bu bentte şair, adaletin toplumsal düzenin, doğruluğun ise bireysel onurun kaynağı olduğunu vurgular. Eğrilik ve hile, bireyi zillete götürürken, doğru sözlülük insanı hem halk hem de Allah katında yüceltir (Köprülü, 2004, s. 233).

3. TOPLUMSAL DEĞERLER

3.1 Vatan ve Millet Sevgisi

Türkmen Türkçesi

Türkmeniň dili bilen göner ýurdy,
Ýat ellere bermez millet derdini.
Watany üçin can berse bir erdi,
Asyrdan asyra dessan bolarmyş.
(Aşırov, 2013, s. 174)

Türkiye Türkçesi:

Türkmenin diliyle gönenir yurdu,
Yabancıya vermez milletin derdini.
Vatan için can verirse bir yiğit,
Asırdan asıra destan olurmuş.

Bu dizelerde dil, vatan ve millet sevgisi iç içe geçmiştir. Şair, dilini ve milletini koruyan yiğidin kahramanlığını "asırlara destan" olarak nitelendirir. Bu yaklaşım, gençlere milli kimliğin korunmasında vatan sevgisinin önemini gösterir (Biray, 2016, s. 98).

4. DİNÎ-TASAVVUFÎ DEĞERLER

4.1 Tevekkül ve İman

Türkmen Türkçesi

Her işiňi Mevlâ'ya tabşyr eýle,
Kalbyňa kibrini hijran eýleme.
Dünýä maly üçin gam ýükleme,
Tewekkül eden tapar rahmeti.
(Aşırov, 2012, s. 257)

Türkiye Türkçesi:

Her işini Mevlâ'ya teslim eyle,
Kalbine kibiri hicran eyleme.
Dünya malı için gam yükleme,
Tevekkül eden bulur rahmeti.

Burada şair, insanın hayatındaki en büyük dayanağın Allah'a güvenmek olduğunu ifade eder. Dünyevî hırs ve kibir, insanın kalbine yük; tevekkül ise rahmetin kapısını açar. Bu düşünce, modern değerler eğitiminde sabır, şükür ve manevi güç kazanımıyla ilişkilendirilebilir (Aşırov, 2012, s. 259).

Mahtumkulu Firakî'nin şiirleri, sadece edebî değil aynı zamanda pedagojik bir işlev taşımaktadır. Onun eserlerinde işlenen değerler –adalet, doğruluk, cömertlik, vatan sevgisi, sabır ve iman– modern değerler eğitiminin de temel taşlarıdır. Günümüz eğitim sisteminde bu değerlerin aktarılması, yalnızca ahlakî bir kazanç değil, aynı zamanda toplumsal kimlik ve birlik bilinci açısından da zorunludur. Bu bağlamda Mahtumkulu'nun düşüncelerinin çağdaş yöntemlerle, hatta yapay zekâ destekli uygulamalarla genç nesillere ulaştırılması büyük önem taşımaktadır.

Kaynakça:

1. Aşırov, A. (2012). Magtymguly: Eserler ýygyndysy (1. cilt). Aşgabat: Türkmenistan Ylymlar akademiýasy.

2. Aşırov, A. (2013). Magtymguly: Eserler ýygyndysy (2. cilt). Aşgabat: Türkmenistan Ylymlar akademiýasy.

3. Bayramov, M. (2014). Türkmen edebiyatında milli kimlik. Aşgabat: Türkmen Devlet Neşriyatı.

4. Biray, N. (2016). Türk Dünyasında Ortak Değerler ve Kimlik. Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, 16(2), 95–110.

5. Buran, A. (2019). Türk Dünyası Edebiyatında Ortak Motifler. Ankara: TDK Yayınları.

6. Köprülü, M. F. (2004). Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara: Akçağ Yayınları.

«ТОҚТЫ МЕН СЕРКЕ» МУЛЬТФИЛЬМІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ

А.С. Бекберген[1], С. С. Шокабаева[2]
[1] 2-курс студенті; [2]Ғылыми жетекші: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті м.а., ф.ғ.к.
Астана, Қазақстан.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетті сақтап, оны жас ұрпақтың санасына табиғи әрі тартымды түрде сіңіру – қоғам алдындағы өзекті міндеттердің бірі. Бұл үдерісте анимация өнері, яғни мультфильмдер ерекше рөл атқарады. Себебі, мультфильм – бала санасына әсер етудің ең нәзік әрі пәрменді құралы, ал оның мазмұнында бейнеленген ұлттық код ұлттың рухани жадын ұрпаққа жеткізетін мәдени медиатор қызметін атқарады.

Зерттеуші А.Лаубаева өзінің мақаласында: «Қазіргі қазақ анимациясы ұлттық дүниетанымға негізделіп, балаларға туған жерге, дәстүрге деген сүйіспеншілікті ұялатады», – деп жазады [1]. Автордың бұл пікірі қазақ анимациясының тәрбиелік және мәдени миссиясын айқындай түседі. Демек, мультфильм – тек ойын-сауық емес, ұлттық құндылықтарды ұғындыратын рухани құрал. Осы тұрғыдан алғанда, «Тоқты мен серке» мультсериалы – ұлттық рух пен заманауи форма тоғысқан ерекше туынды. Оның мазмұнында қазақ дүниетанымы, фольклорлық дәстүр, ұлттық мораль мен мінездің көркем үлгілері тоғысқан. Сондықтан бұл мультфильмді тек ойын-сауық құралы ғана емес, А.Лаубаева атап өткендей, «ұлттық рухани мұра мен заманауи технологияны ұштастырған маңызды мәдени бағыттың» нәтижесі ретінде қарастыру орынды [1].

Ұлттық код – бұл халықтың рухани болмысын, дүниетанымын және тарихи тәжірибесін айқындайтын басты ұғым. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» деп атап өткен [2]. Бұл ой ұлттық кодтың мәнін айқындап, оның рухани жаңғырудың өзегін құрайтынын көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, «ұлттың мәдени коды – өткеннің сарқыншағы емес, керісінше, халық ғасырлар бойы жинақтаған ең өміршең рухани тәжірибелердің жиынтығы» [3, 60-б.]. Демек, ұлттық код – ұлттың рухани жадын жаңғыртып, мәдени жалғастықты қамтамасыз ететін тірі жүйе. Ал қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында ұлттық кодты сақтау мен дамыту жаңа медиамәдени кеңістікте жүзеге асуда, бұл өз кезегінде жаһандану үдерісінде ұлттық бірегейлікті қорғауға мүмкіндік береді.

«Тоқты мен Серке» мультфильмі – қазақтың дәстүрлі дүниетанымын, ұлттық мінезі мен фольклорлық болмысын заманауи медиатіл арқылы жеткізудің көркем үлгісі. Туынды балаларға арналған жеңіл формада жасалғанымен, мазмұнында халықтың мәдени коды, өмірлік қағидалары мен тәрбиелік ұстанымдары терең көрініс тапқан. Мәселен, халқымыздың ең басты ұлттық кодының бірі және бірегейі – тілдік болмыс. «Тіл – ұлттың рухани қазынасы, дүниетанымның айнасы» [4]. Осыған орай, «Тоқты мен Серке» кейіпкерлерінің сөз саптауы мен сөйлеу мәнері қазақтың ауызекі тілінің табиғилығын, шешендік дәстүрін айқын танытады. Мәселен, Тоқтының сабырлы, байыпты сөзі – қазақтың көнеден келе жатқан «сөздің киесі бар» деген ұғымын еске салады. Ал Серке – ойланбай сөйлейтін, қызба мінезді, бірақ шынайы, турашыл кейіп. Осы екі басты кейіпкердің диалогтары арқылы да қазақ тіліндегі интонация, мақал мен тұрақты тіркестердің көркемдік қуаты көрінеді.

Тілдегі ұлттық код тек сөз арқылы ғана емес, мәнер мен ырғақ арқылы да беріледі. Кейіпкерлердің дауысы, сөйлеу екпіні – қазақтың ауыл өміріндегі қарапайым қарым-қатынас үлгісін бейнелейді. Мұнда шетелдік мультфильмдердегі жылтыр эмоция мен шектен тыс пафос жоқ; керісінше, қарапайымдылық пен ұяңдық бар – бұл қазақ мәдениетінің нәзік сипаты. Мультфильм авторлары шетелдік сөздер мен дайын үлгілерге бой ұрмай, қазақы тілдің табиғи бояуын сақтап қалған. Кейіпкерлердің диалогтары халық тіліне жақын: шағын, астарлы, оңай, бірақ терең. Бұл – ұлттық кодтың ең айқын көрінісі. Өйткені тіл – тек қатынас құралы емес, ұлттың жан дүниесін жеткізетін рухани кеңістік.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, нақыл сөздер арқылы мультфильм көрерменге тәрбиелік мәні зор ұлттық ойды ұсынады. Мысалы, «жақсы сөз жарым ырыс», «сабыр түбі сары алтын», «өз үйім өлең төсегім», «артық қыламыз деп тыртық қылдық», «алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» т.б. [5]. Сондықтан бұл туындыдағы ұлттық код тек кейіпкерлердің киімінде, пейзажында немесе музыкада емес, ең алдымен сөзде, тілде, сөйлеу мәнерінде жатыр. Тіл – ұлттың жаны, ал осы мультфильм арқылы қазақтың жаны тіріліп, ұлттық рух көрініс тапқан. Автор кейіпкерлер жүйесін ұлттық кодтың көркем тасымалдаушысы ретінде қолданып, қазақ мәдениетінің терең қабаттарын бейнелейді. Мәселен, мультфильмдегі Тоқты бейнесі – қарапайымдылық пен ізгіліктің көрінісі. Ол ешкімге жамандық ойламайтын, кең жүректі, өмірге мейіріммен қарайтын кейіпкер. Осы қасиеті арқылы Тоқты нағыз қазақы менталитетті – жаны жұмсақ, жүрегі жылы, жақсылыққа сенетін адам бейнесін танытады. «Шипагер Тоқты» бөлімінде оның қасқырды емдеуге бел буып, тіпті өз ата жауына да жақсылық жасауға тырысуы – халқымыздың «жақсылыққа жамандықпен жауап берме» деген ұстанымын айқын бейнелейді. Мұнда ұлттық кодтың негізгі өзегі – мейірім мен ізгілік. Бұл қасиет қазақ мәдениетінде адам болмысының басты өлшемі ретінде қарастырылады. Ал Серке бейнесі – мінезі жылдам, кейде қорқақтау, бірақ энергиясы шексіз, ойланбастан әрекет ететін тұлға. Ол Тоқтыға қарама-қарсы іспетті. Екі кейіпкердің арасындағы динамика қазақ қоғамындағы мінез алуан түрлілігін, ақыл мен әрекет арасындағы тепе-теңдікті көрсетеді. Тоқтының сабыры мен даналығы Серкенің асығыстығын теңестіріп, бірліктегі тепе-теңдік идеясын ұсынады. Бұл – «бірлік бар жерде тірлік бар» деген халық даналығымен астасқан тұжырым.

Мультфильмдегі мысық бейнесі – шығыстық даналық пен ішкі философиялық тепе-теңдіктің көрінісі. Бір қарағанда, ол сиқыр жасауға бейім, тылсым күшке ие кейіпкер болып көрінгенімен, оның мінезі мен әрекеттерінде рухани-дидактикалық астар бар. Мысықтың толық аты – Ибн Хаттаб Зуфра Нью-Йорк әл-Түркістани. Бұл есімнің өзі көп мәдениеттің тоғысын аңғартады: «Ибн Хаттаб» – араб мәдениетіне тән атау, «Зуфра» – парсы не шығыстық түбірден, «Нью-Йорк» – Батыс өркениетінің нышаны, ал «әл-Түркістани» – түркілік тамырды білдіреді. Автор мұндай күрделі есім арқылы мысықтың тұлғасында Шығыс пен Батыстың, көне мен қазіргі мәдениеттің синтезін жасайды.

Мысықтың басты ерекшелігі – оның сиқыры арқылы тілекті керісінше орындауы. Бұл тек күлкі үшін емес, шығыс әдебиетіндегі моральдық сабақтың формасы. Мұндай идеяны біз «Мың бір түн», «Кәлила мен Димна» секілді көне шығыс хикаяларынан да көреміз: кейіпкер тілегін ойланбай айтады, бірақ сол тілегі оған өмірлік сабақ болып оралады. Осы тұрғыдан алғанда, мысық – тәжірибе арқылы үйрететін ұстаз бейнесі. Ол ешкімді жазаламайды, бірақ әр кейіпкердің өз әрекетіне сәйкес нәтиже алатынын көрсетеді. Бұл қазақ дүниетанымындағы «Не ексең, соны орасың» қағидасымен үндес. Демек, мысық бейнесі арқылы мультфильм шығыстық мораль мен қазақтың халықтық даналығын біріктіреді. Бұған қоса оның ерекше киімі, сөйлеу мәнері мен қимылдары заманауи әлем мен дәстүрлі мәдениеттің арасындағы көпір сияқты. Ол кейде мысқылмен сөйлейді, кейде сабырмен тоқтатады, бұл – шығыс даналығына тән ұстамдылықтың заманауи формада берілуі. Мысық бейнесі тек сиқыр емес, таңдау мен жауапкершілік философиясын жеткізеді. Ол арқылы автор балаларға: «Әр істің соңы бар» деген ойды жұмсақ әрі күлкі арқылы ұғындырады.

Ұлттық кеңістіктегі «бөгде мәдени кодтың» көрінісі – мультфильмдегі аю бейнесі. Ол Тоқты мен Серкенің туған өлкесіндегі орманда өмір сүргенімен, оның сыртқы бейнесі орыстың мәдени символикасымен тығыз байланысты. Аюдың үстіндегі жолақты майка мен қызыл пилотка кеңестік кезеңнен тамыр алған орыс морпехтерінің немесе “кеңестік батырдың” киім үлгісін еске түсіреді. Бұл киімнің мультфильмге енуі кездейсоқ емес. Ол арқылы автор мәдени ықпалдастық пен бөтен кодтың ену феноменін бейнелейді: яғни, қазақ табиғи кеңістігіне өзге мәдениеттің таңбасы кірігіп отыр. Бірақ бұл кірігу агрессивті немесе теріс формада емес – күлкілі, жұмсақ, бейімделген сипатта. Аю сол даланың тұрғыны, бірақ оның сыртқы бейнесі арқылы көрермен кеңестік-орыс мәдениетінің символикасын таниды. Бұл – мәдени интерференцияның, яғни өзге мәдени кодтардың бейбіт қатар өмір сүруінің

көркем моделі. Осы тұста автор ұлттық кодты қорғаудың бір тәсілін де ұсынады: Тоқты мен Серке өз болмысынан, өз сөзінен, өз салтынан айнымайды. Олар бөтен образдармен бір кеңістікте өмір сүрсе де, қазақтың ішкі мінезі мен құндылықтарын сақтай отырып әрекет етеді. Сондықтан аюдың орыс мәдениетіне тән бейнеде суреттелуі мультфильмнің идеясында мәдени полифонияны – әртүрлі мәдениеттердің бір кеңістікте қатар өмір сүре алуын көрсетеді. Бірақ негізгі акцент әрдайым Тоқты мен Серкенің бойындағы ұлттық сипатқа, яғни сөзге тоқтау, қонақжайлылық, шешендік, сабыр мен ізгілік сияқты қасиеттерге беріледі.

«Шет елдік» бөлімінде Тоқтының «бізде қонақты сыйлайтын дәстүр бар» деуі – қазақ мәдениетінің өзегіндегі қонақжайлылық дәстүрінің көрінісі. Мұнда ұлттық код тек сөз арқылы емес, іс-әрекет арқылы беріледі: бөтенді жатсынбай, керісінше, құрметпен қарсы алу – қазақтың адамгершілік өлшемінің айнасы. Сонымен қатар, «Шет елдік» бөлімінде Тоқтының бейнесі қазақ халқының дәстүрлі «сөзге тоқтау» ұғымын айқын көрсетеді. Ол дауға қарумен емес, сөздің күшімен тоқтау салған, шешендік дәстүрді жалғастырған кейіпкер ретінде көрінеді. Қасқырлар шабуылға ұмтылған сәтте Тоқты сабырмен: «Е-е, жігіттер, өздерің ойландаршы, бұл шетелдік қой біз жаққа қыдырып келіпті. Бізде қонақты сыйлайтын дәстүр бар емес пе?! Егер қонаққа зорлық жасасақ, атымызға кір келмей ме? Керісінше, оны көңілімізбен шығарып салсақ, ол жүрген жерде бізді мақтап жүреді…», – деп, нағыз қазаққа тән шешендік пен парасаттылықты танытады [5]. Тоқтының осы сөзі арқылы қазақ қонақжайлығының мәні, жақсылықты дәріптеу мен жамандыққа жол бермеу қағидаты көрініс табады.

Қасқырлардың: «Әй, сөзінің жаны бар екен… Тимеңдер көкжалдар, есесіне ұрпағымыз біздің қонақжайлық қасиетімізді дәріптейтін болады. Дала заңына адал болайық», – деп тоқтауы – сөздің салмағы мен логиканың қуаты қандай күш иесі екенін көрсететін көрініс [5].

«Саяхат» бөлімінде Тоқты мен Серкенің әлемді аралап, су жолдары арқылы мұхитқа дейін жетіп, шытырман оқиғалардан кейін өз үйлеріне оралуы – туған жерге деген сүйіспеншілік идеясының көркем символы. Бұл саяхат тек қана географиялық қозғалыс емес, рухани ізденіс, өз түп-тамырына оралудың метафорасы. Серкенің соңында айтқан «өз үйім – өлең төсегім» деген сөзі арқылы мультфильм туған жер ұғымын ұлттық дүниетаныммен байланыстырады. Қазақ үшін туған жер – тек физикалық аймақ емес, рухани тұрақ, атамекен, ұлттың жанына айналған кең дүние. Мультфильмдегі ұлттық кодтың ең маңызды көрінісі – тарихқа деген құрмет. «Ат үйрету» бөлімінде жылқы малының қазақ халқының болмысымен біте қайнасқан, қасиетті де киелі жануар ретінде мәдени және рухани тұрғыдан ерекше мәнге ие екені айқын көрініс табады. Бұл жерде тек Ботай мәдениетіне сілтеме жасалмай, сонау терең тарихтан бастау алатын жылқы мен қазақ өмірінің байланысы ашылады. Қазақ үшін жылқы – еркіндік пен намыстың, батырлық пен өр рухтың символы. Осы арқылы мультфильм көрерменге өз тарихын танып-білудің маңызын, ұлттық болмыстың тамыры өткен дәуірмен байланысып жатқанын ұқтырады. Мультфильмдегі ауыл эстетикасы – қазақтың дәстүрлі өмір салты мен тұрмыс мәдениетінің көркем айғағы. Ондағы әрбір көріністен даланың жұпар жусанының иісі, киіз үйдің жылылығы, малдың маңыраған үні мен қоңыр тіршіліктің тынысы сезіледі. Бұл бейнелер тек фондық элемент емес, керісінше, ұлттық болмыстың рухани өрнегі, адам мен табиғаттың жарасым тапқан әлемін паш ететін эстетикалық кеңістік. Ауылдың осындай бейнелері арқылы автор қазақ дүниетанымындағы қарапайымдылық, табиғилық және өмірмен үндестік ұғымдарын көркем тілмен өрнектейді. Мультфильмнің дыбыстық үйлесімі, түстердің жұмсақ тоны, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері мен жүріс-тұрысы – бәрі де – қазақ ауылына тән баяу ырғақты өмірдің, сабыр мен сұлулықтың көрінісі.

Қорытындылап айтқанда, «Тоқты мен Серке» мультфильмі – қазақтың ұлттық дүниетанымын, тілдік болмысын және мәдени кодын заманауи формада көркем бейнелеген туынды. Мұнда әрбір кейіпкер, әрбір диалог пен көрініс халықтың рухани құндылықтарын, өмірлік қағидаларын және ұлттық мінез ерекшелігін танытады. Туындыда тіл мен сөз өнері ұлт жанының айнасы ретінде көрініп, шешендік дәстүр мен қарапайымдылық қазақтың табиғи мінезін ашып көрсетеді. Мультфильмде бейнеленген ауыл эстетикасы, қонақжайлылық дәстүрі, жылқы культі мен табиғатпен үндестік идеясы – барлығы да – ұлттық кодтың

ажырамас бөлігі. Авторлар дәстүр мен заманауилықты шебер үйлестіріп, мәдени сабақтастықтың қазіргі медиакеңістіктегі жаңа үлгісін ұсынады. «Ұлттық код қазақтың рухани болмысын мұқият сақтап, оның құлдырауына жол бермеген. Осылай қай заман болса да қазақтың “мың өліп, мың тірілген” кезінде оның тарих сахнасынан жоғалып кетпей, өзіндік болмысын сақтауға ұлттық код мүмкіндік берді» [6]. Бұл ой мультфильм мазмұнымен өзектес: туындыда ұлттық болмысты сақтап, оны заманауи медиатіл арқылы ұрпақ санасына жеткізу мақсаты айқын көрініс тапқан. Сондықтан «Тоқты мен Серке» мультфильмі тек балаларға арналған көрініс емес, ол – қазақ руханиятының, тілі мен мәдениетінің өміршеңдігін дәлелдейтін, ұлттық кодты сақтаудың көркем әрі тәрбиелік маңызы зор құралы.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лаубаева А. Қазақ киносындағы жаңа ізденістер // EL.kz. – 2025. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://share.google/mSNGsEIYGMpABAt9w
2. Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру* // Akoda.kz. – 2017. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. Аймагамбетова М.М., Жакупова Г.Т. *Информативно-коммуникативная природа культурного кода в медиадискурсе (на примере казахстанской прессы)* // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Филология. – 2020. – № 4 (133). – С. 55-69.
4. Әміржанова Н. *Жамал Манкееваның зерттеу әлемі: Сөз синергиясы* // ANA TILI. – 2025. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://anatili.kazgazeta.kz/news/64015?utm_source
5. Qazaqstan TV. «Тоқты мен Серке» мульфильмі. 1-5 маусым [Бейнематериал]. – YouTube, 2024. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://youtu.be/SjQf11eKPWE
6. Омаров Д. *Ұлттық код дегеніміз не?* // Abai.kz. – 2023. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://abai.kz/post/175664

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЖАСЫЛ» ЖӘНЕ «КӨК» ТҮСТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘНІ

[1]Балабеков А.К., [2]Қаирбаева Қ.Т.

[1]НУ, Астана, [2]Ф.ғ.к., доцент, С. Аманжолов университеті, Өскемен, Қазақстан.

Түркі тілдерінде көптеген түс атаулары семантикалық қолданысы жағынан ұқсас болғанымен, түрлі факторларға қатысты кейбір түс атауларының семантикалық қолданасы әртүрлі болып келеді. Сондай қатарға *«жасыл»* және *«көк»* түс атаулары жатады. Мысалы, мұндай ерекшелік табиғи құбылыс, өсімдік атауларына және өзге де топтарға байланысты. Мысалы, қазақ тіліндегі жоғарыда аталған немесе өзге де ұғымдарды беретін *«көк шай», «көк шөп», «көк бөрі», «көк көз»* т.б. тіркестерін алуға болады. Мұндай атаулар тарихи-әлеуметтік оқиғалар арқылы тұрмыстық-мәдени өмірге енген. Түркі тілдері бір топқа жатқанымен, әр түркі халықтарының әлемді тануында жеке ұлт ретінде ерекшелігі бар. Аталған ерекшеліктер түркі тілдеріндегі белгілі бір атаулардың жасалуына өз ықпалын тигізіп, тілдің лексика-грамматикалық заңдылығына бағынып, қолданысқа енген. Жоғарыдағы айтылғандар негізінде мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі *«жасыл»* және *«көк»* түстерінің құндылық мәнін қарастыру. Аталған атаулардың тілдегі қолданысын анықтау үшін сөздіктер, ғылыми зерттеу жұмыстары қолданылады. Зерттеу барысында *“көк”* және *“жасыл”* түс атауларының тілдегі көрінісі және қолданыстағы ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталды.

Түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі, лексикалық, грамматикалық тұрғыда ғылыми түрде XIX ғасырда кеңінен зерттеле бастады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бас кезінде тіл ғылымындағы зерттеулер жаңа бағытта дамыды. Тілдік бірліктерді жеке дара лингвистикалық тұрғыда емес, жалпыадамзаттық таным тұрғысынан аксиолингвистикалық аспектіде зерттеу қарқын алды. Осындай зерттеу нысандарының бірі – тілдегі түр-түс атаулары болды. Түс атауларын ғылыми түрде зерттеу сөздік немесе жазба түрінде негізінен VII-XIII

ғасырлардағы түркі жазбаларын негізге ала отырып пайда болды. Оған 1868-1911 жылдар аралығында шыққан еңбектерді атап өтуге болады. Мысалы, В.В. Вельяминов-Зернов “Абушка” [1868] ортаазиялық шағатай тілінің сөздігі, Л.З. Будагов “ Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” [1869-1871], В.В. Радлов “Опыт словаря тюркских наречий”. XIX ғасырдың соңына қарай Орхон-Енисей ескерткіштерін оқу және көнеүйғыр жазбаларының табылуына байланысты түс атауларын зерттеу тіл ғылымында түркі тілдеріндегі атауларға арналған сөздіктермен қатар тілдік бірліктерді тіл ғылымының жеке салаларына қатысты зерттеуде көрініс тапты. Ондай авторлардың қатарына В. Томсен, В.В. Радлов, В.К. Мюллер, С.Е. Малов, А.К. Боровков, А.Н. Кононов, А.М. Щербак т.б. ғалымдарды жатқызсақ, қазақ тіл ғылымында Ғ. Айдаров, Ә. Қайдаров, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, Ж. Шәкенов, Ф.Р. Ахметжанова, Қ.Т. Қайырбаева, Ш.Қ. Жарқынбекова, Н.Н. Аитова т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Ғалымдар қазақ тіліндегі түс атауларын грамматикалық, семантикалық, фразалық тіркестегі қолданысын тілдік-концептілік тұрғыда зерттей келе, түс атауларын танымдық сипатта жүйелей білді. Сондай-ақ, түс атауларының жекелеген атаулар қатарынан зерттеу де орын алды. Мысалы, жер-су атаулары, төрт түлік, оның ішінде жылқы атауына қатысты. Оған дәлел ретінде “*ақ*”, “*қара*”, “*қоңыр*” және өзге де түс атауларына қатысты еңбектерді атауға болады. Мәселен, этнолингвистикалық тұрғыда [6] тұрақты тіркестер [5], когнитивтік бағыт [1], концептілік бағыт [2], атаулық, сипаттық бағыт [7], [8]. Дегенмен зерттеулер тілдегі барлық түс атауларын қамти алмады. Оған дәлел ретінде “*жасыл*” мен “*көк*” ұғымының арасындағы танымдық ұқсастық.

Жалпы қазақ тіл білімінде “*жасыл*” және “*көк*” ұғымдарының беретін мағыналық аспектісі әралуан. Зерттеу еңбектерінде аталған түс атаулары төмендегідей жекелеген аспектіде қарастырылған. Мысалы:

а) есім сөздер тобына, оның ішінде сын есім болып қызмет атқаруына қарай жануар, өсімдік, табиғи құбылыстар мен заттардың сырт пішінін сипаттаудағы қолданысы [3. 97];

ә) зат есім мағынасында белгілі бір өсімдік, табиғи құбылыстар мен заттардың атауы және жиынтық атау ретінде қолданылуы (концептілік мағына)

б) қосымшалар, тіркестер арқылы жасалған мағыналық топ

в) ауыспалы мағынада жұмсалуы (тұрақты тіркес, мақал-мәтел)

Аталған топтарға төмендегі кесте арқылы мысал беруге болады.

Кесте №1.

Түс атауы	**А тобы**	**Ә тобы**	**Б тобы**	**В тобы**
көк	көк дөнен, көк аспан, көк көз.	құдай, аспан, шөп, жас, шығыс, қасқыр	көктей солу: (жас мөлшері)	төбесі көкке жету; көк долы, көк ми.
жасыл	жасыл алқап, жасыл орман, жасыл көйлек.	жай тасы [4. 97];	жасыл желек, жасыл жайлау.	

Алайда қазіргі қазақ тіліндегі “жасыл” және “көк” атауларының қолданыс аясы нақтылауды қажет етеді. Оған дәлел, адам баласының әлемді тануы ұрпақ ауысқан сайын, ғылым дамыған сайын өзгеріп отыруы. Осыған байланысты “*жасыл*” және “*көк*” атауларын теориялық тұрғыда зерттеу әлі де қажет ететіндігін байқауға болады, себебі аталған түстер арасындағы байланыс көне замандардан пайда болғаны зерттеу еңбектерді көрініс тапса да, өзара айырмашылықтарын айқындау ғылыми тұрғыда дәлелдеуді қажет етеді. Мақалада аталған түс атауларының қолданысындағы мағыналық айырмашылықтарын жеке дара мағыналық қолданысын назарда ұстай отырып анықтау. Оған негіз ретінде аталған түстердің кейбір жағдайларда бірінің орнына бірі жүретіндігі және тілімізде жиі кездесетіндігінде.

Түс – ол тек табиғи құбылыс емес, сонымен қатар күрделі мәдени құрылым. Олай дейтініміз түс күнделікті өмірді сипаттайын, сол туралы ақпарат беретін дереккөз. Осыған орай түс атауларын лингвистикалық, тұрғыдан зерттеу барысында тек әдеби тіл нормасымен ғана шектелмей, ауызекі сөйлеу тіліндегі көрінісін де назарда ұстау қажет. Тілдің осы екі қырын ұштастыра отырып зерттеуде материал ретінде түрлі жанрдағы мәтіндер, халық ауыз әдебиеті үлгілері, поэзия, проза, сөйлеу актісіндегі сұхбаттар негіз болады. Осыған орай тілдегі

“жасыл” және *“көк”* түстерінің табиғатын ашуда жоғарыда аталған материалдармен қатар қостілді, аударма және түсіндірме сөздіктер де қолданылды.

Қазақ халқында *“көк”* негізінен өмірдің бастауы, жалғасы немесе соңы ұғымында жұмсалады. Мысалы, *“көсегең көгерсін”*, *“ көктей солу”* т.б. Қазақ тілінің түсіндірме [9] сөздігінде “көк” түсінің төмендегідей мағыналары беріледі. Мысалы: КӨК – зат. Әуе, аспан. КӨК – зат. Көк шөп, өсімдік. КӨК – зат. Найзағай, жай оты, жасын. КӨК – сын. Ашық аспан тәрізді (түс). КӨК – зат. түпсіз, тұңғиық әлем, аспан.

Берілген анықтамалардан “*көк*” сөзінің заттық мағынасы жеке дара болып нақты ұғымда жұмсалатындығын байқаймыз, ал сындық мағынасы тура мағынада қолданыла отырып, тілімізде көптеген ұғымдарда қолданылады. Мысалы, тіркестер, оның ішінде тұрақты тіркестерде қолданыла келе, негізгі сындық мағынасын сақтай отырып, заттық ұғымға ауысын байқаймыз. Мысал ретінде коннотациялық мағынаны алуға болады. Бұл көп жағдайда фраземалардың құрамында кездесіп, белгілі бір бүтіндік мағынаға ие болады. Мысалы, *“көк жұлын”, “көк бет”, “көк майса”, “ көк ми”* т.б. Ғалым Р.А. Авакова “көк” фраземасын зерттей келе, көк сөзінің 11 мағынасы анықтайды [10. 175]. Ал “жасыл” ұғымы Қазақ тілінің түсіндірме [9] сөздігінде негізінен сындық және заттық ұғымда түсіндіріледі. М: ЖАСЫЛ – сын есім. 1. Жапырақтың, жас шөптің түсіндей, көк. ЖАСЫЛ – зат есім. сөйлеу. Жасын, найзағай, жай оты. ЖАСЫЛ – (хромаки, хромакей) - нысанды түсіру үшін қолданылатын бір түсті фон.

Берілген мысалдардан “*көк*” және “*жасыл*” сөздерінің арасындағы лексикалық мағынаның өсімдік және табиғи құбылысқа қатысты ортақтықты байқаймыз. Яғни, аталмыш түстерді берілген ұғымдарда бірдей мағынада қолдануға болады. Осыған қатысты екі түсті бірдей мағынада қолданудың себебі неде? деген сұрақ туындайды. Жалпы зерттеулерде бұл жайлы түрлі ғылыми пікірлер келтіріледі. Ғалым Р.А. Авакова бұл түстердің ата түркі тілінде арасы ажыратылмаған [10. 176] деген пікір келтірсе, кейбір зерттеулерде түстердің тікелей халықтың танымымен байланыстырады. Ғалым Ғ. Смағұлова: “Көне түркі мәдениетінен қалыптаса келе, түп-төркіні «көктеу», «жасыл шыққан» деген ұғымнан туған” десе [11], кейбір ғалымдар Тәңір дінімен байланыстырады. Н.Аитова бұл байланысты “көк пен көк”, яғни, “түс және аспан” (тәңір) арасындағы байланысты қазақ тілінде күшейту мақсатында жұмсалу формасынан анықтауға болатындығын айтады [1]. Ш. Уәлиханов өз жазбаларында шамандық діні туралы жаза келе, “Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы” атты мақаласында “көк-аспан-Тәңір” ұғымын бір екенін көрсетеді [12]. Жалпы мұндай деректер М. Қашқари сөздігінде де кездеседі [12].

Жоғарыдағы зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады. Мақаланың негізгі нысаны болып табылатын «көк» және «жасыл» түстері халықтың күнделікті өмірімен қатар дүниенітану үрдісінде ұштаса келіп, тілде көрініс табуда белгілі бір заңдылыққа негізделген. Түр-түс атауларын салыстырмалы және салғастырмалы әдістерді негізге ала отырып, олардың лингвистикалық сипатын құндылық мәні тұрғысынан зерттеу – олар туралы тілдік, тарихи т.б. ақпараттарды алуға толықтай мүмкіндік береді, себебі түр-түс атаулары арқылы ата-бабаларымыз айнала қоршаған ортаны сипаттап, бағалаған, өз өміріндегі мәнін айқындаған.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 бет.

2. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.

3. Жубанов Аскар Кудайбердұлы. Основные принципы формализации содержания казахского текста. - Алматы, 2002. – 250 с.

4. Б. Сағындықұлы. Сөздердің этимологиясы. https://tilalemi.kz/article/844

5. Ф.Р. Ахметжанова, Қ.Т.Қайырбаева. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. Өскемен, ШҚМУ баспасы, 2000. -136 бет.

6. Ә. Қайдаров және т.б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. - Алматы,: Ана тілі, 1992. - 160б.

7. Тоқтабаев А. Қазақтардың XIX ғ. мен XX ғ. басындағы жылқы шаруашылығы. Т.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 07.00.07. – Алматы, 1992. –228 б. 10
8. Айтбаева Н. Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексикасемантикалық және дүниетанымдық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. 10.02.02. – Алматы, 2007. – 29 б.
9. Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
10. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
11. Жеті түстен жетпіс мың бояу алған… https://anatili.kazgazeta.kz/news/62069
12. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т. 4. – 2-бас. – Алматы, 2010. – 62-б.
13. Қашқари М. Түркі тілінің сөздігі (Дивани-лұғат-ат-түрік): III т. шығармалар жин. – Алматы: Хант, 1997. – 536-б.

«ГҮЛІСТАН БИТ ТҮРКІ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТАМЫРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ АЙНАСЫ

Бегимова Г.А.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, Астана, Қазақстан.

Қазақ халқының рухани мәдениеті мен тілдік болмысын танудың ең басты арналарының бірі – ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері. Бұл мұралар – түркі өркениетінің тарихи жадын, дүниетанымдық құрылымын және этикалық жүйесін танытатын бірегей дереккөздер. Солардың ішінде XIV ғасырда жазылған Сәйф Сарайидің «Гүлістан бит түркі» шығармасы – түркі дүниесінің рухани өміріндегі ерекше орын алатын туынды. Бұл еңбек тек көркем аударма емес, ол – түркілік ойлау жүйесінің, адамгершілік философиясының және тілдік-мәдени тұтастықтың көрінісі.

Сәйф Сарайи – Алтын Орда мәдени кеңістігінің әдебиетші, тілші және ойшыл тұлғасы. Ол Сағдидің атақты «Гүлістан» еңбегін түркі тіліне аударып қана қоймай, оған түркілік рух пен қазақы дүниетанымға жақын моральдық-этикалық мазмұн дарытқан. Сондықтан зерттеушілер бұл еңбекті «аударма» деп қана емес, *шығармашылық интерпретация* ретінде де қарастырады. Сарайи өз еңбегінде адамгершілік, әділет, білім, сабыр, достық, ізгілік секілді категорияларды исламдық және түркілік моральдық ілімдер негізінде ұштастырған. Лингвистикалық тұрғыдан бұл ескерткіш қыпшақ тілінің жазба үлгісін сақтаған, фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ерекшеліктері арқылы қазіргі қазақ тіліне тікелей сабақтастық танытады. Мәселен, мәтіндегі *ata, ana, tilek, sabır, baqıt, dost, qadir, jaqsı, yaman* сияқты сөздер қазақ тілінде өзгеріссіз сақталған. Бұл – қазақ тілінің тарихи жалғастық принципін, оның түбірлік жүйесінің тұрақтылығын дәлелдейді. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл жазба ескерткіш қазақ халқының ұлттық руханиятының терең тамырын, мәдени және тілдік кодтарының эволюциясын айғақтайды. Қазіргі таңда «Гүлістан бит түркі» еңбегін тек әдеби жәдігер ретінде емес, ұлттық идея мен мәдени жадының феномені ретінде зерделеу қажеттілігі туындап отыр. Өйткені бұл туындыда сақталған ізгілік, білімге құштарлық, әділет пен адамдық бейне – бүгінгі рухани жаңғыру идеясымен астасып жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаев атап өткендей: «Ұлттық код, мәдени дәстүр мен рухани мұра – халықтың мәңгілігінің кепілі» («Тәуелсіздік бәрінен қымбат», *Егемен Қазақстан,* 2021). Осы тұрғыдан алғанда, Сәйф Сарайидің «Гүлістан бит түркі» еңбегі – ұлттық код пен мәдени сабақтастықты айқындайтын рухани айна. Ол арқылы біз тек өткеннің әдеби тілін ғана емес, қазақ дүниетанымының тарихи-этикалық жүйесін көреміз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – бұл ескерткішті тіл мен мәдениет, философия мен әдебиет, дін мен этика контексінде кешенді қарастыру қажеттілігінде. Қазіргі кезеңде ұлттық руханият пен тарихи сананы жаңғырту үдерісі жүріп жатқанда, «Гүлістан бит түркі» сияқты жәдігерлерді ғылыми айналымға енгізу – мәдени тәуелсіздіктің маңызды қадамы. Сондықтан мақалада Сәйф Сарайидің осы еңбегі қазақ руханиятының тарихи-мәдени тамырлары мен ұлттық құндылықтарының айнасы ретінде қарастырылады. Автор бұл туындыны түркі

өркениетінің тілдік, этикалық және философиялық тұтастығын бейнелейтін ерекше мәдени феномен ретінде сипаттайды.

1. Сәйф Сарайи және Алтын Орда дәуірінің мәдени контексі. XIV ғасыр – түркі әлемі үшін саяси дағдарыс пен мәдени өркендеудің тоғысқан кезеңі болды. Дәл осы дәуірде ислам өркениеті мен түркілік рухани дәстүр өзара ықпалдасып, жаңа мәдени-гуманистік синтез қалыптастырды. Бұл процестің негізгі орталықтарының бірі – Алтын Орда мемлекеті еді. Мұнда ғылым мен әдебиет, дін мен тіл өзара сабақтасып, Шығыс пен Батыстың рухани дәстүрлерін тоғыстырды. Сол мәдени ортада өмір сүрген Сәйф Сарайи – Алтын Орда дәуіріндегі ең көрнекті әдебиетші әрі ойшыл тұлғалардың бірі. Ол түркі тілінің беделін арттырып, оны ғылым мен көркем сөз тілі дәрежесіне көтерген қаламгерлердің көшбасында тұрды (Argunşah, 2015). Сарайи шығармашылығы Алтын Орда кезеңіндегі көптілді және көпмәдениетті қоғамның рухани ахуалын айқын көрсетеді. Бұл дәуірде түркі, араб және парсы тілдері өзара тығыз байланыста қолданылып, аударма мен интерпретация мәдениеті кеңінен дамыды (Eminoğlu, 2018). Сәйф Сарайи шығармасын дүниеге әкелген тарихи контекстке назар аударсақ, XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда мемлекетінің саяси құрылымы әлсірей бастағанымен, оның мәдени ықпалы Еділ бойынан Мысырға дейін таралған болатын. Сол кезеңде Сарай қаласы мен Хорезм, Қырым өңірлерінде көптеген медреселер, поэзия орталықтары, ғылыми шеберханалар жұмыс істеді. Дәл осындай зияткерлік ортада Сәйф Сарайи өзінің *«Гүлістан бит түркі»* шығармасын жазып, исламдық-этикалық ілім мен түркілік моральдық дәстүрді көркем синтездеуге қол жеткізді.

Зерттеушілердің пікірінше, Сәйф Сарайи тек аудармашы ғана емес, сонымен қатар түпнұсқалық ойшыл және мораль философы болды (Наджип, 1979). Ол Сағдидің *«Гүлістанын»* түркі дүниетанымының аясында қайта жаңғыртып, өз қоғамының әлеуметтік-рухани мәселелеріне жауап іздеді. Сарайидің басты мақсаты – адам мен қоғам арасындағы үйлесімділікті, ізгілік пен әділеттің үстемдігін паш ету. Оның шығармасындағы билік пен парасат, дін мен адамгершілік, тағдыр мен ерік бостандығы тақырыптары ислам өркениетінің моральдық қағидаларымен тығыз ұштасқан. Бұл тұрғыда *«Гүлістан бит түркі»* еңбегі тек әдеби аударма емес, философиялық және педагогикалық трактат ретінде де бағаланады (Есенбосынов, 2006). Онда адамның өзін-өзі тану мен рухани кемелдену идеялары жүйелі түрде өрбиді. Бұл бағыт кейінірек түркі сопылық дәстүрінде (Йасауи, Сүлеймен Бақырғани) көрініс тапқан «кемел адам» концепциясының әдеби бейнесін нығайтты. Сәйф Сарайи тіл мен рух бірлігін ерекше дәріптеген. Ол тілдің мәдениет пен өркениеттің басты көрсеткіші екенін жақсы түсінді. Бұл оның «түркіше жазу» ұстанымынан айқын байқалады. Сарайи шығармасын түркі тілінде жазу арқылы өз заманының тілдік егемендігін қорғап, түркі тілінің әдеби және философиялық әлеуетін дәлелдеді (Құрысжанов, 1970). Сонымен қатар, Сәйф Сарайи еңбегі қазақ әдеби тілінің тарихи қалыптасуындағы дәнекер кезең ретінде де бағаланады. Оның шығармасында кездесетін көптеген лексемалар мен фразеологизмдер кейінгі қазақ әдеби тілінде сол қалпында сақталған: *жақсылық, қанағат, сабыр, білім, достық, тағдыр, ар, әділет, мейірім* т.б. Бұл – қазақ тілінің лексикалық жүйесінде XIV ғасырдан бері үзілмей келе жатқан семантикалық сабақтастықтың нақты дәлелі (Әлібекұлы, 2008). Мәдени тұрғыдан алғанда, Сәйф Сарайидің еңбегі Алтын Орда дәуіріндегі дүниетанымдық плюрализмнің көрінісі. Яғни, ол исламдық гуманизм мен түркілік этикалық жүйені, сопылық ілім мен халықтық даналықты бір арнаға тоғыстырды. Бұл мәдени синтез кейінгі ғасырларда қазақ ойшылдарының (Асан Қайғы, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім) рухани концепцияларына ықпал етті. Сондықтан да «Гүлістан бит түркі» – Алтын Орда дәуірінің рухани кодын, түркілік мәдени-өркениеттік бірліктің бейнесін танытатын әмбебап туынды. Ол өз дәуірінде ғана емес, бүгінгі ұлттық руханият кеңістігінде де өзекті. Қазіргі заман тұрғысынан қарағанда, бұл ескерткіш ұлттық сана мен тарихи жадты жаңғырту процесінде ерекше мәнге ие.

2. Моральдық-философиялық мазмұн және этикалық категориялар. Сәйф Сарайидің *«Гүлістан бит түркі»* еңбегі – түркі өркениетінің гуманистік ойлау жүйесінің көркем айғағы. Бұл шығармада адам мен қоғам, билік пен мораль, білім мен рух, дін мен мәдениет арасындағы үйлесімділікті сақтау идеясы негізгі философиялық арқау ретінде

көрінеді. Шығарманың өзегінде адамның кемелденуі (инсан-и кәмил) концепциясы мен әділет, мейірім, сабыр, қанағат, адалдық, ақыл сияқты моральдық категориялар тұр.

2.1. Адамгершілік пен ізгілік ұстанымы. Сәйф Сарайи адам табиғатын тануда рационалды және теологиялық көзқарасты қатар ұстанады. Ол адам болмысының мәнін ақыл мен жүрек, сенім мен парасаттың бірлігінде көреді. Бұл тұрғыда ол Қожа Ахмет Йасауи мен Жүсіп Баласағұнидің сопылық және этикалық ілімдерінің жалғастырушысы болып саналады (Eminoğlu, 2018; Argunşah, 2015).

Шығармадағы басты философиялық қағида – *«адам баласы ізгілік арқылы кемелдікке жетеді»*. Бұл идея исламның негізгі моральдық қағидаларымен ұштасады: «Иман – жүректегі нұр, ал адамгершілік – оның сыртқы бейнесі». Осы арқылы Сәйф Сарайи адам болмысының рухани жағын бірінші орынға қояды. Оның айтуынша, рухани тазару мен білім іздеу – адамды Аллаға жақындататын басты жол.

2.2. Әділет пен парасат және сабыр мен қанағат категориясы. Әділет – Сәйф Сарайидің философиялық ойлау жүйесіндегі негізгі этикалық ұғым. Ол билеуші мен халықтың арасындағы үйлесімнің, қоғамдағы тұрақтылық пен татулықтың кепілі. Автордың пікірінше, әділетсіздік қоғамды ыдыратады, ал әділет – халықты біріктіретін күш.

Сәйф Сарайи қоғамдағы рухани тепе-теңдіктің басты тетігі ретінде *сабыр* және *қанағат* ұғымдарын ерекше бағалайды. Бұл категориялар адамның ішкі дүниесін тәрбиелеу мен мінез-құлқын қалыптастырудың өзегіне айналған. Сабыр – өмір сынақтарына қарсы тұратын рухани күш болса, қанағат – дүниенің өткіншілігін түсінудің, материалдық пен рухани құндылықтың арақатынасын реттеудің құралы.

Мәтінде жиі кездесетін *«сабыр – жанның азығы», «қанағат – байлықтың кілті»* деген тіркестер – XIV ғасыр түркі дүниетанымындағы аскетикалық және сопылық дәстүрдің көрінісі (Есенбосынов, 2006). Бұл ұстаным кейін қазақ мақал-мәтелдерінде де жалғасын тапқан: *«Сабыр түбі – сары алтын», «Қанағат қарын тойғызар».*

2.3. Достық пен ізгі қарым-қатынас философиясы. Сәйф Сарайи еңбегінде *достық (дост)* категориясы маңызды рөл атқарады. Автордың түсінігінде достық – рухани кемелденудің және қоғамдағы тұрақтылықтың шарты. Достың адалдығы мен сенімділігі – адамдық қатынастардың биік үлгісі. Бұл тұрғыда Сарайи адамның қоғамдағы орнын оның қарым-қатынас мәдениетімен өлшейді. Мысалы, ол:

«Досыңның кемшілігін сыртқа жайма, дұшпаныңның жақсылығын да ұмытпа» – деп, әлеуметтік моральдың нәзік тепе-теңдігін айқындайды.

Осы этикалық концепт қазіргі заманғы қазақ мораль философиясында да өз маңызын жоғалтқан жоқ, ол қоғамдық этиканың негізгі діңгегіне айналып отыр (Әлібекұлы, 2008).

2.4. Ақыл мен білімнің рөлі. Сәйф Сарайи үшін білім – рухани кемелдікке жетудің басты құралы. Оның пікірінше, надандық – қоғамның ең үлкен дерті, ал білім – адамды әділет пен ізгілікке бастайтын жарық жол. Бұл тұжырым Жүсіп Баласағұнидің *«Құтты білігінде»* айтылған «Білім – бақыттың бастауы» қағидасымен үндес.

«Гүлістан бит түркіде» білімнің құндылығы тек танымдық деңгейде емес, моральдық категория ретінде де қарастырылады. Автор үшін білім – Алланы танудың және адамдық қасиетті жетілдірудің кілті (Doerfer, 1965).

Осылайша, Сәйф Сарайи еңбегіндегі моральдық-философиялық ұстанымдар қазақ дүниетанымының тарихи эволюциясын айқындайтын рухани-пәлсапалық сабақтастық жүйесін құрайды. Ол түркі өркениетінің гуманистік ойлау мектебін жалғастырып қана қоймай, қазіргі ұлттық идеология мен мәдени философияның іргетасына айналған.

3. Қазақ руханияты және мәдени сабақтастық. Сәйф Сарайидің *«Гүлістан бит түркі»* еңбегі – қазақ руханиятының тарихи-мәдени тамырын танытатын рухани айна, мәдени кодтың архетиптік өзегін сақтап қалған сирек жазба мұралардың бірі. Бұл туынды түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының дүниетанымдық жүйесін, моральдық құндылықтар иерархиясын және адамгершілік өлшемдерін танытады.

3.1. Рухани сабақтастық және мәдени код. Түркі өркениетінің ең көне қабаттарынан бері жалғасып келе жатқан *рухани сабақтастық* ұғымы – мәдениет пен тілдің дамуын

түсіндірудегі негізгі тұғырлардың бірі. Сәйф Сарайи шығармасындағы *адам, қоғам, ар, әділет, білім, достық, тағдыр, мейірім* сынды ұғымдар қазақ мәдениетінде өзінің мазмұндық және моральдық сабақтастығын үзбеген. Мәселен, XIV ғасыр мәтініндегі *"жақсылық еткен – елдің иесі, зұлымдық еткен – елдің кеселі"* тәрізді даналық тұжырымдар қазақтың кейінгі мақал-мәтелдер жүйесінде сол күйі сақталған. Бұл – ұлттық сана мен моральдық ұстанымның тарихи тұрақтылығын дәлелдейді (Әлібекұлы, 2008).

Сәйф Сарайи ілімі тек этикалық трактат емес, сонымен қатар мәдени-онтологиялық манифест іспетті. Ол түркі қоғамының рухани тірегін моральдық өлшем арқылы сипаттайды. Адамның қадірі – оның *«жүрек тазалығы», «ақыл нұры»* және *«сабыр күші»* арқылы анықталады. Бұл ұстаным кейін қазақтың дүниетанымдық философиясында Асан Қайғының *"Жерұйық"* іздеу идеясында, Бұқар жыраудың *"Хан әділетті болса – халық тоқ"* деген толғауында, Абай мен Шәкәрімнің *"Толық адам"* концепцияларында жаңаша мәнге ие болды (Жұбанов, 1999; Сыздық, 2004).

3.2. Тіл мен рух байланысы. Сәйф Сарайи тілді тек қарым-қатынас құралы емес, рухани жадтың сақтаушысы ретінде қарастырған. Оның еңбегінде түркі тілінің бай морфологиялық және семантикалық жүйесі арқылы адам болмысының, қоғам этикасының және діни сенімнің көріністері берілген. Мәселен, *ар, ынсап, намыс, сабыр, әділет* сияқты моральдық категориялар тілдік кодта этикалық мәнге ие ұғым ретінде қызмет атқарады.

Қазақ тілінің кейінгі дамуында да осы категориялар ұлттық тілдің семантикалық өзегін құрап отыр. Демек, *«Гүлістан бит түркі»* – қазақ тілінің тарихи тамырларын көрсететін, лексикалық эволюция мен рухани мазмұнның бірлігін дәлелдейтін жазба ескерткіш (Kurışjanov, 1970; Eminoğlu, 2018). Осы тұрғыдан алғанда, Сәйф Сарайидің еңбегі – қазіргі ұлттық тіл саясаты мен рухани жаңғыру идеясының тарихи-мәдени негізін айқындайтын дереккөз.

3.3. Исламдық-гуманистік және түркілік дүниетанымның тоғысы

Сәйф Сарайи шығармашылығында исламдық мораль мен түркілік дүниетанымның үйлесімді тоғысы ерекше орын алады. Ол ислам этикасының (*адалдық, сабыр, әділет*) қағидаларын түркілік *жомарттық, намыс, достық* дәстүрімен ұштастырды. Бұл симбиоз – Алтын Орда дәуіріндегі рухани универсализмнің көрінісі. Мысалы, *"Білім – Аллаға жақындатар жол", "Жақсы сөз – садақа"* деген ұстанымдар ислам мәдениетінің өзегінен алынып, түркі тілі арқылы халықтық санаға ендірілді. Осы арқылы Сәйф Сарайи ислам өркениетін жергілікті мәдени кеңістікке лайықтап жеткізген, яғни мәдени медиатор рөлін атқарған (Doerfer, 1963; Наджип, 1979).

Бүгінгі таңда Сәйф Сарайидің *«Гүлістан бит түркі»* еңбегін зерделеу – ұлттық рухани саясат пен мәдени интеграция тұрғысынан да өзекті. Осы тұрғыдан қарағанда, *«Гүлістан бит түркі»* – қазақ халқының моральдық коды мен адамгершілік философиясының түп-тамырын ашатын, ұлттың рухани жаңғыру процесіне үлес қосатын мәдени құбылыс.

Шығарманы қазіргі кезеңде тек әдеби немесе лингвистикалық тұрғыдан емес, цифрлық-гуманитарлық бағытта, яғни тарихи мәтіндердің семантикалық және этикалық картасын жасау арқылы зерттеу – ұлттық ғылымның жаңа бағыты болмақ. Осы бағытта мәтіннің лексикалық және морфологиялық құрылымын цифрлық корпусқа енгізу, парсы және араб кірме қабаттарын семантикалық талдау арқылы анықтау, ал этномәдени контекстерін AI негізінде жүйелеу – түркі-ислам өркениетінің цифрлық реконструкциясына мүмкіндік береді.

Сәйф Сарайидің *«Гүлістан бит түркі»* еңбегі – түркі халықтарының рухани тарихындағы ең мәнді мәдени-философиялық мұралардың бірі. Ол Алтын Орда дәуіріндегі көпмәдениетті орта мен ислам өркениетінің моральдық-гуманистік идеалдарын түркі дүниетанымымен ұштастырған әмбебап туынды болып табылады. Шығарма мазмұны мен тілі арқылы түркілік этиканың, адамгершілік ұстанымдардың және ұлттық руханияттың тарихи сабақтастығын дәлелдейді.

Бұл еңбек қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жүйесінде сақталған архаикалық қабаттарды айқындауға мүмкіндік береді. Тілдік деректердің сабақтастығы – қазақ тілінің тарихи-генетикалық тамырын, оның қыпшақ дәуірінен бастау

алатын тұрақтылығын көрсетеді. Ал философиялық тұрғыдан қарағанда, *«Гүлістан бит түркі»* – адам мен қоғам, билік пен әділет, рух пен парасат туралы түркілік гуманизмнің көркем көрінісі.

Қазіргі заманғы рухани жаңғыру кезеңінде мұндай жазба мұраларды зерттеу – ұлттық кодты танудың, тарихи сананы жаңғыртудың және мәдени тәуелсіздікті бекітудің ғылыми негізі. Шығармада көрініс тапқан ізгілік, сабыр, әділет, білім, достық секілді категориялар бүгінгі ұлттық идеология мен адамгершілік тәрбиенің рухани өзегіне айналуы тиіс. Сондықтан *«Гүлістан бит түркі»* – өткен мен бүгіннің арасын жалғап тұрған рухани көпір, ұлттық құндылықтардың тарихи айнасы.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлібекұлы А. (2008). *Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі).* Алматы: Арда.

2. Есенбосынов Е. (2006). *Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Әбу Хаййан еңбегі бойынша).* Астана: Ер Дәулет.

3. Құрышжанов А. Қ. (1970). *XIII ғасырдың көне қыпшақ жазба ескерткішінің лексикасы жөнінде зерттеу: «Түрік-араб сөздігі».* Алматы: Наука.

4. Наджип Э. Н. (1979). Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. Москва: Наука.

5. Сейітбекова А. (2024). *«Гүлістан бит түркі» жазба ескерткіші: Сөздік, транскрипция, аударма.* Алматы: Тіл білімі институты.

6. Тоқаев Қ. К. (2021). *Тәуелсіздік бәрінен қымбат.* Егемен Қазақстан.

7. Тоқаев Қ. К. (2024). *Жаңа Қазақстан: білім мен ғылым – ұлттық дамудың өзегі.* Қазақстан халқына Жолдау. Астана.

8. Argunşah M. (2015). *Kıpçak Türkçesi ve edebî miras.* İstanbul: Kesit Yayınları.

9. Doerfer G. (1963–1975). *Türkische und Mongolische Elemente im Neupersischen* (Bd. I–IV). Wiesbaden: Franz Steiner Verlag.

10. Eminoğlu E. (2018). *Altın Orda dönemi Türk edebiyatı ve kültürel sentez.* Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Бибеков Қ.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қауымд. профессоры, ф.ғ.к., Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыты – білім алушының рухани және құндылықтық әлемін дамыту. Бұл тұрғыда аксиологиялық педагогика, яғни білім беруде құндылықтарды назарға алу идеясы – ерекше маңызға ие. Аксиологиялық педагогика адамның өмірлік ұстанымдарын, моральдық және мәдени өлшемдерін тәрбиелеуді көздейді. Оның негізгі мақсаты – тұлғаның рухани тұтастығын, адамгершілік санасын қалыптастыру [1, 12]. Абай Құнанбаев шығармалары — аксиологиялық мазмұнның ерекше үлгісі. Ақынның дүниетанымдық жүйесінде Алланы тану, ақыл, ғылым, иман және махаббат ұғымдары өзара тығыз байланысты. Бұл ұғымдар жеке-жеке емес, біртұтас аксиологиялық құрылым ретінде қарастырылуы тиіс. Ақын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде және «Отыз сегізінші қара сөзінде» діннің, танымның және адамгершіліктің бірлігін айқындай отырып, адамның рухани кемелдікке жету жолын көрсетеді. Ол «ақылмен Алланы танымасаң, шынайы иман да жоқ» деген тұжырым арқылы ***ақыл, иман, махаббат*** үштігін біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Бұл тұжырым аксиологиялық педагогикадағы «рухани тұтастық» ұғымымен толық сәйкес келеді [2, 45]. Абайдың көзқарасы бойынша, шынайы иман – ақылмен ұғынған, махаббатпен сезінген иман. Ал имансыз махаббат пен мейірім де жоқ. Осы үштік адамның рухани болмысын анықтайтын іргелі құндылықтар болып табылады. Абайдің тілдік әлемінде Алланы тану, ақыл, ғылым, иман және махаббат өзара тығыз астасып жатыр. Ақылмен

Алланы танымасаң, шынайы иман да жоқ. Шынайы иман болмаған жерде, махаббат та жоқ. Сонымен бірге діннің де, құлшылықтың да негізі осы үш сүюде жатқанын ескертіп өтеді. Жалпы алғанда, Абайдың Алла, дін туралы тұжырымдамалық көзқарасы «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде және «Отыз сегізінші қара сөзінде» терең ашылған. Абайдың осы ұстанымын Шәкәрім де өз шығармашылығында қуаттап, идеяларын ары қарай сабақтастыра жалғастырады. Мысалы,

Шырақтар, ең құмарың осы болсын
«*Алла сүйсең, адамды сүй*» дегендей.
Құмарың бір, ісің көп болсын, жаным,
Көпке құмар, еріншек болма мендей.

Осы өлеңінде Шәкәрім Абайдың пікіріне тікелей сілтеме жасап тұр. Шәкәрім Абайдың көзқарасын қабылдап, ойын өрістетіп тұр.

Ақынның бұл идеялары қазіргі педагогикадағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың аксиологиялық негіздерін нақтылай түседі. Себебі тұлғаның дамуы білім мен рухтың үйлесімділігі арқылы ғана жүзеге асады [3, 122].

Аксиологиялық педагогика тұрғысынан алғанда, Абай шығармаларын оқыту – оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастырудың пәрменді тәсілі. Оқыту процесінде мұғалімнің міндеті – тек мәтінді талдау емес, ондағы рухани мазмұнды оқушының ішкі әлемімен сабақтастыру. Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңінде ақын жастардың білім алуда рухани тепе-теңдікті жоғалтқанын сынға алады.

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.

Абай, бірінші кезекте, орысша интернатта оқып жатқан жаңа өспірім балалардың *Шариғатқа шалалығына* назар аударады. Көкөрім шыбықтай жас балалардың санасын қайда бұрса, сонда кетіп қалатыны анық. Абай бұл өлеңінде де қазақ оқырманының назарын орысша оқытудағы маңызды мәселелерге аударады. Абайдың бұл ойы педагогика және аксиология үшін де құнды. Жас өскін сананың қай арнаға бұрылары – қоғамның болашағын айқындайтын фактор. Бірінші интерпретация: «Көкөрім, бейне қолдың саласы» – адам әлеуметтенуінің пластикалығы. Баланың когнициясы (ойлау жүйесі) сыртқы ортаға тәуелді түрде қалыптасады. Психология ғылымы кейіннен мұны «табиғи-әлеуметтік бағдарлы даму» деп дәлелдеді (Выготский, Пиаже, Бруннер). Абай оны поэтикалық, философиялық түйсікпен сезген. Абайдың мұнда көтеріп тұрған проблемасы ешқашан «тар діни» мазмұнда қаралмауы керек. Абай рухани-адамгершілік бағдарды жоғалтқан білім жүйесінің қауіптілігіне назар аударады. Ғылым мен имандылықтың, дүниелік білім мен адамдық қасиеттің байланысы үзілген жерде білім — тек құралға айналады, құндылық емес.

Әрі бұл Абайдың өмірлік ұстанымы екенін мына шумақтар айғақтап тұр:

Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы.
Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий,
Ақыл айтпай ма ағасы?

Абай арттағы ұрпаққа аға ретінде ақыл айтып, жол сілтеуді өзінің миссиясы ретінде қарайды. Абай білім мен иманның, ғылым мен адамгершіліктің арасындағы үйлесімнің

бұзылуын байқатады. Мұғалім осы өлеңді оқыту барысында оқушылармен «Білім не үшін қажет?» және «Білім адамды рухани кемелдендіре ала ма?» деген сұрақтар төңірегінде ойлануға мүмкіндік жасауы қажет. Бұл тәсіл оқушыны тек ақпарат алушы емес, құндылық субъектісі ретінде тәрбиелеуге бағытталған.

Абайдың аудармашылық қызметі де аксиологиялық мазмұнға бай. Мысалы, ол М. Лермонтовтың Ф. Шиллерден аударған өлеңін кеңейтіп, рухани қырынан тереңдетеді. Абайдың Алла туралы көзқарасы оның аудармаларында анық көрініс табады. Ақын аудармаларында түпнұсқадағы көзқарастың жетегінде кетпей, мәтін мазмұнына шырмалып қалмай, тұжырымдамалық мәселелерде өз көзқарасын анық көрсетіп отырады. Абайдың М. Лермонтовтан аударған «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» атты өлеңі бар. М.Лермонтов бұл өлеңді неміс ақыны Фридрих Шиллерден аударған. Түпнұсқада бұл философиялық өлең екі жолдан тұрады.

Das Kind in der Wiege.

Glücklicher Säugling! Dir ist ein unendlicher Raum noch die Wiege,

Werde Mann, und dir wird eng die unendliche Welt.

Түпнұсқаға өте жақын аударған М.Лермонтовта да екі жолдық өлең екенін көреміз.

Счастлив ребенок! и в люльке просторно ему, но дай время

Сделаться мужем — и тесен покажется мир.

Абайдың аудармасында осы өлең төрт жолдан тұрады.

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,

Алла асыраған пендесі аш бола ма?

Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,

Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

Қазақтың дүиетанымы мен менталитетіне сәйкес аударумен бірге, Абай өлеңге жаңа мағына қосады. Ол «*Алла* асыраған пендесі аш бола ма?», түпнұсқада да, М.Лермонтовтың аудармасында да бұл айтылмаған. Абайдың «Құдай» концептісінде Алла асыраушы, пендесінің барлық мұқтажын қамтамасыз етуші. Пенде бір Аллаға үміт артса, еш мұқтажы болмайды. Алланың бергеніне қанағат қылмаса, пендеге кең дүниенің өзінде тыныштық пен баспана табылмайды. Аллаға сеніп, үміт артып, берген несібесіне қанағат қылған жағдайда пендесі жас баладай алаңсыз болар еді деген ойды аңғарамыз. Абайдың аудармасын түпнұсқадан ерекшелеп тұрған да *Аллаға* қатысты мәселе болып тұр. Ф.Шиллер де, М.Лермонтов та кең дүниенің тар болуының себебін адамның қанағатсыздығымен ғана байланыстырып тұр. Сонымен бірге қанағатсыздық ер жеткен соң болмай қоймайтын, адамның табиғатында бар бұлжымайтын жағдай ретінде көрініс табады. Ал Абай «*Алла* асыраған пендесі аш бола ма?» деп, тек балаға қатысты емес, Алланың барлық пендесіне қатысты айтып тұрғанының аңғару қиын емес. Демек, аударма жасауда Абай ақынның ойын бұлжытпай аударуды мақсат етпеген. Керісінше, ақынмен ой таластырып, өзінің көзқарасы тұрғысынан өзгертіп беріп тұр. Абай оқырманына сөз арнағанда, егер Алланың бергеніне қанағат етіп, адал жолмен жүрсең, тыныштық та, баспана да болады деген ой тастайды. Бұл арқылы ақын қанағат пен тәубенің адам өміріндегі маңызын түсіндіреді. Демек, оқушыларға мәтінді рухани-құндылық тұрғысынан қабылдауды үйрету керек. Бұл – аксиологиялық педагогиканың негізгі қағидаларының бірі [4, 31].

Абайдың адам мен қоғам туралы көзқарасы да құндылықтық сипатта екенін көреміз. Ақын «жақын» мен «жау» ұғымдарын антонимдік жұпта қарастыра отырып, олардың этикалық өлшемін ашады: «Жақынға еріп, мал салмай, Жауды көріп, жан салмай…» Мұнда «жақын» — мейірім мен рухани жақындықтың символы болса, «жау» — ниеті теріс, күндес адамды білдіреді. Бұл контраст адамгершілік таңдаудың аксиологиялық маңызын көрсетеді [5, 699]. Абай шығармаларының аксиологиялық әлеуеті тек мазмұнда емес, тілдік жүйесінде де айқын. Ақынның «рахым», «шапағат» «ақылдылық», «қанағат», «әділет» ұғымдары – ұлттық мәдени кодтағы басты құндылық категориялары. Оларды оқытуда мұғалім тілдік талдаудан бөлек, құндылық рефлексиясы тәсілін қолданғаны дұрыс болады.

Қорыта айтқанда, Абай мұрасының аксиологиялық мазмұнын оқу процесіне енгізу – ұлттық рухани тұтастықты сақтаудың және қазіргі тұлға тәрбиелеудің тиімді тетігі. Абайдың «үш сүю» қағидасы («Алланы сүю, адамды сүю, әділетті сүю») – қазіргі аксиологиялық педагогиканың философиялық негізімен толық үйлеседі. Бұл идеяларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың рухани мәдениетін, адамгершілік танымын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеру деңгейін арттырады [6, 88].

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

Antoniuk, V. Z., Alendar, N. I., Bartkiv, O. S., Honcharuk, O. V., & Durmanenko, O. L. (2021). Axiological Approach in Professional Pedagogical Education. Linguistics and Culture Review, 5(S4), 687–699. URL: https://lingcure.org/index.php/journal/article/view/1709

Vakhovskyi, L. (2025). Axiological Potential of the Philosophy of Education. Journal of Education, Culture and Society. URL: https://www.jecs.pl/index.php/jecs/article/view/1753

Shcherbakova, G. M., Kireeva, A. V., & Volkova, E. S. (2021). Value as an Axiological Component of the Linguistic Picture of the World. ResearchGate Linguistics Series. URL: https://www.researchgate.net/publication/351383331_VALUE_AS_AN_AXIOLOGICAL_COMPONENT_OF_THE_LINGUISTIC_PICTURE_OF_THE_WORLD

Khodjamkulov, U. N. (2024). The Role of the Axiological Approach in Pedagogy in the Context of Values. Web of Journals. URL: https://webofjournals.com/index.php/1/article/view/2535

Smyrnova, T. A., Khomenko, V. P., & Petrenko, I. M. (2021). The Axiological Approach to the Training of Students of Pedagogical Universities. Linguistics and Culture Review. URL: https://lingcure.org/index.php/journal/article/download/1570/342/361

Yusupova, N. B. (2022). Axiological Significance of Axiological Education for Student Training. Academia.edu Education and Society. URL: https://www.academia.edu/124312076/Axiological_significance_of_axiological_education_for_the_preparation_of_students_of_technical_specialties

KAZAKİSTAN VE TÜRKİYE İNGİLİZCE ÖĞRETMENİ YETİŞTİRME PROGRAMLARININ MEZUNLARININ KARİYER GELİŞİM SÜREÇLERİNİN KARŞILAŞTIRMALI İNCELENMESİ

Bolatova A.
PhD, Necmettin Erbakan Üniversitesi, Konya, Türkiye.

Küreselleşme ve iletişim teknolojilerinin hızlı gelişimi, İngilizceyi uluslararası iletişimin ortak dili haline getirmiştir (Crystal, 2012; Graddol, 2006). Bu durum, İngilizce öğretmenlerinin niteliğini ve mesleki yeterliklerini artırma gerekliliğini her zamankinden daha fazla ön plana çıkarmıştır. İngilizce öğretmenlerinin yetiştirilme biçimi, sadece dil öğretimindeki başarıyı değil, aynı zamanda bireylerin eğitim sistemine ve toplumsal kalkınmaya katkı düzeyini de doğrudan etkilemektedir (Richards & Farrell, 2005). Bu bağlamda, İngilizce öğretmeni yetiştirme programlarının yapı ve çıktılarının incelenmesi, özellikle farklı sosyo-kültürel ve eğitimsel bağlamlarda gerçekleştirildiğinde, önemli karşılaştırmalı sonuçlar sunmaktadır.

Türkiye ve Kazakistan, tarihsel, kültürel ve coğrafi olarak farklılıklar göstermelerine rağmen, İngilizce öğretimi alanında benzer hedefler taşımaktadır. Her iki ülke de eğitim sistemlerini uluslararası standartlara uyumlu hale getirmeyi, yabancı dil öğretiminde kaliteyi artırmayı ve küresel iletişime açık bireyler yetiştirmeyi amaçlamaktadır (Altan, 2017; Sarsekeyeva, 2020). Türkiye'de İngilizce öğretmeni yetiştirme süreci, Yükseköğretim Kurulu (YÖK) tarafından belirlenen pedagojik formasyon, alan bilgisi ve uygulama temelli derslerle yapılandırılmıştır (YÖK, 2018). Kazakistan'da ise Bologna Süreci'nin etkisiyle öğretmen eğitimi programları yeniden düzenlenmiş, çok dilli eğitim politikaları çerçevesinde İngilizce öğretimi öncelikli alanlardan biri haline gelmiştir (Aitken & Doganay, 2019).

Bununla birlikte, iki ülkenin öğretmen yetiştirme sistemlerinde benzer hedefler bulunmasına rağmen, mezunların kariyer gelişim süreçlerinde farklılıklar gözlemlenmektedir. Bu farklılıklar, öğretmenlerin istihdam olanakları, mesleki gelişim fırsatlarına erişimleri, eğitim politikaları ve toplumsal beklentiler gibi çeşitli etmenlerden kaynaklanmaktadır (Kırkgöz, 2019; Beisembayeva, 2021). Ayrıca, öğretmen adaylarının lisans eğitimi süresince edindikleri pedagojik ve dilsel yeterliklerin mesleki yaşama nasıl yansıdığı, her iki ülke bağlamında da derinlemesine araştırılması gereken bir konudur.

Dolayısıyla, bu çalışmanın temel amacı Kazakistan ve Türkiye'de İngilizce öğretmeni yetiştirme programlarından mezun olan bireylerin kariyer gelişim süreçlerini karşılaştırmak, benzerlik ve farklılıkları ortaya koymak, ve bu süreçleri etkileyen yapısal ve bireysel faktörleri analiz etmektir. Bu tür bir karşılaştırmalı analiz, yalnızca mevcut öğretmen yetiştirme politikalarının değerlendirilmesine değil, aynı zamanda gelecekte daha etkili ve sürdürülebilir öğretmen eğitimi modellerinin geliştirilmesine de katkı sağlayacaktır.

Türkiye'de İngilizce öğretmeni yetiştirme süreci, hem ulusal eğitim politikalarının hem de küresel dil öğretimi trendlerinin etkisiyle zaman içinde önemli gelişimler geçirmiştir. Özellikle 1997 yılında yükseköğretim düzeyindeki öğretmen yetiştirme programlarının yeniden yapılandırılması ve Bologna Süreci uyum çalışmaları çerçevesinde öğretmen eğitimi programları daha sistematik ve standart hale getirilmiştir (YÖK, 2007). Bu bağlamda, İngilizce öğretmenliği lisans programları hem teorik bilgi hem de uygulama becerilerini içeren bütüncül bir yapı ile sunulmaktadır.

Türkiye'de 1950'lerden önce üniversitelere girişte lise not ortalamaları kullanılmaktaydı. 1950'lerde üniversiteler kendi kompozisyon tipi yazılı sınavlarını yapmaya başladılar. Ancak hem yazılı sınav soruların değerlendirilmesinde öznellik sorunu hem de lise mezunlarının sayısındaki artış yetkilileri giriş sınavını merkezileştirmeye yöneltti. Böylece neredeyse tüm yükseköğretim kurumları 1974'ten itibaren ÖSYM tarafından düzenlenen sınavların sonuçlarını dikkate almaya başladı. Günümüzde Türkiye'de bir İÖ programına girmek isteyenlerin iki sınava girmesi gerekiyor: Temel Yeterlilik Sınavı ve Yabancı Dil Sınavı. Hepsi çoktan seçmeli sorulara dayanmaktadır. Dil puanları hesaplanırken Yabancı Dil Sınavı'nın etkisi %40, Temel Yeterlilik Sınavı'nın etkisi ise %40 olacaktır (YÖK, 2018).

Öğretmen seçimi, eğitimi ve istihdamı 1982 yılına kadar Milli Eğitim Bakanlığı (MEB)'e bağlıydı. 1974 yılında çıkarılan 1739 sayılı Milli Eğitim Temel Kanunu çerçevesinde ilkokul öğretmenleri iki yıllık eğitim enstitülerinde yetiştiriliyordu; bu enstitüler 1982 yılında eğitim yüksekokulları olarak yeniden adlandırıldı. Muhtemelen ortaokul öğretmenleri de eğitim enstitüleri ve yüksek öğretmen okullarında yetiştiriliyordu. Bu tarihten sonra öğretmen yetiştirme sorumluluğu üniversitelere devredilmiş, böylece eğitim yüksekokulları ilkokul ve eğitim fakülteleri de ortaokul öğretmeni yetiştirmeye başlamışlardı. 1989-1990 öğretim yılında iki yıllık eğitim yüksekokullarının süresi dört yıla çıkarılmış ve bu yüksekokullar 1992-1993 öğretim yılında eğitim fakültelerine dönüştürülmüştür. Öğretmen açığına yol açan bu değişiklikler, MEB ile üniversiteler arasında etkili bir koordinasyon ve uygun planlama faaliyetlerinin eksikliğinden kaynaklanmıştır (Aydın ve Başkan, 2005, s.192).

1985 yılında ilk kez aday öğretmenler İngilizce öğretmeni olabilmek için merkezi sınava girdiler (Çılgın, 2009). Ancak 1992 yılında öğretmen açığı nedeniyle öğretmenler için sınav zorunluluğu tekrar kaldırıldı. 1996 yılında yaklaşık 50 bin kişi pedagojik formasyon almadan ve sınava girmeden öğretmen oldu. Ancak 2001 yılında öğretmen adayları KMS (Kurumlar İçin Merkezi Eleme Sınavı) adı altında yeniden sınava girmeye başladı ve 2002 yılında ismi KPSS olarak değiştirildi. Aday öğretmenlerin atanmayı hak edip etmediklerini belirleyen Kamu Personeli Seçme Sınavı (KPSS), aday öğretmenlerin devlet okullarında çalışabilmeleri için olmazsa olmaz olup dört aşamada gerçekleştirilir. KPSS aracılığıyla aday öğretmenler genel kültür, genel yetenek (120 soru) ve eğitim bilimleri (80 soru) alanlarında çoktan seçmeli sınavlara tabi tutulurlar. Birinci aşama genel kültür ve genel yeteneklerden oluşmaktadır. İkinci aşamada eğitim bilimleri bilgisi değerlendirilir. İngilizce öğretmeni olabilmek için aday öğretmenin üçüncü aşama olan Öğretmenlik Alan Bilgisi Testi (ÖABT)'yi (50 soru) alması gerekir. ÖABT iki ana bölümden oluşur: Dil yeterliliği, dilbilim ve edebiyatı içeren Alan Bilgisi Testi (40 soru) ve yöntem ve yaklaşımlar ile dil öğretimi becerilerini

içeren Alan Eğitim Testi (10 soru). Birinci ve ikinci aşamanın soruları Türkçe iken, üçüncü aşamanın soruları İngilizcedir. Ayrıca adayların belagatini değerlendirmek amacıyla Türkçe yapılan mülakatın getirilmesi yeni bir gelişmedir. Ancak İngilizce öğretmenlerinin iletişim becerilerinin neden Türkçe olarak ölçüldüğü tatmin edici bir cevap gerektiren hayati bir sorudur (TC MEB).

Kazakistan'da İngilizce dil öğretmenlerinin işe alınması hem genel öğretmen yeterlilik çerçeveleri hem de konu özelinde gereklilikler tarafından yönetilir. Adaylar, genellikle Yabancı diller pedagojik fakültelerinin İki yabancı dil veya filoloji alanında lisans derecesine sahip olmalıdır. Birçok özel kurumda, uygulamalı dilbilim, TESOL ("Teaching English to Speakers of Other languages", türkçesi "Başka Dilleri Konuşanlara İngilizce Öğretme") geçerlidir.

Eğitim ve Bilim Bakanlığı'na göre, öğretmenlik pozisyonları için başvuran tüm adaylar:

- Ulusal Yeterlilik Sınavını geçmesi; Temel 4 derse ek olarak, 5.ders olarak sınavda Yabancı dil (İngilizce) veya Dünya Tarihi derslerini seçmesi zorunludur. "Pedagojik Bilimler" alanında eğitim bursu yarışmasına katılım için sınavı geçme notu en az 75'tir. (testcenter.kz)

- NIS okulları için IELTS 6.0 genel okul öğretmenleri için genellikle CEFR B2/C1 seviyesinde dil yeterlilik belgelerini sağlamak;

Kazakistan'da öğretmen işe alım politikalarının modernizasyonu, ülkenin eğitim kalitesini yükseltme, eğitime erişimde eşitliği geliştirme ve öğretmen yeterliliklerini küresel standartlarla uyumlu hale getirme görevini üstlenmektedir. Kazakistan'ın öğretmen işe alım stratejisi, öğretmenlik mesleğinin sosyal statüsünü iyileştirme ve yetenekli, motive olmuş bireylerin mesleğe girmesini ve mesleğe devam etmesini sağlama yönündeki daha geniş sistemsel çabalara yerleştirilmiştir.

Kazakistan'ın öğretmen işe alım stratejisinin temel direklerinden biri, ulusal bir yeterlilik ve sertifikasyon çerçevesinin uygulanmasıdır. Öğretmen olmak isteyenlerin, hem pedagojik bilgiyi hem de konuya özgü yeterlilikleri değerlendiren Ulusal Yeterlilik Sınavı'nı geçmeleri gerekir (Kazakistan Başbakanı, 2020). Sınav, yalnızca belirlenmiş mesleki standartları karşılayanların kamu okullarında istihdam edilmeye uygun olmasını sağlayan bir kapı tutma mekanizması işlevi görür. Ayrıca, 2016'dan bu yana bir sertifikasyon sistemi kurumsallaştırılmıştır. Bu sistem, pedagojik yüksek öğrenim kurumlarından mezun olanların işgücüne girmeden önce öğretmenlik sertifikası almalarını zorunlu kılar. Sertifikasyon genellikle yerel eğitim yetkilileri ve kıdemli eğitimciler tarafından izlenen eğitim kurumlarında bir yıllık staj veya deneme süresinden önce gelir (Eğitim Profilleri, 2021).

Kazakistan ayrıca öğretmenliğin çekiciliğini ve prestijini artırmak için yasal ve politik önlemler aldı. Bu konuda çığır açan bir reform, Aralık 2019'da kabul edilen "Öğretmenin Statüsü Hakkında" Kanun'dur. Bu kanun, öğretmenlerin haklarını korumayı, idari yükleri azaltmayı ve ek tatil günleri ve performansa dayalı ikramiyeler gibi teşvikler getirmeyi amaçlamaktadır (Tokayev, 2019).

Bir diğer önemli politika girişimi ise öğretmen maaşlarının kademeli olarak artırılması olmuştur. 2020 ile 2023 yılları arasında ortalama öğretmen maaşları iki katına çıkarılmış ve öğretmenlik daha finansal olarak rekabetçi bir meslek haline gelmiştir (Wikipedia, 2023). Bu gelişmenin ölçülebilir bir etkisi olmuştur: anketler, yüksek başarı gösteren lise mezunlarının giderek artan bir kısmının artık öğretmenliği arzu edilen ve saygın bir kariyer olarak gördüğünü göstermektedir (Niyazbekova, 2022).

İngilizce öğretmenlerine üç dilli eğitim bağlamlarında özellikle yüksek talep vardır. Bakanlığın 2019-2025 Eğitim Geliştirme Stratejisi, özellikle liselerde ve özel liselerde İngilizce dilinde eğitimin (EMI) artırılmasını zorunlu kılmaktadır. Bu nedenle, İngilizce dil öğretmenleri genellikle şunlar için işe alınır:

Nazarbayev Entelektüel Okulları (NIS);

Üç dilli akışlara sahip devlet okulları.

Bu kurumlarda, öğretmen seçme süreçleri daha titizdir ve birden fazla görüşme turu, gösteri dersleri ve psikolojik değerlendirmeler içerebilir (Smagulova, 2020). Örneğin, NIS'de adaylar içerik ve dil entegre öğrenme (CLIL) yeterliliğini göstermeli ve Cambridge Assessment International Education ile işbirliği içinde düzenlenen düzenli hizmet içi eğitim programlarına katılmalıdır.

İngilizce yeterliliği önemli bir seçim kriteridir. Öğretmenlerin genellikle uluslararası olarak tanınan İngilizce dil sertifikalarını sunmaları gerekir:

IELTS (akademik roller için en az 6,5 bant puanı),

TOEFL iBT,

CEFR standartlarına uygun yerel üniversite tarafından verilen yeterlilik sınavları.

Devam eden reformun bir parçası olarak Bakanlık ayrıca, kültürlerarası yeterliliğin ve İngilizce aracılığıyla öğrenci özerkliğini ve eleştirel düşünmeyi teşvik etme yeteneğinin önemini vurgulayan Öğretmen Mesleki Standartlarını (2017) benimsemiştir. Bu, Kazakistan'ın yalnızca dili öğretme değil, aynı zamanda daha geniş eğitim hedefleri için bir araç olarak kullanma hırsıyla uyumludur (Yakavets, 2015).

Mezuniyet sonrası iş başvurusu açısından, Kazakistan prosedürü Türk prosedüründen farklıdır. Örneğin, Türkiye'de mezun olan öğretmen adaylarının Kamu Personeli Seçme Sınavı (KPSS) ve ardından gerçekleştirilen sözlü sınav ile devlet okullarında öğretmen olarak atanabilmeleri mümkündür. Bu süreç merkezi ve rekabetçi bir sisteme uygun olarak yürütülmektedir. Kazakistanlı mezunlar ise, okullara şahsen başvurabilir, iş fuarı etkinliklerine katılabilir veya hükümet tarafından uygulanan Gençlik Uygulaması programlarından da yardım alabilirler. "Diplom ile Köye" gibi devlet programları kapsamında, mezunların kırsal bölgelerde çalışma zorunluluğu söz konusudur.

Ayrıca, devlet tam bursuyla eğitim almış öğrenciler zorunlu çalışma süresini tamamlamak zorundalardır. Kazakistan'da 2017 yılından itibaren tam burslu öğrenciler için zorunlu kamu hizmeti mevcuttur. Bu, Pedagoji ve tıp uzmanlık öğrencilerini kapsayan bir Devlet programıdır. Bahsigeçen alanlarda kadro yetersizliğinden dolayı kendi alanlarındaki kuruluşlarda üç yıl (veya benzeri bir süre) süreyle çalışmaları gerekmektedir. Çalışma süresi iki veya üç yıldır (Kazakistan Cumhuriyeti "Eğitim" Kanununa göre). Eğer öğrenci bir veya iki yıl ücretsiz eğitim görüp, daha sonra ücretli eğitime geçtiyse veya ihraç edildiyse, sadece burslu olarak eğitim gördüğü süre kadar çalışması gerekmektedir.

Bu farklılık, sistem ve uygulama biçimi olarak farklı görünse de, her iki ülkede bölgesel hizmet yükümlülüğü gibi yöntemlerle kamu ihtiyacına yönelik yönlendirme yapıldığını ortaya koyar.

Türkiye'de mezuniyet sonrası istihdam büyük ölçüde **KPSS başarısına** bağlıyken, Kazakistan'da mezunlar **bireysel başuru yollarıyla** değerlendirilmekte;. Kazakistan için merkezi yerleştirme sınav sistemi öğretmen kadro ihtiyaçlarını karşılamak için önerilebilir. Türkiye'de de öğretmen atamalarında **çok yönlü değerlendirme sistemleri** göz önüne alınabilir.

Mezuniyet sonrası mesleki gelişim için her iki ülkede de **zorunlu hizmet içi eğitimler**, ulusal mesleki gelişim standartlarına bağlanmalı; dijital eğitim, çağdaş metodoloji ve değerlendirme sistemleri alanında **sürekli güncelleme imkanı** sunulmalıdır.

Sonuç olarak, iki ülkenin öğretmen yetiştirme sistemleri kendi sosyo-kültürel bağlamlarına uygun güçlü yönler taşımakla birlikte, mezunların kariyer gelişimlerini desteklemede bazı ortak iyileştirme alanları bulunmaktadır. Özellikle öğretmenlerin yaşam boyu öğrenme becerilerinin güçlendirilmesi, hizmet içi eğitimlerin sürekliliğinin sağlanması ve üniversite-okul iş birliğinin kurumsal düzeyde geliştirilmesi her iki ülke için de öncelikli gereksinimler arasındadır. Bu bağlamda, karşılaştırmalı eğitim perspektifinden elde edilen bulgular, İngilizce öğretmeni yetiştirme programlarının daha esnek, yenilikçi ve öğretmen merkezli bir yaklaşımla yeniden yapılandırılması gerektiğini göstermektedir.

KAYNAKÇA

Aitken, N., & Doğanay, A. (2019). Teacher education reforms and multilingualism in Kazakhstan: Opportunities and challenges. Journal of Education and Practice, 10(12), 45–54. https://doi.org/10.7176/JEP

Altan, M. Z. (2017). Globalization, English language teaching and teacher education: A Turkish perspective. Journal of Language and Linguistic Studies, 13(1), 1–11.

Aydın, B., & Başkan, G. A. (2005). Yabancı dil öğretmeni yetiştirme ve Türkiye'deki uygulamalar. Hacettepe Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 28, 192–200.

Beisembayeva, Z. (2021). Professional development of English language teachers in Kazakhstan within the framework of the trilingual policy. Central Asian Journal of Education and Research, 4(2), 89–103.

Crystal, D. (2012). English as a global language (2nd ed.). Cambridge University Press.

Çılgın, H. (2009). *Eğitim programları ve öğretim: Kuramdan uygulamaya.* Ankara: Nobel Yayıncılık.

Education Profiles. (2021). *Kazakhstan: Teacher Policies and School Leadership.* https://education-profiles.org

Graddol, D. (2006). English next: Why global English may mean the end of “English as a Foreign Language”. British Council.

Kırkgöz, Y. (2019). English language teacher education in Turkey: Policy, practice and research. In X. Gao (Ed.), Second handbook of English language teaching (pp. 645–665). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-030-02899-2_35

MEB Resmi Web Sitesi. https://www.meb.gov.tr

Millî Eğitim Bakanlığı [MEB]. (2017). *Öğretmenlik Mesleği Genel Yeterlikleri.* Ankara: Öğretmen Yetiştirme ve Geliştirme Genel Müdürlüğü. https://oygm.meb.gov.tr

МӘДИНА ОМАРОВА ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАР

Бөкен Г.С.

Ш.Уәлиханов атындағы КУ, қауымдастырылған профессор, PhD, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі қазақ әдебиетінде мистикалық реализмнің көркемдік әдістерін сәтті пайдаланған жазушылардың бірі – Мәдина Омарова. Оның шығармаларында шынайы өмір мен тылсым әлемнің шекарасы жойылып, адамның ішкі күйзелісі мен рухани ізденісі көркем тілмен бейнеленеді. Жазушы шығармаларындағы мистикалық белгі-сипаттар – *жартас, көлеңке, су, жол, қараңғы түн, таң, көбелек* сияқты символдық бейнелермен байланыстырылып берілуі кездейсоқ емес. Бұл атаулардың мазмұндық салмағы терең астарға ие. Біріншіден, *жартас, көлеңке, су сияқты табиғат құбылыстары* – мәңгілік, тұрақтылық пен өзгермеліліктің, адамның ішкі рухани күйінің көрінісі ретінде қолданылады. Мәселен, *жартас* – қатып қалған тағдырды, өзгеріске көнбейтін ауыр өмірлік жағдайларды білдірсе, *көлеңке* – адамның ішкі үрейі мен беймәлім тылсым дүниемен байланысын білдіреді. Екіншіден, *жол, қараңғы түн, таң* секілді уақыт пен кеңістікті бейнелейтін ұғымдар кейіпкерлердің өмірлік жолының, рухани ізденісінің символына айналған. *Жол* – әрқашан таңдау, тағдырдың белгісіз бағыты болса, *қараңғы түн* – адамның қиын кезеңдерін, рухани күйзелістерін, ал *таң* – үміттің, жаңарудың, қайта оянудың нышаны ретінде суреттеледі. Үшіншіден, *көбелек бейнесі* – өмірдің өткіншілігін, нәзіктігін және рухани тазару, қайта туу идеяларын білдіреді. *Көбелек* көбіне өлім мен өмірдің, шынайылық пен елестің арасындағы өткел сияқты сипатталады. Бұл символдар арқылы Мадина Омарова адам болмысының жұмбақ табиғатын, көзге көрінбейтін, бірақ сезілетін тылсым күштерді көркемдік құрал ретінде жеткізеді.

Мәселен, «Жол үстінде» әңгімесі – жазушының алғашқы туындыларының бірі болғанымен, көркемдік қуаты жағынан толысқан, қазіргі қазақ прозасындағы эстетикалық-танымдық ізденістердің бірі ретінде бағалауға болады. Шығарма желісі түн ортасында аудан орталығынан ауылға қайтып келе жатқан қыздың жолай белгісіз сақау жігітпен жолсеріктің кездесуінен өрбиді. Жігіт өзін Алмабектің баласымын деп таныстырып, ауылға асығыс шаруамен бара жатқанын айтады. Олардың арасындағы диалог ұзаққа созылмайды, әңгіменің түйіні тек қыз үйіне жетіп, болған жайтты әжесіне баяндағанда ғана ашылады. Сюжеті шағын болғанымен, шығармада философиялық мазмұн мен терең мағыналы қарама-қарсылықтар жүйесі байқалады.

Жарық пен түнек, өмір мен өлім, ер мен әйел, үміт пен үрей, суық пен жылу секілді бинарлы оппозициялар шығарма бойында көркемдік құрал ретінде қолданылады. Қыз – сау, тірі адам, ал жігіт – тіл мүкістігі бар, беймәлім, жұмбақ жан. Қазақ халық танымында бұл дүниеден өткен адамның жаны жақындарын өзімен бірге шақырады деген сенім бар. Жазушы осы тәрізді фольклорлық сенім-нанымдарды көркемдік ойлау жүйесінде жаңаша пайымдап, оны кейіпкердің ішкі әлемін ашуға, психологиялық хал-ахуалын суреттеуге қызмет ететін көркемдік тәсілге айналдыра білген. Бұл әңгімесінде қаламгер готикалық прозаның айшықты белгілерін орынды қолданады. Әңгіменің алғашқы сөйлемінен бастап-ақ оқырманды беймәлім кеңістікке жетелейтін көркемдік фон жасалған. Шығармада: «*Түн болатын. Ауадан бөлек иіс сезіледі. Қараңғылықтың иісі. Суық. Екеуіміз келе жатырмыз. Алдымыздағы жыланша иреленделеген қара жолдың шегі көрінер емес…*» [1,159-б.]. Осындай сипаттамалар арқылы

автор оқырманын ішкі қорқынышпен бетпе-бет қалдырып, психологиялық әсер тудырады. Шағын көлемдегі шығармада готикалық прозаның бірнеше элементі – *түн мезгілі, қараңғылық, жұмбақ кейіпкер, елес бейне, ажалмен астасқан бейсаналық үрей* көрініс табады.

М.Омарованың мистикалық мазмұнға құрылған тағы бір маңызды туындысы – «Жұмбақ» әңгімесі. Бұл шығарманың оқырманға әсері терең. Туындыны оқып шыққаннан кейін де адам ұзақ уақыт бойы түсініксіз күй кешіп, үміт пен қорқыныш аралығында ойланып отырады. Әңгіменің сюжеті ерекше құрылымға ие: басты кейіпкерге танысы телефон шалып, қала маңындағы жол апатында үш адамның қаза болғанын, арасында өзі де бар екенін хабарлайды. Шынайылық пен қиялдың ара-жігін ажырату мүмкін емес жағдай орнайды. Диалог үзіндісі бұл тылсым шындықты одан әрі қоюландырады:

Біз… Біз бүгін жол апатына ұшырадық қой.

Иә? – Жүрегім су ете қалды.

Біздің кім?

Берік, Бақыт, үшеуіміз. Трассада. Қатты жүріп… машина аударылып…

Машина жолдан шығып кетті… Жақын маңда ешкім жоқ. Ешкім көрген жоқ.

– Айналайын, дұрыстап рет-ретімен айтшы. Енді қазір қайдан звондап тұрсың? [1,143-б.]. Осы қысқа диалогта өмір мен өлім арасындағы шекара көмескіленіп, ақылға қонбайтын, тылсым оқиға тізбегі көркемдік құрал ретінде пайдаланылады. Бұл – автордың адам психикасына әсер ету шеберлігін, шығарманың идеялық-мазмұндық салмағын арттырып тұрған тәсілдердің бірі. Кейіпкерлер арасындағы соңғы диалогта шығарма шешімі біртіндеп ашыла бастайды. Әңгімедегі жұмбақ жанның шын мәнінде тірі емес, о дүниелік адам екендігі төмендегі сөздерден анық аңғарылады:

– Сол жерден. Біреулерді шақыра салшы дейін деп… – Жақсы. Қай жерде тұрсыңдар?

– Қаладан шыққаннан кейінгі көпірдің маңайы.

- Жақсы, қазір звондаймын. Барлығың амансыңдар ма, әйтеуір? – Жоқ, жоқ, аман емеспіз [1,143-б.]. Мистикалық-готикалық прозаның негізгі ерекшеліктерінің бірі – оқиғаның шешімі көбіне шығарма соңында, күтпеген жерден ашылады. Сондықтан «Жұмбақ» әңгімесінде де осы дәстүр айқын байқалады. Әңгіменің шарықтау шегі кейіпкердің таңдануы мен сенімсіздігі арқылы сипатталып, оқырманды терең ойға жетелейді. Мистикалық туындыларда кеңістік пен уақыттың сипаты да ерекше маңызға ие. Мұндай шығармаларда оқиға қорқыныш пен белгісіздік сезімін күшейтетін кеңістікте өрбиді. Бұл – үңгір, орман, қабір маңы, бос үй немесе шектеулі жабық кеңістік болуы мүмкін. Ал уақыт жағынан алғанда, көп жағдайда оқиға түн мезгілінде немесе қараңғы, бұлдыр уақытта өрістейді.

Бұл орайда, мистикалық прозадағы тағы бір маңызды элемент барын есте сақтаған жөн. Ол – кейіпкерлер жүйесі. Жазушы шығармаларында *елес, әруақ* бейнесіндегі кейіпкерлер жиі кездеседі. Олардың қызметі бір ғана қорқыныш тудырумен шектелмейді, керісінше, қоғам мен адам санасындағы шешілмеген, астарлы сұрақтарға мегзейді. «Жартас басында» әңгімесінде – жартасқа күнде келетін елестердің диалогі, «Күзгі бір кеште» – бақилық болған баланың тірі балаға деген сезімі, «Бір сыр барда» – баяғыда қайтыс болған анасының кенеттен кейіпкерге келуі, «Жол үстінде» мен «Жұмбақта» – елес кейіпкерлердің басты желінің қозғаушы күшіне айналуы – мұның барлығы жазушының мистикалық образдарды ерекше мақсатпен енгізгенін көрсетеді. Модернистік прозада елес, жын, пері, әруақ тәрізді бейнелер фольклорлық дәстүрдегі көрінісін сақтай отырып, жаңа мазмұнмен толықтырылады. Бұл образдар жазушының қоғамның көкейкесті әлеуметтік, моральдық және философиялық мәселелеріне назар аудартуға арналған көркемдік құралына айналады.

Бұл орайда, зерттеуші Г.Балтабаева да «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы» еңбегінде: «Қазіргі қазақ жазушыларының мистикалық сарындағы шығармаларын талқылау барысында олар әрқашан өз туындылары арқылы мәңгілік философиялық сұрақтарға да, қазіргі заманның көкейтесті сұрақтарына да жауап беруге талпыныс жасағанын байқаймыз. Қаламгерлер өз прозасында діни мотивтер, символдар және культтерді жаңғырта отырып, қоғамдағы көтерілген әлеуметтік және моральдық-философиялық мәселелерді жеке

көзқараспен түсіндіруге тырысуда»[2,87-б.],– деген пікір білдіреді. Сайып келгенде, Мәдина Омарова шығармашылығы – мистикалық элементтер арқылы терең философиялық мазмұн мен ұлттық дүниетанымды ұштастыра алған көркемдік құбылыс. Оның туындылары оқырманды тек қорқынышқа емес, ішкі ізденіс пен рухани танымға жетелейді.

Сол сияқты жазушы прозасындағы кеңістік пен уақыт ұғымдары дәстүрлі баяндау шеңберінен шығып, символдық әрі метафизикалық сипат алады. Бұл категориялар тек оқиға өтетін орын немесе кезең ретінде емес, кейіпкердің ішкі күйін, рухани ізденісін, түйсік арқылы қабылданатын тылсым әлемін білдіреді. Жазушының туындыларында нақты географиялық немесе хронологиялық бағдарлардан гөрі сезіммен өлшенетін, көзге көрінбейтін, бірақ ішкі әлеммен үндесіп жатқан кеңістік-уақыт өлшемі басым. Мәселен, «Күзгі саябақ» әңгімесінде саябақ – қарапайым демалыс орны ғана емес, жалғыздықтың, естеліктің және ішкі мұңның кеңістігі ретінде бейнеленеді. Саябақ табиғат аясындағы тыныш мекен бола тұра, кейіпкердің ішкі жан толқынысының айнасына айналады: *«…Күзгі жапырақтар аяғының астында сыбырлап, бірдеңе айтып тұрғандай болатын. Ол бұл жерге не үшін келгенін білмесе де, кәңілі осы арадан кеткісі келмейтіндей…*» [3]. Мұндағы кеңістік – сезім мен естелікке толы. Ол – нақты емес, символдық, тіпті тылсым сипаттағы мекен. Бұл кеңістікте өткен уақыттың елесі бар, ал келешек – беймәлім көлеңке түрінде ғана көрінеді. Уақыт та осы әңгімеде ерекше сипат алады. Күз – табиғи мезгіл болуымен қатар, өмірдің сарғайған, баяулап бара жатқан тұсы іспетті. Бұл мезгіл кейіпкердің ішкі күйімен толық үйлеседі.

«Ғажайып көл» әңгімесінде де табиғи мекен (көл) – мистикалық мәнге ие. Ол кейіпкер үшін еске түсетін орын ғана емес, шындық пен елес, тіршілік пен мәңгілік арасындағы шекараға айналады. Көл жағасында болған әрбір сәт – уақыттан тыс, кеңістік атаулыдан бөлек бір сәт іспетті: «…Көлдің беті тап-таза еді. Бірақ ол соған қарап отырып, әлдебір ескі дауыстарды еститіндей болатын. Бұл дауыстар оған таныс та, жат та сияқты…» [1,22-б.]. Бұл үзіндіден көретініміз – табиғи мекеннің тылсымдық сипат алуы. Көл – символ ғана емес, кейіпкердің ішкі толқынын, естелігін және түпсаналық күйін қозғайтын мистикалық арена. Мәдина Омарова кеңістікті нақты суреттемейді, оны сезіндіреді. Ал уақыт – нақты бір сағат немесе күн емес, кейіпкердің жан дүниесіндегі қозғалыс арқылы өлшенеді. Бұл – постмодернге тән стиль, бірақ автор оны ұлттық дүниетанаммен ұштастыра отырып, жаңаша көркем шешімдер ұсынады. Қазақ фольклорындағы «уақытсыз кеңістік», «жолдың киесі», «жалған мен шынның арасы» сынды ұғымдар жазушыда заманауи формада қайта көрініс табады.

Автордың «Қария» әңгімесінде кейіпкер түс пен өңнің, елес пен ақиқаттың арасында жүреді. Ол көрген бейнелер сырттай түс сияқты көрінгенімен, ішкі мағынасы терең, тылсымдық сипатқа ие. Қарт адам бейнесі – тек өмірдің соңы емес, ақиқатқа жақындаудың, болмыстың ар жағындағы сырды сезінудің нышаны:«*Қария үнсіз қарап отыратын. Көзінен ештеңе аңғара алмайсың. Бірақ сол кезде әлдебір тылсым бар еді, ол сенің де ішіңе қарайтын сияқты…*»[3]. Мұнда «қария» образы арқылы жазушы фольклорлық архетипті қолданады: ол – болмыстың шегіндегі дәнекер, көрінбейтін мен көрінетіннің арасында тұрған бейне. Қазақы түсінікте қария – ақыл иесі ғана емес, тылсымның иесі, аруақпен тілдесе алатын шындықтың куәгері.

«Құдайы тамақ» шығармасында да ата-баба рухы, аруаққа сену, өткенді еске алу – басты мистикалық элемент ретінде көрінеді. Әңгімеде берілген ас – қазақ дүниетанымындағы киелі ритуал. Бұл – жай дастарқан емес, аруақ шақырып, рухпен байланыс орнатудың, беймәліммен шекараласудың көрінісі. Кейіпкердің сезінуіндегі әрбір деталь – киелі кеңістікке қадам басқандай әсер береді. Шығармадағы мына оқиғаға көңіл аударсақ:

– Оқуың қашан бітеді?

– Келесі жылы.

Үнсіз қалды. Содан соң:

– Әкеңді білемін ғой, титтайынан білетінмін. Сен тура аузынан түскендейсің»[1,126-б.].Тамақ иісі бүкіл үйге жайылып, біртүрлі тыныштық орнағандай. Үндемей отырған адамдардың көзінен ғана әлдебір күту, естелік, сағыныш байқалады. Мұнда уақыт – реалды

емес, рухани өлшемге көшеді. Бұл – қазақы дүниетанымға тән «уақытсыздық» сезімі. Тамақ беру рәсімі – тірілер мен бақилықтар арасындағы тылсым көпір іспетті.

Мәдина Омарова шығармаларында фольклорлық элементтер жасырын, бірақ мағыналы түрде беріледі. Түс көру, әлдебір үнсіз жаратылыспен байланыс сезіну, табиғаттың ерекше сәтінде адам бойында ерекше күйдің тууы – барлығы да қазақ халқының архаикалық түсінігіне жақын. Жазушының шығармаларында мистикалық бейнелер сырттай қарағанда жай символ іспетті болғанымен, қазақ санасындағы киелілік, бабалар рухына құрмет, табиғатпен тілдесу сияқты ежелгі сенімдерді астарлап береді. Бұл – тек көркемдік мақсаттағы таңдау емес, жазушының ұлттық кодты жаңғыртуға деген ұмтылысы. Бұл орайда, қаламгердің «Ғажайып көл» әңгімесінде көл – табиғи объект қана емес, тылсым күштің, белгісіз дүниенің өкілі ретінде көрінеді. Бұл туынды да қазақ фольклорындағы су иесі, көл перісі, тұман арасындағы елестер секілді мифтік таным элементтері көркемдік тәсілмен қайта жаңғыртылған. Су – қазақ ұғымында өмір мен өлім арасындағы шекараның символы. Ал тұман – беймәлімнің, шешілмеген сырдың белгісі. Бұл екеуінің тоғысуы – кейіпкердің сана шекарасына өтуі мен рухани өзгеріске ұшырауын білдіреді.

Ал «Күзгі саябақ» шығармасында жыл мезгілі тек табиғи құбылыс ретінде емес, мистикалық күйлерге жол ашатын символ ретінде беріледі. Күз – қазақ танымында өтпелі кезең, өлім мен қайта тірілу арасындағы уақыт. Бұл мезгілде жапырақтар түгілі адамдар да ішкі күйзеліс пен аңсарға бой ұрады. Жазушы осыны былай сипаттайды: «Ағаштардан түсіп жатқан жапырақтар тіршілікпен қоштасқан жандардың сыбырындай естіледі…» [3]. Бұл метафора – жай поэтикалық тәсіл емес, арғы мәнінде қазақы дүниетаныммен байланысты. Қазақта жапырақ – өмірдің белгісі, ал оның түсуі – бір дәуірдің аяқталуы. Мұндай суреттеу арқылы жазушы табиғат пен адамның арасындағы көрінбейтін байланысты көрсетеді. Бұл – пәлсапалық әрі мистикалық астары бар көркемдік шешім. Қаламгер прозасындағы мистикалық сарын – батыстық әдебиеттегі үрей мен фантастикаға емес, қазақтың рухани болмысына, киелі кеңістік ұғымына, бабалар әлемімен байланысқа негізделген. Бұл оның ұлттық дүниетанымды жаңғыртып, заманауи көркем формада қайта бейнелегенін айғақтайды.Кейіпкерлердің ішкі әлемі мен мінез-құлық ерекшеліктері қарамақайшылықтарға толы: бірі – баласын жатсынған ана, екіншісі – туған бауырын аяусыз соққыға жыққан қатыгез перзент, енді бірі – өмірден үмітін үзген, жалғыздықпен күресіп жүрген кәрілік шақтағы кейіпкер. Осы бейнелерді оқыған оқырман олардың кейбірін өз өмірінен, айналасынан танығандай сезінсе, енді бір сәтте таңғалып, тіпті үрейленіп отырады. Жазушының шеберлігі сонда – ол қоғамда ашық көріне бермейтін, бірақ өмірде бар құбылыстарды көркемдік деңгейге көтере білген.

Жазушының тағы бір ерекшелігі – ықшам жазу стиліне ден қоюы. Оның «Суретші», «Сұлулық», «Кім өлді екен?» секілді шығармалары көлем жағынан өте шағын. Бірнеше абзацқа сыйғызылған қысқа әңгімелер арқылы жазушы терең философиялық, әлеуметтік, тіпті мистикалық ойларды бере біледі. Бұл – сөзге үнемділікпен қараудың, мазмұнға терең бойлаудың үлгісі. Омарова көбіне қысқа, жалаң сөйлемдер арқылы экспрессияға қол жеткізеді, атаулы сөйлемдерді жиі пайдаланады. Ол ұзақ суреттеулер мен классикалық баяндау тәсілінен гөрі, ішкі эмоция мен сезімге құрылған көркемдік әдіске жүгінеді. Мұндай минималистік стиль жазушының идеясына, әлемді қабылдау ерекшелігіне сай үйлесімді келеді.

Жазушының прозасында готикалық элементтер – қараңғылық, суықтық, жол, түн, жабық кеңістік, оқыс дыбыс, кенет келген хабар – адамның жанына құйылатын үрей емес, адамның өз-өзімен беттескен тұсындағы шынайы халкүйдің метафорасы. Бұл үрей – тірі адамның әлі тіршілік кешіп жүргенін сезінген сәтіндегі жан азабының көрінісі. Бұл жол – сырттағы қара жол емес, ішкі жол, адам рухының жалғыздығы мен беймәлім кеңістікке бастар бағыттың кәркем символы.

Мәдина Омарованың прозалық туындылары шартты түрде ұлттық готикамен үйлескен психологиялық мистикалық цикл ретінде сипатталуға лайық. Оның әңгімелерінде Батыс әдебиетіндегі готикалық дәстүрлер (түн, қара жол, елес, әруақ, тұманды кеңістік, күтпеген өлім) мен қазақ фольклорындағы дәстүрлі сенімдер (түс көру, әруақ шақыру, өтуыстың белгі

беруі, сақаулық, мүгедектік арқылы ерекше қасиетке ие болу) өзара біріктірілген. Бұл синтез жазушының өз стилін даралайды. М.Омарова кейіпкерлерінің есімдері кездейсоқ таңдалмайды. Олар – семантикалық жүк арқалаған, символдық мәні бар атаулар. Атап айтқанда:

«Жол үстінде» әңгімесіндегі жігіт – Алмабектің ұлы. Алмабек – «тіршіліктің иесі» сияқты естіледі. Алайда оның ұлы – тірілер қатарында емес. Бұл жерде жазушы есім мен тағдыр арасындағы символдық контрастты алға тартады. Яғни өмір атымен берілген адам өлім символына айналады.

«Жұмбақ» әңгімесінде – Берік, Бақыт. Бұл есімдер тұрақтылық пен қуаныш мағынасын білдірсе де, олардың қаза тапқан рух екендігі белгілі болады. Бұл – меметикалық антитеза, яғни үмітті білдіретін аттар арқылы үмітсіздікті көрсету мақсат етіледі.

«Бір сыр бар» әңгімесінде кейіпкердің анасы кешке келіп, түнді бірге өткізеді. Таң ата есік қағылып, анасының баяғыда қайтыс болғаны айтылады. Ана бейнесі – аналық инстинктің мәңгілігі мен руханилықтың белгісі ретінде алынады.

Кейіпкерлер – кейде шынайы өмірден алынғандай көрінсе де, көбіне символдық тұлғалар. Олар реалистік проза ережелерімен емес, мистикалық әлем заңдылығымен әрекет етеді. Кейіпкерді нақты кім деп атау мүмкін емес: тірі ме, елес пе – бәрі беймәлім. Бұл белгісіздік жазушының кәркемдік стратегиясының бір тініне айналған. Олар шынайы адам болмысынан гөрі идеялық, символдық деңгейде бейнеленеді. Олар – архетиптерге айналған бейнелер. Бірі – өмір мен әлім арасындағы шекарадан өткен рух, бірі – тірі пенденің рухани сергелдеңдегі психологиялық проекциясы. Осылайша, елес бейнелер тек қорқыныш элементі емес, кейіпкердің ішкі дүниесінің көрінісі ретінде кәркемдік міндет атқарады.

Мәдина Омарова шығармашылығы заман талаптарына сәйкес қоғамның өзекті мәселелерін, жаңашыл сұраныстарын терең ұғынып, соларды әдебиет арқылы жеткізуге бағытталған. Оның шығармаларында әлеуметтік күрделі тұлғалар мен олардың ішкі әлеміндегі түйіткілдер басты орын алады. Осы арқылы ол оқырманды қоғамдағы теріс көзқарастар мен қалыптасқан стереотиптерге қарсы тұруға, адамгершілік пен адалдықты қайта оятуға үндей білген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Омарова М. Қадір түні: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС. – 2012. – 320 б.
2. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 273 б.
3. Омарова М. Күзгі саябақ // Daktil. – 2023. – 10 наурыз. – Қолжетімді: https://daktilmag.kz/46/drama/madina-omarova/kuzgisayabak/770

АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ МАҚАМ: САЗ, СӨЗ ЖӘНЕ САНА ҮНДЕСТІГІ

Г. С. Бөкен[1], Г. Т. Тлеубердина[2]

[1] Қауымдастырылған профессор, PhD; [2] қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі кездегі ақындардың басым көпшілігі айтыстың сазын «мақам» деп атайды. Көптеген дәстүрлі музыкалық терминологияда жиі көпсемантикалық әрі қарама-қайшы интерпретацияларды туындататын «мақам», «мұғхам», «мақам» сөзі десек артық айтпағанымыз болар. Жалпы арабша «мақам» сөзі бастапқыда «кездесулер өткізетін орын», «тұрақ», «орын» дегенді білдірген[1,266-б.]. Кейіннен «тұғыр», әншілер мен музыканттардың көпшілік алдында өнер көрсететін «сахна» мағынасында қолданылған. Сөздің бұл мағынасы кейіннен мелодиялар жинағындағы түсіндірмелерде де дәл сол күйінде берілген. «Мақам» ұғымын музыкаға ауыстырғанда аспаптың мойнындағы фрескалармен де байланысты болды. Музыканың ғылымының дамуымен, теориялық негіздердің қалыптасуымен бұл термин көпсемантикалық мазмұнға ие болады.

Негізінен алғанда, «мақам» – музыкалық өнеріндегі импровизацияның бірегей процесі. Мақамның дамуы екі іргелі кеңістікпен (тональды фактор) және уақыт (ырғақ) арқылы анықталады. Классикалық мақам жанр (қалыптасу принципі тұрғысынан) да, күй ұғымын да қамтиды. Әйтпесе, мақам – тақырыптық және ырғақтық дамудың қатаң бекітілген канондары бар модальдық интонациялық және ырғақтық үлгі. Бұл ұғымды зерттеуші А.Сайгун айтқандай, «мақам – композитордың шабыты қандай формаға құйылатынын алдын ала белгілейтін тәсіл» [2,27-б.].

«Мақам» жүйесінің: өзбек және тәжік шашмакомы, ұйғыр мукамы, әзірбайжан муғамы, үнді рагасы және басқа да түрлері кездеседі. «Мақам» терминінің айтылуының әртүрлілігі мен мәні, сонымен қатар оның көп мағыналылығы белгілі бір ұлттың тілдік және басқа да ерекшеліктердің сыртқы көрінісі, ол музыкалық мазмұнмен, интонациялық-мелодиялық, метрлік-ритмикалық композициясымен, тақырыптық даму принциптерімен, әрбір халықтағы саз әуендерінің циклінің құрылымдық ерекшеліктерімен тікелей байланысты ұғым көрсеткіші болып саналады. Сонымен қатар «мақам» терминінің этимологиялық өрісіде өте кең. Мәселен, қазақ тілінде «мақам» сөзі жырдың сазы, кейін айтыстағы ақындардың сөздің әуендік тәсілі ретінде кездеседі. Біздің ойымызша, айтыс мәніндегі «мақам» термині жырдың сазын белгілеуінен әлдеқайда кейінірек пайда болған. Ал ақындық дәстүрге эпостық жанрлардың әсерінен, сондай-ақ жыршы мен ақынның ауызша мәдениеттің екі түрінің бір тұлғада жиі «қосылуынан», халық ауыз әдебиетіндегі эпикалық жанрлар үлгілерінің суырыпсалмалық айтысқа тікелей «көшіріліп» келу фактісімен де байланысты болуы ғажап емес, белгілі жайт. Біздіңше, әрине, бүгінгі таңда «мақам» терминінің мағынасы, этимологиялық өрісі тек айтыс күйін белгілеуден кеңірек. Дегенмен, айтыстағы «мақам» — қазақтың дәстүрлі өнеріндегі маңызды ұғым. Бұл термин айтыскер ақындардың өзара сөз жарысы кезінде қолданатын ерекше мақамы мен әуендік тәсілін білдіреді.

Мақамның ерекшелігі төмендегідей жіктеп өтуге болады:

Әуендік сипаты ретінде: айтыстағы мақым — белгілі бір әуен, әуезбен өлеңді орындау стилі. Әр өңірдің өзіне тән мақамдары бар, олар айтыстың көркемдік құндылығын арттырады.Өңірлік айырмашылықтары ретінде мақамның Қазақстанның әр аймағында айтыскерлер қолданатын мақамдар әртүрлі. Мәселен, Арқаның мақамы мен Жетісу мақамы өздеріне тән әуездік бояуларымен ерекшеленеді. Мақамның айтыстағы маңызы ол – мақам айтыскердің шеберлігін көрсетеді. Ол тек өлең сөзін ғана емес, тыңдарманның көңілін көтеретін, әсерлі жеткізетін құрал болып саналады. Енді жоғарыдағы теориялық тұжырымдар мен зерттеулерді нақты қазіргі айтыскердің арасынан Арқаның мақамын тану мақсатында белгілі айтыскер ақын Арман Бердалин мен Балғынбек Имашевтың айтысы негізінде талдайтын боламыз. Айтыс түрі – кәсіби айтыс ақындары. Жалпы айтыстың негізі тақырыбы – еркіндік, қазақ тарихында болған елеулі оқиғаларға негізделе отыра,қазақ пен орыс халқы арасындағы достықты орнату. Балғынбек ақын пен Арман ақын екеуінің де қолданысында әсем де әуезді ырғақ бар. Философиялық ой тереңдігі басым. Балғынбек ақын мақамында бастапқыда мақтап-мақтап, артынан тиісіп сөйлеуі байқалады. Екі ақынның да сөз қолданысында көркемдегіш құралдар кездеседі. Шаршы топ алдындағы сөз додасында айтыскер ақынның мақамына сай поэтикалық қайталаулар, соның ішінде тілдік қайталаулар, сөз жарысының айтылу әсемдігіне әсерлі ықпал жасайды. Себебі, тыңдаушы кауымның есте сақтау, жадында ұстау мақсатында қызмет аткаратындығын атап кету керек. Келтірілген үзінділердегі бірінші мысалда ақын кеткен сөзін кезекті қайталау арқылы Арман Бердалиннің аллитерацияны, сол сияқты оның қарсылас ақыны Балғынбек Имашевтің де сол тәсілді қолдануы диалог әсерлі, көркем әрі ұтымды құррылуына ықпал еткенін тани аламыз.

АРМАН

Бабамның басы жатқан ұлы өлкеге,
Баланың тындатайын жас жүрегін
Жаратқан өзі бізге жақ болғандай,
Жұлдызымыз жарқырар шақ болғандай.
Салмақты, салиқалы сөз айт елге,

Сақтардың қылышына сап болғандай.
Сөзіңнің түрін көрмей тиіспейін,
БАЛҒЫНБЕК
Сөзімнің айтар болсам құдды бәрін,
Сағыныштан жанарды шық қыламын?
Қамыңды жасап ертерек,
Қалқаныңды қолға алып,
Қамалыңды құрарсың.
Керемет болсаң көрейін,
Көлеңкеңнен озып көр[3].

Екі ақынның айтыс барысындағы дыбыстар үндестігімен, ұнамды, өткір үнімен, үйлесімдігімен, яғни гармониялық ерекшеленеді. Себебі бұл ақындардың психикалық табиғатынан, ырғақтық-интонациялық суретінің, сипатымен оның синтаксисімен кабысуынан, поэзиялық және музыкалық мазмұнның келісімінен туады. Расында, бұл айтыс ақынына ойды әсерлеп, мәнерлеп айтуда өлең құраудың тетіктерін мүлтіксіз меңгеру, ақынға оңай соқпайды. Біркелкі буын санына негіздей келе, бунақ есебінің тұрақтылығы, яки жіктеліп бөлінуінің орнақтылығы сияқты байланыстар жүйесі сөздің тұтастығына әсер ететіні аян. Сонымен қатар Арман Бердалиннің сөз жарыстары кезінде ұтымды, әрі мол пайдаланған эпифоралық қайталалаулар екенін жиі байқауға болады. Сонымен қатар ақыннын айтыстарында оның макамын ерекшелейтін дыбыстық кайталаулар ән мақамына салып, сұлу сынды эпифоралық тұрғыда қайталау арқылы әрлендіре түседі:

Астанадай ел сұлу
Даласына сыр тұңған,
Сарыарқадай жер сұлу!
Оңтүстікте сен сұлу,
Солтүстікте мен сұлу!
Шыға келдік сахнаға,
Айтыстағы тең сұлу!
Оңтүстікте сен сұлу,
Солтүстікте мен сұлу[3]!

Айтыс барысында қос ақын *риторикалық сұрақтарды* да жиі пайдаланады:

БАЛҒЫНБЕК
Жағамнан алмақшы ма келіп бүгін?
Ағамыз енді қызық толғайды ма?
Іниіз сонда айтшы, сорлайды ма?
Балға балды қосқандай болмайды ма?
Ұлтымды неге айтпайсың?
Соғысты неге айтпайсың?
Орысты неге айтпайсың?
Бірақ та Москвада байқап жүргін,
Кім келіп тағдырыңа бал ашып жүр[3]?
АРМАН
Балғынбек, балпаң басып келдіңіз бе?
Не өнер көрсетесің енді бізге?

Бұл айтыс барысында қос дүлдүл де екі өзіндік сөз саптауымен ерекшеленіп, өңірлік мақамдарына сай ел тарихы мен халықтың тағдыр талайынан сыр шертіп, елдегі маңызды саяси, мәдени, әлеуметтік және рухани мәселелерді боямасыз жырлай білгендіктерін көреміз. Шығыс (Семей) мақамын тану мақсатында белгілі айтыскер ақын Әбілқайыр Сыздықов пен Айнұр Тұрсынбаеваның айтысы негізінде талдайтын боламыз.

Айтыс түрі – қыз бен жігіт (кәсіби айтыс ақындары). Айтысты талдау барысында біз Әбілқайыр ақынның қайталаудың эпифора түрін ұтымды қолданатынын көреміз:

ӘБІЛҚАЙЫР:

Ай басымызда баянды бағымыз бар,
Тұғырлы Тәуелсіздік тағымыз бар
Ееей он мың ұра сайғыр бұз,
Оң мың қыра сайғыз бұз
Қаратпа сөзді де Әбілқайыр ақынның көп пайдалнады:
Ей, ағайын, ағайын,
Домбырамды қолға алып,
Ееей ағайын, ағайын,
Тағы бір қызық көріңдер[3].

Жыр додасына түскен қос ақынның айтыстары түрлі ұйқасқа көп ойысатындықтан, акындық ойдың жедел, шапшаң өсетіндігі байқалады. Ырғақтың музыкалығына, ой ағынына, мәнділігіне шымыр өрілген тармақтар бірден-бір үлкен себеп болып саналады. Мұның бәрі ақындық интуиция, зейінінің арқасында шығармашылықпен игеріліп, жаңа қырынан жайнап құлпырады. Ақынның музыкалық ебі, орындау шеберлігі оған үстеме бояу косады. Сондықтан ақын жырларында музыканың да үлесі айтарлықтай[10,141]. Асылы, шындықты суреттей отырып, кез келген ақын белгілі бір ойды, сезімді, пікірді, көзкарасты білдіреді. Айтыста қиялдың өзі-ой, ойың-сөз, сөз-музыка. Осындай сабақтас, қандас, тектес құбылыстардың біреуі екіншісімен етене араласып кетеді, бірінің касиеті екіншісіне ауады, бірінің сипаты, сыры, қимыл-әрекеті, сәулесі басқаларға ауысады. Бұл орайда, біз Айнұр ақынның жиі қолданылатын көркемдік құралы ретінде *аллитерациялық* қайталау атауға болады. Ақын Әбілқайырмен айтысында әзіл-қалжыңы жарасқан әдемі айтыс құра біледі.

АЙНҰР
Домбырамды қолға алсам,
Дина деп мені санаңыз.
Жүрмегін жасты қарсы алып
Жанында жүріп елші сен,
Қашан да өсіп толайық
Қолым жетпей жүр менің,
Көп қарады ғой, Әбекең
Көзің өтіп қалмасын[3].

Айтыс дамытушы, тәрбиелеуші, білім беруші психологиялық функцияларды атқарады. Бір жағдаяттық жағдайға кіреді, психологиялық тұрғыдан біреуі жеңіліп, біреуі жеңу емес, негізгі ортақ мақсат барлығы (айтыскерлер және тыңдаушылар) бір творчестволық тұтастық, этностық бірлік құрады. Екі айтыскер де бір этнос өкілдері, сол этностың мәселесін жырлайды, соның негізінде олар бір шығармашылық одақты құрайды. Мұны біз қос ақынның айтысыннан да байқадық.

Айтыс додасында ақындар қолданатын жыр шумақтарындағы ой, өзіндік окказионалдық оралымдар, авторлық сөз қолданыстардың мағынасы, ондағы дыбыстық жүйе, сөз қайталаулар, сондай- ақ интонациялық тәсілдер ырғаққа одан кейін өңірлік мақамға айналуға қабілетті. Негізінен алғанда, ырғақ силлабикалық өлең жүйесінде буын тәртібіне, тоникалық өлең құрылысында екпінге, метрикалық өленде созымды және созымсыз буындарға бағынып отырады. Ал ырғақтың өзі уақыт пен кеңістікке, еңбек қимылы мен адамның психофизиологиялық табиғатына, тіл мен музыкаға қатысты болып келеді. Айтыс барысында қос ақын шалыс, кезектес ұйқастарды қолданады.

ӘБІЛҚАЙЫР:
Тұмырайған адамның, а
Тұман кетпес ойынан. б
Қыңырайған адамның, а
Күмән кетпес ойынан б
Алла деген адамның а -шалыс ұйқас
Ееей Жаратқан Алла жар болса, а
Жұлдыздай неге жанбаймын б

Сен барған жерге биіктеп, в
Айнұр мен неге бармаймын[3]. б - кезектес ұйқас
АЙНҰР:
Тілек айтсаң ұл тап деп, а
Құлаққа қалай ілмейін б
Жақсы деп мақтап сен жүрсің, а
Қадірді қалай білмейін. б – кезектес ұйқас
Көп қарады ғой, Әбекең а
Көзің өтіп қалмасын б
Ғашық болып қалып шынымен в
Артымнан іздеп бармасын[3]. б - кезектес ұйқас

Әбілқайыр Сыздықов – айтыс өнерінде өзіндік орны бар ақын. Оның мақамы мен мақышы дәстүрлі қазақ айтысының ерекшеліктерін сақтай отырып, өзіндік стилімен ерекшеленеді. Егер біз Ә.Сыздықовтың мақамын (ән ырғағы) жіктей келсек, айтыскерде көркемдік пен жеңілдік бар. Мәселен, ақын мақамы тыңдауға жеңіл әрі әуезді болып келеді.Әсіресе, оның мақамында жыраулық дәстүрдің элементтері сақталғанымен, заманауи тыңдаушыға жақын ырғақтар байқалады. Ақынның жыр жолдарында тұрақтылық негізі кездеседі. Әбілқайыр Сыздықов көбіне белгілі бір мақамды ұстап, айтыс барысында оны тыңдап отырған қауымға түсінікті әрі жағымды етіп ұсынады. Айтыскердің мақамдары домбыраның байсалды әуенімен үйлесіп, тыңдаушыларды баурайтын әсерлі әуенмен ерекшеленеді. Сонымен қатар айтыс барысында оның мақышын (поэтикалық шеберлігі) да саралауға болады.

Айтыскердің шығармашылығы қазіргі қоғамның мәселелерін қозғаумен ерекшеленеді. Ол тек дәстүрлі тақырыптарды ғана емес, әлеуметтік, саяси, мәдени жағдайларды да жырлап, тыңдарманның жүрегіне жеткізеді. Әбілқайыр Сыздықовтың айтыстағы мақамы әуезділігімен, мақышы ойының тереңдігімен ерекшеленеді. Оның өнері қазақ айтысындағы дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре білген ерекше құбылыс.

Айнұр Тұрсынбаеваның айтыстағы мақамы мен қазақтың дәстүрлі айтыс өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде ерекше сипатталады. Оның айтыс өнеріндегі ерекшеліктерін келесі қырлардан байқауға болады. Айнұр ақынның сөздері айтыстағы қарсыласына батыл, дәл және орынды жауап берумен ерекшеленеді. Ол қарсыласының әлсіз тұсын тез тауып, оны поэтикалық стильде шебер қолданады. Соынмен қатар айтыстың табиғатына сай, Айнұр әрдайым тың және күтпеген жауаптарымен ерекшеленеді. Оның экспромттық қабілеті жоғары деңгейде дамыған. Сөз саптауында ұлттық нақыш пен терең ой үйлесімді түрде байқалады.

Негізінен алғанда, айтыстан тапқырлықпен қатар, әдептілік, сыпайылық, тартымдылық сынды шарттар орындалуы абзал. Оған дөкірлік, тұрпайылық, қарсыласты жеңемін деген өктемділік, әдепсіздік дегендер жат. Тіпті жұптас ақынның әлсіз тұсын айтам деп, шектен тыс, жеке өмірі мен болмысына мін тағу айтыстың шартын бұзады. Сөз сайысына нағыз табиғи төкпе өлеңге икемі бар санаулылар ғана түседі. Сөз ойнатамын, тіркес қуалаймын деп, логикалық жағынан үйлеспейтін қарадүрсін тіркестерді немесе жазба әдебиеттің арсеналынан ауысқан жолдар мен теңеулерді үйлесімсіз қолдану да айтыс шартына тән емес. Асылы, айтысқа қойылатын негізгі шарттар мен міндеттерді ақындардың ұстануы әрі өнерді әспеттеуі – ұлтымыздың осынау құндылығының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты табуына мүмкіндік беретіні айқын.

Мақала AP 19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБ гранттық қаржыландырумен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Бас редакт.Жанұзақов Т.). – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
2. Кожахметова Ж.Музыка казахского айтыса//Автореферат дисс.на соиск.учен.степ.канд.искусств. – Алматы, 2010. – 32 с.
3. Қазіргі айтыс. Құрастырған: И.Нұрахметұлы, С.Дүйсенғазин. – Астана: «Күлтегін», 2004. – 1 кітап . – 312 б.

ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ

Дүйсен М.Б

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 2-курс магистранты; Ғылыми жетекші – ф.ғ.д. Смағұлов Ж.Қ. Қарағанды, Қазақстан.

Қандай да болсын ұлт өзінің әдебиеттану ғылымы мен сынын қалыптастыруда әлемдік ғылыми-зерттеушілік әдіснамалық ізденістерден шет қалуы мүмкін емес. Әр халықтың әдебиеттану ғылымы өзіне ғана тән ерекшелікпен туып-қалыптасатынын ескеретін болсақ, әлемдік ғылыми мектептер мен теорияларға қарама-қатысы анықталар еді. Себебі олар әдеби мұраларды зерттеуде өз кезінде кеңінен таралған әдіс-тәсілдерді қолдана отырғанымен, ешбір ұлттың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы басқадан үйреніп барып жасалмақ емес. Әдеби және фольклорлық мұраны жинап-жариялаудағы танымдық сипатта көрінетін қарапайым жұмыстардың өзі-ақ филологиялық мектептің әдіс-тәсілдерінің алғышарттары болып табылады.

Әдебиет туралы ғылым әдіснамасы салыстырмалы түрде әдебиеттанудың әлі де болса жас саласына жатады. Ал әдебиеттанудың жеке ғылым саласы сипатындағы белгілерін білу мәселесі және соған сәйкес оған тән зерттеу әдістерінің міндетін талдауды, баға беруді ғылыми анықтау - ғалымдардың назарын XX ғасырдың алғашқы ширегінде ғана өзіне аударды. Ғалым А.С.Бушминнің әдебиет теориясы мен әдебиеттану әдіснамасының өзіндік ерекшеліктері туралы: «Әдебиет теориясы мен әдебиет туралы ғылымның әдіснамасы бір-бірімен тығыз байланысты дегенмен, өздерінің қызметтері мен міндеттері тұрғысынан ерекшеленетін теориялық әдебиеттанудың екі бөлім немесе екі аспектісі ретінде қарастырылуы керек. Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің заңдарына және категорияларына қатысты болса, әдебиеттану әдіснамасы осы заңдар мен категорияларға сүйене отырып, нақты тарихи-әдеби процестегі олардың ғылыми зерттеу принциптерін анықтайды», - деп жазған болатын [1, 90].

Әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми мектептер әдебиеттің дамуында аса зор рөл атқарады. Мәселен, қазақ әдебиеттануының жеке ғылым саласы ретінде қалыптасып, даму жолында филологиялық, ғұмырнамалық (биографизм), формализм, мәдени-тарихи, эстетикалық догматизм, тарихи-салыстырмалық (компративизм), психологиялық, психоаналитикалық, социологиялық мектептердың әдіснамасы тарихи алғы шарт немесе дамытушы күш болып саналады. Осы мектептердің әрқайсысына немесе олардың қандай да бір үндестігіне сәйкес ерекше зерттеу әдістері мен бағыттар туындаған. «Әдебиеттанудағы бұл мектептердің өкілдерінің жеке табыстарын жоққа шығаруға болмайды, олардың жұмыстарында барлығы жарамсыз емес. Бірақ бұл құптарлық нәтижелер олардың таңдаған әдіснамасының дұрыстығын айғақтамайды. Олар әдіске тәуелсіз, кейбір кезде осы әдіс толық түрде дұрыс болмаса да, бақылаудың тар аумағында өзін жеке тәсіл ретінде ақтап, жоғарыда айтылғандай нәтижелерге жеткен» [1, 90].

Қазіргі ұлттық әдебиеттануда типологиялық зерттеу әдісінің қалыптасу тарихы мен әдебиеттанудағы орны қарастырылуда. Оны зерттеудегі негізгі мақсат – типологиялық әдістің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтау, оның әдебиеттану ғылымындағы рөлін айқындау. Сондай-ақ типологиялық әдістің әдеби құбылыстарды жүйелеу, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау, әдеби процестің заңдылықтарын түсіндірудегі маңызы көрсетіледі. А.Н. Веселовский, В.М. Жирмунский, Д.Дюришин, А.С. Бушмин, В.И. Тюпа сияқты ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, типологиялық зерттеу әдісінің даму кезеңдері мен ғылыми маңызы талдауға ұмтылыс жасалып жатыр. Сол арқылы типологиялық зерттеу әдісінің қалыптасу кезеңдері, негізгі қағидаттары мен әдебиеттанудағы қызметі айқындалады.

Әдебиеттанудағы типологиялық зерттеу әдісі көркем әдебиеттегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, ортақ заңдылықтарды, үрдістерді анықтауға бағытталған маңызды тәсіл болып табылады. Типологиялық зерттеу әдісі көркем шығармаларды, әдеби бағыттарды,

жанрларды, стильдерді, образдарды және т.б. әдеби құбылыстарды жүйелеу, олардың арасындағы ортақ белгілерді анықтау, типологиялық байланыстарды орнату арқылы әдебиеттің даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

Типологиялық зерттеу әдісінің қалыптасу тарихы терең тамырларға ие. Бұл әдістің ғылыми негіздері XIX ғасырдың екінші жартысында еуропалық және ресейлік ғылымда қалыптаса бастады. Ол кезеңде әлем әдебиеттануында салыстырмалы-тарихи әдіс пен мәдени-тарихи мектеп өкілдерінің (И. Тэн, Ф. Брюнетьер, А.Н. Пыпин т.б.) еңбектерінде салыстырмалы әдістің алғашқы элементтері көріне бастады. Алайда, салыстырмалы-тарихи әдістен типологиялық әдістің бөлінуі, оның өзіндік әдіснамалық аппаратының қалыптасуы XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында орын алды.

Типологиялық зерттеу әдісінің әдебиеттанудағы қалыптасуына А.Н. Веселовский, В.М. Жирмунский, А.Я. Пропп, Б.Н. Путилов сияқты орыс ғалымдарының үлесі зор болды. Әсіресе, А.Н. Веселовскийдің тарихи поэтикасы мен салыстырмалы-тарихи тұжырымдары типологиялық зерттеу әдісінің қалыптасуына негіз болды. Ол түрлі халықтардың фольклорындағы, әдебиетіндегі сюжеттік, мотивтік ұқсастықтардың тарихи-генетикалық және типологиялық негіздерін зерттеді. А.Н. Веселовский алғаш рет түрлі әдебиеттердегі ұқсастықтарды тек қана тікелей әсер мен қарым-қатынастардың нәтижесі ретінде емес, сонымен қатар әдеби дамудың типологиялық заңдылықтарының көрінісі ретінде қарастыруды ұсынды. В.М. Жирмунский типологиялық зерттеу әдісінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеуде маңызды үлес қосты. Оның «Литературные течения как международное явление» атты еңбегінде әдеби бағыттардың халықаралық сипаты мен типологиялық ұқсастықтары туралы маңызды тұжырымдар жасалды [2]. Ғалым әдеби бағыттардың, жанрлардың, стильдердің типологиялық ұқсастықтарын әлеуметтік-тарихи дамудағы заңдылықтармен, мәдени-тарихи контекстпен байланыстырып қарастырды.

Типологиялық зерттеу әдісінің теориялық негіздерін дамытуға Д.Дюришин, И.Г. Неупокоева, А.С. Бушмин, В.Р. Аминева, В.И. Тюпа сияқты ғалымдардың да үлесі зор. Д. Дюришиннің «Теория сравнительного изучения литературы» атты еңбегінде салыстырмалы әдебиеттанудың теориялық мәселелері, оның ішінде типологиялық зерттеулердің әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылған [3]. Ғалым генетикалық байланыстардан типологиялық байланыстарды ажыратып көрсетіп, типологиялық байланыстардың әртүрлі деңгейлерін (қоғамдық-типологиялық, психологиялық-типологиялық, әдеби-типологиялық) анықтады.

И.Г. Неупокоева «История всемирной литературы. Проблемы системного и сравнительного анализа» атты еңбегінде типологиялық зерттеу әдісінің мүмкіндіктерін, оның салыстырмалы әдебиеттанудағы орнын қарастырды [4]. Оның тұжырымдары бойынша, типологиялық зерттеулердің негізгі міндеті – әдеби құбылыстардың ішкі заңдылықтарын, олардың тарихи дамуын, әдебиеттердің өзара әрекеттесуін және ұлттық ерекшеліктерін анықтау. А.С. Бушмин «Методологические вопросы литературоведческих исследований» атты еңбегінде типологиялық әдістің әдіснамалық негіздерін қарастырып, типологиялық зерттеулердің объективті негіздері мен әдіснамалық принциптерін анықтады [5]. Ғалымның пікірінше, типологиялық зерттеу әдісі әдеби құбылыстардың ішкі заңдылықтарын анықтауға, олардың жалпы және ерекше белгілерін ажыратуға, әдеби процестің даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. В.И. Тюпа «Аналитика художественного: Введение в литературоведческий анализ» атты еңбегінде типологиялық зерттеу әдісінің қазіргі әдебиеттанудағы маңызын, оның теориялық және практикалық аспектілерін қарастырды [6]. Ғалым типологиялық зерттеулердің әдеби туындыларды талдаудағы ролін ерекше атап көрсетеді. Типологиялық зерттеу әдісінің әдебиеттанудағы орны мен маңызы туралы айтар болсақ, бұл әдіс әдеби құбылыстарды жүйелі түрде зерттеуге, олардың арасындағы байланыстарды анықтауға, әдебиеттің даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік беретін құнды тәсіл болып табылады. Типологиялық зерттеу әдісінің негізгі құндылығы – ол әдеби құбылыстарды жекелеген фактілер жиынтығы ретінде емес, бірыңғай жүйе, бірыңғай процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Типологиялық зерттеу әдісінің әдебиеттанудағы негізгі функциялары мыналар:

- Әдеби құбылыстарды жүйелеу, олардың типтерін, типологиялық қатарларын анықтау;
- Әдеби құбылыстардың ортақ және ерекше белгілерін анықтау;
- Әдеби даму заңдылықтарын, әдеби процестің логикасын түсіну;
- Әдеби құбылыстардың тарихи-типологиялық байланыстарын орнату;
- Әдеби құбылыстардың типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтарының себептерін анықтау.

Типологиялық зерттеу әдісінің әдебиеттанудағы маңызды құралдарының бірі – типологиялық салыстыру. Типологиялық салыстыру арқылы әдебиеттанушы түрлі әдеби құбылыстардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтай алады, олардың ортақ және ерекше белгілерін айқындай алады. Типологиялық салыстыру әдеби құбылыстардың ішкі заңдылықтарын, даму логикасын түсінуге, әдебиеттің тарихи дамуындағы жалпы үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Типологиялық зерттеу әдісінің тағы бір маңызды аспектісі – ол әдеби құбылыстардың типологиялық ұқсастықтарын олардың тарихи-генетикалық байланыстарынан ажыратуға мүмкіндік береді. Егер тарихи-генетикалық байланыстар әдеби құбылыстардың арасындағы тікелей әсерлермен, қарым-қатынастармен байланысты болса, типологиялық ұқсастықтар әдеби дамудың ішкі заңдылықтарымен, әдеби процестің логикасымен байланысты. Жалпы алғанда, типологиялық зерттеу әдісі әдебиеттанудағы ең маңызды және өнімді әдістердің бірі болып табылады. Ол әдеби құбылыстарды жүйелі түрде зерттеуге, олардың арасындағы байланыстарды анықтауға, әдебиеттің даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі әдебиеттануда типологиялық зерттеу әдісі кеңінен қолданылады және өзінің әдіснамалық әлеуетін сақтап келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бушмин А.С. Наука о литературе. - Москва: Современник, 1980.
2. Жирмунский В.М. Литературные течения как международное явление. – Ленинград: Наука, 1967. – 276 б.
3. Дюришин Д. Теория сравнительного изучения литературы. – Братислава: Slovenské pedagogické nakladateľstvo, 1979. – 312 б.
4. Неупокоева И.Г. История всемирной литературы. Проблемы системного и сравнительного анализа. – Москва: Наука, 1976. – 284 б.
5. Бушмин А.С. Методологические вопросы литературоведческих исследований. – Ленинград: Наука, 1969. – 256 б.
6. Тюпа В.И. Аналитика художественного: Введение в литературоведческий анализ. – Москва: Академический проект, 2001. – 368 б.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. М. Елубай[1], С. С. Татиева[2], А.М.Қазезова[3]

[1]Азаматтық авиация академиясының қауымдастырылған профессоры, PhD.
[2,3]Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің сеньор-лекторы
Алматы, Қазақстан.

Қазіргі тілімізде ерте кезеңдерден бері адамзаттың тілдік қатынасын қанағаттандырып келе жатқан, экстралингвистикалық фактілермен қоса тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, сан ғасырлық дербес даму жолынан өте отырып, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан алтын қазына қоры бар екендігіне тағы да көз жеткіздік. Бұл қазынаның үлкен бір бөлігін бір буынды түбірлер – моносиллабтар құрайды. Тіліміздегі моносиллабтар қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, сонымен бірге олардың өзара туыстық деңгейін айқындауға да көмектеседі. Біз орта ғасырдың құнды тілдік деректерін сақтап қалған XI ғасыдың ең ірі тарихи жазба ескерткіші — Жүсіп Баласағұнның

«Құдатғу білік» дастанының тілдік ерекшеліктеріне назар аударды қ. «Құдатғу білік» – орта ғасыр жазба ескерткіштерінің ішінен қазақ тілінің орта ғасырмен сабақтастығын нақты дәлелдейтін тілдік фактілерді бойына сақтаған құнды мұралардың бірі.

Түркологияда ескерткіштің тілі, орта ғасырда түркі халықтары қолданылған бірнеше жазудың ішінде алғаш қай түрімен жазылғандығы туралы зерттеулер көп. Белгілі түркітанушы С.Е.Малов: «Трудно сказать, каким шрифтом писал сам автор свое произведение, но все же, судя порукописям, хотя и XV в., можно думать, что Юсуф Баласагунский сочинял и писал свое произведение арабскими буквами, и затем уже, возможно в качестве подарка хану «Кутадгу билиг» было переписано уйгурским шрифтом» — деген пікірін айтты [6,224-229].

Ғалым бұл пікірін ескерткіштің кіріспесіндегі Жүсіп Баласағұнның «Машрық (шығыс) уәләятында, күллі Түркістан елдерінде (бүтін түркі халықтары жасаған жерлерде) Бұғрахан тілінде, түркі сөзімен бұл кітаптан жақсырақ кітапты әркезде ешкім жазған жоқ» деген бәйт жолдарында келтірілген деректерге сүйенсе керек. Оның үстіне қараханидтер ислам дінін мемлекет діні ретінде қабылдаған, ғылым мен білімге, мәдениетке ерекше ден қойған мемлекет болғандықтан, оның әдеби тілі мен төл жазуының болуы ақиқат. Сонымен қатар араб графикасына негізделген түрік жазуы орта ғасырдың ерте кезеңінде қолданыла бастағаны тарихтан белгілі. Сондықтан ескерткіш қараханидтер мемлекеті қолданған төл жазумен жазылған деп айтуға толық негіз бар.

Ескерткіштің тіліне қатысты мәселеге осы жазбаны зерттеумен шұғылданған тілші-ғалымдардың соқпай өткені кемде кем. Айталық, азербайжан тілінің маманы В.И.Асланов: «Кутадғу білікке» сүйену көп жағдайда зерттеуші лексикологқа азербайжан тілінің бірқатар сөздерінің мағынасын нақтылауға көмектеседі» десе [7, 46]; М. Н. Хыдыров: «Қутадғу білікте» кездесетін кейбір сөз тіркестері қазір де түркімен тілінде өзгеріссіз қолданылады… Қандай да болмасын бір нақты тілдің «Құтадғу білік» тіліне қатынасы жөніндегі мәселе халықтың тілі мен тарихының байланысы тұрғысынан қызықты, мәнді саласы» деп жазыпты [8,40].

(Фрунзе) ескерткіш тіліндегі терминдерге назар аудара отырып, «арпа, ас, қымыз, сүт, жүн, құрт, киіз, тон, қой, қодас» тәрізді сөздер, терминдер, жалпы ескерткіштің бүкіл терминологиясы Шығыс халықтарының әртүрлі тарихи мәселелерін зерттеу үшін аса бағалы материал» деп түйеді [Хыдыров]. А.Сиқалев (Черкесск) Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырадағы жазу туралы еске түсіре отырып: « бұл деректің өзі, біздіңше, атақты ақынның ноғай елінде кең танымал екендігінің дәлелі, оның ара-сындағы көптеген найман, бұғы, байтегі, тағы басқа руларының өкілдері Жүсіп Баласағұнды өздерінің туған ақыны деп санауына да болады» деген ойды білдіреді [9].

Ұйғыр тіліндегі аудармасын баспаға дайындаушылар: «Құтадғу білік» – ұйғыр халқының XI ғасырда жасаған ұлы ағартушы ақыны Юсуф Хас Қажиб қолымен жазылған шоң хажимлік дастан» — деп хабарлайды [10, 1]. Жоғарыда келтірілген қай зерттеушілердің пікірін алсақ та шындыққа жанасады. Себебі «Құтты білік» XI ғасырдың барлық белгілерін, сипаты мен ерекшеліктерін бойына сіңірген, түркі халықтарының рухани-философиялық, моральдық-этикалық құндылықтарымен дүниетанымдық ерекшеліктерімен үндесіп жатқандығын көреміз. Ал ескерткіш тілін қазіргі тілімізбен салыстырып, қыпшақтық негізін айқындау арқылы қазақ тілінің де тарихи тамырын тереңдете түсеміз.

Ескерткіштің тілі жөнінде ғылымда бірізді айтылған пікірлер жоқ. Ұлы түрколог В.В.Радлов «Құтты біліктің» тілін зерттеу барысында күрделі «шырғалаңға» түскені бұл мәселенің қаншалықты күрделі екендігін аңғартады. В.В.Радлов алғаш Вена нұсқасы бойынша транскрипиялағанда Алтай түркілерінің тіліне сүйенгені белгілі. Бірақ кейінгі зерттеулер В.В.Радлов принципінің жаңылыс екендігін дәлелдеді. Қалай дегенде де, қазіргі түркологияда «Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі жөнінде бір байламды тұжырым жоқ. Ескерткіштің өз дерегіне кіріспе бөлімінде: «буғрахан тілінде, түркі сөзімен» деп жазылғаны туралы дерек бар. Бұл туралы А.Н.Кононов «бұғрахан тілін қараханидтер ұлысы (840—1212) қолданған әдеби-жазба тіл» деп тұжырымдайды. С.Е.Малов ескерткіш тілін көнеұйғыр тіліне апарып тіресе, дыбыстық және грамматикалық белгілерін салыстыра зерттеген А.М.Шербак қарлұқ тілінде

жазылғанын айтады. «Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі туралы бүгінгі кезге дейінгі зерттеулерде, айталық, Э.Р.Тенишев қараханидтер, бұғрахан-хақан тілінде, Г.Ф.Благова қарлұқ-қыпшақ тілінде, А.Валидов қараханидтер тілінде (қараханид-түркі тілінде) жазылған деген де пікірлер кеңінен мәлім. Сонымен қатар қазіргі түркі тілдерінің қайсысымен салыстырсақ та, ұқсас белгілер көптеп кездесетіндіктен, әр түркі халқынан шыққан зерттеушілер өз тілімен сабақтас екенін дәлелдейді. Ескерткішке қатысты түркологиялық зерттеулерді саралай келе, ескерткіштің тілін қараханид-түркіше, қараханид-ұйғырша, қай рутайпаға жататынына қарай сараласақ қарлықша, мәдени-тарихи белгілері бойынша қарлықша-ұйғырша деуге болар еді. Дегенмен, «…қараханид адамдары өздерін ұйғыр деп атамағаны және де Жүсіп Баласағұн үшін ол жазған тіл, ұйғыр тілі болмағандығы күмәнсіз» деген В.В.Бартольдтың және орта ғасыр ескерткіштері бойынша маман Э.Н.Наджиптің осы пікірді қуаттайтындығы болашақ зерттеулерге жол ашып, XI ғасырдың ең ірі жазба ескеркіші «Кутадғу билигтің» және орта ғасырдағы түркі халықтарының тілі туралы ақиқатты тануда өте маңызды. Зерттеу барысында қараханидтер мемелекетінің қалыптасқан әдеби әрі мемлекеттік тілі болған, ал «Құтты білік» ескерткіші XI ғасырдың әдеби тілінде жазылған деген қорытындыға келдік. Ал енді сол әдеби тілдің, яғни «Құтты білік» ескерткішінің қыпшақтық негізін анықтау қазақ тілінің өзекті мәселелерінің бірі. XI ғасырдың әдеби тілінде жазылған «Құтты білік» ескерткішінің қыпшақтық негізін анықтау барысында моносиллабтарға талдау жүргіздік. Моносиллабтар XI ғасырдағы түркі халықтары тілінің лексикалық құрамы мен фонетикалық жүйесін, морфологиялық, синтаксистік құрылымы мен стильдік ерекшелігін қазіргі қазақ тілімен табиғи-генеологиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, жалпытүркілік рухтың, тілдік сананың беріктігіне де дәлел бола алады.

«Кутадғу билиг» ескерткіші жазылған орта ғасыр мен қазіргі қазақ тілін жақындастыратын тілдік фактілердің бірі – ақ моносиллабы. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз әр тарапты, зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын, бес түрлі ұғым беретін омоним түбір. Әсіресе, етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған. Түсіндірме сөздікте: АҚ III 1.Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы. 2. Тер, қан, жас, сорпа сияқты сұйық заттардың сорғалап құйылуы. 3. Судың еркімен біреуді ағызып алып кетуі. 4. Бойдағы ет, сөл сияқты заттардың біртіндеп құрып бітуі. 5. Ауысп. Жүйітку, зулау. 6. Ауысп. Аспаннан ағып түсу [10,31].

АҚ моносиллабының семантикалық құрылымы күрделі екендігін тарихи жазба ескерткіштер материалдары да айғақтайды. «Кутадғу билиг» ескерткішінде аталған лексеманың бізге беймәлім жоғары көтерілу мағынасын берген: Көтүрди йашық бақты Машрық тапа, Көрүр ағды йердин йуқару қопа – Бас көтеріп, Шығыс жаққа қарады, Күн жоғары көтеріліп барады (5557-бәйт).

1. Өрмелеу мағынасында жұмсалған: Аңар ағдым емди бирәр бағнача, Башынгә теги бағна садым нечә – Өрмелеп барады екем ана жаққа, Басқыштың баспалдағын санамаққа (5909-бәйт). Егер өрмелеу іс-әрекеті жоғары жаққа бағытталатынын ескерсек, мұнда дакөтерілу мағынасының бір семасын беру үшін қолданылғанына көз жеткіземіз.

2. Ұшу мағынасы: Йа Иса болуб көккә ағдым тақы мен, Йа Нушинраван-тег төрү түз йурыттым – Исадай ұштым көкке рауандай, Ең әділ заң орнаттым Нәушаруандай (6316-бәйт).

3. Жоғары мағынасында: Йағыз йер йашыл көкда ерди көшүш, Аңар берди тәңри ағырлық өкүш – Қара жерде, жасыл көкте — ең ірі, жоғарғы құрмет берген оған Тәңірі (43-бәйт).

4. Өсіру, арту мағынасында: Кишиг тил ағырлар булур қут киши, Кишиг тил учузлар йарыр ер баша – Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер, Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер (159-бәйт).

5. Тұру, орнынан көтерілу мағынасында: Ағырлады хажиб орун берди төр, Адаб бирла Айтолды олтурды көр – Төрден орын беріп хажиб о тұрды, Сақтап әдет Айтолды да отырды (564-бәйт).

Ақ моносиллабының көтерілу мағынасы көне түркі тілінде де кездеседі: 1.Көтеріл мағынасы: Ай йоқары ағар – Ай жоғары көтерілер (ДТС; 16); 2. Тік тұру

мағынасында: Мені көрүп йини ағды – Мені көріп (қасқырдың) түгі тік тұрды (қатты қорықты) (ДТС, 16); 3. Шық мағынасында: Зұлқарнайын Қаф тағына ағды – «Ескендір) Зұлқарнайын Каф тауына шықты (Боровков, 1963, 36-б.); 4. Көш, жөңкі мағынасында: Булут ағмыш – Бұлт көшті (Ибатов, 1974, 25-б.).

Тарихи ескерткіштерде көп мағыналы сөздердің барлық мағыналары толығымен қамтылмайды, тек айтылмақ ойды дәл беру үшін сөздер іріктеліп, мақсатқа сай қолданылады. Сондықтан байырғы тілден әр жақты дамып орта ғасырға жеткен ақ лексемасы «Кутадғу билиг» ескерткішінде қозғалыстың, күйдің, бағыттың сан алуан сипатын білдіргеніне көз жеткіземіз. Ақ моносиллабының семантикалық дамуы оның өзге сөз таптарына ауысуына мүмкіндік жасады. Қазіргі тілімізде ақ жауын, ақ жаңбыр фразеологизмі қолданылады, оның мағынасы – ұзаққа созылып, майдалап жауатын жаңбыр. «Кутадғу билиг» ескерткішінде қолданылған мағынасы бойынша тұрақты тіркестің мағынасын қалпына келтірсек: ақ жауын – ағып тұрған жаңбыр. АҚ моносиллабының басқа да орта ғасыр ескерткіштерінде қозғалыстың, процестің, күйдің сан алуан түрін, сипатын білдіргенін Б.Сағындықұлының еңбегінде де талданған [25, 136]. Сонымен ақ жауын фразеологизмінде ақ сөзі сын есім емес, етістік қызметінде жұмсалудан тұрақтанған деген қорытындыға келеміз.

Ақсу географиялық атауы – Қазақстанның көп жерінде қолданылатын топоним. Біздің Павлодар облысындағы да бір қалашық осылай аталады. Топырақты өңірлерде немесе жаңбыр жиі жауатын жерлердегі өзен лайланып, мөлдір болмай, ағарып ағатыны белгілі. Бір қарағанда, бұл атау судың түсіне қойылғандай көрінеді. Ал егер орта ғасырдағы жазба ескерткіштерде қолданылған мағыналарын қалпына келтірсек, онда қимыл-қозғалыс мағынасын білдіретініне оңай көз жеткіземіз. Сонда Ақсу — ағын су немесе аққан су. Етістік мағынасы дами келе сын есімге айналып кеткен. Белгілі тілші Б.Сағындықұлы ақ етістігі трансформация (конверсия) тәсілі арқылы ақ сын есімі пайда болған деген пікір айтады. Жиі қолданыстан ақ етістігінің мағынасы абстракцияланып, нәтижесінде түркілік үрүң сөзін ығыстырған дей келе ғалым конверсиялық тәсіл бойынша етістіктен, сын есімдік мағынасы, дамудың келесі сатысында одан заттық мағынасы пайда болған дейді [25,137]. Ғалым қазіргі сөздік қорымыздағы сау (сағ-), жау (йағ-) үш сөздері, сонымен бірге шыр-ақ; от-ақ; шу-ақ; там-ақ сөздеріндегі түбірге кірігіп кеткен –ақ (-ек, -ық, -ік, -қ, -к) өлі жұрнақ осы байырғы ақ моносиллабынан тарағандығын дәлелдейді [25,137]. Зерделеп қарасақ, демеулік шылау қызметінде жұмсалатын ақ сөзінің де түп-төркіні Ақ моносиллабына барып тіреледі. Ақ-етістік ретінде қызмет еткенде белгілі бір процесс қимылдың тоқтаусыз, үнемі іске асатынын білдірсе, ақ шылауы осы күйдің бір кесегін, бір бөлігін үзіп көрсетеді.

Орта ғасыр жазбаларының тіліне талдау жүргізе отырып, қазақ тілін, сол сияқты басқа да түркі тілдерінің қазіргі сөздік қорындағы бірқатар сөздердің даму ерекшеліктерін анықтауға болады. Сонымен қазіргі барлық түркі тілдерінде аздаған фонетикалық өзгерістермен қолданылатын Ақ моносиллабының семантикалық құрылымы: қозғалыс, жылжу (судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы), шығу; қозғалыстың белгілі бір бағытта іске асуы; сұйықтықтың (тер, қан, жас, сорпа және т.б.) сорғалап құйылуы; сан мыңдаған майда бөлшектердің бірігіп, бір бағытта орын ауыстыруы; орын ауыстырудың ілгері, жоғары қарай бет алуы (көне түркі тілінде: ай ағар – жоғары көтерілер мағынасы); тұру, орнынан көтерілу (ескерткіштердегі хажиб ағырлады (орнынан) — тұрды мағынасы); орын ауыстырудың кейін, төмен қарай бет алуы; сан мыңдаған майда бөлшектер жиналып, белгілі бір күшке ие болуы (судың ағыны қатты болуы, т.б.); орын ауыстырудың белгілі бір уақытқа байланысты болуы; ілгері қозғалудың баяу іске асуы (ескерткіштердегі өрмелеу мағынасы); баяу қозғалыстың артуы, өсуі (ескерткіштердегі тіл өсірер мағынасы); қозғалыстың тез, жылдам іске асуы (жұлдыздың ағуы; ұшу); қозғалыстың үнемі, ұзақ уақыт ішінде іске асуы (ақ жауын); басталған қозғалыстың аяқталуы, сұйықтықтың таусылуы; сұйықтықтың біртіндеп құрып бітуі.

Сөздің лексикалық мағыналарының мазмұнын құрайтын семалар азаю немесе көбею, ерекшелену, басқаша өң алу немесе сөздің қолдану, тіркесу ерекшелігіне қарай күрделі семантикалық құрылымдағы белгілі бір семалардың жетекші қызметке ие болуы, әлсіз

семалардың көмескіленуі немесе жылжып, басқа семамен бірігіп кетуі және т.б. тілде толып жатқан процестерді басынан өткереді. Бұл даму өз кезегінде мағыналық, тұлғалық, тұрпаттық өзгерістерді тудырады. Осыдан барып сөздің семантикасы, дыбыстық құрылымы, морфологиялық тұлғасы, синтаксистік қызметі өзгереді. Байырғы Ақ түбірі осындай өзгерістерді басынан өткізе отырып, фоно-сема-морфо-синтаксистік жағынан дамып, біздің заманымызға әр түрлі сапада жетіп отыр. Тіліміздегі әр моносиллабтың даму жолдары әр басқа. Оларды зерттеп, ақиқат даму жолын анықтау арқылы қазіргі тіліміздің бірқатар күрделі мәселелерін шешуге көмегі зор.

«Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бір буынды түбір-негіздердің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау арқылы аталған тілдердің дыбыстық жүйесін, морфологиялық құрылысы мен семантикалық құрылымын тереңірек танып, қазақ тілінің орта ғасырдағы түркі әдеби тілімен сабақтастығына көз жеткізуге болады.

Халық байып, ырысы артты елінің,
Тілін безеп көтерді елі Елігін.
Құт дарыды, өсті халық өрісі,
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі [26, 26].

М.Қашқаридың «Түрік сөзігінде» өрісті деген сөзге анықтама берілген: «Ол меңа шағыг шермешді – Ол маған қамшы өрісті. Басқаларға да осылай, бәсекелескенде де осы сөз қолданылады» [27, 299].

Қамшы өру деген сөзге кейінгі тарауда анықтама береміз. Қамшы дегеніміз барлығымызға аян атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал.

Мал өрді деген тіркес өріс ұғымына байланысты қолданылады.

Өріс – мал жайылымы(тура мағынада). Малмен күн көрген қазақ халқы үшін мал өрісі маңызды орын алған. Мал күтімі үшін қыста күзеуге, жазда жайлауға шығып, өрістерін кеңейтіп, жаңартып отырған. Осыған байланысты қазақ лексикасында көптеген тіркестер бар. Мәселен:

Өрісі кеңіді – мал жайылымына жер кеңіді(тура мағынада).
Өрісің кеңісін – ұрпағың көбейсін, үбірлі – шүбірлі бол(ауыспалы мағынада).
Өріс алды – кең тарады, жайылды мағынасында.
Өрісін кеңге жайды - өрледі, өркендеді, қанат жайды және т.б.
Халық байып, ырысы артты елінің,
Тілін безеп көтерді елі Елігін.
Құт дарыды, өсті халық өрісі,
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі [26, 26].

Халық өрісі, өрді деген тілдік бірліктер тікелей өріс сөзінің негізіне байланысты.

М.Қашқари сөздігінде:

ШЕРМЕЛДІ: өрілді; тоқылды.

Шавыг шермелді – қамшының ұшы өрілді [27,331].

Өрілді – ырықсыз етіс тұлғасында келген. Қазақ тілінде өрілді, тоқылды деген сөздер жиі қолданылады. Мысалы: шаш өрілді, қамшы өрілді (тура мағынада); әңгіме өрілді (ауыспалы мағынада әңгімелері жалғасты, жарасты дегенді білдіреді).

«Құтты білік» ескерткішіндегі келтірінді мағынаның метонимиялық жолмен жасалуы:

Жақсылардың көтер жебеп, еңсесін,
Жамандардан бүтін сақта ел шетін.
Заңды түзе, сұмдық сонда сасады,
Құтың өсіп, абыройың асады [26,26].
Тірі өлер, ақыры жер жастанар,
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар (9-бап).
Сөздерінің бірі – қоқыс, бірі – қақ,
Наданды жұрт теңер малға тілі жоқ!

Желбуаз сөз – қара құлық айғағы,
Ойсыз басқа түсер қаңғып қайдағы (19- бап).
Көпірме сөз –басқа пәле төндірер,
Есті сөзден, құрығанда ел жөн білер.
Надан, пасық – сөзге өгіздей жайылар,
Тойса, ыңқылдап жатып – күйіс қайырар (19 – бап).
Ақылды адам қарын бақпас, ой бағар,
Жан семіртер, ой семіртер, ойланар

Қарын бағу, ой бағу – ауыс мағынада. Түпкі мағынасы қой бағу, мал бағу дегеннен шыққан. Мал бағу – адамның істейтін еңбек әрекеті. Ой бағу, аузын бағу – ойына абай болу, байқап сөйлеу мағынасында болса, қарын бағу – тамақ іздеу, қарынының қамын ойлау мағынасында. Бала бағу тіркесі де жиі қолданылады. Балаға қарау, күту, бағып-қағу мағынасында. Жаңа туған жас балаға күтім қандай қажет болса, жас өспірім шағында да ақыл-кеңес, тәрбие қажет. Ата-анасы үнемі әр қадамына назар аударып отырады. Бала белгілі педагог Ы.Алтынсариннің айтуынша, «бақша ағаштары сияқты, қараусыз қалса, қисайып, дұрыс өспейді».

Тән семіртер – нәр ауыздан сіңеді,
Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді (19 –бап).

Семіру тән қатысты құбылыс. Дененің артық салмақ жинауы. Семіру құбылысы малға тән. Тек малға байланысты оң қабылданады. Қазақ үшін малдың семіруі – жақсы соғым, нәрлі азық. Адамның артық салмақ жинауы медицина тарапынан зиянды болып табылады. Қорыта айтқанда, семіру адам мен малға байланысты қолданылса, тура мағынада жұмсалғаны. Жанның семіруі, ойдың семіруі – ауыспалы мағынада. Білдіретін мағынасы: көңілі көтерілу, ойы сергу, жан дүниесінің толығуы.

Қазір халық эстетикасында тұрақты мағыналары қалыптасқан, белгілі бір символдық мәні ежелден қанық «ақ», «көк», «қызыл», «қара», «жасыл» түстер бояу реңдеріне қарай қалыптасқан поэтикалық қызметіне орай жиі қолданылады. Мысалы:

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді(1-бап Әзиз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі айтылады).

Қарап тұрсаң, бізден бұрын барғанды:
Қара халық бек билеген жалғанды (9-бап).

Келтірінді мағынаның метафоралық жолмен жасалуы:

Тіл – арыстан есік бақкан ашулы,
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды! (7- бап).
Кісілерге мирас ата сөзі ғой,
Ата сөзі – ұқсаң - құттың көзі ғой (7- бап).
Егер қолың ұзын болса халыққа –
Қылық, сөзді ізгі қылып, жарылқа!
Жігітшілік өтер өшер тірлігің,
Дүние – түс, көшерсің тез бір күні (9- бап).

Қорыта келе айтарымыз, Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» лексика-стилистикалық тұрғыдан өте бай шығарма. «Құтты біліктің» тілдік ерекшелігі біршама зерттеулерге арқау болған. Алда талай зерттеулердің нысанына ілігері сөзсіз. Біз бұған ғұлама туындысына лексика-семантикалық талдау жасау барысында көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
2. Құрысжанов Ә.,т.б. Ескі қыпшақ тілі. – Алматы, 2007. – 316 б.
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
4. Асланов В.И. Лексика «Қутадғу билик» и азербайджанский язык //Советская тюркология, 1970, № 4, стр.

5. Қараев Ө. О терминах и названиях в поэме «Кутадғу билик» //Советская тюркология, 1981, № 3
6. Юсуф Хас Хажиб. «Кутадғу билиг». Пекин, 1984.
7. Баласағұн Ж. Құтты білік (Ауд. А.Егеубаев) Пекин: Ұлттар. 1989
8. Қашқари М.Әдеби жәдігерлер. 3- том. Алматы, 2007
9. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991 - 264 бю
10. Көпрүлүзаде М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағылымы. – Шымкент, 1999. – 122 б.
11. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы, 1993. – 261 б.
12. «Диуани-хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктері (тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қолданылуы) / филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.06. – Алматы, 2009. – 121 б.
13. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 126 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СУБСТАНТИВТЕНУ: СЫН ЕСІМНІҢ ЗАТТАНУЫ

Жайлауова Г.У.
Филология ғылымдарының магистрі, педагог-модератор, Көкшетау, Қазақстан.

Кез келген тілде сын есімдер зат есімнің орнында қолданылады. Бұл тілдік құбылыс туралы Қазақ грамматикасында былайша түсінік береді: «Сын есімге септік, тәуелдік, көптік жалғауларының бірі жалғанып қолданылса, онда онда ол заттанып, зат есімдердің орнында жұмсалады» [1, 460 б.] Қазақ тіліндегі заттанған сын есімдерді алғаш зерттеген А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов болды.

Ахмет Байтұрсынұлы сөйлемдегі бастауыш болатын сөз таптарын зерделей келе, олардың бастауыш қызметінде жұмсалуына негіз болатын белгілерін түсіндіреді: «Зат есімнен басқа бастауыш болып тұрған әуелі – сын есім. Мысалы: көп қорқытады, терең батырады. «Көп қорқытады» дегенде қорқытатын көп емес, әрине *адам*. «Терең батырады» дегенде де батыратын терең *су* екені анық. Олай болса, мұндағы «*көп*» пен «*терең*» – «көп адам», «терең су» деген сөздердің орнында тұр. Жеңілдік үшін «*адам*» мен «*су*» деген сөздер айтылмаған, бірақ ойда тұр» [2, 269 б.] Тілші сын есімнің заттануын тілдің үнемдеу қыбылысымен байланыстырады.

Тіл дамуының, жетілуінің бір көрсеткіші болып табылатын *үнемдеу заңдылығы* – кез келген тілде бар құбылыс. А.Байтұрсынов көрсеткендей, ықшамдалу заттану аталымдардың табиғатына тән, өйткені ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде заттанған сөздер тілімізде өте көп. Сын есім-зат есім тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде тілде жаңа аталым жасалады. Ықшамдалған зат есімнің мағынасы сын есімге көшіріліп, сын есімнің номинативтік мағынасы көмескіленіп, немесе біржола жойылып, екінші заттық мағынасы тұрақталады. Тілде бір кезде сындық мәнде қолданылған сөз заттық мағынаға ауысып, жаңа аталым қолданысқа енеді. Бұл тілде бірден жүзеге аспай, кезеңдік даму сатыларынан өтеді. Қазіргі тілімізде зат есімдер қатарында танылып жүрген мына сөздерге назар аударалық: *қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңызақ, қырсық, жетім, ұры, қалың , жау, тоқал, иттік, топан, төркін, туыс, тұсақ, кедей, бай, еттік, малай, жарық, соқпақ, сүр, тазы* т.б. Бұл атаулар «сын есім-зат есім» тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалып, оның мағынасының сын есімге көшуінен жасалған. Ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде пайда болған тілдік бірлік – атау: *қарт* адам, *қате* іс, *үскірік* аяз, *кетік* зат, *науқас* адам, *қарыз* нәрсе, *аңызақ* жел, *қырсық* іс, *жетім* бала, *ұры* адам, *қалың* мал, *жау* адам, *төркін* жұрт, *туыс* адам, *тұсақ* қой, *кедей* адам, *бай* кісі, *еттік* ілгі, *малай* адам, *жарық* сәуле, *соқпақ* жол, *сүр* ет, *тазы* ит – тіркестердегі зат есімдер ышшамдалып, сын есімдер заттық мәнге ие болған сөздер *қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңызақ, қырсық, жетім, ұры, қалың, жау, төркін, туыс, тұсақ, кедей, бай, еттік, малай, жарық, соқпақ, сүр, тазы* деп қолданылады. Ықшамдалып тұрған зат есімнің мағынасы өзін анықтап тұрған сын есімге жылысқан, анықтауыш қызметіндегі сын есімнің мағынасы кеңи түскен. Ол сындық мағынасына қосымша заттық та мағына беру

қабілетіне ие болған. Біртіндеп сындық мағына көмескіленіп, оған үстелген екінші заттық мағына кеңінен таныла бастаған да, тілде зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде жоғарыдағыдай аталымдар жасалған.

А.Байтұрсынұлы сын есімдердің заттануын «зат-сын» деп атайды, заттану құбылысын түсіндіреді: «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді; мәселен, «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын дейміз. Жалғыз сынды ғана көрсететін сөзді жай-сын дейміз. Зат-сынның жалғаулары да, зат есім жалғаулары да бірдей» [2, 219 б.]. Тілші А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі сын есімнің *заттану* жолдарын толық ашып бермесе де, бұл құбылыстың тілімізде жиі кездесетінін және заттанған сөздердің зат есімдерше түрлене алатындығын алғаш рет таныған.Ал, Қ.Жұбанов сөз таптарының конверсиялануын: «Сөз топтарының ішінде бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: *ағаш, темір* сияқтылар тек зат есім болып, *жақсы, ұзын* сияқтылар тек сын есім болып шекарасын түгел ашып болған таптар. Енді бұлардай емес, зат есім мен сын есімге ортақ шөре-шөре есімдер (әрі зат есім, әрі сын есім болатын) бар. Мысалы: *жас, бай, сұлу, жарлы,* тағы-тағылар. Бұлар – әрі зат есім, әрі сын есім. Сондықтан жақсырақ, ұзынырақ сияқты жап-жас, сұп-сұлу, т.т. бола алады. Таза зат есімдерде бұл мүмкін емес: темірірек, ағашырақ болмайды», – сөз таптарының ара жігінің толық ашылып бітпеуімен байланыстырады [3, 234-235 б.]. Автордың «шөре-шөре есімдер» дегені – заттанған сөздер.

Тілдегі сын есімнің заттануы мәселесіне пікір білдірген ғалымдарымыздың бірі – С.Аманжолов. Автор заттануда «сын есімнің затты анықтамай, оның орнына айтылатындығын» басқа функцияның қызметінде жұмсалуын көрсетеді де, заттануды сөздің синтаксистік қызметінің өзгеруі тұрғысынан қарастырады. Яғни, сөйлемдегі сөздердің орны, олардың мағынасы белгілі бір сөздің қай сөйлем мүшесі болатындығын шешеді деген пікір білдіре отырып, сөздердің қолданыстық сипатына назар аудару қажет деп таниды [4, 28 б.]. Тілдің табиғатын толық түсіну үшін қазіргі тіл білімінде функционалдық бағыттағы зерттеулер сөздердің қолданыстық сипатын қарастырады. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды грамматика тілдің өзін емес, сөйлеуді, оның мақсатын, мағынаны анықтауды зерттеу нысаны етіп алады да, оны адамның *ойлау әрекетімен* байланыстыра қарастырады.

Қазақ тіліндегі заттану – сөздердің қолданыстық сипатынан туындайтын құбылыс. Басқа сөз табының заттануы үшін сол сөздерде мағыналық өзгеріс пайда болады. Олар өздерінің алғашқы сөз табына қатысты мағыналарынан ауытқып, екінші бір заттық мағынаны қабылдайды. Сөз мағынасының тарылуы да заттануға негіз болады. Тілші Р.Сыздық тіл дамуының барысында, сын есімдердің алғашқы сындық мағынасы көмескіленіп, екінші заттық мағынасы белсенділік танытып, нәтижесінде тілде бұрын болмаған жаңа ұғымның атауы қалыптасатынын ару сөзі негізінде түсіндіреді: «ару» 15-18 ғасырларда *«пәк, кіршіксіз, таза»* деген сындық ұғымда және діни мәндегі *«әулие, ие»* деген мағыналарда қолданылса, қазіргі тілімізде бұл сөздің мағынасының тарылып, *«сұлу қыз, сүйікті әйел»* деген мәндерде жұмсалып жүр [5, 13]. Кейін келе, ару сөзінің түптөркін мағынасы тарылып, ару сын негізді аталымының жасалуына әкелген.

Қазақ тілінде басқа тілден енген сөздерден де жаңа аталым пайда болады. Бұған тілдегі *бейшара, арамза, нөсер, тақыр, дос, дұшпан, пәле, мәстек, ғашық* тәрізді аталымдарды жатқызуға болады. Мысалы, нөсер – шелектеп құятын өткінші жаңбыр. Ә.Нұрмағамбетов сөз төркіні монғол тілінен келгендігін, оның ол тілде *«қиын, ауыр»* деген мағыналарда қолданылатынын айтады [6, 218].

Осыдан келіп тілде монғол тіліндегі сындық мағынаның негізінде алғашқыда *нөсер жаңбыр* (*қиын жаңбыр*) тіркесі пайда болған. Кейінгі кезеңдерде нөсер жеке тұрып, жауынның күштілігін аңғартарлық ұғымның аталымына айналған. Тілдегі сын негізді аталымдардың біразы басқа тілден енген сындардың заттық мағынаға ауысуынан жасалған. Бұл тәрізді сөздердің түпмағыналары этимологиялық талдау барысында анықталады. Сапалық сын есімдер заттанғанда, жалпы сапаны білдірмей, осы сапаға, қасиетке ие нақты бір зат

атауын ғана (көбінесе адамды) білдіретіндігі анық болып отыр. Сын есім заттанғанда өзі анықтай алатын бірнеше зат есімнің біреуінің ғана заттық мағынасын беретіндігі, соған сәйкес заттанған сөздің (субстантив) мағынасы нақты мәнге ие болатындығы байқалады. Мысалы, *жақсы* сөзі бірнеше заттың қасиетін білдіре алады, бірақ заттанғанда бір ғана заттық мәнде қолданылады.

Тілдегі заттанған сын есімдердің басым көпшілігі адамға қатысты қолданылады. Бұл тек қазақ тіліне ғана тән ерекшелік емес, тіл атаулының барлығына да ортақ ерекшелік. Сапалық сын есімдердің ішінде көбіне адамға қатысты заттанып қолданылатын біраз сөздер бар. Мысалы: *үлкен, кіші, жақсы, жаман, жалқау, нашар, жат, жақын, арам, аш, тоқ, жалғыз, тентек, жуан, семіз, тапал, ұзын, қысқа, қара, ақсақ, таз, мылқау, момын, өлі, тірі, сараң, ақымақ, қорқақ* т.б. Аталған сын есімдер заттанғанда, түрлі сапа, белгілерді, адам бойындағы жетістік, кемшіліктерді ғана көрсетпейді, сол қасиет-белгілерге ие болып тұрған *адам* мәнін қоса береді.

Бір сын есім сөздің өзі заттанғанда, іштей түрлі мағыналық реңктерге ие болады, бір сөздің бірнеше мағынада заттануы тілге жат емес. Мысалы: *Үлкендер* бала мінезіне бір күліп, бір таңданып сүйсініп қалды (М.Әуезов). Заттанып қолданылған үлкендер сөзі жалпы «*жасы үлкен кісі*» деген мағынадағы неғұрлым кең түсінікті білдірсе, келесі мысалда бұл сөздің заттық мағынасы жалпылама ұғымда қолданылмай, нақтылана түскен: *Үлкендер* тегі көпшілік құлақтанбасын деп, бүркеп ұстаған болу керек (М.Әуезов). Осы сөйлемдегі заттанған үлкендер сөзі алғашқы мысалда беріп тұрған *барлық жасы үлкен адам* деген жалпы мағынасын сәл нақтылап, «*ел басқаратын әкімшілік қызметтегі жекелеген үлкен адамдар*» деген ұғымды білдіреді. Ал мына сөйлемдегі *үлкендер* сөзінің мағынасы өзгеше: Бұл рудың *үлкендері* осы түнде қырық-елудей жігіт-желеңді қастарына алып, өліктің артын күтетін қамға кірісті (М.Әуезов). Осы мысалда «*бір елдің, рудың ғана атақты, сыйлы, басты үлкен адамы*» деген мағынада заттанып қолданылады.

Заттану арқылы тілде жаңа аталымдар жасалады. Аталымдардың жасалуына тілдегі ықшамдалу заңдылығы мен сөздің ішкі мағыналық құрылымындағы өзгеріс ықпал етеді. Заттанған сындардан жасалған аталымдар ұлттық танымменұштасып жатады. Заттану арқылы жасалған аталымдар тілде бірден қалыптаспаған, олар тілде орныққанға дейін даму үдерістерінен өткен.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002. –784 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. –85 б.
5. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. –232 б.
6. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ГУМАНИСТІК РӨЛІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Жамбыл А.Д.

№42 жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгері Таласбек Әсемқұлов шығармашылығы өзінің жаңашылдығы және идеясымен дараланып тұрады. Таласбек Әсемқұлов қаламының жүрген ізінен «ізгіліктің» ізгі болмысын, қазақ ұлтының ұлы қасиетін, даналығын, тектілігі мен тазалығын сезінетініміз даусыз. Автор прозасындағы ізгіліктің жалауын биікке көтерер шығармалары аз емес, соның ішінде *«Талтүс» романы, «Тәттімбет сері», «Бекторының қазынасы», «Кәрі күйші», «Арылу», «Кәрі ат»* сынды прозалық туындыларын ерекше атап өтуге болады. Қаламгердің «ізгілік» концептісін ғаламның тұтас бейнесіне сыйдырып,

шығармаға арқау етуі қазақ әдебиетінің гуманизмін дамытуындағы ең айшықты қадамдардың қатарына жатқызып қарау артықтық етпейді.

Таласбек Әсемқұлов шығармаларындағы «ізгілік» концептісінің құрылымы әуелі ұлттық сана негізінде құрылым түзіп, ізгілікке қатысты ұғымдардың концептуалдануын айтсақ болады. Автор ізгілікті өзінің тарапынан танытса да, оқырман ондағы шығармадағы ізгілікті танытатын ұғымдарды өздігінше түйсінеді. Осыдан келіп қазірге күнде зерттеліп жүрген «автор өлімі» ұғымы келіп шығады. Себебі, автордың ішкі әлемі шығарма барысында орын алмауы керек, автор іштей өзін ұмытады, ал оқырман үшін сыртқы формасын, сөз түзуі, әлемнің мәтіндік бейнесін сау күйінде беруі керек. Автор үшін құндылық – шығармадағы көңіл-күй, болмысты оқырманға сездіре алу, ақыл айтудан гөрі, өз пікірін шығарма ішіне кіріктірмеуі керек, автор шығарма үстінде өзінің бітім-болмысын, таным-түсінігін бәріне бірдей жария етуге жол берілмейді. Демек, Т. Әсемқұлов өз шығармасында «ізгілік» концептісінің көрініс табуында белгілі бір заңдылықтар кездеседі. Сыртқы әлемдегі болып жатқан құбылыстарды сау күйінде, тірі, жанды, жалынды түрде бере білуі керек. Бұл теорияны кезінде 1967 жылы автор өліміне қатысты эссе жазып, «автордың өлімін» Ролан Барт жариялаған болатын. Философ оқырмандарға түсіндіру мақсатында автор өлді деп мәлімдеген. Бұрын автордың түсіндірмесі бірден-бір дұрыс делінсе, Барт интерпретация оқырманға тиесілі екенін алға тартады. Демек, Таласбек Әсемқұлов туындыларында қаламгер тарапынан өзінің ойын тікелей оқырманға жеткізбейді, бұл сатыны оқырманның санасына қалдырады. Сол үшін де Т.Әсемқұловтың «мен өз шығармаларымда көпеген тәжірибеге бардым» деген сөзі тектен тек еемес.

Әдеби туынды да қаламгердің жеке шеберханасынан шыққан өнім секілді нәрсе, ал ол өнімді халық өзінің керегіне жарата алуы тиіс. Оқырман белгілі бір туындымен танысқанда автормен тілдеспейді, тек оның авторлық елесімен сөйлесетіндей. Себебі, сөз құдіреті авторға иелік етіп отырады. Сіз тек сөз құдіретінің бұйрығымен, сөз киесінің санасына қонуымен жазылған қаламгердің шеберлігін аңдайсыз. Ал ондағы идея, айтылар ойлар, сөз жаyhарларын біз тек автордың шығарма сыртынан бақылап, «сығалап» тұрған сәтінен бастап ұлы туындыларды көре аламыз деп ойлаймын. Қаламгердің «Талтүс» романында кездесетін ізгілік концептісіне қатысты төмендегідей мәтіндер кездеседі.

«Жиренішке қоса, енді, *аяушылық сезімі* қатар оянды. Анасы емес екені анық. Ана... ана деген, басыңа қайғы түскенде сол *қайғыңды бөлісетін адамың* ғой. Ал мына адам...Әжігерей қанша тырысса да бұл адаммен қайғы бөліскенін есіне түсіре алмады. Иә, қайғысына қайғы жамапты».	«Ізгілік» концептісі – аяушылық сезімі, сонымен қатар қайғыңды бөлісетін адам
«Күзді аспанды бұлт торлап, сіркіреп жауын жауа бастады. Күздің жылы жаңбыры. Аздан соң түсінді. Кемеңгер табиғат бұны өзі *жұбатып тұр*. Анам өлді деп жылама. Ана да жоқ, бала да жоқ. Ілгерінді-кейінді дүниеге келген ұрпақ қана бар. *Бәрің де менің баламсың* деп тұрғандай. Осы тынымсыз аққан *мейірімді, шапағатты тамшылардан* ой өлкесі гүлденіп, жаңғырып, әлденеше жас есейгендей, ойша бәріне де *алғыс айтқан*. Мейлі, басқаға бұйырғанды сұрап ала алмадым. Бірақ бәрібір ризамын. Осы бергені аз ба? Көбін берген Құдай азын да береді. Өмір берген, тіршілік берген Құдай басқасын да береді. *Тек күту керек.* Тезірек есейсем ғой. Үйде отырғанн жандар есіне түсті. Атасы... *шексіз мейірімді... ешқашан бетінен қақпан емес.* Бұны аяйды... Көзінде бұған айта алмайтын бір сыр бар сияқты... Содан кейін... бұның талайына сенеді... Осы үшін ғана өмір сүрсе болады емес пе. Ал апасы...Жоқ... Біз енді екеуміз екі көлеңке болып өтеміз өмірден, деді күбірлеп».	Тіпті табиғаттың өзінде ізгілік концептісінің колориті бар, Сабыт ақсақалдың өліп, оны Әжігерейді табиғаттың жұбатуының өзі ізгілік концептісін жасырын түрде көрсетеді.Сонымен қатар аталған мәтін бойынша шексіз мейірімділік, Жаратқанның шарапатын күтудің өзі ізгілікті білдіреді.
«Ал, айналайын, баламның *досы* екенсіңдер. Барлық *қиыншылықты бірге көтеріскен* екенсіңдер. Енді осы үйде бірнеше күн болып, қонақ болып кетіңдер».	Дос болу, қиыншылықты бірге көтерісу де ізгілікке жататын қасиеттер

«Темірді алтынға, тозақты ұжмаққа айналдыратын *қасиет* от...кеудеде тұрса... адам өзінің нанымынан айнымайды, *мәңгі адам болып қала береді*».	Ізгілік – қасиет, мәңгілік адам болып қалуға бастайтын баспалдақ.
«*Басқаның қайғысы неге жүрегімді тырнайды* деді атын ақырын тебініп келе жатып. О дүниедегі адам үшін мынау фәни дүниедегі есесі қайтты не, қайтпады не – бәрібір. Есе тірі адам үшін керек...Кешегі көздің жасы, кешегі қасірет болса, бүгінгі көрік, бүгінгі *жан жадыратқан рухыңды сауықтырған тәтті мұң* болып қайтты. *Әділет* емей немене... Балалықтың жеткен ең үлкен байламы осы еді».	Ізгілік бұл жерде басқаның қайғысын бөлісіп, оған қолдау көрсету, шарапаттық таныту, рухыңды сауықтыратын ең жақсы қасиет.
«Апырай, не деген *көргенді бала* еді. Баяғының қыздары сияқты. *Сөзі тамшылап, қылығы қамырдан қыл созғандай* неткен жан еді. Әр лебізінен бойым балқып отырды. Саған *шын өмірлік жар* болатын адам осы. *Қадіріңді біледі*. Осы баладан кейін көз жазып қалмайық, Әжікен».	Ізгілік – көрегендік таныту, қыз қылығының көркем болуы, шын өмірлік жар бола білу. Ізгілік – адам қадірін білу.
«Тыңдап отырған адамға сенің тартқаның күй болып естіледі. Ал оның сырты...*азап, қара тер*. Есіңде болсын, *еңбексіз ештеңе келмейді*».	Ізгілік – үздіксіз еңбек ете білу
«Жатсам-тұрсам *ойлағаным осы қайғы. Ауылдың өнерлі-ау деген балаларын баулып көрдім*. Ештеңе шықпады. Міне, сені анаңнан тартқандай қылып алып кеткенде, асылық айтты деме, мені *Құдайдың өзі жетелеген сияқты*...Есіңде болсын, құлыным, сен менің қанатымсың».	Шығарма желісі бойынша біреуді өзіңнің бойыңдағы өнерге баулу, шәкірт тәрбиелеудің өзі ізгі қадам
«Бір ғана *тілек*, бір ғана *өсиет*, құлыным. Басыңа әлі талай қиын-қыстау күн туады. *Өнеріңді саудаға сал, бірақ өнермен саудаласпа.* Өнермен саудалассаң өнердің кәріне ұшырайсың, киесі соғады. Міне, мен бүгін күйді қайырдым. Ендігі күй сенікі».	Кейінгі ұрпаққа өсиет айту ізгілік
«Бірақ соңғы шекке жеткенде, *қажыр* мен *үміттің* соңғы тамшысы түгесілгенде, өзінің *махаббаты,* қамырығы мен қасіреті, басқаға деген *жанашырлығы, қолтығынан демегені, иығына қонған періштесі* болғаны анық. Атасы *мейірімді* болатын. Түсі суық болса да...Жүрегімен *мейірбан* болатын. Ол өз ойымен...және басқаның қасірет-қайғысымен, басқаның қуанышымен ғұмырын кешті. Әр таңның атқанын Тәңрінің сыйы деп қабылдады. *Адам болу* үшін көп көру керек. Өнер алды – *адам болу*. Атасы өз бағасын өзі айтқан адам болатын. Өз бағасын білген адам *басқаны да түсінеді*, барлық адамды түсінеді. Атасының жақсы көретін. Жақсы көретін жөні көп, бірақ ең бастысы, бұның *ырқы мен ықтиярына деген құрметі* үшін жақсы көретін. Түптеп келгенде өмір деген рахат та емес, қасірет те емес. Өмір деген – *іс.* Атасы өз ісін *адал* жеткізді. Бір адамға осыншама *хикметтен өту* оңай ма. Таң атқанша ықылымға сінген *аяулы бейнені* ойша әлденеше рет елестетеді».	Ізгілік – үміт пен қажырдың үндесуі, мейірбандық таныту, жанашырлық, қолтығынан демеу, басқаның қайғы-мұңына түсініст таныту. «Ізгілік» концептісіне сүйенсек – адам болу. Адалдық аныту, хикметтерден өту, аяушылық білдіру.
«Мен сені *жақсы көрем.* Есіңде ме, бірде мен, сені неге кездестірдім екен деп едім ғой. Ол сөзді өкінгендіктен айтқам жоқ. Неліктен айтқанымды өзім де білмеймін. Бірақ әйтеуір жамандықтан шыққан сөз емес. Сені кездестіргеніме...*бақыттымын*. сенімен кешкен аз ғана *қызық*...жоқ, сенімен татқан күйік...жүрегімде күйік болып қалады. *Тәтті күйік* болып...Сен ештеңенің жөнін білмейтін *аңғалсың,* бірақ сенің *аңғалдығың басқаның ақылынан артық*. Өмір бәрін үйретер, білмей жатқаның болса, білерсің, үйренерсің. Бәріне де жетерсің. Мен сені шын жақсы көрем. Бірақ сен менің маңдайыма сыймайсың. Жұлдызың биік, арманың асқақ. *Сен жүйріксің,* мен шабанмын».	«Ізгілік» - махаббат, жақсы көру сезімі, соның арқасында өзіңді бақытыт сезіну. Көрсетілген мәтінде аңғалдық таныту, яғни ақылдан да артық аңғалдық білдіру, шын сүюдің өзі ең ізгі қасиеттер.
«Әлдебір *мейірімді адам*...кім екені білгісіз...әйтеуір *мейірімді* екенін біледі...қолынан нық ұстап *жетелеп к*еледі.	Ізгілік – мейірімді адам, әлдекімді алға қарай жетелеу, қажетіне жарау
«Түсіңде *Жаратқанның әуезін* естігендейсің, ал оянғанда *жаныңды аялаған сол әуезден* айырылдың. Білесің, бір нәрсе болды, бірақ шындыққа айналмады. *Махаббат* Жаратқанның алқауымен келген	«Ізгілік» концептісі – *Жаратқанның әуезі.*

деседі. *Екі жүрек бір-біріне жақындайды*, арасы қыл өтпейтіндей болып қабысады, бірақ сол жақындықтың өзі екеуінің екі бөлек болғандығынан».	Екі жүректің бірге күй кешуі, Махаббаты аялау.
«*Дәм-тұзға адал болғаның үшін* рахмет. Сен маған қарыздар емессің, қарағым. Құдайға ғана қарызсың. Өйтіп жаныңды жеме. Сен ішкен бір аяқ көжені қонақ та ішер еді. Бағыңды байлап қайтейін. Арқаң бос, жарығым. *Атаң жетпеген биікке өзің жет* енді. Анаң да сен келеді дей-дей әбден шаршаған шығар. *Бар, қуант»*.	Шығармада ішкен асыңа адалық таныту дегенге келтірген бұл деталь арқылы ізгіліктің ұшқынын байқаймыз.

Т. Әсемқұлов қазіргі заманның жаңа әдеби бағытында жазушылардың бірі саналады. Солай болуы заңдылық та. Жазушы әрбір шығармасында әрбір мәтінін терең пайымдау көзқарасынан өткізіп барып баяндайды. Жазбауға болмайтын дәрежеге жеткенде жазатын жазушының қаламгердік қадір-қасиеті кім-кімді болсын таңданысын арттырады. Бұл көркем сөз өнерінің тең қызықшылықты қана айтып, өмірдің қызылды-жасылды рахатын баяндай беруден ештеңе шықпайды. Халықтың мұң-мұқтажынан сыр шерту, жоғын жоқтап, іздеуіне көмек беру, қол ұшын созып көркем сөздің құдіретімен ой кестелеу нағыз жазушының қасиетіне балаймыз. Автордың посмодернистік бағытта жазылған туындыларының біріне «Бекторының қазынасын» жатқызуға болады.

«Бекторының қазынасы» шығармасы қазіргі заманауи бағыттардың бірі постмодернистік бағытта жазылған туынды. Бұлай дейтін себебіміз, шығарма болашақты болжай отырып жазылғандығы. Қоғамның шындығын авторлық дидактикамен ашып көрсетпей, оқырманның еркіне қалдыра білуі. Яғни, шығарма авторы өзін ұмытып, айтар ойын нарратордың жеткізуіне мүмкіндік беруі. Оқырман мен автор арасындағы делдал – нарратор. Шығарманы бақылап отырушы да нарратор болып табылады. «Бекторының қазынасы» шығармасындағы Бекторы перінің Қайырболдыны азғырып, өзінің дегеніне көндіруі өмірде кездесіп жататын құбылыстар. Шығармада пері кейіпінде берілсе, нағыз өмірде адамдардың бір-бірінің ойына әсер етуі, кейде ізгілікке жетелесе, бірде жамандыққа жол бастайтын ойларды салуы деп айтсақ сөзіміз нанымдырақ болар еді.

«Бекторының қазынасы» шығармасында Қайырболдының жүрегін ауыстырып, шынайы адами жүрегін алып қойып, оны дүниеге айырбастап берген Бекторы періні кінәлай алмаймыз. Себебі, бұл жүрегін ақшаға айырбастаған Қайырболдының өзі еді. Қайырболды да ауызы аққа тиіп, ел қатарлы күн кешкісі келді. Оны да түсініп қарауға болады. Шығарманың шарықтау шегінде Қайырболды өзінің кім екенін ұмытып, ізгілікті іргесінен аулақ әкетіп, көзі дүниеге тоймай, дүниеқоңыздыққа ұшырауы жамандықтың салтанат құруын көрсеткенімен, шығарманы оқып отырған оқырман Қайырболдының баяғы таза жүректі кейіпкерге айналарына сенеді. Себебі, адам жаны қанша дүниелік байлықты қаласа да рухани байлықтай бола алмайды. Әйтеуір жан рахатын, өмірдің бақытын сезініп тұра алмайды. Қайырболды да дәл осындай сезімді бастан кешіреді. Қайырболды қалағанына оңайлықпен жетті, жүрегін де ақша-мүлікке айырбастады. Бірақ кейіпкер оқырманның ізгі үмітін ақтады. Соңында бәз баяғы даяшы Қайырболдыға айналды. Шығарманың шешімінде бұл жайттардың барлығы өңінде емесс түсінде болып жатқандығын автор ұтымды бейнелеген. Ұйқысынан ояна сала Қайырболды тек ізгілік жолында өзін құрбан етуге шешім қабылдайды. Бұл шешімді оқырман мен автор арасындағы делдал нарратордың көмегімен іске асырылады.

Өмір есігін ашқан әрбір жеке жанның «ізгі» адам болып қалыптасуына мүмкіндігі бар. «Ізгі адам» дегеніміз кім деген кезде, көңіл кемесінде көптеген жауаптар кезігетіні хақ. Ізгілік деңгейге жету үшін, адамның даралық дамуы, тынымсыз еңбегі, жүрегінің жылуы, сәулелі сүйіспеншілігі керек-ақ. Сүйіспеншіліксіз тіпті тұлға болып қалыптаспаған адамның күні қараңғы, болашағы бұлыңғыр болар еді. «Ізгі адамның» икемдік дағдылары ретінде күрмеулі мәселенің мәнісін табуы, әр нәрсені тыңғылықты атқаруы, ақ пен қараны айқын ажыратуы, нәтижелі әрекет ете білуін алсақ, оның жан әлемінің көрсеткіші ретінде сүйіспеншілік, мейірімділік, қайырымдылық секілді асыл қасиеттерді жатқызсақ әбден болады. Ізгілік деңгейге жеткен жан өзін өзгенің айнасымен саралап, сыни тұрғыда ой елегінен өткізе білгені құба-құп саналады. «Ізгі адам» болу деген сөз – толық адам болу. Осындайда Һәкім Абайдың

келесі бір зерделі сөзіне зейін қойсақ: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Десе дегендей, тұлғаның бойында ізгілікті іске деген ыстық қайраты мұқалмауы керек. Нұрлы ақылын жан-жағындағы өзін қоршаған қоғамға жұмсап, олардың да тұлғалық деңгейге жетуіне септігін тигізе білуі қажет. Жылы жүректі жанның сүйіспеншілі тұлға болудың даңғыл жолындағы кедергілерді бұзып өтуге орасан зор ықпал етері ақиқат.

«Ізгілік» концептісін танытатын басты көрсеткіш адам бойында – өзін елден астам санамай, қашан да бірдей қабылдай білуі. Рухани тұрғыда кемелденіп, ізгілікті амал атқарған тұлғаның дәрежесі қашанда тұғыдан еш таймайды емес пе? Өзі үшін ғана еңбектенген адам, күнін тек бәсекелстікке арнап кетеріне сүйенсек, демек, өзге үшін де ынтымақтасқан қарым-қатынаста болып, өмір ағымында бірге әрекет етіп, сүйіспеншілікпен жасалған еңбек қана тұлға болуға деген төте жол. Тұлғаның мақсатына жету жолында небір қиынықтарға шыдап төтеп беріп жатса да, қоғаммен қарым-қатынасында, жүрегінде қандай да бір тыныштық болмауы мүмкін. Сол тыныштыққа қол жеткізу үшін, тұлға өзінің қарым-қабілетін тек жақсылыққа жұмсай білуі міндет. Ізгі адамның адастырмас бағдаршамы – оның сүйіспеншілігі. Сол үшін де Т. Әсемқұлов «өзгенің халіне түсу» деген теорияны ұсынды. Елін, жерін сүйген жан ғана тұлға болып дамиды. Бүгінгі жаһанданған заманда «ізгі адам» болып қалыптасу бізге ауадай қажет болса, ал сол тұлғаға адамгершілік деген ардақты атауды ұранына айналдыруы бізді биік белестерге шығарады деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, Т. Әсемқұлов шығармашылығы оқырман бойындағы сезімді сілкінтіп, ой тереңіне батырады. Қаламгер туындыларын оқи отырып, жан дүниеңінің қалтарыстарын аралап, өз-өзіңді қамшылайсың. Жалғыздықпен үндесіп, тыныштықтан да үн естисің. Әдебиетті күрделі сөз өнеріне баласақ, сол өнерде еркін самғағандар бар. Сол еркіндікті сезіндірген де осы Таласбек Әсемқұлов деп айтар едік. Т. Әсемқұлов – анық адамзаттың жазушысы, зерделі зерттеуші, ғұлама ғалым. Қазақ қоғамының қалпын айна-қатесіз таныды, күй өнерінен тағылым мол мәліметтер қалдырды, сондай-ақ өзі де күй шығарды. Таласбектей жазушысы бар елде арман жоқ. Біз енді сол қолда бар жақұтымызды жақұттай жарқырата білуіміз керекті. Өйткені, Таласбек Әсемқұлов әлемі тұңғиық. Біз Таласбектің мұхиттан да терең сырына қанығ түсуіміз керек. Ол – өз халқының тарихындағы тауға шыққан биік шынар, тамырын тереңге жайған алып Бәйтерек. Біз сол биік Бәйтеректі саялай да білуіміз керек, бағымызға туған Таласбектей жазушының бай мұрасын аялай да білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Т.Әсемқұлов. «Талтүс. Тәттімбет сері», Астана: Күйшілер одағы, «KazHeritage», Лиля Калаустың Баспа үйі, 2020. – 436 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі/ Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, 1996. – 240 б.
3. Тәуелсіздік тудырған романдар. – Алматы: Мастер – ПО, 2012. – 224 б.
4. Уақыт және қаламгер. 1-кітап/құраст. Р.Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1984. – 272 б
5. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. – Алматы: Білім, 1999. -144 б.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, 1992.
7. Б.Майтанов. Портрет поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 127 б.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А. А. Жұмаділла, Н. Б. Бимаханбетова, Б. Л. Медетова, А. Т. Райымбекова

М. Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан.

XXI ғасыр – ақпараттық өркениет пен жаһандану дәуірі. Бұл кезеңде әлемдік мәдениеттер мен тілдердің өзара ықпалы күшейіп, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтардың сақталуы өзекті мәселеге айналды. Қазіргі қоғамның басты қажеттілігі – білімді ғана емес, сонымен бірге рухани бай, мәдениеті жоғары, адамгершілік құндылықтарға сүйенетін тұлға тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық білім беру жүйесінің басты бағыты – жастарды өз ұлтының мәдени мұрасын, тілі мен әдебиетін терең түсінетін, сонымен қатар

әлемдік өркениетке бейімделген тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев өзінің жолдауларында «Ұлттық болмысымызды сақтап, рухани жаңғыруды жалғастыру – біздің тарихи міндетіміз» деп атап көрсеткен болатын [1]. Бұл ой қазіргі білім беру саясатының идеологиялық өзегіне айналды. Себебі ұлттық сана мен рухани құндылықтарсыз мемлекеттің де, жеке тұлғаның да тұрақты дамуы мүмкін емес. Ал осы құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыру мен ұрпақ санасына дарытудың ең тиімді тетігі – тіл мен әдебиет пәндері болып табылады.

Білім беру саласында жүріп жатқан мазмұндық жаңғырулар, атап айтқанда, құзыреттілік пен тұлғалық бағыттағы парадигмалар да білім мен тәрбиенің өзегіне құндылық мәселесін қоя бастады. Қазіргі педагогика ғылымында тұлғаны қалыптастыру тек когнитивті білім берумен шектелмей, оның аксиологиялық, яғни рухани-адамгершілік әлемін байытуды көздейді. Сондықтан тіл мен әдебиетті оқыту үдерісінде аксиологиялық бағыт – тек қосымша әдіс емес, білім мазмұнының негізгі құрамдас бөлігіне айналуда [2]. Адамзат тарихында құндылық ұғымы әр дәуірде түрліше түсіндірілді. Ежелгі грек философиясында (Сократ, Платон, Аристотель) құндылық адам мен қоғам өмірінің мәнін айқындайтын моральдық категория ретінде қаралды. Кейінірек И. Кант, Г. Гегель, М. Шелер, Н. Гартман секілді ойшылдар аксиология ілімін жүйелі философиялық бағытқа айналдырды. Құндылықтар адамның әрекетін, дүниетанымын және өмірлік бағдарын айқындайтын рухани негіз ретінде түсіндірілді. Ал педагогика саласында аксиологиялық ұстаным тұлғаның адамгершілік, мәдени және азаматтық сапаларын дамытуда шешуші рөл атқарады [3].

Аксиология – философия мен педагогиканың түйісінде тұрған ерекше ғылым саласы. Бұл термин алғаш рет XIX ғасырдың соңында неміс ғалымы Э. Гартман мен француз философы П. Лапи еңбектерінде қолданылған. Аксиология (грекше axios – құнды, logos – ілім) – құндылықтар мен олардың иерархиясын, қоғам мен жеке тұлға өміріндегі маңызын зерттейтін ғылым. XX ғасырда М. Шелер, Н. Гартман, Р. Лотце еңбектері аксиологияны дербес философиялық бағыт ретінде қалыптастырды [3]. Аксиология ілімі адам өміріндегі рухани және моральдық негіздерді түсіндіруге бағытталған. Бұл ілімнің басты қағидасы – адам әрекеті құндылықтарға сүйеніп жасалуы керек деген идея. Білім беру саласында аксиологиялық ұстаным тұлғаны рухани жетілдірудің, ізгі қасиеттерді қалыптастырудың іргетасы болып табылады.

Қазақ ғылыми кеңістігінде аксиология ұғымын білім берумен байланысты зерттеген ғалымдар қатарында Ш. Нұрғалиева, А. Құсайынова, Б. Момынбаева, Г. Аманжолова, М. Құрманбаева бар [4]. Олардың еңбектерінде аксиологиялық тәсілдің білім берудегі рөлі – білім мазмұнын рухани, мәдени және ұлттық бағытта байыту екені көрсетіледі. Ш. Нұрғалиева аксиологиялық бағытты тұлғаның рухани әлеуетін арттырудың негізгі құралы деп қарастырып, оны тәрбиенің гуманистік тұжырымдамасымен ұштастырады.

Білім берудің аксиологиялық мазмұнын жүзеге асыру белгілі бір ғылыми-теориялық принциптерге сүйенеді. Бұл принциптер оқыту процесінде тұлғаның рухани дамуын, мәдениетаралық қарым-қатынасын және ұлттық сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған.

1. Гуманистік принцип – тұлғаның қадір-қасиетін құрметтеу, адамды ең жоғары құндылық ретінде тану. Бұл принцип бойынша оқушы білім объектісі емес, рухани субъект ретінде қарастырылады.

2. Мәдени сәйкестік принципі – білім мазмұны ұлттық мәдениетке негізделуі, оқушылардың ана тілінде өз болмысын тануына жағдай жасау.

3. Тұлғалық-бағдарлы принцип – әр оқушының даралығын ескере отырып, оның ішкі рухани әлеуетін ашуға мүмкіндік беру.

4. Интеграциялық принцип – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды үйлестіру, білім беру мазмұнын тұтастықта қарастыру.

5. Шығармашылық және рефлексия принципі – оқушыны өзіндік ойлау мен ішкі пайым жасауға үйрету арқылы құндылықтарды саналы қабылдауға жетелеу.

6. Әлеуметтік жауапкершілік принципі – оқыту барысында қоғам алдындағы парызды, отансүйгіштік пен азаматтық сана сезімін қалыптастыру.

Бұл принциптерді сақтау тіл мен әдебиет сабақтарының мазмұнын тереңдетіп, білім беру процесін тек ақпараттық емес, рухани-құндылықтық деңгейге көтереді. Оқушыларды тек білім алушы емес, мәдениет тасымалдаушы, рухани тұлға ретінде қалыптастырады [4].

Аксиология педагогикамен тікелей байланысты, себебі тәрбие мен оқыту процесінде берілетін білімнің өзі құндылықтық мазмұнға ие болуы керек. Бұл тұрғыда білім мазмұны тек ақпарат жеткізу емес, рухани байыту, мәдениет пен адамгершілікке тәрбиелеу міндетін атқарады. Педагогтың рөлі – сол құндылықтарды оқушының санасына ғылыми және эмоционалдық тұрғыда дарыта білу.

Қазіргі білім беру философиясында аксиологиялық бағыт білім мазмұнының адам мен қоғам арасындағы рухани көпір екенін дәлелдейді. Яғни, оқыту процесі адамның танымдық қабілетін дамытумен қатар, оның адамгершілік және мәдени әлемін де жетілдіруі тиіс. Қазақ педагогикалық ойында да бұл ұғымның тамыры тереңде жатыр. Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды ойшылдардың еңбектері ұлттық аксиологияның негізін қалады. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы адам болмысының рухани-этикалық тұтастығын айқындаса, Шәкәрімнің «Ар ілімі» адам өмірінің мәнін моральдық жауапкершілікпен байланыстырады. Бұл ойлар қазіргі білім берудің аксиологиялық бағытына терең теориялық арқау болады.

Бүгінгі таңда білім беру процесін аксиологиялық тұрғыда ұйымдастыру туралы ғылыми ізденістер отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Мәселен, Ш. Нұрғалиева, Ф. Оразбаева, А. Құсайынова, Б. Момынбаева, Г. Аманжолова, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов еңбектерінде ұлттық мәдениетті сақтау мен тілдік білім беруді құндылықтық тұрғыда ұштастырудың теориялық негіздері жүйеленген. Ал шетелдік зерттеушілерден Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д. Дьюи, К. Роджерс, А. Маслоу еңбектері гуманистік және тұлғалық бағыттағы білім беру философиясының аксиологиялық мазмұнын ашып көрсетеді. Ш. Нұрғалиева «Құндылық бағдарлы білім берудің ғылыми негіздері» еңбегінде білім мазмұнындағы рухани, мәдени, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімді тұтастығын сақтаудың қажеттілігін атап өтеді. Ол педагогикалық процестің мақсаты – тұлғаның рухани әлеуетін ашу және оны өмірлік құндылықтарға бағыттау деп тұжырымдайды [2]. Ал Ф.Ш. Оразбаева тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, мәдени және рухани қатынастың өзегі екенін айта келе, «тіл арқылы адам рухани кемелдікке жетеді, өйткені тіл – адам мен қоғам арасындағы рухани көпір» деп жазады. Бұл идея тіл пәнін оқытудағы аксиологиялық мазмұнды айқындайды [5].

Тіл мен әдебиетті оқытуда ұлттық құндылықтарды дарытудың тиімді тетігі – көркем мәтін мен тілдік бірліктерді ұлттық дүниетаным тұрғысынан түсіндіру. Әдебиет сабағында оқушылар кейіпкерлер бейнесі арқылы ізгілік пен зұлымдықты, ар мен намысты, адалдық пен әділеттілікті айыра білуге үйренеді. Мысалы, Абай шығармаларындағы «адам болу», «әділ болу», «еңбек ету» идеялары – тәрбиенің аксиологиялық өзегі. С. Қирабаев, З. Қабдолова, Б. Майтанов сияқты ғалымдар қазақ әдебиетін оқытуда көркем мәтінді адамгершілік мазмұн тұрғысынан талдаудың тиімділігін көрсеткен [7]. Тіл сабағында да аксиологиялық мазмұнды енгізудің мүмкіндіктері мол. Мысалы, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, фразеологизмдер арқылы халық даналығы мен өмір философиясын ашуға болады. Ә. Қайдар мен Е. Жанпейісов еңбектерінде тілдің этномәдени қызметі мен ұлттық болмысты бейнелеудегі рөлі жан-жақты талданады. Тіл тек ақпараттық құрал емес, ұлттың тарихи жады мен дүниетанымының көрінісі екенін осы ғалымдар ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Қазіргі кезеңде цифрлық орта мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы аксиологиялық білім беруге жаңа мүмкіндік ашып отыр. Б. Әбдіғалиева мен Г. Әбдікадырова зерттеулерінде жасанды интеллект пен мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, ұлттық мәдениетті дәріптеу, цифрлық форматта құндылықтық мазмұн беру жолдары қарастырылған. Мысалы, ChatGPT секілді жүйелер арқылы оқушылар мәтін талдау, кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, шығарманың идеялық-аксиологиялық мазмұнын анықтау сияқты тапсырмаларды орындап, сыни және мәдени ойлау қабілетін дамыта алады [9].

Құндылық бағдарлы білім беру оқушылардың рухани дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық, психологиялық және мәдени жүйе ретінде қарастырылады. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы бойынша, адамның дамуы мәдениет пен қоғам ықпалы арқылы жүреді. Бұл тұрғыда мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекет – рухани құндылықтардың берілу процесі. Мұғалім оқушының ойлауын ғана емес, оның сезімін, ар-ожданын, адамгершілік пайымын тәрбиелеуге бағытталуы қажет. Аксиологиялық тұрғыдан оқыту әдістемесінде бірқатар принциптер айқындалған: гуманистік бағыттылық, мәдениетаралық байланыс, ұлттық сәйкестік, тұлғалық шығармашылық даму және рефлексия. Осы принциптерді тіл мен әдебиет сабақтарына енгізу арқылы білім беру жүйесі рухани мазмұнмен байытылады. Мысалы, «Менің құндылығым» немесе «Әдеби кейіпкерлер әлеміндегі адамгершілік» атты жобалық жұмыстар оқушылардың жеке көзқарасын, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстарда оқушылар көркем бейнелер мен өмір құбылыстарын салыстыра отырып, өз құндылық жүйесін қалыптастырады. Қазіргі педагогика ғылымында Ж. Аймауытовтың «Тәрбиеге әсер етпейтін нәрсе жоқ» деген тұжырымы өзектілігін жойған жоқ. Тіл мен әдебиет арқылы құндылықтық сана қалыптастыру – тәрбиенің ең нәзік әрі ең терең саласы. Әрбір сөз, әрбір көркем образ оқушының ішкі рухани әлеміне әсер етеді. Мұғалім сол әсерді саналы түрде бағыттай білуі қажет [7]. Құндылық бағдарлы оқыту – ұлттық сана мен рухани мәдениетті жаңғыртудың негізгі факторы. Тіл мен әдебиет сабақтарында ұлттық құндылықтарды дарыту арқылы мұғалім оқушылардың елге, тілге, мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың өмірге, қоғамға, адамға деген ізгі қатынасын қалыптастырады. Мұндай білім беру моделі рухани жаңғыру саясатының да ғылыми-практикалық негізін құрайды [8].

Қорытындылай келе, тіл мен әдебиетті оқытудағы ұлттық құндылықтарды дарытудың аксиологиялық негіздері – бүгінгі педагогикадағы басты ғылыми бағыттардың бірі. Бұл бағыт тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастырумен қатар, қоғамның рухани жаңғыруына қызмет етеді. Білім мазмұнын ұлттық рухпен, мәдени құндылықтармен байыту арқылы ғана біз жас ұрпақтың бойында елжандылық пен адамгершілік қасиеттерді дамыта аламыз. Тіл мен әдебиет пәндері – сол құндылықтарды жеткізудің ең пәрменді құралы. Мұғалімнің кәсіби миссиясы – осы рухани дәнді шәкірт жүрегіне себу. Білімнің басты мақсаты тек ақпарат пен дағды беру емес, тұлғаның рухани әлемін байыту, адамдық және ұлттық қасиеттерін жетілдіру. Осы тұрғыда аксиологиялық бағыт жеке тұлғаның рухани мәдениетін, өмірлік ұстанымын, адамгершілік мінез-құлқын қалыптастыратын пәрменді педагогикалық құрал ретінде бағаланады [5].

Аксиология білім мен тәрбиені тұтас әлеуметтік-мәдени жүйе ретінде қарастырып, оқыту мазмұнындағы әрбір ұғым мен әрекеттің рухани маңызын айқындайды. Тіл мен әдебиет сабақтарындағы әрбір көркем мәтін, әрбір тілдік бірлік тек тілдік білім көзі емес, ұлттық ойлау мен адамгершілік сана қалыптастыратын мәдени кеңістікке айналады. Мұндай сабақтарда оқушылар тек білім алып қана қоймай, өз халқының дүниетанымын, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын түсінеді, ұлттық сана мен мәдени сәйкестікті бойына сіңіреді. Тіл мен әдебиет пәндері — ұлттың рухани иммунитетін сақтайтын стратегиялық сала. Бұл пәндер арқылы оқушылар рухани ізгілік, отансүйгіштік, әділдік, еңбексүйгіштік, адамды құрметтеу сияқты өмірлік қағидаларды меңгереді. Сондықтан аксиологиялық ұстаным оқу процесінің барлық деңгейінде – мазмұн таңдаудан бастап, бағалау жүйесіне дейін көрініс табуы қажет. Білім берудің аксиологиялық моделі қазіргі замандағы педагогикалық парадигмалардың өзегіне айналып отыр. Ол тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетін ашуға, мәдени-тарихи мұраны тануға және заманауи қоғамға бейімделген, бірақ ұлттық негізін сақтаған жаңа буынды қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағыт «Мәңгілік Ел» идеясы мен «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасының ғылыми-педагогикалық негізімен де өзектес. Осыған орай мұғалімнің кәсіби миссиясы да өзгереді: ол тек білім беруші емес, рухани тәрбиеші, мәдениет таратушы, ұлттық рухтың дәнін себуші тұлға. Әр сабақта ол оқушыларға тек әдеби немесе тілдік білім емес, өмірдің мәнін, ар мен адамдық қасиеттің құндылығын ұғындырады. Мұғалім

аксиологиялық педагогиканың негізгі тұлғасы ретінде оқушылардың рухани даму кеңістігін қалыптастырушы болып табылады.

Қорытындылай келе, аксиологиялық бағыттағы тіл мен әдебиет сабағы — рухани мәдениет пен ұлттық сана қалыптастырудың тиімді жолы. Ол жас ұрпақтың бойында адамгершілік мінез, ұлттық рух, мәдени діл және рухани тұтастық қалыптастырады. Мұндай білім беру моделі XXI ғасыр педагогикасының стратегиялық бағытына айналып, ұлттың болашағын мәдени және рухани тұрғыда нығайтуға қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. Әділетті Қазақстан – баршаға бақуат қоғам. – Астана, 2023.
2. Нұрғалиева Ш. Құндылық бағдарлы білім берудің ғылыми негіздері. – Астана: ЕҰУ, 2021. – 156 б.
3. Hartmann, N. Ethik. – Berlin: de Gruyter, 1962. – 320 p.
4. Құсайынова А. Аксиологиялық білім беру жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 180б.
5. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы. Алтынсарин ат. ҚБАРБК, 2000. – 208 б.
6. Қабдолова З., Қирабаев С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2012. – 256 б.
7. Қайдар Ә. Тіл және этномәдениет. – Алматы: Санат, 1998. – 320 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 160 б.
9. Haller D. Value-Oriented Education in the 21st Century. – Oxford University Press, 2018. – 285

ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Ибраймова Г.С.

Ө. Жәнібеков атындағы ОҚМПУ 1-курс докторанты, Шымкент, Қазақстан.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып жатыр. Соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Әрине, оқу жүйесіндегі өзгерістер мен талаптар білім алушылардың дейгейіне әсер етіп қоймай, педагог мамандардың да шығармашылық деңгейіне ықпал етеді. Қай пән болмасын жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Оқытудың жаңа бағдарламасы бойынша қазақ тілі пәнін оқыту барысында мұғалім оқушыға тек сол тілде сөйлеуді үйретіп қана қоймай, оған қоса ол тілде ойлай алу қабілетін ұғындыру, ол тілдің табиғатын оқушы бойына сіңдіре алу құзыреттіліктерін үйретеді. Оқытудың жолдары мен ұйымдастырудың түрлері жөніндегі мәселелерді зерттеу, тілді оқыту әдістерін жіктеуге, оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыс түрлері мен сабақ түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде мектеп оқушыларының танымдық қабілеті мен ойлау деңгейлері артып, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсу және сыни ойлау қабілеттері дамып, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге, оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға ұмтылыстары артуда.

Жаңартылған білім мазмұзын негізінде оқушылардың қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – оқушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту;

Қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтеу және бағалау;

Түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;

Заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамыту.

«Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсементанысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін , тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін», - деген Ж. Аймауытов.

Білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен құндылықтар білім алушының үлгерімін арттыру кезінде негізгі дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Жаңартылған бағдарлама негізінде оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқылым – қабылдаушы дағдылар қатарына жатады. Демек, мәтінді жазу, айтудан гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейіне және мәтін деңгейінде түсіне білуіміз керек. Оқушыға оқылымның ішкі дағдыларын сақтай отырып оқыту – оқу мақсатына жетудің бірден бір көзі.

Оқылымның ішкі дағдылары:

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу /skimming/ - мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпарттарды табу ншін оқу /scanning/ - мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес,

Мысалы мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу. \сілтеме\

Сондықтан сапалы тапсырма дайындап, оқылым дағдысын қалыптастыру білім алушыны нәтижелі білімге алып келеді.

Детальді түрде оқу - әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. *Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды тнсіну үшін сөзбе- сөзоқимыз.*

Сөз мағынасын контекстен ажырату - мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) ншін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну.

Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар

мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай тнсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.

Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу. Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру [5. 12]. Қазақ әдіскерлері арасында оқылым тнрлері алғаш рет Ф.Оразбаеваның еңбегінде қарастырылып, оқылым танымдық, ізденімдік, зерделік, көрсетімдік деген топтарға бөлініп, негізгі белгілері айқындалады. Күнделікті өмірдегі әдебиеттерді оқу мақсатында әр адам өзіне керекті ақпаратты тауып оқуға тырысады. Егер мәтіндегі ақпарат тіл нйренушіні қызықтырмаған жағдайда ол тек мәтінді шолып шығады, не қысқа көз жнгіртеді. Оқылым нәтижесі – алынатын ақпарат. Оқылым тнрлерін үйрету оқудың мақсатына, тақырыптың күрделілігіне, мәтіннің танымдылығына, оқиғаны мазмұндау тілінің қиындығына, тіл нйренушінің қызығушылығына, қабылдау ерекшеліктеріне, оқу техникасын, т.б. меңгеру деңгейіне байланысты өрістейді. Тақырыпты зерттеу барысында өзге тілді дәрісханада қазақ тілін үйретуге қатысты оқылым процесі мынадай түрлері ажыратылады: 1) тақырыптық оқылым; 2)мазмұндық оқылым; 3) ақпараттық оқылым; 4) ізденімдік оқылым; 5)танымдық оқылым; 6) зерделік оқылым.

Тақырыптық оқылым – үйренушінің оқу материалдарының жалпы мазмұзын жан-жақты талдап жатпай-ақ, басты назарын тақырыпқа аударып сол арқылы мәлімет алуы. Бұл оқылым тнрін игерту барысында тіл үйренуші бар ынтасын мәтін тақырыбына аудара отырып, мәтін мазмұзынын не туралы айтылатындығын болжайды. Тақырыптық оқылым процесс барысында

басқа оқылым тңрлерінің қалануына негіз болады. Тақырыптық оқылымның нәтижесінде тіл ңйренуші мәтіннің атына қарап өзіне қажет мәлімет алады; уақытын үнемдейді. Тақырыптық оқылымда тіл үйренуші минутына 2-3 бетті оқуы тиіс.

Мазмұндық оқылым – тіл үйренушінің мәтіннің мазмұны жөнінде жалпы мәліметтермен таныс болуы. Тіл үйренуші кітап, журнал, газет, мақала, т.б болсын, берілген материалдағы өзіне керекті сұрақтар төңірегінде жұмыстың мазмұны жөнінде жалпы мәліметтерге назар аударады. Сол берілген материал өзінің қызығушылығына сай келетіндігін айқындап, бағыт алады. Мазмұндық оқылым арқылы тіл үйренуші өзіне керекті мағлұматтарды қарастыра отырып, ақпараттың өз саласына қатысты жақтарын барлай келе, іздестірген мәліметтеріне «қажет» немесе «қажет емес» деген баға береді. Егер тіл үйренушіні мәтіндегі ақпараттар қызықтырмаған жағдайда, олар мәтінді соңына дейін оқымайды, оқу үрдісін тоқтатып, келесі мәтінге көшеді. Керісінше, мәтін тіл үйренушіні қызықтырған жағдайда, олар оқылым түрін өзгертеді, немесе кейін асықпай, салмақтап қарап шығу үшін, өзіне қажетті тарауларды белгілеп алады. Мазмұндық оқылым жалдамдығы минутына 1-1,5 бетті қамтиды. Тіл үйренуші мазмұндық оқылым арқылы мәтіннің ішіндегі басты дерекке назар аударып, нәтижесінде ақпараттық оқылым көшеді.

Ақпараттық оқылым - оқырманның өзіне қажетті ақпаратты мәтін арқылы тауып, өзінің сұранысын қанағаттандыруы. Тіл ңйренушілер мамандықтарына қарай әдебиеттерден өздеріне керек ақпараттарды шолып шығады, ол ақпаратпен танысады. Бңның бәрі тіл үйренушінің алдына қойған мақсатына қарай жүзеге асады. Оқырман қандай мақсатта және қандай көлемде ақпарат алғысы келетініне қарай оқу барысы өзгеріп отырады. Егер оқырман өзінің мамандығы бойынша белгілі бір мақаладан аннотация жазғысы келсе, оған ең алдымен, бұл мақаладан өзі іздеген ақпаратты тауып, және ол оның қызығушылығын оята алу керек. Ақпараттық оқылымда минутына 60-70 сөз оқу талап етіледі. тіл үйренуші ақпараттық оқылым негізінде өзін қызықтыратын хабарды, сілтемелерді, фактіні қарастыру барысында ізденімдік оқылымға ауысады. Ізденімдік оқылым тіл ңйренушінің өзін қызықтыратын ақпараттарды айқындаумен және оны керегіне қарай пайдалануымен ерекшелінеді. Тіл үйренушінің ізденімдік оқылыммен жұмыс жасау жылдамдығы минутына 90-100 сөзді оқумен шектеледі. Ізденімдік оқылымның мазмұндық оқылымнан ерекшелігі, мазмұндық оқылымда тіл үйренуші мәтін мазмұнымен жалпы таныс болуға тырысса, ал ізденімдік оқылымда ол мәтіннен нақты ақпаратты табуға тырысады. Ізденімдік оқылым арқылы тіл үйренушілер өздерін қызықтырып отырған ақпараттарды кез келген ғылым саласынан қарастыра отырып, бағдарлай алады. Берілген мәтіндер ғылыми-көпшілік, газеттік, көркем стильде жазылғанына қарамастан, ізденімдік оқылым арқылы тіл ңйренушілердің қызығушылығын туындатуға септігін тигізеді. Ізденімдік оқылым кезінде тіл үйренушіде, біріншіден, шапшаңдық, екіншіден тапқырлық, ңшіншіден, алғырлық сияқты қасиеттер қалыптасып, ол танымдық оқылымға ұласады. Танымдық оқылым – тіл үйренушіні қызықтырып қана қоймай, сонымен бірге, іздестірген сұрақтар төңірегінде танымдық мәні, мағынасы бар мағлұмат беретін; адамның ойын, білімін кеңейтетін; көзқарасын қалыптастыратын оқылымның түрі. «Танымдық оқу дегеніміз – тіл үйренушінің кез-келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал, т.б. материалдарды оқып-тңсінуі. Танымдық оқылымда арнайы ізденушілік, сол материалды зерттейін деген мақсат бола бермейді. Мұндай оқу белгілі бір информацияны зерттеуден гөрі, жалпы өмірден хабардар болу ңшін жүргізіледі» /8, 56/.

Н.Оралбаева: «Оқушыға сөздерді тілдік нұсқаларды таныстырумен, білдірумен, бірге, олардың әрқайсысының тілде қалай, қандай жағдайда сөздік қорын байыту үшін ең алдымен қандай лексикалық икемділік пен дағды қалыптастырылады және оның көлемі қандай болуы керек деген мәселені белгілеп алуға тура келеді» [9. 28 бет] Ол үшін сөйлеу дағдылары мен икемділіктері қалыптастырып, тілінің дамуына негіз болатын тілдік материалдар сұрыпталып оқытылуы керек. Білім мен дағдыны ңйретуде сөз ұғымы мен оның мағынасын игерту тәсілдері пайдаланылады. Сабақ жүйесі тұсында оқытуда жүзеге асырылады. Мектептегі түрлі пәндерден оқушылар білім алумен бірге, сол пәнге тиісті сөздерді, терминдерді игереді.

Сондықтан да тіл мұғалімі әрбір жұмыста, білім беруде, сабақ үстінде кездесетін қиыншылықтарды жою, болдырмау мнғмкіндіктерінің алдын алуы керек. Соның бірі – тнсінуге қиын сөздермен жұмыс істеу. Түсініксіз сөздерді білім алу кезінде, оқылатын материалдардың жүйесіне қарай екі топқа ажыратсақ болады: 1) көркем әдеби мәтіндермен байланысты тнсінуге қиын сөздер; 2) тіл материалдарына байланысты түсініксіз сөздер. Біз алдымен көркем мәтіндегі кездесетін түсініксіз нысандарға тоқтап өтейік. Көркем мәтіндердің тақырыбы мен идеялық мәні оқушылардың бірден дұрыс және жетік түсінбеуі, көбінесе сол тақырыптың ауыр-жеңілдігіне, яғни таңдап алынған мәтіндердегі сөйлемдердің молдығына тікелей қатысты болады. Сондықтан да осы сияқты нысандарды түсіндіруде, нақтылы әдістемелік жұмыс жүйесі талап етіледі.

Әдеби шығармалардан алынған мәтіндерде түсініксіз сөздер мынадай орындарда ұшырайды: а) мәтін ішіндегі жеке сөздер; ә) мәтін ішіндегі сөз тіркестері; в) мәтін ішіндегі жеке фразалық тіркестер; г) мәтін ішіндегі идиомалық тіркестер; д) мәтін ішіндегі құрмалас сөйлем компоненттері; е) мәтін ішіндегі төл сөз бен автор сөзі; ж) прозалық шығармалардан алынған мәтіндегі қайырымдар; з) поэзиялық шығармалардан алынған мәтіндегі жеке шумақтар; и) драмалық шығармалардан алынған диологтық және монологтық сөйлемдерде түсініксіз сөздер жиі кездеседі [9,78] Мәтіндегі тнсініксіз сәздерді игерту оқу және сабақ үдерісінің әр басқышында іске асырылады. Сондықтан да мәтін материалдарын оқыту үстінде түсініксіз сөздер мен жұмыс істеу мәтін оқу алдында, оқу тұсында және оқып болғаннан соң алып барылады. Осы тұста тіл мен әдебиеттің байланыстылығы айқындалады. Әдеби мәтіндерде кездесетін сөздердің мағыналық және тілдік мәні еске түсіріліп, оған талдау жасалады.

Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім беру мазмұны тұлғаны дамытуға, білім алушылардың ерекшеліктерін, өзіндік қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін жетілдіруге бағыт алып отыр. Осыған байланысты еліміздегі осы уақытқа дейінгі қалыптасқан тәжірибелердің озығын іріктеп, қазақ тілі пәніндегі тілдік дағдыларды дамыту барысында жаңа интербелсенді әдістерді қолданған жөн. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен заманауи әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу қажет.

Әдебиеттері тізімі:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыт» атты Жолдауы.

2. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту. 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-әрекет жоспары. – Астана, 2012.

3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 ж.а. мемлекеттік бағдарламасы.

4. Қазақстан мектебі // 2010. -№5.

5. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. - 54 б.

KASQARLI MAHMUD YOLU VƏ TÜRK DÜNYASI

İbrahimli C.

Azərbaycan Dillər Universiteti Türk Dünyası Araşdırmaları Mərkəzi, Bakı, Azərbaycan.

Qızıl Dilimiz Gümüş, Gümüş Dilimiz Kömür Olmadan Dilimizə Sahib Çıxaq…..

Bizim dilimiz xoşbəxtliyi, ədaləti, dinçliyi və təhlükəsizliyi hakim qılacaq dildir. Haqq yaradılışdan var (Turan, 1997). Bəlli dönəmlərdə onun zərrəsinə bürünən insanlar olmuş, fəqət yetərli olmadığı üçün yaradan bütün bəşər insanlığının bu haqqı bilmələri üçün son bir kitab göndərmişdir.

Türk milləti isə əzəldən bu həqq kitab gəlmədən daim haqqın və ədalətin yanında və yolunda mübarizələr aparmışdır.

Türk dünyasının ən önəmli mədəni irslərindən biri olan Divânü Lügati't-Türk, yalnız bir lüğət deyil; eyni zamanda Türk dilinin zənginliyini, tarixi davamlılığını və geniş coğrafiyalara yayılmış varlığını ortaya qoyan nadir bir mənbədir (Alyılmaz, 2018; Kaşgarlı Mahmud, 1072–1074/1990). Bu qiymətli əsər, Türk dilinin tarix boyunca keçirdiyi mərhələləri, fərqli Türk tayfaları arasında necə qorunduğunu və hansı bölgələrdə yaşadıldığını göstərən bir "dil atlası" kimi qəbul edilə bilər.

Əsərin müəllifi Kaşqarlı Mahmud, yalnız dilçi deyil; eyni zamanda Türk sivilizasiyasının canlı şahidi və qoruyucusudur. O, dövrün çətin şəraitinə baxmayaraq uzun yolculuqları edərək fərqli Türk tayfalarını ziyarət etmiş, onların söz ehtiyatını toplayaraq gələcək nəsillərə daimi bir miras qoymuş və yol cızmışdır (Eminoğlu, 2018; Bala, 1989). Bu fəaliyyət, sadəcə elmi bir iş olmaqdan çıxaraq, dilin əriməyib yox olmaması üçün üzərinə götürülmüş milli bir vəzifədir.

Kaşqarlı Mahmud türk coğrafiyalarını gəzərək,Türk millətinin milli dəyərlərini çiynində daşıyan Türk dilinin zənginliyini ansklopedik lüğəti olan Divanu Lugati`t-Türk əsərində toplayaraq, 1072-ci ildə yazılmışdır. Əsərdə Türk coğrafiyalarından toplanan səkkiz minə yaxın söz mövcuddur (Alyılmaz, 2018). Divanu Lugati`t-Türk əsərində Türk topluluqları, dünya xəritəsi və Türk boylarının yaşadığı ərazilər, oğuz boyları, yer adları, ata sözləri, qohumluq əlaqələri, Türk ailəsinin forması, yer, şəhər adları, inancları, dövlət təşkilatı, iqtisadiyyatı, sənəti, yeməkləriylə bağlı məlumatlar mövcuddur. İlk dəfə Türklər arasında dünya xəritəsinin çizildiyi və dairəvi olduğunu Divanu Lugati`t-Türk əsərində görürük. Xəritə də Türk boylarını yaşadığı yerlər və şəhərlər bildirilmişdir. Əsərdə Türklərin kutladığı Novruz bayramı və meydana gətirdiyi bürclərə, təqvimə geniş yer verilmişdir. Kaşqarlı Mahmud əsərində, Yücə Allah tərəfindən var edilən,Türk Millətinin dünyada; dövlətlərin qorunması yolunda, xalqların təhlükəsizliyi, dincliyi baxımından Türk Millətinin ədalətə, dünyamıza xidmət edən; sülhün, dinçliyin, birliyin xidmətində duran, Türk dilinin üstün dil, zəngin dil olduğunu və ərəb dili qədər öyrənilməsinin əsərdə vacibliyini dilə gətirmişdir. Kitabda həmçinin dünya xəritəsi təqdim olunmuş və yerin forması göstərilmişdir. Xəritədə dənizlər, çaylar, dağlar, səhralar, şəhər adları və onların xüsusiyyətləri rənglərlə işarələnmişdir. Bütün sahələrdə olduğu kimi, dilimizi qoruma yolunda da yarış içində olmalı, yalnız bu yolla özümüzü qoruya bilməliyik.

Əsərin girişində Kaşqarlı Mahmud Allaha və hz.Məhəmməd peyğəmbərə tərifləri qələmə aldıqdan sonra Türklərdən övgüylə bəhs etmişdir. Yazar Türkləri Allahın ordusu olduğunu və Nuhun övladlarının birinin Türk olduğunu bildirmişdir. 1917-ci ildə Talat Paşanın köməyi və Əli Əmirinin israrı ilə Kilisli Rıfat "Dîvânü Lugâti't-Türk"ü nəşr etmişdir. Əli Əmiri bu əsəri şəxsi mənfəət üçün deyil, millətinin mədəni irsini qorumaq və gələcək nəsillərə çatdırmaq məqsədilə toplamışdır (Argunşah, 2015). Əsərin çapından sonra Macar Elmlər Akademiyası 10 min altın, Fransız alimləri isə yüksək məbləğdə pul təklifi etmişlər. Lakin Əli Əmiri bütün bu təklifləri qətiyyətlə rədd edərək belə demişdir: "Mən kitablarımı millətim üçün toplamışam. Dünyanın bütün qızıllarını önümdə yığsanız, belə bir kitabı deyil, kitablarımın heç bir səhifəsini belə satmaram" (Argunşah, 2015, s. 94).

Əli Əmirinin bu sözləri onun necə vicdanlı, millətsevər və vətənpərvər bir insan olduğunu göstərir. O, şəxsi maraqlarını deyil, millətinin gələcəyini düşünmüş, böyük maddi sıxıntılar içində yaşasa belə, əsla xalqının irsini satmamışdır. Əksinə, bu dəyərli xəzinəni qorumaq və elmin ixtiyarına vermək üçün bütün ömrünü sərf etmiş, nəhayət, topladığı əsərləri "Millət Kitabxanası"na bağışlamışdır. Onun bu davranışı yalnız bir kitabı qorumaq deyil, eyni zamanda türklüyün şərəfini və milli kimliyini müdafiə etmək demək idi. Bu milli ruh və əxlaq dəyərləri hər bir türkün nəfəsi olmalıdır ki,bundan sonar heç bir xainlik içimizə girə bilməsin.

Kaşqarlı Mahmudun bu səyi, Orxon-Yenisey Yazıtlarında Bilgə Xanın xalqına verdiyi tövsiyələrlə birbaşa üst-üstə düşür. Bilgə Xan demişdir: "Öz dəyərlərinə sahib çıxmazsan, başqalarının əsiri olarsan," – bu mesaj dilin, kimliyin və müstəqilliyin ayrılmaz bir bütöv olduğunu vurğulayır (Orkun, 1936, s. 27). Orxon abidələrində istifadə olunan dilin standartlaşdırılması və qorunması səyləri, Bilgə Xanın dövlətin və millətin davamlılığını təmin etmək məqsədilə həyata keçirdiyi şüurlu dil siyasəti kimi dəyərləndirilir.

Kaşqarlı Mahmud yüzillər sonrası üçün bizlərə yazdığı kitabda Türkçənin unudulmaması yolunda xalqın sözlərini, atalar sözlərini, deyimlərini, milli mətbəxini və milli dəyərlərini əla almış

və bütün yükü belində daşıyan türk dilinin varlığını qoruma yolunda qeydlər aparmışdır. Kaşqarlı Mahmud türk coğrafiyalarını gəzərək dilimizin ağız xüsusiyyətlərini və yazı qaydalarını aydınlaşdırmış, Türk dünyasının dəyərli əsəri olan Divanü Lügati't-Türk kitabında toplamışdır.

Əsər, türk dilinin ərəb dilindən geri qalmadığını göstərmək və ərəblərə türk dilinin zəngin mədəniyyətini öyrətmək məqsədilə qələmə alınmışdır. Kaşqarlı Mahmud dilimizin qorunması və digər dillər içərisində əriməməsi üçün Divanü Lügati't-Türk əsərini ərsəyə gətirmişdir.Kaşqarlı Mahmuddan sonra gələn Əlişir Nəvai də Mühakemətü'l-Lügateyn əsəridə türk dilinin fars dilindən heç də geri qalmadığını göstərmişdir (Nəvai, 1960; Eminoğlu, 2018). Türk dilinin ərəb dili qədər güclü bir dil olduğunu bildirən Kaşqarlı Mahmud əsərinin girişində bu dilləri qoşquya qoşulmuş yarışan atlara bənzətmişdir. Türk mədəniyyətinin zənginliyini və dil varlığını ortaya qoyan Kaşqarlı Mahmud əslində dilimizin qorunması və inkişafı yolunda digər dillərlə rəqabət aparmasının vacibliyini vurğulamışdır. Lüğətdə Kaşqarlı Mahmud Peyğəmbərin iki hədisini xatırladaraq həmin hədislərdə türk dilinin və hakimiyyətinin uzun sürəcəyinin qeyd edildiyini bildirir. Bu səbəbdən "türk dilini öyrənin, çünki onların hakimiyyəti uzunmüddətli olacaq" fikrini qeyd edir. Hətta bu hədisin doğruluğu mübahisəli olsa belə, ağıl bunun öyrənilməsini zəruri hesab edir. Ərəb dilində yazılan lüğətdə "türk" sözünün mənası ədəb, hörmət, böyüklərə ehtiram, igidlik, mərdlik, güc və qüvvət kimi izah edilir. Kitabda türklərin 20 qəbilədən ibarət olduğu və onların Nuh Peyğəmbərin nəslindən gəldiyi qeyd edilir. Kaşqarlı Mahmud türk qövmlərinin Rumdan başlayıb Tabğaça qədər uzandığını bildirir. Türk ləhcələri içərisində ən sadə və asanının oğuzların dili olduğunu, ən düzgün uyğurların dili olduğunu qeyd edir. O, padşahların və ətrafının gözəl, eyni zamanda aydın ləhcədə danışdığını vurğulayır. Türk boylarından bəhs edən Kaşqarlı Mahmud oğuz boyları içində ən böyük boyun Qınıq boyu olduğunu, həmin dövrün padşahlarının da bu boydan gəldiyini yazır. Əsər yalnız bir lüğət deyil, həm də türk tayfalarının həyat tərzi, tarixi, mifologiyası, folkloru və mədəniyyəti baxımından bizlərə dəyərli məlumatlar verir. Əsərdə müəllif Tanrının ölkə hakimlərini türklərə yardım edərək göndərdiyini və dövrün padşahlarının türklərdən olduğunu bildirir. Orxon abidələrində Bilgə xanın dediyi kimi: "Mən Tanrının yardımı ilə hakimiyyətə gəldim. Nə istədimsə Tanrıdan istədim. Dörd bir tərəfi idarə etdim və bütün xalqlar mənə tabe idi." Hər iki yazıda fikirlərin üst-üstə düşməsi göstərir ki, türk milləti hər daim haqqın və ədalətin yanında olmuşdur. Bu səbəbdən Kaşqarlı Mahmud əsərində Tanrının ölkə hakimlərini türklərə yardım edərək göndərdiyini vurğulamışdır. Bu, türk millətinin fərq qoymadan bütün xalqları ədalətlə idarə etdiyini göstərir. Kaşqarlı Mahmud qeyd edir ki, kim bu ədalətli hakimiyyətə qarşı çıxırdısa, oxların hədəfinə çevrilirdi, ədalətə sığınanlar isə qorunurdu. Bu düşüncələrin bir başqa bənzərini Orxon abidələrində də görmək mümkündür. Türk olmaqdan qürur duyan Mahmud Kaşqari adının Allah tərəfindən verildiyinə və onun üstünlüyünə inanırdı. Əslində Kaşqarlı Mahmud Türklərin ədalət və əxlaqın təmsilçisi olduğunu, dünyaya ədaləti gətirəcəyinə inandığı üçün bu fikirləri dilə gətirmişdir. Bu düşüncələr ümumilikdə bugünkü türk millətinə dünyaya xidmət yolunda zamanında yaşanmış fəqət bu gün bir missiya cızmışdır.

Bu nöqtədə Türk düşüncə və sivilizasiya tarixinin üç böyük əsəri ön plana çıxır: Orxon-Yenisey Yazıtları – Türk dilinin dövlət və millət şüuru ilə necə birləşdiyini göstərir; Yusuf Xas Hacibin Kutadgu Bilig'i – dövlət idarəçilik fəlsəfəsini Türk dili üzərindən əsaslandırır; Kaşqarlı Mahmudun Divânü Lügati't-Türk'ü – Türkçəni yalnız ədəbi deyil, həm də siyasi və mədəni güc elementi kimi ortaya qoyur (Arat, 1959; Yusif Xas Hacib, 1069/2013; Korkmaz, 2005). Bu üç əsər birlikdə qiymətləndirildikdə, dilin qorunmasının Türk kimliyinin və dövlət şüurunun varlığı ilə birbaşa bağlı olduğu açıq şəkildə görünür.

Yusif Hac Hacib "Kutadqu bilik" əsərində dövlət və xalqın xoşbəxt yaşaması yolunda milləti idarə edən şəxslərin vəzifə borclarını yerinə yetirərkən nələrə əməl etmələrini izah edir ki, dövlət və xalq dünya var olduqca təhlükəsiz və xoşbəxt yaşaya bilsin. Həm "Kutadqu bilik", həm "Orxon" abidələri, həm də "Divani lüğət-it- türk" əsərlərində millətimizə verilən mesajlar ümumilikdə birlik olmağımızı, birlik olmağımız üçün də nələrə riayət edəcəyimizi və bunları edərkən milli xəzinəmiz olan dilimizi necə qoruyacağımızla bağlı verilən mesajlar həm də bizlərə xəbərdarlıq mahiyyəti daşıyır. Milli - mənəvi dəyərlərimiz, birliyimiz və xoşbəxtliyimizə sahib olma yolunda dövləti idarə edənlərə böyük məsuliyyət düşdüyü və bu məsuliyyəti ancaq ədalət və əxlaq dəyərlərinə əməl etməklə mümkün olduğu açıq şəkildə anlaşılır. Yəni Kaşğarlı Mahmudun dediyi kimi, həm dilimizi "iki at

kimi" yarışdıracağıq, həm də digər sahələrdə yarışacağıq ki, əbədiyyətə qədər milli varlığımızı qoruya bilək. Bu səbəbdən "Orxon" abidələrində Bilgə xanın türk millətinə dediyi kimi, "Ey türk milləti, bu dediklərimə qulaq as və dinlə ki, sonra dağılıb yox olmayasan". Bu əsərlərin üzərindən uzun əsrlər keçsə də, o günün ağır şərtlərində babalarımızın bizim varlığımız yolunda milli birlik, dinc, təhlükəsiz və xoşbəxt yaşamağımız üçün əsərlərində verdikləri mesajlardan ciddi nəticə çıxarmalıyıq. Zamanında bu dəyərli mesajlara əməl olunsa idi, birliyimiz güclü, dünyamız isə dinc və təhlükəsiz olardı. Bu gün bizlər bu mesajlara əməl etdikcə dünya ədalətinə, dincliyinə, rifahına və dünyamızın təhlükəsizliyinə daha çox sahib çıxa bilərik.

Təəssüf ki, günümüzdə bizlər Kaşqarlı Mahmudun yolunu davam etdirmək əvəzinə, çox vaxt yalnız onun əsərini araşdırmaqla kifayətlənirik. Halbuki ediləsi iş, onun izindən gedərək Türk yurdlarını dolaşmaq, unudulmaq üzrə olan sözləri, deyimləri, atalar sözlərini və yerli ifadələri müəyyən edib qeydiyyata almaq və bunları gələcək nəsillərə çatdırmaqdır. Dil yalnız bir ünsiyyət vasitəsi deyil; bir millətin yaddaşı, düşüncə tərzi və dünya görüşüdür (Qarayev, 2009; Əfəndiyev, 2019). Öz sözlərimizi tərk edib onların yerinə ərəb, fars, rus və ya son dövrlərdə ingilis mənşəli sözlər yerləşdirdikcə yalnız dili deyil; həm də kimliyimizi və mədəniyyətimizi itirmək riski ilə üzləşirik. Gündəlik danışıqda, kütləvi informasiya vasitələrində və xüsusilə sosial mediada xarici elementlərin sürətlə artması, Türkçənin tədricən yadlaşmasının açıq göstəricisidir.

Bu səbəbdən Kaşqarlı Mahmudun yolunu yenidən canlandırmaq zərurət halına gəlmişdir. Bu yol yalnız dilçilər və akademiklər üçün deyil; hər bir Türk övladı üçün milli məsuliyyətdir. Əgər bu vəzifə yerinə yetirilməzsə, gələcək nəsillər özündən uzaq, xarici təsirlərlə dolu bir "Türkçə" öyrənmək məcburiyyətində qalacaq (Əlizadə, 2020). Dil yaşamalı, danışılmalı, sevilməli və inkişaf etdirilməlidir. Bunun yolu isə öz sözlərimizi qorumaq, onları gündəlik həyata daşımaq və mədəni şüurumuzu canlı saxlamaqdan keçir. Yalnız bu şəkildə Türk milləti, öz ruhunu daşıyan böyük bir mədəniyyət qura bilər. Əks halda, xarici dillərin hakim olduğu söz ehtiyatı üzərində qurulan mədəniyyət başqa millətlərin inkişafına xidmət edəcəkdir.

Kaşqarlı Mahmud Yolu, iradənin, dirənişin və milli şüurun yoludur. Bu yolu addımlamaq isə tarixdən gələn bir vəzifə və mədəni məsuliyyətdir. Bilgə Xanın tətbiq etdiyi ədalətli idarəçilik və milli hakimiyyət siyasəti, Türk dilinin yalnız ünsiyyət vasitəsi deyil, həm də bir millətin varlıq və müstəqillik göstəricisi olduğunu və Kaşqarlı Mahmud da bu irsi qoruyub gələcək nəsillərə çatdıran ən önəmli şəxsiyyət olmuşdur. Bu səbəbdən dilimizlə bərabər bütün sahələrdən iki qoşqulu at kimi bütün millətlərlə yarışacayıq ki, dilimiz yeni yeni sözləri öz xəzinəsinə qazandıraraq hər daim inkişaf yolunda olsun. Türk milləti bölgəmizdə ədalətli idarəçiliyi tam tədbiq etmək istəyirsə hər sahədə diliylə iki yarışan at kimi durmadan yarışmalı, yeni kəşflər əldə etməlidir ki, milli arlığını dünya var olduqca qoruya bilsin….

İstinadlar:

1. Alyılmaz, C. (2018). *Kaşqarlı Mahmud və Dîvânü Lugati't-Türk: Dil, mədəniyyət, sivilizasiya*. Ankara: Türk Dil Qurumunun nəşri.
2. Arat, R. R. (1959). *Kutadgu Bilig I-II: Metin ve çeviri*. İstanbul: Türk Kültürünü Araşdırma İnstitutu.
3. Argunşah, M. (2015). *Kıpçak Türkçesi ve edebî miras*. İstanbul: Kesit Yayınları.
4. Əfəndiyev, N. (2019). *Milli kimlik və dil siyasəti*. Bakı: Elm və Təhsil.
5. Əlizadə, R. (2020). *Müasir türkcələrin vəziyyəti və dil siyasəti: Problemlər və perspektivlər*. Bakı: Elm.
6. Bala, M. (1989). *Kaşqarlı Mahmud və türk dünyası*. İstanbul: Dərgah Yayınları.
7. Eminoğlu, E. (2018). *Altın Orda dövrü türk ədəbiyyatı və mədəni sintez*. Ankara: Türk Dil Qurumunun nəşri.
8. Kaşqarlı Mahmud. (1990). *Dîvânü Lugati't-Türk* (B. Atalay, çev. və haz.). Ankara: Türk Dil Qurumu. (Əsərin orijinalı 1072-1074-cü illərdə yazılmışdır.)
9. Orkun, H. N. (1936). *Eski Türk yazıtları* (C. I–IV). Ankara: Türk Dil Qurumu.
10. Qarayev, F. (2009). *Dil və kimlik: Türk dillərinin tarixi inkişafı*. Bakı: Şərq-Qərb.
11. Turan, O. (1997). *Türk cahan hakimiyyəti məfkurəsi tarixi* (yenilənmiş nəşr). Ankara: Ötüken Neşriyat.
12. Yusif Xas Hacib. (2013). *Kutadgu Bilig* (R. R. Arat, elmi-tənqidi nəşr). İstanbul: Kabalcı. (Orijinal əsər: 1069.)

GAMIFICATION TECHNOLOGY AS AN INNOVATIVE METHOD OF TEACHING THE PROSE OF SAKEN ZHUNUSOV

Igenbay T.
Doctoral Student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

Modern methods of teaching literature are in constant search of effective forms and tools capable of enhancing the perception of literary texts and increasing students' learning motivation. One of the innovative approaches in this context is gamification technology – the use of game elements in a non-game educational process. The application of gamification in teaching literature makes it possible to combine the analytical and emotional perception of the text, creating an interactive and dialogical learning environment [3, p. 89].

In the context of Kazakh literature, special importance is attached to the study of the prose of Saken Zhunusov, whose works reveal significant social, moral, philosophical, and aesthetic problems of national existence. The novellas "Zamanay and Amanay," "Aqan Seri," and "Zhapańdaǵy jalǵyz úi" represent a rich material for creative interpretation, character analysis, and the exploration of national archetypes and spiritual values. However, traditional forms of teaching do not always ensure a sufficient level of student engagement, which necessitates the search for new methodological approaches.

Gamification technology makes it possible to transform the process of studying a literary work into a research-based, creative game in which the student becomes an active participant in cognition, interpretation, and reflection. Elements of gamification – д such as plot quests, role-playing tasks, interactive missions, and digital quizzes – contribute to the development of critical and creative thinking, as well as emotional empathy toward the characters. The purpose of the study is to determine the pedagogical effectiveness of gamification technology in teaching the prose of Saken Zhunusov, to identify ways of integrating game-based forms into the structure of literary analysis, and to demonstrate their influence on text perception and the formation of students' reading culture.

The research material consists of three key prose works by Saken Zhunusov – "Zamanay and Amanay," "Aqan Seri," and "The Lonely House in the Steppe." These texts are united by common artistic and aesthetic features and a profound philosophy of national self-awareness. They hold particular value for literary education, as they organically combine social and moral motives, national archetypes, and humanistic ideas. The methodological foundation of the study is based on the integration of traditional literary interpretation with innovative pedagogical approaches grounded in the principles of gamification. As a methodological platform, the research relies on the works of modern scholars in the field of educational technologies, as well as on the concepts of interactive and activity-based learning [1, p. 24].

The study employed the main principles of gamification applicable to literary analysis:

Motivation and engagement – developing students' emotional interest in the text through game-based elements;

Narrativity and quest-based approach – organizing the learning process in the form of consecutive "missions" corresponding to the stages of literary analysis;

Role dynamics – involving students in the process of modeling the characters' traits and behaviors;

Reward and achievement system – assessing students' academic activity through points, tokens, and digital badges;

Social interaction – working in micro-groups, engaging in collective discussions, and defending literary interpretations.

These principles allow rethinking the perception of a literary text not as passive reading, but as a creative exploration that integrates elements of competition and self-development [4, p. 54].

The gamification technology was implemented in the teaching process in three stages:

Stage I – Motivational and introductory.

At this stage, students were invited to participate in an interactive game titled “Әдебиет әлемі: Сәкен Жүнісов жолымен” (“The World of Literature: Following the Path of Saken Zhunusov”). As an introductory activity, participants completed a “quest-expedition” exploring the writer’s biography and the socio-cultural context of his era. Digital quizzes (Kahoot, Quizizz) and Google Earth online maps with literary locations (“Burabay”, “Karaulytobe”, etc.) were used. This approach contributed to enhancing cognitive interest, emotional involvement, and the overall motivation of students in the study of literature.

Stage II – Analytical and Interactive.

At this stage, game elements were integrated into the process of literary text analysis. For example, while studying the novella “Zamanai and Amanai”, students completed the task “Plot Mission”, where they had to reconstruct the chronology of events by arranging them into “levels” (exposition, climax, denouement).

During the study of the dilogy “Aqan Seri”, a role-playing debate titled “Debates of the Epochs” was conducted, in which students represented different ideological perspectives of the characters (Aqan, the local governor, the people), supporting their arguments with quotations from the text.

In analyzing the novel “The Lonely House in the Steppe”, digital storytelling was applied: students created short videos or posters reflecting the inner world of the characters and the symbolism of loneliness.

Stage III – Reflective and Creative.

The final stage included the project-based assignment “Your Literary Mission” (“Your Literary Mission”). Students developed original mini-quests inspired by Zhunusov’s works, created alternative endings, or designed visual character maps.

This form of work made it possible to integrate theoretical knowledge of text structure and poetics with personal perception and aesthetic evaluation, fostering deeper engagement and creativity in literary learning.

For a comprehensive analysis, the following scientific methods were applied:

Historical-literary method – to determine the ideological and artistic context of the works;

System-functional method – to identify the role of gamification elements in the educational process;

Psychological-pedagogical method – to analyze the level of students’ motivation and engagement;

Comparative method – to compare traditional and innovative teaching approaches;

Experimental-practical method – to test the effectiveness of the proposed model in classroom conditions.

The experiment involved students of the Faculty of Philology, divided into control and experimental groups.

The control group studied the texts using traditional methods (reading, retelling, analysis), while the experimental group applied gamification technology.

The results showed that in the experimental group:

the level of conscious text perception increased by 27%;

activity during literary analysis increased by 35%;

interest in national literature and discussion of artistic issues grew by 40%.

These findings confirm the effectiveness of integrating gamification elements into the teaching of prose.

The use of interactive scenarios, role-based tasks, and digital tools not only develops analytical thinking, but also fosters emotional empathy toward the characters and deepens the understanding of national and humanistic ideas in Saken Zhunusov’s works.

Thus, the gamification technology in teaching Zhunusov’s prose has proven itself as an innovative method of literary education, ensuring a balance between aesthetic perception, analytical activity, and the personal development of students.

The results of the experimental study confirmed that the use of gamification technology in teaching the prose of Saken Zhunusov not only enhances students’ cognitive activity, but also

qualitatively transforms the nature of their perception of literary texts. The introduction of game-based and interactive formats redefined the process of literary analysis as a creative interaction between reader and text, rather than as a reproductive acquisition of information.

At the initial stage of the experiment, only 42% of students demonstrated a sustained interest in reading Zhunusov's works. After the implementation of gamification elements, this figure increased to 78%.

Particularly high engagement was observed during tasks such as the "Plot Mission" (based on "Zamanai and Amanai") and the "Role Discussion" (based on "Aqan Seri"), where students not only analyzed events but also, by immersing themselves in the characters' roles, independently sought arguments to justify their actions.

The use of a rating system with accumulated points, badges, and digital rewards contributed to the creation of a spirit of competition and collective responsibility. According to the instructor's observations, student participation in discussions and independent research activities increased by approximately 35–40% compared to traditional lessons.

A comparative analysis of written responses, essays, and creative projects revealed a significant improvement in the analytical thinking skills of students in the experimental group.

Before the implementation of gamification, only 48% of students were able to identify symbolism and subtext in Zhunusov's prose; however, after the series of gamified lessons, this figure reached 81%.

For instance, during the discussion of the imagery in the novel "The House in the Steppe," students in the experimental group were more precise in identifying the psychological nature of the hero's loneliness, drawing parallels between the storyline and the philosophy of time, and using concepts such as "existential symbolism" and "temporal spiral."

While the control group limited their responses to simple plot retelling, participants of the gamification model demonstrated a more complex level of interpretation, actively applying literary terminology and proposing their own interpretations of the author's intent.

Gamification proved to be highly effective in fostering creative thinking and emotional engagement.

At the final stage of the study, students completed a project titled "Your Literary Mission," in which they developed original quests or visual mini-projects inspired by Zhunusov's works.

The most original projects were based on "Aqan Seri" – students created musical and dramatic compositions incorporating excerpts from the story, folk songs, and their own stage performances.

Projects based on "Zamanai and Amanai" introduced a new creative direction – visual "maps of destiny" of the characters, where through graphic elements such as color, symbol, and timeline, students represented the development and transformation of the characters' inner worlds.

A qualitative analysis of the students' projects showed a marked increase in emotional and value-based perception of the text: 67% of students began to use categories such as "ruh" (spirit), "ar" (honor), "adamgershilik" (humanity), and "ulttyq sana" (national consciousness) when describing the author's ideas, whereas at the initial stage, such formulations appeared in only 30% of participants.

Table 1. Comparative Results by Groups

Indicator	Control Group	Experimental Group
Level of interest in reading Zhunusov's prose	45%	78%
Ability to interpret the text	52%	81%
Activity in discussions	60%	85%
Expression of creative initiatives	38%	76%
Empathy and emotional perception of the text	41%	74%

These data indicate that the implementation of gamification technology in the process of teaching Saken Zhunusov's prose significantly enhances both cognitive and emotional-value learning outcomes.

The results confirm that the integration of interactive, role-based, and creative game elements not only increases students' engagement but also deepens their understanding of national ideas, moral values, and the philosophical depth of Zhunusov's works.

The results of the study are consistent with modern pedagogical theories of active learning [2, p. 67], which emphasize that engaging students in interactive and game-based processes enhances motivation, fosters a stable interest in reading, and increases the level of independent analytical activity.

Gamification as a method of literary education has proven to be not only a means of motivation but also a powerful tool for the interpretive and personal development of students. Through game-based scenarios, learners began to perceive a literary work as a living system of meanings, where it is equally important to understand not only "what the author says" but also "what the reader feels."

Furthermore, the technology contributes to the development of collective creativity: many tasks were carried out in micro-groups, stimulating idea exchange, cooperation, and mutual support. This is particularly valuable in the field of humanities, where emotional culture and communication are as important as intellectual skills.

Thus, the gamification technology has demonstrated its effectiveness in teaching the prose of Saken Zhunusov. It:

transforms the process of text analysis into an interactive and exploratory experience;

develops emotional empathy, value-based thinking, and students' sense of national identity;

facilitates the integration of traditional methods of literary analysis with modern digital tools.

The obtained results have practical significance for literature teachers in higher and secondary educational institutions and can serve as a foundation for developing innovative methodological models aimed at fostering the reader's culture of the 21st century.

The conducted study has demonstrated the high effectiveness of applying gamification technology in the process of teaching Kazakh literature, particularly the prose of Saken Zhunusov. Gamification in education serves not only as a tool for activating learning activity but also as an innovative means of interpreting literary texts, contributing to the development of emotional and value-based perception of literature. The use of game mechanisms in analyzing Zhunusov's prose allows students to move beyond traditional textual analysis and delve into the deeper meanings of the works.

When studying the works "Zamanay and Amanay," "Aqan Seri," and "The House in the Steppe" using elements of gamification, students demonstrated greater interest in the content, higher classroom engagement, and a stronger drive for independent interpretation of the literary text. This approach promotes the development of analytical, creative, and critical thinking, as well as the formation of aesthetic taste and cultural empathy. The integration of game elements – such as narrative quests, creative missions, and role-playing tasks – helped to increase students' motivation and overall involvement in the learning process. Experimental data confirmed that the use of gamification technologies increased student engagement by 35–40% and improved the quality of literary interpretation by approximately 30%. These results prove that the game-based approach can become a powerful tool in humanitarian education, ensuring a balance between learning, interest, and emotional involvement, and enhancing students' connection to national and artistic values embedded in Kazakh prose.

Gamification is distinguished by its interactive nature and its focus on the active participation of learners. In the process of "playing," the student becomes a researcher of the text, independently discovering new layers of meaning within a literary work. Thus, literary education transforms into a living process of co-creation, where the teacher assumes the role of a moderator and mentor. The particular value of this approach is evident when studying the prose of Saken Zhunusov, whose works center around themes of the human soul, moral choice, and the individual's fate in society. Gamification helps students not only to grasp the author's artistic concept but also to relate his ideas to modern social realities, making the act of reading both relevant and personally meaningful.

The methodological results of the research demonstrate that the implementation of gamification technology:

enhances students' motivation and makes the learning process dynamic;

combines individual and group forms of work;

fosters the development of independent reading experience;

improves learners' communicative and emotional competence.

In conclusion, the use of gamification technology in teaching the prose of Saken Zhunusov represents a promising direction in the evolution of literary pedagogy. This approach ensures a synthesis of traditional and innovative teaching methods, increases students' interest in national literature, and contributes to the formation of humanistic, moral, and cultural values.

References

Aitbayeva, G. A. (2019). Methodology of Teaching Literary Works in Higher Education Institutions. – Nur-Sultan: L. N. Gumilyov Eurasian National University Publishing House.

Bitibayeva, K. O. (2015). Innovative Methodology and Technologies of Teaching Literature: Teaching and Methodological Guide. Vol. I. – Ust-Kamenogorsk: "Reklamny Digest" Publishing House. – 292 p.

Zhanpeisova, M. M. (2002). Modular Teaching Technology as a Means of Student Development. – Almaty.

Nurtazina, R. (2022). Pedagogical Innovations and Modern Approaches in Education. – Astana: World of Education.

ҚАЗАҚ ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНАН

[1]Исламова Ш.Б., [2]Аубакирова С.Т.

[1]4-курс студенті, [2]2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесі қоғам дамуының маңызды тетігі ретінде тұлғаның жан-жақты қалыптасуына бағытталуда. XXI ғасырда педагогикалық парадигма түбегейлі өзгеріп, білім мазмұнының өзегіне адамның рухани әлемі мен құндылықтар жүйесі енгізілді. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту — оқыту үдерісінің гуманистік сипатын айқындайтын өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Себебі тіл – ұлттың рухани коды, ал әдебиет – сол рухтың көркем айнасы. Сондықтан бұл пәндер тек білім көзі ғана емес, ұлттық сана мен мәдениет, рухани және адамгершілік құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде қарастырылуы тиіс [1; 102]. Құндылық бағдарлы оқыту – оқушылардың дүниетанымын, көзқарасын, мінез-құлқын және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық үдеріс. Мұнда басты назар білімді игеру нәтижесінен гөрі, сол білімнің тұлғаның рухани дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсеріне аударылады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бұл міндетті жүзеге асырудың ең пәрменді құралы болады. Себебі тіл арқылы ұлттық ойлау жүйесі мен мәдени тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріледі, ал әдебиет арқылы адам мен қоғам арасындағы рухани байланыс айқындалады [2; 45].

Зерттеудің өзектілігі — қазіргі таңда білім беру мазмұнының жаңаруы мен оқу бағдарламаларында құндылықтар жүйесінің басым бағытқа айналуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік стандарты да оқушылардың «адамгершілік, азаматтық жауапкершілік, патриоттық сезім, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын» қалыптастыруды басты мақсаттардың бірі ретінде белгілейді. Осыған орай, тілді және әдебиетті оқыту барысында білім мен тәрбиенің тұтастығын қамтамасыз ету — мұғалімнің негізгі кәсіби міндеті болып саналады [3; 28].

Ш. Сарыбаев тілді дұрыс меңгеру — адам мәдениетінің көрсеткіші екенін, ал тіл мәдениеті арқылы оқушының ішкі мәдениеті қалыптасатынын атап көрсетеді [6; 88]. Қ. Бітібаеваның зерттеулерінде әдебиетті тереңдетіп оқыту барысында көркем мәтін арқылы оқушылардың ішкі рухани әлемін байыту, олардың өзіндік пікірін қалыптастыру және эстетикалық талғамын дамыту жолдары кеңінен талданады [1; 140]. Бұл тәсіл құндылық бағдарлы оқытудың мәнін ашады: көркем шығарманы талдау барысында оқушы тек мәтінді

түсініп қана қоймай, өмірлік ұстанымын, адамгершілік бағдарын айқындайды. С. Рахметова мен Ф. Оразбаева өз еңбектерінде қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері тұлғаға бағытталған оқыту идеяларымен ұштасып, тіл мәдениеті мен сөйлеу дағдылары арқылы тұлғаның рухани дамуына ықпал ететінін атап көрсетті [2; 33; 4; 77]. Ж. Нұржанның «Қазақ тілін оқыту технологиясы» еңбегінде оқыту процесін технологияландыру барысында ұлттық мазмұн мен құндылық бағдардың сақталуы қажеттігі ерекше айтылады [5; 141]. Бұл көзқарастардың барлығы құндылық бағдарлы оқыту идеясын ғылыми және практикалық тұрғыдан негіздейді.

Осы мақалада тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесі ғылыми және практикалық тұрғыдан қарастырылып, оның тәжірибедегі көрінісі мен даму перспективалары талданады. Зерттеу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылық бағдарды қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды кіріктірудің әдістемелік негіздерін көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін әдстемелік әдебиеттерге талдау жасау көзделеді. Құндылық бағдар ұғымы педагогика мен психология ғылымдарында тұлғаның ішкі рухани әлемін, оның өмірлік ұстанымдарын, мінез-құлық нормалары мен дүниетанымын сипаттайтын маңызды категория болып табылады. «Құндылық бағдар» адамның өмір сүру бағытын айқындайтын ішкі сенімдер мен құндылықтар жүйесін білдіреді. Ол білім беру мазмұны арқылы қалыптасып, жеке тұлғаның қоғаммен, мәдениетпен және өзімен қарым-қатынасын реттейді. Осы тұрғыдан алғанда, құндылық бағдарлы оқыту – білімді тек ақпараттық мазмұнда ғана емес, рухани-адамгершілік тұрғыда қабылдауға бағыттайтын үрдіс [2; 33]. Құндылық бағдарлы оқытудың өзегі – білім мен тәрбиенің біртұтастығы. Сабақ барысында оқушылар тек тілдік білім алып қана қоймай, өмірге деген көзқарасын, мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін де қалыптастырады. Демек, құндылық бағдарлы оқыту – танымдық және тәрбиелік процестердің синтезі. Мұндай тәсілде білім алушының рухани дамуы мен адамгершілік ұстанымдары басты назарға алынады [4; 77]. Тұлғаға бағытталған оқыту теориясы XX ғасырдың соңынан бастап педагогикалық парадигманың негізіне айналды. Оның мәні – оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, өздігінен ізденіп, жаңа білім құраушы тұлға ретінде қарастыру. Бұл тәсіл құндылық бағдарлы оқыту идеясымен тығыз байланысты, себебі тұлға дамуының басты шарты – оның ішкі мотивациясы мен құндылық бағыттарының тұрақтылығы [2; 38]. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде тұлғаға бағытталған оқыту әдістері (диалогтық оқыту, жобалық жұмыс, рөлдік ойындар, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар) оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуге, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, рухани әлемін дамытуға ықпал етеді. Мұндай сабақтарда басты нәтиже – оқушының ішкі дүниесінде орын алған өзгеріс, яғни оның құндылықтық рефлексиясы [1; 115].

М. Балақаев еңбектерінде тіл мәдениеті ұғымы адамның рухани мәдениетінің көрсеткіші ретінде сипатталады. Ол тілдік нормаларды үйрету арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы мен адамгершілік түсініктерін дамыту қажеттігін атап көрсетеді [3; 52]. Бұл көзқарас құндылық бағдарлы оқытудың теориялық негізін тереңдетеді, өйткені тіл мәдениетін үйрету – тұлғаның өзін-өзі тануы мен қоғамдағы орнын түсінуіне жол ашады. Ф. Оразбаева мен С. Рахметова өз еңбектерінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңаша тұрғыдан қарастырып, оның басты мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, рухани құндылықтарды меңгерту екенін көрсетеді [4; 81]. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қарым-қатынас, бірлескен талдау мен пікір алмасу арқылы білім беру процесі тұлғаның ішкі өсуіне мүмкіндік береді. Отандық әдіскер-ғалымдар құндылық бағдарлы оқытудың ұлттық ерекшелігін атап өтеді. Мысалы, Ш. Сарыбаев тіл мәдениетін оқыту барысында сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас этикасы арқылы оқушылардың рухани және адамгершілік қасиеттерін дамыту қажеттігін көрсеткен [6; 88]. Бұл бағыт қазіргі замандағы гуманистік педагогиканың қағидаларымен үндес келеді. Ж. Нұржан [5; 141] қазіргі педагогикалық технологиялардың тиімділігін талдай отырып, оқыту үдерісін ақпараттық және интерактивті әдістермен байыту кезінде де ұлттық құндылық мазмұнын сақтау маңызды екенін айтады. Бұл ой қазіргі білім

беру тәжірибесінде өзекті, себебі технология мен рухани мазмұнның арасындағы тепе-теңдік сақталғанда ғана оқыту шынайы тұлғалық сипат алады.

Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту тәжірибесінде мұғалімнің рөлі айрықша. Ол тек білім беруші емес, оқушының рухани дамуына бағыт беретін тұлға. Сабақ құрылымындағы құндылық компоненті мақсат қоюдан бастап, талдау мен бағалауға дейін көрініс табуы қажет. Мысалы, әдеби шығарма талдауда мұғалім оқушыларды «кейіпкердің ісінен не үйренуге болады?» сияқты сұрақтар арқылы ойлануға жетелейді [4; 82]. Ұстаз қолданатын құндылық бағдарлы әдіс-тәсілдер оқушыларға тек білім берумен шектелмейді, өмірлік ұстаным қалыптастыруына әсер етеді. Қ. Бітібаева әдебиетті тереңдетіп оқыту идеясын дамыта отырып, көркем мәтінді талдау барысында оқушылардың эстетикалық және адамгершілік сезімін қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды. Оның әдістемесінде әр сабақ «адам тағдыры – қоғам тағдыры – ұлт тағдыры» тұтастығы негізінде ұйымдастырылады. Ғалым-ұстаз әдістемесінде көркем мәтінді терең талдау арқылы оқушылардың рухани әлемін байыту, адамгершілік және эстетикалық талғамын дамыту көзделеді. Ол сабақ құрылымын «қабылдау – талдау – пікір айту – құндылықты ұғыну» сатыларымен ұйымдастыра келе, әдебиет сабағының басты мақсаты — оқушының жүрегіне әсер ету, оның ішкі құндылықтарын ояту екенін баса ескертеді [1; 102-140]. Әдеби шығармалар адамгершілік, отансүйгіштік, ізгілік сынды қасиеттерді қалыптастырудың ең тиімді құралы. Мысалы, М.Әуезовтің, Б.Момышұлының туындылары арқылы ерлік, намыс, жауапкершілік идеяларын талдау оқушыларда ұлттық сана мен азаматтық рухты қалыптастырады [9; 211]. Ал Рахметова мен Оразбаева тілдік жаттығулар мен мәтіндерді ұлттық құндылықтармен ұштастыру арқылы тіл мәдениетінің тәрбиелік маңызын көрсетеді [4; 77].

Құндылық бағдарлы оқыту – білім берудің гуманистік парадигмасына негізделген жаңа сапалық деңгей. Тіл мен әдебиет пәндері бұл үдерісте ерекше орын алады, өйткені олар оқушылардың ұлттық сана-сезімін, рухани мәдениетін және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың басты тетігі болып табылады. Құндылық бағдарлы оқытудың тиімді жүзеге асуы – мұғалімнің кәсіби дайындығына, мектептің тәрбиелік ортасына және оқу бағдарламасының икемділігіне байланысты. Бұл бағытта әдістемелік қолдау, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оқу мазмұнын құндылықтық тұрғыдан байыту өзекті міндет болып табылады [4; 77]. Құндылық бағдарлы оқыту – қазіргі білім берудің басты бағыттарының бірі болғанымен, оны іс жүзінде жүзеге асыруда бірқатар қиындықтар бар. Ең алдымен, бұл бағыт мұғалімнен тек пәндік білім емес, жоғары рухани-адамгершілік мәдениет пен психологиялық даярлықты талап етеді [2; 45]. Көп жағдайда мұғалімдер құндылық ұғымдарын теориялық тұрғыда түсінгенімен, оны сабақ мазмұны мен әдістемесіне тиімді енгізу жолдарын нақты меңгермеген [7; 93]. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытуда басты назар – оқушының рухани дамуы мен тұлғалық қалыптасуы. Мұғалім әр сабақта білім берумен қатар, адамгершілік бағдар қалыптастыратын рухани жетекші болуы тиіс [6; 88]. Сабақ барысында басты кедергілердің бірі – оқу бағдарламасының ақпараттық мазмұнының басымдығы. Мұғалімдер көп жағдайда уақыт тапшылығынан оқушылардың құндылықтық ойлануына, пікірталас пен рефлексияға жеткілікті көңіл бөле алмайды [3;72]. Сонымен қатар, бағалау жүйесінде де рухани-адамгершілік даму көрсеткіштері нақты өлшенбейді, бұл да мұғалімнің құндылық компонентін екінші қатарға ысыруына себеп болады [6; 88]. Тағы бір маңызды мәселе – оқушылардың әлеуметтік ортасы мен медиа ықпалы. Қазіргі жастардың құндылық бағдарлары жаһандық ақпарат кеңістігінің ықпалымен қалыптасып, ұлттық рухани ұстанымдармен кейде сәйкес келмейді [9; 211]. Осы орайда, тіл мен әдебиет сабақтарында ұлттық идея мен мәдениетті, тарихи тұлғалардың өнегесін пайдалану өзекті болып отыр [1; 102].

Зерттеу барысында қарастырылған отандық ғалымдардың еңбектері құндылық бағдарлы оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Олар оқыту мазмұнын тұлғаның ішкі жан дүниесімен байланыстырудың, көркем мәтінді терең талдау арқылы эстетикалық және этикалық ойлау қабілетін дамытудың маңызын атап өтеді. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытудың басты мақсаты – оқушыны тек білім алушы емес,

өмірлік ұстанымы мен көзқарасы бар тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл бағыттағы табысты тәжірибе мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне, рухани мәдениетіне және жаңашыл әдістемелерді меңгеруіне тікелей байланысты. Құндылық бағдарлы оқыту оқушылардың қоғамдағы өзіндік орнын табуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерді саралап, талдап, тиімді әдіс-тәсілдерін айқындаудың және қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісіне енгізіп отырудың маңызы аса жоғары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. – Алматы: Рауан, 1999. – 240 б.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 2007. – 256 б.
3. Балақаев М. Б. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Санат, 2005. – 198 б.
4. Оразбаева Ф. Ш., Рахметова, Р. С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 312 б.
5. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. – Алматы: Білім, 2018. – 210 б.
6. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1993. – 176 б.
7. Әбдікәрімова Т. А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 280 б.
8. Жұмабаева Г. А. Тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 190б.
9. Құдайбергенова К. С. Құндылыққа негізделген білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 225 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӘЛЕУЕТІ

[1]Кабидуллиева Ж.Ж., [2]Сәтбекова А.А.

[1]2-курс магистранты, [2]ғылыми жетекші, п.ғ.д., профессор. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінде жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру маңызды стратегиялық бағыттардың біріне айналып отыр. Бұл үрдіс XXI ғасырдың жаһандық өзгерістері мен ақпараттық қоғам талаптарына сай, ұлттық сананы сақтап, мәдени-рухани құндылықтарды жаңаша ұғындыруды көздейді. Осы негізде құндылық бағдарлы оқыту – білім мазмұнын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыра отырып, тұлғаның дүниетанымдық, мәдени және адамгершілік сапаларын дамытуға бағытталған педагогикалық жүйе. Мұндай оқытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің орны ерекше, себебі тіл – ұлттың жаны әрі ұлттық болмыстың айнасы, ал әдебиет – халықтың рухани тәжірибесі мен адамгершілік құндылықтарының көрінісі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім беру деп көрсетілген [1]. Бұл қағида қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа бағыт – тұлғаның рухани және адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін құндылық бағдарлы оқытудың маңыздылығын айқындайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен еліміздің білім беру жүйесінде құндылықтарға негізделген тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету бағытында айырықша жұмыстар жүргізілді. 2023 жылы Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында қабылданған шешім негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, білім беру ұйымдарында жүзеге асырыла бастады [2]. Бағдарлама қоғамдағы әділдік пен жауапкершілік, ұлттық сана мен отаншылдық, еңбекқорлық пен кәсіби шеберлік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтарды білім беру процесінің өзегіне айналдыруды мақсат етеді. Осылайша, құндылық бағдарлы оқыту жүйесі білім мен тәрбие бірлігін

қамтамасыз етіп, жас ұрпақтың ұлттық рухани болмысын қалыптастырудың теориялық негізіне айналып отыр.

Құндылық бағдарлы білім берудің мазмұнын айқындайтын тұжырымдамалық негіздердің бірі – ұлттық құндылықтар жүйесі. Бұл бағытта «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әділхан Дүйсебектің «Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеологияның өзегі» атты мақаласында көрсетілген сегіз негізгі құндылық айрықша мәнге ие. Атап айтсақ, Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Білім, Еңбек және Табиғат [3]. Бұл құндылықтардың әрқайсысы ұлттың тарихын, мәдениетін, тілін, дінін, дәстүрін және өмірлік ұстанымдарын насихаттау арқылы жас ұрпақтың рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруда ерекше орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен әдебиетті оқыту үдерісінде ұлттық құндылықтарды, адамгершілік-этикалық нормаларды және мәдени танымдық тәжірибелерді меңгертудің маңызы арта түседі. Тілдік бірліктер мен көркем мәтін арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру – құндылық бағдарлы оқытудың негізгі тетігі деп білеміз. Соның ішінде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді құндылық бағдарлы оқытудың танымдық және мәдени әлеуеті зор.

Тұрақты тіркестер – ұлттың өмір салты, дүниетанымы, мінез-құлық үлгілері мен моральдық қағидалары жинақталған тілдік бірліктер. Ғалым Г.Н. Смағұлова тұрақты тіркестерді халықтың рухани мәдениетінің көрінісі, ұлттың ойлау жүйесі мен ішкі дүниесінің айғағы ретінде сипаттайды [4, 190-б]. Сондықтан тұрақты тіркестерді ұлттық құндылықтардың тілдік бейнесі, яғни халықтың рухани тәжірибесін сақтайтын мәдени код деп қарастыруға болады. Тұрақты тіркестерді оқытуда олардың тек тілдік ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге мәдени-танымдық және құндылықтық мазмұнын ашу қажет. Себебі әрбір тұрақты тіркес белгілі бір құндылыққа – адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке, әділдікке, ізгілікке, бірлік пен татулыққа жетелейді. Тұрақты тіркестер арқылы ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтар оқушылардың бойына табиғи түрде сіңіріледі.

Қазақ тіл білімінде тұрақты тіркестерді ұлттық таным мен мәдениет контексінде қарастыру XX ғасырдың екінші жартысынан бастап белсенді зерттеле бастады. Бұл бағытта І. Кеңесбаев [5], Н. Уәли [6], Қ. Жұбанов [7], Р. Сыздықова [8] Г. Смағұлова [4] және т.б. ғалымдардың еңбектері ерекше мәнге ие. Ғалымдар тұрақты тіркестердің тек тілдік құбылыс емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымдық, психологиялық және этикалық ұстанымдарын бейнелейтін мәдени код екенін дәлелдейді. Қазақ халқының тілдік санасында қалыптасқан әрбір тұрақты тіркес ұлттың адам, қоғам, табиғат, еңбек, отбасылық қарым-қатынас, руханият пен білімге деген көзқарасын бейнелей отырып, ұлттық құндылықтардың тілдік көрінісін қалыптастырады. Сондықтан қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді талдау – құндылық бағдарлы оқытудың мазмұнын айқындаудың тиімді тетігі. Ұлттық құндылықтардың тілдік көрінісін тұрақты тіркестер арқылы зерделеу жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, тілдік мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді. Мәселен, «Адам» құндылығы қазақ дүниетанымында ең жоғары орында тұрады. Халық даналығы адам болмысының мәнін, оның мінез-құлқын, рухани тазалығын тілдік бірліктер арқылы өрнектеген. «*Жаны жомарт», «ақ жүрек», «кең пейілді», «аныңғын айту – адалдық, ала сөйлеу – арамдық», «адам болып туған соң, адам болып өлген жөн», «өлімнен ұят күшті», «ұят кімде болса, иман сонда»* сияқты тіркестер – адамдық болмыстың ең жоғары деңгейі ретінде иман мен ұятты қояды. Мұндай тұрақты тіркестер мен мақалдар арқылы оқушылар адалдық, әділдік, ар-ождан, намыс, ұят секілді адамгершілік құндылықтардың маңызын ұғынады.

«Отбасы» құндылығына қатысты тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер қазақ халқының бірлік, сүйіспеншілік, сыйластық және ата-анаға құрмет секілді рухани ұстанымдарын айқын бейнелейді. Халық даналығында отбасы – адам өмірінің тірегі, рухани жылу мен ізгіліктің бастауы ретінде суреттеледі. *«Отан – отбасынан басталады», «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасындағы құрақ»* деген мақалдар отбасындағы өзара сыйластық пен тәрбиенің маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, *«от басы», «ошақ қасы», «екі көзінің ағы мен қарасы», «қаны бір», «жеті атасын білмеген жетесіз», «аталы ел – баталы ел», «ағаның үйі – ақ жайлау»* сияқты тұрақты тіркестер мен мақалдар

қазақтың отбасылық құндылықтарға, туыстық қатынастарға ерекше мән бергенін дәлелдейді. Бұл тілдік бірліктер отбасын қасиетті орта, рухани үндестіктің бастауы ретінде танытады. Осы тұрғыдан алғанда, отбасыға қатысты тұрақты тіркестерді құндылық бағдарлы оқытуда қолдану – оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, отбасылық береке мен өзара құрмет ұстанымдарын бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

«Отан» мен «Тіл» құндылықтары – ұлтжандылық пен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі рухани тіректері. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде бұл құндылықтар отансүйгіштік, ел намысы, туған жерге адалдық пен тілге құрмет ұстанымдары арқылы көрініс табады. *«Отан үшін отқа түс – күймейсің», «туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық», «туған жердің тасы да таныс»* деген мақалдардармен қатар, *«ел қамын жеу», «кіндік кесіп, кір жуған жер», «кіндік қаны тамған жер», «ел ағасы», «ел намысын қорғау», «жер қадірін білу», «жерін сүю»* тәрізді тұрақты тіркестер де ұлттың Отанға деген ерекше сезімін бейнелейді. Сондай-ақ *«елге елеулі болу», «жер қадірін білген елге сыйлы», «ел туын биік ұстау»* секілді фразеологизмдер отансүйгіштік пен елжандылықты тәрбиелеудің тілдік тетігі қызметін атқарады. Бұлар оқушының санасында Отан ұғымының тек географиялық кеңістік емес, рухани және моральдық жауапкершілік екенін ұғындыруға мүмкіндік береді.

Ал «Тіл» құндылығы – халықтың жаны, рухани діңгегі әрі ұлттық жадтың сақтаушысы. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер тілге деген құрмет пен оның қоғамдық, мәдени маңызын айшықтайды. Мәселен, *«ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді», «тіл жүйрік емес, ой жүйрік», «тіл мәртебесі – ел мәртебесі», «тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі»* сияқты мақал-мәтелдер тіл мен ойдың, рух пен мәдениеттің ажырамас байланысын білдіреді. Одан бөлек, *«тілі майда», «сөзге шешен», «тіл табысу», «сөз ұстау», «сөзге тоқтау», «сөз сақтау»* сияқты фразеологиялық тіркестер тілдің коммуникативтік құндылығын көрсетеді. Мұндай тілдік бірліктер арқылы оқушылар тек тіл нормаларын меңгеріп қана қоймай, ұлттық болмыс пен сөз мәдениетінің мәнін ұғынады. Осылайша, «Отан» мен «Тіл» құндылықтарына қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер ұлттық дүниетанымның көрінісі ретінде оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарасын, ұлтжандылық сезімін қалыптастыруда маңызды қызмет атқарады.

«Руханият» құндылығы – ұлттың ділін, дінін, дәстүрін және мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға бағытталған рухани өзек. Қазақ халқы рухани құндылықтарды әрқашан өмірдің мәні деп таныған. Қазақтың рухани болмысын танытатын тұрақты тіркестерге *«дәстүрге берік», «ата жолын ұстану», «жолын берсін», «ақ бата алу»* сияқты тіркестер жатады. Мұндай фразеологизмдер халықтың өмірлік философиясын, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа деген құрметін бейнелейді. Мысалы, *«жеті атасын білмеген – жетесіз», «батамен ер көгерер»* сияқты мақал-мәтелдер ұлттың рухани негізін, яғни тектілік, дәстүр, ұрпақ сабақтастығы қағидаларын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, руханият құндылығы тек жеке ізгілік пен имандылықты ғана емес, ұлттық діл мен мәдени кодтың сақталуын, дәстүр мен сенім сабақтастығын да бейнелейді. Мұндай фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы оқушылар халқымыздың дүниетанымын, рухани мұрасын, мәдени мінез-құндылықтарын түсініп, құрметтеуге үйренеді.

«Білім» құндылығы – адамның өзін-өзі дамытуы мен қоғамның ілгерілеуінің негізгі алғышарты. Қазақ халқы ежелден білім мен парасатты жоғары қойған. «*Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «оқыған озады, тоқыған тозбайды», «білім – инемен құдық қазғандай»* деген нақылдар білім алудың қиын да қадірлі еңбісін бейнелейді. Сондай-ақ *«алтын алма, білім ал», «қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді»* деген мақалдар да білімнің мәңгілік рухани байлық екендігін айқындайды. Фразеологизмдер қатарынан да білім мен танымға қатысты *«көзі ашық, көкірегі ояу», «сөз ұғатын», «ой түйетін»* сияқты тұрақты тіркестер жиі қолданылады. Бұл тіркестер тұлғаның зерделі, парасатты, ізденімпаз болмысын сипаттап, білім мен рухани байлықтың адам өміріндегі орнын айқын көрсетеді.

«Еңбек» құндылығы – адамның өмірлік мұратын айқындайтын, рухани және материалдық жетістіктің басты қайнар көзі. Қазақ халқы ежелден адал еңбекті ең жоғары

игілік деп таныған. *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «еңбек – өмірдің наны, еріншектік – адамның жауы», «еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады»* деген халық даналықтары еңбекқорлық пен табандылықтың өмірдегі орнын айқындайды. Фразеологиялық қорда да еңбек пен іс-әрекетке байланысты бейнелі тіркестер мол: *«жаны жай таппау», «еті үйрену», «ала жіп аттамау», «маңдай терін төгу», «қол қусырып отырмау», «қолы епті», «темірден түйме түю», «жердің жарығын бітеу»* сияқты тұрақты тіркестер адамның жауапкершілігі мен адал еңбегін сипаттайды. Мұндай мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер еңбекқорлық, табандылық, адалдық және жауапкершілік сияқты рухани құндылықтарды дәріптей отырып, оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

«Табиғат» құндылығы. Қазақ халқы табиғатты тіршіліктің тұтастығы деп танып, оны қадірлеуді өмір салтына айналдырған. *«Жер – ырыстың кіндігі», «Су – тіршілік көзі», «Атадан мал қалғанша, тал қалсын»* деген мақалдар табиғатты сақтау мен аялаудың халықтық дүниетанымдағы орнын айқын көрсетеді. Фразеологиялық жүйеде де табиғатқа деген сүйіспеншілік пен үйлесім көрініс тапқан: *«жер ана», «аспан асты, жер үсті», «желдей есіп жүру», «жұлдызы жану», «ағын судай таза», «құстай ұшу»* сияқты тұрақты тіркестер табиғат пен адамның бірлігін, тіршілік үйлесімін бейнелейді. Табиғатқа құрметпен қарау – ұлттық руханияттың ажырамас бөлігі. Сондықтан тіл мен әдебиет сабақтарында табиғат тақырыбындағы тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді қолдану экологиялық сана мен эстетикалық талғамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді оқыту тек тілдік құбылысты талдау емес, рухани тәрбие мен мәдени кодты ұғындырудың пәрменді жолы. Тұрақты тіркестер арқылы оқушылар халық даналығын, ұлттық болмыс пен дүниетанымды меңгеріп, құндылықтарды іс жүзінде қолдануға дағдыланады. Мұндай оқыту түрі оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ұлттың рухани тәжірибесін бойына сіңіруге мүмкіндік береді. Әрбір тұрақты тіркес оқушының тілдік қоры мен ойлау жүйесін ғана байытып қоймай, олардың мінез-құлқын, өмірлік ұстанымын, адамгершілік көзқарасын қалыптастырады. Осылайша, құндылық бағдарлы оқыту – тіл мен мәдениеттің, білім мен тәрбиенің, дәстүр мен заманауилықтың тұтастығын қамтамасыз ететін білім беру тұғырнамасы. Ол ұлттық болмысты сақтауға, рухани мұраларды бағалауға, тұлғаның ішкі әлемін байытуға бағытталады. Бұл тәсіл оқушының тек білім иесі емес, сонымен қатар өз халқының мәдениетін түсінетін, ұлттық рухты құрметтейтін, адамгершілік құндылықтарды өмірлік қағидасына айналдыратын тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Құндылық бағдарлы білім берудің негізгі ерекшелігі – оқушының саналы әрекетке, рухани ізденіске, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыруға бағытталуы. Демек, мұндай жүйе білім мазмұнын өмірмен байланыстырып, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігін қамтамасыз етеді. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең алдымен тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», – деп, білім мен тәрбиенің өзара байланысын айқын көрсеткен. Бұл қағида бүгінгі білім беру жүйесінде өзектілігін жойған жоқ, керісінше, қазіргі заманғы рухани-адамгершілік тәрбие тұжырымдамасының іргетасы болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Bilim jáne Ǵylym!» атты 2019 жылы өткізілген тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде: «Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» деп, ұрпақ тәрбиесіне жіті көңіл бөлу қажеттігіне баса назар аударды [9]. Демек, құндылық бағдарлы оқыту – рухани кемел, ұлттық сана-сезімі оянған, елжанды тұлға қалыптастырудың негізгі өзегі. Ол жас ұрпақтың бойына ізгілік пен парасаттылықты, елжандылық пен еңбексүйгіштікті дарытудың ең тиімді жолы болып табылады. Осы мақалада қарастырылған тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [5], Ә. Қайдардың «Халық даналығы» [10] және Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі» [11] еңбектерінен алынды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2. Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы.
3. https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim-semey/documents/details/744522
4. Дүйсебек Ә. Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеологияның өзегі. https://kazgazeta.kz/news/145982
5. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010. – 244 б.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы : Арыс, 2007. – 800 б.
7. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. – 128 б.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1996. – 362 б.
9. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді., 2-басылуы. – Алматы, «Санат», 1994. – 272 б.
10. https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi
11. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 бет.
12. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы : Елтаным баспасы, 2010. – 252б.

БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТАБИҒАТ» КОНЦЕПТІСІ: АКСИОЛОГИЯ МЕН ПСИХОЛОГИЯ ТОҒЫСЫНДА

Г.К. Кажибаева[1], С.К. Жукенова[2]
[1]Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор[2], лектор, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.

Балалар поэзиясы – кішкентай оқырманның таным көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, оның жүрегіне ізгілік дәнін себетін, рухани болмысын қалыптастыратын ерекше көркемдік құрал. Әсіресе, балалар поэзиясындағы табиғат бейнесі эстетикалық талғамды жетілдіріп, рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіруде маңызды рөл атқарады. Эстетикалық сезім – баланың дүниетанымдық көзқарасының негізі. Табиғат – баланың өмірмен үйлесім табуына, өзін қоршаған ортамен үндесіп өмір сүруіне баулитын тіршілік тамыры, ал осы табиғаттың поэтикалық бейнесі – баланың жан дүниесіне әсер ететін қуатты тәрбие құралы. Табиғаттың көркем бейнесін көре білу – болашақта өнер мен өмір арасындағы үйлесімділікті, шынайылық пен жасандылықты ажырата алатын азаматты қалыптастырудың бастауы. Сондықтан балалар поэзиясында табиғаттың бояуы қанық, образы айқын, баланың жүрегіне жақын тілмен берілуі аса маңызды.

Балалар поэзиясында «табиғат» ұғымы маңызды орын алады. Қоршаған ортаны сипаттай отырып, баланың ішкі әлемін байыту, оның эмоциялық, эстетикалық, танымдық дамуына әсер ету үшін қолданылып, табиғат бейнесі баланың эмоциялық қабылдауына сай беріледі. Табиғат құбылыстары адамның көңіл күйімен үйлесіп, кейіпкерлердің ішкі сезімдерін жеткізеді. Атап айтар болсақ, төзімділікті қысқы табиғат ерекшеліктері, жаңару, үміт сезімін ояту үшін көктем көріністері, қуанышты шуағы мол күн, сағыныш, мұңды жаңбыр арқылы өрнектейді. Табиғат, пейзаж көріністері балалардың әдемілікті сезініп, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге үйретіп, баланың қиялын дамытып, эмоционалдық интеллектін жетілдіру қызметін атқарады.

Балалар поэзиясында табиғат жай көркем суреттеу нысаны емес, ол – адам өмірімен біте қайнасып жатқан *рухани кеңістік*. Табиғатты суреттеу арқылы ақындар баланың эмоциялық әлеміне жол табады, баланың бойына мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық, сұлулыққа іңкәрлік, ізгілік сияқты рухани-адамгершілік құндылықтар сіңіріледі. Ақындар поэзиясында табиғаттың әрбір сәті баланың жан дүниесіне үн қатып, оның эмоциялық, танымдық, шығармашылық әлеуетін ашады. Табиғатты кейіптеу, оған жан бітіре суреттеу – бала қиялына қанат бітіреді. Бұл тәсіл арқылы балалар табиғатпен жақын араласып, өзін оның бір бөлшегі ретінде сезіне бастайды. Жыл мезгілдері балалар поэзиясында тек маусымдық сипат емес, аксиологиялық символдар ретінде көрініс табады. Мәселен, қыс мезгілі – төзімділік пен

сабырлықтың, төзімділік, шыдамдылықтың, көктем – үміт, жаңару, рухани серпілістің, жаз – қуаныш, шаттық, берекенің, молшылықтың, күз – терең ой мен сағыныштың, өмірдің философиялық тереңдігінің символына айналып, баланың өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Осы маусымдар арқылы бала тіршіліктің заңдылықтарын ұғынады, уақыт пен өмірдің мәнін сезінеді. Табиғаттың осындай концептуалдық бейнесі поэзия арқылы бала бойында экологиялық, эстетикалық және адамгершілік сана қалыптастырады.

Балалар табиғатты өзінің ішкі әлемімен салыстырып қабылдайды. Табиғаттың күйі мен баланың эмоциялық жай-күйі арасында бейсаналық байланыс орнайды. Осы тұрғыдан алғанда, табиғат – баланың психологиялық дамуына әсер ететін қуатты мотивация. Поэзияда табиғатты кейіптеу (персонификация) тәсілі арқылы құбылыстар адам мінезімен, көңіл-күйімен салыстырыла суреттеледі. Жаңбыр – мұң мен сағыныш, күн – қуаныш пен жылулық, боран – ашу немесе қорқыныш, жел – еркелік немесе еркіндік, құстар – арман мен биікке ұмтылыс, бұлт – мұң мен сағыныштың символына айналып, балаға адам болмысының әртүрлі қалпын ұғындырады. Бұл тәсілдер балалардың эмоционалды интеллектін дамытып, табиғи құбылыстарды тереңірек түсінуіне, олармен байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Табиғат туралы балаларға арналған өлеңдер эстетикалық талғам мен адамгершілік қасиетті қатар тәрбиелейді. Бала табиғатты танып қана қоймай, оны қорғауға, аялауға, сүюге бейімделеді. Табиғатқа жанашырлық – бұл экологиялық мәдениеттің ғана емес, тұтастай ізгілік пен жауапкершілік иесінің қалыптасуының көрінісі. Осы орайда табиғат лирикасы – баланы азаматтық сана мен экологиялық сананың алғашқы баспалдағына бастайтын, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді үйретететін әдеби тәрбие құралы. Табиғат – тек өмір сүру ортасы емес, *құндылықтар айнасы*, ал поэзия – сол айнаға баланың жүрегін үңілдіретін нәзік те терең құрал.

Балалар поэзиясында жылдың төрт мезгілін суреттеу айрықша орын алады. Балаларға арналған өлеңдерде қыс мезгілі тазалықтың, сергектіктің, әдеміліктің нышаны ретінде суреттеледі. Қыстағы қарлы бұтақтар, қар үлпектері, қар ұшқындарының ерекше үлгілері, қысқы орманның тыныштығы, қыстағы аспанның әсемдігі, алғашқы қардың әсері мен әдемілігі, боран, аяз, үскірік тәрізді табиғат құбылыстары мен өрнектері балалар поэзиясында суреттеле келе, қыс табиғаттың әсем жаратылысын ертегі әлеміне айналдыратын мезгіл ретінде көрініс тапқан. Абай Құнанбаевтың «Қыс», М.Жұмабаевтың «Жыл мезгілдері», «Ақ қала», І.Жансүгіровтің «Қыс» тәрізді өлеңдеріндегі суреттеу дәстүрі қазақ балалар поэзиясының дамуына негіз болды. Бұл өлеңдер балалардың дүниетанымдық, эмоциялық және эстетикалық қабілеттерін қатар дамытатын, поэзия арқылы құндылықтарды дарытатын классикалық үлгілер болып табылады. Сол арқылы балалар поэзиясы – табиғат бейнесі арқылы *жүрек тәрбиесі мен сана тәрбиесін* қатар жүргізетін, болашақ ұрпақты рухани жағынан бай, сезімтал, көркем ойлы етіп қалыптастыратын әдеби кеңістікке айналады. Ғалым Н.Ақыш «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» монографиясында: «Ұлы Абай секілді Мағжанның келесі бір өлеңдерінің тақырыбы – табиғат. Абайдың табиғатқа байланысты өлеңдерін мектеп оқушыларының өзі қалай қызығып жаттап алса, Мағжанның осы бағыттағы өлеңдері де сондай сипатта деп берік байлам жасауға болады. Атап айтқанда, оның «Жазғытұрым», «Жаз келеді», «Аққала», «Күз», «Туған жер», «Сұр құлын» және т.б. өлеңдері осы ойымыздың айқын айғағы бола алатындығы сөзсіз. Автор табиғатты қоғаммен, жеке адам ішіндегі құбылыстармен байланыстыра суреттеуі де – классикалық поэзияның танымдық үлгісі. Ол табиғаттың жалаң көрінісін ғана беріп қоймай, адамның ойы мен сезім құбылысымен астарлауға тырысып отырады. Бұл жағынан алғанда, ақын ойының түптеп келгендегі тірелетін тұжырымы – адам мен табиғат тығыз байланысты. Табиғаттың құбылысы ол қай кезеңде де адамның сана сезіміне әсер етпей қоймайтындығы» [1,100]. Мағжанның «Ақ қала» өлеңінде қыс мезгілі сұлулықтың символы ретінде алынады. Ақын аппақ қармен көмкерілген даланы ертегідей көркемдеп бейнелейді. Мұнда қыс қатал табиғат емес, әсемдік пен нәзіктікті нышаны ретінде алынған. Ілиястың «Қыс» өлеңінде қыс көркем әрі реалистік сипатта суреттеледі. Ол бір жағынан табиғаттың қатал мінезін көрсетсе, екінші жағынан адам өмірін де бейнелейді. Абай қысты адам бейнесінде – «ұшпаққа шығармайтын кәрі құда»

кейпінде суреттейді. Бұл қазақ әдебиетінде метафоралық тәсілді қолданудың соны үлгісі. Мағжан қысты әсем, ақ түске боялған ерекше бір әлем ретінде суреттейді. Оның өлеңінде бейнелілік басым. Ілияс табиғатты дәл әрі айқын суреттейді. Ол қысқы пейзажды детальдар арқылы береді. Ал ақын поэзиясы жөнінде ғалым Н.Ақыш «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» монографиясында: «Ілияс Жансүгіров табиғатты көркем жырлауда да алдына жан салмайды. Оған «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз», «Жауында», «Қыс», «Ағынды менің Ақсуым», «Бұлт», «Желді қарағай», «Жетісу суреттері», «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісуде су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» сияқты өлеңдерінің мазмұны куә» [1,107-108].

Үш ақынның өлеңдеріндегі қыс мезгілінің суреттелуі әртүрлі: Абай қысты қатал, қазақ тұрмысына қиыншылық әкелетін күш ретінде бейнелейді. Мағжан оны әдемі, нәзік әлем ретінде алға шығарады. Ілияс қысты табиғи, шынайы қалпында суреттейді. Қазақ поэзиясында қыс мезгілін әртүрлі қырынан өрнектейді. Абай, Мағжан, Ілияс сияқты қазақтың ұлы ақындарының қыс мезгілі туралы жазған өлеңдерінде бір-біріне ұқсамайтын, бірақ өзіне тән ерекшеліктер мен философиялық мәні бар ракурс бар. Бұл әдеби үрдіс кейінгі ақындардың шығармашылығында өріс алып, кемелдене түсті. Ақындар табиғаттың сұлулығы арқылы баланың рухани әлемін байытып, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге бейімдейді. Балаларға арналған поэзияда табиғат әлемі кейіптеу (персонификация) арқылы сипатталып, табиғат құбылыстары адам кейпіне еніп, табиғатты түрлі психологиялық, философиялық, аксиологиялық аспектіде қарастырады. Персонификация тәсілі табиғатқа жан бітіріп, балалардың табиғат құбылыстарын айшықты да түсінікті қабылдауына ықпал етеді.

Балалар поэзиясындағы табиғат бейнесі арқылы қалыптасатын тағы бір маңызды аспект – *рухани тұтастық.* Ақындар шығармаларында табиғат пен адам арасындағы тығыз байланысты көрсете отырып, баланы өмірдің терең мәніне жетелейді. Бұл әсіресе астрономиялық, орнитологиялық, анималистік бейнелер арқылы көрініс табады. Мысалы, күн мен ай, жұлдыздар – бала қиялын оятып, ғаламдық үйлесімділік пен өмірдің ғажаптығын сезіндіреді. Құстар бейнесі – еркіндік пен армандарға жетелесе, жан-жануарлар – әртүрлі мінез-құлық моделдері арқылы баланың этикалық көкжиегін кеңейтеді. Балалар поэзиясындағы табиғат суреттері – баланың өз ішкі әлемін сыртқы әлеммен салыстыру, үйлестіру құралы. Баланың ішкі тебіренісі мен табиғаттың сұлулығы үндескенде, эстетикалық талғам ғана емес, *адам мен әлем арасындағы рухани байланыс* та нығая түседі. Бұл – болашақта адамгершілікті жоғары қоятын, сұлулық пен парасатты қадірлей білетін тұлғаның қалыптасуына негіз болады.

Балалар поэзиясындағы көркемдік-стильдік ізденістердің бірі – орнитологиялық (құстардың бейнелері), астрономиялық, космогониялық (ай, күн, Жұлдыздар, ғарыш, планеталар бейнелері), анималистік (аңдар, жан-жануар бейнелері) бейнелердің суреттелуі еді. Табиғи құбылыстар, таулар мен ормандар, көл-өзендер, теңіздер мен мұхиттар, жан-жануар, жәндіктер, аңдар, құстар, өсімдіктер, төрт түлік мал мен оның төлдері, үй құстары суреттелген балалар поэзиясы көркемдік-эстетикалық, философиялық, танымдық қасиетімен ерекше. Балалар поэзиясында кең таралған астрономиялық, орнитологиялық және анималистік бейнелер – баланың таным көкжиегін кеңейтуге, ғылыми қызығушылығын оятуға ықпал етеді: ғарыштық бейнелер (ай, күн, жұлдыздар, ғаламшарлар) – қиял мен арманның көкжиегін кеңейтеді, баланы ғалам туралы ойлауға жетелейді; құстар бейнесі – еркіндік пен үміт символы ретінде баланы биік мақсаттарға жетелеуге түрткі болады; жануарлар образы – түрлі мінез-құлық, адам болмысын модельдеу арқылы баланың моральдық-этикалық ұғымдарын тереңдетеді.Бұл анималистік бейнелер баланың әлем туралы көзқарасын кеңейтіп, рефлексия мен өзіндік бағалауға жетелейді.

Балалар поэзиясындағы астрономиялық, космогониялық, орнитологиялық, анималистік бейнелер көркемдік-стильдік ізденістердің бір қыры болып табылады. Олар балалардың танымдық, эмоционалдық, психологиялық дамуына ықпал етіп, шығармашылық ойлауын арттырады. Бұл бейнелердің философиялық мәні – адам мен табиғаттың, ғаламның тұтастығын түсіндіруде жатыр. Астрономиялық және космогониялық бейнелер (ай, күн,

жұлдыздар, ғарыш, планеталар) фантастикалық, ғажайып әлемнің бейнесін қалыптастырып, баланың қиялын шарықтатады, сондықтан да ғарыштық бейнелер балалар поэзиясында кеңінен қолданылады. Және олардың атқаратын көркемдік қызметі де зор. Балаларды аспан әлемін зерттеу, оны тануға ұмтылу үнемі қызықтырады. Сол себептен ғарыштық бейнелер баланың арманшыл, қиялшыл бейнесімен үндеседі. Танымдық қабілетін арттырады, жаңа нәрсеге құмарлығын оятады. Астрономиялық және космогониялық бейнелер балалардың әлемдегі орнын іздеуі, өмірдің мәнін түсінуге ұмтылысын да өрнектейді. Орнитологиялық бейнелер (құстардың бейнелері) – еркіндік, азаттықтың және адам арманы мен биіктікке ұмтылысының символы. Құстар бейнесі қай жастағы балаға болсын еркіндікті сезіндіреді, армандауға жетелейді. Балалар поэзиясында құстар: қарлығаш, бұлбұл (қуаныш, еркіндіктің символы), торғай, кептер (достық, мейірімділіктің символы), үкі, қыран (ақыл мен даналықтың символы) түрлі қырынан бейнеленеді. Құстардың ұшуы – қозғалыстың, дамудың нышаны. Балалардың танымдық әрекеттерін белсендіріп, олардың өзін-өзі дамытуына әсер етеді. Құстар – табиғаттың үйлесімі мен өзгермелі өмірдің көрінісі тәрізді. Балалар әдебиетіндегі құстарға қатысты өлеңдер дүниенің тұтастығы мен тепе-теңдігін, адамның табиғатпен байланысының жігін танытады. Анималистік бейнелер (аңдар, жан-жануарлар бейнелері) балалар поэзиясында кеңінен көрініс табады. Әр жануар өзіндік мінез-құлық ерекшелігімен сипатталады. Түлкі (айлакерлік пен тапқырлық), арыстан (күштілік пен батырлық), қоян (қорқақтық пен шапшандық), қасқыр (еркіндік, азаттық) т.б. жануар, аңдар әлемі арқылы адамның мінез-қылықтары өрнектеліп, балаларға түрлі мінез-құлық модельдерін көрсетеді. Анималистік бейнелер табиғатын сипаттау арқылы баланың эмпатиясы дамиды. Бұл бейнелер арқылы балаларға өмірдің әртүрлілігі мен күрделілігі жеткізіледі. Жақсылық пен жамандық, адалдық пен айлакерлік сияқты философиялық ұғымдар аңдар, жануарлар арқылы түсіндіріледі.

Балалар өзін қоршаған әлемді ашуға және зерттеуге өзінше ұмтылыс жасайды. Олар әдемі де әсем табиғаттан қуаныш сезінеді, сондықтан да әр ақын өзінше мәнермен табиғаттың поэтикалық бейнесін жасауға ұмтылады. Балалар поэзиясында жыл мезгілдері ерекше жырланады, кез келген ақын жылдың төрт мезгілін балалар үшін тартымды суреттей білген. Табиғаттың сұлулығын баланың қабылдау ерекшеліктеріне сай бейнелейтін лирикалардың бірі – балаларға арналған пейзаждық лирика. Пейзаждық лирика қай жастағы болсын баланың эстетикалық сезімін қалыптастырып, табиғатпен эмоционалды байланысын нығайтып, қиялын дамытуға зор ықпал етеді. Табиғат суреттерінің эмоционалдық әсері мол, яғни балалардың ішкі сезімдерін оята келіп, жағымды эмоция туындатады. Балалардың танымдық дамуына әсер етеді. Табиғат құбылыстарын түйсіндіру арқылы қоршаған әлем туралы білім алады, өлеңдегі бейнелі сөздердің қолданысы негізінде сөздік қорлары жетіліп, көркем ойлары дами түседі. Пейзаждық лирика бала қиялын шыңдап, шығармашылығын да дамытады. Табиғат туралы қай өлең болсын баланың эмоциналдық жай-күйін тыныштандыруға да көмектеседі. Пейзаждық лирика табиғат пен адам өмірінің тығыз байланысын танытады. Балалар табиғат адам баласының тіршілігінің ажырамас бөлігі ретінде таниды. Сонымен қатар пейзаждық лирика балалар танымына жыл мезгілдерінің ауысуы арқылы уақыт философиясын, әсемдік философиясын түсінуге жетелейді.

Балаларға арналған пейзаждық лирика – тек табиғатты суреттейтін поэзия емес, ол баланың жан әлемін, рухани қуатын тәрбиелейтін, оның ойлау жүйесіне, танымына, сезіміне, мінез-құлқына оң әсер ететін құндылық. Табиғат жөнінде өлеңдер оның әсемдігін сезінуге, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге, өмірдің философиялық мәнін түсінуге көмек береді. Балалар ақындары шығармашылығындағы жыл мезгілдері тіршіліктің оянуымен, қуанышты көңіл-күйді өрнектеумен байланысты. Жыл мезгілдері туралы өлеңдерде табиғаттың сұлулығын бейнелей келе, балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке, құрметке тәрбиелейді. «Табиғатты жырлау – сонау ауыз әдебиетінен бастап күні бүгінгі поэзияға дейін ешқашан үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс. Жылдың төрт мезгіліне арнап өлең жазу дәстүрін қазақ поэзиясында Абай жасап берген болатын» [2, 5], – деп көрсетеді.

Балалар табиғаттың сұлулығы мен кеңдігіне куә болған кезде, оларда көптеген әсерлі эмоциялар тууы мүмкін. Мысалы, балалар кемпірқосақты немесе сарқыраманы бірінші рет көрсе ерекше әсерленеді. Олар осы тәрізді табиғи құбылыстарды таңданыспен бақылайды. Табиғатқа таңданған кезде қай жастағы балалар болсын өз жас ерекшелігіне сай шабыттанады. Пейзаждық өлеңдер бала оқырманға табиғатта не болып жатқаны туралы ойлануға және сол сәттерді мәңгі есте сақтауға мүмкіндік береді. Балаларға арналған табиғат өлеңдері табиғатты зерттеуге, зерделеуге, өзінше ой түюге ынталандырады. Балаларды айналасындағы табиғат құбылыстарының сырын түсінуге ұмтылдырады, табиғаттың флора мен фаунасын бағалауды үйренеді. Сондықтан табиғат туралы өлеңдер – табиғаттың сұлулығы туралы ойлар мен сезімдерді білдірудің ең жақсы амал-тәсілі. Табиғаттың флора мен фаунасын, ландшафты жөнінде жазылған поэзияны оқу арқылы балалар оны бағалап, қорғай білуге бейімделе түседі. Көркем табиғат туралы өлеңдер Табиғат-Ана жөнінде тереңірік білуге көмектеседі, баланың өз өмірінде табиғаттың маңыздылығын түсінуіне жетелейді. Табиғат лирикасы, пейзаждық эскиздер, этюдтер – балалардың эмоционалдық және эстетикалық дамуының, қиял мен шығармашылық қабілеттін дамытудың ерекше көрінісі. Пейзаждық лирика арқылы табиғатқа ұқыпты қарау мәдениеті қалыптасып, баланың оны қорғаудағы, сақтаудағы және оның байлығын арттырудағы алғашқы белсенділігі оянады. Баланың эстетикалық талғамын қалыптастыруда табиғат лирикасы, пейзажық эскизер мен этюдтер маңызды рөл атқараып, баланың қоршаған ортаға деген сезімталдығын арттырып, шығармашылық ой өресін дамытады. Табиғат туралы өлеңдер оқырманға қоршаған әлемнің сұлулығын көруге, сезінуге үйретеді. Балалар табиғат көріністерін бейнелейтін өлеңдер мен суреттер арқылы әсемдікке сезінеді, табиғатты сүйіп, они қорғауға талпыныс жасайды. Пейзаждық суреттер баланың экомәдениетін қалыптастырып, табиғат құбылыстарына қызығушылықты танытып, табиғатты қорғауға санасын қалыптастырады. Табиғат көріністерін тамашалау, суреттеу бала оқырманның жан әлемін тыныштандырып, күйзеліспен күресуге көмек береді. Ғалым Қ.Жұмалиев: «Пейзаж автордың негізгі мақсатына байланысты болады. Кейде пейзаж оқиғаға қатысушы кейіпкерлердің басында болған жағдайын көрсету үшін де қолданылады» [3, 81].

Пейзаждық лирика – лирикадағы табиғатты бейнелеуге басты назар аударылатын, ол іс-әрекетке жай ғана фон ретінде емес, лирикалық кейіпкердің сезімін, көңіл-күйін көрсететін жанр түрі. Пейзаждық лирика – пейзаж образ объектісіне айналатын поэтикалық шығармашылықтың бір түрі. Пейзаждық лирика табиғат пен айналадағы шындықты бейнелеуімен, терең бейнелілігімен, ұлттық бояу мен лирикалық қаһарманның, кейіпкердің ішкі жан дүниесін пейзаж арқылы беруімен ерекшеленеді. Лирикалық пейзаж – өнердегі табиғат күйлері адамның басынан кешкен оқиғалары мен көңіл-күйлерімен үйлесетін және көрерменде күшті эмоционалдық реакция тудыратын пейзаж түрі. «Жануарлардың, өсімдіктердің, тастардың және кез-келген тағы басқа табиғаттың құрамдық бөліктерінің жеке адамға қатысты жиынтығы пейзаж болып табылады» [4, 100] деп орыс жазушысы, ғалымы М.Пришвин пейзажға нақты анықтамалық түсінік берген.

Пейзаждық лирика балаларға қоршаған әлемді, табиғаттың ерекше құбылыстарын таныстырады. Әсіресе, кіші жастағы балалардың эмоционалды-шығармашылық көңіл-күйі мен эстетикалық сезімдерін поэзия оятады. Табиғаттың бейнесі балалардың жан әлемін қоршаған әлеммен жүздесудің қуанышын сезінуге мүмкіндік береді. Табиғат лирикасы балаларда «эстетикалық қырағылықты» дамытады. Табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдау балаға өмірлік бақылауларды түсінуге көмектеседі. Табиғат туралы бала неғұрлым көп білім жинаса, оның қиялы соғұрлым бай, жарқын болады, ақыл-ой кеңейіп, шығармашылық белсенділігі де артады. Пейзаж лирикасында бала оқырман сұлулықты түсіне бастайды. Балаларда эстетикалық танымнен қатар адамгершілік, азаматтық сезімдер де жетіледі. Табиғатты қорғау, аялау сезімі бала жастан қалыптасуы қажет десек, балаларға арналған пейзаждық лирика кішкентайынан азамат болып жетілген шағына дейін, жалпы өмір жолында барлық тіршілікке адамгершілік көзқараспен қарауға жетелейді.

Балалар поэзиясы – бала санасының алғашқы қалыптасу кезеңінде эстетикалық талғам мен рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытатын ерекше әдеби жанр. Бұл поэзияда табиғат бейнесі көркемдік нысан ғана емес, тәрбие мен танымның, эмоциялық әсер мен психологиялық үйлесімділіктің басты құралы ретінде көрініс табады. Табиғат концептісі – балалардың эмоционалдық қабылдауына, эстетикалық сезіміне, аксиологиялық бағдарларына әсер ететін күрделі категория. Ол поэтикалық мәтінде түрлі бейнелер мен тәсілдер арқылы баланың рухани әлеміне ықпал етеді.

Балалар поэзиясы – бала санасының алғашқы қалыптасу кезеңінде эстетикалық талғам мен рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытатын ерекше әдеби жанр. Бұл поэзияда табиғат бейнесі көркемдік нысан ғана емес, тәрбие мен танымның, эмоциялық әсер мен психологиялық үйлесімділіктің басты құралы ретінде көрініс табады. Табиғат концептісі – балалардың эмоционалдық қабылдауына, эстетикалық сезіміне, аксиологиялық бағдарларына әсер ететін күрделі категория. Ол поэтикалық мәтінде түрлі бейнелер мен тәсілдер арқылы баланың рухани әлеміне ықпал етеді. Пейзаждық лирикадағы табиғат көріністері бала бойында экологиялық сананы, табиғатпен эмоциялық үндестікті қалыптастырады. Табиғат туралы өлеңдер – баланың сыртқы әлемді танып, ішкі әлемін байытуына көпір бола алады.

Балалар поэзиясындағы «табиғат концептісі» – аксиология мен психологияның түйіскен тұсы, онда табиғат баланың тұлғалық дамуының тірегі ретінде суреттеледі. Табиғатқа эстетикалық және рухани көзқараспен қарауға тәрбиелеу – тек әдеби мұрат емес, қоғамдық-адамгершілік міндет. Табиғат – баланың әлемді тану, өзін табу, өмірді сүю жолындағы сенімді серігі. Ал оны бейнелі тілмен жеткізетін поэзия – сол серіктестікке дәнекер болатын құндылықтар кеңістігі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақыш Н. Қазақ балалар әдебиетінің тарихы. Монография. Т.1. Алматы, 2022. – 324 бет.
2. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 184б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: «Мектеп», 1969. – 244 бет.
4. Пришвин М. Незабудки. – Вологда: Вологодское книжное Издательство. 1960. – 383 стр.

ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗСАПТАУЫН ЖЕТІЛДІРУ

[1]Кайырбаева Ж.К., [2]Рахметова Р.С.

[1]С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан; [2]Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі тек академиялық біліммен шектелмей, адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарға сүйенген тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру деп көрсетілген. Сондықтан бүгінгі педагогика ғылымы құндылық бағдарлы оқыту тұжырымдамасын өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырады. Осы тұрғыда құндылық бағдарлы оқыту — оқыту үдерісінде оқушының тұлғалық дамуына, рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге және тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді тәсіл. Мақаланың мақсаты – құндылық бағдарлы оқыту технологиясы арқылы жоғары сынып оқушыларының сөзсаптауын жетілдірудің тиімді жолдарын талдау және ғылыми негізде дәлелдеу.

Құндылық бағдарлы оқыту ұғымы алғаш рет XX ғасырдың соңында Батыс педагогикасында Value-Oriented Education немесе Value-Based Education терминдері арқылы енгізілді. Швед ғалымы Б. Оскарсон (B. Oscarsson, 1996) оны «оқыту мазмұнын оқушының рухани және мәдени тәжірибесімен ұштастыру үдерісі» деп сипаттайды. Ғалым С.В. Гудтің пікірінше, құндылыққа бағдарлап білім беру адамның өз қабілеттерін, ұстанымдарын және өзі өмір сүретін қоғамның жағымды құндылықтарына сәйкес келетін мінез-құлық түрлерін

дамытуға көмектесетін барлық процестердің жиынтығын білдіреді. Қазақстандық ғалым Қ. Қожахметова «құндылық бағдарлы білім беру – ұлттық сана мен рухани мәдениеттің өзегін сақтаудың тетігі» деп анықтайды. Ал Н. Құдайбергенова бұл бағыттың мақсаты – оқушы бойында өзіндік сана, жауапкершілік және ізгілік құндылықтарын дамыту екенін атап өтеді. Зерттеуші Т. Ғалиева құндылық бағдарлы оқытуды «оқушы тұлғасын мәдениет арқылы тәрбиелеу» деп қарастырады. Ғалымның пікірінше, мұндай оқыту түрінде білім мазмұны мен оқу әдістері тек пәндік нәтижеге емес, өмірлік дағды мен дүниетанымға әсер етуі тиіс. Шетелдік ғалымдар арасында Л. Колбергтің (L. Kohlberg, 1984) моральдық даму теориясы ерекше орын алады. Ол оқушылардың құндылықтарын диалог, пікірталас, өмірлік мысалдар арқылы қалыптастыру қажет екенін дәлелдеген. Жоғарыдағы зерттеу еңбектерінің барлығы құндылық бағдарлы оқытудың негізгі принципі – тұлғаның рухани және тілдік мәдениетін қатар дамыту екенін көрсетеді.

Тіл мәдениетінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – сөзсаптау (дискурс, тілдік мәнер). Жоғары сынып оқушыларының сөзсаптау мәдениетін жетілдіру тек тіл білімінің мәселесі емес, сонымен бірге құндылықтық, тұлғалық және коммуникативтік бағыттағы кешенді педагогикалық міндет болып табылады. Сөзді дұрыс құрастыруға тәрбиелеу – қазақ тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселелерінің бірі. Ол арқылы жастарды тіл өнеріне баулу, туған тілінің қыры мен сырын терең меңгерту, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады. Бүгін алдымызда тұрған келелі мәселе – өзіндік пікірі бай, ойлы, сезімді, мейірбан ұрпақ тәрбиелеу десек, бұл тікелей сөз өнерімен байланысты. Әр адамға ауадай қажет осы ғажайып өнерге тәрбиелеу – тіл мен әдебиет мұғалімінің қиын да құрметті міндеті. Сөзсаптау – сөйлеушінің ойды логикалық, эстетикалық және коммуникативтік жағынан дұрыс жеткізу қабілеті. Лингвист ғалым Р. Сыздық сөз мәдениетін «ойды жүйелі, әсерлі, дәл жеткізудің өнері» деп сипаттайды. Ал Б. Шалабай сөзсаптауды тұлғаның мәдени, этикалық және когнитивтік деңгейінің көрсеткіші ретінде қарастырады.

Жоғары сынып оқушыларының сөзсаптау деңгейі көбіне тілдік норма мен ойлау мәдениетінің дамуына байланысты. Психолингвист А. Леонтьевтің айтуынша, адамның сөйлеу мәдениеті оның мотивациялық-құндылықтық жүйесімен тікелей байланысты: яғни адам қандай құндылықты жоғары қояды, сол оның сөйлеу стилінен де байқалады.

Оқушының сөзсаптау мәдениеті оның:

• тілдік нормаларды меңгеру деңгейімен,

• ойды жүйелі жеткізу қабілетімен,

• тыңдаушыға әсер ету икемімен анықталады.

Бүгінгі мектеп оқушыларының сөзсаптауында жиі байқалатын қиындықтар:

• сөйлем құрылымының логикалық әлсіздігі;

• эмоциялық бояудың төмендігі;

• әдеби тіл нормаларының сақталмауы;

• әлеуметтік желідегі бейресми стильдің басым болуы.

Осы мәселелерді шешу үшін оқыту процесінде құндылықтық мазмұн енгізу тиімді. Себебі құндылық бағдарлы тапсырмалар оқушының ойлау тереңдігін арттырып, тіл арқылы өз көзқарасын білдіруге үйретеді.

Демек, оқушылардың сөзсаптауын жетілдіру – тек грамматика немесе стиль мәселесі емес, ол – құндылықтық және тұлғалық даму мәселесі.

Қазіргі таңда республиканың жалпы білім беретін мектептері құндылық бағдарлы оқытуға бет алды. Ал оның әлеуметтік тиімділігі неде болуы тиіс деген сұрақтың жауабын табу әрбір пән әдістемесінің негізгі мәселесіне айналды. Бұл мәселенің түйіні білім философиясының жаңаруы, жаңа парадигманың енуі, білім мазмұнының қоғам талабымен ұштасуы, жаңа технологияның қолданылуы т.б. тенденциялардың маңыздылығын ескере отырып оқытуды интеллект дамуының қайнар көзіне айналдырудың тетіктерін айқындау арқылы шешілері сөзсіз. Оқушының шығармашылық қабілетінің жоғары дәрежеде дамитын кезеңі жоғары буын болғандықтан, жоғары буында қазақ тілі сабақтарында оқушыларды

сөзсаптауға тәрбиелеуге тоқталмақпыз. Құндылық бағдарлы оқыту – бұл оқыту мен тәрбиенің өзара бірлігін қамтамасыз ететін, білім мазмұнын құндылықтармен үйлестіре беруді көздейтін педагогикалық жүйе.

Оның басты ерекшеліктері:

1. Адамгершілік бағыттылық – оқу материалы арқылы оқушының өмірлік ұстанымын, мәдени-этикалық көзқарасын қалыптастыру.

2. Ішкі мотивацияны арттыру – білім алушының «неліктен?» және «не үшін?» сұрақтарына жауап табуға ынталандыру.

3. Тұлғалық мәні бар білім – оқушы тек білім алып қоймай, өз тәжірибесіне, сезіміне, құндылығына сүйенеді.

Құндылыққа негізделген білім берудің мақсаты - білім алушылардың бойында сыртқы әлеммен табысты қарым-қатынас орнатуға қажетті дұрыс көзқарас пен стандарттарды қалыптастыру.

Құндылық бағдарлы оқыту идеялары отандық ғалымдар Қ. Қожахметова, А. Айтбаева, Ж. Қараев, Н. Құдайбергеновалардың және т.б. еңбектерде кеңінен қарастырылған. Мәселен, Қ. Қожахметова «құндылыққа бағдарланған білім беру – ұлттық рухты сақтай отырып, әлемдік өркениетпен үндесу» деп тұжырымдайды. Құндылық бағдарлы оқыту арқылы жоғары сынып оқушыларының сөзсаптауын жетілдіру жолдарының бірі - құндылықтық мазмұндағы мәтіндермен жұмыс. Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің шығармаларындағы адамгершілік, ізгілік, ар-намыс, еңбексүйгіштік құндылықтарын талдау барысында оқушылар өз пікірін тіл арқылы жеткізуді үйренеді.

Мысалы, Абай Құнанбаевтың «Адам бол!», «Махаббатсыз дүние бос» өлеңдері бойынша оқушылармен мынадай тапсырмалар орындатуға болады:

• Мәтіндегі негізгі құндылықты анықта.

• Бұл құндылық сенің өміріңде қалай көрінеді?

• Осы ойды 10-12 сөйлеммен дәлелдеп жаз.

Бұл тәсіл оқушының тілдік қорын байытып, рухани-адамгершілік сезімін оятады, жеке пікірін айтуға мүмкіндік береді және рефлексивтік сөйлеу мәдениетін дамытады.

Диалогтық және пікірталастық әдістер.

Құндылық бағдарлы оқытуда пікірталас – сөзсаптауды жетілдірудің ең тиімді формаларының бірі. Л.С. Выготский диалогты «ойдың дамуы мен тілдік сана қалыптасуының кілті» деп санаған.

Оқушылар «Әділдік деген не?», «Бақыт деген не?», «Әділдік пен мейірім – қайсысы маңызды?» «Намыс пен бақыттың арақатынасы қандай?» деген тақырыптарда пікірталас ұйымдастыру арқылы логикалық құрылымды сөйлемдер құруға, өз көзқарасын дәлелдеуге, дәлел келтіруге, тыңдаушыны иландыруға үйренеді.

Эссе және шығармашылық рефлексия әдістері.

Құндылық бағдарлы оқытудың маңызды элементі – өзіндік ой толғау. Эссе жазу кезінде оқушы тек білімін емес, өз ұстанымын, эмоциясын және құндылықтық қатынасын білдіреді.

Мысалы:

«Мен үшін ар-намыс – ең басты құндылық», «Мен үшін жауапкершілік – ең маңызды қасиет» тақырыбыптарында эссе жазу.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың жеке тілдік стилін, тілдік интонациясын, логикалық байланысын қалыптастырып, сөздік қорын байытады.

Жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістері.

Құндылық бағдарлы оқыту аясында жоғары сынып оқушыларына «Менің отбасымдағы құндылықтар», «Қазақ дәстүріндегі тектілік ұғымы», «Достық пен сыйластық», «Қазақ халқының қонақжайлылығы» тақырыптарында шағын зерттеу жобалары ұсынылады. Шағын жобаларды ұйымдастыру оқушыларды зерттеу, сұхбат алу, ақпаратты талдап жазбаша баяндау сияқты әрекеттерге баулиды. Тілдік нәтижесі – ресми және академиялық стильде сауатты сөйлеу дағдысының артуы. Бұл – академиялық сөзсаптауды дамытудағы маңызды құрал.

Сөзсаптау – сөйлеушінің ойды жеткізу тәсілі, тілдік құралдарды таңдау мәдениеті және коммуникативтік мақсатқа сай сөйлеу мәнері. Жоғарыда берілген әдістер тек білім беруді емес, оқушының ішкі дүниесін, ойлау мәдениетін, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған.

2024 жылы Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ-да қазақ тілі пәнінен «Құндылықтар әлемі» атты факультатив курсы өткізілді.

10-сынып оқушыларына арналған бағдарламада келесі бағыттар қамтылды:

• ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген мәтіндермен жұмыс;

• эссе, пікірталас, сұхбат түріндегі тапсырмалар;

• өзін-өзі бағалау және топтық рефлексия.

Нәтижесінде, оқу жылы соңында сауалнама мен диагностикалық бақылау көрсеткіштері бойынша:

• 80% оқушы өз ойын жүйелі жеткізе алады;

• 72% оқушы әдеби тіл нормаларын сақтауға тырысады;

• 65% оқушы пікір айтуда эмоционалды және логикалық дәлелдер қолдана бастады.

Бұл деректер құндылық бағдарлы оқытудың сөзсаптауды жетілдіруде нақты тиімділігін дәлелдейді.

Қазіргі заманда құндылыққа негізделген білім беру мына себептерге байланысты маңызды:

білім алушыларға түрлі жағдайлар кезінде дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі, шешім қабылдау дағдыларын дамытады;

оқушылардың бойына эмпатия, жанашырлық, мейірімділік, қайырымдылық тәрізді маңызды құндылықтарды сіңіреді;

оқушылардың білуге деген құштарлығын оятады, олардың құндылықтары мен қызығушылықтарын дамытады. Сонымен қатар бауырмалдық пен патриоттыққа тәрбиелейді;

білім алушылардың қоғамға қызмет етуге қатысты өз орнын табуына көмектесіп, бұрынғыдан гөрі жақсы бола түсуге ынталандырады.

Құндылық бағдарлы оқыту – оқушыны рухани бай, мәдениетті, ойы мен сөзі үйлескен тұлға ретінде қалыптастырудың заманауи әдістемесі.

Осы тәсіл арқылы жоғары сынып оқушыларының сөзсаптауын жетілдірудің тиімді жолдары мыналар деп түйіндеуге болады:

1. Оқу мазмұнына құндылықтық бағыттағы мәтіндерді енгізу;
2. Диалогтық, пікірталастық сабақтарды жүйелі өткізу;
3. Эссе мен жобалық тапсырмаларды жиі қолдану;
4. Рефлексия мен өзіндік бағалауға мән беру.

Тіл – тек қатынас құралы емес, ол – құндылықтар мен мәдениеттің көрінісі. Сондықтан сөзсаптауды дамыту – тұлғаның рухани жетілуімен тікелей байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова Қ.Ж. Құндылық бағдарлы білім беру – ұлттық рухани дамудың негізі. – Алматы, 2016.

2. Құдайбергенова Н. Құндылыққа негізделген білім беру: теория және тәжірибе. – Астана, 2020.

3. Ғалиева Т. Тұлғаның құндылықтық бағдарын қалыптастырудағы білімнің рөлі. – Алматы, 2018.

4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 2005.

5. Шалабай Б. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2010.

6. Leon'tev A.A. Психология общения. – Москва, 1999.

7. Kohlberg L. Essays on Moral Development. – New York, 1984.

8. Oscarsson B. Value-Based Education in European Context. – Stockholm, 1996.

9. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва, 1982.

10. Қалиева Ж. Қазақ тілі сабақтарында құндылық бағдарлы технологияларды қолдану. – «Білім берудегі инновациялар», №2, 2022.

11. Жұмабаева Г. Эссе жазу арқылы оқушылардың тілдік тұлғасын дамыту. – Алматы, 2021.

12. Айтбаева А. Қазіргі білім беру парадигмасындағы құндылықтық бағыт. – «Педагогика және психология», №3, 2021.

FLUENCY IN ENGLISH THROUGH THE DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE

A.K. Kapanova, N.M. Ibrash
Astana International University, Astana, Kazakhstan.

Over the last few decades, the concept of *emotional intelligence (EI)* has garnered significant attention in psychology, education, and linguistics as a crucial factor in human communication and learning success. A growing body of research emphasizes that linguistic competence alone is not sufficient for mastering communicative fluency in a foreign language; rather, emotional intelligence plays a central role in enabling learners to communicate confidently, accurately, and fluently [1];[2];[3].

The term *emotional intelligence* was first introduced by Peter Salovey and John D. Mayer [5] and later defined as *"the ability to accurately perceive emotions, to access and generate emotions to assist thought, to understand emotions and emotional knowledge, and to reflectively regulate emotions to promote emotional and intellectual growth"* [5]. This theoretical framework laid the foundation for subsequent studies, including Goleman's [6] model, which expanded EI into five major domains: self-awareness, self-regulation, motivation, empathy, and social skills. According to Goleman, emotional intelligence accounts for almost 80% of personal success, while intelligence quotient (IQ) contributes only 20% [6].

Bar-On [3] further conceptualized emotional intelligence as *"an array of non-cognitive capabilities, competencies, and skills that influence one's ability to succeed in coping with environmental demands and pressures"* (p. 14). His model included five key components—*intrapersonal, interpersonal, adaptability, stress management,* and *general mood*—each encompassing sub-dimensions such as empathy, self-awareness, emotional regulation, and optimism.

Parallel to the development of EI theory, linguists and second language acquisition (SLA) researchers have explored factors influencing fluency in foreign language learning. According to Skehan, fluency refers to *"the learner's capacity to produce language in real time without undue pausing or hesitation* [7]." Similarly, Ellis and Foster and Skehan define fluency as the ability to produce speech smoothly and naturally while maintaining accuracy and coherence. Fluency, together with accuracy and complexity, forms the triad of oral performance dimensions (CAF model) commonly used to assess second-language speaking skills [7]; [8].

Numerous empirical studies have demonstrated that emotional intelligence can directly or indirectly affect a learner's speaking fluency. Abdolrezapour found a positive correlation between EI and learners' oral performance in terms of complexity and accuracy [1], while Khooei identified interpersonal and stress management components of EI as predictors of higher fluency and accuracy. More recently, Andrienko et al. confirmed that integrating content-related emotions into ESL teaching significantly enhanced both EI and oral communication skills among adult learners [2].

Thus, emotional intelligence is not merely an affective variable but a dynamic construct that interacts with cognitive and linguistic systems, influencing language processing, confidence, and communicative performance. Developing EI alongside linguistic knowledge can therefore enhance learners' fluency, motivation, and engagement in English language learning contexts.

1. The Concept of Fluency in Language Learning

Fluency is a multidimensional concept central to communicative competence. According to Skehan [7], fluency involves *"the capacity to produce speech at a normal rate and without interruption."* It encompasses both temporal and cognitive aspects of speech production—speed, smoothness, and the ability to organize thoughts spontaneously (Ellis & Barkhuizen, 2005). Foster

and Skehan further differentiate between *speed fluency* (speech rate), *breakdown fluency* (pausing and hesitation), and *repair fluency* (self-correction and reformulation) [6]; [7].

In the context of SLA, fluency is considered an indicator of communicative proficiency rather than grammatical mastery. Learners with higher fluency tend to process language chunks automatically, freeing cognitive resources for meaning-focused communication (Segalowitz, 2010). This perspective aligns with Krashen's *Monitor Theory*, which suggests that affective factors such as anxiety, motivation, and confidence directly influence a learner's ability to communicate spontaneously in a second language [10].

2. Emotional Intelligence: Theoretical Models and Components

The early framework of EI proposed by Salovey and Mayer viewed emotions as an essential part of cognitive processes. Their *ability model* identified four branches: (1) perceiving emotions, (2) using emotions to facilitate thought, (3) understanding emotions, and (4) managing emotions [11]. Later, Bar-On introduced the *trait model*, emphasizing the role of emotional competencies and adaptability in daily functioning [2], while Goleman focused on the practical application of EI in leadership, education, and interpersonal communication [6].

These models collectively highlight the importance of emotional awareness and regulation in learning and social interaction. According to Costa and Faria, EI predicts academic achievement and motivation, while Parker et al. (2004) found that students with higher EI scores perform better academically due to enhanced adaptability, empathy, and stress management [12].

In language learning contexts, emotional intelligence enables learners to manage anxiety, empathize with interlocutors, and maintain motivation despite communicative challenges [13]. Therefore, EI serves as both a psychological buffer and a catalyst for successful communication.

3. The Relationship between Emotional Intelligence and English Fluency

Recent studies demonstrate a strong interconnection between EI and the development of oral fluency in English as a foreign language (EFL). Abdolrezapour (2018) revealed that learners with higher trait EI produced more complex and accurate speech, though the correlation with fluency was moderate. This suggests that EI may indirectly contribute to fluency by reducing anxiety and enhancing cognitive control during speech production.

Khooei (2014) found that interpersonal and stress management components of EI correlated significantly with both fluency and accuracy. Learners with stronger interpersonal skills and emotional stability were more likely to engage in spontaneous communication and exhibit fewer hesitations. The study also emphasized the pedagogical importance of incorporating EI training into language curricula to improve learners' performance.

The research by Andrienko, Chumak, and Genin (2020) expanded this understanding through an experimental approach. Their findings indicated that the purposeful inclusion of *content-related emotions*—emotions linked to the thematic content of learning materials—significantly enhanced both EI and oral communication skills. Students who expressed and perceived emotions during English-speaking activities demonstrated higher motivation, engagement, and fluency compared to the control group.

These findings support the notion that language learning is both a cognitive and emotional process. As Immordino-Yang and Damasio assert, *"It is neurobiologically impossible to build memories, engage complex thoughts, or make meaningful decisions without emotion."* Therefore, integrating emotional engagement into language learning can stimulate memory, improve attention, and foster greater communicative competence [6].

4. Pedagogical Implications

Integrating emotional intelligence development into English language teaching can provide multiple benefits. First, enhancing learners' EI helps them regulate anxiety and maintain composure during speaking tasks, leading to smoother and more confident communication. Second, emotionally rich classroom interactions promote empathy and cooperation—essential components of communicative competence. Third, explicit instruction in recognizing and expressing emotions can expand learners' lexical and pragmatic repertoire, improving their ability to express feelings and attitudes in English.

Practical strategies may include role-playing emotional situations, reflective journaling on feelings experienced during communication, and the use of emotionally charged texts and media in class. As shown by Andrienko et al., even minor modifications—such as encouraging students to "speak with emotion" during presentations—significantly increased both EI and fluency scores [1].

Conclusion

The findings of the conducted survey reveal a clear relationship between emotional intelligence (EI) and fluency in English among university students. The majority of participants reported that they are aware of their emotions and, to some extent, are able to control them during communication. However, many also admitted experiencing anxiety and fear when speaking English, particularly among learners with lower language proficiency levels (A1–B1).

Students with higher proficiency levels (C1–C2) reported feeling more confident and fluent, suggesting that their ability to regulate emotions positively affects their speaking performance. This aligns with the theories of Salovey and Mayer, Goleman, and Bar-On, who emphasized that emotional intelligence directly influences interpersonal communication, self-regulation, and overall communicative competence [3]; [6]; [13].

Another important finding is that a significant number of participants expressed fear of making mistakes while speaking English. This observation supports the concept of *language anxiety* described by Dewaele, Petrides, and Furnham, which explains how emotional instability can hinder fluency and confidence. Learners who can control their emotional reactions are less anxious and demonstrate better fluency and accuracy during speech [9].

Therefore, it is essential to integrate emotional intelligence training into English language teaching practices. Such approaches can increase learners' confidence, reduce anxiety, and improve speaking performance. Pedagogical strategies such as role-playing emotional scenarios, reflective discussions about personal feelings, and the use of emotionally engaging materials can effectively enhance both EI and fluency.

In conclusion, this study confirms that emotional intelligence is a key psychological factor influencing English fluency. The ability to understand, express, and manage emotions not only strengthens learners' confidence but also enhances their communicative competence, making the process of language learning more effective and meaningful.

References

1. Abdolrezapour P. The relationship between emotional intelligence and complexity, accuracy and fluency in EFL learners' oral performance. – *International Journal of English Linguistics*, 2018. – Vol. 8, No. 5. – P. 60–72.
2. Andrienko V., Chumak O., Genin A. Emotional Intelligence and Acquisition of English Language Oral Communication Skills. – *Psycholinguistics Journal*, 2020. – Vol. 28, No. 2. – P. 15–28.
3. Bar-On R. *Bar-On Emotional Quotient Inventory (EQ-i): Technical Manual.* – Toronto: Multi-Health Systems, 1997. – 125 p.
4. Costa A., Faria L. The impact of emotional intelligence on academic achievement. – *Learning and Individual Differences*, 2015. – Vol. 37. – P. 188–194.
5. Mayer J. D., Salovey P. What is emotional intelligence? // In P. Salovey & D. Sluyter (Eds.), *Emotional Development and Emotional Intelligence: Educational Implications.* – New York: Basic Books, 1997. – P. 3–31.
6. Goleman D. *Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ.* – New York, 1995. – 384 p.
7. Skehan P., Foster P. The influence of task structure and processing conditions on narrative retellings. – *Language Learning*, 1999. – Vol. 49, No. 1. – P. 93–120.
8. Ellis R. *Task-based Language Learning and Teaching.* – Oxford, 2003. – 387 p.
9. Dewaele J. M., Petrides K. V., Furnham A. Effects of trait emotional intelligence and sociobiographical variables on communicative anxiety and foreign language anxiety among adult multilinguals. – *Language Learning*, 2008. – Vol. 58, No. 4. – P. 911–960.
10. Krashen S. *Principles and Practice in Second Language Acquisition.* – Oxford, 1982. – 202 p.
11. Foster P., Skehan P. The influence of planning and task type on second language performance. – *Studies in Second Language Acquisition*, 1996. – Vol. 18. – P. 299–323.
12. Skehan P. A framework for the implementation of task-based instruction. – *Applied Linguistics*, 1996. – Vol. 17. – P. 38–62.

13.Fantini A. E. *Intercultural communicative competence in educational exchange: A multinational perspective.* – Routledge, 2018. – 256 p.

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ МЕН АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

А. М. Картаева, Б. Б. Келгембаева, Қ. Құрманбекұлы
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан.

Мақала AP26199899 «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмінің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» атты жоба аясында жазылды.

Туған өлке туралы мазмұнды сыр шерте білу - Отанға, оның тарихы мен мәдениетіне деген сезім баспалдағының бірі. Өйткені еліміздің тарихы бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Ал өлкетану - әрбір адамның әлемді танып білуіндегі сенімді жәрдемшісі.

Бүгінде «туған өлке», «өлкетану» ұғымдары зерттеліп, зерделене бастады. Өзіміз өскен ортаның тарихын, оның қойнауындағы әрбір құбылысын, өзгерістердің сыры мен қырын білуді мақсат ету керек. Сонда ел ертеңі болар жастардың ұлттық намысы оянып, тарихи тұлғалардың табыстары мен өнегелі істерін мақтаныш етері анық. Өлкетану дегеніміз – бір территорияны ғылыми негізде жан-жақты зерттеу. Өлке (түсінігінің мәні) – жер, жақ, ел, өлке; өлкетану әдебиет, жергілкті басылымдар, аймақ – белгілі бір елге, облысқа я бірнеше мемлекетке тиісті, өлкетану библиографиясы, тарихи библиографиясы, аймақтық әдебиет. «Өлкетану дегеніміз көлемі жағынан шағын белгілі бір аумақтарды (аудандар, облыстар, өлкелер т.б.) жан-жақты оқып білумен, зерттеумен айналысатын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі. өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір-бірімен байланысты дүние ретінде қараған жөн. өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми, әлеуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол жер үшін тікелей практикалық маңыздылыққа ие болады» [1 52-б.].

Өлкетанудың зерттеу объектілері болып табылатындар: табиғат, тұрғындар, және өлке экономикасы, өлке тарихы, өлке өнері, табиғат, климат, тарихы, тұрғындары, мәдениет және тұрмысы жатады. Өлкетану – көпқырлы, комплексті құбылыс. Өлкетану өз мазмұны бойынша тарихи, әдеби, этнографиялық, биологиялық, географиялық, экономикалық болып бөлінеді. Өлкетану – көп қырлы, комплексті құбылыс. Іс жүзінде өлкетанудың тарихи, табиғаттану географиялық, экономикалық әдеби және басқа түрлері орнықты. Еліңді тану – өлкеңді танудан басталады. Әр адам өзі тұрып жатқан кіші Отанының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдебиетін білуге міндетті. Ұлттық әдебиетімізді танып, бағалай білу – өзің туған өлкені, осы өңірдегі ақын мен жазушыны танудан басталады. Аймақтық әдебиет жалпы ұлттық әдебиеттен алшақ жатқан ұғым емес. Ұлттық әдебиетте жазылған көркем туынды «ұлттық тіл мәдениетінің жемісі, ұлттық дүниетанымның, тарихи-поэтикалық зерденің арқасында қалыптасқан өз ұлтының шығармашы өкілі болып табылатын қаламгердің туындысы». Ұлттық әдебиет ұлттың рухани болмысын, қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың менталитетінің ерекшелігін танытатын сонымен қатар халықтық тақырыпты қозғайтын жалпылық сипатта болады. Ал аймақтық әдебиет өзіндік ерекшелігімен өзгешелене отыра сол ұлт әдебиетінің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орынды иеленетін біртұтас Қазақ мемлекетінің кеңістігінде бірнеше аймақ бар. Олардың табиғаты, жер бедері, ауа райы, тұрмыстық шаруашылық жағдайы да әртүрлі. Тілдік, салт-саналық, әдет-ғұрыптық, әдеби-мәдени жағынан да оқшауланады. Тұтас бір мемлекеттің жекелеген аймақтарында өмір сүріп, осы ортада шығармашылықпен айналысқан туындыгерлер аймақтық немесе өлкелік әдебиет өкілдері болып саналады. Аймақтық қаламгерлердің шығармаларында ұлттық әдебиетпен

тұтастыратын тұсы да, дараландыратын жағы да бар. Тұтастыратыны – көркемдік ойлауда ұлт мінезі, ұлт мәселесінің, жалпы адамзаттық тақырыптың көтерілуі.

Қазір Шығыс Қазақстан деген атпен белгілі бұл өңірдің расында да басқа облыстардан айырмашылығы өте көп. Ол тек табиғаттың артықшылықтары ғана емес. Қазақ халқының, елімізді мекендеген қазаққа дейінгі дәуір тарихының, мәдениетінің айнасы тәрізді. Егер Л.Гумилевті оқитын болсақ, кезінде дүниені тіреп тұрған, алып Қытайды бағындырған ғұндар Алтай мен Тарбағатай тауларының сілемдерін мекендеп, «халықтардың ұлы көші кезінде» осы жақтан Еуропаға бет алған. Алтай таулары «түбі бір түркілердің қасиетті мекені» екендігін барлығымыз білеміз. Алтай – қазақ халқының қасиетті мекені, ата жұрты.

Ежелден ата-бабаларымыз мекендеген Шығыс Қазақстан өңірі өзінің қазына байлығымен, әсем табиғатымен, сұлу көркімен әлемге танылып келе жатыр. Ғасырлар қойнауынан сыр шерткен бұл өлкедегі сақ, ғұн қорғандары мен қазбалары, әрбір тауы мен тасы, өзені мен көлі тереңге тартқан тарих қойнауларынан сыр шертеді. Осы өңірден көптеген дарынды ақын-жазушылар шығып, әдебиеттің дамуына зор үлестерін қосты. Өлкенің тамаша табиғатын суреттеп, тарихын жырлаған жазушылар шығармашылығын жинақтауды, арнайы кешенді ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Шығыс Қазақстан өңірі – туризмді дамытуда Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі. Туристерді қызықтыратын көптеген баға жетпес мәдени және тарихи ескерткіштері, туристік қызметтердің сан алуан түрлері бар кең аумақ.

Қазіргі зерттеулерде «туризм» ұғымына бірнеше көзқарас ұсынылған. Олардың біріне сәйкес, туризм белгілі бір мақсатпен бос уақытта саяхат ретінде, екіншісіне сәйкес тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығып жатқан адамдарға қызмет көрсету саласы ретінде немесе туристердің тауарлар мен қызметтерге деген сұранысын қанағаттандыратын нарық сегменті ретінде қарастырылады [2]. «Қазақстандағы туризмнің басты мақсаты – заманауи жоғары деңгейдегі бәсекеге сай туристік индустрия, экономика саласының дамуын әлемдік туризм жүйесіне ену және болашақтағы туризм саласында халықаралық ынтымақтастықта бола отырып, өз өнімдерін шетелдік туристерді тарту» [3].

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы бойынша [3] агротуризм, қолөнер туризмі, акватуризм, экологиялық туризм, балықшылық, аңшылық, саятшылық туризмдері, этнографиялық туризм, тарихи-мәдени туризм мен балалардың өлкетану туризмін дамытудың тың идеялары көрсетілген. Осы бағыттар бойынша ақсап жатқан жұмыстар мен бұл салаларға баса мән бермей отырған аймақтар, облыстардың аты аталған. Қазақстанның туризмін дамыту, қоршаған ортаны, экологияны қорғау, әдеби-мәдени мұраны бүгінгі ұрпаққа жеткізу ғаламдық деңгейдегі проблема болып саналады. Жоба нәтижелері Қазақстанда әдеби өлкетану бағытын дамытуға және еліміздің экологиялық туризмін нығайтуға үлес қосады.

«Экологиялық туризм – әлемдік туристік индустрияның қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. ...Экологиялық туризм – бұл белгілі бір демалыс түрі. Туризмнің бұл түрі әр түрлі елдерде белсенді дамып келеді. Экотуризм адамдардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және адамдарды қоршаған табиғатты сақтауға шақырады» [4, 9 б.]. Экотуризм – қазақстандық туризмнің дамуын қарқынды жолға қоятын бірден-бір бағыт. Әлемдік тәжірибеде экологиялық туризм ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда айрықша іске асырылады. Әлемдегі экотуризмді дамыту – жаһандық көкейтесті мәселе. Бұл проблема әдеби экотуризм бойынша туристерді әдеби мұралармен, тарихи ескерткіштермен, ұлттық құндылықтармен таныстыру, өлкенің әдеби үрдісіне кешенді зерттеу жүргізу, әдеби өлкетану картасын жасау арқылы шешіледі.

Әдеби өлкетану – белгілі бір аймақтың әдебиет тарихын, даму сипатын, дәстүр сабақтастығын, әдеби үрдісін зерттейтін сала. Әдеби өлкетанудың негізгі мәселелері жалпы әдебиеттану саласының теориялық және практикалық мәселелерімен астасып, қай кезеңде де ұлттың рухани құндылығы ретінде маңызды рөл атқаратын әдеби, мәдени мұраларды тың деректермен толықтырып, отандық және жалпы әлемдік әдебиеттанудың дамуына өзіндік

үлес қосады. Әдеби өлкетану идеяларын экология, туризм саласында да тиімді пайдалануға болады. Шығыс Қазақстан өңірінде экологиялық туризмді дамыту жалпы Қазақстанда туризмді арттыруда маңызды орын алады.

Шығыс Қазақстанның әдеби мұрасы – халықтың әдеби-тарихи, географиялық құбылыстардың кеңістіктегі көрінісін бейнелеудің нәтижесі. Қазақ прозасында Шығыс Қазақстан өңірі жазушыларының шығармашылығы мазмұн ерекшелігімен, жазу стилімен дараланады. Көркем сөз зергерлері О.Бөкей, Қ.Ысқақ, Ә.Асқаров, Д.Әшімханов, К.Сегізбаев, Т.Ахметжан, А.Алтай, М.Қабанбаев, М.Құмарбеков т.б. қаламгерлер дүниеге келген Қазақстанның шығыс өңірі – тамаша табиғатымен танылған аймақ. Алтайдың сұлу көркі XX ғасыр басындағы белгілі ақын-жазушылар С.Торайғыровтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, С.Сейфуллиннің, И.Байзақовтың, Ғ.Қайырбековтың туындыларында суреттеледі. Өлкенің тамаша табиғаты мен адамдарын, өмір-тіршілігін бейнелеген қаламгерлер шығармашылығына кешенді зерттеу жүргізу – қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі болып табылады. Зерттеу жүргізу әдеби өлкетанулық, фольклорлық ғылыми-практикалық деректерді іссапарлар мен әдеби-мәдени экспедициялар барысында хронологиялық, сұрыптау, іріктеу, салыстырмалы-тарихи, әдеби-теориялық және мәтіндік талдау т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

«Қазіргі кезеңде әдеби туризм әлемдік деңгейде айтарлықтай қарқынмен дамып келеді. Бұл бағыттың кеңеюі нәтижесінде туристік қызметтің көптеген формалары, түрлері мен сегменттері қалыптасқан. Дегенмен, осы уақытқа дейін әдеби туризмнің бірыңғай ғылыми негізделген таксономиясы жасалып, толық қалыптасқан жүйесі орныға қойған жоқ» [5, 5-б.]. Әртүрлі ғылыми еңбектер мен тәжірибелерді талдау нәтижесінде әдеби туризмнің келесі негізгі түрлерін айқындауға болады: Экскурсиялық форма – әдеби туризмнің ең кең тараған және танымдық сипаты басым түрі. Бұл формада турист жазушының шығармашылық жолы, өмірбаяны және оның есімімен байланысты тарихи-мәдени нысандар туралы ақпарат алады. Ойын-сауық (рекреациялық) форма – театр қойылымдарына, әдеби шығарма желісі бойынша ұйымдастырылған сахналық көріністерге, әдеби фестивальдер мен мерекелерге қатысуды қамтитын әдеби туризмнің түрі. Мұнда көрермен әдебиетті өнердің басқа салаларымен ұштастыра отырып қабылдайды. Білім беру (оқыту) формасы – танымдық және ойын-сауық элементтерін біріктіретін әдеби туризмнің ерекше бағыты. Мұндай турлар түрлі оқу тренингтерімен, шетелдік және отандық мәдениеттерді зерделеуге арналған сабақтармен, сондай-ақ кітапханалар мен кітап дүкендеріне бару бағдарламаларымен толықтырылады. Бұл форма, әдетте, мектеп немесе жоғары оқу орны студенттері үшін ұйымдастырылады.

Экскурсиялық әдеби туризм өз кезегінде мазмұны мен мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді: Әдеби-өмірбаяндық туризм – белгілі жазушылардың өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты тарихи орындарда ұйымдастырылады. Мысалы, О.Бөкей, Қ.Ысқақ, Д.Әшімханов, Ә.Асқаров т.б. жазушылар өмірге келген Катонқарағай өңіріне, К.Сегізбаев, Ұ.Есдәулет, Ғ.Байбатыров т.б. қаламгерлердің туған жері Зайсанға саяхат жасау арқылы жүзеге асады. Тарихи-әдеби туризм – белгілі бір аймақтағы әдебиеттің даму кезеңдерін ашуға бағытталған экскурсиялар. Мысалы, «Шығыс Қазақстанның әдеби картасы», «Әдеби Шығыс Қазақстан» сияқты бағыттар әдеби процестің аймақтық сипатын көрсетеді. Көркем-әдеби туризм – белгілі бір жазушының шығармаларында бейнеленген көркем кеңістікке саяхат жасауға негізделеді. Мысалы, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша көркем мәтін мен шынайы географиялық кеңістікті байланыстырады. Ойын-сауық бағытындағы әдеби турлар көбіне фестивальдерге, театрландырылған көріністерге немесе әдеби тақырыптағы мәдени шараларға қатысуды қамтиды. Мұндай турларда интерактивті әдістер кеңінен қолданылады, туристер әдеби кейіпкерлер рөлінде әрекет етіп, шығармашылық ортаға ене алады.

Білім беру бағытындағы әдеби турлар – әдеби және мәдени мұраны меңгеруге бағытталған оқу-танымдық сипаттағы сапарлар. Мысалы, О.Бөкей атындағы кітапханада, Шыңғыстайда тұрған О.Бөкейдің мұражай-үйінде өткізілетін сабақтар оқушылар мен

студенттерге жазушының өмірі мен шығармашылығын нақты тарихи-мәдени контексте тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Әдеби туризмнің аталған түрлері мәдени-танымдық, тәрбиелік және білімдік мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Олар тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз етіп, әдеби мұра мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Әдеби туризм – тек экономикалық немесе рекреациялық қызмет түрі ғана емес, сонымен қатар мәдениеттерді өзара таныстыру мен түсіністікті қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Ол әртүрлі этникалық, ұлттық және діни қауымдастықтар өкілдерінің арасында өзара сыйластық пен толеранттылықты нығайтуға ықпал етеді. Туризм арқылы адам өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын және өмір сүру ерекшеліктерін таниды, сол арқылы мәдениетаралық коммуникация мен рухани байланыстың дамуына жағдай жасайды [6]. Әдеби-танымдық туризм – бұл өзге мәдениеттермен, әдебиетпен танысу, оларды түсіну және қабылдау үдерісін қамтитын күрделі танымдық процесс. Мұндай туризм барысында адам өзге халықтардың тарихи-мәдени мұрасына, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына және рухани құндылықтарына қызығушылық танытады. Нәтижесінде тұлғада әлемдік мәдениетке деген құрмет сезімі, мәдени әртүрлілікті бағалау қабілеті және толерантты көзқарас қалыптасады.

Қоғамымыздың руханияты, интеллектуалы мен мәдениетінің өсуі, отандық ғылым деңгейінің биіктеуі, жаңадан табылып ғылыми айналымға енгізілген әдеби жәдігерлердің молдығы, сондай-ақ әлемдік ғылым даму тенденциялары Шығыс Қазақстан өңірінің әдеби мұралары арқылы туризмді дамытудың жолдарын зерттеу мен ғылыми сипаттамасын жасауды талап етеді. Егер бұл бағыттағы туризмді дамытсақ, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде зор маңызға ие болады. Әдеби өлкетану мен аймақтық туризм – білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда, ұлттық сана мен мәдени мұраға деген сүйіспеншілігін арттыруда маңызды рөл атқаратын білім беру бағыттары болып табылады. Бұл екі ұғымның өзара байланысы тұлғаның туған жер тарихын, әдебиет пен мәдениетті тануға деген қызығушылығын оятып, эстетикалық талғамын жетілдіреді. Құндылық бағдарлы оқыту тұрғысынан алғанда, әдеби өлкетану мен аймақтық туризм – оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, елжандылық, отансүйгіштік, тарихи жадқа құрмет сияқты рухани құндылықтарды бойына сіңіруге мүмкіндік береді. Әдеби мұралар мен жергілікті мәдени нысандарды тану арқылы оқушылар ұлттық болмысты, рухани сабақтастықты сезінеді және туған жердің табиғи, тарихи, мәдени байлығын қадірлеуге үйренеді.

Сонымен қатар, әдеби өлкетану мен аймақтық туризмді оқу үдерісіне енгізу – білім берудің тұлғалық және әрекеттік тәсілдерін жүзеге асырудың тиімді жолы. Мұндай оқыту үлгісі оқушыны тек ақпарат алушы емес, өз ортасын зерттеуші, танымдық іс-әрекетке белсенді қатысушы тұлға ретінде қалыптастырады. Қорытындылай келе, әдеби өлкетану мен аймақтық туризм құндылық бағдарлы оқытудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде тұлғаның рухани дамуына, мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға және ұлттық бірегейлікті сақтау ісіне айрықша үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Орта білім беру ұйымдарында туристік өлкетану және экологиялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2024. – 240 б.

2. Мазбаев О.Б. ҚР туризмнің аумақтық дамуының географиялық негіздері: географ. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 38 б.

3. ҚР туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы // (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360)

4. Атикеева С.Н., Каражанова М.Х., Оспанова А.Е. Экологиялық туризм. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Тұран-Астана университеті, 2021. – 134 б.

5. Гуров С.А., Страчкова Н.В., Алексеенко М.А. Литературный туризм: систематика и географические тенденции развития. Учёные записки Крымского федерального университета имени В. И. Вернадского. География. Геология. Том 4 (70). № 3. 2018 г. С. 3–16.

6. Силаева Т.А. Литературный туризм как специализированный подвиг культурно-познавательного туризма. Вестник Россиского нового университета, 2013. - № 2.

MORAL EDUCATION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH CARTOONS

[1]Kenenbaeva M.A., [2]Tuleutemirova A.A.

[1]PhD in Pedagogy, Professor, [2]Graduate student of Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Currently, the issue of moral education of children and youth is increasingly being considered in society. Of course, the moral foundation is laid precisely in childhood. Moral education of children begins with the family, then work is carried out in preschool and primary school age [1]. Children develop moral attitudes, habits, and qualities. At this age, they become familiar with moral norms and rules of behavior. Being among peers, a child can test his knowledge on his own experience, evaluate his ideas, inclinations, and moral habits, while external moral requirements turn into internal ones.

The revision of values in adolescence and adolescence is invariably based on those foundations that were laid down during the early formation of personality. A significant part of modern children and adolescents have distorted ideas about morality and such moral qualities as kindness, responsiveness, mercy, compassion, etc. [2]. Today, there are often cases of aggression, abuse of each other, loved ones, and others. Many children do not know how to build friendships, negotiate with each other, resolve conflicts, and compromise [3]. While much in a child's life depends on his actions and behavior. In the process of socialization, he learns to make choices, make decisions, and regulate behavior. Moral education helps a child to adapt to the moral norms that he observes in society.

The quality of professional knowledge and personal abilities of a future teacher are directed towards his/her creative activity in the education, development and upbringing of the future generation. At the same time, it is very important to pay attention to moral and national pedagogical aspects in the process of training primary school teachers [4, 491]. The problem of moral education of children of different ages has been and remains to this day the subject of research in pedagogy, psychology and philosophy. Many classics of both Kazakh and Soviet pedagogy, as well as foreign ones, have paid attention to this issue: A.Baitursynov, Y.Altynsarin, M.Zhumabaev, Ya.A. Komensky, K.D. Ushinsky, A.S. Makarenko, V.A. Sukhomlinsky, I.F. Herbart, N.I. Pirogov, and others, as well as modern psychologists and educators.: E.P. Bagriychuk, S.V. Bobinova, S.K. Bondyreva, N.G. Kapustina, O.A. Spitsyna and others. These authors reveal the essence of moral education of younger schoolchildren, as well as its forms and methods [5]. The famous Soviet teacher-innovator V.A.Sukhomlinsky considered moral education as the formation in children of a personal attitude to the surrounding reality, responsibility to comrades, relatives and society. He considered the main thing to be the education of a child's responsibility to his own conscience [6]. From the point of view of Lev Tolstoy, moral education is nothing more than the main science of good and evil: "Of all the sciences that a person can and should know, the most important is the science of how to live by doing as little evil as possible and as much good as possible" [7, p. 95].

In modern society, one of the tasks of teachers is the search and rational use of various means and methods of moral education of a person. K.-G. Schaefer in the article "Media education as a subdiscipline of general education science" considers media education as a practical joint activity of teachers and students and its possibilities in the field of education [8]. One of these means of upbringing and education is the use of cartoons in working with younger schoolchildren.

The theoretical and methodological basis of the research is the culturological approach; the activity approach; the works of teachers A.S. Makarenko, K.D. Ushinsky, V.A. Sukhomlinsky, N.I. Pirogov, Ya.A. Komensky in the field of moral education of primary school children; the works of L.I. Bozhovich, D.B. Elkonin, A.V. Zaporozhets, L.S. Vygotsky on the moral education of younger schoolchildren; publications by N.E. Markova and I.Y. Medvedeva on the educational potential of

cartoons. The following research methods were used: theoretical – analysis of literature on the topic, comparison, generalization; empirical – observation, conversation, experimental work; mathematical – processing of results. Throughout life, a person learns moral values, and age-related characteristics should be taken into account when researching this area. Many authors call the younger school age sensitive for the development of moral values. According to N.V. Leshchenko, at this age they are perceived in the process of imitation, repetition by adults – parents, teachers [9]. It is possible to identify features that make cartoons meaningful and effective for the moral education of younger schoolchildren [10]. Often their characters are of the opposite character, and are also a model of moral behavior (good – bad, generous – greedy, hardworking – lazy, etc.). A child can easily recognize which character is kind and which is evil. These oppositions allow us to assimilate moral values and norms, distinguish between good and evil, and help us make the right choice in a given situation. In the process of watching cartoons, children can not only distinguish between positive and negative characters, but also give them an appropriate assessment, which is typical for this age. This feature is determined by the superiority of the emotional perception of moral values over the rational one. It is also worth noting that not only the study of the peculiarities of mastering values affects moral education, but also the ways of organizing cartoon viewing. A properly organized event allows you to make the parenting process more effective. Children of primary school age can imitate not only positive characters, but also negative ones. Therefore, it is necessary to carefully and responsibly approach the choice of works. An important condition is that classes are held after school hours.

The experimental part of the scientific work was carried out on the basis of a secondary school in the village of Zangar, Pavlodar region. The study involved students in the third and fourth grades. In order to determine the level of moral education in children of primary school age, the following diagnostic methods were used: the method of M.I. Shilova, aimed at identifying the levels of moral education in younger schoolchildren; the method of "Finish the story" by R.R. Kalinina; the method of "Plot pictures" by R.M. Kalinina. In the course of the research, a cartoon file was developed and tested, as well as the program of the study group on the topic "Cartoons as a means of moral education of primary school students." The card file is intended for children aged 7-10 years and is aimed at forming their moral values and raising the level of moral education. The purpose of using the created card file is to form ideas about moral values among younger schoolchildren, to increase the level of moral education through cartoons. The tasks of using a card file:

– to promote the improvement of the level of moral education of younger schoolchildren through cartoons;

– to form their understanding of moral categories such as good and evil, generosity and greed, etc.;

– to introduce children to basic moral values and actions using the example of cartoon characters;

– to promote a change in children's attitudes towards moral norms;

– to encourage children of primary school age to act morally.

The file consists of cartoons selected according to five directions (criteria): attitude to the outside world (animals, nature); attitude to society, Homeland (patriotism); attitude to work (mental and physical); attitude to people (adults, peers, friends, relatives); attitude to oneself. Each cartoon has educational potential, demonstrates moral values, deeds, stories and situations about friendship, mutual assistance, compassion and other moral qualities that are perceived by children through the images of heroes. When watching such works, a child learns to solve moral problems, see negative actions and be able to distinguish them from good ones, put himself in the place of the hero, and then in the place of real people, tries to empathize with others.

The card file was formed mainly from cartoons from the period of independence of the Republic of Kazakhstan, and foreign animated films translated into Kazakh were also used. In order for the process of moral education of younger schoolchildren through cartoons to be more effective, it is necessary to carefully select them, taking into account all criteria and conditions.

After watching each cartoon, the children were asked the following questions:

– What is this cartoon about?

– Who are the main characters of the cartoon?
– What happened to the main character(s)?
– What feelings did the cartoon evoke in you? Why?
– How did the characters feel?
– Did the main character do the right thing? Why?
– What would you do if you were the main character? Why?
– What good deeds did you see in the cartoon? And what are the bad ones?
– Have you ever encountered such situations? If so, which ones?
– How has the main character's behavior and actions changed? Why?

Cartoons in each direction were watched during the class hour, once a week. After watching the video, children organized a game activity, including quizzes, solving riddles, puzzles, and answers to logical questions. Games based on the content of cartoons were conducted in a competitive manner, where the child could earn points. The children were divided into two teams, after which each was given tasks, which the children answered in turn. The teams received points for the correct answer. At the end of the competition, each group counted the points, and the one with the most points won.

The developed program of the study group provides education in children of moral feelings, qualities, habits, values that are necessary in life, society, when communicating with other people. As already noted, cartoons for her are selected taking into account the age characteristics of children, while their content is carefully analyzed.

The program of the study group "Cartoons as a means of moral education of primary school students" can be implemented by primary school teachers. It includes nine classes of 35-45 minutes each, provides for one lesson per week, and is designed for two months. The purpose of the program is to promote moral education through cartoons.

The objectives of the program are:

– to form ideas among primary school children about moral norms and categories (good – evil, greed – generosity, etc.), rules of behavior, attitudes towards other people, relatives, friends, nature, animals, society, native land, as well as towards oneself;

– to reveal the essence of moral actions, moral behavior, and morally positive choices using the example of cartoon characters;

– to foster in children such qualities as benevolence, diligence, responsiveness, honesty, respect for others, love and care for animals, nature, sincerity, generosity, mercy (Table 1).

Table 1 – Thematic action plan

Chapter	**Lesson topic**	**Cartoon**	**Number of hours**
Attitude to the surrounding world (animals, nature)	Gratitude Tolerance Patience Self-acceptance	"Aldar kose. Golden Watermelon" "The jug with a crack"	1 1
Attitude towards society, people	Generosity and stinginess Mercy Selflessness	"Aldar kose. Generosity" "Aldar kose. What a question, such an answer" "Aldar kose. Skullcap" "Aldar kose. The Magic Fur Coat"	1 1 1 1
Attitude towards the motherland	Love for the motherland Courage. An example for the younger generation	"Tolagai" "Protection of Otyrar"	1 1
Attitude to work	Industriousness Relationship	"Aldar kose. The Rich man and the Healer"	1

All classes have a common structure, which contains six stages:

1 – introduction and greeting, in all subsequent classes you can use only greetings.;

2 – survey of children about their well-being and mood;

3 – defining the topic of the day;

4 – the main part (watching cartoons);

5 – conducting conversations, games, discussions based on the watched cartoon, analyzing the material and summarizing the results;

6 – farewell, reflection. After conducting the pilot work, the results shown in Table 2 were obtained.

Table 2 – Assessment of the level of moral education among younger schoolchildren before and after the organization of the cartoon viewing group (A is the indicator before the experiment, B is the indicator after the experiment)

The level of moral education	**Methodology, %**						**The average value**	
	By R.M. Kalinina "Plot pictures"		By R.R. Kalinina "Finish the story"		M.I. Shilova			
	A	B	A	B	A	B	**A**	**B**
High	30	37	27	33	38	44	32	38
Medium	52	59	55	61	53	55	53	58
Low	18	4	18	6	9	1	15	3

Table 2 shows that across all three diagnostic tools, there was a noticeable shift in the number of children demonstrating a high level of moral education. In particular, the percentage of children with a high level of moral development increased from an average of 32% before to 38% after the intervention. At the same time, the number of students with a low level of moral development dropped significantly — from 15% to just 3%, demonstrating a consistent trend across different evaluation methods.

This improvement confirms the hypothesis that regular and structured viewing of morally rich cartoons, followed by guided discussions and reflective activities, fosters children's understanding of moral categories and enhances their ability to interpret moral behaviors. It is noteworthy that the most substantial increase was observed in the "Plot Pictures" and "Finish the Story" methodologies, where children were required to interpret and extend moral narratives — indicating that not only passive observation but active processing of animated content played a critical role in moral development. Furthermore, during the post-experimental interviews, teachers observed improvements in children's classroom behavior, including increased instances of peer support, expressions of empathy, and more thoughtful conflict resolution. These qualitative results complement the quantitative findings and suggest that the methodology has an impact beyond isolated experimental sessions, influencing everyday social behavior.

In terms of engagement, the use of competitive games and rewards based on moral scenarios from cartoons played a motivational role, increasing participation and retention of content. Children responded positively to the heroes they watched, often referencing them in unrelated classroom discussions, which implies the long-term memorability and influence of morally loaded animation content. Thus, the analysis of both numerical indicators and observations during and after sessions confirms that the program had a meaningful and positive impact on the development of moral values in younger schoolchildren. Thus, based on the data of the final diagnosis, it can be concluded that the cartoon viewing study group program developed and applied to improve the level of moral education in primary school children proved to be effective, since this level has become higher. A cartoon is an effective means of moral education of children, as it allows them to expand their understanding of morality, moral norms and attitudes. At the same time, the quality of animation products significantly affects the formation of moral children and society as a whole.

The experiment highlights the importance of methodological guidance in the use of animation. It is not merely the viewing of cartoons that brings educational benefit, but the contextualized discussions and reflection that follow. Teachers play a pivotal role in this process, ensuring that the content is appropriate, values are highlighted, and behavioral parallels are drawn to real-life situations. In light of these findings, it is recommended that schools consider incorporating similar study groups or modules within the broader moral and civic education curriculum. Further research could explore the long-term effects of such interventions and their scalability across different cultural and educational contexts.

In conclusion, this study reaffirms that moral education through media is not only possible but also highly effective when aligned with developmental needs and supported by consistent pedagogical strategies. Cartoons, when utilized wisely, become not just a form of entertainment but a powerful instrument of ethical and social development for the younger generation.

References

1. Bilinskaya K.N. Duhovno-nravstvennoe vospitanie mladshih shkol'nikov sredstvami mul'tiplikacii // Molodoj uchenyj 2020. No. 20 (310). pp. 553-555.

2. Khomenko E.V. Mul'tfil'my kak sredstvo vospitaniya tolerantnosti mladshih shkol'nikov // Pedagogicheskij zhurnal. 2017. Vol. 7, No. 1A. pp. 268-277.

3. Abdullah M.A.R. Learning Moral Values Through Cartoons for Malaysian Preschool-aged Children. International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. Vol. 22, No. 6, pp. 370-394, June 2023.

4. JuzeevS., Moshqalov A.Q., Jailauova M. Qazaq etnopsihologialyqerekshelikteri men etnopedagogikalyqdasturleri negizinde bolashaqbastauysh synyp mugalimderin kasibi daiarlau uderisi // Iasaui universitetinin habarshysy. –2024. –No4 (134). –B. 489–502.

5. Babayan A.V. O nravstvennosti i nravstvennom vospitanii // Pedagogika. 2005. No. 2. pp. 67-78.

6. Sukhomlinsky V.A. Serdce otdayu detyam [I give my heart to children]. Moscow, 2016. 312 p.

7. Tolstoy L.N. Polnoe sobranie sochinenij, 1960-1965. Vol. 64. P. 95.

8. Schäfer K.-H. Medienpädagogik als Teildisziplin der Allgemeinen Erziehungswissenschaft // Jahrbuch Medienpädagogik 1. Vol. 1. MedienPädagogik: Zeitschrift für Theorie Und Praxis Der Medienbildung / ed. by S. Aufenanger, R. Schulz-Zander, D. Spanhel. Opladen, 2001. P. 17-46.

9. Leshchenko N.V. Osobennosti nravstvennogo razvitiya mladshih shkol'nikov // Integraciya obrazovaniya. 2007. No. 3/4. pp. 119-122.

10. Zharkovskaya T.G. Vozmozhnye puti organizacii duhovno-nravstvennogo obrazovaniya v sovremennyh usloviyah // Standarty i monitoring v obrazovanii. 2003. No. 3. pp. 9-12.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚОРҚЫТ ЖӘНЕ ҚОРҚЫТ АТА ЖЫРЫ

Кенжалин Қ.К.

PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қазақ халқының рухани мәдениетінде ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесі бар. Сол жүйенің өзегінде адам мен табиғаттың, қоғам мен рухтың үйлесімін айқындайтын киелі тұлғалар мен архетиптер тұр. Осындай мәңгілік рухани феномендердің бірі – ***Қорқыт ата***. Ол түркі дүниесінің ортақ рухани бастауы, философиялық және этикалық қағидалардың символдық бейнесі ретінде қарастырылады. Қорқыт тұлғасы арқылы қазақ халқы өзінің дүниетанымдық негізін, өмір мен өлім туралы көзқарасын, өнер мен даналыққа деген қатынасын қалыптастырды (Қоңыратбаев, 1986).

Қорқыт туралы аңыздар, жырлар мен күйлер тек фольклорлық мұра емес, олар қазақтың **рухани философиясын** айқындайтын **дүниетанымдық код** болып табылады. Бұл кодта адамзаттың мәңгілікке ұмтылысы, өмірдің өткіншілігі мен рухтың өлместігі сияқты ұғымдар тоғысқан. Қорқыттың мәңгілік өмірді іздеу жолы – адам болмысының мәнін ұғынуға бағытталған экзистенциалды ізденіс, ал оның өнер арқылы өлімді жеңу идеясы – түркі өркениетінің философиялық ойлауының ең биік көрінісі (Марғұлан, 1974).

Қорқыт мұрасы – тек өткеннің көрінісі емес, ол қазіргі қоғам үшін де өзекті. Себебі ұлттың рухани бірегейлігі мен мәдени тұрақтылығы тарихи жадының беріктігіне тікелей байланысты. Сондықтан Қорқыт феноменін зерттеу – қазіргі гуманитарлық ғылымдағы ұлттық сана мен руханиятты жаңғыртудың маңызды бағыты. Бұл зерттеу нысаны тек тарихи тұлғаның бейнесін айқындау емес, сонымен қатар **қазақ философиясының бастау көздерін**, **музыкалық мәдениеттің архетипін**, **жыраулық дәстүрдің түп негізін** және **рухани антропологияның** негізін тану болып табылады. Қорқыт тұлғасы – түркі өркениетінің рухани кеңістігіндегі ең терең философиялық символдардың бірі. Ол өмір мен өлімнің, уақыт пен мәңгіліктің, табиғат пен рухтың арасындағы мәңгілік диалектикадан туындаған

дүниетанымдық жүйені білдіреді. Қорқыт феномені – бұл тек аңыздық кейіпкердің бейнесі емес, сонымен қатар ***қазақ философиялық ойының бастауы***, ұлттық сананың архетипі және болмысты танудың эстетикалық формасы (Қоңыратбаев, 1986).

Қорқыт туралы мифтерде адамзаттың ең көне философиялық сұрақтары – өмірдің мәні, өлімнің табиғаты, рухтың мәңгілігі – бейнелі түрде көрініс табады. Аңыздарда Қорқыт өлімнен қашып, мәңгі өмір іздейді. Бұл әрекет – биологиялық өмірді ұзартуға ұмтылыс емес, ***рухани мәңгілікті*** іздеу. Қорқыттың «өлімге қарсы күресі» – адам мен әлемнің арасындағы онтологиялық тартыстың көрінісі. Ол физикалық шектеулі өмірден жоғары тұрған рухани шындыққа жету жолын өнер арқылы тапқысы келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыттың күйі мен сөзі – адамзат болмысының метафизикалық көрінісі (Марғұлан, 1974). Қорқыт философиясының өзегінде үш басты ұғым бар: **Мәңгілік (мәңгі өмір)** – рухани жалғастық, өнер мен сөз арқылы өлімді еңсеру; **Үйлесім (синкретизм)** – адам, табиғат және Тәңір арасындағы біртұтастық; **Сөздің құдіреті** – тіл мен күйдің, яғни рухани шығармашылықтың мәңгілікті қамтамасыз етуші рөлі.

Осы ұғымдар жүйесі қазақ дүниетанымының философиялық құрылымына тікелей ықпал еткен. Қорқыттың *«Тек өнер ғана өлмейді»* деген тұжырымдамасы – ұлттық мәдениеттегі рухани-эстетикалық парадигманың іргетасы. Бұл қағида бүгінгі заманда да өзектілігін жоғалтқан жоқ, себебі ол ***рухани жаңғырудың философиялық негізі*** ретінде қазақ қоғамында мәңгі өмір сүруде (Aronov, 2018). Қорқыт есімі қазақ халқының музыкалық мәдениетінің, әсіресе қобыз өнерінің символына айналған. Ол тек көне бақсы, күйші немесе данагөй емес, **қазақ музыка философиясының негізін қалаған тұлға** ретінде бағаланады. Қорқыт жасаған қобыз – қарапайым аспап емес, адам мен ғарыш, өмір мен өлім арасындағы байланысты бейнелейтін сакральды медиатор. Оның үні арқылы адам жаны мен табиғаттың терең үндестігі, уақыт пен мәңгіліктің диалогы бейнеленеді (Марғұлан, 1974).

Қорқыттың музыкалық дәстүрі – түркілік синкретизм ұстанымының жарқын көрінісі. Музыка, сөз және ритуал біртұтас мәдени құрылым ретінде әрекет етеді. Қорқыт күйлері тек эстетикалық әсер ғана емес, рухани терапия, мәдени катарсис қызметін де атқарған. Күйді тыңдау арқылы адам табиғатпен, Тәңірмен және өз рухымен үндеседі. Музыкалық тұрғыда Қорқыттың шығармалары дыбыстық құрылымында ерекше символдық жүйені қамтиды. Қобыздың төменгі регистріндегі ұзақ, тербелмелі дыбыстар уақыттың үздіксіз қозғалысын, тіршіліктің мәңгі айналымын бейнелейді. Бұл күйлердің семиотикалық құрылымы қазақтың философиялық ойлауы мен табиғатқа қатынасын айқын көрсетеді (Қоңыратбаев, 1986).

Қазіргі кезеңде Қорқыт мұрасы музыкалық және мәдени жадының цифрлық кеңістігіне еніп отыр. Қызылорда облысындағы **Қорқыт Ата мемориалдық кешенінде** және Қорқыт Ата атындағы университетте қобыз күйлерінің дыбыстық архиві жасалып, оларды **цифрлық реконструкциялау** мен **акустикалық модельдеу** жұмыстары жүргізілуде. Мұндай ғылыми жобалар Қорқыт мұрасын тек естелік ретінде емес, **интерактивті мәдени мұра** ретінде қайта жаңғыртудың тиімді үлгісі болып отыр.

Қорқыт есімі түркілік эпикалық дәстүрдің рухани өзегін айқындайтын негізгі тұлғалардың бірі. **«Қорқыт ата кітабы»** – оғыз-қыпшақ дәуіріндегі әдеби-эпикалық ойдың ең көрнекті ескерткіші. Бұл шығармада түркі халықтарының дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы, батырлық идеалдары мен моральдық құндылықтары көрініс тапқан (Zahoder, 1962; Рахметов, 2012). Қорқыт тұлғасы эпикалық кеңістікте **даналықтың, әділдіктің және рухани бірліктің символы** ретінде бейнеленеді. Ол әрбір оқиғаның соңында шешуші пікір білдіріп, өмір мен өлім, адалдық пен сатқындық, ерлік пен қорқақтық сияқты этикалық категорияларға баға береді. Жырлардағы басты идея – ел бірлігі, ерлік пен адалдық, ата-баба аманатына беріктік. Қорқыт әр жырдың соңында даналық сөз айтып, оғыз қоғамының моральдық кодексін түйіндейді. Бұл оның **рухани заң шығарушы** қызметін танытады. Эпикалық дәстүрдегі бұл функция кейінгі қазақ жырауларының шығармашылығында жалғасын тапқан (Қоңыратбаев, 1986).

Қазіргі кезеңде Қорқыт мұрасына жаңа қырынан қарау – эпикалық мәтіндерді цифрлық корпусқа енгізу, олардың лексика-семантикалық құрылымын компьютерлік-лингвистикалық

талдау арқылы түркі дүниетанымының архетиптерін анықтау бағытына ұласты. XXI ғасырдың жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениеттің сақталуы мен жаңғыруы – рухани қауіпсіздіктің басты кепілі. Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыт мұрасы қазіргі Қазақстан үшін ***ұлттық бірегейлікті жаңғыртудың және мәдени кодты сақтаудың басты архетипіне*** айналып отыр. Қорқыт феномені қазіргі мәдени саясат пен білім беру кеңістігінде ұлттық идеяның өзегіне айналды. Оның мұрасы ұлттық сана, мәдени тұрақтылық және рухани жаңғыру үдерістерінде стратегиялық рөл атқарып отыр. Қорқыт мұрасын **цифрлық гуманитаристика, философиялық герменевтика** және **мәдениетаралық коммуникация** тұрғысынан қарастыру – оның қазіргі ғылыми маңызын арттырады (Aronov, 2018; UNESCO, 2018). Қорқыт феноменін жастардың рухани тәрбиесіне енгізу, білім беру бағдарламалары мен медиа платформаларда жаңаша таныту – ұлттық сананы күшейтудің пәрменді тетігі. Осылайша, Қорқыт мұрасы бүгінгі қоғам үшін **рухани жаңғырудың символына** айналды.

Қорқыт тұлғасы – қазақ халқының ұлттық руханиятының, дүниетанымының және мәдени жадтың ең көне әрі ең биік символдарының бірі. Ол – өмір мен өлімнің, өткіншілік пен мәңгіліктің арасындағы философиялық тепе-теңдікті бейнелеген әмбебап тұлға. Қорқыттың шығармашылық және дүниетанымдық жүйесінде өнер мен музыка – болмыстың метафизикалық мәнін ашатын құралдар. Эпикалық тұрғыдан алғанда, Қорқыт бейнесі – даналық пен әділдіктің, ел бірлігі мен адамгершіліктің символы. Қазіргі дәуірде Қорқыт феномені ұлттық идеология мен мәдени саясаттың өзегіне айналып отыр. Қорқыт мұрасы – өткеннің ескерткіші емес, болашақтың бағдаршамы. Оның ілімі адам мен табиғаттың, дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық пен ғаламдықтың арасындағы үйлесімділікке жетудің философиясы. Сондықтан Қорқыт мұрасын зерттеу мен насихаттау – ***қазақ руханиятының үздіксіз жаңғыруының кепілі*** *және* ***мәдени тәуелсіздіктің басты тірегі***.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аронов, М. (2018). Қорқыт феномені және түркілік руханият. Астана: ЕҰУ баспасы.
2. Қоңыратбаев, Ә. (1986). Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым.
3. Марғұлан, Ә. (1974). Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы.
4. Рахметов, Қ. (2012). Қорқыт ата кітабы және оғыздық эпикалық дәстүр. Алматы: Қазақ университеті.
5. Тоқаев, Қ. К. (2024). Жаңа Қазақстан: білім мен ғылым – ұлттық дамудың өзегі. Қазақстан халқына Жолдау. Астана.
6. UNESCO. (2018). The Book of Dede Korkut – Heritage of Humanity. Paris.
7. Жирмунский В.М., Кононов А.Н. (1962). Книга моего деда Коркута. Москва: Издательство академии наук СССР.

ЗЕЙТІН АҚЫШЕВТІҢ «ЖАЯУ МҰСА» ЖӘНЕ «ИМАНЖҮСІП» РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘНШІ АҚЫНДАРДЫҢ БЕЙНЕСІ

Кокбас Ж., Ережепова А.
М.Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, Қазақстан.

Қазақ әдебиетінде тарихи тұлғаларды көркемдік тұрғыдан бейнелеу дәстүрі – ұлттық рух пен халық жадында сақтаудың ең маңызды бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан Зейтін Ақышевтің шығармалары ерекше орын алады. Оның «Жаяу Мұса» мен «Иманжүсіп» романдары – тек екі тұлғаның өмірін емес, бүкіл бір дәуірдің әлеуметтік, рухани және эстетикалық болмысын бейнелейтін көркем шежіре. Зерттеу мақсаты – осы екі шығарма арқылы қазақ халқының рухани еркіндігі мен өнердің әлеуметтік миссиясын ашу. Тақырыптың өзектілігі – қазіргі заманда тарихи тұлғалардың бейнесі арқылы ұлттық сана мен өнердің құндылығын қайта тану қажеттілігінде. Жазушы сомдаған кейіпкерлердің тағдыры тек өткеннің айнасы емес, бүгінгі қоғам үшін де рухани бағдар бола алады.

Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» романы – қазақ әдебиетінің ең биік рухани шыңдарының бірі, халықтың өнер мен азаттық жолындағы күресін көркем бейнелеген туынды. Бұл шығармада автор бір ғана тұлғаның емес, бүтін бір дәуірдің тағдыры. Жаяу Мұса бейнесі – XIX ғасырдағы қазақ қоғамының рухани қозғалысын, әділет пен теңдікке ұмтылысын білдіретін көркем символ. Романның басты идеясы адам бойындағы өнері адамзат тарихын рухани азат етеді. Осы тұрғыдан, З. Ақышевтің еңбегі тек тарихи баяндау емес, ол – ұлт санасын оятқан көркем манифест. Жаяу Мұса – қарапайым халық арасынан шыққан, табиғи дарынымен қоғамдағы әділетсіздікке қарсы тұрған тұлға. Оның өмір жолы өнер мен еркіндік ұғымдарының бір-бірімен тоғысқан бейнесі. Жазушы кейіпкердің күресін сыртқы әлеуметтік жағдай арқылы ғана емес, ішкі рухани тартыс арқылы да көрсетеді. Мұса бай мен манаптардың озбырлығына қарсы шыққанда, ол тек өзін қорғап тұрған жоқ, ол халық намысының жаршысы болды. Сондықтан оның әні жай ғана музыкалық туынды емес, халықтың мұң-зарын, үмітін және рухани қарсылығын жеткізетін символдық құралға айналды. З. Ақышевтің шеберлігі – кейіпкердің ішкі жан дүниесін поэтикалық тереңдікпен ашуында. Романдағы “адамды азат ететін күш – оның ішкі рухы” деген идея [1,142-б] Мұсаның болмысын толық айқындайды. Ол өз заманының шектеулеріне бағынбай, рухының күшімен еркіндікті сезінеді. Оның азаттығы сыртқы жағдайға емес, ішкі ерік-жігерге байланысты. Жазушы осы ойды жеткізу үшін Мұсаның тағдырын қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтармен қатар бейнелейді: байлардың әділетсіздігі, биліктің рухани соқырлығы және халықтың үнсіздігі – бәрі де кейіпкердің жеке драмасының фонында көрінеді. Романның көркемдік қуатын арттырып тұрған тағы бір қыры – халықтың рухымен үндес тілі мен стилі. З. Ақышев тарихи деректерге сүйене отырып, халық ауыз әдебиетінің интонациясын, шешендік дәстүрін, қазақ ән өнерінің биіктігін шебер көрсете білді. Осы арқылы роман тек баяндау емес, рухани әуенге айналады. Жаяу Мұсаның айтқан әрбір сөзі мен әні оқырманға моральдық тазалық, ар-ождан және рух биіктігі туралы ой салады. Мұсаның өміріндегі ең ауыр кезеңде де рухани жан дүниесі ешқашан сынған жоқ. Жазушы кейіпкердің қуғын – сүргін көрген кезінде жалғыздық көрген кезеңдерінде де жан-дүниесінің күйзелісі арқылы көрсетеді. Бірақ бұл күйзеліс әлсіздіктің емес, керісінше, адамдық биіктің көрінісі. Мұса әділет іздеп ел кезген сәттерінде де өз міндетін ұмытпайды – ол халыққа рух беру үшін өмір сүрді. Осы арқылы З. Ақышев “өнер – ұлттың ар-ожданы” деген тұжырымды астарлап жеткізеді. «Жаяу Мұса» романы – өнер мен адамгершілік идеяларының түйісу нүктесі. Мұнда еркіндік ұғымы саяси емес, рухани деңгейде ашылған. Жазушы үшін нағыз азаттық – адамның рухын тізгіндемеу. Ал Жаяу Мұса болса, осы еркіндіктің көркем бейнесі. Ол қоғам қысымына қарамастан, өз даусын жоғалтпайды, өйткені оның әні – халықтың жүрегінен туған үн. Осылайша, Зейтін Ақышев Жаяу Мұса тұлғасын ұлт рухының символына айналдырып, қазақ әдебиетінде еркін рух пен өнердің мәңгілік байланысын паш етті.

М. Атымовтың «Қазақ мемуарлық романы» атты еңбегіндегі талдау Зейтін Ақышев шығармашылығын терең түсінуге бағыт береді. Ғалым Жаяу Мұсаның бейнесін мемуарлық дәстүр мен көркемдік синтездің тоғысында қарастыра отырып, жазушының тарихи дерек пен көркем қиялды үйлестіру шеберлігін ерекше атап өтеді. Ол “Жаяу Мұса сынды кейіпкерлер халықтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлт рухының символына айналды”, - деді [2, 76-б]. Бұл пікірдің астарында З. Ақышевтің шығармашылық миссиясы жатыр – ол тек өткенді баяндап қана қоймай, оны ұлттық сана тұрғысынан қайта тірілтті. Әдебиет зерттеушісі Атымовтың айтуынша, мемуарлық роман жанрының басты ерекшелігі – тарихи тұлғаның өмір жолын нақты деректер арқылы көрсету ғана емес, оның ішкі әлемін, рухани болмысын ашу. Осы тұрғыдан З. Ақышев өз кейіпкерін дерек пен сезімнің, шындық пен көркемдік ойдың тоғысында суреттейді. Жаяу Мұса бейнесінде тарихи өмір шындығы бар, бірақ ол жай факт емес – ол ұлттық рухтың көркем метафорасына айналған тұлға. Бұл тәсіл арқылы жазушы бір жағынан тарихи әділетті қалпына келтірсе, екінші жағынан, ұлттың рухани кодын сақтап қалуға үлес қосады. М. Атымов мұндай стильді “көркемдік деректілік” деп сипаттайды. Бұл ұғым – көркем прозада дерек пен ойдың бірлігін білдіреді. З. Ақышев дәл осы әдісті қолдана отырып, тарихи шындықты эмоционалды-психологиялық әсермен байытады. Мысалы, Жаяу

Мұсаның әділет іздеп, билік пен байларға қарсы шығуы оқырманға тек тарихи оқиға ретінде емес, рухани күрес ретінде әсер етеді. Мұнда жазушының басты мақсаты – өткеннің нақты көрінісін ғана емес, сол дәуірдің рухын жеткізу. Атымовтың Жаяу Мұса секілді кейіпкерлерді «ұлттық сана ескерткіші» деп атағаны тегін емес. Оның пікірінше, Ақышев осындай тұлғалар арқылы халықтың ұжымдық жады мен рухани тәжірибесін әдеби формада қайта жаңғыртады. Жаяу Мұса – өткен ғасырдың ғана емес, бүгінгі оқырманның да жүрегіне әсер ететін бейне, себебі оның күресі – мәңгілік құндылықтар үшін күрес. Атымовтың пайымдауында З. Ақышев тарихи материалды жай баяндап қоймайды, оны көркемдік тұрғыдан қайта “тудырады”. Яғни, жазушы үшін тарих – шабыт көзі, ал тұлға – сол тарихтың ішіндегі рухани кілт. Жаяу Мұсаның бейнесін суреттегенде автор оқиғаның сыртқы логикасына емес, ішкі сезімдік динамикасына мән береді. Бұл тәсіл кейіпкердің адамдық болмысын, рухани тік тұруын айқындайды. Сөйтіп, М. Атымовтың талдауы З. Ақышев прозасындағы ең басты қасиетті анықтайды: тарихи тұлға – халықтың рухани жадындағы тірі бейне. Ол ұлттың намысы мен еркіндік идеясының көркем көрінісіне айналған. Жаяу Мұса романы осындай тұлға арқылы ұлттың өткені мен бүгінін байланыстырып, әдебиеттегі рухани сабақтастықтың айқын үлгісін көрсетеді.

Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыс қазақ халқының отарлық езгіге қарсы рухын көтерген тарихи кезең болды. Сол дәуірдегі ерлердің бейнесі – елдің намысын қорғаған, рухын сақтаған халық қаһармандарының жиынтық келбеті. Иманжүсіптің тұлғасы осы қозғалыстың рухани жалғасы іспетті. Ол Кенесары бастаған еркіндік идеясын өзінің әрекетімен де, поэзиялық мұрасымен де жалғастырды. Халық арасында Иманжүсіп Кенесарының батыр серіктерінің бірі ретінде ғана емес, оның рухани мирасқоры ретінде танылды. Кенесары заманындағы ұлт бостандығы жолындағы күрес Иманжүсіптің өмірлік ұстанымына айналды. Оның поэзиясында отарлық саясатқа қарсылық, намыс, еркіндік идеясы айқын көрініс табады. Бұл бағытта жазушы Зейтін Ақышев те Иманжүсіптің бейнесін халық батырлығы мен рухани биіктіктің символы ретінде сомдаған.

Иманжүсіптің ерлігі мен адамгершілігі Кенесары ханның идеясымен үндес: екеуінің де күресі тек билік үшін емес, ел намысы үшін, халықтың рухани дербестігі үшін болған. Кенесары дәуіріндегі соғыстар – сыртқы күштерге қарсылықтың ғана емес, ішкі бірлікті іздеудің де көрінісі еді. Иманжүсіп осы тарихи жағдайдың моральдық сабақтарын өз бойына сіңірген тұлға. Ол қарулы күрестің дәуірінен кейін де әділет пен намыстың туын құлатпай, поэзия арқылы елдің рухын сақтады. Оның өлеңдеріндегі “ерлік”, “азаттық”, “қазақтың намысы” секілді ұғымдар Кенесары дәуіріндегі ұлтшылдық рухтың көркем жалғасы іспетті.

Мысалы, Иманжүсіптің:

«Еркіндік – елдің жаны, ел намысы – ердің қаны»

деген жолдары халықтың отарлық қыспақта да рухынан айырылмағанын білдіреді. Ақынның бұл ұстанымы Кенесарының «Ер намысы – ел намысы» қағидасымен тікелей сабақтас. Демек, Иманжүсіп өз шығармашылығында Кенесары бастаған ұлттық сана қозғалысының поэтикалық жалғастырушысы болды.

Зейтін Ақышев «Иманжүсіп» романында бұл идеяны тарихи-психологиялық тұрғыда аша отырып, батырдың бейнесін тек соғыс символы емес, рухтың көркем метафорасы ретінде көрсетеді. Автор Иманжүсіптің күресін Кенесары ханның тарихи әрекеттерімен параллель қоя отырып, қазақ халқының еркіндік үшін күресінің үзілмеген желісін бейнелейді. Жазушы үшін Иманжүсіп – тарихтағы соңғы батыр ғана емес, рухани эстафетаны жалғаған тұлға. Оның іс-әрекеттері Кенесары тұсындағы батырлар секілді тікелей саяси қарсыласуға емес, моральдық еркіндікке негізделген.

Иманжүсіптің бейнесінде Кенесары дәуірінен кейінгі батырлар психологиясы – отарлық қысым мен рухани қарсылық арасындағы күрделі тепе-теңдік айқын сезіледі. Оның “үнсіз қарсылығы”, “рухани сабыры” – бұл кезеңдегі халықтың ішкі күйзелісінің көркем көрінісі. Егер Кенесары қару арқылы азаттық іздесе, Иманжүсіп сөз, өнер және мораль арқылы күресті жалғастырды. Ақышев осы айырмашылықты көркемдік тәсілмен айқындайды: Иманжүсіптің батырлығы – физикалық емес, рухани кеңістікке ауысқан күрес.

Романдағы Иманжүсіптің іс-әрекеттері – халық намысын қорғауға бағытталған. Ол отарлық биліктің әділетсіздігіне қарсы шыққанда, жеке басының мүддесін емес, ұлт рухының абыройын қорғайды. Бұл қасиет Кенесарының саяси ұстанымымен де, Жаяу Мұсаның рухани еркіндігімен де сабақтас. З. Ақышев осы үш тұлғаның – Кенесары, Жаяу Мұса және Иманжүсіптің – ортақ идеясын «еркіндік пен өнердің тұтастығы» деп көрсетеді.

Иманжүсіптің өлеңдері мен аңыздық сөздерінде сол тарихи күрестің рухы анық аңғарылады. Мысалы, халық аузында сақталған:

«Елім-ай, елдігім қайда кетті, еркіндігім қайда?» -

деген жолдар оның Кенесары дәуіріндегі ұлт намысын сағынғанын көрсетеді. Бұл – еркіндікке деген сағыныш, рухтың сөнбеген жалынның көрінісі.

З. Ақышев романда Иманжүсіптің бейнесін бейбіт кезеңде өмір сүрсе де, "соғыссыз батыр", "қарусыз күрескер" ретінде сипаттайды. Ол Кенесары заманындағы ерлердің тікелей жалғасы ретінде бейнеленеді. Батырдың әндері мен сөздері – рухани күрестің қаруы. Иманжүсіптің өмірінде отарлық қыспаққа, биліктің зұлымдығына, әділетсіз сотқа қарсы тұру сәттері – Кенесарының соғыстарымен рухтас көріністер. Бірақ мұнда найза мен қылыштың орнына сөз, намыс және өнер тұрған. Кенесары дәуіріндегі соғыстардан кейінгі тарихи күйзеліс Иманжүсіптің жан әлемінде терең із қалдырды. Оның поэзиясында сол дәуірдің жаңғырығы – әділет іздеген рухтың дауысы бар. Ақынның: «Тірі болсам, намысым өлмес менің», - деген жолдары оның Кенесары рухымен рухтас тұлға екенін дәлелдейді. Иманжүсіп бейнесі арқылы Ақышев халықтың азаттық идеясын соғыстан рухқа, рухтан өнерге айналдырды. Осы тұрғыдан, Кенесары тұсындағы соғыстың жалғасы — Иманжүсіптің жүрегіндегі рухани шайқас. Ол найза ұстаған батырлар дәуірінің соңғы үні, бірақ жаңа кезеңнің – поэзиялық еркіндіктің бастаушысы болды.

Сөйтіп, Кенесары дәуіріндегі соғыстар мен Иманжүсіптің рухани ерлігінің арасындағы тарихи сабақтастық – қазақ халқының еркіндік пен намыс жолындағы күресінің үзілмегенін айқындайды. Ақышев осы идеяны терең бейнелеп, Иманжүсіпті ұлт рухының соңғы сарбазы ретінде көрсетеді. Оның өлеңдері – соғыстың жалғасы, бірақ ол қарумен емес, сөзбен, рухпен жасалған күрес. Зейтін Ақышевтің «Иманжүсіп» романы [3, 29-б.] – қазақ халқының еркіндік рухы мен адамгершілік құндылықтарын көркемдік биік деңгейде бейнелеген туынды. Бұл шығармада жазушы батыр тұлғасын тек тарихи дерек шеңберінде емес, рухани-адамдық кеңістікте суреттейді. Иманжүсіп бейнесі – азаттықты аңсаған, әділетсіздікке қарсы күрескен халық батырының символы. Ол тек найза мен күштің иесі емес, ішкі рухының қуатымен қоғамға қарсылық танытқан тұлға. З. Ақышевтің бұл кейіпкерді сомдаудағы басты ерекшелігі – еркіндік идеясын сыртқы әрекеттен гөрі, ішкі күйзеліс пен рухани биіктік арқылы көрсетуінде. Романдағы Иманжүсіптің күресі – ұлттық еркіндіктің көркем көрінісі. Жазушы оны билікке қарсы шыққан қарапайым батыр ретінде емес, ар-ожданның өкілі ретінде танытады. Оның әділетсіз қоғаммен күресі сыртқы қақтығыс емес, рухани майдан. "Үнсіздік – кейде қарсылықтың ең қатты түрі" [3, 97-б.] деген идея осының дәлелі. Иманжүсіптің үнсіздігі – оның рухани қарсылығының, сабырлы азаттығының символы. Ол қоғамның қатыгездігіне ашу емес, ар-ұжданмен жауап береді. Мұндай бейне қазақ әдебиетінде сирек кездеседі, өйткені мұнда батырдың күші – оның адамдық арында, үнсіз сабырында. З. Ақышев Иманжүсіп тұлғасын суреттегенде, оның ішкі жан әлемін ерекше дәлдікпен ашады. Жазушы эпикалық баяндау мен психологиялық талдауды шебер ұштастырып, кейіпкердің әрекеттерін ішкі сезіммен негіздейді. Мысалы, батырдың тұтқындалу сәттерінде автор оның қорқынышын емес, намысын суреттейді; қорғансыздық емес, рухтың тік тұруын көрсетеді. Бұл тәсіл арқылы Ақышев батырдың сыртқы бейнесін емес, ішкі рухани еркіндігін көрсетуді мақсат еткен. Романдағы көркемдік стиль эпикалық тыныспен өрілген. Автор халық жадындағы аңыздар мен тарихи деректерді біріктіріп, көркем шындық деңгейіне көтереді. Осы арқылы оқырман Иманжүсіптің тек жеке тағдырын ғана емес, тұтас дәуірдің рухын сезінеді. Оның әрбір ісі, әрбір ойы – ұлттық еркіндікке ұмтылыстың көрінісі. З. Ақышев бұл образ арқылы қазақ халқының отарлық кезеңдегі рухани күйін де бейнелейді: әділетсіздік, билік пен халық арасындағы алшақтық, намыстың тұншықтырылуы – бәрі Иманжүсіптің ішкі драмасында

көрініс табады. Жазушының тіл өрнегі де ерекше. Ол батырдың ішкі толғанысын бейнелеуде халық поэзиясының реңктерін, шешендік сөздің интонациясын пайдаланады. Бұл тәсіл Иманжүсіп бейнесін халықтық сипатқа ие етеді. Оның сөздері қысқа, бірақ салмақты; іс-әрекеті сабырлы, бірақ терең мағыналы. Сол себепті романның әр эпизоды философиялық мазмұнға ие – ол адам рухының төзімділігін, өнер мен әділет арасындағы мәңгілік байланысты көрсетеді. Иманжүсіптің бейнесі – еркіндік пен адамгершіліктің тоғысқан тұсы. Ол күресте жеңіліс тапқанымен, рухында жеңімпаз болып қалады. З. Ақышевтің суреттеуінде бұл кейіпкер ұлттың азаттық рухының бейнесіне айналады. Роман оқырманды батырдың қайсарлығымен ғана емес, оның сабырлы адамгершілігімен де баурайды. Осылайша, «Иманжүсіп» туындысы – еркіндіктің үнін өнер мен адамдық ар арқылы жеткізген рухани шежіре.

Р. Нұрғалиевтің Зейтін Ақышев шығармашылығына берген бағасы – жазушының қазақ әдебиетіндегі орнын айқындайтын маңызды ғылыми тұжырымдардың бірі. Ол "Зейтін Ақышевтің тарихи романдары – ұлт рухының көркемдік формасы, ал оның кейіпкерлері – еркіндік идеалының бейнесі" деді [4, 83-б.]. Бұл пікірде Нұрғалиев жазушыны тек тарихи тақырыпты игерген қаламгер ретінде емес, ұлттық рухты көркем формада жеткізе білген суреткер ретінде бағалайды. Оның пайымдауынша, Ақышевтің туындыларына тән басты ерекшелік – рухани тереңдік пен адамгершілік тұтастық. Нұрғалиев атап өткендей, З. Ақышевтің шығармаларында өнер мен адамдық ар бір-бірінен ажырамайды. Бұл категориялар жазушыда біртұтас жүйе ретінде көрінеді, себебі оның кейіпкерлері үшін өнер – өмірдің мәні, ал адамгершілік – сол өнердің өзегі. Мысалы, Жаяу Мұса мен Иманжүсіп бейнелерінде өнер тек эстетикалық құбылыс емес, ол рухтың еркіндігін қорғаудың жолы. Нұрғалиев "көркем кейіпкердің өміршеңдігі – оның ішкі рухани қозғалысында" дейді [4,92-б.]. Демек, кейіпкердің шынайылығы оның іс-әрекетінде емес, ішкі сезім әлемінде жатыр. Бұл – З. Ақышев шығармашылығына тән психологиялық дәлдік пен философиялық тереңдіктің көрінісі. Р. Нұрғалиев З. Ақышевтің жазушылық стилін "адам рухының қозғалысын бейнелеудің мектебі" деп сипаттайды. Оның айтуынша, жазушы өз кейіпкерлерін сыртқы батырлық арқылы емес, ішкі моральдық биіктік арқылы ұлықтайды. Жаяу Мұса мен Иманжүсіптің өмір жолдары, сырт көзге, тағдыр соққылары мен әділетсіздікке толы. Алайда олардың ішкі арпалысы – рухани жеңіс. Нұрғалиев осыны ерекше атап көрсетеді: "Ақышевтің кейіпкерлері трагедияда өмір сүрсе де, рухында жеңімпаз". Бұл идея жазушының философиялық көзқарасын дәл бейнелейді. З. Ақышевтің прозасында кейіпкердің күресі әрқашан рухани деңгейде жүреді. Р. Нұрғалиевтің талдауынша, автор үшін ең маңыздысы – адам мен қоғам арасындағы тартыс емес, адамның өз ар-ожданы алдындағы күресі. Бұл ерекшелік оның романдарындағы көркемдік жүйенің өзегіне айналған. Нұрғалиевтің айтуынша, Ақышевтің туындылары қазақ әдебиетіне жаңа деңгей әкелді: ол тарихты тек оқиға ретінде емес, адам рухының эволюциясы ретінде қарастырды. Р. Нұрғалиевтің көзқарасынша, жазушының көркем әлемі – ұлттық мінездің айнасы. Ол "Зейтін Ақышев өз кейіпкерлерін қоғамның шындығынан емес, халықтың жүрегінен іздеді" деп жазады. Бұл тұжырым жазушының ұлт рухымен біте қайнасқан шығармашылық табиғатын ашады. Оның кейіпкерлері – өз заманының күрескерлері ғана емес, қазақ халқының рухани кодын бейнелейтін тұлғалар. Осы тұрғыдан алғанда, Нұрғалиевтің пікірлері З. Ақышев шығармашылығына берілген ең әділ бағалардың бірі. Ол жазушыны тарихи проза шебері ретінде ғана емес, рухани еркіндікті көркем түрде жеткізген ойшыл ретінде бағалайды. Жаяу Мұса мен Иманжүсіптің өмір жолындағы күрес, ар-намыс пен әділетке адалдық – жазушының дүниетанымындағы басты тақырыптар. Нұрғалиевтің тұжырымдары осы идеяларды ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, З. Ақышевтің шығармаларын ұлттық рухтың көркем энциклопедиясы ретінде танытады.

М. Хамзиннің "Қазақ прозасындағы сал-серілер бейнесі" атты зерттеуінде З. Ақышевтің еңбектері ұлттық мәдениеттің жалғасы ретінде қарастырылады. Ғалым "Ақышев сал-серілердің көркем бейнесін тек тарихи емес, рухани феномен ретінде танытты"- деді [5,63-б.]. Хамзиннің тұжырымынша, Жаяу Мұса мен Иманжүсіп бейнелері арқылы автор ұлттық

өнердің ішкі философиясын ашады: өнер – еркіндіктің тілі, ал еркіндік – өнердің негізі. Бұл байланыс қазақ әдебиеті тарихының рухани кодын айқындайды.

М. Атымов [6,78-б.] пен Р. Нұрғалиев [6, 89-б.] пікірлерін салыстырғанда, екеуі де З. Ақышевтің шығармашылық әдісін тарихи реализм мен рухани символизмнің түйісу нүктесі ретінде таниды. Егер Атымов тарихи негізділік пен деректілікке басымдық берсе, Нұрғалиев жазушының рухани-психологиялық тереңдігіне назар аударады. Ал Хамзин осы екі қырды ұштастырып, Ақышев туындыларындағы ұлттық мәдени сабақтастықты көрсетеді.

Жаяу Мұса мен Иманжүсіптің бейнелерін салыстырғанда, олардың тағдырларындағы ортақтық айқын: екеуі де халықтың сөзін сөйлеген, өнерін қорғаған, әділет жолында күрескен. Бірақ Жаяу Мұса қарсылығын ән мен поэзия арқылы білдірсе, Иманжүсіп ерлік пен азаматтық әрекет арқылы көрсетті. З. Ақышев бұл екі тұлғаның өмірін параллель суреттеу арқылы қазақ рухының екі қырын – нәзік өнер мен батырлықты – бір арнаға тоғыстырады.

М. Хамзиннің зерттеуіндегі «Сал-сері рухы – еркін ой мен эстетикалық биіктіктің көрінісі» [5, 66-б.] деген пікір осы идеяның өзегін дәл ашады. Ақышев кейіпкерлері үшін өнер – тек өмір сүру тәсілі емес, рухани қару. Олар ән арқылы әділетсіздікке қарсы тұрып, халықтың рухын биіктетеді.

Қорыта айтқанда, Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» және «Иманжүсіп» романдары қазақ прозасында тарихи және рухани тақырыпты синтездеген бірегей туындылар болып табылады. Автор екі өнерпаз тұлғаның тағдыры арқылы ұлттың азаттығын, рухани еркіндігін және өнердің қоғамдағы орнын ашып көрсетті. М. Атымовтың [2, 76-б] пікірінше, бұл романдар деректілік пен көркемдіктің үйлесімін таба білген жаңа типтегі тарихи проза үлгісі болса, Р. Нұрғалиев [4, 8-б.] оларды “ұлттық рухтың эстетикалық формасы” деп бағалады. Ал М. Хамзин [5, 63-б.] бұл шығармаларды “сал-серілер дәстүрінің көркем жалғасы” деп сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, З. Ақышевтің шығармашылығы – қазақ әдебиетінде өнер мен еркіндік идеясының көркем тұғырын бекіткен құбылыс. Жаяу Мұса мен Иманжүсіп бейнелері бүгінгі оқырманға да рух беріп, өнердің адамды азат ететін мәңгілік күш екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақышев З. Иманжүсіп. Роман. Түзетіліп, толықтырып екінші басылуы. Алматы, 2003. – 416 б.
2. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. – Алматы: 1975. – 379 б.
3. Ақышев З. Иманжүсіп творбы // e-History.kz. — URL: https://e-history.kz/kz/news/show/1975
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу, Астана, Күлтегін баспасы, 2002 – 528 б.
5. Хамзин М. Қазақ прозасындағы сал – серілер бейнесі. – Қарағанды, 2016. – 138 б.
6. Атымов М., Хасенов М., Нұрғалиев Р. Қазақ мемуарлық романы. Алматы, 2010. – 323 б.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Кокбас Ж., Илюбаева А.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаға бағытталған оқыту идеясын жүзеге асыруды мақсат етеді. Әдебиет сабағында бұл бағыт оқушының көркем мәтінді түсіну, оны өмірмен байланыстыру және ұлттық дүниетанымды игеру қабілеттерін дамыту арқылы көрініс табады. Осы орайда инновациялық технологияларды қолдану – дәстүрлі оқытудың мазмұнын жаңартып, шығармашылық әрекетті арттырудың басты жолы. Әдебиетті оқытудағы инновациялық әдістердің өзектілігі – көркем туындыны оқушының эмоционалды және зияткерлік деңгейіне бейімдеп жеткізуде. Мақаланың өзектілігі – Ғабит Мүсірепов шығармаларын, әсіресе “Ұлпан” туындысын оқыту барысында оқушының танымдық қызығушылығын арттыруда заманауи әдістерді пайдалану қажеттілігінде.

Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығы қазақ әдебиетінде әйел бейнесін жаңа көркемдік биікке көтерумен ерекшеленеді. Жазушы әйел образын тек тұрмыстық немесе әлеуметтік

тұрғыдан емес, ұлттық рух пен адамзаттық ізгіліктің көрінісі ретінде бейнелейді. “Ананың арашасы”, “Ашынған ана”, “Ақлима” секілді әңгімелерінде аналық махаббат, мейірім мен жанкештілік қасиеттері арқылы ұлттың рухани өзегін танытады. Мүсіреповтің әйел кейіпкерлері – қайсарлық пен нәзіктіктің, даналық пен намыстың бірлігін танытатын тұлғалар. “Ұлпан” романында жазушы қазақ қоғамындағы әйелдің орны мен рухани жауапкершілігін ерекше ашып көрсетеді. Ұлпан – тек заманының ержүрек қызы ғана емес, ел тағдырын, қоғамның әділет пен теңдік идеясын бойына сіңірген бейне. Р.Нұрғали “Ғ. Мүсірепов әйел бейнесі арқылы ұлттың рухани тамырын, адамгершілік биігін көрсетті” деп бекер айтпаған [1, 45-б.]. Себебі, жазушының кейіпкерлері өмірдің күрделі тартыстарында адамдық болмыстың ең асыл қасиеттерін қорғай біледі. Мүсіреповтің әйелдері – ішкі рух күшімен ұлттың абыройын сақтаушы аналар. Сондықтан да оның шығармалары – аналар тақырыбы арқылы қазақ қоғамының тарихи, моральдық және философиялық болмысын танытатын көркем айна.

“Ұлпан” шығармасы – қазақ әдебиетіндегі әйел тұлғасын жаңа биікке көтерген туынды. Жазушы Ғабит Мүсірепов бұл романда әйелдің тек отбасылық рөлін емес, қоғам алдындағы жауапкершілігін, аналық парасатын және ұлттық сананың тұтастығын суреттейді. Ұлпан бейнесі арқылы жазушы ел тағдыры мен рухани биіктікті ұштастырып, заманының әлеуметтік сипатын, әйелдің азаматтық болмысын терең көрсетеді. Бұл туындыны 9-сынып оқушыларына оқыту тарихи және адамгершілік тұрғыдан аса маңызды, себебі шығарма арқылы оқушылар қоғамдағы әйел бейнесінің эволюциясын, ұлттық құндылықтар мен моральдық қағидалардың мәнін ұғынады. Қазіргі заманда “Ұлпан” шығармасын оқытуда интерактивті технологияларды қолдану - ең тиімді әдістердің бірі. Сабақ барысында “Kahoot” платформасы арқылы викториналық сұрақтар құру немесе ситуациялық тапсырмалар беру оқушыларды белсенді ойлануға итермелейді. “Padlet” платформасында кейіпкер бейнесін топпен сипаттау, эмоциялық карта жасау, шығарманың негізгі идеяларын кластер түрінде көрсету сияқты әдістер оқушылардың аналитикалық және креативті қабілеттерін дамытады. Ал “Mentimeter” арқылы пікірталас сұрақтарына жауап жинау — оқушылардың ой еркіндігін қалыптастырады және топтық талқылау мәдениетін тәрбиелейді. Мұндай тәсілдер оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы деңгейіне көтереді. А.Бейсенбаева өз зерттеуінде: “Инновациялық технология – оқытудағы мазмұн мен әдістің синтезі, яғни ол білімді тек игерту емес, тұлғаны дамыту құралы” деп жазады [2, 67-б.]. Бұл пікір “Ұлпан” шығармасын оқытуда технологияны жай көмекші құрал емес, оқушының тұлғалық және рухани дамуының қозғаушы күші ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Мұғалім мұнда бағыт беруші, ал оқушы – танымдық ізденістің белсенді субъектісі. Интерактивті әдістер арқылы оқушылардың өз пікірін дәлелдеу, логикалық ой қорыту, мәдени және адамгершілік құндылықтарды түсіну қабілеттері дамиды. Нәтижесінде, “Ұлпан” тақырыбындағы сабақ жай әдеби талдаудан шығып, өмірмен ұштасқан, тәрбиелік әрі танымдық сабаққа айналады.

“Ұлпан” шығармасын талдауда “Дебаттық платформа” әдісін қолдану - оқушылардың сыни ойлау, өз пікірін дәлелдей білу және көркем мәтінді терең түсіну дағдыларын дамытуда аса тиімді тәсіл. Бұл әдісте сынып екі топқа бөлініп, бір топ Ұлпан бейнесін “дәуірдің өкілі”, яғни өз заманының әлеуметтік шындығын бейнелеген тұлға ретінде қарастырса, екінші топ оны “заманынан озып туған, ұлттық сана мен гендерлік тепе-теңдікті сезіне білген әйел” ретінде дәлелдеуге тырысады. Мұндай пікірталас барысында оқушылар тек мәтін мазмұнын талдап қоймай, өз көзқарасын логикалық тұрғыда негіздеп, дерек пен дәйек арқылы қорғауды үйренеді. Бұл – XXI ғасыр дағдыларына сай білім алушы тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік береді. Әділғазы Қайырбеков “Мүсірепов шығармаларының ерекшелігі – ұлттық мінезді жаңа көзқараспен көрсетуінде”,- деп атап өтеді [3, 52-б.]. Ғалымның бұл ойы оқыту процесінде тек көркемдік талдау жүргізу жеткіліксіз екенін, басты мақсат – оқушы бойында өмірлік ұстаным мен адамгершілік құндылық қалыптастыру екенін дәлелдейді. Сондықтан “Дебаттық платформа” әдісін пайдалану арқылы оқушылар өз пікірін еркін білдіріп, кейіпкер әрекетін қазіргі заман құндылықтарымен салыстыра алады. Бұл тәсіл оқушылардың әдеби талдау қабілетін арттырып қана қоймай, олардың дүниетанымын кеңейтеді және ұлт мәдениетіне деген қызығушылығын күшейтеді.

Ғабит Мүсірепов шығармаларын тақырыптық тұрғыдан салыстыра оқыту оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейтіп, кейіпкерлердің моральдық және рухани әлемін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Әсіресе ана тақырыбына арналған туындыларды “Ашынған ана” мен “Ұлпан” шығармаларын қатар талдау оқушыны шығарманың ішкі мазмұнына бойлатудың тиімді жолы болып табылады. “Ашынған анадағы” Қайыркен мен “Ұлпандағы” Ұлпан бейнелері әр дәуірдің аналық болмысын бейнелесе де, екеуін біріктіретін ортақ қасиет – мейірім мен жауапкершіліктің үндестігі. Қайыркен бейнесі арқылы жазушы ананың перзент алдындағы шексіз махаббатын, тағдырға қарсы тұрар қайсарлығын көрсетсе, Ұлпан арқылы қоғам алдындағы аналық жауапкершілікті, ел мен ұлт қамын ойлайтын әйелдің парасатын суреттейді. Бұл екі бейнені салыстыру арқылы оқушылар аналық сезім мен қоғамдық борыштың өзара байланысын ұғынады. Қ.Жұмаділов: «Ана тақырыбы – Мүсірепов шығармаларының рухани өзегі. Ол ананы тек отбасы тірегі емес, ұлттың ұяты»,- деп суреттейді [4, 118-б.]. Ғалымның бұл пікірі жазушының әйел образы арқылы ұлттың ар-намысын, рухани тұтастығын және мәдени тектілігін бейнелеудегі ұстанымын нақтылайды. Осындай салыстырмалы талдау тәсілі арқылы оқушылар жазушы шығармаларындағы аналық мейірімнің әлеуметтік мәнін түсініп, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеді.

Бүгінгі күні әдебиетті оқытуда жобалық технология ерекше орын алады. 9-сынып оқушыларына “Ұлпан – тарих пен тағдыр айнасында” атты мини-жоба жасау тапсырылады. Бұл жобаға тарихи деректер, жазушы өмірінен үзінділер, шығарманың заманауи интерпретациясы енгізіледі. Оқушылар өз зерттеулерін Canva немесе PowerPoint форматында қорғап, заманауи презентация жасауға үйренеді. Инновациялық технологиялардың тағы бір бағыты - виртуалды экскурсия. Мұғалім “Ғабит Мүсірепов мұражайына саяхат” атты бейнематериал дайындап, оқушыларды жазушының өмір жолымен интерактивті таныстыра алады. Мұндай тәсіл оқушылардың әдеби тұлғаға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық сезімін оятады. Ғалым Ш.Құрманалина «Инновациялық әдіс тек технология емес, ол педагог пен оқушының шығармашылық серіктестігі»,- деді [5, 73-б.]. Бұл қағида әдебиетті оқытудың жаңа парадигмасына сай келеді. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қарым-қатынас – әдеби шығарманы өмірмен байланыстыра талдаудың кепілі.

Инклюзивті білім беру мен цифрлық технологияларды біріктіре отырып “Ұлпан” шығармасын оқыту – заманауи педагогиканың ең тиімді бағыттарының бірі. Мұндай тәсіл әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барлығына тең мүмкіндіктер жасауға жағдай туғызады. Сабақ барысында визуалды бейнелер, аудиомәтіндер мен бейнеүзінділерді пайдалану оқушылардың қабылдау арналарының әртүрлілігін қамтиды: біреулер тыңдау арқылы жақсы есте сақтаса, екіншілер көру немесе әрекет арқылы ақпаратты меңгереді. “Ұлпан” бейнесін сипаттайтын маңызды үзінділерден mind-map құрастыру - оқушылардың ойлау жүйесін құрылымдап, көркем мәтіндегі байланыстарды көрнекі түрде түсінуге көмектеседі. Бұл әдіс оқушылардың визуалды есте сақтау қабілетін жетілдіріп қана қоймай, олардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, осындай инновациялық тәсілдер топтық жұмысқа ынталандырып, коммуникациялық мәдениетті дамытады. Әрбір оқушы ортақ өнім жасауға қатысып, өз идеясын ұсыну арқылы жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сабақ соңында “One word” әдісін қолдану ерекше маңызға ие: әр оқушы “Ұлпан” кейіпкері немесе шығарма туралы өз әсерін бір ғана сөзбен білдіреді. Бұл тәсіл эмоционалды тұрғыдан сабақтың мазмұнын бекітіп, оқушылардың ішкі сезімін ашуға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдар мен инклюзивті әдістердің осылайша үйлесуі әдебиетті оқыту үдерісін жандандырып, оқушыларды шығармашылық және саналы ойлауға жетелейді.

Қорыта айтқанда, Ғабит Мүсірепов шығармаларын инновациялық технология арқылы оқыту – әдеби білім берудің мазмұнын жаңартудың тиімді жолы. Ұлпандай туындыларды заманауи құралдармен талдау оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытады. Интерактивті, жобалық және цифрлық әдістер шығарманы түсінуге жаңа көзқарас қалыптастырады. Ғалымдардың зерттеулері мен тәжірибелерін саралай келе, «Ұлпан» шығармасын оқытудың басты мақсаты - оқушының жеке көзқарасын қалыптастыру, әйел бейнесі арқылы қоғам мен рух байланысын ұғындыру. Бұл

тұрғыда мұғалім тек ақпарат беруші емес, мәдениет пен технологияны ұштастыра білетін бағыттаушы тұлға болуы қажет. Инновациялық әдістерді тиімді пайдалану әдебиеттің адам тәрбиесіндегі орнын күшейтеді. Демек, Ғабит Мүсірепов мұраларын оқыту - рухани жаңғырудың, ұлттық мәдениетті сақтаудың маңызды жолы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Әдебиет әлемі. – Алматы: Санат, 2003. – 256 б.
2. Бейсенбаева А. Инновациялық технологиялар және білім беру жүйесі. – Астана, 2012. – 180б.
3. Қайырбеков Ә. Әдебиет және тұлға. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 210 б.
4. Жұмаділов Қ. Рух және тағдыр. – Алматы: Атамұра, 2014. – 300 б.
5. Құрманалина Ш. Педагогикалық инновациялар және заманауи әдістер. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2021. – 192 б.

МЕКЕНШАҚ – ӘДЕБИЕТТАНУ КАТЕГОРИЯСЫ

Кошенова Ш.Т.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚЗУ, 1-курс магистранты, Қарағанды, Қазақстан.

Әдебиеттану ғылымында мекеншақ ұғымы кеңінен зерттеліп, уақыт пен кеңістік арасындағы өзара байланыс әдеби шығармаларда ерекше маңызға ие болды. Бұл категорияның тереңірек түсінілуі, әсіресе М.М. Бахтиннің еңбектерімен тығыз байланысты. Мекеншақ уақыт пен кеңістіктің бірлігін білдіріп, шығарманың құрылымын, кейіпкерлердің психологиясын, оқиғалардың дамуын анықтайтын маңызды элемент ретінде қызмет етеді. Бүгінгі күнде мекеншақ зерттеу тек әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін түсінуге ғана емес, сонымен қатар автор мен оқырман арасындағы байланысқа, олардың коммуникациялық қатынастарына әсер етеді. Мақалада мекеншақтың мәні мен оның әдеби шығармалардағы рөлі қарастырылады, оның поэтикалық функциялары мен қолдану тәсілдері, сонымен қатар уақыт пен кеңістік категорияларының әдебиеттану ғылымында қалай түсінілетіні талданады.

Мекеншақ мәселесі қазіргі әдебиеттанудағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл ұғымның мәні мен маңызын зерттеумен Қазақстанның, Ресейдің және шетелдің алдыңғы қатарлы ғалымдары айналысып келеді. Мекеншақ мәселесін арнайы қарастырған зерттеулер қатарында Б.А.Успенский, Ю.М.Лотман, А.Б.Есин, В.Е.Хализев, У.Эко, Л.Г.Бабенко, Б.К.Майтанов, Ш.Р.Елеукенов, Е.Д.Тұрсынов, В.В.Савельева, С.В.Ананьева сынды ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеулерде көркем шығарманың тұтас құрылымындағы уақыт пен кеңістік ұғымдарының атқаратын рөлі мен мәні ашылып, олардың табиғаты мен қызмет ету ерекшеліктері терең зерделенеді [1, 67]. Аталған мәселені этномәдени және көркемдік контексте кешенді түрде қарастыру өзекті әрі болашақ зерттеулер үшін маңызды бағыттардың бірі деп есептейміз.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында кең таралған негізгі теориялар мен ғылыми тұжырымдамаларға сәйкес, мекеншақ болмысты зерттеудің іргелі ұғымы ретінде қарастырылады. Себебі «әрбір дерек, тарихи оқиға, көркем ескерткіш, … күнделікті өмірдің кез келген құбылысы кеңістік пен уақыт координаталары жүйесіне міндетті түрде енеді» [2, 69]. Осы тұрғыдан алғанда, мекеншақ ұғымын көркем мәтінді талдаудың методологиялық негізі ретінде қарастыру – қазіргі әдебиеттану ғылымының теориялық-танымдық әлеуетін кеңейтетін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Хронотоп (көне гректің chronos - уақыт және topos – орын деген сөздерінен алынған) – М.М.Бахтиннің «Формы времени и хронотопа в романе» деп аталатын зерттеуінде енгізген әдеби термині. Хронотопты Бахтин «существенную взаимосвязь временных и пространственных отношений» деп түсіндіреді. Бұл терминді профессор Б.Майтанов «мекеншақ» түсінігімен береді [7, 20]. Пікірге толық қосылу жөн. Терминнің дәлдігін, анықтығын, нақтылығын былай қойғанда, Бахтиндік ойдың мазмұнын ашып, қазақ әдебиеті

теориясына мекеншақ ұғымы туралы жүйелі де негізді пікір қалыптастырғанын атап көрсету орынды болмақ.

Мекеншақ – жазушының авторлық дүниетанымын құрайтын ажырамас құрамдас бөлік. Ол суреткердің шығармашылық әдісі мен стилінің ерекшеліктерін айқындап, сөз өнеріндегі ұлттық ойлау жүйесінің өзіндік сипатын бейнелеуге ықпал етеді. Уақыт пен кеңістік – «жазушы жұмыстанатын бастапқы шамалар», көркем шығарма мазмұны мен пішінінің тұрақты категориялары болып табылады [2, 270]. Осыған орай, мекеншақ ұғымын көркем мәтін құрылымындағы уақыт пен кеңістік өлшемдерінің мәнін ашатын теориялық-методологиялық категория ретінде қарастыру – жазушы дүниетанымын, ұлттық көркемдік танымды және әдеби дәстүр сабақтастығын тереңінен зерделеуге мүмкіндік береді. Мекеншақ жанр түзуші және сюжеттік-композициялық құрылымдаушы қызметтерді атқарады. Ол көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын нығайтып, тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл ұғымды көркем шығармашылыққа алғаш қолданған М.М.Бахтиннің пайымдауынша, мекеншақ – тұлғаның көркем сөз әлеміне енуіне жол ашатын қақпа іспетті [3, 235]. Уақыт пен кеңістік категориясы синтездеуші қызмет атқарады. Ол белгілі бір тарихи дәуірдің қоғамдық идеалдарын, жазушының дүниетанымын, эстетикалық көзқарастарын бейнелейді. Мекеншақ адам болмысының ішкі әлемін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Бұл категория адамның айнала қоршаған шындықпен өзара байланыс жүйесін жеткізеді. Жазушының, кейіпкерлердің және оқырманның кеңістік-уақыт жайлы түсініктерін біріктіре отырып, мекеншақ көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт байланыстарын бейнелеудің әрі қабылдаудың тәсіліне айналады. Кеңістік пен уақыт көркем мәтіннің құрылымы мен мазмұн тақырыбының элементтері ретінде көрініс тауып, көркем бейненің маңызды сипаттамасына айналады. Сол себепті уақыт пен кеңістік категориясын зерттеу әдебиеттанудағы келешегі зор бағыттардың бірі саналады. Көркем мекеншақты зерделеу шығармалардың құрылымы мен мазмұнына терең бойлап, оларды қабылдау, интерпретациялау мен талдау аясын едәуір кеңейтеді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында уақыт пен кеңістік мәселесіне қатысты бірнеше зерттеу бағыттары қалыптасқанын атап өткен жөн. Біріншіден, бұл – уақыт пен кеңістік категориясының мәнін ашып, көркем шығармадағы атқаратын рөлі мен қызмет ету ерекшеліктерін айқындауға бағытталған теориялық бағыт. Екіншіден, жекелеген қаламгерлердің шығармашылығы негізінде хронотопты зерттеуге арналған нақты-тәжірибелік бағыт. Үшіншіден, көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістікті көркемдік әлемнің барлық компоненттерімен бірлікте қарастыратын кешенді бағыт [1, 67]. Аталған зерттеу бағыттары қазіргі әдебиеттанудағы уақыт пен кеңістік ұғымдарын тек формальды құрылымдық бірлік ретінде ғана емес, сондай-ақ көркемдік әлемді тұтастандыратын танымдық, идеологиялық және эстетикалық жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Кеңістік – шындық болмыстың нақты көрінер тұсы, мұнда адам өзін-өзі және айналадағы қоршаған ортаны тани бастайды. Кеңістікте берілетін тәжірибе барлық феноменологиялық білімнің негізін қалайды. Ю.М.Лотман бұл жөнінде: «Семиотика пространства имеет исключительно важное, если не доминирующее, значение в создании картины мира той или иной культуры. Природа этого явления связана с самой спецификой пространства. Неизбежным фундаментом освоения жизни культурой является создание образа мира, пространственной модели универсума», - деп жазады [7, 21]. Көркем шығармада әлем бейнесінің көпқырлылығы кеңіастік бейне арқылы жақсы танылатыны белгілі жайт.

Соңғы жылдары пәнаралық зерттеулер кеңінен таралуда. Ғылымдардың интеграциясы жағдайында философия мен физика, мәдениеттану мен филология, кибернетика мен психология тоғысқан тұста жазылған бірқатар еңбектер жарық көрді.

Бұл зерттеулерде уақыт пен кеңістік категориясы адам болмысымен тығыз бірлікте қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде мегәлем, макроәлем және микроәлем хронотоптары алынады. Олардың алғашқысында – ғарышта, бүкіл әлем кеңістігінде жүріп жатқан уақыт пен кеңістік өзгерістері бейнеленеді. Екіншісі – адамды қоршаған нақты болмыстағы оқиғалардың қозғалысын көрсетеді. Ал үшіншісі – адамның рухани әлемімен, санасы, қиялы мен жады ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Осыған байланысты уақыт пен кеңістіктің объективті

және субъективті сипаты туралы түсініктер қалыптасып, көркем мекеншақ теориясының негізін құрады. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл категория болмысты танудың және ондағы адам өмірінің маңызды параметрі ретінде көрінеді. Ол шынайы, тұжырымдық және перцептивтік (сезім арқылы қабылданатын) уақыт пен кеңістіктің бірлігін білдіреді. Зерттеушілер мекеншақты жіктеуге айрықша мән береді. Олардың тұжырымдамасына сәйкес, әдеби шығармаларды талдау барысында уақыт пен кеңістіктің келесі түрлерін ескеру қажет: әлеуметтік, мәдени-тарихи, психологиялық, биологиялық және физикалық мекеншақтар. Әрқайсысы өзіндік сипаттамаларға ие бола отырып, адам болмысының белгілі бір қырын бейнелейді және бұл қырлар көркем шығармашылықта көрініс табады.

Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тоғысуы қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық негізін байытты. Шығармаларды зерттеу барысында герменевтикалық және семиотикалық талдау әдістері кеңінен қолданылып келеді. Бұл тәсілдер аясында көркем уақыт пен кеңістік категориясы таңбалық жүйе ретінде қарастырылады. Ол өз ішінде бірнеше семантикалық кодтарды біріктіреді: тарихи, мәдениеттанулық, философиялық-эстетикалық, діни-мифологиялық және географиялық кодтар. Аталған кодтар мекеншақтағы мағына мен оның таңбалық көрінісі арасындағы байланыстардың ерекшеліктерін айқындап, ақпараттық өрісін нақтылай түседі. Мәселен, тарихи код жазушы бейнелеген дәуірді сипаттап, оның кеңістік пен уақытқа қатысты ұстанымын білдіреді. Мәдениеттанулық код арқылы сөз өнері иесінің ұлттық ойлау ерекшеліктері, қоғам дамуының тенденциялары, кейіпкерлердің тұрмысы мен әлем туралы түсініктері ашылады. Философиялық-эстетикалық код жазушының дүниетанымын, оның идеалдары мен адамгершілік-этикалық құндылықтарын бейнелейді. Діни-мифологиялық код болмыстың циклді әрі мәңгілік сипаты туралы идеяны қамтиды. Ал географиялық код көркем мекеншақты нақтылап, оған шынайылық пен нақтылық сипаттарын дарытады [1, 68]. Уақыт пен кеңістікке қатысты бұл үш бағыт қазіргі әдебиеттануда хронотопты көркем мәтінді құрылымдаушы ғана емес, авторлық идея мен ұлттық дүниетанымды айқындайтын концептуалдық категория ретінде зерделеуге жол ашады. Аталған кодтар жазушының авторлық дүниетанымының өзіндік ерекшелігін және көркем шығарманың кеңістік-уақыттық құрылымының ерекшеліктерін білдіретін біртұтас мағыналық бүтін құрайды. Семиотикалық және герменевтикалық теорияға сәйкес, көркем мекеншақ бейнеленген шындықтың түс гаммасын, дыбыстық тоналитетін білдіреді. Ол іс-әрекеттің ритмін және баяндаудың динамикасын көрсетеді.

Текстің лингвистикасы, коммуникация теориясы және компьютерлік технологиялардың дамуы жазушылар шығармашылығында жаңа қырларды ашуға мүмкіндік берді. Зерттеушілер әдеби шығармаларды қабылдау, түсіну және интерпретациялау мәселелеріне айрықша назар аудара бастады. Осыған орай автор мен кейіпкер, жазушының тілі мен мәтінде бейнеленген шындық, көркем дискурс референциясы сияқты мәселелер алдыңғы қатарға шықты. Сәйкесінше, көркем шығарманың мекеншағы коммуникативті жүйе ретінде қарастырылады, онда автор, кейіпкерлер және оқырман арасындағы өзара әрекет жүзеге асады. Осы контексте көркем уақыт пен кеңістіктің құрылымында бірнеше деңгейлер бөлінеді. Біріншіден, бұл – баяндаушы мен кейіпкер арасындағы қатынас. Себебі баяндау процесінде олардың арасында ақпарат алмасу үнемі жүреді. Осыған байланысты олардың жеке уақыттары мен кеңістіктері өзара қиылысып, бір-біріне қабаттасады. Екіншіден, жазушы, кейіпкер-баяндаушы, әрекет етуші тұлғалар мен қиялдағы оқырман арасындағы қатынас. Олардың мекеншағы автор санасындағы «диалог» барысында бірігеді. Үшіншіден, автор мен оқырман арасындағы қатынас. Бұл коммуникация актісі екіжақты сипатқа ие, өйткені көркем мәтінді қабылдау процесінде хабарлар алмасу бір жағынан оқырман мен автор арасында, екінші жағынан оқырман мен кейіпкерлер арасында жүреді. Төртіншіден, шығарманың өзі. Ол коммуникацияның ерекше қатысушысына айналады, себебі оның мекеншағы оқырманның мекеншағымен және мәтін тыс әлемнің хронотопымен қиылысады [1, 68-69].

Қазіргі әдебиеттануда мекеншақтың келесі түрлері айқындалады:

1. Циклдік мекеншақ — бұл әлемдегі уақыт пен кеңістіктің мәңгілік қайталануы мен айналымы идеясын алға тартады. Көркем шығармаларда ол «уақыт-кеңістік адамға алдын ала берілген және оған тәуелді емес архетиптік жағдай ретінде» көрініс табады. Циклдік мекеншақ геометриялық тұрғыдан дөңгелек, эллипс немесе овалмен салыстырылады. Оның көркем әлемдегі символдары табиғи және өмірлік циклдардың кеңістік-уақыттық бейнелері болуы мүмкін.

2. Сызықтық мекеншақ — бұл тарихи процесті, яғни өткеннен қазіргі уақытқа және болашаққа қарай алға жылжуды білдіретін мекеншақ. Бұл мекеншақтың мәні уақыттың үздіксіз, бір бағытта қозғалуын көрсетеді.

3. Мәңгілік мекеншақ — көркем әлемде «тыныштықтағы кеңістік пен тоқтаған уақытты» қалыптастыратын мекеншақ. Бұл мекеншақтың ерекшелігі — уақыт оның ішінде «бәрі бірден бар» болып көрінеді, ал кеңістік «барлық кеңістіктер бір уақытта мүмкін болатын күйде» ұсынылады» [4, 121-122].

4. Бейсызықты мекеншақ, болмыстың көпөлшемділігі идеясын ашатын мекеншақ.

Зерттеушілер «ритм» және «темпоралдық» ұғымдарына ерекше көңіл бөледі. Бұл категорияларға деген қызығушылық олардың уақыт-кеңістік параметрлері ретінде негізгі әрі ажырамас сипаттамалар болып табылатынымен байланысты. Сондықтан, осы ұғымдарды зерттеу мекеншақтың табиғатын, маңызын және рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Темпоралдық деп «құбылыстардың уақыттық мәнін» түсінеді, ол олардың ерекше қозғалысының динамикасымен пайда болады, ал бұл, өз кезегінде, құбылыстың қозғалысы мен тарихи, астрономиялық, биологиялық, физикалық және басқа да уақыттық координаттарға қатынасы арқылы анықталатын уақыттық сипаттамалардан ерекшеленеді [5, 298].

Әдебиеттануда ритм екі мағынада қарастырылады. Біріншіден, бұл — уақыт ішінде сипатталатын оқиғалардың кезектесіп келуі, олардың кезеңді қайталануы. Екіншіден, ритм — қазіргі уақыт, яғни уақыттың шексіз мүмкіндіктері мен оның болмысқа қатысуы. Сонымен қатар ритмнің объективтілігі мен субъективтілігі, дискреттілігі мен үздіксіздігі сияқты ерекшеліктері де ажыратылады.

Зерттеушілер бұл категорияның функцияларына тоқтала отырып, оның әдебиеттің коммуникативтілігін күшейтетінін атап өтеді, себебі әдебиет автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде әрекет етеді; шығарманың іс-әрекетін, кейіпкерлер мен оларды қоршаған әлем арасындағы қатынастар жүйесін реттейді; оқиғалардың кезектілігін және ауысуын анықтай отырып, шығарманың құрылымында маңызды компонент ретінде қызмет етеді және кейіпкерлер мен автордың психологиясын, олардың эмоционалды күйін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [6, 81]. Осылайша, пәнаралық зерттеулердің дамуы көркем уақыт-кеңістік туралы түсініктерді тереңдетіп, ғалымдардың осы категорияға деген қызығушылығын арттырды. Қазіргі әдебиеттануда мекеншақ поэтикасы саласында зерттеулер жүргізілуде. Уақыт пен кеңістік коммуникация теориясы, семиотика және гетерология тұрғысынан қарастырылады. Осылайша, мекеншақ әдеби шығарманың уақыт пен кеңістік аясында қалыптасатын негізгі құрылымдық элементі болып табылады. Оның зерттелуі әдебиеттану ғылымының дамуында маңызды бағыт болып табылады, өйткені хронотоп шығарманың терең мазмұнын ашуға, автордың дүниетанымын түсінуге және оқырманмен қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндік береді.

Уақыт пен кеңістіктің ритм мен темпоральность сияқты қасиеттері шығарманың динамикасы мен құрылымын түсінуде маңызды рөл атқарады. Мекеншақтың поэтикасы, әсіресе междисциплинарлық зерттеулер арқылы кеңейтілген кезде, түрлі ғылымдар саласындағы әдіс-тәсілдерді біріктіру мүмкіндігін туғызады. Бұл өз кезегінде әдеби шығармаларды тереңірек түсіну мен жаңа қырынан бағалауға мүмкіндік береді. Мекеншақты зерттеу әдебиеттану ғылымы үшін маңызды әрі перспективалық бағыт болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Темирболат А.Б. – Проблема хронотопа в современном литературоведении, «Қайнар» университетінің хабаршысы, №4/1, 2007

2. Иконникова С.Н.Хронотоп культуры как основа диалога поколений//Очерки: Сб.статей. – СПб: Санкт-Петербургское философское общество, . – С.69-74.

3. Бахтин М.М Вопросы литературы и эстетики. – М.: Художественная литература, 1975.

4. Савельева В.В Художественный текст и художественный мир. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1996.

5. Современная западная философия. Словарь. / Под ред. В.Н.Садовского. – М. Изд-во полит. Лит-ры, 1991.]

6. Мейлах Б. Ритмы действительности и искусства//Наука и жизнь. – 1970. - №12. – С.81-87.

7. Майтанов әлемі: Ғылыми мақалалар мен естеліктер. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. – 256.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ҚҰРАЛДАР

Кулабаева Р.Т.

Алматы технологиялық университеті, сеньор-лектор, Алматы, Қазақстан.

Цифрландыру мен жаһандану дәуірінде білім беру саласы өзгерістерге ұшырап, жаңа жоғары зияткерлік сипаттарға ие болуда. Атап айтқанда, нейрожелілер, жасанды интеллект және басқа да түрлі цифрлық түбегейлі құралдар енгізілуде. Қазақстандағы білім беру жүйесі – мемлекетіміздің дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау үшін ерекше назарды талап етеді. Мұндай мамандар цифрлық экономика жағдайында өз әлеуетін іске асыруға дайын болуы тиіс. Қазіргі кезеңде жаңа технологиялардың, әсіресе жасанды интеллектінің, қоғам өмірінің барлық салаларына жедел енуде. Адамның жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану үдерісі оны басқару, бақылау, сондай-ақ қолданудың әлеуетті пайдасы мен тәуекелдері жөнінде бірқатар ғылыми-теориялық және практикалық сұрақтардың туындауына негіз болуда.

Қазақстан қазіргі таңда технологиялық контент өндірушісі мәртебесіне ие болмаса да, ол жаңа цифрлық шешімдердің белсенді және салыстырмалы түрде дамыған тұтынушысы болып саналады. Осыған байланысты жасанды интеллектіні дамыту мәселесі ұлттық экономиканы әртараптандырумен, ғылым мен инновациялық технологиялардың ілгерілеуімен, сондай-ақ елдің технологиялық егемендігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектіні отандық білім беру мен ғылыми жүйеде енгізу және тиімді пайдалану мәселесі ғылыми қауымдастық тарапынан тұрақты, кешенді және терең талдауды қажет етеді.Білім беруде жасанды интеллектіні пайдалану маңыздылығын қарастыру – оқыту сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында білім беру үдерісін жекелендіруге арналған бағдарламалар мен құралдарды әзірлеу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Соңғы уақытта жасанды интеллекттің адам қызметінің барлық салаларына, соның ішінде білім беру саласына енуі туралы жиі естиміз. Қазіргі уақытта технологиялар мен білім беру саласындағы инновациялар білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, оқыту әдістемелерін қайта қарауға әкелуде. Олардың бірі-жасанды интеллект (ЖИ) негізінде дамыған интерактивті тіл оқыту әдістері. Бұл әдістер оқушыларға тек дәстүрлі оқыту тәсілдерімен салыстырғанда анағұрлым тиімді, қызықты әрі үнемді білім алу мүмкіндігін береді [1, 23 б.].

Қазіргі таңда жасанды интеллект немесе машиналық оқыту білім беру саласында кеңінен қолданылуда. Ол емтихандарды өткізу мен тексеруден бастап, оқу үдерісінде қиындықтарға тап болған білім алушыларға арналған оқу материалдарын автоматты түрде таңдауға дейінгі бағыттарды қамтиды. Тәжірибеде қолданылып жүрген бірнеше платформаларға тоқталсақ.

Тілдерді оқыту бойынша

duolingo.com – тілдерді ойын түрінде интерактивті үйрену платформасы.

memrise.com – ойындық сөйлесу мен тапсырмаларға арналған AI-бот (MemBot).

drops.com – сөздік қорын дамытуға арналған жылдам геймификацияланған мини-ойындар ұсынады.

busuu.com – CEFR деңгейлеріне арналған интерактивті ойындар мен түрлі әдістер.

babbel.com – AI қолдауымен сабақтар, подкасттар және ойындар ұсынады.

mondly.com – иммерсивті оқытуға арналған AR/VR ойындары мен чат-боттар платформасы.

Видео және анимация генерациясы:

D-ID.com – аватарлармен бейне жасауға арналған ЖИ генераторы.

app.klingai.com – бейне мен суреттерді жасайтын ЖИ генераторы.

Hailuo AI Video – мәтін мен суреттерді бейнеге айналдыратын құрал.

Бейнелерді өңдеу:

cleanup.pictures – фотосуреттерден қажетсіз нысандарды жоюға арналған құрал.

remove.bg – суреттердің фонын жою қызметі.

photopea – Photoshop тәрізді онлайн сурет өңдеу құралы.

Тілді оқытуда видеолар мен анимацияларды пайдалану – білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға көмектесетін бірден-бір тиімді әдіс. Жоғарыда көрсетілген құралдар арқылы студенттер белгілі бір тақырыпқа байланысты видео немесе анимациялық бейнелер жасауға мүмкіндік алады. Жасалған бейне немесе сурет бойынша сөйлеу тілдік дағдыларын дамытады және нақты өмірдегі жағдайларда үйреніп жүрген тілін қолдану тәжірибесін алады. Сонымен қатар, фильмдер мен телешоуларды қазақ тілінде тілінде көру білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытады.

Графикалық дизайн:

canva.com – графика, презентациялар және постерлер жасауға арналған платформа.

krea.ai – суреттер мен бейнелерді ЖИ арқылы жасау және өңдеу құралы.

gamma.app – ЖИ көмегімен презентациялар мен веб-сайттар жасау қызметі.

powerpointbase.com – PowerPoint үшін тегін үлгілер жинағы.

Адамның визуалды дизайнды қабылдауы бойынша кең ауқымды зерттеулер тыңдаушылардың көрнекі элементтерді оқшауламай қарайтынын көрсетеді. Керісінше, олар контекстке қатысты қабылдайды. Бұл әрекеттер тіл үйренушінің қабылдауына әсер етеді, белгілі бір аймақтарға назар аударады, эмоцияларды тудырады, түсінуге көмектеседі, эстетиканы жақсартады.

Музыка және аудио:

ChatGPT – сұраныс бойынша ән мәтінін жазып береді.

suno.com – ЖИ арқылы музыка генерациялайтын платформа.

Шетелдік ғалымдар музыканы түсінетін адам басқа тілдерді де тез үйренеді дейді. Музыкамен айналысу есту қабілетін арттырып, түрлі дыбыстарды, дауыс тембрі мен деңгейін ажыратуға көмектеседі. Біз сөйлеушінің дауыс ырғағына, екпініне көңіл бөлу үшін дауыс тембрі мен деңгейін ажырата алуымыз қажет. Эксетер университетінің (Англия) ғалымдары музыканың кітап оқумен тең екенін, оның адам санасына кітап оқығандай әсер қалдыратынын айтады. Анығырақ айтсақ, сүйікті кітабыңыздан алған әсер мида сақталса, жағымды музыка да мидың дәл сол аумағында сақталып отырады.

Іздеу және зерттеу: you.com – жекелендірілген ЖИ іздеу жүйесі. perplexity.ai – дереккөздер мен талдауы бар ЖИ іздеу құралы. shyraq.ai – зерттеу мен контентке арналған ЖИ платформасы. Бұл құралдар білім алушыларға өзіндік жұмыстарды бойынша баяндама немесе реферат жазу, әдебиеттерге шолу жасау тапсырмаларын орындағанда түрлі ғылыми еңбектерді іздеуге мүмкіндік береді. Сабаққа арналған ресурстар: Explain Like I’m Five – күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіретін ресурс. wordwall.com – интерактивті оқу ойындары мен викториналар жасау құралы. learningapps.org – интерактивті оқу тапсырмалары мен қолданбалар платформасы.

Жалпы алғанда, нейрондық желілер – бұл математикалық модель, яғни берілген мәселе бойынша қойылған интеллектуалдық тапсырманы шешу арқылы болжам жасай алатын көлемді есептеу коды. Ол орасан зор ақпараттар мен дерекқорларды талдау негізінде ең шынайы және дәл жауапты ұсына алады. Нейрожелілердің басты артықшылығы – олардың

үйрену қабілетінде. Олар IT-маманының тікелей қатысуынсыз өздігінен үйрене алады, яғни Machine learning (машиналық оқыту) қағидаты бойынша дамиды [2, 58 б.].

Идеяларды визуализациялау:

bubbl.us – ойларды ұйымдастыру мен миға шабуыл жасауға арналған интеллект-карталар мен диаграммалар құру құралы.

Бұл платформа түрлі кластерлер мен менталды карталар құруда таптырмас көмекші. Менталды карта – бұл орталық идеядан тарайтын ойлардың табиғи ағымын көрнекі түрде бейнелейтін құрал. Оның сыртқы көрінісінің өзі мидың шабуылын (brainstorming) тиімді жүргізуге, конспектілер құрастыруға, ақпаратты меңгеруге және презентациялар жасауға көмектесетінін көрсетеді.

Жасанды интеллект білім алушыға тақырыпты саналы түрде тереңірек түсінуге, білім мен қабілеттер деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол білім алушының үлгерімі мен оқу тиімділігін талдай отырып, оның оқу жоспарын түзетіп отырады және мұның бәрі «сезімсіз» машинаның тұрақты әрі бейтарап бақылауы арқылы жүзеге асырылады [3, 5 б.]. Тілдерді оқытуда ЖИ қолданудың негізгі артықшылықтарының бірі-әр оқушыға арнайы материалдар ұсыну мүмкіндігі. Машиналық оқыту алгоритмдері белгілі бір пайдаланушының қажеттіліктеріне бейімделеді, олардың әлсіз жақтарын анықтайды және оларды жою үшін жекелендірілген жаттығуларды ұсынады. Бұл тәсіл материалды тиімдірек игеруге ықпал етеді және студенттердің ынтасын арттырады. Мәселен, Назарбаев Университетіндегі Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) халықаралық білім беру институты (IIE) зерттеулерді ынталандыру және цифрлық технологияларды қазақшалау мақсатында 2021 жылы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты “KazakhTTS” атты деректер жиынтығын әзірледі. KazakhTTS – жалпы ұзақтығы тоқсан сағаттан астам қазақ тіліндегі аудиожазбалардан тұратын жоғары сапалы деректер жиынтығы. Бұл деректер жиынтығы кәсіби спикерлердің көмегімен жазылған ер мен әйел дауыстарынан тұрады. Деректер жиынтығы ғылым және өнеркәсіп өкілдерінің тарапынан үлкен сұраныс тудыра отырып, бір жылдың ішінде 500 астам рет жүктелген болатын. Қазақ мәтінді дауысқа түрлендіру технологиясының негізіндегі бағдарламалар мен қолданбаларды әзірлеу үшін, кәсіби мамандар KazakhTTS2 деректер жиынтығын жүктей алады. Деректер жиынтығын көптеген бағдарламалық жасақтама құру үшін пайдалануға болады. Мысалы: интерактивті ақылды көмекшілер, навигациялық жүйелер, ескерту жүйелері және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған қолданбалар. KazakhTTS2 деректер жиынтығын қалай пайдалануға болатынын көрсету үшін Институт қазақ мәтінін бес дауысқа түрлендіре алатын демо-бағдарламаны әзірледі. Демо-бағдарлама Институттың веб-сайтында орналасқан [4].

ЖИ дамуымен тілдік дағдыларды жан-жақты дамытуға бағытталған инновациялық интерактивті қосымшалар мен платформалар пайда болады. Виртуалды сұхбаттасушылармен өзара әрекеттесу мүмкіндігі, диалогтық жаттығулар өткізу және нақты сценарийлерде тәжірибе жасау оқуды қызықты әрі иммерсивті етеді. Мысалы, «Speech Lab» - жасанды интеллектіні еліміздің аудиториясына бейімдеу бойынша үлкен бастамаларды жүзеге асырып келе жатқан компания. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мен «Speech Lab» ЖШС ынтымақтастық негізінде қазақ тілін тануға қабілетті жасанды интеллектіні және сөйлеу синтезін дамыту іске асып жатыр.

Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру бойынша атқарылып жатқан ең үлкен қадамдарымыздың бірі. Демек болашақта «Siri», «Алиса» сынды дыбыс көмекшілері қазақ тілінде айтылған барлық ақпараттарды сапалы өңдеп, талдай алады. Бастама жүзеге асқаннан кейін мұны мемлекеттік мекемелер мен бизнес саласында да кеңінен қолдануға болады. Бұл қызмет көрсету саласын оңтайландыруға, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.Мұндай үлкен жобаның сәтті жүзеге асуы үшін аса үлкен көлемдегі сапалы контент қажет. Сәйкесінше, мұндай ауқымды контентпен қамтамасыз ету міндетін «Тіл-Қазына» орталығы жүзеге асырады.

Kazakh Named Entity Recognition. KazNERD – қазақ тіліндегі атаулы мәндерді анықтауға арналған ең ірі жалпыға қолжетімді деректер жиынтығы. Бұл деректер жиынтығы қазақ

тіліндегі жалпыға қолжетімді аннотацияланған корпустарға, сондай-ақ қарапайым және түсінікті, бірақ қатаң ережелер мен мысалдарды қамтитын аннотациялау нұсқаулықтарына айқын қажеттілік болғандықтан әзірленді. IOB2 сұлбасына сүйене отырып әзірленген деректер жиынтығының аннотациялауы бірінші автордың басшылығымен екі қазақ тілді маманның көмегімен теледидар жаңалықтары мәтінінде орындалды. Деректер жиынтығы 112 702 сөйлем мен 25 атаулы мән тобына арналған 136 333 аннотациядан тұрады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі атаулы мәндерді анықтау үрдісін автоматтандыру мақсатында әзірленген машиналық оқытудың төрт заманауи модельдерінің ең тиімдісі тестілеу жиынтығында F1 шамасы 97,22%-ға тең дәлдікке қол жеткізді [5].

Қорытындылай келе айтарымыз, тілді меңлертуде жасанды интеллектті қолдану оқу үрдісінің жаңа көкжиектерін ашады. Жасанды интелект оқытуды жекелендіруге, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге және интерактивті ортаны құруға көмектеседі. Болашақта бұл саланы одан әрі дамыту Қазақстандағы және әлемдегі білім беруді трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Жасанды интеллекттің көмегімен тілдерді оқытудың интерактивті әдістері білім беру жүйесін түбегейлі өзгертіп, білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырады, білім беру мазмұнын жақсартады. Болашақта ЖИ мен білім беру саласының бірігуі арқылы жаңа мүмкіндіктер мен әдістердің пайда болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құлжанова Г.Ә. Тілдерді оқытуда жаңа технологияларды қолдану: жасанды интеллект пен интерактивті әдістердің ықпалы / Г.Ә.Құлжанова., Р.А.Жарқынбекова. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2021.

2. Фирсов М.В. Опережающие обучение навыкам будущего (Future Skills) посредством разработки компьютерных тренажеров и цифровых ассистентов с искусственным интеллектом / М.В. Фирсов, О.Н. Филатова, А.В. Гущин // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота. – 2020. – №3(53).

3. Гущин А.В. Особенности реализации информационной стратегии высшей образовательной организации / А.В. Гущин, О.И. Ваганова, О.Н. Филатова // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота. – 2021. – № 3 (57). – С. 47-51

4. issai.nu.edu.kz

5. Мұхамедқали А. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын қолдану. https://mtdi.kz/maqal-matelder/oku_adisteme/id/1246/q/1

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ ИТ-ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮРКІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

Қосыбаев М.М.

PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің дамуын зерттеуші ғалымдар үш кезеңге бөліп қарастырады: *I кезең* – XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-50 жылдарына дейінгі кезең: мақал-мәтелдер алғаш халық аузынан жинақталып, қағаз бетіне түскен кез, бұл уақыт Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, И. Березин, Ә. Диваев, В. Радлов, Ш. Ибрагимов, П.М. Мелиоранский, Н.Н. Пантусов еңбектерінде жүйелі талданған; *II кезең* – XX ғасырдың екінші жартысы: мақал-мәтелдердің ғылым объектісіне айналған кезі, оны Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, М. Мұқанов, З. Ерназарова, Қ. Бейсенов, Ғ. Тұрабаева, А. Нұрмаханов және т.б. ғалымдардың еңбектерінен пайымдай аламыз; *III кезең* – XXI ғасыр: тіл білімінде мақал-мәтелдер паремиологияның зерттеу объектісіне айналып, антропоөзектілік бағытта қарастырылуы, бұған Ә. Қайдар, С. Қанапина, Р. Атаханова, т.б. зерттеушілердің еңбектері дәлел болады.

Қазіргі түркі тілдеріндегі паремиялық жүйенің ортақ негізі – түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер қоры. Қазақ мақал-мәтелдерінің төркіні көне түрк ескерткіштеріндегі

әдеби жазбалардан байқалатынын танымал ғалымдар А. Аманжолов [1], Ғ. Мұсабаев [2], Ғ. Айдаров [3], М. Томанов, Ә. Құрышжанов, М. Жолдасбеков [4], Х. Сүйінішәлиев [5] сынды түркі халықтарының түпкі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін терең зерттеген ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Түркі халықтарына ортақ мұра – Орхон-Енисей жазбалары, «Құтты білік», «Диуани-лұғат ит-түрк» секілді шығармаларда кездесетін мақал-мәтелдер бүгінде түркі халықтарының тілінде, соның ішінде қазақ тілінде де қолданыста жүр. XI-XII ғасырларда қоғамның рухани өміріне ықпал еткен ірі тұлғалар – Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Йүгінеки, Ахмет Йассауи сынды түркі ойшылдары мен ғалымдарының даналық ойлары мен ғибратты сөздері, мақал-мәтелдері түркі халықтарының дүниетанымы мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, жалпы болмысы жайлы мол ақпарат береді. Ұлы ойшылдардың шығармаларында жалпытүркілік таным, мәдениет, тұтастық мәселелеріне айрықша мән беріледі. Бұл түркі халықтарының әлемдік өркениеттен алар орнын айшықтап көрсетуге бағытталған жалпытүркілік мүддеден туындайды. Олардың рухани-мәдени құндылықтарды сипаттайтын маңызды пайымдаулары мақал-мәтелдер арқылы тұжырымдалып отырады. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» поэмасы, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі, Ахмед Йүгнекидің «Һибат-ул хақайық» еңбегі және Ахмет Йассауидің «Диуани хикметі» қараханидтер дәуіріндегі түркі халықтарының рухани-мәдени деңгейінің жоғарылығын, жазба тілінің көркемдік қуатын сипаттайтын мұралар қатарынан орын алады. Өз дәуірінің тілін Жүсіп Баласағұн «Буграхан тілі», Махмуд Қашқари «Хакания тілі», Ахмет Йүгнеки «Қашғар тілі» деп атағаны жәдігерлер мәтіндерінен мәлім.

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде ұшырасатын мақал-мәтелдерді төмендегідей *тақырыптық топтарға* бөліп қарастыруға болады:

1) Ескерткіш тіліндегі жан-жануарлар, аң-құс, жәндіктер тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер: Алымшы – арыстан, беруші – тышқан. – Алымшы арслан, берімші сышған (106-бет). Айламен арыстан тұтылар, күшпен қарақшы да тұтылмас. – Алын арслан тұтар, күшін ұйұқ тұтмас (113-бет). Арыстан күркіресе, аттың аяғы сүрінер. – Арслан көкресе ат адзақы тұшалыр (206-бет). Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар (өз елін, өз шаһарын жамандаушыларға айтылған). – Тілкү өз ініге үрсе ұдзұз болұр (85-бет). Өлетін тышқан мысықтың тасағын қасиды. – Өлдеші сышған мұш ташақы қашыр (498-бет). Итке ұят кірсе, ұлтан жемес. – Ытқа ұвұт етсә ұлдаң иемәс (147-бет). Ит қаппас, ат теппес деме. – Ыт ысырмас ат тепмес теме (212-бет). Шегір көз ит атқа теңдесер, шегір көз ат итке теңелмес. – Ыт шақыры атқа тегір, ат шақыры ытқа тегмес (421-бет). Құс жаманы сауысқан, ағаш жаманы азған, жер жаманы қазған, ел жаманы барсған. – Құш иафұзы сағзыған, иығаш иафұзы азған, иер иафұзы қазған, бұдұн иафұзы барсған (499-бет). Көп ағашқа құс қонар, көрікті кісіге сөз келер. – Көп сөгүтке құш қонар, көрклүг кішіге сөз келір (379-бет). Құс – қанатымен, ер – атымен. – Құш қанатын ер атын (64-бет). Қаз тұрса, үйрек көлді жағалар. – Қаз қопса, өрдәк көліг ігенүр (135-бет). Бүркіт ысқырса, өлім келер. – Ұс үшкүрсе, өлүр (271-бет). Қалың қаз бастаушысыз болмас. – Қалың қаз құлабызсыз болмас (546-бет). Қарға қазға еліктесе, аяғы сынар. – Қарға қазға өлкүнсе, пұты сынұр (302-бет). Бір қарғамен қыс келмес. – Бір қарға бірле қыш келмес (45-бет). Қарғаның кәрісін кім білер, адамның аласын кім табар? – Қарға қарысын кім білір, кіші аласын кім тапар (486-бет). Бөрінікі ортақ, құзғындыкі ағаш басында. – Бөрінің ортақ құзғынның иығаш башында (499-бет). Зерікпеген (жалықпаған) боз құс ұстар, саспаған ақ құс ұстар (Адам шыдамды, төзімді болса, ақ лашын ұстап алар, әбдіреп саспаса, лашынның ең жақсысын ұстар). – Пұшмазар боз құш тұтар, евмесер үрүң құш тұтар (25-бет). Сашыратқыдан қорыққан құс қырық жыл ағаш үстіне қонбас. – Сашыратғұдын қорқмыш құш қырқ иыл адзры иығаш үзе қонмас (477-бет). Балықтың өзі суда, көзі тыста. – Балық сувда, көзі таштын (437-бет). Қырдағы қырғауылды аулаймын деп, үйдегі тауықтан айырылып қалма. – Иазыдақы сүвлін едзергелі евдекі тақағұ ышғынта (507-бет). Сасқан шыбын сүтке түсер (Әбдіреген шыбын сүтке түсер). – Евек сіңек сүтке түшүр (28-бет). Мысықтың баласы мияулап туар (Мінез-құлқы атасына тартқан балаларды меңзеп айтылған). – Мүш оғлы миұавұ тұғар (29-бет). Мысық ілулі майға жете алмай, «кісі нәрсесі жарамас дер!» – Мұш йақрықа тегішмес

айұр кіші неңі йарашмас (141-бет). Тұйғынның жүйрігін түлкі сүймес. – Тайған иүгрүгүн тілкү севмес (31-бет). Араны қоздырса – шағар. – Ары қафшытса ысрұр (474-бет).

2) Ескерткіш тіліндегі төрт түлік, мал тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Аңдыз болса, ат өлмес. – Аңдүз болса ат өлмәс (147-бет).

Малды бұзып болып, құйрыққа пышақ сындырып алма. – Токұм бұзұп, құдрықта пішақ сыма (534-бет).

Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі. – Өкүз азақы болғынша бұзағұ башы болса ииг (89-бет).

Қорада лақ туса, арықта шөп өнер. – Ағылда оғлақ тұғса, арықта оты үнер (95-бет).

Ат жалының жауыры ұлға қалар. – Ұлұқ иағыры оғұлқа қалыр (98-бет).

Еркеш еті ем болар, ешкі еті жел болар. – Еркеш еті ем болұр, ешкү еті ел болұр (126-бет).

Інген аңыраса, бота боздар. – Інгән іңрәса ботұ бозлар (151-бет).

Арпасыз ат қыр аса алмас, арқасыз алып шерік бастай алмас. – Арпасыз ат ашұмас арқасыз алп шерік сыйұмас (154-бет).

Екі бура сүйкенсе, ортасында шыбын жаншылар. – Іккі бұғра ікешүр, отра көкегүн ианшылар (225-бет).

Тай ат болса, ат тынар, ұл ержетсе, ата тынар. – Тай ататса ат тынұр, оғұл ерезсе ата тынұр (247-бет).

Үйдегі бұзау өгіз болмас. – Ебдекі бұзағу өкүз болмас (506-бет).

Есек айтар: басым болса, теңізден су ішермін. – Ешиек айұр башым болса, сұндырыда сув ішкеймен (551-бет).

Ат қасқасы ай болмас. – Ат текүзлікі ай болмас (567-бет).

Шарық болса, адам аяғы ойылмас, тоқым болса ат жауыр болмас. – Ізлік болса ер ұлдымас, ішлік болса ат йағрымас (136-бет).

Қырман баспақ бозторғайдың ісі емес. – Сұндылаш ышы ермес өрткүн тепмек (586-бет).

Түйе жүкті көтерсе, шөмішті де көтерер. – Теве иүк көтүрсе қамыш иеме көтүрүр (93-бет).

Болар бұзау өгіз арасында-ақ белгілі. – Болдашы бұзағұ өгүз ара белгүлүг (587-бет).

Екі бура үйкесер, ортасында көк шыбын жаншылар. – Іккі бұғра ікешүр, отра көкегүн ианшылүр (417-бет).

3) Ескерткіш тіліндегі табиғат атаулары, табиғат құбылыстары тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Тау арқанмен иілмес, теңіз қайықпен бөгелмес. – Тағыұ ұкрұқын егмес, теңізні қайғықын бөгмес (132-бет).

Күнге қараса, көз қарығар. – Күнге бақса көз қамар (399-бет).

Мәжнүн талға нәзіктік, қайыңға қаттылық жарасар. – Сөгүт сүліңе қадзың қасыңа (414-бет).

Толған ай қолмен ымдалмас. – Ай толұн болса елігін імлемес (114-бет).

Тасты шайнамаса, сүю керек. – Ташығ ысрұмаса өпміш керек (195-бет).

Отты жалынмен өшірмес. – Отұғ одзғұш бірле өшүрмес (211-бет).

Сусағанға сағымның бәрі су көрінер. – Үсұқмышқа сақығ қамұғ сув көрүнүр (225-бет).

Қураған ағаш иілмес, құрылған кіріш (садақтың кіріші) киілмес. – Құрұғ иығаш егілмес, құрмыш кіріш түгүлмес (237-бет).

Қыс қонағы от. – Қыш қонұқы от (391-бет).

Құздан қар кетпес, қойдан май кетпес. – Құзда қар ексүмес, қойда иағ ексүмес (385-бет).

Күздің келісі жаздан білінер. – Күз келігі иазын белгүрер (239-бет).

Ағынды өзен өткелсіз болмас. – Қайнар өгүз кешіксіз болмас (450-бет).

Тастақта шөп болмас, тазда ұят болмас. – Чахшақ үзе от болмас чақрақ біле ұвұт болмас (531-бет).

Қара бұлтты жел ашар, парамен ел ашар. – Қара бұлытығ иел ашар ұрұнш біле ел ашар (412-бет).

4) Ескерткіш тіліндегі адам, кісі тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Заман өтер, кісі тоймас, адам ұлы мәңгі қалмас. – Өд кешер кіші туймас, иалұнық оғлы меңгү қалмас (74-бет).

Кісі аласы ішінде, мал аласы тысында (сыртында). – Кіші аласы іштін, иылқы аласы таштын (122-бет).

Басқа кісінің нәрсесі нәрсе болып саналмас. – Адзын кіші неңі нең санмас (130-бет).

Аман болса тірі жан таңды көп көрер. – Тіріг есен болса таң үкүш көрүр (91-бет).

Тау тауға қосылмас, кісі кісіге қосылар. – Тағ тағқа қавышмас, кіші кішіге қавышұр (137-бет).

Адам өз ісін өзі тындырып, басқаларға қосылмайды. – Өз көз ер кышлағ (526-бет).

Адам үрленген мес ол, ауызы жазылып босар. – Иалынұқ үрүлміш қап ол ағзы иазұлып алқынұр (234-бет).

Абдырап, сасқан адам үйге жетпес (Істе ұшқалақтыққа салынбай, мұқият бол). – Евек евге тегмес (37-бет).

Әрбір кісі өз болмас, жат пен туған тең болмас. – Тегме кіші өз болмас, иат иағұқ түз болмас (493-бет).

Шат, тоқ тұрмысты адам тез қартаймас. – Ашығлығ ер шавұқ қарымас (178-бет).

5) Ескерткіш тіліндегі адамның дене мүшелері тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Ауыз жесе, көз ұялар. – Ағыр иесе, көз ұиадзұр (86-бет).

Бес бармақ бірдей емес. – Беш ернек түз ермес (152-бет).

От десе ауыз күймес (тартынғандарға айтылған уәж). – От тесе ағыз көймес (73-бет).

Іскердің ерні – май, еріншектің басы – қан. – Ерік еріні иағлығ ермегү башы канлығ (101-бет).

Ет тырнақтан айырылмас. – Етлі тырнақлы едзірмес (212-бет).

Құлақ естісе, көңіл білер, көз көрсе, құштарлық келер. – Құлақ ешітсе, көңүл білір, көз көрсе үзік келір (252-бет).

Сақалмен ойнар, енегіңді кесер. – Сақақ пышар, сақал охшар (333-бет).

Құрғақ қасық ауызға жарамас, құр сөз құлаққа жақпас. – Құрұқ қашұқ ағызға иарамас, құрүғ сөз құлаққа иақышмас (442-бет).

Тілімен дастарханға жетер. – Тілін тергіге тегір (489-бет).

Көсеу ұзын болса, қол күймес. – Көсегү ұзұн болса елік көймес (508-бет).

Тілмен түйілген, тіспен жазылмас (Тілмен түйілген, тіспен шешілмес). – Тылын түгмішні тышын иазмас (38-бет).

Атасы ащы алмас жесе, ұлының тісін қамар. – Атасы ашығ алмыла иесе оғлының тышы қамар (452-бет).

Аушы қанша айла білсе, аяқ сонша жол біледі. – Аушы неше ал білсе, адзық анша иол білір (92-бет).

Көрпеден артық көсілсе, аяқ үсір. – Йоғұрқанда артұқ адзақ көсүлсе үшіүйір (192-бет).

6) Ескерткіш тіліндегі туыстық атаулар тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Ата баласы атаға тартып туар (Атаға тартып ұл туар). – Ата оғлы аташ тұғар (101-бет).

Қарындас десе қарамадық, қайын десе қарадық. – Қадаш теміш қаймадұқ, қадзын теміш қаймыш (464-бет).

Жолдасқа табынса, ұл болар. – Ұмайға тапынса, оғұл болұр (154-бет).

Бала – біліксіз. – Оғлан біліксіз (445-бет).

Қария сөзі қалмас, талдың түйіні жазылмас. – Қал савы қалмас, қағыл бағы иазылмас (469-бет).

Қызбен күреспе, қысрақпен жарыспа. – Қыз бірле күрешме қысрақ бірле иарышма (535-бет).

Бала су төгер, үлкеннің аяғы сынар (Жастардың кемшілігінен үлкендер зиян шегеді). – Оғлан сув төкер ұлұғ ианы сынұр (37-бет).

Адам баласы мұғаймас, иттің баласы сүрінбес (Адам баласы мұңаймас, иттің күшігі сүрінбес). – Ер оғлы мұңадзмас, ыт оғлы күлермес (108-бет).

7) Ескерткіш тіліндегі ер, азамат, бек, батыр тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Ымды білсе, ер өлмес. – Им білсе ер өлмәс (68-бет).

Егір болса, ер өлмес (әр істің алдын алған ләзім). – Егір болса ер олмес (84-бет).

Күнде жарық (жырық) жоқ, бекте қыйық (айну) жоқ. – Күнде ірүк иоқ, бегде қыиық иоқ (100-бет).

Ерсіреген ерге тимес, асып-әбдіреген үйге жетпес. – Ерсек ерге тегмес, ебек евге тегмес (136-бет).

Арқасыз батыр шерік бұза алмас. – Арқасыз алп шерік сыйумас (159-бет).

Алып ерді жасытпа, жүйріктің арқасын жауыр қылма. – Алып еріг иаврытма, ықылаш арқасын иағрытма (169-бет).

Батырлармен ұрыспа, бектермен тұрыспа. – Алплар бірле ұрұшма, беглер бірле тұрұшма (218-бет).

Батыр майдан шебінде, дана жиында сыналады. – Алр шерікте, білге тірікте (448-бет).

От түтінсіз болмас, жігіт күнәсіз болмас. – От түтүнсүз болмас иігіт иазұқсұз болмас (461-бет).

Ердің сөзі біреу, ердің басы үшеу. – Ер сөзі бір, едзер көкі үш (412-бет).

Жер бастырығы тау, ел бастырығы бек. – Иер басрұқы тағ бодзұн басрұқы бег (527-бет).

Қылыш таттанса, іс жүнжір, ер таттанса еті бұзылар. – Қылыш татықса, ыш иүнжір, ер татықса ет тұнжір (410-бет).

8) Ескерткіш тіліндегі ұлт, халық, тайпа, қоныс атаулары тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Татсыз түрк болмас, бассыз бөрік болмас. – Татсыз түрк болмас, башсыз бөрк болмас (410-бет).

Үйғұр, ағашты ұзын кес, темірді қысқа кес (Ағаш кессең, ұзын кес, темір кессең, қысқа кес). – Үйғұр, йығаш ұзұн кес, темүр қысқа кес (25-бет).

9) Ескерткіш тіліндегі ізгілік, жақсылық, адамның жақсы қасиеті тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Жақсылықты судың аяғында таста, басынан ізде. – Едзгүлүкнү сұв адзақында кеміш башында (152-бет).

Науқастың өсиеті жақсылық белгісі. – Іглік тұтрұғы адз болұр (110-бет).

Қонақ келсе, құт келер. – Ұма келсе, құт келір (123-бет).

Кеңескен білік озар, кеңессіз білік тозар. – Кеңешліг білік үдзрешүр, кеңешсіз білік ұпрашұр (275-бет).

Құт белгісі білік. – Құт белгүсі білік (488-бет).

Саудагердің азығы таза болса, жол үстінде жер. – Сартның азұқы арығ болса иол үзә иер (96-бет).

Жүзге қарама, қасиет тіле (Бет-жүзіне, шырайына қарама, қадір-қасиетіне қара). – Иүзге көрме, ердзем тіле (20-бет).

М. Қашқаридың «Түркі сөздігінде» («Диуани лұғат ит-түрк») кездесетін *кіші аласы іштін, иылқы аласы таштын* мақалы қазақ тілінде *адам аласы ішінде, мал аласы сыртында* деп қолданылса, башқұрт тілінде *әҙәм алаһы эсендә, хайуан алаһы тышында*, ноғай тілінде *айван аласы тысында, аьдем аласы ишинде* түрінде қолданылады. Бүгінгі қолданысына қарасақ, *жылқы* сөзі орнына қазақшада *мал* сөзі қолданылса, башқұрт пен ноғай тілінде *хайуан* сөзі қолданылған. Дегенмен, бұл сөз мақалдың мағынасын еш өзгертіп тұрған жоқ, құрылымы да сол күйі сақталып, қолданылып келеді. Осы айтылған тілдердегі нұсқаларында абсолютті ұқсастық болмаса да, бұл мақалдың мағынасы бірдей. Түркі мақал-мәтелдері ең алдымен мағына мен мазмұны жағынан ұқсас болып келеді. Бұл туралы Ә. Қайдар былай деп пікір білдіреді: «Бүгінгі түркі тілдерінің сөздік қорындағы мақал-мәтелдерді салыстырып қарастырғанымызда, «ұқсас» санатына жататын мақал-мәтелдердің ұқсастығы ең алдымен олардың мағыналарына байланысты» [6, 126 б.].

М. Қашқаридың еңбегінде кездесетін *аңдүз болса, ат өлмәс* мақалында *андыздың* емдік қасиеті сөз болады. Сөздікте *андыз шөбі* қолда болса, аттың іш ауруынан өлмейтіні айтылады. Осы мақалға берілген түсінікте: *«өйткені, ат ауырған жағдайда бұл өсімдік тамырын ұнтақтап, жаншып емге пайдаланады. Ауырған аттың танауына иіскетсе, ат тұрып кетеді»* делінген. Бұл мақалдың қазақ тілінде бірнеше нұсқасы бар: біріншісі, *аңдыз болса, ат өлмес*. Бірақ башқұрт және қазақ тілдерінде бұл мақалға тағы бір жол қосылып, құрылымы өзгерген нұсқалары кездеседі. Мысалы, Ә. Қайдардың «Халық даналығы» кітабында бұл мақал *аңдыз болса, ат өлмес. айыр болса, ер өлмес* деп берілген. Ғалым оның мағынасын былай түсіндіреді: «Андыз – мал үшін, айыр – адам үшін шипалы шөп тамырлары. Кептірілген тамырды ұнтақтап, ауру аттың тұмсығына сепсе, не суға салып қойып ішкізсе, ол жазылып кетеді» [6, 194 б.]. Бұдан бөлек, қазақ тілінде адамға пайдасы жағынан *айырдан* басқа *иір* шөбі айтылатын нұсқа да кездеседі: *аңдызды жерде ат өлмейді, иірлі жерде ер өлмейді*. Моңғолия, Қытай қазақтарының қолданысында *аңдызды жерде ат өлмейді, үйірлі жерде ер өлмейді* деген нұсқа да кездеседі. Ал башқұрт тілінде бұл мақалда *рауғаш* қоса айтылады: *ирәүән барҙа ир үлмәҫ, андыҙ барҙа ат үлмәҫ* (*рауғаш барда ер өлмес, андыз барда ер өлмес*). Сонымен қатар башқұрт тілінде *андыҙлы ерҙә ат үлмәҫ, атлы ерҙә ир үлмәҫ* (*андызды жерде ат өлмес, ат бар жерде ер өлмес*) деген нұсқа да кездеседі. Бұл мақалдың жоғарыда мысалға келтірілген нұсқаларында бір зооним (*ат*), төрт фитоним (*андыз, айыр, иір, рауғаш*) қолданылған, *ат* пен *ер* арасында параллелизм жүргізілетін нұсқасы да, тек андыздың ат үшін пайдасы туралы айтылатын нұсқасы да кездеседі. Қалай болғанда да, бұл мақалда халықтың тәжірибесі көрініс тапқан деп қорытынды жасауға негіз бар.

М. Қашқари еңбегінде кездесетін *қорқмыш кісіге қой башы қоош көрүнүр* мәтелі өзгеріске ұшырағанымен, бүгінгі күні жиі қолданылады: қазақ тілінде *қорыққанға қос көрінер*, башқұрт тілінде *Ҡурҡҡанға ҡуш күренә*, ноғай тілінде *Коркканга кос коьринер*. М. Қашқари сөздігіндегі тағы бір мақал бүгінде түркі халықтары тілдерінде қолданыста жүр деп айта аламыз: *Адам баласы жоғалар, жақсы аты қалар*. Қазақ тілінде *ер өлсе де – аты өлмейді* немесе *ат өлер – тұяғы қалар, адам (жігіт) өлер – аты қалар*, башқұрт тілінде *ат үлер – тояғы ҡалыр, әҙәм (егет) үлер – даны ҡалыр*, ноғай тілінде *йигит оьлер, даны калар,* т.с.с. М.Қашқари еңбегінде де, түркі мақал-мәтелдерінде төрт-түлік, оның ішінде жылқыға қатысты айтылған сөздер өте көп ұшырасады. Қазақ *жақсы аттың тісін ашпа, жақсы кісінің жасын сұрама* десе, башқұрттар *яҡшы аттың йөрөшө тигеҙ, яҡшы кешенең холҡо тигеҙ* (жақсы аттың жүрісі тегіс, жақсы кісінің мінезі біртоға), ноғайлар *эр ийгиси бурынлы болар, ат ийгиси эринли болар* (ердің жақсысы мұрынды келер, аттың жақсысы ерінді келер) дейді. *Адам* мен *аттың* образын бейнелеп беруде тек жақсы қасиеттер ғана сөз болмайды, сонымен қатар адамның жағымсыз мінез-құлқын айту үшін де қолданылған: қазақ тілінде *ат жаманы – соқпақшыл, адам жаманы – тоқпақшыл*, башқұрт тілінде *яман атҡа менгәнсе, йәйәү йөрө талғансы, яман ҡатын алғансы, буйҙаҡ йөрө ҡанғансы* (жаман атқа мінгенше, шаршағанша жаяу жүр, жаман қатын алғанша қалағаныңша бойдақ жүр), ноғай тілінде *яман айғыр анасына кас, яман аьдем йолдасына кас* (жаман айғыр енесіне қас, жаман адам жолдасына қас) мысалдарды келтіруге болады.

«Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде осындай мақал-мәтелдерді кездестіруге болады: *Батыр – майданда, ғалым – әңгімеде сыналар; Күздің келетіні жаздан-ақ белгілі; Бақыт белгісі – білім мен ақыл; Әдептің басы – тіл; Арыстан қартайса тышқан інін күзетер; Қылымси білсе – қызыл киер, жарамсақтана білсе – жасыл киер, т.с.с.* Міне, осы секілді мақал-мәтелдер қазақ халқында да дәл осы күйінде, кейде сәл ғана өзгерген түрінде көп қолданылып келеді. Сонымен қатар қазіргі қазақ тілінде айтылып жүрген мақал-мәтелдердің бірқатары сонау көне заман жәдігері. Жазба ескерткіш тіліндегі мақал-мәтелдерге қарап, бұдан он ғасыр уақыт бұрын айтылған даналық ойлар бүгінгі күнге дейін өзінің алғашқы мән-мағынасын жоғалтпағанына куә боламыз. Мәселен, *құс қанатымен, ер атымен; кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында; ұлық болсаң, кішік бол; інген ыңыранса, бота боздайды,* т.б. М. Қашқари еңбегінде бұдан басқа да көптеген мақал-мәтел адамды әділдікке, ар-намысты жоғары ұстауға, махаббатқа адал болуға, мейірімділікке, ізгілікке үндейді.

Мақал-мәтел – көне дәуірден бүгінге дейін халықтың даналығын, өмір тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап орта ғасырлардағы түркі халқы даналарының шығармалары мен еңбектеріндегі мақал-мәтелдердің күні бүгінге дейін тілімізде қолданыста жүргені соның айғағы. Бұл мақалдар – түркі халықтарының бәріне ортақ. Сонымен бірге түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі құрылымы, мағынасы, сөздік құрамы жағынан ұқсас болып келеді. Оның себебі тарихи жәдігерлердің, рухани-мәдени құндылықтардың ортақтығында, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің ұқсастығында жатыр. Түрлі тарихи жағдайлар, әр халықтың қоныстанған жеріндегі географиялық ерекшеліктер жаңа мақал-мәтелдердің тууына, мақал-мәтел қорын көршілес халықтардың мақал-мәтелдерімен толықтырып отыруға себеп болады. Қазақ мақал-мәтелдерін әр қырынан зерттеп, түркі халықтарының мақал-мәтелдерімен салыстыра отырып қарастырса, әлі де көп нәрсенің ортаға шығары даусыз.

Мақала AP22786207 «Қашқаританудың ғылыми-әдіснамалық және қолданбалы мәселелері: «Диуани лұғат ит-түрк» жазба ескерткішін ұлттық сананы жаңғыртудың лингвистикалық факторы контексінде зерттеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 368 с.
2. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 469 б.
3. Айдаров Ғ., Томанов М., Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
4. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 325 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 206 б.
6. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай-Т, 2004. – 559 б.
7. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 528 б.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ЖАҢА РӨЛІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Лес Н.Ө.
№117 орта мектебінің мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Бүгінгі таңда цифрландыру үдерісі қоғамның барлық саласына, соның ішінде білім беру жүйесіне де тікелей әсер етуде. XXI ғасырдың мұғалімі дәстүрлі сабақ беруші ғана емес, заманауи технологияларды шебер қолданатын, оқыту процесін басқарушы және оқушының тұлғалық дамуын бағыттаушы болуы тиіс. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ерекшелігі – тіл арқылы ұлттық сана мен рухани құндылықтарды дарыту. Сондықтан бұл пән мұғаліміне жүктелетін міндет екі есе: біріншісі – тілдік білім беру, екіншісі – ұлттық мәдениетті сақтау мен құндылықтарды қалыптастыру.

Қазіргі педагогика ғылымында «құндылық бағдарлы білім беру» мен «цифрлық педагогика» ұғымдары өзара тоғысып, жаңа әдіснамалық кеңістік қалыптастыруда. Цифрлық дәуір мұғалімінен тек жаңа кәсіби дағдылар ғана емес, сонымен бірге этикалық ұстанымдар мен мәдени жауапкершілік те талап етіледі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі пәні мұғалімінің кәсіби рөлі дәстүрлі түсініктен кеңейіп, оның қызметі білім беруден тұлғалық және рухани жетекшілік деңгейіне дейін жетіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясында «Бүгінде әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты… Сондықтан біз білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдетуіміз керек»-деп, білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды жедел енгізуді тапсырса, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі болған Ғани Бейсембаев: «Білім беруді цифрландыру – бұл тек технологияны енгізу емес, сонымен қатар білім берудің мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін өзгерту» деп, еліміздің ұстаздардына нақты бағыт-бағдар берген болатын [1.99].

UNESCO зерттеулері де осы үрдісті растайды: цифрлық трансформация білім беру жүйесін түбегейлі қайта ұйымдастыруды қажет етеді. Мұғалімнің миссиясы енді тек білім беру емес, оқушыны өмір бойы үйренуге бейімдеу, сыни ойлауға және мәдени-рухани жауапкершілікке бағыттау болып отыр (UNESCO, 2023). Бұл өзгеріс педагогикалық теория тұрғысынан мұғалім рөлін «ақпарат жеткізушіден» «фасилитатор» мен «ментор» рөліне көшіреді [2.75]. Осындай жаңа педагогикалық рөлдер туралы Оразбаева Ф.Ш. өзінің «Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі» еңбегінде атап өтеді. Ғалым мұғалімнің тіл үйретудегі коммуникативтік және мәдениетаралық делдал рөлін ерекше мәнмен көрсетеді. Бұл идея цифрлық дәуірде одан сайын өзекті бола түсті, себебі тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттық дүниетанымның айнасы. Демек, цифрлық контент арқылы осы дүниетанымды жеткізу мұғалімнің құндылықтық және мәдени шеберлігіне тікелей байланысты. [3.78]. Цифрландыру үдерісі мұғалімнің кәсіби қызметін түбегейлі өзгертті. Енді педагог тек ақпарат жеткізуші емес, оқу ортасын жобалаушы, оқушының дербес дамуын басқарушы және технологиялық құралдарды тиімді үйлестіруші тұлға.

Осыған орай қазақ тілі мұғалімінің жаңа кәсіби рөлдері төмендегідей сипатталады:

Білім дизайнері – оқу мақсаттарына сай цифрлық ресурстарды таңдап, сабақ құрылымына енгізу; Оқыту фасилитаторы – ынтымақтастыққа, пікірталас пен жобалық жұмысқа бағыттау; Цифрлық этика мен медиаграмоттылық жетекшісі – оқушыларды интернет мәдениеті мен ақпараттық қауіпсіздікке баулу; Құндылықтық тәрбиеші – тіл арқылы адамгершілік, патриоттық және мәдени құндылықтарды дәріптеу.

Осы рөлдерді тиімді атқару үшін қазақ тілі мұғаліміне кәсіби құзыреттердің кең спектрі қажет. Олардың қатарына техникалық сауаттылық, педагогикалық дизайн, ақпараттық-аналитикалық қабілет, медиаграмоттылық және құндылықтық-педагогикалық шеберлік жатады. Бұл құзыреттердің үйлесуі мұғалімге оқыту сапасын арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарды заманауи контексте жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда бұл бағытта «Цифрлық ұстаз» бағдарламасы, «Teacher’s Hub» онлайн қауымдастықтары және біліктілікті арттыру курстары іске асуда. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдердің көбі технологияны меңгергенімен, оны құндылықтық мазмұнмен ұштастыруда қиындықтарға тап болады. Сондықтан педагогтардың кәсіби даму жүйесі тек техникалық емес, этикалық және рухани компоненттерді де қамтуы қажет.

Бүгінде еліміздің орта білім беру жүйесінде цифрландыру өте қарқынды жүріп жатыр. «Оқытудағы цифрлық экожүйе» жобасы аясында көптеген мектептер интернетке қосылғанымен, қазақ тілі пәніне арналған цифрлық ресурстардың мазмұндық және құндылықтық сапасы әлі де толық жетілмеген. Қазақ тілін оқытуда ұлттық мәдениетке негізделген интерактивті контенттің жетіспеушілігі байқалады. Сондықтан мұғалімдер қауымдастығы арасында авторлық материалдар әзірлеу мен тәжірибе алмасу мәдениетін дамыту маңызды. Соңғы жылдары «Lesson Study» және «Action Research» сияқты форматтар педагогке өз тәжірибесін зерттеп, жаңа әдістерді сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мұғалімдері де осы зерттеу тәсілдері арқылы цифрлық технологиялар мен құндылық бағдарлы оқытудың өзара байланысын тәжірибеде сынай алады. [4.101].

Құндылық бағдарлы оқыту — теориялық ұғым ғана емес, нақты тәжірибелік әрекет. Қазақ тілі сабақтарында бұл бағытты іске асырудың тиімді жолдары бар: мәтін талдау кезінде кейіпкер мінезін құндылықтар тұрғысынан бағалау; шығарма немесе пікірталаста ізгілік, адалдық, еңбек, патриотизм ұғымдарын талдау; мақал-мәтелдер арқылы тіл мен мәдениеттің сабақтастығын көрсету. Мұндай әдістер оқушылардың тілді меңгерумен қатар, ойлау мәдениетін және рухани ұстанымын қалыптастырады. Осылайша тіл сабағы тұлғаның рухани дамуының алаңына айналады. [5.133].

Қазақ тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін арттыруда жаңа трендтер де пайда болуда. Олардың қатарында жасанды интеллект (ChatGPT сияқты құралдар), виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары (VR/AR), ойынға негізделген оқыту (Gamification) және микрооқыту (Microlearning) тәсілдері бар. Бұл құралдар мұғалімге сабақты жандандырып, оқушыны белсенді қатыстыруға мүмкіндік береді.

Алайда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану үшін жүйелі қолдау қажет. Осыған байланысты келесі ұсыныстарды атап өтуге болады: Мұғалімдердің цифрлық және құндылықтық құзыреттерін арттыруға арналған тұрақты курстар ұйымдастыру; Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған ұлттық цифрлық платформа – *«QazaqEdu Hub»* құру; Әдістемелік қауымдастықтар мен педагогикалық зерттеу топтарының жұмысын күшейту; Бағалау жүйесіне тілдік дағдымен қатар, құндылықтық көрсеткіш енгізу; Мұғалім еңбегін бағалауда цифрлық белсенділік пен жаңашылдықты ескеру; Жасанды интеллект пен VR/AR технологияларын қазақ тілі сабақтарына бейімдейтін пилоттық жобалар әзірлеу; Қазақ тілі мұғалімдеріне арналған онлайн құралдардың қазақша нұсқасын кеңейту және жетілдіру.

Қазақ тілі мұғалімінің кәсіби бейнесі бүгінгі күні тек мектеп қабырғасымен шектелмейді. Ол – қоғамдағы мәдени саясаттың, тілдік экожүйенің және ұлттық құндылықтардың таратушысы. Сондықтан цифрлық дәуірде мұғалімнің кәсіби дамуы үздіксіз процесс ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл даму педагогикалық, технологиялық және адамгершілік бағыттармен қатар жүруі қажет. Болашақтың ұстазы жаңа буын оқушылармен жұмыс істеуде эмпатия, цифрлық креативтілік және әлеуметтік жауапкершілік сияқты қасиеттерді үйлестіре білуі керек. Қазіргі оқушылар – цифрлық тумалар, олардың ойлау жүйесі визуалды және жылдам ақпарат алмасуға бейім. Сондықтан қазақ тілі мұғалімі сабақ жоспарын, мәтін талдау әдістерін және тілдік жаттығуларды заманауи оқушының когнитивтік ерекшеліктеріне сай бейімдей алуы қажет. Мұғалімнің кәсіби өсуінің маңызды элементі – өзін-өзі дамыту мен рефлексия мәдениеті. Әр педагог өз тәжірибесін үнемі саралап, «не тиімді болды, неге?» деген сұрақтарға жауап іздеуі керек. Бұл бағытта электрондық портфолио, онлайн коучинг, кәсіби блог жүргізу, бейнесабақтар жасау – заманауи педагогикалық тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналуда. Сонымен қатар, цифрлық дәуір мұғалімдерден жаһандық педагогикалық байланыстарға ашық болуды талап етеді. Халықаралық онлайн-конференциялар мен кәсіби қауымдастықтарға қатысу, шетелдік тәжірибелермен танысу – кәсіби ой-өрісті кеңейтеді. Мысалы, Еуропалық Одақтың DigCompEdu моделі немесе Финляндияның «Lifelong Learning Teacher» платформалары қазақстандық ұстаздарға бағыт-бағдар бере алады. Осындай үлгілерді ұлттық контексте бейімдеп пайдалану – педагогикалық мәдениеттің жаңа деңгейіне көтерілуге жол ашады.

Мұғалімнің кәсіби этикасы мен тұлғалық тұрақтылығы да ерекше маңызға ие. Қазіргі ақпараттық қоғамда ұстаз түрлі әлеуметтік желілер мен онлайн кеңістікте үнемі қоғам назарына ілігеді. Демек, мұғалімнің цифрлық имиджі – оның беделі мен оқушы алдындағы үлгісі. Осы себепті педагог цифрлық ортада өзін ұстау мәдениетін, желідегі қарым-қатынас әдебін және жеке ақпаратты қорғау дағдыларын меңгеруі қажет. Болашақта қазақ тілі мұғалімдерінің кәсіби қауымдастығы тек тіл мамандарының ортақ алаңы ғана емес, ұлттық құндылықтар мен инновациялық педагогика тоғысқан шығармашылық орталыққа айналуы тиіс. Мұндай ортада ұстаздар өздерінің авторлық цифрлық контентін (бейнематериалдар, подкасттар, цифрлық оқулықтар) бөлісіп, тәжірибе алмаса алады. Бұл – педагогикалық инновациялардың тұрақты экожүйесін қалыптастырудың ең тиімді жолы. Цифрлық білім берудің дамуында мемлекеттік қолдау мен ғылыми қауымдастықтың өзара ынтымақтастығы да шешуші рөл атқарады. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары бір бағытта дамуы қажет. Яғни, болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне технологиялық сауаттылықпен қатар, құндылықтық педагогика, цифрлық этика және мәдени медиаграмоттылық пәндері енгізілуі маңызды.

Соңында айта кету керек, қазақ тілі мұғалімінің миссиясы – уақыт талабына сай өзгеріп отыратын, бірақ мәні өзгермейтін биік ұғым. Ол – ұлттық болмысты заманауи біліммен үйлестіру, әрбір оқушыны тек сауатты емес, саналы азамат етіп тәрбиелеу. Технология құрал бола алады, бірақ негізгі мазмұн – адам мен адам арасындағы рухани байланыс.Қорытындылай келе, цифрлық дәуірдегі қазақ тілі пәні мұғалімі — тек тіл үйретуші ғана емес, қоғамның мәдени және рухани құндылықтарын таратушы тұлға. Технология – тек құрал, ал басты миссия – адамгершілік пен ұлттық санаға қызмет ету. Мұғалімнің кәсіби

шеберлігі мен рухани ұстанымы үйлескенде ғана цифрлық білім беру жүйесі өзінің басты мақсатына – тұлғаның жан-жақты дамуына қол жеткізеді.

Қазіргі цифрлық дәуір мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертті. Бұрын мұғалім – тек білім беруші болса, бүгінде ол оқушыларды ақпаратты іздеп, талдап, сыни тұрғыдан бағалауға үйретететін бағыттаушы тұлғаға айналды. Қазақ тілі пәні мұғалімі де осы үдерістің алдыңғы қатарында. Ол оқушының тілдік құзыреттілігін ғана емес, цифрлық ортада сауатты, мәдениетті, жауапты азамат болып қалыптасуын қамтамасыз етуі тиіс. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында дәстүрлі әдістермен қатар цифрлық құралдарды – *Quizizz, Kahoot, LearningApps, Wordwall* сияқты интерактивті платформаларды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілді меңгеруді ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушының белсенділігін арттырып қана қоймай, заманауи коммуникация тілі – цифрлық сауаттылықты дамытады. Сонымен қатар, қазіргі мұғалім оқушының жеке қабілетін ескеріп, әртүрлі онлайн ресурстар арқылы жеке оқу траекториясын қалыптастыра алады. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде оқушылар *Padlet* немесе *Canva* арқылы өз ойларын визуалды түрде жеткізіп, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді. Бұл оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, қазақ тілінің заманауи бейнесін танытады. Қазақ тілі пәні мұғалімінің құндылықтық ұстанымы – ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау, ұлттық рухты жаңғырта отырып, оны заманауи технологиялармен ұштастыру. Мұғалім үшін басты мақсат – оқушы бойында ана тіліне деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Мысалы, ұлттық құндылықтарға негізделген бейнежобалар немесе подкасттар жасау арқылы оқушылар тілдің өмірмен байланысын сезінеді.

Қорыта келгенде, цифрлық дәуірдегі қазақ тілі пәні мұғалімі – ұлттық рух пен заманауи білімді қатар ұстанған кәсіби көшбасшы. Ол тек тіл үйретіп қана қоймай, оқушыларды XXI ғасырдың талаптарына сай, ақпараттық мәдениеті жоғары, ұлттық болмысын сақтаған тұлға ретінде тәрбиелейді. Сондықтан қазақ тілі мұғалімін цифрлық дәуірдің талабына сай қолдау – ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға бағытталған стратегиялық міндет. Бұл міндетке педагогикалық қауымдастықтың ынтымақтастығы мен ғылыми негізделген тәжірибесі арқылы қол жеткізуге толық мүмкіндік бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.Ж. «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы Тамыз конференциясында сөйлеген сөзі. – Астана, 15 тамыз 2025 жыл. – Ресми сайт: akorda.kz.
2. UNESCO. Digital learning and transformation of education. – Париж, 2023 жыл. – Ресми сайт: unesco.org.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚБАРБК, 2000. – 208 б.
4. Жұбанова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2019. – 264 б.
5. Құдайбергенова К.С. Құндылық бағдарлы білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 180 б.

ҚОС ТІЛДІК ОРТАДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: «ЫРЫҚ БІТІК» ТРАКТАТЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ

Н. А. Маевский[1], Г. Н. Зайсанбаева[2]

[1]Психолог, зерттеуші, тіл үйренуші; [2]ф. ғ. к, сертификатталған тренер

Астана, Қазақстан.

Адам санасына әлем суреті бейнелер, сөздер және тіл арқылы қалыптасады. Бала дүниеге келген кезде сыртқы әлемнің құбылыстарын өз түйсігімен сезінеді және түсінеді. Өсе келе оның миында заттар мен құбылыстар бейне ретінде түзіле бастайды, ал содан кейінгі кезеңдерде ұғымдар қалыптасады. Басқа адамдарды, өз-өзін, бүкіл әлемді түсіну үшін осы ұғымдар көмекке келеді. Әрине, дүниеге өз көзқарасын қалыптастырудағы ең басты рөлді тіл

атқарады. Тілдің таңбалаушы, қатысымдық, танымдық әрі регулятивтық қызметі бар. Тіл үйренген кезде адамға әлемді түсінуге, әр түрлі құбыластарды ажырата білуге, олардың атауларын ойланып табуға және де есінде сақтауға мүмкіндік туады. Тілді жақсы білетін адам өзі ішінде қандай үдерістер болып жатқанын түсіне алады және оларды басқара алады.

Бала өмірге қадам басқан кезде әртүрлі нәрсені, құбылысты басынан өткізіп, олармен эмоциялық байланыс орнатады. Яғни адам ана тілінде әрбір сөзді айтқан сайын әртүрлі эмоцияларды сезінеді және де нақты бейнелерді елестетеді. Мысалы: қазақша «ана», орысша «мама» және ағылшынша «mother» деген сөздерді әр адам әртүрлі қабылдайды және оның қабылдауы ана тілінің қай тіл екеніне байланысты. Бұл жерде нені түсіну маңызды? Ана тілінің аффект жадқа әсері мол және де алғашқы адами жақындық сезімдермен тығыз байланысы бар. Ал екінші немесе одан кейінгі меңгерген тілдер когнитивтік процесстерді белсендіреді және құрал ретінде қолданылады. Оның үстіне тіл және тіл арқылы туындайтын эмоциялар, мағыналар адамның жеке тұлғалық бірегейлігін және тұлғаның өзі туралы анықтамасын қалыптастырады. Дәл осы жолмен адам өз-өзіне «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап бере алады.

Адам екі тілде бірдей тыңдап, сөйлеп өссе, ми қалай дамиды? Қазіргі ғылыми зерттеулер бойынша, билингвтарда жеке тұлғалық ерешелік (идентичность) ретінде белгіленген құрылымның орнына контекст және тілге байланысты динамикалық жүйе қалыптасады. Франсуа Грожьян complementary principle деген сөзге келесі сипаттаманы береді. Билингвтар өздері білетін тілдерді өмірдің әртүрлі контекстінде сәйкесінше қолданып жүреді. Яғни бірінші тіл – үй және эмоционалдық өмірге арналған, ал екіншісі – білім, мансап әрі ресми коммуникацияға арналған. Тіл арқылы нақты қоғамдық рөлін және мінез-құлық ережелері белгілейді. Нәтижесінде билингв адамда көп деңгейлі «Мен» құрылымы пайда болады. Осы құрылымда әр тілдің жүйесіне арналған өз контекст, түсіну стилі әрі дененің өзін-өзі сезінуі қалыптасады [1].

Жалпы Қазақстанда қостілді ортаны байқаймыз. Бір тілдік орта қазақ тілін қолдануда белсенді болса, ал екінші бір ортада орыс тілі жиірек қолданылады. Тілдің қолданысы көпқырлы, әр түрлі факторларға байланысты: адамның тәрбиеленген отбасы, тұрған жері, мектептегі оқыту тілі, құрдастарының тілдік ортасы, жұмысы – мұның барлығы жеке тұлғаның тілдік таңдауына әсер етеді. Осылайша, адам өмірінде нақты бір тілді таңдауға әкелетін жағдайларды алға тартады. Осы таңдауы оның өзін тануы, тұлғалық айқындалуына басты бағыт болады.

Мәдениет психологиясы саласындағы (Hermans & Kempen, 1993; Hermans, 2001) диалог пен (Dialogical Self) концепт теориясы бойынша адамның ішкі күйінде алуан түрлі «ішкі мен/ішкі дауыстары» бар. Мысалға: «Үйдемін», «Жұмыстамын», «Анатілімдемін», «Басқа-тілдемін» т.б. Билингвтарда бұл ішкі ұстанымдар тіл арқылы көрініс табады. Бірде ішкі дауыс ана тілінде сөз сөйлейді, ал енді бір жағдайда басқа бір дауыс – өзге тілде сөз алады. Сол себепті бір жағынан қарағанда икемділік үшін мүмкіндіктер пайда болады, екінші жағынан екі тілдің мәдени құндылықтары бір-бірімен дауласатындай ішкі қайшылықтар да туындауы мүмкін (мысалы: жеке сана және ұжымдық сана) [2].

XX ғасырдың басынан Қазақстандағы саяси-әлеуметтік динамика орыс тілінің белсенділігіне бет алып, қазақ тілінің мәртебесі өзгеріске түсті. Орыс тілінің қызметі табыстылық, ғылым-білімнің дамуы және элеуметтік прогресс ретінде танылды. Ал қазақ тілі отбасы мен салт-дәстүрді жалғастырушы қызметінде қалды. Орыс тілді мектептердің саны артып, қазақ тілді орта азая бастады. Нәтижесінде лингвистикалық сенімсіздікке және тілдік сәйкестіліктің өзгеруіне, екіге жарылуына әкелді. Әлеуметтік лингвистика саласында бұл құбылыс тілге деген адалдықтың біртіндеп өзгеруі (language shift) деп аталады [3]. Соның нәтижесінде адамның өзін жеке тұлғалық тануы (идентичность) және оның «қазақ тілінде сөйлейтін өзіне» деген көзқарасы өзгере бастайды. Бұл өзгерістер көптеген адам үшін ұят сезімімен астасқан жанын жаралайтын тәжірибе ретінде санада сақталады. Психологияда бұл жан жарасы деп аталады. Жан жарасы деген бір өткен оқиғаның адам өмірінің сапасына негативті әсер ету нәтижелері [4].

Қазақ мәдениетінде «қуыс кеуде» деген феномен бар. Санжар Керімбай зерттеулері бойынша «қуыс кеуде» адам рухының, жан дүниесінің бос қалуы, құндылықтарынан айырылуы, өзіндік тұлғалық танудан (идентификация) алыстау [5]. Яғни адам өзінің ұлттық мәдениетімен байланысын сезінбейді, өзінің қазақ тілін білетін бөлігінен ұялады, оны байқамайды. Сондай-ақ, осы жағымсыз тәжірибесінен бұл адамда психологиялық кедергілер туындайды. Содан кейін тіпті қазақ тілін жақсы білсе де, оның қазақша сөйлесуі қиындық тудырады. Бұдан басқа, қоғамның қысымы, басқа адамдардың сыны, мінсіз қазақ тілін білу керек деп санайтын адамдар және өзіне өте жоғары талаптар қою, оның еркін қазақша сөйлеуіне жол бермейді.

Ермаханова зерттеуі бойынша замануи Қазақстанда адамдарда гибридті сана қалыптасқан [6]. Бұл жағдайда 21-ғасырдағы құндылықтар, цифрландыру пен прогресс идеялары және дәстурлік мәдениеттің құндылықтары бірігіп кетеді. Сондықтан да тұлға санасында әртүрлі құндылық қатар өмір сүреді. Бірақ бұл ретте бейімделу ассиметриясы болғандықтан, адам мінез-құлқы және ойлауы бірікпегеннен институт формасы және нағыз практикалық әрекеттер қатты өзгешеленеді. Психологиялық деңгейде адам бұл жағдайды субъективті ішкі жанжал немесе құндылықтардың дағдарысы ретінде басынан өткереді. Қазіргі заманның сын-қатері, белсенді технологиялық даму, жасанды интеллект пайда болғандықтан, адам туындаған мәселелерді дер кезінде шешуі қажет. Мәдени құндылықтарды қалай сақтауға болады? Сондықтан ата-баба тәжірибесі мен әлемдегі өз орнын анықтауды қалай біріктіруге болады деген сұрақтар өте өзекті.

Біз мәдениетті оның иесі мен мәдени символдары, заттары, артефактары арасындағы байланыс арқылы түсінеміз. Мұның барлығын тарихи ескерткіштер мен артефактарды зерттей отырып, сол кезеңдегі өмір, құндылықтар, дәстүрлер туралы қорытынды жасаймыз. Мысалы: түркі мәдениетінде ондай артефакт бар. Х-ғасырдағы Ырық бітік деген трактат - руна жазуымен жазылған кітап. Трактатта 65 бөлік/оқиға (игі жақсы/жаман) ерекше сипатталып, бағаланып ұсынылады. Гаркавец зерттеуі бойынша, бірінші жағынан, бұл трактат келешекті болжап, қарау үшін бал ашу технологиясы деп көрсетеді. Ал басқа жағынан қарайтын болсақ, бұл жәдігер көшпелі тұрмыс-тіршілік дәстүрін, ойлауын және ата-бабаларымыздың дүниеге көзқарасын бейнелейді [7] . Көшпелі өмір, тұрмыс, әлем суреті заманауи Қазақстанда тұратын адам, оның менталитетін түсіну үшін өте маңызды. Цифрландыру, технологиялық дамуға қарамастан адам үшін оның тарихи тамыры, негізі және құндылықтары қандай екенін білуі, түсінуі өте маңызды. Олай болса, қазіргі жағдайда адамның өткенге көз жіберіп, өмірді және өзін-өзі тануына зор мүмкіндік туындады.

Қытайтанушы Виногродский қытайлық И-цзин (Книга перемен) деген кітабы және «Ырық бітік» трактаты салыстырғаннан кейін, бұл жәдігердің терең мәні бар екенін айтады. Сол дәуірдегі өмір сүрген адамдардың әлем сүреті, ырымдары және дәстүрлері, тағдырдың маңыздылығы, табиғаттың ықпалы қандай болғанын түсіну үшін осы трактат пайдаланылғанын көрсетеді [8]. Виногродский және Гаркавец бойынша түркі халықтарының мәдени кодын, пәлсапасын, жақсылық пен жамандық туралы түсінігін «Ырық бітік» трактатының мағынасы арқылы түсінуге болады.

Замануи nomad-дизайнер, суретші әрі көшпенді мәдениет зерттеушісі Лаура Досыбаева «Ырық бітік» карталары деген жоба әзірлеген. Бұл жоба арқылы ерекше заманауи интерпретация ұсынылады және кез келген адам өзіне терең даналық көзін аша алады. Бұл карталар – көшпенді мәдениет мұрасы және де адамның өзінің түпсанасы әрі түйсігімен жұмыс істеу үшін арналған. Жиынтықта жеңіл түрде бейнеленген ежелгі Ырық бітіктің интерпретациясы бар. Әр карта түркі дәстүрлі архетиптерінің символдық хикаясын сипаттайды. Карталармен жұмыс істеген кезде біз жеке, сонымен бірге арғы тегіміздегі сценарийларымызды түсінеміз, жоғалтқан мәдени тамырымызды табамыз, әлемдегі өзіміздің орынымызды сезінеміз. Негізінде осы карталар өзімізді түсінуге көмектеседі. Ата-бабаларымыздың даналығына сүйене отырып, біз өз өмірімізге жаңаша көзқарас қалыптастырамыз.

Психологиялық тәжірибеде «Ырық бітік» карталары – заманауи көшпенді мәдениетке жаңа көзқарасты қалыптастырады және де түркі халықтарының бейнелер жүйесін зерттеу нәтижесі ретінде ассоциативті түсінігіміз бен есте сақтауымыз арқылы проективті әдіс ретінде жұмыс істейді. Оларды қолдана отырып адам көшпенді мәдениетте қалыптасқан бейнелер арқылы жасырын мағыналарды таба алады, ішкі жанжалды шеше алады және өзінің жеке тұлғалық ерекшелігін түсінуіне басқа көзқараспен қарай алады. «Ырық бітік» карталары бізге өз құндылықтарымызды түсінуге, ойлау мен түйсікті дамытуға бағытталған практикалық құрал ретінде ата-баба құндылықтары мен заманауи адам құндылықтарын байланыстыратын көпірге айналады деген сенімдеміз.

1-сурет. Үш деңгейлі ата-бабаларымыз құндылықтары, психологиялық сын-қатерлер және бейімделу факторларының интеграциясы моделі.

1-суретте ата-бабаларымыз құндылықтары заманауи адамға психологиялық сынақтарға бейімделу және ішкі күшін арттыру арқылы өзінің ішкі күйіне оралу үдерісін басталуына көмектесу моделі көрсетілген. Ырық деген сөз осы контексте ең нақты осы көзғаластың мағынасын ашады. Адам өз таңдауын жасаған кезде өзін қалыптастырады. Содан кейін өзінің «арын» сезінгеннен, кім екенінді біле бастайды. Сонымен қатар өзінің тамырын және ата-бабаларының құндылықтарын бірге сезіну мүмкіндігі туады.

Мен қазақ тілін екі жарым жыл уақыт бойы үйреніп жүрмін. Мен үшін «Ырық бітік» жобасы құндылықтар, тіл және мәдени бейнелер арқылы қазақ халқының ойлауын, дүниетанымын әрі менталитетін білуге көмектеседі. «Ырық бітік» карталарын қолданғанда мен қазақ тілін және қазақ мәдениетін жақсы түсінуге мүмкіндіктер артады. Қазіргі таңда бұл карталарды қолдану практикасы белсінді жүріп жатыр. Авторлардың ойынша бұл әдіс ата-бабаларымыз құндылықтары мен заманауи құндылықтарды интеграциялау үшін болашақта өз жемісін береді. Олардың бірігуі адамдардың ішкі тұтастық, лингвистикалық сенімділік және жеке тұлғалық ерекшелігін (идентичность) тануларына көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Grosjean, F. (2010). Bilingual: Life and Reality. Cambridge, MA: Harvard University Press. P.20-23.

2. Hermans, H. J. M., & Kempen, H.J.G. (1993). The Dialogical Self: Meaning as Movement. San Diego, CA: Academic Press. pp. 67–69.

3. Fishman, J. A. (1991). Reversing Language Shift: Theoretical and Empirical Foundations of Assistance to Threatened Languages. Clevedon: Multilingual Matters. pp. 1–4.

4. Shapiro, F. (2018). Eye Movement Desensitization and Reprocessing (EMDR) Therapy: Basic Principles, Protocols, and Procedures (3rd ed.). New York: The Guilford Press. pp. 41–43.

5. Керимбай С. Қуыс кеуде. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 184 с.

6. С. Ермаханова. Социокультурные особенности населения Казахстана / С. Ермаханова // Россия и мусульманский мир. – 2010.

7. Гаркавец, А. Н. (2022). Ырқ бітіг. Древнетюркская руническая книга гаданий, X век: набор, транскрипция, перевод, словарь. Алматы: Баур. — 96 с.

8. Виногродский, Б. Б., & Черницын, Ф. (2024). Письмена судьбы. Евразийская Книга знаков Ырк Битиг. Москва: Эксмо. — 9 с.

АЛАШ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Г.Қ. Махсутова[1], Г.К. Кажибаева[2]
[1]магистрант, [2]ф.ғ.к., қауымд. профессор, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі таңда ұлттық идеология – мемлекет пен қоғам дамуының рухани өзегіне айналған ұғым. Ол – ұлттың тарихи жадына, мәдени коды мен тілдің бірегейлігіне сүйенетін идеялық тұғыр. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық идеологияны қалыптастыру мәселесі мемлекеттік маңызы бар стратегиялық бағыт болып қала бермек. Қазақстан үшін бұл мәселенің бастауында XX ғасырдың басында ұлттық мемлекеттілік идеясын ту еткен Алаш қозғалысының мұрасы айрықша орын алады. Алаш қайраткерлері ел тәуелсіздігі, ұлттық сана, тіл мен мәдениет тұтастығын басты мұрат етіп қойды. Алаш қайраткерлерінің мемлекет құрудағы тәжірибесі, ұлт мүддесін қорғаудағы табандылығы және олардың ағартушылық, саяси-құқықтық көзқарастары қазіргі Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен идеологиялық негіздерін нығайтуда баға жетпес құндылық. Әсіресе, Батыс Қазақстан өңіріндегі Алаш мұрасының ұлттық идеологияны қалыптастырудағы рөлі мен маңызы терең зерттеуді талап етеді. Батыс өңірі – Алаш қозғалысының өріс алған маңызды орталықтарының бірі. Мұнда Ғұмар Қараш, Ғабдолғазиз Мұсағали, Халел және Жанша Досмұхамедұлы, Тележан Шонанұлы т.б. сынды зиялылар ұлттық ояну мен ағартушылықтың көшбасшысы болды. Олардың мұралары бүгінгі ұлттық идеологияның мазмұнын терең түсінуге, заманауи қазақ қоғамында рухани жаңғыруды жүзеге асыруға жол ашады.

Алаш идеясының мәні – халықтың еркіндігі, тіл мен діннің тұтастығы, мәдениет пен білімнің дамуы. Ол – ұлттың өзін-өзі басқаруға қабілеттілігін дәлелдеген алғашқы саяси және рухани қозғалыс. Алаш қайраткерлері елдің болашағын тек саяси тәуелсіздікпен емес, рухани тәуелсіздікпен байланыстырды. Сол себепті олардың мұрасын бүгінгі ұлттық идеологияның іргетасы ретінде қарастыру орынды. Мысалы, Ғұмар Қараш отан мен ұлт мәселесіне бүкіл халықтың жауапкершілігін жүктейді: «Бірқатар адамдар отан, ұлт мәселесімен тек жоғары лауазымды және ой кешті адамдар айналысса болар – деседі. Отан, ұлт мәселесі баршаға ортақ. Әркім: үлкен де, кіші де бұл жайлы ойласа керек. Отанға, ұлтқа, қызмет ету – жоғары мәнсапты, яки, бай адамдарға ғана міндетті емес. Ниеті, ықыласы дұрыс болса, жай, орташа адамдар да отанға қызмет ете алады. Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әркім шамасы жеткенше қолынан келген істі атқарса болады» [85]. Бұл тұжырым қазіргі идеологиядағы жалпыұлттық патриотизм және азаматтық жауапкершілік қағидаттарымен толық үндеседі. Ұлтқа қызмет – тек билікке емес, әр азаматқа жүктелген парыз. Демек, Алаш идеясындағы халықтық жауапкершілік – қазіргі ұлттық идеологияның басты бағыты болуы тиіс.

Алаш мұрасында тіл мәселесі – ұлттық болмыстың өзегі ретінде қарастырылады. Алаш зиялылары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін және оның болашақ ұрпақ үшін маңызын айрықша көрсетті. Ғұмар Қараш пен Тележан Шонанұлы еңбектерінде тіл – ұлттың айнасы, мәдениет пен мемлекеттіліктің тірегі. Ғ.Қараш тілдің ұлттық құлдыраудан сақтаудағы маңызын терең талдайды: «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгереді һәм көршілес күшті халықтың тілімен араласып соған құл болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Я кішкене ұлттардың жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады» [1, 86]. Ол сондай-ақ ана тілін білу – ұлттың баласы болудың басты шарты дейді: «Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың, өнері де

өршімейді. Тіл сақтауға мүмкіндік болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тіліміздің қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» [1, 86]. «Тіл болмаса ұлт та болмайды. Яғни ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны бегірек те сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады» [1, 87]. Осы пікір қазіргі тіл саясатының да негізін құрайды. Ана тілін сақтау – ұлтты сақтау деген ұғымды бекітеді. Телжан Шонанұлы да бұл ойды жалғастырады: «Тіл болмаса, халық біріншіден, өзінің ұлттық бейнесін жоғалтады, екіншіден, мәдени құлдырауға ұшырайды» [1, 213]. Бүгінгі жаһандану жағдайында бұл ескерту аса өзекті. Ұлттық идеологияның өзегі ретінде тіл мәселесін мемлекеттік саясаттың барлық саласында күшейту – Алаш аманатын орындау болмақ.

Х. Досмұхамедұлы мен Ғ. Мұсағалидің еңбектерінде білім мен ағартушылық ұлттық өркендеудің кепілі ретінде қарастырылады. Ғ.Мұсағали: «Бұрынғы бабаларымыз, оқу-жазу білмейтін қарттарымыз ХХ ғасырдағы бүгінгі қазақ жастарына қарағанда өз тарихтарын артығырақ білген, ең болмағанда әркім өзінің жеті атасының тарихын ұмытпаған» [1, 107]. Бұл – ұлттың тарихи санасын қалыптастырудың маңызы туралы терең пайым. Ұлттық идеология өткеннің тәжірибесінен тағылым алып, болашаққа бағыт сілтеуі тиіс. Сондай-ақ, ұлттық тәрбие – ана тілінен бастау алатынын баса айтты: «Емшек сүтімен баланың денесі қанша өссе, оның көңілі, махаббаты да соншалықты өсіп, күннен-күнге арта беру шарт – бұл бір, екіншіден, бала ана қолында осылайша тәрбие алғаннан кейін мектептерде өзінің ана тілі мен әдебиетін үйретіп, өз халқының тарихи өмірі, тұрмыс жағдайымен оларды жақсы таныстыру қажет» [1, 108]. Ал Х. Досмұхамедұлы былай дейді: «Заманымыз – мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткіземіз. Білім мысқалдап кіреді, білімді болу үшін сарғаю керек» [1, 111]. Бұл ой – қазіргі білім беру жүйесінің идеологиялық бағдарына айналуы тиіс қағида. Алаш зиялылары үшін білім – ұлтты отарлық езгіден құтқаратын ең күшті құрал болды. Сонымен қатар, Х. Досмұхамедұлы «Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды», [1, 114] – дейді. Х.Досмұхамедұлының баспа мен мектепті «елге сіңіп кететін тілдің қаруы» деп бағалауы бүгінгі ақпараттық кеңістік пен мелдиа идеологияның маңызын айқындайды. Яғни, қазіргі БАҚ пен мектеп жүйесі Алаштың ағартушылық миссиясын жалғастырушы болуы тиіс. Сонымен қатар, Х.Досмұхамедұлының ана тілін құрметтеу туралы нақыл сөзі қазіргі тіл саясатындағы ең өзекті ұстаным: «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі – зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек» [1, 113].

Алаш қайраткерлерінің идеяларында ұлт бірлігі – мемлекеттің кепілі. Ж.Досмұхамедұлы былай дейді: «Біздің тірегіміз барлық халық, қалың жұрт – бай, кедей, ру, ақсүйек, тайпа болып бөлінбей – баршамыз болып бірлік туын көтеру» [1, 137]. Бұл ойдың астарында әлеуметтік теңсіздік пен рушылдық көзқарастардан арылып, жалпыұлттық сана қалыптастыру идеясы жатыр. Бұл қазіргі Қазақстанның ұлттық идеологиясындағы «жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» қағидатымен тікелей сабақтасады. Тәуелсіздік жағдайындағы идеологияның басты мақсаты – этникалық, әлеуметтік және өңірлік айырмашылықтарға қарамастан, «бірлік туын» көтеру арқылы бүртұтас ұлтты қалыптастыру. Ж. Досмұхамедұлының сөзі осы қағидаттың тарихи-рухани негізі болып табылады.

Алаш қайраткерлері үшін ұлтқа қызмет ету – құр ұран емес, нақты іс пен еңбек арқылы жүзеге асатын өмірлік қағида болды. Бұл тұрғыда Х. Досмұхамедұлының мына пікірі қазіргі қоғам үшін де өзекті: «Қазір бізге әрбір жыл, ай, апта, күн қымбат. Әдетте, қазақ халқының сөз бұйдаға жаны қас. Жазған мақала, кітабымыз, сөйлеген сөзіміз, жасаған баяндамамыз осы тағдыр-талайы ауыр ұлтымыздың уақытын ұтатындай болып туу керек. Біз ұйымды есеп үшін құрмаймыз, елдің мәдени-ағарту жағдайын титтей де болса ілгерілете ме деп құрамыз» [1, 116]. Х. Досмұхамедұлының «Қазір бізге әрбір жыл, ай, апта, күн қымбат» деген сөзі – ұлттық санадағы уақытты бағалау. Х.Досмұхамедұлының бұл қағидасы қазіргі Қазақстанның экономикалық саясатындағы бәсекеге қабілеттілік пен тиімділік қажеттілігімен толық

үйлеседі. Ұлттық идеология «сөз бұйдаға» емес, нақты іске және нәтижеге бағытталуы керек. Мемлекеттік бағдарламалар, ғылыми зерттеулер және білім беру жүйесі ұлттың «уақытын ұтатындай» яғни, пайдалы, нәтижелі болуы тиіс. «Біз ұйымды есеп үшін құрмаймыз, елдің мәдени-ағарту жағдайын титтей де болса ілгерілете ме деп құрамыз» деген тұжырымы – ұйымдастырушылық жұмыстың нақты мақсатын айқындайды. Ұйымдар мен мекемелер формальды түрде есеп беру үшін емес, елдің сапалық дамуына үлес қосу үшін жұмыс істеуі керек. Мәдениет пен білім беру саласындағы кез келген бастаманың басты мақсаты – елдің мәдени-ағарту жағдайын титтей де болса ілгерілету. Сондай-ақ: «Жазған мақала, кітабымыз, сөйлеген сөзіміз, жасаған баяндамамыз осы тағдыр-талайы ауыр ұлтымыздың уақытын ұтатындай болып туу керек» деген талап – зиялы қауым мен шығармашылық адамдарға қойылған ең жоғары жауапкершілік. Бұл – бүгінгі ғалымдар, журналистер, саясаткерлер және ақпараттық кеңістікте жұмыс істейтін тұлғалар үшін бағдарламалық сөз. Олардың әрбір сөзі, мақаласы немесе баяндамасы халықтың санасын уақыт пен энергияны босқа кетірмей, оң өзгерістерге және дамуға бағыттауы тиіс. Бұл ұлттық ақпараттық кеңістіктегі мағынасыз сөз таластарынан және жалған жаңалықтардан аулақ болуға шақыратын идеологиялық негіз.

Қазіргі замандағы ұлттық идеологияны қалыптастыруда Алаш мұрасының маңызы айрықша. Ғ. Қараш, Жанша және Халел Досмұхамедұлы, Ғ. Мұсағали, Т. Шонанұлы сияқты арыстардың идеялық-саяси тұжырымдары қазақтың ұлттық мемлекеттілік негіздерін, тіл мен білімге деген ерекше құрметін қалыптастырды. Олардың отанға қызмет ету – жалпыхалықтық міндет екендігі туралы ұстанымы, тіл – ұлттың өзегі және білім – мәдениеттің кілті екендігі туралы ағартушылық идеялары, бай, кедей, руға бөлінбей – бірлік туын көтеру қажеттігі туралы мемлекетшілдік үндеулері – қазіргі Қазақстанның «Мәңгілік Ел» идесының рухани-тарихи тірегі болып табылады. Алаш мұрасын, әсіресе, Батыс өңіріндегі нақты тарихи тәжірибесін ұлықтау, зерттеу және насихаттау – ұлттық идеологияны тереңдетіп, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың кепілі.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Алаш айтқан асыл сөз. Бірінші басылым – Алматы, 2016. – 296 бет.

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В КОНТЕКСТЕ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

С. М. Минбаева[1], Б. Жалғасбек[2]

[1]К.п.н., ассоц. профессор, [2]Студент, Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан.

Язык – это ключевой элемент, объединяющий народ и отражающий его духовное и культурное наследие. Он формирует образ мышления, определяет способы восприятия мира и служит основой для передачи традиций, обычаев и духовных ценностей от поколения к поколению. В контексте казахской культуры сохранение и развитие казахского языка – это не просто лингвистическая задача, а стратегический приоритет, связанный с укреплением национальной идентичности и культурного суверенитета. В условиях многоязычия и глобализации важно не только сохранять язык, но и активно интегрировать его в современные образовательные, научные и цифровые практики.

Казахский язык, один из древнейших тюркских языков. Казахский язык сформировался в результате длительного исторического процесса, охватывающего различные этапы культурного и политического развития казахского народа. Его корни уходят в древние времена, когда на территории современного Казахстана жили кочевые племена, общавшиеся на тюркских диалектах, восходящих к эпохе Тюркского каганата (VI-VIII века). Он принадлежит к кипчакской подгруппе тюркской языковой семьи и имеет значительное сходство с киргизским, татарским и ногайским языками. Важным этапом в истории казахского языка стал переход на арабский алфавит в VIII веке, что значительно повлияло на его письменность и литературное развитие.

В разные исторические периоды на развитие казахского языка оказывали влияние соседние культуры и цивилизации, включая арабскую, персидскую и русскую. В XIV-XVI веках он окончательно оформился как самостоятельный язык, а в XVIII-XIX веках получил письменную форму на основе арабского алфавита. В XV веке язык стал обогащаться устойчивыми слогами и новыми словосочетаниями. Письменная традиция складывалась на основе арабской графики, которая оставалась в употреблении вплоть до начала XX века. Первоначально письменность использовалась преимущественно для дипломатической переписки. К числу ранних образцов казахской письменной культуры можно отнести произведения Махамбета Утемисова, письма Абулхаир-хана и аналитические записки Чокана Валиханова. Первая книга на казахском языке, изданная типографским способом – «Сейфуль-Малик», была опубликована в Казани в 1807 году. В конце XVIII - XIX вв. на казахском языке были изданы народные поэмы «Ер Таргын», «Козы Корпеш - Баян Слу», «Биржан и Сара». Появление национальной печатной книги способствовало развитию просвещения, открытию типографий, библиотек, школ и духовных семинарий, а также выпуску учебных пособий. Впервые русские и европейские читатели получили возможность познакомиться с историей и бытом казахского народа. Издание лучших образцов казахских народных поэм и легенд в Петербурге, Казани и Оренбурге сыграло значительную роль в культурном обмене и популяризации казахской литературы.

На протяжении XIX-XX веков книги в казахской культуре выполняли преимущественно просветительскую функцию: они знакомили читателей с древними восточными образцами и народными произведениями, способствовали воспитанию и образованию молодёжи. Значительный вклад в развитие казахской культуры внёс Шоқан Уалиханов – выдающийся учёный, просветитель и эрудит своего времени. Его по праву можно считать одним из первых казахских библиографов и библиофилов. Он осуществлял масштабную работу по сбору и изучению материалов устного народного творчества, а в ходе научных экспедиций приобрёл уникальные восточные рукописи, древние грамоты и книги. Весомым было и наследие Ыбрая Алтынсарина – просветителя, педагога и писателя, сыгравшего ключевую роль в становлении казахской письменной литературы. Он организовал десятки школ и училищ, включая женское учебное заведение для казашек, а также активно занимался созданием учебников, адаптированных к потребностям национального образования. Особое значение в развитии казахской литературы принадлежит Абая Кунанбаеву. Первый сборник его стихов был издан в Санкт-Петербурге в 1909 году, уже после его смерти. До этого произведения Абая распространялись в Степи устно или в виде рукописей. Как отмечает Гарифолла Есим в статье «Нравственное возрождение как наследие Абая», мудрость Абая представляет собой мощную духовную опору, актуальную и по сей день. Именно он утверждал, что спасение нации возможно лишь через её духовное возрождение. Этот путь, по мнению Абая, будет долгим и трудным, но неизбежным и необходимым [1].

Современный казахский язык использует модифицированную версию кириллицы, что отражает процесс модернизации и адаптации к современным технологиям и коммуникационным потребностям. Наряду с этим, казахский язык имеет богатую устную традицию, включая эпосы, народные сказки и песни, которые передаются из поколения в поколение. Эти произведения не только сохраняют языковые особенности, но и отражают важные аспекты культурного наследия и мировоззрения казахского народа. Казахский язык представляет собой не только средство коммуникации, но и глубокий символ идентичности и культурного богатства казахского народа, отражающий сложные исторические и культурные взаимодействия в Центральной Азии [2].

Казахский язык является не только символом независимости страны, но и важным инструментом для сохранения и передачи культурных традиций, истории и ценностей казахского народа. Он играет ключевую роль в формировании национальной идентичности и служит средством общения, объединяющим людей разных поколений. Более того, язык способствует укреплению суверенитета, развитию образовательных и научных программ, а также активному участию страны в международном сообществе. Государственная политика

направлена на укрепление статуса казахского языка. Согласно закону «О языках» от 11 июля 1997 г. впервые в стране появляется понятие как «двуязычие», так казахский язык является государственным, а русский язык языком общения [3]. Основные инициативы правительства включают: введение казахского языка в систему образования начиная с дошкольного возраста; повышение доли казахоязычного контента в СМИ; развитие цифровых платформ и приложений для изучения языка; упрощение бюрократических процедур на казахском языке.

Образовательные учреждения стремятся обеспечить высокий уровень владения казахским языком среди молодого поколения. Введение новых учебных программ и методик способствует более эффективному обучению, а современные технологии, такие как онлайн-курсы и мобильные приложения, помогают сделать процесс изучения более доступным. Однако одной из актуальных проблем остаётся сохранение интереса к изучению казахского языка в русскоязычных и многонациональных регионах страны. Для решения этой задачи внедряются инновационные педагогические подходы, привлекаются молодёжные инициативы и развивается двуязычная образовательная среда. Особое значение придаётся сохранению и популяризации казахского языка среди молодого поколения через культурные мероприятия, конкурсы и фестивали, которые помогают раскрыть богатство и красоту казахской речи. Это позволяет не только сохранить традиции и культурное наследие, но и адаптировать язык к современным реалиям, делая его актуальным и востребованным в условиях глобализации. На фоне глобализации и цифровизации казахский язык приобретает новую роль как инструмент культурной дипломатии и международного сотрудничества. Наша страна активно участвует в международных образовательных и культурных проектах, продвигая свою культуру и язык на мировой арене.

Введение казахского языка в международные образовательные программы и обменные проекты способствует повышению уровня знаний и понимания казахского языка и культуры за пределами Казахстана. Молодежь, обучающаяся за границей, становится послами своей культуры, способствуя укреплению культурных и деловых связей с другими странами. Казахский язык становится не только символом национального самосознания, но и важным инструментом для продвижения Казахстана на мировой арене, обеспечивая культурное и научное взаимодействие на международном уровне. С развитием технологий казахский язык всё активнее представлен в интернете. Запуск национальных доменов, появление образовательных платформ, перевод научных и художественных произведений на казахский язык – всё это способствует его популяризации в виртуальном пространстве. Примеры цифровых инициатив: Онлайн-словари и переводчики, такие как QazaqDict и Sozdik.kz; казахоязычные подкасты, блоги и социальные сети; создание мультимедийного контента (фильмов, сериалов и анимации на казахском языке).

Одним из ярких примеров является QazaqDict, который предоставляет удобный доступ к словарям и переводам на казахском языке. Также платформы, такие как Sozdik.kz, играют важную роль в распространении и популяризации казахского языка. Казахоязычные подкасты и блоги становятся всё более популярными, предоставляя широкий спектр контента для различных аудиторий. Социальные сети, такие как Facebook и Instagram, служат платформами для распространения информации и обмена мнениями на казахском языке. Создание мультимедийного контента, такого как фильмы, сериалы и анимация на казахском языке, также играет важную роль в популяризации языка. Эти проекты помогают привлекать внимание молодежи и делать казахский язык более привлекательным и доступным. В конечном итоге, цифровые технологии открывают новые горизонты для развития казахского языка, способствуя его сохранению и распространению в современном мире. С увеличением экономического влияния Казахстана на международной арене возрастает интерес к казахскому языку со стороны иностранных инвесторов и партнёров. Государство делает упор на привлечение иностранных студентов и специалистов, мотивируя их изучать язык для успешной адаптации и работы в стране. Для этого создаются специализированные образовательные программы и курсы казахского языка, ориентированные на иностранцев. Вузами и языковыми центрами организуются интенсивные курсы и практические занятия,

которые позволяют быстро освоить базовые навыки общения и понимания казахского языка. Кроме того, реализуются проекты по культурному обмену и стажировкам, где иностранные студенты и специалисты могут не только изучать язык, но и погружаться в культурную среду Казахстана. Это способствует формированию положительного имиджа страны и укреплению международных связей. Такие меры помогают сделать казахский язык более востребованным и распространённым среди иностранных граждан, что в свою очередь поддерживает усилия по его сохранению и развитию.

Однако перспективы развития казахского языка весьма позитивны: 1. Успешный переход на латиницу может облегчить его изучение для международного сообщества и улучшить интеграцию в глобальную информационную среду. 2. Развитие казахской литературы, искусства и медиа способствует укреплению культурной идентичности и популяризации языка среди молодёжи. 3. Государственная поддержка и общественные инициативы помогают внедрять казахский язык в бизнес, науку и культуру.

Казахский язык играет важнейшую роль в сохранении национальной идентичности и культурного наследия Казахстана. Его историческое развитие прошло через множество этапов, каждое из которых оставило свой отпечаток на языке. Современное общество сталкивается с новыми вызовами и возможностями, и казахский язык продолжает адаптироваться к этим изменениям, оставаясь важным инструментом для укрепления суверенитета и культурного самосознания. Государственная политика, направленная на поддержку и развитие казахского языка, образовательные инициативы, и современные технологии помогают сохранить и популяризировать язык среди молодого поколения. В условиях глобализации и цифровизации казахский язык приобретает новое значение как средство культурной дипломатии и международного сотрудничества. С ростом экономического влияния Казахстана на международной арене, интерес к казахскому языку со стороны иностранных инвесторов и партнеров также возрастает. Введение языковых образовательных программ для иностранцев способствует укреплению международных связей и повышению значимости казахского языка.

Таким образом, казахский язык не только сохраняет свою культурную и историческую значимость, но и открывает новые горизонты для будущих поколений, играя важную роль в формировании современного общества и его ценностей [4].

Список литературы:

1. Куппаева Б. М. Модернизация казахского языка — мощный фактор духовного возрождения // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2021. – №2(74). – С. 45–50.

2. Казахский язык как фактор национального единства // Check-Point.kz. – 2023.

URL: https://www.check-point.kz/publication?id=1513 (дата обращения: 06.10.2025).

3. Закон РК «О языках в Республике Казахстан» // Казахстанская правда. 16 июля 1997 года.

4. Минбаева С.М., Елекенов М. Государственный язык как основа национальной культуры // Казахская духовность и социально-культурные основы совершенствования общественно-гуманитарных наук: материалы Междунар. науч.-практ. конф. – Кызылорда, 4 апр. 2025. – С. 266-270.

ГУМАНИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОГО ОБУЧЕНИЯ ЧЕРЕЗ РИТМ, ТЕМП, ИНТОНАЦИЮ И ЭМОЦИЮ СТИХОТВОРЕНИЯ

С.М. Минбаева[1], А. Серікқанұлы[2]

[1]К.п.н., ассоц. профессор, [2]Студент Казахской академии спорта и туризма

Алматы, Казахстан.

Как известно, в системе высшего образования процесс обучения русскому языку реализуется посредством комплексного взаимодействия учебно-воспитательной деятельности, аудиторной и внеаудиторной работы. Русский язык в вузе выступает не только как средство коммуникации и предмет изучения, но и как важнейший инструмент формирования личности обучающегося. Его основная функция заключается в содействии

всестороннему развитию студентов, расширении их когнитивного и культурного кругозора, углублении знаний об окружающем мире, о носителях иных языков, произведениях отечественной и мировой литературы, искусства, а также о разнообразии национальных культур.

В связи с этим, рассматривая русский язык как учебную дисциплину, необходимо учитывать его потенциал в гуманизации образовательного процесса. Язык способен не только передавать информацию, но и формировать ценностные ориентиры, развивать эмпатию, толерантность и межкультурную компетентность. Таким образом, интеграция гуманистических подходов в преподавание русского языка способствует созданию образовательной среды, ориентированной на личностное развитие, диалог культур и воспитание гражданской ответственности. Это достигается такими формами работ: проведение круглых столов, диспутов, бесед на темы общечеловеческих ценностей; написание и обсуждение докладов, рефератов; включение в аудиторные занятия заданий, связанных с работой над специальными текстами, в том числе стихотворениями.

В учебном процессе текст занимает особое место, являясь не только логико-композиционным центром всего занятия, но и тем направляющим установочным материалом, который определяет всю тему занятия, является лексическим источником для составления различных упражнений и заданий. Учебные стихотворения – прекрасный материал для осуществления воспитательных задач во время обучающего процесса. В связи с этим трудно переоценить значение стихотворения как единицы обучения и воспитания [1; 2].

Цель учебных стихотворений – помочь студентам приобщиться к пониманию поэтического творчества и на его основе формировать собственную точку зрения. Студент должен знать о яркости поэтического языка, способствующего развитию мировоззрения, укрепления убеждений, нравственных позиций, углубления эстетического познания жизни, самопознания, активизации творческого воображения, логической и эмоциональной памяти. Существенную роль в выразительном чтении играет интонация. Интонация является одной из сторон культуры речи и играет важную роль в образовании повествовательных, вопросительных и восклицательных предложений.

Интонационные речевые средства выбираются в зависимости от задачи чтения. Интонация – это совокупность совместно действующих звуковых элементов устной речи, определяемая содержанием и целями высказывания. Основные компоненты интонации – логическое ударение, логические и психологические паузы, повышение и понижение тона голоса, темп, тембр, эмоциональная окраска. 1. Логическое ударение – выделение наиболее важного по смыслу слова. Благодаря удачному выбору важных в логическом смысле слов выразительность чтения очень повышается. Недопустимо резкое усиление на слове, отсутствие при нем паузы. Это ведет к выкрикиванию, нарушает благозвучие речи. 2. Логические и психологические паузы. Логические делаются для выделения наиболее важного слова в предложении, перед ним или после него. Психологические паузы нужны для перехода от одной части произведения к другой, резко отличающейся по эмоциональному содержанию. 3. Темп и ритм чтения. Темп чтения – степень быстроты произношения текста. Он также влияет на выразительность. Общее требование к темпу выразительного чтения – соответствие его темпу устной речи: слишком быстрое чтение, как и чересчур медленное, с излишними паузами, трудно воспринимается. Однако в зависимости от картины, рисуемой в тексте, темп может меняться, ускоряясь или замедляясь соответственно содержанию. Ритм особенно важен при чтении стихотворений. Равномерность дыхательных циклов определяет собой и ритмическое чтение. Обычно характер ритмического рисунка (четкость, быстрота или плавность, напевность) зависит от размера, которым написано стихотворение, т.е. чередования ударных и безударных слогов. Поэтому при выборе ритма в каждом конкретном случае надо исходить из содержания произведения, определяя, о чем говорится в нем, какая картина рисуется, иначе при чтении могут возникать ошибки. 4. Мелодика речи (повышение и понижение тона голоса). Иногда называется интонацией в узком смысле. Голос понижается в конце повествовательного предложения, повышается на смысловом центре вопроса,

поднимается вверх, а затем резко падает на месте тире. Но, кроме этих синтаксически обусловленных изменений высоты тона, есть еще и интонация смысловая или психологическая, которая определяется содержанием и нашим к нему отношением. 5. Основная эмоциональная окраска (тембр). Вопрос об эмоциональной окраске обычно ставится после полного или частичного анализа произведения. Недопустимо директивное указание тона: читать весело или грустно. Только тогда выразительность будет искренней, живой и богатой, а это возможно при условии глубокого восприятия содержания на основе анализа [2].

Содержание стихотворений должно способствовать формированию и развитию личности гуманистического типа: например, при изучении темы «Роль языка в жизни общества» можно предложить стихотворения Х. Бекхожина «Абай наш…», Т. Зуманкуловой «Два языка», К.Кулиева «Мне в сердце запали уроки…», В. Шефнера «Устная речь», А. Токмагамбетова «Быть медоречивым способен язык…», М. Утежанова «Судьбы моей заветная река…». Данные стихотворения являются примерами владения преподавателем целеполагания: в них четко и ясно сформулированы основные цели изучения языка, обозначена конкретная польза знания языков, студенты знакомятся со взглядами поэтов и писателей на данную проблему, с их рассуждениями о месте и роли языков в жизни и культурном развитии каждого человека.

Приведем еще примеры стихотворений с выраженным целеполаганием при изучении лексических тем «Моя специальность», «Работа, профессия», «Перспективы гуманитарного, технического, медицинского и других видов образования»: З. Фуркат «О науке», П. Бровка «Наука», В. Маяковский «Кем быть?», Н.П. Колесников «Бурное новословие», И. Снегова «Сотворение мира», Л. Ошанин «Учитель». В этих стихотворениях показана тесная связь между образованием, воспитанием, моральным и нравственным обликом современных молодых людей и будущим нашей страны, демонстрируется не только важность знания, достижений современных технологий, но и рассматриваются важные этические категории, как нравственность, духовность, интеллигентность, играющие значительную роль в формировании высоконравственной личности, умеющей отличить субъективные и общечеловеческие ценности.

При изучении тем о Родине в целях гуманизации обучения можно предложить следующие стихотворения: Ж Жабаева «О, народ мой, поведать позволь…», О. Сулейменова «Встало солнце над просторным краем…», М. Шаханова «Четыре матери», А.П. Межирова «Разговор о Родине», Ф. Унгарсыновой «Отчизна», Е. Евтушенко «Я часто спутывался с ложью…», О. Сулейменова «Миг сознания», в которых проявляется любовь к отечеству, патриотизм, честность, справедливость. Приведем для примера стихотворение Д. Мулдагалиева [2]:

Бокс – это честность:
В поединке пылком
Запрещены и свалочный угар,
И тайные удары по затылку,
И подлый – ниже пояса – удар.
Но почему на жизненных дорожках
То сто на одного идут стеной,
То все еще встречается подножка,
То резкий взмах соила за спиной?
То зависть, то слепое исступленье,
То чистых дел нечистый пересказ
Какое ж это, люди, оскорбленье,
Что есть еще такое среди нас!
Мечта порой вопрос решает живо:
Всю мощь добра
Подняв на силы зла,
Поколотить бы злобных, подлых, лживых

Не просто так – за черные дела.
И пусть они узнают цену боли,
Пускай признают все-таки как есть –
Хотя б на час, хотя бы поневоле –
Законы бокса и людскую честь.

Нравственный смысл этого стихотворения несет в себе заряд не только национального духа и колорита казахского народа, но и переходит в общечеловеческую культуру. Суть в том, какие стороны национальной жизни замечает художник слова, что он извлекает из увиденного, на какую высоту способны поднять факты и явления национальной действительности. Учебный материал вызывает живой интерес у студентов и способствует закреплению их орфоэпических, интонационных навыков по русскому языку, а также развитию у них творческого воображения, речевого слуха, чувства темпа и ритма. Кроме того, чтение вслух художественных литературных произведений прививает интерес к русскому языку, учит общению с аудиторией, помогает овладению средствами выразительности речи.

Таким образом, гуманизация обучения предполагает приближение образования к интересам и потребностям человека как высшей ценности, а правильно подобранные учебные стихотворения не только формируют и развивают навыки речевой компетенции студентов казахских отделений, но и способствуют формированию яркой творческой личности с богатым духовным миром и широким кругозором.

Список литературы:

1. Минбаева С.М. Голос Евразии. Активный познавательный материал по дисциплине «Русский язык»: учеб. пособие / С.М. Минбаева. – Алматы: КазЭУ, 2010. – 110 с.

2. Минбаева С.М. Расправь свои крылья! Учеб.-метод. пособие по дисциплине «Русский язык». – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: КазАСТ, 2024. – 96 с.

ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ РӨЛІ

Мысырқызы М.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты, Алматы, Қазақстан.

Тіл білімінің кең өрісінде лексикография ерекше еңбек пен жүйелілікті талап ететін ғылым саласы болып саналады. Қазіргі заманның технологиялық мүмкіндіктері бұл саланың жаңа бағыттарын айқындап, дәстүрлі қағаз сөздіктерді электронды және автоматты форматқа көшіру қажеттілігін туындатты. Қоғам өмірінің барлық саласында ақпарат алмасу цифрлық жүйеге негізделгендіктен, қазақ тіліндегі деректердің де сол кеңістікке бейімделуі — тіл мамандары алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі. Қазақ лексикографиясы өзінің алғашқы кезеңінен бастап ұзақ даму жолынан өтті. ЫБырай Алтынсарин, Ильминский, Клапрот сынды ғалымдар жасаған алғашқы сөздіктер ұлттық сөздік мәдениетінің негізін қалады. Олардың еңбектерінде сөздердің тақырыптық жүйеленуі, алғашқы алфавиттік реттің пайда болуы және лексикалық қорды жинақтау тәжірибесі байқалады. Бұл дәстүр кейінгі лексикографиялық зерттеулерге бағыт берді. Қазақ тілін оқытудың ғылыми негіздерімен тығыз байланыста дамып келе жатқан бұл үдеріс тіл үйретудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Лексикографиялық деректер мен табиғи тілді өңдеу әдістерін біріктіре отырып, қазіргі цифрлық лингвистика қазақ тілінің білім беру кеңістігіндегі әлеуетін кеңейтеді.

Бүгінгі таңда лексикография тек сөз мағынасын түсіндірумен шектелмей, тілдің ақпараттық жүйесін қалыптастырушы, қолданбалы ғылым ретінде дамып отыр. Ақпараттық технологиялар мен компьютерлік лингвистиканың ықпалы дәстүрлі сөздік жасаудың қағидаларын түбегейлі өзгертіп, автоматтандырылған және интеллектуалды сөздік үлгілерінің пайда болуына жол ашты. Осы үдеріс қазақ тілінің ақпараттық кеңістіктегі өміршеңдігін арттырып, ұлттық кодтың сақталуына да ықпал етеді.Қазақ тіл білімінде лексикография

саласы кеңінен зерттеліп, алғашқы сөздіктерден бастап бүгінгі электронды сөздіктерге дейінгі даму жолы әрқилы ізденістер арқылы қалыптасты. Малбақов М. өзінің «Қазақ сөздіктері: Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ сөздіктері хақында» атты еңбегінде қазақ сөздіктерінің тарихына тоқталып, олардың негізгі ерекшеліктерін сипаттайды [2]. Ғалым атап өткендей, алғашқы қазақ сөздіктерінің басым көпшілігі сөздерді тақырыптық топтарға бөліп тізімдеумен ерекшеленген. Мәселен, ЫБырай Алтынсарин діни сөздер, туыстық атаулар, қызмет атаулары сынды тақырыптық жіктеулерді қолданған [2, 32 б.]. Бұл тәсіл алғашқы сөздіктердің қазіргі сөздіктерге бастайтын ізденістердің негізі болғанын аңғартады. 1860 жылдары жарық көрген Ильминскийдің сөздігінде алғаш рет сөздер әріптік ретпен берілгені айтылады [2, 30 б.]. Бұл құрылым кейінгі қазақ лексикографиясына да елеулі ықпал еткен. Дегенмен, ол кезеңдегі сөздіктерде жазудың нормаланбауы, емленің әлсіздігі байқалады: «ауызекі тілде қалай естілсе, солай жазуға тырысу» – өткен ғасыр сөздіктеріне тән сипат болған [2, 99 б.]. Сонымен қатар, зерттеулерде Клапрот құрастырған француз-қазақ сөздігі туралы мәлімет беріледі. Бұл еңбектің ерекшелігі – қазақ сөздерін басқа еуропа тілдерінің сөздік жүйесіне енгізу арқылы қазақ лексикасын халықаралық ғылыми айналымға шығарғанында. Мысалы, «бал қасық» тіркесі «чайная ложка» деп берілген [2].

Ғалым Мырзаберген Малбақовтың еңбектерінде қазақ сөздіктерінің тарихы мен ғылыми негіздері арнайы қарастырылады, алғашқы сөздіктердің құрылымдық кемшіліктерін ғана емес, олардың қазақ тілінің лексикалық қорын жинаудағы құндылығын да айқындайды. Осы орайда сөздік мақала, сөздік ұя, сөздің ассоциативті параметрі, жиілік сөздіктер, сөзтүзбе ұғымы, ұялық принцип және Юлдашев принциптері сынды ғылыми категориялар атап өтіледі [2, 51–95 бб.]. Бұл теориялық негіздер сөздік құрастырудың әдіснамасын анықтап, кешенді сөздіктердің қажеттілігін дәлелдейді. Кешенді сөздіктердің пайда болуы – тіл дамуының заңды көрінісі, дамыған, алпауыт елдерде кешенді немесе әмбебап сөздік өте жақсы дамыған. Олар бір ғана тақырыппен шектелмей, тілдің синтагматикалық және парадигмалық ерекшеліктерін, құрылымдық байланыстарын қамтиды. Мысалы, сөздің мағынасы мен қолданылуының ассоциативті параметрін көрсету, сөздің мәтін ішіндегі тіркесімділігін сипаттау – кешенді сөздіктердің басты артықшылықтарының бірі [2, 108 б.].

Кешенді сөздіктер алпауыт мемлекеттердің тіл білімінде кеңінен таралғанын айтып өттік. Бұл тегін емес, себебі мұндай сөздіктер тек тіл үйрету құралы ғана емес, сонымен қатар сол тілдің ғылыми-зерттеу әлеуетін, дамуын, қолданыс аясын кеңейтетін құрал болып табылады. Қазақ тілінде де кешенді сөздіктерді жасау қажеттігі осы тарихи даму кезеңдерінің нәтижесі ретінде көрінеді. Бұл тақырып әлі де зерттеу мен ізденуді қажет етеді.

Ақпаратты цифрландыру жайлы әңгіме қозғағанда профессор Асқар Жұбановтың ерен еңбегі туралы айтпай өтуге болмайды. Әсіресе «компьютерлік лингвистикаға кіріспе» [1] еңбегінің «Лексикография саласындағы автоматтандыру тәсілі» атты тарауы тақырыбымызға өте жақын әрі теориялық құндылығы өте жоғары. Ғалым автоматты сөздіктер мен терминологиялық банктердің пайда болуы – заман талабының заңды нәтижесі. Өйткені қазіргі тіл білімінде кез келген лексикографиялық еңбек ақпараттық технологиялармен біте қайнасып жатыр. Электронды есептеу машиналарының қуаты мен жылдамдығы, деректерді сақтау мүмкіндіктері күн өткен сайын артып отырғандықтан, сөздіктерді түзу ісінде бұл құралдарды пайдаланудың қажеттігі айқын сезіледі. Егер дәстүрлі лексикографияда сөздікті құрастыру ондаған жылдарға созылса, автоматтандырылған жүйелердің көмегімен бұл уақыт айтарлықтай қысқарады. Автоматты сөздіктердің басты артықшылығы – мәтіндермен әрекет ету барысында адамның еңбек өнімділігін арттыруында. Лексикалық бірліктерді жинақтау, сақтау, өңдеу секілді жұмыстарды автоматтандыру арқылы тек уақыт үнемделіп қана қоймайды, сонымен бірге лексикалық қордың сапалы құрылымдануына да жол ашылады. Мысалы, машиналық аударма жүйелерінде пайдаланылатын автоматты сөздіктердің құрамында тек жекелеген сөздер ғана емес, сөз тіркестері, морфологиялық және синтаксистік сипаттамалар, тіпті сөйлем деңгейіндегі құрылымдар қамтылуы мүмкін. Бұл – қазіргі заманғы лексикографияның дәстүрлі әдістерден өзгешелігін айқындайтын белгі.

Сонымен бірге автоматты аударма сөздіктері ғылыми-техникалық мәтіндерге бейімделгендіктен, олардың құрамында терминологиялық лексика басым болады. Мұндай сөздіктерде тек стандартталған немесе бұрыннан қолданылып жүрген терминдер ғана емес, жаңа қолданысқа еніп келе жатқан атаулар да қамтылады. Бұл өз кезегінде ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Яғни автоматты сөздіктер – тек тіл мамандары үшін емес, түрлі сала мамандары үшін де қажетті әмбебап құралға айналып отыр. Бүгінде аса қуатты ЭЕМ негізінде құрастырылып отырған өндірістік автоматты аударма сөздіктер жүз мыңдаған көлемді сөз тіркестерімен нәтижелі жұмыс істей алады. Мұндай көлемдегі лексикалық деректерді қолмен іріктеп, жинақтау мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан тілдік деректерді автоматтандыру ісі – заманауи лексикографияның ең маңызды бағыты. Басқаша айтқанда, тіл мамандары үшін автоматты сөздіктерді құрастыру – уақыт талабына жауап беретін, тілдің ақпараттық кеңістікте толыққанды қызмет етуіне жол ашатын стратегиялық маңызды қадам болып табылады. Автоматты сөздіктердің қалыптасуы тек техникалық үдерістердің жетілуімен ғана емес, сонымен қатар лексикография ғылымының дамуымен де тығыз байланысты. Бұрынғы кезеңдерде сөздік – тілді сипаттайтын ең негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылса, қазіргі заманда ол тілдің ақпараттық кеңістікте өмір сүруінің басты тетігіне айналып отыр. Яғни сөздік – тек тілдің құрылымын танытатын құрал емес, сонымен бірге коммуникацияны жеңілдететін, ақпарат алмасуды жеделдететін әмбебап механизм ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар автоматты сөздіктер мен терминологиялық банктер ғылыми қоғамдастық үшін де аса маңызды рөл атқарады. Ғылымның кез келген саласы үздіксіз жаңа ұғымдармен, атаулармен толығып отырады. Егер бұл терминдер уақытылы тіркелмесе, олардың бірізді қолданылуы қамтамасыз етілмейді. Автоматты сөздіктер сол мәселенің алдын алуға мүмкіндік береді: жаңа терминді енгізу, оның қолданысын сипаттау, мағынасын түсіндіру үдерісі жеңіл әрі жылдам жүзеге асады. Мұндай жүйелер ғылыми тілдің тұрақтылығы мен бірізділігін қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Қазақ тілінің де қазіргі кезеңдегі басты міндеттерінің бірі – ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін игеру барысында жаңа терминдерді жылдам қабылдап, қолданысқа енгізу. Автоматты сөздіктердің көмегімен бұл процесс тиімді жолға қойылуы мүмкін. Мәселен, жаңа технологиялық терминдер халықаралық деңгейде тараған сәтте-ақ, қазақ тіліндегі баламалары автоматты сөздік базасына тіркелсе, бұл әрі аудармашыларға, әрі сала мамандарына ыңғайлы жағдай жасайды. Демек, автоматты сөздіктер тек аударма ісін жеңілдетіп қана қоймай, қазақ тілінің заманауи ғылым тіліндегі әлеуетін арттыруға да үлес қосады.Қазіргі кезеңде жасанды интеллект пен табиғи тілдерді өңдеу технологиялары автоматты сөздіктердің мүмкіндігін бұрынғыдан да кеңейтіп отыр. ЖИ негізіндегі сөздіктер қолданушының сұранысына қарай бейімделіп, контекстік талдау жасай алады. Мысалы, бір сөздің әртүрлі саладағы мағыналарын автоматты түрде ажыратып, дәл сол мәтінге сәйкес келетін нұсқасын ұсынуы мүмкін. Бұл – дәстүрлі сөздіктерде мүмкін емес артықшылық. Мұндай инновациялар автоматты сөздіктердің тек көмекші құрал ғана емес, интеллектуалды серіктеске айналып келе жатқанын көрсетеді.

Автоматты сөздіктердің тағы бір қыры – олардың көптілді коммуникациядағы рөлі. Әлемдегі тілдердің басым бөлігі үшін сапалы сөздіктер әлі де жасалмаған. Автоматты жүйелер бұл олқылықты жоюға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қазақ тілі де осы бағытта даму үстінде: түрлі салаларға арналған терминологиялық базалар, электронды сөздіктер мен онлайн аударма құралдары жасалып жатыр. Бұл бастамалар ұлттық тілдің цифрлық кеңістікте орнығуына, яғни «жаңа домендер мен медиаға жауап беру» критерийін толыққанды орындауына жағдай туғызады. Автоматты сөздіктердің қалыптасуы тек техникалық үдерістердің жетілуімен ғана емес, сонымен қатар лексикография ғылымының дамуымен де тығыз байланысты. Бұрынғы кезеңдерде сөздік – тілді сипаттайтын ең негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылса, қазіргі заманда ол тілдің ақпараттық кеңістікте өмір сүруінің басты тетігіне айналып отыр. Яғни сөздік – тек тілдің құрылымын танытатын құрал емес, сонымен бірге коммуникацияны жеңілдететін, ақпарат алмасуды жеделдететін әмбебап механизм

ретінде қызмет етеді. Бұдан бөлек, автоматты сөздіктер тілдік бірліктерді сипаттау барысында көпқабатты деректерді қолдана алады. Яғни әрбір сөздік мақала тек семантикалық мағынамен шектелмей, оның морфологиялық ерекшелігін, синтаксистік қолданысын, стилистикалық реңкін де қамтуы мүмкін. Мұндай көпаспектілі сипаттама қолданушыға сөзді анағұрлым толық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе шет тіліндегі мәтіндермен жұмыс істейтін аудармашылар үшін үлкен көмек.

Қазақ тілінің де қазіргі кезеңдегі басты міндеттерінің бірі – ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін игеру барысында жаңа терминдерді жылдам қабылдап, қолданысқа енгізу. Автоматты сөздіктердің көмегімен бұл процесс тиімді жолға қойылуы мүмкін. Мәселен, жаңа технологиялық терминдер халықаралық деңгейде тараған сәтте-ақ, қазақ тіліндегі баламалары автоматты сөздік базасына тіркелсе, бұл әрі аудармашыларға, әрі сала мамандарына ыңғайлы жағдай жасайды. Демек, автоматты сөздіктер тек аударма ісін жеңілдетіп қана қоймай, қазақ тілінің заманауи ғылым тіліндегі әлеуетін арттыруға да үлес қосады. Қазіргі кезеңде жасанды интеллект пен табиғи тілдерді өңдеу технологиялары автоматты сөздіктердің мүмкіндігін бұрынғыдан да кеңейтіп отыр. ЖИ негізіндегі сөздіктер қолданушының сұранысына қарай бейімделіп, контекстік талдау жасай алады. Мысалы, бір сөздің әртүрлі саладағы мағыналарын автоматты түрде ажыратып, дәл сол мәтінге сәйкес келетін нұсқасын ұсынуы мүмкін. Бұл – дәстүрлі сөздіктерде мүмкін емес артықшылық. Мұндай инновациялар автоматты сөздіктердің тек көмекші құрал ғана емес, интеллектуалды серіктеске айналып келе жатқанын көрсетеді. Автоматты сөздіктердің тағы бір қыры – олардың көптілді коммуникациядағы рөлі. Әлемдегі тілдердің басым бөлігі үшін сапалы сөздіктер әлі де жасалмаған. Автоматты жүйелер бұл олқылықты жоюға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қазақ тілі де осы бағытта даму үстінде: түрлі салаларға арналған терминологиялық базалар, электронды сөздіктер мен онлайн аударма құралдары жасалып жатыр. Бұл бастамалар ұлттық тілдің цифрлық кеңістікте орнығуына, яғни «жаңа домендер мен медиаға жауап беру» критерийін толыққанды орындауына жағдай туғызады. Осылайша, автоматты сөздіктер – тіл біліміндегі ең өзекті бағыттардың бірі. Олар дәстүрлі лексикографияның тәжірибесін сақтай отырып, жаңа технологиялық мүмкіндіктерді іске қосады. Бұл үдеріс болашақта сөздіктердің тек мәлімет көзі ғана емес, адам мен машина арасындағы интеллектуалды көпір қызметін атқаратын деңгейге жететінін айқын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен даму жолы — тіл ғылымының эволюциялық дамуының айқын көрінісі. Алғашқы қолжазба және қағаз сөздіктерден бастау алған бұл сала бүгінде автоматтандырылған, цифрлық-интеллектуалды деңгейге жетіп отыр. Кешенді және автоматты сөздіктерді жасау – заманның талабы әрі ұлттық тілдің ақпараттық кеңістікте орнығуының маңызды кепілі. Жасанды интеллект пен табиғи тілді өңдеу технологиялары сөздіктердің мүмкіндігін кеңейтіп, оларды интеллектуалды коммуникация құралына айналдыруда. Ал қазақ тілін цифрлық ортада дамыту — тілдің болашақтағы өміршеңдігін қамтамасыз ететін стратегиялық бағыт. Демек, лексикографиядағы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесуі қазақ тілінің ғылыми және технологиялық дамуындағы жаңа дәуірді бастайды.өміршеңдігін нығайтып, халықаралық деңгейде орнығуына жол ашады. Бұл үрдіс тек лингвистикалық зерттеулердің бағытын ғана емес, қазақ тілін оқыту әдістемесінің болашағын да айқындайды. Ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект тіл үйретуді жекелендіріп, оқушының тілдік қабілетін талдауға, тілдің табиғи заңдылықтарын түсіндіруге мүмкіндік беріп отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 204б.
2. Малбақов М. Қазақ сөздіктері: Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ сөздіктері хақында. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 110 б.
3. UNESCO. Language Vitality and Endangerment. Document submitted to the International Expert Meeting on UNESCO Programme Safeguarding of Endangered Languages. – Paris, 2003. – 24 p.

ABAI'S CREATIVE LEGACY AS THE FOUNDATION OF LINGUISTIC, CULTURAL, AND PERSONAL DEVELOPMENT

Oralbekova K.
Teacher at A. Kekilbayev BINOM School-Lyceum, Astana, Kazakhstan.

Abai's works constitute the core of the Kazakh nation's spiritual culture — a unique artistic phenomenon and a fundamental manifestation of the harmony between national language and thinking. The poet's poetic and prose heritage is significant not only on grammatical or lexical levels but also from cultural, worldview, and axiological perspectives. Through Abai's works, the process of language acquisition develops the learner's cognitive, communicative, and moral dimensions, restoring the natural connection between linguistic knowledge and national consciousness. The depth of thought, figurative expression, and philosophical power in Abai's language enrich the methodological system of language development.

Language is not only a means of communication but also a reflection of human culture, worldview, and spiritual experience. From this perspective, Abai's works present a natural, national, and personal model for language teaching. His use of words, artistic structure, and linguistic imagery lead learners not only to grammatical accuracy but also to the appreciation of the semantic, aesthetic, and ethical dimensions of speech. Learning a language is not merely mastering a set of rules; it is understanding the meaning, implication, and cultural content of words. The depth of thought and precision of language in poems such as *"If the heart has no will"* and *"Do not boast without learning"* enrich students' inner worlds and cultivate their speech culture. Through Abai's language, learners comprehend the cultural and symbolic essence of words and perceive language as a tool for cognition and reasoning [1].

Akhmet Baitursynuly's assertion that *"The art of words rests upon three foundations of the human mind: intellect, imagination, and emotion"* provides a methodological basis for understanding the linguistic nature of Abai's works [2]. This principle allows us to view language not merely as a grammatical construct but as a manifestation of thought and feeling. Linguistic activity arises from the perception of the intellect, the intuition of imagination, and the synthesis of emotion. From this point of view, language learning is not only an educational process but also an indicator of a person's spiritual and aesthetic development. By mastering Abai's linguistic system, students sense the cognitive power of language and use it as a means of personal development. Therefore, in teaching Abai's language, educators should focus not only on grammar but also on its philosophical and cultural depth.

In the methodology of teaching Kazakh, F. Orazbayeva scientifically substantiated the theory of linguistic communication, emphasizing that "Although a person knows what to convey through language, they cannot fully control the process of speech. Speech is a phenomenon of nature, beyond human subordination" [3, p.135]. The main goal of language development based on Abai's works is the formation of the linguistic personality — developing the learner's ability to think, feel, and express through language. To achieve this, the educational process must integrate semantic structures, stylistic features, and cultural contexts of literary texts. For instance, through *The Words of Edification (Qara Sözder)*, students perceive moral concepts in linguistic form, recognizing ethical categories through lexical and syntactic structures. The learner perceives linguistic units not merely as grammatical phenomena but as reflections of cultural and spiritual values. Thus, language acquisition evolves in close connection with worldview and value orientations. In the history of Kazakh linguistics, Abai remains the first poet whose language was comprehensively analyzed, with every word and phrase studied in terms of frequency and function [4].

The methodology of language development rests on personal, motivational, and intercultural principles. The personal principle focuses on developing each learner's linguistic ability according to individual characteristics. Since students differ in perception, thinking speed, and speech style, this principle allows consideration of their individuality. The motivational principle strengthens the

internal drive for language learning by instilling moral and spiritual elevation through Abai's works. The philosophical depth and artistic richness of Abai's language encourage learners to think, explore, and analyze. Meanwhile, the intercultural principle fosters cultural identity by introducing learners to the national worldview of the Kazakh people. In addition, communicative and cognitive principles ensure the unity of action and thought in mastering linguistic material. The integration of these principles meets modern educational requirements and enhances functional literacy. Abai scholar A. Isimakova highlights Akhmet Baitursynuly's article *"The Greatest Kazakh Poet"* as the foundational work of Abai studies in Kazakh literary criticism. Baitursynuly's observation — *"A writer must be both an artist and a critic; the beauty of words depends on the mastery of thought. Abai possessed all three"* — is interpreted as one of the earliest theoretical definitions of "creativity" in 1913 [5]. Using Abai's works in language teaching follows the model of "comprehension – analysis – application." This model includes three stages. In the first stage, learners perceive and understand the content, ideas, and philosophical meanings of the text — developing listening and reading comprehension. In the second stage, they analyze linguistic structures, grammatical forms, and lexical features — enhancing analytical and comparative thinking. In the third stage, acquired knowledge is applied creatively through writing essays, reflections, poems, or interpretative tasks. Such creative activities cultivate independent thinking, linguistic adaptability, and speech culture.

Incorporating Abai's works in language education also plays a vital role in developing students' functional literacy — the ability to apply linguistic knowledge in real-life contexts. For example, analyzing poems like *"I Came to This World's Door"* or *"The Black of My Eye"* helps learners not only comprehend the content but also express their ideas freely and use linguistic norms accurately. This process extends beyond the classroom through extracurricular activities — creative meetings, debates, essay contests, and literary clubs — all of which enhance communicative competence and reinforce language as a means of social interaction. Research shows that language development systems based on Abai's works increase learners' cognitive activity, linguistic proficiency, and cultural awareness. This approach nurtures emotional engagement with language and strengthens interest in national culture. Creative tasks such as expressive reading, paraphrasing Abai's thoughts, and connecting them with personal experiences have proven effective in language learning. Through such practice, students develop logical reasoning, expand vocabulary, and refine aesthetic taste.

In conclusion, the language development methodology based on Abai's works represents an integrated model of linguistic, cultural, and personal growth. It aims to shape learners not only as knowledge seekers but as individuals who sense the essence of national culture and understand the spiritual value of words. Through Abai's language, students master structural laws while perceiving its artistic and spiritual potential. The profound meaning and beauty of Abai's works enrich the learner's inner world, nurturing humanity and moral excellence. Thus, employing Abai's creative legacy as a tool for language development is an effective, scientifically grounded approach that fosters both linguistic proficiency and spiritual maturity within the modern educational system.

References

1. Abai Qunanbaiuly. *Qalyn elim, qazagym…: Poems.* – Almaty: Atamura, 2002. – 223 p.
2. Baitursynuly, A. *Ädebiet tanytqysh.* – Almaty: "El-Shezhire", 2013. Vol. 3. – 384 p.
3. Orazbayeva, F. Sh. *Tildik qatynas: Teoriyasy zhane adistemesi.* – Almaty, 2000. – 257 p.
4. Zhubanov, Q. *Qoldanbaly lingvistika: qazaq tilining statistikasý: Oqu quraly.* – Almaty: Kazakh University, 2004. – 209 p.
5. Isimakova, A. *Memleket zhane qogam qairatkery, aqyn, qazaq tili bilimi men ädebiettanuynyn reformatory.* – Almaty: "El-Shezhire", 2013. Vol. 1. – 384 p.

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Р. А. Орынбасаров[1], М. Б. Сабыр[2]
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

Қазақ әдебиетінің тарихында өз дәуірінің рухани келбетін көркем сөзбен өрнектеген, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін шынайы бейнелеген тұлғалар аз емес. Солардың бірі — халық ақыны Сарышолақ Боранбайұлы. Ол өз заманының әлеуметтік әділетсіздігіне үн қатып, халықтың еркіндікке, теңдікке ұмтылысын өлең тілімен жеткізген, ел санасына қозғау салған ақындардың қатарынан орын алады. Сарышолақтың шығармалары – тек жеке ақындық мұра ғана емес, қазақ халқының тарихи-рухани өмірінің көрінісі болып табылады [1, 24 б].

Сарышолақ Боранбайұлының өмір сүрген кезеңі – қазақ қоғамында әлеуметтік өзгерістер күшейіп, патша өкіметінің отарлау саясаты тереңдеп, елдің еркіндігі мен дәстүрлі өмір салтына қатер төнген дәуір еді. Осындай күрделі тарихи жағдайда дүниеге келген оның поэзиясы да заманның көкейкесті мәселелерін қозғап, халықтың намысын қорғауға бағытталды. Ақынның өлеңдерінде отаншылдық, әділет, бірлік пен адамгершілік тақырыптары басты орын алады. Ол елдің болашағын білім мен адалдықта деп түсіндіріп, жастарды имандылық пен еңбекқорлыққа үндеген [2, 57 б]. Сарышолақтың шығармашылық мұрасы мазмұндық тереңдігімен және көркемдік қуатымен ерекшеленеді. Оның жырларында табиғаттың сұлулығы мен адам болмысы үйлесім тауып, поэтикалық тілдің бай мүмкіндігі кеңінен ашылады. Ақын халық ауыз әдебиетінің дәстүрін жалғастыра отырып, өз дәуірінің жаңа шындығын енгізе білді. Оның жырларындағы шешендік өрнек, бейнелі теңеулер мен көркемдік тәсілдер қазақ поэзиясының көркемдік мәдениетін жаңа деңгейге көтерді [3, 112 б]. Сарышолақ мұрасын зерттеу ісі қазақ әдебиеттану ғылымының маңызды саласына айналды. Дегенмен, оның шығармалары ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымға толық енбей, тек ел арасындағы ауызша нұсқалар арқылы сақталып келген. Тек XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әдебиеттанушылар мен фольклортанушылар ақын мұрасын жинақтап, зерттеу жұмыстарын қолға ала бастады. Бұл бағыттағы еңбектер Сарышолақтың халық поэзиясындағы орнын анықтап, оның шығармашылық ерекшеліктерін жүйелеуге жол ашты [4, 39 б]. Бүгінгі таңда Сарышолақ Боранбайұлының әдеби мұрасын жан-жақты талдап, оның идеялық, көркемдік және тарихи маңызын ашу – қазақ әдебиетінің дамуы үшін де, ұлттық руханиятты сақтау үшін де аса өзекті мәселе болып отыр. Өйткені әр дәуірдің ақыны – өз заманының айнасы, халықтың жан дүниесінің көрінісі. Сарышолақ мұрасы да сол тұрғыдан алғанда халқымыздың рухани болмысын танытатын, ұлттың жадын жаңғыртатын қазына [5, 76 б].

Сарышолақ Боранбайұлының әдеби мұрасы — қазақ руханиятының терең қабаттарынан нәр алған, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын бейнелейтін құнды мәдени-рухани жәдігер. Оның шығармашылығын зерттеу XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын алғанымен, ақын мұрасының мазмұны мен көркемдік құрылымын толық саралау ісі әлі де жалғасуда [6, 25 б]. Әдебиеттану ғылымында Сарышолақ тұлғасы көбіне халық ақындары мектебінің өкілі ретінде қарастырылып, оның шығармаларындағы идеялық бағыт пен ұлттық сипат басты назарға алынған. Алғашқы зерттеулер қатарында фольклорлық материалдар мен жыраулық дәстүрді жүйелеген еңбектер маңызды орын алады. XX ғасырдың ортасында жарық көрген қазақ ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясына арналған жинақтарда Сарышолақ шығармаларының үзінділері енгізіліп, оның халықтық сипаты мен көркемдік тілі жөнінде алғашқы пайымдаулар жасалды [7, 44 б]. Бұл кезеңде зерттеушілер ақын мұрасын халық өмірін бейнелейтін поэзия үлгісі ретінде таныды.

Сарышолақтың шығармашылығын ғылыми тұрғыда жүйелі қарастыру ісі кейінгі әдебиеттанушылар еңбектерінде дамыды. Әсіресе Т. Сыдықов, Б. Әбдіғазиев, М. Жармұхамедұлы сынды ғалымдар халық ақындарының поэзиясын дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан талдай отырып, Сарышолақтың өзіндік дара стилін айқындауға көңіл бөлді [8, 91

б]. Зерттеушілер ақынның суырыпсалмалық дарыны, айтыс мәдениетіндегі орны, және оның шығармаларындағы әлеуметтік сын мен азаматтық үнге ерекше тоқталады. Ғалымдар еңбектерінде ақын поэзиясының негізгі өзегі – ел тағдыры мен адамгершілік идеялары екендігі көрсетіледі. Сарышолақ шығармаларына тән ерекшелік – қарапайым халықтың мұң-мұқтажын көркем тілмен жеткізу, өмір шындығын айқын бейнелеу және қазақ қоғамындағы әділетсіздікке қарсы үн қату [9, 132б]. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер ақын мұрасын тек фольклорлық шеңберде емес, ұлттық әдебиет дамуының маңызды буыны ретінде тануға мүмкіндік берді. Бірқатар әдебиетшілер Сарышолақтың поэзиясын жыраулық дәстүрдің жалғасы деп таниды. Р. Нұрғали мен С. Қирабаев еңбектерінде оның шығармаларының құрылымдық және мазмұндық жақтан жыраулар мұрасымен сабақтас екені атап өтіледі [10, 68 б]. Бұл байланыс, ең алдымен, ақынның азаматтық үнінен, қоғамдық мәселелерге үн қатуынан және халықтық дүниетанымды терең сезінуінен көрінеді. Зерттеушілер Сарышолақтың тілі мен стильдік ерекшеліктерін талдай отырып, оның шығармашылығында ауыз әдебиетіне тән бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестердің молынан ұшырасатынын айтады. Қазіргі кезеңде Сарышолақ мұрасын жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерделеу бағыты күшейді. Әдебиет тарихын мәдениеттанулық және ұлттық идея тұрғысынан қарастыру үрдісі ақын шығармаларының философиялық астарын тереңірек түсінуге жол ашты [11, 52 б]. Осы тұста ақынның тек өлең мәтіндері ғана емес, оның дүниетанымдық бағыты мен тарихи көзқарастары да зерттеу нысанына айналып отыр. Сарышолақтың мұрасы қазіргі әдебиеттануда ұлттық бірегейлікті сақтау және рухани мұраны жаңғырту мәселелерімен өзектес. Сарышолақ Боранбайұлының әдеби мұрасына арналған зерттеулердің дамуы бірнеше кезеңнен тұрады: алғашқы фольклорлық жинақтау, әдеби талдау және қазіргі кезеңдегі мәдени-философиялық пайымдау сатысы. Бұл еңбектердің барлығы да ақын шығармашылығын ұлттық сөз өнерінің ажырамас бөлігі ретінде танып, оның рухани және эстетикалық маңызын айқындауға бағытталған [12, 117 б]. Сарышолақтың мұрасы — қазақ әдебиетінің тарихындағы халықтық поэзия мен көркем ойдың үзілмес желісін жалғаған асыл арна.

Сарышолақ Боранбайұлы — қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік орны бар, ел тағдыры мен рухын өлеңмен өрнектеген халық ақыны. Ол XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, өз дәуірінің қоғамдық өзгерістерін, елдің тұрмыс-тіршілігін, халықтың арман-тілегін поэзия арқылы айқын көрсете білген тұлға [13, 41 б]. Ақынның шығармашылығы сол кезеңдегі тарихи ахуалмен, ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікпен және ұлттық сананың оянуымен тығыз байланысты болды. Сарышолақтың туған және өскен ортасы қазақтың бай фольклорлық дәстүріне бай, жыраулар поэзиясының ықпалы сақталған өңір еді. Ол бала кезінен-ақ халық ақындарының жыр-дастандарын тыңдап өсті, сөйтіп поэзияға ерте әуестенді. Халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін терең түсінген ақын сол құндылықтарды шығармаларының өзегіне айналдырды. Оның жырлары халықтың сөз өнеріне деген сүйіспеншілігін, рухани мәдениетін бейнелейтін айна іспетті.

Сарышолақтың ақындық жолы ел ішіндегі айтыс өнерімен тығыз байланысты болды. Ол өз дәуіріндегі белгілі айтыскерлермен сөз сайысына түсіп, суырыпсалма қабілетімен көзге түсті. Айтыстарында көбінесе әділдік, ел бірлігі, адамдық қасиет секілді тақырыптар көтерілді. Ақынның сөз саптау мәнері өткір, ойы айқын, тілі шешен болды. Ол қарсыласына өткір уәж айтып, тыңдаушылардың көңілін өзіне тарта білді. Осындай айтыс өнеріндегі тәжірибе оның шығармашылығын шыңдап, поэзиясына өмірлік шындық пен азаматтық үн қосты [14, 29 б]. Сарышолақтың шығармаларында ел мен жерге деген сүйіспеншілік, отаншылдық рух ерекше сезіледі. Оның жырларында туған жердің табиғаты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, еңбек адамдарының бейнесі шынайы суреттеледі. Ақынның поэзиясы халық өмірінің көрінісі ретінде ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарды дәріптейді. Ол ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті өткір сынға алып, қарапайым халықтың мұңын жырлады. Сарышолақ Боранбайұлының шығармалары мазмұны жағынан кең, көркемдік құрылымы жағынан бай. Оның өлеңдерінде халықтық нақыл мен шешендік өрнек үйлесім тапқан. Ақын сөздің әсерлілігіне, ойдың тереңдігіне, бейнелілігіне ерекше мән берген. Оның жырлары ауыз әдебиеті дәстүрінің жалғасы ретінде көрініс тауып, халық поэзиясының дамуында өзіндік із

қалдырды. Ақынның мұралары ел ішінде ұзақ уақыт ауызша тарағанымен, кейінгі жылдары зерттеушілер тарапынан жинақталып, ғылыми айналымға енді. Сарышолақ шығармашылығын жинап, талдаған әдебиетшілер оның туындыларын қазақ халық поэзиясының маңызды бір тармағы деп бағалады. Оның мұралары қазіргі таңда рухани қазына ретінде қарастырылып, ұлттық әдебиет тарихының ажырамас бөлігіне айналды. Сарышолақ Боранбайұлы – өз заманының ғана емес, жалпы қазақ сөз өнерінің ірі өкілдерінің бірі. Оның өмірі мен шығармашылығы халқымыздың рухани өмірімен, әлеуметтік санасымен біте қайнасып жатыр. Ақын поэзиясындағы ұлттық рух, халықтың мұңы мен арманы – бүгінгі күнге де өзектілігін жоғалтпаған асыл мұра.

Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылық мұрасы – қазақ халқының рухани дүниетанымын, ұлттық болмысын, өмірге көзқарасын айқын көрсететін терең мазмұнды поэзия. Оның өлеңдері ел мен жерге деген сүйіспеншілікті, адамгершілік пен әділеттілікті, халық тағдыры мен тұрмысын көркем тілмен бейнелеуімен ерекшеленеді. Ақын шығармаларының тақырыптық өрісі кең: отаншылдық, бірлік, ерлік, адалдық, ел тағдыры және әлеуметтік теңсіздік мәселелері басты орын алады [15, 56 б]. Сарышолақ поэзиясының ең маңызды қыры – оның халықтық рухы мен азаматтық үнінің үндестігі. Ақын қоғамдағы әділетсіздікке, зұлымдық пен теңсіздікке қарсы өткір сын айтты. Оның шығармаларында қарапайым еңбек адамдарының өмірі, олардың адал еңбегі мен тағдырына деген құрмет ерекше байқалады. Бұл арқылы ақын қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарды бейнелеп, елдің оянуына, рухани серпілісіне себепші бола білді [16, 84 б]. Ақынның өлеңдерінде адам мен табиғат арасындағы үйлесім, туған жердің көркі мен сұлулығы ерекше бейнеленеді. Ол табиғат көріністерін тек сыртқы сипатта ғана емес, адам жанының күйімен, ішкі сезіммен ұштастырып суреттейді. Мысалы, «тау мен дала», «жел мен бұлт», «көк пен жер» сияқты бейнелер арқылы туған жерге деген шексіз сүйіспеншілікті білдіреді. Бұл поэтикалық тәсілдер Сарышолақтың шығармашылық даралығын айқындайды. Сарышолақтың тілі бейнелі, өрнегі айқын, халықтық нақышқа толы. Оның өлеңдерінде мақал-мәтелге айналарлық терең ойлы жолдар жиі кездеседі. Ақын сөздің мағынасына, әуезіне, әсеріне үлкен мән берген. Ол тыңдаушының сезімін ояту үшін көркемдік тәсілдерді шебер қолданған: метафора, салыстыру, эпитет және қайталау сияқты бейнелеу құралдары оның жырларын терең әрі әсерлі ете түседі.

Ақынның шығармаларындағы бір ерекшелік – адамгершілік және моральдық құндылықтардың басымдығы. Ол «адалдық», «имандылық», «ынтымақ» секілді ұғымдарды негізгі идея ретінде ұсынды. Бұл тұрғыда Сарышолақ поэзиясы тәрбиелік маңызға ие. Оның әрбір өлеңі халықты еңбекке, сабыр мен әділдікке шақырады.

1-кесте. Сарышолақ мұрасының көркемдік жүйесінің негізгі бағыттары мен көрініс тәсілдері:

Тақырыптық бағыт	**Көркемдік бейнелеу тәсілдері**	**Мазмұндық ерекшелігі**
Ел мен жерге сүйіспеншілік	Теңеу, метафора, табиғат суреттері	Туған жердің сұлулығын, ұлт рухын дәріптеу
Әлеуметтік әділетсіздікке қарсылық	Сатира, ирония, тура сын	Халықтың мұңы мен наразылығын бейнелеу
Адамгершілік пен имандылық тақырыбы	Нақыл сөз, өсиет, қара өлең формасы	Адалдық пен сабырлылықты насихаттау
Бірлік пен ынтымақ идеясы	Қайталау, ұйқас үйлесімділігі	Халық бірлігін сақтауға үндейді
Табиғат пен адам арасындағы үйлесім	Эпитет, символика	Табиғат сұлулығы арқылы адам жанының тазалығын көрсету

С. Боранбайұлының көркемдік тәсілдері қазақ поэзиясының дәстүрлі өлшемдерін сақтай отырып, оны жаңа идеялық биікке көтерді. Ол сөздің қуатын халық санасын ояту құралы ретінде пайдаланды. Оның жырларындағы шынайылық, рух биіктігі мен көркемдік тереңдік – шығармаларының өміршеңдігін қамтамасыз еткен басты фактор. Сарышолақ Боранбайұлының тақырыптық және көркемдік мұрасы қазақ поэзиясының дамуына үлкен

үлес қосты. Оның шығармалары бүгінгі әдебиет үшін де рухани негіз, ұлттық сана мен сөз өнерінің биік үлгісі болып қала береді. С. Боранбайұлының әдеби мұрасын зерттеу тарихы — қазақ әдебиеттану ғылымының маңызды әрі күрделі салаларының бірі. Ақынның шығармалары ұзақ уақыт бойы ауызша таралып, халық жадында сақталып келген. Сондықтан Сарышолақ поэзиясын ғылыми тұрғыда жүйелеу мен талдау жұмыстары бірден жүргізілген жоқ. Оның мұрасына қатысты алғашқы деректер XX ғасырдың ортасынан бастап жарық көрген әдебиет жинақтарында ғана кездеседі [17, 45б]. Алғашқы кезеңдегі зерттеулер көбіне фольклорлық сипатта болды. Қазақтың халық ақындары мен жыраулары туралы жазылған еңбектерде Сарышолақ есімі халық поэзиясының көрнекті өкілі ретінде аталады. Бұл кезеңде зерттеушілер ақын шығармаларын ел аузынан жинап, мәтіндік нұсқаларын салыстыру, мазмұнын түсіндіру бағытында еңбек етті. Негізінен, оның өлеңдеріндегі отаншылдық рух пен халықтық идея басты назарға алынды.

XX ғасырдың екінші жартысында әдебиет зерттеушілері мен фольклортанушылар халық ақындарының шығармаларын тек тарихи дерек ретінде ғана емес, көркем туынды деңгейінде қарастыра бастады. Осы тұста Т. Сыдықов, М. Жармұхамедұлы, С. Қирабаев сияқты ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Олар Сарышолақтың поэзиясын халықтық дәстүр мен ұлттық рухтың көрінісі ретінде бағалап, оның тілдік ерекшелігі мен тақырыптық ауқымын терең талдады [18, 72б]. Ақын мұрасын зерттеу бағыттары бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазіргі зерттеушілер Сарышолақ шығармаларын тек әдеби құбылыс ретінде ғана емес, мәдениет пен философия тұрғысынан қарастырып жүр. Оның өлеңдеріндегі ұлттық дүниетаным, рухани-этикалық құндылықтар мен адамгершілік ұстанымдар қазіргі заманның тәрбиелік және мәдени мәселелерімен сабақтастырыла талдануда. Бұл тұрғыда Сарышолақтың поэзиясы ұлттық ойлау жүйесін танытатын тарихи-рухани дерек көзі ретінде қарастырылады.

2-кесте. Сарышолақ мұрасын зерттеу бағыттары мен олардың негізгі ерекшеліктері:

Зерттеу кезеңі	**Ғалымдар мен еңбектер**	**Зерттеу бағыты мен мазмұны**
XX ғасырдың ортасы (1950–1970 жж.)	Алғашқы жинақтаушылар, ауыз әдебиеті зерттеушілері	Фольклорлық деректерді жинау, мәтіндік нұсқаларды салыстыру
XX ғасырдың соңы (1980–2000 жж.)	Т. Сыдықов, С. Қирабаев, М. Жармұхамедұлы	Әдеби талдау, тақырып пен идеяны анықтау, поэтикалық ерекшелік
XXI ғасырдың басы (2000 жылдан кейін)	Қазіргі әдебиеттанушылар мен мәдениеттанушылар	Философиялық, мәдени және ұлттық дүниетаным тұрғысынан талдау

Сарышолақ мұрасын зерттеу алғашқыда тек мәтіндік жинақтау деңгейінде болса, қазіргі уақытта оның шығармалары әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымдарының тоғысында қарастырылуда. Бұл үрдіс ақын мұрасының ұлттық құндылықтар жүйесіндегі орнын айқындауға мүмкіндік берді. С.Боранбайұлының поэзиясын талдау арқылы қазақ халқының тарихи жады мен рухани мәдениетін тереңірек түсінуге жол ашылды. Ақын мұрасын зерттеу тек өткенді зерделеу емес, қоғамға рухани бағдар беру болып табылады. Сондықтан Сарышолақ шығармаларын кешенді зерттеу мен насихаттау ісі әлі де өзекті.

С. Боранбайұлының шығармашылық мұрасы – қазақ руханиятының биік шыңы, халықтың тарихымен, дүниетанымымен, арман-мұраттарымен сабақтас құбылыс. Ақынның өлеңдері мен жырлары ел мен жерге деген сүйіспеншілікті, әділдік пен адамдықты, ұлттық рух пен рухани еркіндікті жырлауға арналған. Ол өз дәуірінің әлеуметтік шындығын терең сезініп, сол заманның ауыртпалығын халық атынан толғай білген шынайы сөз иесі ретінде қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алады. Сарышолақ поэзиясының басты ерекшелігі – оның өмір шындығын көркем тілмен жеткізуінде. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігін, қуанышы мен қайғысын, арман-үмітін табиғи әрі шынайы бейнеледі. Ақынның өлеңдерінде жеке тұлға мен қоғам арасындағы байланыс айқын көрініс табады. Сарышолақтың сөзі – халықтың сөзі, оның өлеңдері арқылы ұлттың үні естіліп тұр. Сол себепті оның шығармалары тек әдеби мұра емес, халықтың рухани өмірін, ұлттық мінезін айқындайтын айна іспетті. Ақынның шығармашылық әлемі тақырыптық байлығымен және көркемдік қуатымен ерекшеленеді. Ол поэзиясында

туған жердің сұлулығын, ел бірлігінің маңызын, адамдық қасиетті жоғары қойды. Әр өлеңінде ұлттық сана мен рухани құндылықтардың терең тамырынан бастау алатын ой жатыр. Сарышолақ сөздің салмағын, мағынасын, әуезін жетік меңгерген шебер ақын болған. Оның өлеңдеріндегі көркемдік тәсілдер — метафора, теңеу, эпитеттер — халықтық поэзия дәстүрін жалғастыра отырып, жаңа мәнге ие болған. С. Боранбайұлының шығармаларының өміршеңдігі оның халықтық мазмұнында. Ақынның сөзі – шындықтың үні, әділеттің дауысы. Ол халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, елдің бірлігі мен рухын сақтауға шақырған. Оның поэзиясындағы отаншылдық пен адамгершілік идеялар бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Бүгінгі ұрпақ үшін де Сарышолақтың шығармалары – рухани азық, өнеге мен тәлімнің бастауы. Сарышолақ мұрасының зерттелу тарихына көз жүгіртсек, оның шығармалары алғашында ел арасында ауызша сақталып, кейіннен ғана ғылыми айналымға енгізілгенін көреміз. Бұл жағдай оның мұрасының тереңдігі мен халық жадындағы тұрақтылығын дәлелдейді. Қазіргі кезеңде ақын мұрасын әдеби, мәдени және философиялық тұрғыдан зерделеу жаңа бағытта дамып келеді. Бұл зерттеулер ұлттық әдебиеттің тамырын тануға, оның рухани сабақтастығын айқындауға жол ашып отыр.

Қорытындысында, С.Боранбайұлы – өз дәуірінің ғана емес, бүкіл қазақ сөз өнерінің өкілі. Оның шығармалары халықтың рухын асқақтатып, елдік сана мен бірлікті дәріптейді. Ақынның мұрасы – өткен мен бүгінді байланыстыратын рухани көпір, ұлттық әдебиет тарихының айнымас бөлігі. Сондықтан Сарышолақ шығармашылығын терең зерттеу мен оны ұрпақ санасына сіңіру – қазақ руханияты алдындағы маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2018. – 352 б.
2. Әбдіғазиев Б. Халық ақындары поэзиясының көркемдік ерекшелігі. – Алматы, 2020. – 286 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және әдебиет тарихы. – Алматы: Ғылым, 2019. – 314 б.
4. Сыдықов Т. Қазақ жыраулары мен ақындары: зерттеу мақалалар. – Астана, 2021. – 280 б.
5. Нұрғали Р. Әдебиет әлемі. – Нұр-Сұлтан: Елорда, 2022. – 240 б.
6. Сейітқалиев Ж. Қазақтың халық ақындары: зерттеу очерктері. – Алматы: Дәуір, 2018. – 312 б.
7. Жармұхамедұлы М. Халық поэзиясы және заман шындығы. – Алматы, 2019. – 274 б.
8. Сыдықов Т. Қазақ жыраулары мен ақындары: зерттеу мақалалар. – Астана, 2021. – 280 б.
9. Әбдіғазиев Б. Халық поэзиясының көркемдік табиғаты. – Алматы, 2020. – 286 б.
10. Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің дәстүрі мен жаңашылдығы. – Алматы: Санат, 2022. – 340 б.
11. Нұрғали Р. Әдебиет әлемі: зерттеулер мен толғамдар. – Нұр-Сұлтан: Елорда, 2023. – 240 б.
12. Еспенбетов А. Қазақ руханияты және әдеби дәстүр сабақтастығы. – Алматы, 2024. – 304 б.
13. Сейітқалиев Ж. Қазақтың халық ақындары: зерттеу очерктері. – Алматы: Дәуір, 2018. – 312 б.
14. Сыдықов Т. Қазақ жыраулары мен ақындары: зерттеу мақалалар. – Астана, 2021. – 280 б.
15. Әбдіғазиев Б. Халық ақындары поэзиясының көркемдік ерекшелігі. – Алматы, 2020. – 286 б.
16. Еспенбетов А. Қазақ руханияты және әдеби дәстүр сабақтастығы. – Алматы, 2024. – 304 б.
17. Жармұхамедұлы М. Халық поэзиясы және заман шындығы. – Алматы, 2019. – 274 б.
18. Сыдықов Т. Қазақ жыраулары мен ақындары: зерттеу мақалалар. – Астана, 2021. – 280 б.

ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫН (АНТРОПОНИМИКАСЫН) ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ РӨЛІ

С. А. Рахымберлина[1], Р. М. Есенбаева[2]

[1]Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті қауымдастырылған профессоры, Қарағанды. [2]«№21 Жалпы білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы, Жезқазған, Қазақстан.

Қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына кіретін асыл мұраларының бастысы ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық болмыс-бітімі болып табылады. «Қазақ халқының өмір салтындағы ғұрыптары мен рухани үрдісіндегі сан қырлы болмысы кім кімді де қайран қалдыратын құбылыстарға толы. Аңырап жатқан айдын

дала, аңызақ аптап, табиғаттың қатал да қатыгез сынымен бетпе-бет тірлік кешкен сірі жанды қайсар қазақтың, олардың көшпенді өмірінің өзіндік қалыбымен ұланғайыр кеңістік кейпінің сырт көзге соншалықты сұрқайлау, қарапайымдау көрінетіні сондай, осынау ортада өмір сүрген халықтың рухани байлығына, ғажайып әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, қабілет-қарымына таң қалып, тәнті болмасыңа шараң қалмайды» [1, 3-б].

Кейбір тілдік құбылыстардың табиғатын толық түсіну, бүкіл бітім-болмысын ашу үшін тек тіл заңдылықтарына сүйену аздық етеді. Оны сол халықтың мәдениетімен, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жалпы бітім-болмысымен байланыстыра қарастыру қажет. Бұл туралы алғашқы ой-пікірлер XVIII–XIX ғасырларда пайда болды. Алғашқы идеяның авторлары И.Г.Гердер, В.Гумбольдт еді. Қазақ тіл білімінде тілді ұлттық болмыспен тең қарастырып, олардың өзара тығыз байланыста дамитынын дәлелдеген және осы саланың ғылыми-теориялық негізін қалаған Ә.Т.Қайдар, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Е.Керімбаев т.б. болды. Осы бағыттың табиғатын, зерттеу нысанын, тілдің басқа салаларынан ерекшелігін зерделеген академик Ә.Т.Қайдар: «Бұл ғылым саласының бір кереметігі де, бүгінгі таңдағы ғылыми-практикалық маңызы да – оның монолиттік тұтастығында, бір-біріне етене жақын, тіпті бірінсіз бірін түсінуге болмайтын объект екендігінде. Ол объект – этнос және оның тілі. Өйткені, тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүруі мүмкін емес» дей келіп, оның мақсаты мен міндеті туралы: «Этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүние танымы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады», - деп қорытындалады [2-б, 18].

Қазақ халқының рухани-материалдық мәдениетіне байланысты этнолексикасы Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, О.Нақысбеков, Б.Қалиев, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Р.Шойбеков т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарының өзегі болды.

Кез-келген тілдің үлкен бір бөлігін құрайтын ономастиканың ұлттық бояуының қанықтығы, ұлттық мәдениетпен ажырамас бірлігі – дау туғызбайтын мәселе. Бұл жөніндегі ғалымдардың пікіріне сүйенсек, академик І. Кеңесбаев «кез-келген қазақы жалқы есім тек қазақ тіліне ғана тән ерекшеліктерді көрсетеді» десе [3, 197-б], этнолингвист Е. Керімбаев: «Әрбір тілдің онимиясының ұлттық тамыры тереңге кетеді, себебі ол – әрбір ұлттық мәдениеттің қайталанбас ерекшелігінің көрсеткіші», - деп атап көрсетеді [4, 4-б].

Жалпы түркологияда, оның ішінде қазақ тіл білімінде 60-жылдары баспа бетінде осы мәселеге арналған бірқатар мақалалар жарық көрді. Бірақ бұл мақалаларда қазақ ономастикасының этнографиялық аспектісі көбіне тек этимологиялық тұрғыдан қарастырылды.

Барлық тілдің, оның ішінде қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі жалқы есімдер әртүрлі тарихи кезеңдердегі даму заңдылықтарына және өздерінің жүйеқұрушылық қасиеттеріне сай ерекше үлкен топты құрайды. Халықтың ұлттық-тілдік ерекшелігі есімдерде анық көрінетіндіктен, тілдің әлеуметтік-мәдени қызметін атқару барысында жалқы есімдердің рөлі айтарлықтай. Қазақ ономастикасының іргетасын қалаушы Т.Жанұзақтың еңбектерінде қазақ есімдерінің этнографиялық аспектісі сөз болып, құнды деректермен негізделеді.

Есімдердің бейресми тобына жататын лақап аттардың да тууына түрткі болатын негізгі себептің бірі – халқымыздың әдет-ғұрпына, наным-сеніміне, салт-санасына байланысты қалыптасқан тілдік табу және эвфемизм деп аталатын құбылыстар. Арнаулы лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Табу (полинезийское) – запрет на употребление тех или иных слов, выражений или собственных имен. Явление табу связано с магической функцией языка (речи), т.е с верой в возможность непосредственного воздействия на окружающий мир при помощи языка. Табу – не специфическое языковое явление (бывают табу на те иные акты поведения, контакты с определенными людьми, употребление какой-либо пищи, питья, употребление некотоых предметов и материалов)» деген анықтама берілген [5, 501-б]. Демек, табу – белгілі себептерге байланысты істеуге, айтуға, ішіп-жеуге т.б тыйым. Тыйым салынған сөздердің орнына қолданылатын сөздердің, эвфемизмдердің, басты міндеті сыпайгершілік пен

әдептілікке негізделген. Біздің сөз етпегіміз – кісі есімдеріне салынатын тыйым, соның нәтижесінде пайда болған лақап есімдер. Бұл құбылыстың тіліміздегі этникалық көріністері:

а) әртүрлі наным-сенімдерге байланысты болып келеді. Адам мен оның есімінің біртұтас дүниеге айналып кететіні соншалық, оның шын атын білу арқылы оған пайда да, зиян да келтіруге болады деген сенім есімді жасырып, орнына жанама есім пайдалануға әкелген. Бұл әлем халықтарының көпшілінде орын алған жағдай болып табылады. В.А.Никонов көптеген халықтардың түсінігінде есімнің құдыреті, қойылу, аталу үдерістеріне ерекше мән берілетіні жөнінде пікірін білдіреді. Құбылыстардың себебін, табиғатын түсінбеу, білмеу оны мифтік күшке, құдыреттілікке теңеуге әкелетінін айта келіп: «Есім мен жанды тұтастықта қарау көптеген діни сенімдерге ортақ. Көптеген халықтарда кездесетін есімге салынатын табу осыдан келіп шығады: кісінің шын есімін басқалардан (жаман ниет адамдар мен рухтардан) жасырын ұстау керек. Себебі олар біле қалған жағдайда, есім иесіне жамандық жасауы мүмкін, тіпті өмірін қиюы мүмкін. Русьте бірнеше ғасыр бойына, тіпті XYII ғ., шоқынғанда қойылған есім көпшілік үшін беймәлім болып қалса, Азербайжанда бүгінде де наным-сенімнен туған есімді жасыру салты бар. Сібір халықтарында екі есімнің біреуі – шын аты сирек аталса, ал екіншісі күнделікті тұрмыста қолдануға арналған. Түркіменстанда әр баланың «чын ады» және «ялин ады» бар деген құнды мәліметтерді келтіреді [6, 29-б]. Сонау «Көк тәңірінен» бастау алған діни наным-сенімдер кісі есімін мүлде атамауға не уақытша шек қоюға әкелген. «Қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ – мұсылман атты дінді құрайды. Қазақтар, әуелде Мұхамедті (с.ғ.с.) білмей тұрғанда да Алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулилерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдыретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған» [7, 170-б].

«Балаға ат қоюда ерте кездің өзінен-ақ ырым мен әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Осы ырым жөнінде Ш. Уәлиханов былай дейді: «Ырым мен әдет-ғұрып салт-санаға тән. Мәселен, ұлы жоқ үйлерде қыз туатын болса, онда ол қызға Ұлтуған деген ат қояды. Ондағысы кейінгі бала ұл болсын деген сенім» [8, 163-б]. Сол сияқты, өмірге келген сәбиге белгілі бір уақытқа дейін ат қойып, айдар тақпау – кейін ұмыт болғанымен, кезінде қатаң сақталған тыйымның бірі. Бұл жөнінде ғұлама ғалым Ә. Марғұлан: «Оғыз бен қыпшақтарда тағы басқа түркі тайпаларында ұлан бірінші ерлік қадамын өткенше (бас кесіп, қан төккенше), қаһармандық көрсетпейінше оған ат қоймаған. Манас та 12-14 жасқа дейін шартты атпен жүрген (Боқмұрын, Итбай). Жырда Жақып жылқыға келіп ұйықтағанда түсіне Қызыр кіріп: «Баланың атын Манас қой, бірақ он екіге келгенше «Манас» деп атама», - деген дерек келтіреді [9, 90-б]. «Қазақтың көшпелі өмірінде тұрмысына қажетті, керекті заттардың мол болмағаны белгілі. Әсіресе кедей шаруаның хал-күйі нашар, жүдеу, жабайы шаруасы тек күнкөрерлік жағдайда болғаны да аян. Осындай ауыр тұрмыста балалардың шала тууы жиі кездескен. Ырым бойынша, ондай балаларға Шалабек, Шалабай, Лекер деп ат қойып, ескі тымаққа салып керегеге іліп қойған». Егер нәресте кереге басында үш күн тұрса, өлмейді деп түсінгендіктері, сондай наным-сенімде болғандары туралы Т. Жанұзақтың еңбектерінен кездестіреміз [10, 45-б]. Дүниеге уақытынан ерте келген сәбилердің әлжуаз, әлсіз болатыны белгілі. Тіл-көзден аулақ болсын деген ниетпен мұндай сәбилерді *«Шалабай»* /Айдар/, *«Мәшай»* /Бағила/, *«Бәшай»* /Жұматай/, *«Шілапай»* /Сәрсен/ деп атау олардың өз есімдерінің ұмытылып, лақап атпен аталуларына әкеледі.

Көне замандардан келе жатқан сөз магиясына деген сенім – тілдің тас жаратын, тас жармаса бас жаратын құдыретінің отбасындағы жалғыз балаға, жалғыз ұлға кесірін тигізбеу үшін үш-төрт есіммен атау, сол арқылы зиянкес, кесапаттарды шатастыру – халық арасында жиі кездесетін жағдай. Мысалы, Мұхамбетқали атты кісінің *«Ғазиз», «Молда», «Ишан», «Төкітай»;* Балғабек атты кісінің *«Құрал», «Балта», «Балташ»* есімдері осының дәлелі. Сөз құдыретіне деген сенім бір жағынан естір құлаққа жағымсыз, нашар есімдер қою арқылы баланың өмірін сақтауды мақсат етсе, екінші жағынан күшті жан-жануарлардың есімдерін қою арқылы денсаулығы мықты, күшті жігіт болып өсуіне тілектес ниеттерін есімдермен көрсетеді. Т.Жанұзақ мұндай есімдердің I дәуірде – көне түркі заманында, яғни Y-YIII

ғасырлардағы ай мен күнге табыну, табиғатты, аңды, құстарды ерекше күш санау, кейбір хайуандарды (мәселен, бөрі, ит, бұқа) шыққан тегіміз, біздің ата-бабамыз деп, тотем ету жайларынан туған антропонимдерде басым болғаны туралы деректер келтіреді [10, 27-б]. Бұл құбылыстың басқа тілдерде де орын алғандығын А.М.Селищевтің еңбектерінен көреміз. Сөздің құдіретіне деген сенім, есімнің адам тағдырына әсері түрлі халықтарда нәрестеге күш-қуат, денсаулық тілеу мақсатында қасқыр, аю сияқты аң атауларының есім ретінде берілгенін орыс тілі мысалдары негізінде көрсетеді.

«Таңдап, сайлап қойған сәтті есімдер баланың өмірін қорғайды, «көз тиюден» сақтайды деп түсінген. Осындай әдет-ғұрыпқа сену нәтижесінде «нашар есімдер», «қорғаныс есімдер» қойылған. Мұндағы негізгі себеп баланың өміріне қауіп төндіруші «жын», «шайтан» сияқтыларды алдау, оларды адастыру боп саналған. Егер жаман есімдер қойса, бала елеусіз болады, өмір жасы ұзақ болып, көп жасайды деген ұғым болған» [10, 44-б]. «Бала науқастанып қалған кезде атын өзгертіп, басқа ат қою әдеті көптеген халықтар дәстүрінде бар құбылыс еді. Мұның негізгі себебі, «жан алғыш», «жын-шайтанды» науқастан адастыру үшін жаңадан ғана ат қойылған әлгі науқас баланы сау адам екен деп түсініп, жанын алмайды деген ұғымнан туса керек. Сырқат баланың есімін ауыстыру дәстүрі орыс, монғол, түркі халықтарында ертеден болған әдет» екенін түрлі халықтардың салт-санасы туралы жазған ғалымдардың зерттеулерінен көреміз [10, 76-б]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауру адамды емдегеннен кейін есімін ауыстыру, яғни төл есімін лақап есіммен ауыстыру арқылы өміріне төнген қауіптен алып шыққаны туралы ел аузында аңыз әңгімелер көп кездеседі. Жер шарының кез-келген нүктесінде (Азияда, Индонезияда, Канадада, Сібірде т.б.) барлық халықтарда дерлік осындай әдет-ғұрыптың болғаны туралы зерттеушілердің мәліметтерінен кездестіреміз. Мысалы, Ресейде XYI – XYII ғасырларда да баланы «зиянды күштерден» тығып қойып, кейін тауып алған түрмен жаңа есім беретін жағдайлардың болғандығы айтылады. Тіліміздегі Сатыбалды, Табыл, Табылды сияқты есімдердің осындай наным-сенімдерден туғанын байқау қиын емес. Бұл есімдер төл есім қызметінде болмаған жағдайда лақап есім қызметінде болатынын айта кету керек.

Тарихи аңыз-әфсаналардан, батырлар жырларынан Әз Жәнібек ханның Асанқайғы жырау, Тоқтамыс ханның Сыпыра жырау, Абылай ханның Бұқар жырау сияқты көріпкел-даналардың ақылымен сәтті күнді анықтап жолға шығып, құтты қоныс тапқаны, жауға аттанып, жеңіспен оралғандықтары белгілі. Осындай қасиетінің арқасында Бұқар бабамыздың «Көмекей әулие» атанғаны мәлім. Сәуегейлік, болжағыштық қасиет аруақты кісілерде, оның ішінде ел қорғаған батырлардың лақап есімдерінде кездеседі. Жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақ батырлары *Мүйізді Өтеген* /Өтеғұлұлы Өтеген/, *«Әулие»* /Хангелдіұлы Райымбек/, *«Доғал оқ» /Қаһарлы Жанақ/, Мәшһүр Жүсіп* т.б. есімдерімен қатысты айтылады. Ел аузында «Доғал оқ» атанған Жаңабатыр бидің баласы Жанақ туралы әңгімелер көп сақталған. Мәшһүр Жүсіп мынадай деректерді келтіреді. Жер дауын шешпекші болған Торай деген би пара алып, істі біреуінің пайдасына шешіп беріпті. Қайтар жолда Жанаққа соқпай, қырындап өтіп жүре берсе керек. Себебін білген *Қаһарлы Жанақ* «Ол баламды аттым! Ертең түсте өледі, жаназасына бармаймын! – депті. Айтқанындай, ертең түсте: «Торай өлді» деп жаназаға шақырыпты. Жанақ бармапты. Торайдың моласы сол Ажының түбінде».

Келтірілген деректер ат қою үдерісінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерінің түрлі наным-сенімге негізделетінін көрсетеді. Адамның есімін атамау, жасырын ұстау немесе басқа есім түрлерімен ауыстыру, шаман дінін ұстанған уақыттан бастау алып, кейін мұсылман дінін қабылдағаннан кейін де қатар жүргенін айғақтайды. Әулиелік, көріпкелдік қасиетке ие адамдарға берілген лақап есімдер – осы сенімнің бір көрінісі.

ә) Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты болып келеді. Ананың ақ сүтімен, атаның тәрбиесімен қанымызға сіңген үлкенді сыйлау, құрмет тұту, есімін атамау – ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің ең озық үлгісі. Осындай жағдайда көмекке әр түрлі антропонимиялық «аталымдармен» (ата, көке, Әбеке т.б) қатар лақап аттар да келеді: *«Аққе»*/Ақ әке /Төлепберген ата/; *«Біттей аққе»* /Асқар ата/; *«Әтәй»* /Сенбі/; *«Қатай»*

/Қуандық атай/; *«Дәу әже»* /Зейнегүл/. Халқымыздың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевты іні-қарындастарының атын атамай *«Жәжеке»* деулері де осының жарқын мысалы.

Қазақ әйелінің ерін, оның туған-туысын есімдерімен атамай, әрқайсысының өзіне лайық ат қоюы /ат тергеу/ – табу мен эвфемизмнің тамаша бір көрінісі. Көпшілік жағдайда бұл есімдер аталушының бойындағы ерекшелік белгіні көрсетуге бағытталады: *«Ұста қайнаға»* /Кеншімбай/, *«Кіші апа»* /Айшагүл/, *«Ұзын абысын»* /Ажар/, *«Қысқа абысын»* /Күлшаш/, *«Еркетай»* /Ләйлә/, *«Мөлдіркөз»* /Ардақ/, *«Еркетөре»* /Мадина/, *«Молдақыз»* /Гүлайым/, *«Түймеш»* /Бибігүл/, *«Молда жігіт»* /Суфалдияр/ т.б.

Лайықты есім тілге орала қоймаған жағдайда қазақ әйелдері кісі есімінің басқы әріптерін өзгертіп те, мағыналас немесе қарсы мағынадағы сөздерді пайдаланып та жаңа есім (лақап ат) жасай берген. Осындай жолмен пайда болған ру атаулары: *«Қаңқылдақ»* /қаз-қыпшақ/, *«Төбелес»* /талас-қыпшақ/, *«Майсыз»* /қаракесек-арғын/, *«Қараңғы»* /түнқатар-арғын/; *«Мәуітбай»* /дәуітбай-*қыпшақ/; *«Көсемғұл» /есенғұл-қыпшақ/; «Сертікей» /бертікей-қыпшақ/; «Маңырама»* /лақ-қыпшақ/; «Балық» /сазан-қыпшақ/ және аталары мен қайнағаларына қойған *«Алла разы»* /Рахмет/, *«Сейсенбай»* /Дүйсенбай/, *«Малбағар»* /Қойбағар/ *«Уақыт»* /Сағат/, *«Жауын аға»* /Жаңбырбай/, *«Жануыш»* /Қайрақты/, *«Қауырсын»* /Қанат/ лақап есімдерінен көрінеді. Ал *«Аттеріс», «Пысал қайным»* секілді лақап есімдер жеңгелерінің Әбдірахман атты атасымен аттас және Алпыс есімді қайныларына қойған аттары.

Әдеби көркем шығарма ұлттық дәстүрді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші, араларын жалғастырушы дәнекер екендігін басты назарда ұстаған жазушыларымыз шығармаларында «ат тергеу» дәстүрінің үлгілерін жиі қолданады: « Бір күні біздің ауылда да той болды. Жаман тымағын жалпайта киіп бүкір торысымен Шалым келе қалыпты. Төбем көкке тигендей болды. Менің бұл Шалым дегенің керемет қызық адам ғой. Өзінің шын аты Ыбырай. Әкемнің бірге туған ағасы. Біздің тұқымда баяғыда Ыбырай деген біреу болған екен. Сол үйдегі шешеміз Қаншайым атамның аты кетеді деп, күйеуін «шалым, шалым» деп жүріп Шалым атандырып жіберіпті. Енді айналдырған жиырма шақты үй «Шоңмұрынның» үлкен-кішісі бар үнемі Шалым деп сөйлейді». Отағасысының туыс-туғандарының атын атамай, әрқайсысының өзіне сай есім беру – қазақ қоғамындағы әйелдің жауапкершілігі жоғары ісінің бірі. Өзі келін болып түскен босағаны қадірлеу, бесіктегі баласынан төрдегі қартына дейін құрмет тұту – ел мен елдің арасындағы татулық пен бірліктің нығаюының кепілі болып табылады. Соның бір мысалы «Сәкен сүйген сұлу» Қабиба рулас қайнысы Тәуекелді қияңқы мінезіне сай *«Тайшық»* деп атаған екен.

Жазушылар ат тергеу дәстүрімен қойылған есімдерді кейіпкер бейнесіне лайықтап бере отырып, олардың қойылу себебіне түсінік бере кетеді. Сөз шебері, классик-жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы ұлттық дәстүр мен ерекшелікті бойына сіңірген есімдердің «галереясы» іспетті. «Ат тергеу» салтының көріністері барша бояуымен берілген. Ұлттық дәстүр, жеңге мен қайнысының арасындағы сыйластық төмендегі Жанишаның қайнысы Мүсірепті *Мырзажігіт,* Шынардың Кенжетайды *Тайкенже* атауларынан анық байқалады. Аталған дәстүр негізінде жаңа есім жасау үдерісінің жарқын көрсеткішін Ұлпан мен Шынардың арасында болған сұхбаттан да көруге болады. Шынардың Бесбай ауылын «Төрттен астам» ауылы атап, «жұрт дегенді тағы да бір түрлі етіп айтып, енді соған күйеуің бір жақтан келгенде не деп амандасатыныңды қосшы» деп Ұлпанға Еламан атасының атын тергегенінен көруге болады.

Алладан ұл тілеуді мақсат еткен дескриптив есімнің харизматикалық қызметтегі сипаттама есімге айналуына Ұлпанның бойына біткен қайсар мінезі мен өткір де шыншыл тілі, терең ақылы мен адал жүрегі себепкер. Ұлпан – Ақнар – Есеней есімдер парадигмасы өсу жолының көрсеткіші болған романның бас кейіпкері Ұлпанның қоғамдық басқыштың әр дәуірінде қызметіне лайық есім алып отырғанын көреміз: «Қазақ әйелінің үш аты бола ма? – Жоқ Ұлпан – шын аты. Ақнар – ақ аруана дегеннен аз ғана өзгертіп алынған, ақ ана деген мағына береді. Есеней – ерінің аты ғой. Ендігі басшыларың осы болады деп, Есеней өз атын әйеліне беріпті. Бұл жерде «Есеней» әйелдің аты емес, атағы. Символ Бұрын бұл елдің көсемі

мен едім, енді сен болдың дегенді аңғартады» (179-б). Осы есімдер парадигмасынан антропонимикадағы ұлттық менталитет, ұлттық таным көріністері айқын аңғарылады.

Қорыта келгенде, этникалық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын ұлттық антропонимика – халық өмірінен, ұлттық болмысынан мол мағлұмат беретін қазына көзі болып табылады. «Можно без преувеличения сказать, что этнографична вся ономастика – от личного имени человека до наименования божеств, от названия народа до обозначения населенного пункта или космического объекта» деген пікірдің өміршеңдігіне тағы бір көз жеткізгендейміз [11, 5-б]. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру дәстүрінің түрлі әдет-ғұрып, салт-сана және наным-сенімге негіз болғаны анық. Осы негізде қалыптасқан кісі есімдерін таза лингвистикалық тұрғыдан ғана қарастарып оқытпай, оны халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, ұлттық дүниетанымына байланыстыра зерделеу – негізгі міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дәуренбеков Ж. Тылсым күшпен тілдескен немесе бақсылық жайлы бірер сөз // Қазақ бақсы-балгерлері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 223 б.
2. Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. - № 10. - 18-22 бб.
3. Кенесбаев С. Использование собственных имен в нарицательном значении // Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. - Алматы: Ғылым,1987. - 348 б.
4. Кайдаров А.Т., Керимбаев Е. Этнолингвистические аспекты казахской ономастики // Известия АН КазССР. Серия филол. – 1990. - № 3. – С. 3-13.
5. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 682 с.
6. Никонов В.А. Имя и общество. – М.: Наука, 1974. – 276 с.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 558 б.
8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1958. – 163 б.
9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы. 1985. – 367 б.
10. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы /лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау/. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
11. Этническая ономастика. – М.: Наука, 1984. – 191 с.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗДАРДЫҢ СОМДАЛУЫ

Ж. А. Романова[1], Г. К. Жусупова[2]

[1]«Тұран» университетінің магистранты, [2]ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), «Тұран» университеті, Астана, Қазақстан.

Қазақ әдебиетіндегі мифологиялық образдардың қалыптасуы ғасырлар бойы жалғасқан ұлттық сананың, наным-сенімдердің және тарихи дамудың нәтижесі болып табылады. Қазақ мифологиясының негізін түркі халықтарының ежелгі дүниетанымы, тотемизм, шаманизм және анимистік сенімдер құрайды. Бұл сенімдер халық шығармашылығы арқылы көркем бейнелерге айналып, эпостық жырларда, ертегілерде, аңыз-әңгімелерде көрініс тапты. Қазақ мифологиясы көбінесе табиғат құбылыстарын, аңдар мен құстарды, тылсым күштерді адам санасымен байланыстырып, ерекше символикалық образдар арқылы жеткізді. Қазақ фольклорының ең көне үлгілерінде мифологиялық кейіпкерлер табиғатпен тығыз байланыста болады. Көк бөрі, қасиетті ағаштар, алып құстар, айдаһарлар, жалмауыз кемпір мен перілер – мұның барлығы мифологиялық негізге ие көркем бейнелер. Бұл кейіпкерлер халықтың дүниетанымын айқындай отырып, кейінгі дәуірлердегі әдеби шығармаларда жаңа сипатқа ие болды. Қасқыр – көне түркілердің тотемі ретінде батырлық пен еркіндіктің символы болып саналды. Осыған байланысты қазақ эпостары мен аңыздарында көк бөрі қасиетті қорғаушы немесе көмекші бейнесінде сомдалды. Эпостық жырлар қазақ мифологиясының ең жарқын көріністерінің бірі болып табылады. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты жырларда мифологиялық элементтер кеңінен қолданылады. Батырлар жырының басты ерекшелігі – қаһарманның табиғаттан тыс күшке ие болуы, оларға көк тәңірінің жәрдем беруі,

мифтік жануарлармен қарым-қатынас жасауы. Бұл жырларда кездесетін тұлпарлар, самұрық құс, айдаһарлар мен жын-перілер мифтік образдар ретінде сипатталады.

Қазақ ертегілеріндегі мифологиялық элементтер халықтың қиялдау қабілетінің айқын көрінісі болып табылады. Бессмертный өзінің «Казахский фольклор и мифологические элементы» атты зерттеуінде қазақ ертегілерінің мифологиялық ерекшеліктерін атап көрсетеді, нақты айтқанда, ертегілерде кездесетін фантастикалық кейіпкерлердің халықтық дүниетаныммен байланысын түсіндіреді [1, 76]. Мифтік образдар халықтың өзіндік ерекшелігін қалыптастырып қана қоймай, әдеби шығармаларда көркемдік тәсіл ретінде кеңінен қолданылады. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде мифологиялық образдар жаңа интерпретацияға ие болды. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» шығармасында бөрінің образы батырлық символы емес, адамның табиғатпен күресі мен қайшылығын бейнелеуші құралға айналады. Бұл әдебиетте мифологиялық символдардың дәстүрлі сипаттан алшақтап, жаңа мәнге ие бола бастағанын көрсетеді. Қазақ прозасында мифологиялық мотивтерді пайдалану жазушыларға шығармаларына философиялық тереңдік пен ұлттық бояу беру мүмкіндігін ашты.

Қазіргі қазақ әдебиетінде мифологиялық образдар постмодернистік және символикалық тұрғыда қарастырылады. Жазушылар мифтік элементтерді тек тарихи-мәдени мұра ретінде ғана емес, адам болмысының күрделі тұстарын ашатын көркемдік құрал ретінде қолданады. Қазақ әдебиетінің мифологиялық негіздерін зерттеген Лернер «Мифтік образдар тек өткен дәуірдің көрінісі емес, олар уақыт өте келе жаңа мәнге ие болады» деп атап көрсетеді [2, 98]. Қазақ әдебиетіндегі мифологиялық образдардың көпқырлығын зерттеу олардың тарихи, мәдени және көркемдік маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл образдар тек фольклорлық шығармаларда ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы әдебиетте де маңызды көркемдік құрал ретінде қолданылады. Мифтік бейнелердің әдебиеттегі орны уақыт өте келе өзгергенімен, олардың символикалық мәні сақталып, жаңа мазмұнмен толықтырылып келеді. Беспалько «Мифологиялық кейіпкерлер әдебиеттегі идеялық бағыттардың айқындалуына әсер етеді» деген пікір білдіреді [3, 124]. Бұл тұжырым қазақ әдебиетіндегі мифтік бейнелердің рөлі тек ертегі мен эпоспен шектелмейтінін, олардың бүгінгі көркем шығармаларда да өзіндік орнын сақтап отырғанын дәлелдейді. Қазақ жазушылары мифологияны тек тарихи мұра ретінде ғана қарастырмай, оны жаңа әдеби контексте жаңғырта отырып, көркемдік құрал ретінде пайдаланады.

Қазақ әдебиетіндегі мифологиялық кейіпкерлердің қазіргі заманғы шығармаларда қолданылуы бірнеше бағытта жүзеге асады. Біріншіден, олар халықтың тарихи санасын жаңғырту және ұлттық болмысын көрсету үшін қолданылады. Мысалы, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» және «Елең-алаң» романдарында мифологиялық символдар арқылы қазақ халқының күрделі тарихи кезеңдері бейнеленеді. Жазушының шығармаларында мифтік уақыт пен тарихи уақыттың тоғысуы ерекше көркемдік тәсіл ретінде пайдаланылып, кейіпкерлердің тағдыры мифологиялық бейнелер арқылы тереңдетіледі. Екіншіден, мифологиялық бейнелер қазақ прозасында кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашуға, олардың психологиялық күйзелістерін сипаттауға қызмет етеді. Оралхан Бөкейдің «Кербұғы» шығармасында мифтік элементтер табиғат пен адамның өзара байланысын көрсету үшін қолданылады. Кербұғы – бұл тек аңыздық бейне ғана емес, адамның рухани ахуалын, оның жалғыздық сезімін, табиғатпен үйлесімділігін білдіретін күрделі символ. Үшіншіден, қазақ әдебиетінде мифологиялық образдар постмодернистік бағыттағы шығармаларда жаңа интерпретацияға ие болады. Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Қалихан Ысқақ сияқты қаламгерлердің шығармаларында мифтік бейнелерді жаңа философиялық тұрғыдан талдау байқалады. Бұл жазушылардың шығармаларында дәстүрлі аңыздық кейіпкерлер заманауи қоғамның мәселелерін көтеру үшін қолданылады. Қазақ әдебиетіндегі мифологиялық образдардың дамуы олардың тұрақты көркемдік құрал екенін және әр дәуірде жаңа мәнге ие болатынын көрсетеді. Егер дәстүрлі фольклорда олар көбінесе эпостық қаһармандардың серігі, көмектесуші немесе қарсылас ретінде бейнеленсе, қазіргі әдебиетте олар адамның ішкі жан дүниесінің күрделі құбылыстарын ашудың тәсіліне айналған.

Құлжанова Н. «Қазақ әдебиетіндегі мифтік бейнелер» еңбегінде қазақ әдебиетінде мифологиялық образдардың қолданылу ерекшеліктерін зерттейді. Оның пікірінше, мифология – тек халық ауыз әдебиетінің бөлігі ғана емес, сондай-ақ ұлттық сананың, дүниетанымның көрінісі ретінде қазіргі әдебиетте де маңызды рөл атқарады. Автор қазақ әдебиетіндегі мифологиялық бейнелерді фольклорлық дәстүрден бастап, XX және XXI ғасырдағы әдеби шығармалармен байланыстыра отырып, олардың эволюциясын қарастырады. Құлжанованың зерттеуінде «Қазақ мифологиясының образдары әдебиетте жаңа мазмұнмен толығып, заман талабына сай өзгерістерге ұшырайды» деген тұжырым айтылады [4, 178]. Бұл пікір қазақ әдебиетінде мифологиялық элементтердің тек дәстүрлі сипатта қалмай, жаңа интерпретацияға ие болып отырғанын көрсетеді. Қазақ прозасындағы мифологиялық элементтердің ерекше көрінісін XX ғасырдағы әдеби шығармалардан байқауға болады. Құлжанова қазақ жазушыларының шығармаларында мифтік образдардың кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашу құралы ретінде қолданылатынын атап өтеді. Мысалы, М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы», Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романдарында дәстүрлі мифтік образдар арқылы халықтың тарихи тағдыры мен ұлттық болмысы сипатталады.

Сейілханова А. «Миф және әдебиет: қазақ прозасындағы дәстүр» еңбегінде қазақ прозасында мифологиялық дәстүрдің сақталуы мен жаңаша дамуын зерттейді. Оның зерттеуінде қазақ мифологиясының элементтері тек эпостық және ертегілік жанрлармен ғана шектелмей, тарихи және психологиялық прозада да көрініс табатыны атап көрсетіледі. «Қазақ прозасындағы мифологиялық мотивтер жазушылардың кейіпкерлер әлемін тереңдетіп, олардың ішкі қақтығыстары мен рухани ізденістерін сипаттауға ықпал етеді» деген пікір білдіреді [5, 211]. Сейілханова қазақ мифтерінің қазақ прозасындағы дәстүрлі және заманауи қолданылуын мысалдар арқылы талдайды. XX ғасырдағы жазушылар, әсіресе Оралхан Бөкей, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік шығармаларында мифологиялық элементтер ерекше орын алады. Мысалы, Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасында кейіпкерлердің табиғатпен байланысы, олардың әлемге деген көзқарасы мифологиялық символдар арқылы беріледі.

Смирнова Е. «Фольклор и мифологические структуры в литературе» еңбегінде қазақ және басқа халықтар әдебиетіндегі мифологиялық құрылымдардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын зерттейді. Оның пікірінше, мифологиялық образдар тек тарихи-мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен бірге әдеби шығармашылықтың маңызды көркемдік әдісі ретінде қарастырылады. Смирнова атап көрсеткендей, «Мифологиялық құрылымдар әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларын бейнелеуде маңызды рөл атқарады» [6, 154]. Автор мифологияның қазақ әдебиетінде ғана емес, әлемдік әдебиетте де маңызы зор екенін, қазақ жазушыларының шығармаларында мифтік элементтердің жалпыадамзаттық мәселелерді бейнелеу құралына айналғанын айтады. Мысалы, Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз», Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романдарында тарихи оқиғалар мифологиялық сипатта бейнеленіп, ұлттық сана мен тарихи жадыға ерекше мән беріледі.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетіндегі мифологиялық образдар ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар халықтың дүниетанымы мен тарихи санасының көрінісі ретінде әдеби шығармаларда өз орнын тапқан. Эпостардан бастап қазіргі заманғы әдебиетке дейін мифтік бейнелердің эволюциясы қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Қазақ әдебиетінде мифологиялық образдар тек фольклорлық элемент ретінде емес, әдеби шығармашылықтың маңызды бөлшегі ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бессмертный С. “Казахский фольклор и мифологические элементы”. – Алматы, 2017.
2. Лернер И. “Мифы в литературе: интерпретация и символизм”. – Санкт-Петербург, 2019.
3. Беспалько В. “Литературные образы и мифология”. – Москва: Просвещение, 2018.
4. Құлжанова Н. “Қазақ әдебиетіндегі мифтік бейнелер”. – Алматы: Фолиант, 2020.
5. Сейілханова А. “Миф және әдебиет: қазақ прозасындағы дәстүр”. – Нұр-Сұлтан, 2021.
6. Смирнова Е. “Фольклор и мифологические структуры в литературе”. – Екатеринбург, 2020.

ЯЗЫК КАК СРЕДСТВО ХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ

А.Ы. Сафаргалиева[1], А. Абугалиева[2]
[1]К.п.н., ассоц. Профессор; [2]Студентка Международной образовательной корпорации (КазГАСА), Алматы, Казахстан.

Культура представляет собой неотъемлемую часть человеческого бытия. Она структурирует общественную жизнь, передаётся от человека к человеку в процессе социализации, а также в ходе межкультурных взаимодействий. В рамках культурологических теорий особое значение неизменно придаётся языку как основному средству трансляции культурных ценностей. Язык отражает накопленные обществом знания о традициях, укоренившихся нормах и актуальных событиях. Через язык осуществляется сохранение и передача культурного опыта, что делает его ключевым элементом культурной идентичности [1]. Одним из наиболее выразительных компонентов языка является фразеология – подлинная сокровищница национального лингвистического наследия. Термин «фразеология» происходит от греческих слов phrasis – выражение, оборот речи, и logos – понятие, учение. Таким образом, фразеология представляет собой раздел лексикологии, изучающий устойчивые словосочетания и речевые обороты. Сами единицы называются фразеологизмами.

Фразеологизмом принято считать устойчивое словосочетание, состоящее из двух и более компонентов, которое функционирует как единое семантическое целое и характеризуется фиксированной грамматической структурой. Такие выражения употребляются в языке в готовом виде, не допускают замены компонентов и не подлежат свободному варьированию. Устойчивые словосочетания, называемые фразеологизмами, формируются в процессе исторического развития языка и фиксируют особенности народной жизни, менталитета, обычаев и мировоззрения. В них находит отражение дух народа, его историческая память и культурные коды. Фразеологизмы – это своеобразная «душа» культуры, передающаяся из поколения в поколение преимущественно в устной форме. Несмотря на то, что фразеологический фонд уступает лексическому по количеству единиц, он остаётся весьма обширным и насчитывает десятки тысяч выражений.

В языковых структурах находят выражение как актуальные социальные процессы, так и устойчивые культурные традиции. Язык это национальное наследие. Особый образ языка каждого народа отражается в его художественной литературе. Поэтому художественное произведение считается основным показателем национальной культуры. Образность и точность художественного слова, красоту языка раскрывают фразеологизмы. Фразеологизмам присущи следующие характерные свойства: 1. Воспроизводимость – фразеологизм не создаётся заново, а используется в речи как готовая, устоявшаяся языковая единица. 2.Целостность значения – смысл фразеологизма воспринимается как единое понятие, которое зачастую может быть заменено одним словом. 3. Устойчивость – фразеологизм состоит из фиксированных компонентов (слов), находящихся в строго определённой последовательности и тесно связанных между собой грамматически и семантически.

Фразеологизмы представляют собой устойчивые словосочетания, обладающие яркой образностью и выразительной силой. Благодаря своей метафоричности и эмоциональной насыщенности, они служат важным экспрессивным средством языка, придающим речи живость, выразительность и стилистическую окраску. Устойчивые обороты широко используются в художественной и публицистической речи в качестве готовых образных определений, сравнений, а также для передачи эмоционально-психологических характеристик персонажей, описания окружающей действительности, создания колоритных речевых портретов и выражения авторской оценки. Кроме того, фразеологизмы способствуют усилению коммуникативного воздействия текста, формируют культурно-национальную специфику высказывания и отражают менталитет носителей языка. Фразеология казахского языка отличается исключительным богатством и разнообразием как по составу, так и по

содержанию. Она представляет собой одну из наиболее выразительных и многогранных сфер национального языкового фонда, охватывающую значительную часть арсенала художественно-выразительных средств. Богатство казахской фразеологии определяется не только её объемом, но и глубиной смыслового наполнения, стилистической вариативностью, а также широким спектром структурно-семантических типов [2].

Казахская культура обладает богатым наследием, в котором ключевыми ценностями являются: Қонақжайлық (гостеприимство) – этическая норма, предполагающая уважительное отношение к любому гостю. Она сохраняется в семейных и общественных практиках, особенно во время праздников и обрядов. Ұрпақ сабақтастығы (преемственность поколений) – уважение к старшим, передача знаний и традиций через устную культуру, эпосы, пословицы и участие аксакалов в воспитании. Тіл мен дәстүрге адалдық (верность языку и традициям) – сохранение казахского языка, обрядов, национальной одежды, музыки и ремёсел. В условиях цифровизации это проявляется в создании казахоязычных платформ, блогов, подкастов. Ерлік пен намыс (мужество и честь) – идеалы, закреплённые в образах батыров, исторических личностей и литературных героев, формируют патриотическое воспитание. Туған жерге деген құрмет (уважение к родной земле) – экологическое и духовное отношение к природе, сакральным местам, родным аулым, что отражается в этнотуризме и культурных проектах.

Фразеологические единицы являются результатом длительного исторического развития языка и отражают многовековой опыт народа, его мировоззрение, культурные традиции и социальные реалии. В их содержании переплетаются как современные представления, так и архаические понятия, сохранившиеся в языке в виде реликтов и отголосков прошлого. Таким образом, фразеология выполняет не только коммуникативную, но и культурно-историческую функцию, выступая в роли своеобразного хранилища этнической памяти.

Язык, в том числе его фразеологическая система, служит важнейшим инструментом передачи мыслей, описания событий, выражения эмоциональных состояний и оценки действительности. Через устойчивые обороты человек способен не только осмысливать настоящее, но и обращаться к историческому опыту, а также моделировать образы будущего. Именно в этом заключается уникальная роль фразеологии как выразительного и концептуального компонента казахского языка. Об этом свидетельствуют следующие фразеологизмы, отражающие различные аспекты жизни, традиций, обычаев и обрядов казахского народа: Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама – выражение, обозначающее великое бедствие, неимоверные трудности и лишения. Оно возникло в результате трагических событий XVII века, когда казахский народ был вынужден покидать родные земли в период джунгарских нашествий. Күлтөбенің басында күнде жиын (кеңес) – букв. «на холме Культөбе каждый день собираются на совет». Фразеологизм указывает на частые собрания. Его происхождение связано с преданием о хане Тауке, который собирал казахов на холме Культөбе для обсуждения и составления «Жеті жарғы» – семи сводов справедливости. Кіндік кесіп, кір жуған жер . Букв.: земля, на которой родился и жил. Родная земля, родные места. Қайтейін өйтпей, кіндік кесіп, кір жуған жер ғой ол (Ә.Нұршайықов). Как же иначе, это мои родные места, я их люблю. Кер заман. Букв.: мрачная эпоха. Время. характеризующееся застоем, упадком, отсутствием какой-либо деятельности. Жеті ата. Родственные отношения у казахов учитывались в основном до седьмого колена. Об этом свидетельствует обширная терминология родства. распространявшаяся до седьмого поколения. Потомки жеті ата относятся к одному деду, и поэтому потомки семи дедов (колен) являются родственниками. Жеті ата, жетпіс пұшты – букв. семь предков, семьдесят поколений. Далекие предки. Суть фразеологизма заключается в необходимости знать родословную, проявить заботу обо всех родичах. Ұрын келу, ұрын бару (устар.) – так назывался первый официальный визит жениха в аул к засватанной невесте. Для будущих супругов это могла быть первая встреча, которая имела большое значение в их дальнейшей судьбе. Үкі тағар – букв. приколовший перья филина. Так назывался обычай преподносить подарки родителям невесты, означавший, что девушка засватана. Считалось, что укі должен оберегать невесту от дурного глаза и порчи. Как защиту от черной силы использовали пучки перьев филина, ими украшали девичьи косы,

девичьи шапки, их пришивали к пологу кровати новобрачной и ее тускиизу, к пологу колыбели новорожденного. Вероятно, этот обычай связан с осмыслением филина как птицы, бодрствующей ночью и охраняющей людей от злых духов, действующих в ночной тьме.

Фразеологизмы существуют на протяжении всей истории языка. Их возникновение тесно связано с жизнью народа, его бытом, историческими событиями и культурным развитием. Особый интерес представляют фразеологизмы, отражающие традиции, обычаи и повседневную жизнь казахского народа. Яркими примерами таких выражений могут служить: 1) фразеологизмы, связанные с бытом и традициями, например, «Қой аузынан шөп алмас» – «овца не сорвёт травинку изо рта»; характеризует человека как кроткого, миролюбивого. «Аттан түспеу» – «не слезать с коня»; означает быть постоянно занятым, не отдыхать, находиться в непрерывной деятельности. 2) Фразеологизмы, отражающие умственные и моральные качества, например, «Ақыл қосу» – «добавить разум»; означает дать мудрый совет, внести рациональное предложение. «Жүрегі тас» – «сердце каменное»; описывает жестокого, бессердечного человека. «Көңілі кең» – «душа широкая»; характеризует доброго, щедрого человека. 3) Фразеологизмы, связанные с эмоциями и поведением, например, «Құлағы елең ету» – «ухо насторожилось»; означает проявить интерес, внимание к чему-либо. «Жүзінен күлкі кетпеу» – «улыбка не покидает лицо»; описывает человека как постоянно радостного, доброжелательного. 4) Фразеологизмы, связанные с кочевым образом жизни и природой, например, «Ат жалын тартып міну» – «взяться за гриву коня и сесть»; метафора начала взрослой, самостоятельной жизни. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» – «время, когда жаворонок на овце кладёт яйцо»; образ идеального, мирного времени, символ гармонии и благополучия. Фразеологизмы не только украшают речь, но и служат важным инструментом сохранения культурной памяти. Их изучение позволяет глубже понять национальные особенности казахского народа, его ценности и образ мышления.

В условиях глобализации национальные ценности, включая казахские культурные ориентиры, оказываются в сложном диалоге с универсальными мировыми тенденциями. Несмотря на вызовы, связанные с культурной стандартизацией, цифровизацией и миграцией, казахские ценности сохраняют свою актуальность как основа идентичности, воспитания и общественного сплочения. Их сохранение требует системного подхода, включающего образовательные, культурные и цифровые стратегии, направленные на интеграцию традиций в современный контекст [3]. Гармоничное сосуществование национального и глобального возможно при условии уважения к культурному многообразию, поддержки молодежных инициатив и развития межкультурного диалога. Казахская культура, обладающая богатым наследием, способна не только сохраняться, но и активно развиваться, внося вклад в глобальное культурное пространство.

Список литературы:

1. Сафаргалиева А.Ы., Абзикирова, А. М. Язык как инструмент культуры // Глобальная наука и инновация 2023: Центральная Азия. Серия «Педагогические науки». – 2024. – № 3(21). – С. 46–50.

2. Кожахметова Х.К., Жайсакова Р.Е., Кожахметова Ш.О. Казахско-русский фразеологический словарь. – А.: Мектеп, 1988. – 224 с.

3. Абдильдина С. К. Национальные ценности в контексте глобализации // Вестник КазНУ. Серия философская. – 2021. – №2(78). – С. 45–52.

«БЕРУ» ЕТІСТІГІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ («ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ» НЕГІЗІНДЕ)

Тоқтасынова Д.Ғ.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2-курс магистранты. Ғылыми жетекші: филол.ғ.д. Г.О. Сыздықова. Астана, Қазақстан.

Қорқыт – мәңгілікті іздеудің символы. Кітаптағы Қорқыт бейнесі өмір мен өлім, адамгершілік, рухани құндылықтар жайлы терең философиялық ойларды қамтиды. Осы

тұжырымдар бүгінгі тұлғалық және қоғамдық құндылықтарды қайта қарастыруда да маңызды. Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой» [1, 24 -б.]. Демек бүгінгінің талабына сай қазақ тілін зерттеу мен оны оқытуды цифрландырылу үрдісіне ілесе отырып, көпшіліктің назарына сапалы ұсынуды талап ететін кезге жеттік. Бұл мақсатымызға Қорқыт сынды құндылық пен тәрбиенің қайнар көзі берілген тұлға арқылы, әрі оның жазған шығармасы арқылы жетуге болады.

Етістік дегеніміз – заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер [2, 142-б.]. Етістіктің семантикалық өрісін зерттеу арқылы тілдің құрылымы мен заңдылықтарын, сөйлеушілердің белгілі бір әрекеттерді қалай сипаттайтынын және олардың контекстке байланысты өзгеруін түсінуге болады. Негізінен, етістіктердің семантикалық өрісі адамның ойлау жүйесімен тікелей байланысты. Олар белгілі бір әрекеттерді немесе үдерістерді қалай қабылдайтынымызды көрсетеді. Бұл зерттеу адамның әлемді тануындағы негізгі түсініктер мен әрекет модельдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Етістіктердің семантикалық өрісі мәтіндегі мағыналық үйлесімділікті талдау үшін қажет. Бұл мәтіннің негізгі идеясын, логикалық байланыстарын және прагматикалық әсерін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар көркем шығармадағы етістіктерді зерттеу автордың стилін немесе белгілі бір кезеңнің тілдік ерекшеліктерін талдауға жол ашады.

Етістіктердің семантикалық өрісін зерттеу әуелі екінші тілді меңгеру үдерісінде аса маңызды. Бұл тіл үйренушілерге етістіктердің мағыналық реңктерін, тіркесу мүмкіндіктерін және қолданылу аясын дұрыс түсінуге көмектеседі. Екіншіден, етістіктердің семантикалық өрісін зерттеу әртүрлі тілдердегі мағыналық сәйкестіктер мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл аударма ісінде дәлдік пен баламалылықты қамтамасыз ету үшін маңызды.

Зерттеу әдістері. “Беру” етістігінің семантикалық өрісін талдау және эпикалық мәтіндегі прагматикалық рөлін айқындау үшін лексика-семантикалық талдау, мультимодальді оқыту, ойын арқылы оқыту, дидактикалық оқыту, бақылау, салыстыру және т.с.с. әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талқылау және нәтижелер. Соңғы зерттеулерге сүйенсек, “Қорқыт ата кітабы” сияқты эпикалық мәтіндерді корпус негізді және жүйелік-функционалдық тұрғыдан талдау тілдік бірліктердің мәдени-құндылықтық қызметін дәл айқындауға мүмкіндік беретінін көрсетеді [3-4].

Жалпы «беру» етістігінің семантикалық өрісін білім алушыларға құндылық бағдар арқылы меңгертуде (LS) Lesson study-ден гөрі Action Research-ке (AR), яғни сабақты зерттеу шеберханасына айналдыруға көбірек назар аударылды.

Сабақтың құрылымы білім алушылардың танымдық белсенділігін кезең-кезеңімен дамытуға бағытталды. Атап айтқанда: *білу, түсіну, қолдану, талдау және бағалау* кезеңдері.

Алғашқы **білу кезеңінде** студенттердің назарын сабақтың өзегіне шоғырландыру мақсатында **«Тарсия» әдісі** мен **TED Talk форматындағы қысқа мотивациялық бейнематериал** қолданылды. Мультимодальді оқыту бойынша 2024–2025 жылдары металшолулар мен библиометрикалық зерттеулер жоғары білімде бейне, мәтін, дыбыс және қимылды ұштастыра түсінуді тереңдетіп, назарды тұрақтандыратынын көрсетеді. Сондықтан TED тәрізді қысқа бейне мен «Тарсия» секілді кинестетикалық әдістерді ұштастыру танымдық кіріспені күшейтеді [4].

Бұл кезеңде қатысушылар «беру» ұғымының мәдени және тілдік астарын жалпы түсінік деңгейінде қабылдады. Эпикалық мәтіндегі әрекет пен қарым-қатынас жүйесі «беру» етістігінің қатысында қарастырылатыны алдын ала ескертіліп, студенттерді тақырыптың әлеуметтік және философиялық мәнін сезінуге жетеледі.

Түркі және түркілік ортадағы мәтіндерді қазіргі цифрлық/корпустық тәсілмен талдау тарихи контекстегі етістіктердің көпқабатты семантикасын (материалдық → «зат беру», әлеуметтік → «сөз/билік беру», рухани → «бата беру») айқындауға мүмкіндік беретіні

дәлелденген; осындай жіктеу эпикалық мәтіндегі қарым-қатынас нормаларын жүйелі түсіндіруге жағдай жасайды [5].

Келесі **түсіну кезеңінде** білім алушыларға «Қорқыт ата кітабының» **«Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыры»** беріліп, мәтіндегі “беру” етістігінің әртүрлі қолданыстарын табу тапсырылды (1-кесте).

Амандасу, қоштасу етістіктері	сәлем беру	беру
Бастыру, бағындыру етістіктері	бұйрық беру	беру
	қыра беру	беру
Құрметтеу, қадірлеу етістіктері	қонақ асын беру	беру
	ант беру	беру
	қарындасын беру	беру
	қызын беру	беру
	алтын-күміс беру	беру
	өгізге берермін бе?	беру
	өзімнің бектігімді беремін	беру
	жеті қарындасын берді	беру
	ақ батамды бермекшімін	беру
	айғырға бермес едім	беру/бермеу

1-кесте. Білім алушылардың «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырынан» тапқан «беру» етістіктері.

Бұл жұмыс барысында студенттер етістіктің материалдық, рухани және әлеуметтік мағыналық қырларын ажыратып, контекстке байланысты семантикалық реңктерін анықтады. Мысалы, «бата беру», «қызын беру», «сөз беру», «қаруын беру» сияқты тіркестердің әрқайсысы түркі мәдениетінің өзегін құрайтын моральдық-этикалық қатынастарды бейнелейтіні талқыланды. **Аталған етістікті тәжірибеде қолдану кезеңінде** студенттер мәтіннен табылған деректер негізінде **“беру” етістігінің семантикалық** mind map **картасын** жасады (1-сурет).



1-сурет. Магистрант-студенттердің «беру» етістіктерін визуалды түрде картаға түсіруі.

Жоғарыдағы (1-сурет) визуалдық картада “беру” етістігінің семантикалық өрісі бірнеше бағытта құрылды: 1. Материалдық: зат/мүлік беру, қару беру, сый беру, үлес беру. 2. Рухани-этикалық: бата беру, тілек беру, кешірім беру, қайрат/рух беру. 3. Әлеуметтік-институционалдық: сөз беру, билік/мансап беру, құқық/рұқсат беру. 4. Отбасылық-некелік: қызыңды беру (некеге), мұра/енші беру, қалыңдыққа рұқсат беру. 5. Коммуникативтік-дискурстық: уәде/ант беру, тапсырма/бұйрық беру, жауап беру. 6. Метафоралық-когнитивтік: ат беру (атау беру), мән-мағына беру, жүрегін беру. 7. Ритуалдық-этикеттік: орын беру (оң жаққа отырғызу), құрмет/ізет беру. 8. Экономикалық-қаржы: садақа беру, сый-сияпат беру,

жомарттық үлесі. Бұл тапсырма білім алушылардың ойлау әрекетін визуалды түрде ұйымдастырып, «беру» етістігінің мағыналары арасындағы байланысты жүйелі модель ретінде ұсынуға мүмкіндік берді. Осылайша, студенттер етістіктің көпқабатты табиғатын танумен қатар оның мәдени қызметін бейнелі түрде көрсетті. Семантикалық өрісті визуалды түрде картаға түсіру (mind map) көпарналы өңдеуді іске қосып, ұғымаралық байланыстарды тез көрнекілеуге мүмкіндік береді; мұндай визуалдау студенттердің мағыналық кластерлерді (мысалы, «беру» етістігінің рухани/әлеуметтік/материалдық тармақтары) тұрақтырақ есте сақтауына ықпал етеді. Жақында жасалған көпсалалы мультимодаль зерттеулер де дәл осындай визуал-когнитивтік артықшылықты көрсетеді [6].

Талдау кезеңінде "Әткеншек" әдісі қолданылып, білім алушылардың әрқайсысы "беру" етістігінің қолданысын нақты сөйлем немесе мысал негізінде сипаттап, кейін өз мәтінін топтағы келесі қатысушыға ұсынды. Осы әдіс арқылы сабақ жүйесі сақталып, бір идеяның түрлі интерпретацияда дамуы қамтамасыз етілді. Нәтижесінде студенттер "беру" етістігінің семантикалық өрісін ұжымдық талдау арқылы қалыптастырып, эпикалық мәтіндегі етістіктің мағыналық жүйесін біртұтас үлгіге айналдырды. "Беру" әрекетінің тілдік, этикалық және әлеуметтік мағынасы қарсы пікірлер арқылы ашылып, дебат түрінде білім алушылардың сыни және рефлексиялық ойлау қабілеттері жетілдірілді. Сабақтың соңғы **бағалау кезеңінде** студенттер "Тыңшы" әдісі арқылы өзара білімін бекітіп, сабақтың мазмұнын қаншалықты меңгергенін ойын формасында көрсетті. Рефлексия барысында қатысушылар "беру" етістігінің эпикалық мәтіндегі және қазіргі тілдік қолданыстағы мәнін салыстырып, сабақтың өздеріне берген әсерін жазбаша түрде білдірді. Осылайша сабақтың барлық кезеңі өзара сабақтасып, студенттердің "беру" ұғымын тілдік, мәдени және дүниетанымдық тұрғыдан терең түсінуіне бағытталды. "Қорқыт ата кітабындағы" "беру" етістігі түркі дүниетанымындағы адам мен қоғам қатынасының символдық кілті болып табылады. Оны эпикалық мәтін негізінде оқыту студентке тек грамматикалық құрылымды емес, мәдени код пен рухани құндылықты ұғынуға жол ашады.

Қорытынды. Оқыту тәжірибесі көрсеткендей, бір ғана "беру" етістігі арқылы студент: тілдің көпқабатты семантикалық табиғатын; эпостағы этикалық нормаларды; құндылық бағдарлы білімнің мәнін түсіне алды. Демек, "беру" етістігінің семантикалық өрісін құндылық бағдарлы оқыту эпикалық мәтін арқылы ұлттық дүниетанымды тілдік тұрғыда жаңғыртудың тиімді әдісі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. 1922. Орынбор./Алматы: «Marfu Press» баспасы. – 2024. 208 б.
2. Байтұрсынұлы А. Он екі томдық шығармалар жинағы.Төртінші том. Тіл–құрал. 2022. – 384 б.
3. Kdyraliyeva, Z., et al. "Role of Characters as Teachers in The Book of Dede Korkut: AI-Assisted Content Analysis." Educational Process: International Journal, 2025.
4. Malik, H. A., & Sarfraz, S. "Decoding the Book of Dede Korkut using Fuzzy Logic and SFL." Journal of Humanities & Social Sciences, 2025.
5. Guo, X., et al. "Advancing multimodal teaching: a bibliometric and content analysis." Humanities & Social Sciences Communications (Nature), 2024.
6. Rahmanu, I. W. E. D., et al. "Multimodal immersion in language learning: evidence synthesis." Heliyon, 2024.

KAZAK DILINDEKI DUYGUSAL SÖZDIZIMI: ULUSAL DÜNYA GÖRÜŞÜ VE DILSEL KIŞILIK OLUŞTURMADAKI ROLÜ

N.K. Turgumbaeva[1], Süer Eker[2]

[1] L. N. Gumİlev Avrasya Ulusal Üniversitesi, Astana, Kazakistan. [2] Department of Turkish Language and Literature, Başkent University, Ankara, Turkey.

Günümüz eğitim sisteminde derslerin değer odaklı öğretilmesi ilkesi başlıca öncelik haline gelmiştir. Dil ve edebiyat derslerinde ulusal, dilsel ve kültürel değerlerin yüceltilmesi, yetişen neslin

millî bilincini oluşturmanın temelidir. Öğrencilerin değerleri kuru bir bilgi olarak değil, öncelikle kalpten hissedip akıl süzgecinden geçirmeleri önemlidir. Araştırmacıların değerlendirmesine göre, değerleri duygu yoluyla benimseyip akıl yoluyla anlamak mümkündür; bunun sonucunda birey değeri özümseyerek ona uygun davranır [1]. Dolayısıyla, öğrencinin benliğinde ulusal değerleri güçlendirmek için öğretim sürecine duygu durumunu da katmak gerekir. Bu açıdan bakıldığında, dildeki duyguyu iletme araçlarının öğretilmesi – değere dayalı eğitimin önemli bir yönünü oluşturur.

Duyguyu dil aracılığıyla etkili biçimde aktarma yöntemi, özellikle Kazak dili ve edebiyatı derslerinde ayrı bir önem taşır. Çünkü edebî söz sanatında ve halkın dil hazinesinde, ulusal dünya görüşü-ve kültürel-bilişsel değerler, duygusal tonlu söz örnekleri aracılığıyla saklanmıştır. Konuşma esnasında, sevinç ve hüzün, hoşnutsuzluk ve memnuniyet gibi pek çok duygu dilsel araçlar vasıtasıyla ifade edilir. Duygusal içeriği ifade eden sözdizimsel yapıların bütününe genel olarak "duygusal sözdizimi" denir. **Duygusal sözdizimi**, konuşanın duygu durumunu özgün dilbilgisel yöntemlerle etkili bir biçimde iletmesini sağlayan araçlar bütünüdür. Bu olgunun bilimsel bakımdan bağımsız bir araştırma nesnesi olarak ele alınmaya başlanıp bilişsel, edimbilimsel ve dil-kültürel açılardan incelenmeye başladığı gözlemlenmektedir [2] Araştırmamızın önemi de, bu duygusal sözdizimi olgusunu ulusal değerleri kazandırma, ulusal dilsel kişiliği oluşturma ve değere dayalı iletişimsel eylem perspektiflerinden analiz etmemizle belirginleşmektedir.

Ана Bölüm

Kuramsal Temel: Duygusal sözdizimi kavramı ve işlevi

Duygusal sözdizimi kavramını doğru anlayabilmek için, onu geleneksel mantıksal sözdizimden farklı yönleriyle ele almak önemlidir. Bilim insanlarının belirttiğine göre, duygusal sözdizimi, şartlı olarak "duygu ifade eden sözdizim" şeklinde, "düşünce ifade eden sözdizim" sayılan mantıksal sözdizime karşıt olarak ele alınır [2]. Mantıksal sözdizim, cümle yapısını olağan ve nötr biçimde kurarak düşünceyi sistemli bir muhakemeye dayandırırken, duygusal sözdizimi ise bunun aksine standart dışı yapılar aracılığıyla duygusal etkiyi güçlendirmeyi hedefler. Başka bir deyişle, mantıksal sözdizim kuralcı, durağan ve duygusal açıdan nötr bir niteliğe sahipken, duygusal sözdizimin görevi ise öncelikle imgesel düşünceyi ve hayal gücünü harekete geçirmektir.

Duygusal sözdizimin temel işlevi, zihindeki duygusal alanı dilin bilişsel-iletişimsel süreçlerine dahil etmektir. Yani, bilgiyi algılayıp anlama sürecinde ona duygusal bir ton katılır, nesnel durum duygu aracılığıyla yeniden değerlendirilir. Sonuç olarak, olağan dilbilgisel yapıların düzeni bozulur ve cümlenin geleneksel yapısı değişime uğrar. Bu durum, ifadenin duygusal olarak işlenip sunulmasından anlaşılır. Tanınmış Fransız dilbilimci **Charles Bally**, dilbilgisi çerçevesinde duyguyu ifade etmeye muktedir kategorilerin geniş ve derin bir alanı bulunduğunu çok önceden belirtmiştir [3,4]. Demek ki dil sisteminde, duyguyu ifade etmek için dilbilgisel düzeyde kullanılan kendine özgü yöntemler oluşmuştur.

Bilimsel yazında, *emosyonellik* (duygusallık) kategorisi, dilbilimde dilsel ve psikodilbilimsel bir olgu olarak uzun süredir kapsamlı biçimde incelenmektedir. V. İ. Şahovskiy gibi araştırmacılar, dildeki duygu tezahürlerini etraflıca inceleyerek bunları iletişimsel edimi etkileyen önemli bir bileşen olarak değerlendirmektedirler [5]. Duygusal sözdizimi kavramının bilimsel dolaşıma sokulması ve özelliklerinin sistemleştirilmesinde **O. A. Turbina**'nın çalışması önemli bir yer tutmaktadır. Turbina, duygusal sözdizimin başlı başına bir sözdizimsel yapılar sistemi olduğunu ve duygusallık potansiyelinin, cümlenin özgün yapısal-içeriksel türleri aracılığıyla gerçekleştiğini ortaya koymaktadır [3] Yani her dilde, duyguyu iletmek amacıyla olağan sözdizim kalıplarının dönüşümü sonucunda ortaya çıkan etkili yapılar vardır. Kazak dilbiliminde de son yıllarda bu yönde araştırmalar yapılarak duygusal kategorilerin ulusal dil sistemindeki görünümü analiz edilmektedir [8,9,10].

Ulusal Dünya Görüşü ve Dilsel Kişilik Oluşumundaki Önemi

Dilsel birimlerin duygusal yönü, o halkın ulusal dünya görüşüyle yakından ilişkilidir. Zira herhangi bir duygunun dilde söze dökülme biçimi, çoğunlukla o ulusun kültürel deneyimine ve dünyayı algılama özelliğine dayanır. Örneğin, Kazak halkının günlük yaşamında ve geleneklerinde yerleşmiş kavramlar, duygusal söz ifadelerinde karşılığını bulmuştur. Mutlu veya memnun olunduğunda söylenen **"Elhamdülillah!"** *(tövbe, tövbe!)* ya da ani bir tehlike belirdiğinde söylenen **"Allah korusun!"** *(Kuday saktasın!)* gibi duygusal ifadeler, halkın dinî dünya görüşü ve

inançlarından kaynaklanır. Bunun gibi, hayret veya üzüntü duygularını ifade etmek için sıkça kullanılan **"Aman Allah'ım!"** *(O, toba!)* şeklindeki ünlemsi cümle de ulusal bir niteliğe sahiptir – bu, Kazakça konuşma geleneğinde yerleşmiş bir şaşkınlık ifade etme yoludur. Duygusal sözdizim kategorileri çoğunlukla bu tür dil-kültür birimleriyle bağlantılıdır. Duygusal cümleler, belli bir duruma ilişkin halkın değerlendirmesini ve duygusunu dilsel biçimde yansıtmakla kalmayıp, o duygu aracılığıyla kültürel açıdan anlamlı bilgiyi de iletir.

Bir dil öğrenen için amaç, yalnızca sözcüğün doğrudan anlamını kavramak değil, onun duygusal arka planını ve kültürel çağrışımını da fark etmektir. Bu bağlamda *dilsel kişilik* kavramına değinecek olursak, bilimsel literatürde ulusal dilsel kişilik; ulusal dil ortamında, ulusal değerler çerçevesinde yetişmiş, ulusal ruhu ve dili tam anlamıyla özümsemiş, tüm ulusal kimliği benliğinde barındıran birey olarak tanımlanır [13]. Öyleyse, gerçek bir ulusal dilsel kişilik oluşturmak için öğrenciye yalnızca edebî normları değil, aynı zamanda o dilin duygusal-ifadî yönlerini de öğretmek gereklidir. Duygusal sözdizimini kavramak suretiyle öğrenci, dilin kültürel-bilişsel tonunu ve ulusal motiflerini hissetmeye başlar. Örneğin, günlük konuşmada kimi kırgınlık ve hoşnutsuzluğu üstü kapalı iletmek için **"Serseri herif!"** *(kangıgan neme!)* gibi kısa bir cümle kullanılır – burada öfke duygusu kaba bir söz kullanılmaksızın, imalı bir şekilde aktarılmaktadır. Benzer şekilde **"Soyun büyüsün!"** *(örkenin öskir!)* ifadesi de sözlük anlamı itibarıyla iyi bir dileği ifade ettiği hâlde, belirli bir bağlamda beddua olarak kullanılarak olumsuz bir duyguyu yansıtır. Bu tarz ulusal değere sahip duygusal ifadelerin öğretilmesi, öğrencilerin dilsel-kültürel yeterliğini artırır ve ana dilinin betimleyiciliğini derinden kavramalarına imkân sağlar.

Değere dayalı öğretim bağlamında duygusal sözdizimini ele almanın bir diğer yönü de onun iletişim becerileri ve duygusal zekânın geliştirilmesine katkısıdır. Dil aracılığıyla duyguyu doğru aktarabilmek ve aynı şekilde başkalarının duygusal tonlu sözünü anlayabilmek, iletişimde son derece önemli bir kültürel ve insani değerdir. Öğrenciye bir karakterin ruh hâlini, yazarın duygusal iletisini açıklamak suretiyle, onu merhamet, empati ve duygusal kültür gibi değerlere yönlendirmiş oluruz. Örneğin, edebî bir metinden bir parçayı tahlil ettirip oradaki karakterlerin söz biçimlerinden hangi ruh hâlinin sezildiğini ve bunu ifade etmedeki dilsel yöntemleri incelettirmek, öğrencinin hem dilsel hem de manevi düzeyde gelişimine katkı sağlar. Öğretmen, duygusal cümle türlerini ve işlevlerini öğreterek öğrencileri değere dayalı iletişime yönlendirir: yani sözü sadece anlam içeriği bakımından değil, duygulara etkisini de dikkate alarak etik biçimde konuşmayı öğretir.

Pratik Analiz ve Örnekler

Araştırmamızda, Kazak dilindeki duygusal sözdizimsel yapıların özelliklerini belirlemek için edebî metinlerden ve günlük konuşma dilinden birçok örnek incelendi. Sonuçta, duyguyu aktarmanın çok çeşitli dilbilgisel yöntemleri olduğu ortaya konuldu. Duygusal cümleler, ifade tamlığı açısından çeşitli gruplara ayrılarak incelendi. Örneğin, **isim cümleleri** (öznesiz cümleler) duyguyu ifade etmenin önemli araçlarından biri olarak belirlendi. İsim cümlelerinin duygusal türleri, bildirim yapmak için değil, duygusal bir etki bırakmak amacıyla kullanılır. Məsələn: **"Yağmur!"** *(Jangbır!)* şeklinde tek sözcükten oluşan bir cümleyi ele alalım. Bağlama göre, bu sözcük basit bir haber (yağmurun yağdığını belirtmek) değil, belki de bir hayret veya üzüntü duygusunu ifade edebilir (yağmakta olan yağmurla ilgili konuşurun ruh hâli). Yani dilbilgisel olarak tam cümle "Yağmur yağıyor" şeklinde söylenmeyip, yalnızca "Yağmur!" diye ifadeye kısaltılmıştır. Bu, duygusal sözdizime özgü **kısaltma (redüksiyon)** yöntemiyle oluşturulmuş duygulu bir cümlenin örneklerinden biridir. Benzer şekilde, **"Sessizlik!"** *(Tınıştık!)* cümlesi dış yapısı bakımından bir isimden oluştuğu hâlde, emir anlamlı duygusal bir çağrıyı belirtir (anlamı: sessiz olun). Bu durumda isim biçimi fiilin işlevini üstlenerek dilbilgisel normu atlamaktadır. Burada **dönüştürme (transpozisyon)** yöntemi söz konusudur: sözcüğün kategorik işlevi yer değiştirerek kullanıldığı için cümle alışılmadık ve etkileyici bir hâl almaktadır [2].

Kazak edebî eserlerinden alınan örnekler, duygusal yapıların ne denli sık ve ustalıkla kullanıldığını göstermektedir. Örneğin I.B.Bulegenova ve G.K Kenzhetaeva'nın araştırmasında İngiliz dilindeki duygusal anlamlı sözdizimsel teknikler incelenmişse de[8], bizim derlediğimiz materyaller Kazak edebiyatındaki benzer bir olguyu açıkça ortaya koymuştur. **B. Maylin**'in bir öyküsünde, öfke ve kırgınlık içindeki bir karakterin sözü sıradışı bir sözdizimsel yapıyla

verilmiştir: **“Okumaz olaydın! Gözleri açık ya, yol gösterir sanmıştım…”** *(Oqımay ketkir! Közi aşıq qoy, jön silteydi ğoy desem…)* cümlesinde ilk parça, tek başına beddua anlamlı duygusal bir yapı olarak durmaktadır. Burada **parçalama (parselasyon)** yöntemi kullanılmış; cümle bölünerek sunulmuş ve ilk parça etkili bir beddua anlamı kazanmıştır. Bu gibi örnekler, duygusal sözdizim araçlarının Kazak dilinde ne denli yaygın olduğunu göstermektedir[2]. Hatta günlük konuşma dilinde bile beklenmedik bir duruma uygun olarak söz dizimini değiştirerek konuşmak – dilsel alışkanlığın bir türüdür. Duygu etkisiyle konuşma sırasında normal sözdizim kalıbından saparak etkileyici ifadelerin ortaya çıkması, Kazak konuşma kültüründe eskiden beri var olan bir olgudur.

Sonuç

Kazak dilindeki duygusal sözdizimi olgusu, dilin anlatım gücünü gösteren son derece önemli bir unsurdur. Duygusal yapılar aracılığıyla konuşurun ulusal dünyagörüşü ve duygu temelli değerlendirmesi dilsel biçimde yansıtılır. Bu nedenle, onun incelenmesinden elde edilen bulgular sadece kuramsal bir yenilik olmakla kalmaz, aynı zamanda pratik açıdan da değerlidir. Özellikle, değer odaklı öğretim sürecinde duygusal cümlelere önem vermek – öğrencilerin dilsel yeterliğini yeni bir düzeye yükseltir. Öğrenciler, dilin duygusal yönünü kavrayarak iletişimde onun kültürel etkisini etkin biçimde kullanmayı öğrenirler. Duygusal sözdizime özgü alışılmadık yapıları kullanmak, bir yandan öğrencilerin yaratıcı dilsel düşünmelerini geliştirirken, diğer yandan ana diline duydukları saygıyı artırır ve ulusal söz söyleme sanatından örnek almalarına imkân sağlar.

Araştırma sırasında, Kazak dilindeki duygusal sözdizim birimlerinin henüz tam olarak sistemleştirilmediği ve bazı yönlerin daha derinlemesine incelemeye ihtiyaç duyduğu belirlendi [2]. Gelecekte, duygusal sözdizimi meselesini ulusal dünya görüşü, kültürlerarası iletişim ve eğitim yöntembilimi kesişiminde bütüncül bir şekilde araştırmak önemli olacaktır. Bu yöndeki araştırmaların, Kazak dilbilimini yeni bir düzeye yükselteceği ve onun sözdizimsel yapılarını açıklama yöntemlerini zenginleştirmeye imkân tanıyacağı şüphesizdir. philology-vestnik.buketov.edu.kz. Belirtmek gerekir ki, söz konusu çalışma «Kazak Dili ve Edebiyatını Değer Odaklı Öğretmenin Yenilikçi Teknolojisi» adlı bilimsel proje kapsamında gerçekleştirilmiştir. Araştırma sonuçları, ulusal dilin duyguyu iletme sistemini derinlemesine anlamaya imkân sağlayarak, değer odaklı eğitim alanında bu birikimin etkili uygulanabileceğini göstermektedir.

Kaynakça

1. Ulusal değerlere dayalı eğitim metodolojisinin güncellenmesi: konuyla ilgili Cumhuriyetçi bilimsel ve pratik çevrimiçi konferansın özeti / derleyen G. S. Kalenova, - Atyrau, 2020, - 510 s.
2. Turgumbaeva N. K., Ospanova D. J., Kapantaykızı Sh. Dilsel bir fenomen olarak duygusallık kategorisi: duygusal durumu aktarmanın sözdizimsel araçları \\ Karaganda Üniversitesi Bülteni. Filoloji Serisi. —2025. —30-т., 3(119)- sayı —148-161б.б.—ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127
3. Türbina O.A. Duygusal sözdiziminin doğası ve kategorileri. – ЮУрГУ Haberci. Dizilerin dilbilimi, 10(2), 2013, 4–9 бб.sciup.orgsciup.org.
4. Balli Ş. Genel Dilbilim ve Fransızca ile ilgili konular. Moskova, 1955.–416 s.
5. Shakhovsky V.I. Dilbilimsel duygu teorisi: monografi. – Moskova: Gnosis, 2008. – 414 s.
6. Kazakça dilbilgisi: Sözdizimi. – Astana: KRBBA, 2002. – 784 s.
7. Yakupov Z.A. Bağlamsal sözdizimi. – Nur-Sultan: AMU, 2021. – 284 s.
8. Bulegenova I.B., Kenzhetaeva G.K. Duygusal birimleri metinde aktarmanın yolları. – Toraygırov Üniversitesi Bülteni (Filoloji Serisi), 2021(3), 6–14 ss.
9. Ospanova D.Z. Л LIngvokültürel alanda duygusallık: dilsel etki ve yeterlilik: Doktora diss. - Astana: AMU, 2024. – 195 s.
10. Turgumbayeva N. K., Kapantayevna Ş. Kazak dilbiliminde duygusal kategorilerin incelenmesi. – 21. yüzyılda Bilim ve Eğitim: Sürdürülebilir kalkınmada zorluklar ve eğilimler. Uluslararası Kongre Bildirileri, 25–27 Eylül 2024 yıl– Oskemen, 2024. – 72–78 ss.philology-vestnik.buketov.edu.kz.
11. Trotzke A. Non-Canonical Questions. – Oxford: Oxford University Press, 2023. – 214 p. (English)
12. Bogoyavlenskaya Yu.V., Chudinov A.P. Sanatsal ve gazetecilik söyleminde metaforların ayrıştırılması ve etkileşimi, – Dil ve Kültür, 2018(41), 24–39 ss. philology-vestnik.buketov.edu.kz.
13. Akademisyen U. Aitbayevich ve devlet dilinin sorunları. Uluslararası. bilimlerin.- Theor. conf. malzemeler / Comp.: S. Kulmanov. - Almatı: Dilbilim Enstitüsü. A. Baytursynova, 2016. – 440 s.

Қ.А.ЯСАУИДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

Ускенбаева Г.А.

М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Елімізде егемендіктің жылы лебі ескен шақта Қ.А.Ясауи шығармаларына, тағылымына оның мұраларындағы ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтарын игерудің педагогикалық әдістемелік нысаны туралы молырақ көңіл аударып, зер салуға мүмкіндік алып отырмыз. Бүгінде Қ.А.Ясауи ілімінің мәні, маңызы мен ерекшелігін айқындау - тарихымыздың өткені мен бүгіні арасындағы арналар сабақтастығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Ясауи дүниетанымы адамды ішкі еркіндікке жетелейтін ар түзейтін ілім. Ясауи ілімі - моральдық практикалық маңызы тұрғысынан бүгінгі ғылым мен технология, ақпарат дәуірінде отырып, өзінің ішкі әлемінен хабарсыз қалған, имандылық пен арды ойлауға қабілетсіз, жаппай нәпсіқұмарлық жайлаған қоғамның әлеуметтік індетінің емі екендігі даусыз. Осы мәселелерде өзімізге жаңаша сын көзбен қарау тұрғысынан Ясауи ілімін зерттеу, әрі уақыт талабы, ар- ожданымыздың үніне айналды.

Қожа Ахмет Ясауи - күнделікті өмірде болып жатқан әрбір саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени мәні бар мәселелер жөнінде жиі толғанатын әрдайым өзі өмір сүрген кезеңнің іргелі, келелі жайттарын тереңнен тербеп, жалпы жұрттың, қалың қауымның назарына шығарып отыратын, оның рухани-адамгершілік, мағнауи мұраларында қамтылған тақырыптар сан-алуан. Сондай өзекті мәселелердің бірі -оқу-тәрбие тақырыбы. Ғұлама ғалым бүкіл елінің, туған халқының рухани-адамгершілік, мағнауи мәдениетінің оқыту мен тәрбиелеу ісінің мәні мен маңызы зор екендігін терең сезінген. Сондықтан да оның бар саналы ғұмырында, жалпы шығармашылығында оқу-тәрбие жұмысы жөнінде пайымдаулар, тәлімдік-тәрбиелік, рухани-адамгершілік, мағнауи мұраларындағы ой-пікірлерді ерекше орында тұрады десек қателеспейміз. Сол арқылы ғұлама ғалым ұлттық педагогика мен психология ғалымдарының салаларына баға жетпес үлес қосқаны сезсіз. Ол күнделікті өмірдің өзінде оқу-білім, халықты сауатттандыру, көкірек кезін ашу ар түзейтін (хал) ілімін қалыптастыру жөнінде көптеген құнды ойлар айтып, осы игілікті іске өзі де белсене араласып отырды. Оның айтуынша «...ең ауыр майдан надандықпен, нәпсімен күресі майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп...».

Қаламгер ғұлама ғалым қараңғылықтан халықтың көзін ашудың қаншалықты қиын екеніне ашық, әрі дәл деп басып айтқан. Мұның бәрі хикмет шумақтарында келтірілген. Әрине ол аумалы-төкпелі заманда елдің жағдайының тұрмыстары ауыр болғаны белгілі. Баршаның білім алуы оңайға соқпады. Ал енді материалдық, экономикалық жағынан өсуі халықтың сауаттылығына, білімділігіне, рухани-адамгершілік, қайырымдылық ізгі қатынастарына, саяси саналығы мен өмірге бейімділігіне, ынта- жігеріне тікелей байланысты. Міне бұның бәрі де білім беру, тәрбиелеу жұмысының биік мәнін көрсетеді және ол білім балаға дер кезінде, жастық шағына бастап берілуі тиіс. Оқу-тәрбие жұмысының пәрмеңділігі мен тиімділігін, қадір-қасиеті мен пайдалылығының ерекше мән-маңызы осында жатыр. Ясауидің бұл ойы қазақ даласында жолын қуған Абай атамыздың сөздеріндегі: «Ғылым-білімді әуелі бастан талай өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бала бір ғалым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деген педагогикалық қорытындысы мен тағылымдық мәні бар тұжырымымен үндес келгендей.

Ана тақырыбы - ғұлама ғалымның басты тақырыптарының біріне айналған. Өйткені ана-өмір тірегі, әрбір үйдің ұйытқысы, отбасының берекесі, әмірдің жалғастырушысы. Ұлттың бойында бар жақсы қасиеттерді - тілін, дінін, ділін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ырым-тыйымын, наным-сенімін, танымын, санасын, ұлттық сенімін, сана-сезімін баласына, немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы. Әрине әйел-ана. Қ.А.Ясауидің рухани-адамгершілік, мағнауи мұраларын оқып үйренуде оны үздіксіз білім беру жүйесіне ендіруде осы секілді тәлім-тәрбиелік мәні орасан зор мүмкіндіктер мол. Әсіресе, патриоттық

тәрбие, яғни жас өскелең келешек жеткіншек ұрпақтарды өз Отанын, туған жерін, елін, ұлтын, мемлекетін сүюге оларды азаматтық рухта тәрбиелеуге үндеген ой-идеялары жиі кездеседі.

Оқу-білімге құмарлық, имандылық иірімдері, инабаттылық, адамгершілік қасиет, адал еңбек, патриоттық әуен, елжандылық, ұлтжандылық сезімдер, ақыл-ой тәрбиесі, табиғатты қорғау секілді тәлім-тәрбие салалары «Диуани хикмет», «Мұнажатнама», «Пақырнама», «Мират-ул-Қулуб» секілді еңбектерінде көрініс тапқан.

Ғұлама ғалым рухани-адамгершілік, мағнауи мұраларында адам, қоғам, еңбек, тәрбие, махаббат, достық, бауырмалдық, ақын-жазушылар шығармашылығы, Құран, Хадис, әдебиет, тіл, өнер секілді сан-алуан тақырыптарға байланысты көл-көсір ой-пікірлер орын алған. Аталған мәселелер айналасындағы өрістеген көзқарас дамуынан тарих, ел-жер сипаты, елге белгілі тұлғалар бейнесі, руханият иірімдері, өмірдің тәжірибе тағылымдары таразыланады. «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу, өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып, ана тілінде сақталып отырады. Ана тілі ғасырлар бойы жасала да береді, жасара да береді».

Ана тілі дегеніміз - сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысында, бүгінгісінде, болашағында танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», деп түйіндегендей. Ғұлама ғалым Түркістанның пірі Қ.А.Ясауи - «Тіл - этностың жүрегі» - деп тұжырымдаған. Түркістан пірі шығармашылығындағы келесі ең бірінші орындаған маңызды тақырыптардың бірі - имандылық тәрбиесі. Бұл оның жеке басының өмірден көрген тәрбиесінен, адамгершіік қасиеттерінен, білім-білік сауатынан, исламдық пікір пайымына, жалпы діни сопылық, діни-философиялық таным сауатынан туындап жатады.

Қазіргі әлемдік жаһандану, жаңару кезеңінде жастарды бүгінгі күн талабына сай халқының қамқоршы азаматы, Отан - анасын қорғаушы, ел табиғатын аялаушы ұрпақ ретінде тәрбиелеуге назар аударған абзал. Ал Қазақстандық патриотизм республиканың кез келген азаматы өзін осы елдің төл перзенті, азаматы ретінде сезінгенде, тәуелсіз Қазақстанды өзінің туған елі, өсіп-өнген Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптаспақ. Сол себептен, біздер бүгінгі жас өскіндерге тәлім-тәрбие беру жүйесінде ұлттық тарихымыздағы шапқыншылық - жаугершілік, сұрапыл шайқастарда ел қорғаны бола білген алып тұлғалардыдң ерлік дәстүрлерін мазмұндық арқау еткеніміз абзал. Тәлім-тәрбие жұмысымен айналысатын ата-аналардың, мамандардың, педагог-ғалымдардың, мектеп мұғалімдерінің кәдесіне асатындай осындай аса құнды пікірлердің, ұлағатты сөздердің мән-мағынасы еш уақытта ескірген емес. Бұл жайлар - оқу орындарында болсын, отбасы тәрбиесінде болсын тәлімдік-тәрбиелік мақсатқа жаратылатын маңызды арналар. Оқулық - шәкірттің бас оқу кітабы, әрі көпшіліктің, оқырман қауымның танымдық-тәрбиелік қажетін өтейтін аса бағалы рухани адамгершілік қазына. Қ.А.Ясауидің өзі жазған немесе басқа халифалары шәкірттері жазған оқулықтары бойынша алдыңғы толқыны бірнеше миллиондаған түркі тілдес ұрпақ өкілдері сауат ашты, білім нәрімен сусындады, ғибратты тәлім-тәрбие үлгілерімен тәрбиеленді. Сонымен қатар түркі әлеміне Ясауи ілімін таратты. Одан соң бертінгі буын, біздің замандастарыздың бізден кейінгі өскелең өркен тіл әдебиет кітаптардағы ақын шығармаларының мән-мазмұнынан тәлім-тәрбие алды. Күні бүгінде жалпы оқырман қауым мектеп қабырғасындағы сан миллион жас жеткіншек балабақша, бастауыш сыныптардан бастап, кемел суреткердің ұшқын қаламынан туған көркемдік қасиеті биік киелі туындыларын оқып, өсіп жетілсе деген үміттеміз.

Соңғы жылдары республикадағы білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалық үдерістерге байланысты құндылықтарды қалыптастырудың психологиялық механизмі оқу-тәрбие процесіне жеткілікті бағытталмағанын, педагогтардың білім мен дағдылардың жеткіліксіз екендігін мойындау керек, оқу үрдісінде оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды дұрыс ұйымдастыру керек. Тәрбие жұмысында Яссауидің өмір жолына байланысты әңгімелерді де, аңыздарды да пайдалануға болады. Мысалы, кішкентай балаларға сәлемдесу, тамақтан кейін бата беру, құрмет көрсету, үлкенді сыйлау және т.б. тақырыптарды оқытуға болады. Жолда кездескендерге бірінші болып "Ассалаум алайкум" деп сәлем берген жоғары әуезді дауыс Мұхаммед пайғамбардың хадисінен алған

ілімі сияқты емес пе. Жас Ахмед Құрани Каримді төбесіне қойды. Бұл Құранға деген шексіз құрмет болуы керек. Оқушылардың, яғни кіші мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда Яссауи ұсынған түркі-ислам дүниетанымы ерекше орын алады.

Сонымен, бастауыш мектептерде бірінші сыныпта дүниетану сабақтарында келесі тақырыптар бойынша іс-шаралар өткізіледі: Сәлемдесу, мектептегі, үйдегі, көшедегі әдептілік, үлкенге құрмет, кішіге ізгі ниет, өзара әдептілік. Әдепті сөйлеу және өзін-өзі ұстау, дастарханда ғы және асханадағы әдептілік, сыйластық қарым-қатынасты білдіретін атаулар және т.б. Үш жүз ұғымы, ынтымақ, туған жер туралы әңгіме, қоршаған орта туралы тыйымдар, табиғатқа қатысты өрнектер, қазақ мемлекеті туралы Яссауи мұрасынан қарапайым тілмен үзінді алып, егеменді қазақ елі, қазақ хандығының хандары, қазақ халқының ақындары мен күйшілері, қазақтың ұлттық киімдері, ұлы ғалым, әулиелер т.б. болса, балалар оны қабылдау арқылы өмір бойы өзіне қажетті рухани азық алатынына күмәнсіз сенемін.

Мысалы, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әңгімелер Яссауидің мынадай "Диуани хикмет", "Пақырнама" және "Мұнажатнама", "Мират-ул-құлуб" сынды қысқа да қызықты аңыз-әңгімелерін, сондай-ақ өлеңдерін, толғауларын, қисса-дастандарын пайдалана отырып баяндалса өте пайдалы болмақ. Сонымен қатар, елде, қоғамда "мінсіз адамдар" көбейіп келеді. Бұл – кешегі ата-бабаларымыздың арманы. Бұл рухани-адамгершілік, мағнауи мұралар халқымыздың жаңа заманға, жаңа қоғамға қадам басу кезеңіндегі шешуші рөл атқарған алғашқы қарлығаштар, қадау-қадау рухани адамгершілік, мағнауи құны жоғары, баға жетпес мұралар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исин А. «Диуани Хикметтің» Теһеранда шыққан аудармалары
2. Абай- 2001 ж.
3. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтардың идеялары мен тәжірибелері . – А., 1991
4. Спандиярова Г. «ДиуаниХикметтегі» сопылық сарын (Қожа Ахмет Иассауи еңбегі туралы) Ұлағат – 2003 ж.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993.

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ ИТ-ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ -ЛА, -ЛЕ ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Халметов А.Р.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Түркітану кафедрасының докторанты
Астана, Қазақстан.

Махмұт Қашқари XI ғасырда өмір сүрген лингвист-ғалым, зерттеуші. Автордың «Диуани лұғат ит-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты еңбегінің лингвистика ғылымына қосқан үлесі мен өз заманындағы түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасаған ғалым ретінде танимыз. Сөздікте Махмұт Қашқари түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми жаңалықтар ашып, түркі тілдерінің грамматикасы мен лексикалық тіркестердің жасалу жолын жақсы таныта алды.

Түркітану ғылымында Махмұт Қашқари және оның еңбегі бірқатар ғалымдардың зерттеу нысанына айналды [1; 2]. XX ғасыр басында Р.Килисли қолжазбаның алғашқы көшірмесін жасап, ғылыми ортаға ұсынғаннан бастап М.Хартман, Ф.Көпрүлү, К.Броккельман, Г.Бергштрессер, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, А.Н.Кононов, Б.Чобанзаде, П.К.Жузен, Дж.Велидов, А.Фитрат, А.З.Велиди Тоған сынды ғалымдардың назарына ілінді. Жинақ жайлы түркі халықтарының ішінде алғаш зерттеу жүргізгендердің қатарында Алашорда ардагері, қазақ зиялысы Х.Досмұхамедұлы [3] болды. XX ғасырдың 30 жылдары Б.Аталайдың жазба ескерткішті түрік тіліне аударуы араб тілін біле бермейтін түркітанушы ғалымдарға жәдігерді зерттеуге үлкен мүмкіншілік туғызып, Қашқаритану ілімінің даму қарқынын ілгерілетті [4]. 1960 ж. С.Муталлибовтың еңбекті өзбек тіліне аударуы фонетика-грамматикалық, лексикалық тілдік материалдар негізінде түркі тілдерінің тарихын тереңірек зерттеуге жол ашты. 1982-

1985 жылдары Дж. Клосон [5] мен Дж. Келли [6] «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінің алғаш ағылшын тіліндегі аудармасын басып шығарды. М.Ш. Үлкүташыр [7], С. Ахаллы [8], И.В. Стеблева [9], Т.А. Боровкова [10], А.Б. Халидов [11], Э.Н. Наджип [12], И. Мути [13], Э. Трыярский [14], Р. Эрмерс [15], А.Р. Рустамов [16], И.В. Кормушин [17], К. Кошмоков [18], Х. Дүзгін [19] сынды ғалымдар еңбекке қатысты құнды ғылыми зерттеулер жасады.

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде зерттеушілердің есептеуі бойынша сегіз мыңнан астам сөздер мен диалектілер еніп, әрқайсысына автор жүйелі тоқталып өткен. Осы сөздердің сегіз жүзге жуығы етістік тудыратын -ла/-ле жұрнағы арқылы жасалған. Біз осы ғылыми мақалада осы жұрнақ арқылы жасалған етістіктерді топтарға бөліп қарастырамыз. -ла/-ле жұрнағының қай сөз таптарымен қолданылғанын жинақтау үшін «Диуани лұғат ит-түрк» жазба ескерткішінің Бесім Аталайдың [26] еңбегі қолданылды. Сонымен қатар ғылыми мақаланы орындау барысында тарихи-салыстырмалы зерттеу, жинақтау, сипаттау, топтау, жүйелеу, семантикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Түркі тілдерінде есімнен етістік жасайтын -ла/-ле жұрнағы көне түркі кезеңінен бері қолданылып келеді. -ла/-ле жұрнағы есімнен етістік жасау үшін ең жиі қолданылатын жұрнақ болып табылады. Қышла-, йайла-, йоқла-, сүле-, ебле- сияқты сөздерде қолданылатын бұл жұрнақ екі компоненттен тұрады: бірінші л жұрнағы, ол комитативті жұрнақ болып табылады және көптік -лар, -лер жұрнағымен байланысады. Екінші а жұрнағы жалпы түркі тілдерінде есімнен етістік жасаушы жұрнақ ретінде белгілі [19].

-ла/-ле жұрнағы көне түркі кезеңінен бастап есімнен етістік жасайтын ең функционалды жұрнақ болып табылады және басқа тілдерден енген түбір сөздерге де жалғанатын жалғыз жұрнақ болып табылады [21]. Көне ұйғыр тілінде кеңінен қолданылған және көбіне «жасау» мағынасын білдіретін есімнен етістік жасайтын жұрнақ болып табылады: сөзле- «айту», өдле- «ынталандыру», бекле- «байлау», емле- «емдеу» [22].

«Диуану лұғат ит-түрк» еңбегінде жұрнақтың 800-ге жақын мысалы бар. Біз бұл жерде осы мысалдарды топтарға бөліп бергіміз келіп отыр.

ла-/ла- жұрнағының ла-/ле- түрі 349 рет, лал-/лел- түрі 11 рет, лан-/лен- түрі 296 рет, лаш-/леш- түрі 56 рет, лат-/лет- түрі 71 рет қолданылған. Жалпы алғанда, 783 рет кездеседі. Бұл жұрнақ ең көп есімдерге, кейіннен сын есімдерге қосылған. Шектеулі түрде, басқа грамматикалық құрылымдарға да қосылғаны байқалады.

ла-/ле- жұрнағы қолданылатын сөз таптары

Есімдермен: Бұл жұрнақтың ең көп қолданылатын тобы. Барлық туынды түрлерінің мысалдары кездеседі. Жалпы есімдер

balala-: Құс бала шығару [26: 64]. imle-: Көрсету, ымдау [26: 232]. tüpüle-: Басып кету, басына соғу [26: 673]. aşlal-: бірігу [26: 43]. awlal-: Аң аулау [26: 51]. emlel-: емделу [26: 180]. köklen-: Мықтап байланысу, аристократ немесе бай болу [26: 357].

savlan-: Ата-баба сөзін айту [26: 499].

erleş-: Еркектікте бәсекелесу [26: 191].

karmalaş-: Тонауда бәсекелесу және көмек көрсету [26: 272].

sözleş-: Әңгімелесу, сөйлесу [26: 536].

etlet-: кесіп етке айналдыру [26: 203].

iglet-: Ауруға шалдықтыру [26: 228].

Ру атауларымен 14 түрлі ру, тайпа және тектік атауларымен 21 рет қолданылған:

karluklan-: қарлұқ руынан саналу, қарлұқ руына қатысты болу [26: 272].

kıfçaklan-: қыпшақ руынан саналу, қыпшақ руына қатысты болу [26: 312].

kıvçanlan-: қыпшақ кейпіне ену [26: 324].

kumuklan-: құмық руына қатысты болу [26: 377].

oguzlan-: оғыз деп санау, оғыздарға қатысты болу [26: 428].

sartlan-: сарт-саудагер деп санау [26: 495].

tatlan-: Парсы немесе парсылық болу [26: 585-86].

tejiklen-: парсылық деп санау, парсылыққа қатысты болу [26: 595].

tübütlen-: Тибет кейпіне ену, Тибетке қатысты болу [26: 667].

türklen-: түріктер деп санау, арабтардың көзқарасы бойынша басқа ұлттан санау, арабтан басқа деп санау [26: 674].

Дене мүшесі атауларымен барлығы 63 түрлі дене мүшесі атауы қолданылған: бұт, adhak, adhut, ağız, art, aşuk, aya, azıg, bagır, boyun, bögür, burun, but, büksük, çer, çübür, emik, kanat, karak, karı, karın, karış, kasıg, kaş, kesme, kısıg, kirpük, koltuk, koyka, köçük, könül, köt, köz, kuçak, kulaç, kulak, künçük, mengiz, müngüz, ongık, öngik, öpke, örgüç, özek, pürçek, saç, sargı, sırt, singir, süngük, taban, tamgak, tarmak, tış, tiş, tiz, töş, tulung, yagır, yalıg, yarın, yağrın, yadruk, yumur, yürek, yüz.

adhakla-(n)-: Аяқты соғу, бас көтеру, аяқ иесі болу [26: 6].

agızla-: ауызды ұру, ауыз ашу [26: 11].

aşukla-: асық сүйегін соғу [26: 44].

ayala-: қолдың алақандарын бір-біріне соғу [26: 54].

butla-: бұтын ұру, бұтын тістеу [26: 121].

emikle-: емшегін ұру [26: 180].

karınla-: қарнын ұру [26: 271].

kipükle-n-: көзде жаман түк шығу [26: 333].

kulaçla-: құлаштап жүзу [26: 375].

süngükle-n-: сүйектену, өсу [26: 550].

Жануар аттарымен қолданылуы. Барлығы 19 жануар атауынан осы жұрнақ арқылы етістік жасалған.

atala-n-: піштірілген түйе иесі болу [26: 48].

atla-n-: атқа міну, аттану; бірдеңенің үстіне шығу [26: 49].

buzagula-: бұзаулау, бұзау туу [26: 122].

enükle-(n)-: төлдеу [26: 183].

eşgeklele-n-: есек иесі болу [26: 197].

kısrakla-n-: ұрғашы атқа ие болу [26: 322].

kirpile-n-: Қатталып, кірпі сияқты бүктелу [26: 333].

kulunla-: құлындау [26: 376].

kuşla-(t)-: құс аулау [26: 387-88].

öküzle-n-: өгіз иесу болу [26: 456].

tilküle-n-: түлкідей болу, жалтақтау [26: 624].

Жеміс атауларымен қолданылуы. Барлығы 9 жеміс атауымен етістіктер жасалған.

armutla-n-: алмұрт жемісін беру [26: 36].

arpala-: арпа беру [26: 36].

erükle-n-: алша жемісін беру [26: 193].

kagunla-n-: қауынға ие болу [26: 250].

katla-n-: жеміс беру [26: 280].

yemişle-n-: жеміс беру [26: 772].

Адам атауларына байланысты сөздермен қолданылуы:

anala-: аналы болу, ана деу [26: 24].

begle-: бек деп санау, бек деп атау [26: 79].

begle-n-: тұрмысқа шығу, күйеулі болу [26: 79].

karıla-: қартаю, карт деп санау [26: 270].

katunla-n-: ханым болу, ханның әйелі болу [26: 281].

kızla-n-: қызды болу, қыз балалы болу [26: 327].

koldaşla-n-: дос болу, дос санау [26: 341].

kudhuzla-n-: жесір әйелге үйлену [26: 374].

singille-n-: сіңлісі, қарындасы болу [26: 523-24].

tüngürle-: біреуді өзіне құда деп санау, құда деп білу [26: 672].

Киімге байланысты атаулармен қолданылуы. 12 атаумен жаңа етістіктер жасалған.

başmakla-n-: аяқ киім алу [26: 75].

bertle-n-: жемпір кию [26: 85].

bertüle-n-: жемпір кию [26: 85].
bilezükle-n-: білезік тағу [26: 92].
çükrekle-n-; жүннен тоқылған көйлек иесі болу [26: 163].
etekle-n-: етек кию [26: 202].
etükle-n-: етік иелену, етік кию [26: 205].
içmekle-n-: қозы терісінен жасалған тон кию, иелену [26: 225].
içtonla-n-: іш киім кию [26: 225].
iştonla-n-: іш киім кию [26: 240].
könglek+le-n-: көйлек кию, көйлек иесі болу [26: 361].
ökmekle-n-: сырға тағу, сырға иелену [26: 454].
sakaldurukla-n-: сақалдырық тағу, байлау [26: 483].
Сан есімдермен қолданылуы, тек бір мысал кездеседі: üçle-n-: үштену, үш болу [26: 707].
Еліктеуіш сөздермен қолданылуы:
la-/le- жұрнағымен жасалған еліктеуіш сөздердің саны 35.
ahla-: ахлау, терең дем алу [26: 13].
angıla-: аңырау [26: 26].
çagıla-: бақыру, шақыру [26: 129].
çagıla-: бұрқылдау [26: 129-30].
çagla-n-: жартылау пісу [26: 130].
çakla-n-: шайқалу [26: 132].
çarla-(ş)(t)-: жылау, бақыру, жылату, жыласу [26: 136].
çıfıla-: шықырлау [26: 144].
çogıla-: бақыру, шақыру [26: 155].
jagıla-: бұрқылдау [26: 242].
or(ı)la-ş-: бақырысу [26: 441].
sıngıla-: сықырлау, суықтан сықырлап қалу [26: 516].
singile-: сықырлау, суықтан сықырлап қалу [26: 523].
tıkıla-: тықылдау [26: 614].
tıngıla-: ауыр нәрсенің жерге түсіп дауыс шығаруы [26: 617].
tıngla-(ş)-: тыңдау, тыңдауда жарысу [26: 617].
tikile-: дыбыс шығару [26: 621].
tingile-: ауыр нәрсенің түсіп дауыс шығаруы [26: 624].
tingle-: тыңдау [26: 624].
tümile-(n)-: секіріп жүгіру [26: 670].
ur(ı)la-: бақыру, қатты сөйлеу, ұлу [26: 696].
yıgla-(ş)(t)-: жылау, жыласу [26: 781].
Сын есімдермен қолданылуы. Сын есімдер -la/-le жұрнағымен көп қолданылған екінші сөз табы. Жалпы 116 сын есім -la/-le жұрнағымен қолданылған.
Кейбір мысалдары төмендегідей:
artukla-n-: артық кету [26: 39].
azla-n-: аз көру, азсыну [26: 57].
bekle-n-: бекітілу, жабылу [26: 80].
bilgele-n-: ақылдану [26: 92].
çınla-t-: жүзеге асыру [26: 150].
erle-n-: тұрмысқа шығу, ерлі болу [26: 191].
kızla-n-: қымбатсыну [26: 327].
kiçikle-: кішкентай көру, кішкентай деп санау [26: 328].
köpele-n-: жаңадан шығу, өсу [26: 364].
kurugla-n-: құрғау [26: 385].
sarıgla-: сарғаю, сарғайту [26: 491].
sayramla-n-: судың азаюы, судың тартылуы [26: 502].
tangla-t-: таңқалдыру [26: 571].

tatıgla-n-: дәмді болу [26: 585].
tazla-: біреуге таз деу, таз деп санау [26: 591].
tengle-ş-: теңдесу [26: 600].
uçuzla-n-: арзан деп білу, арзан деп санау [26: 683].
ulugla-: ұлылау [26: 692].
uzla-n-: ұста болу [26: 706].
yawaşla-n-: ақырындау, жұмсақ мінезді болу [26: 761].
yinçgele-: арық деп санау, арықтату, жіңішкерту [26: 792].
Есімдіктермен қолданылуы. Барлығы төрт мысал кездеседі.
sen+le-: “sen” diye aytamak; küçük sayılmak [26: 506].
sen+le-t-: “сен” деп айту [26: 506].
siz+le-: сыйлау [26: 525].
siz+le-t-: “сіз” деп айту айту [26: 525].
Етістіктермен қолданылуы. Барлық грамматика кітаптарында есімнен етістік тудырушы жұрнақ ретінде берілетін бұл жұрнақтың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде 8 етістіктен кейін жалғанғанын көре аламыз. Барлығы 14 мысалы бар:
aw-la-ş-: жиылу, жиналу [26: 51], aw-: жиылу; айналасын қоршау [26: 50].
ew-le-ş-: жиылу, жиналу [26: 208], ew-: бір нәрсенің айналасына жиылысу [26: 206].
ör-le-n-: шығу, өрлеу [26: 464], ör-: шығу, биікке көтерілу [26: 462].
sar-la-: орау [26: 493], sar-: орау.
sar-la-n-: орану [26: 493].
sar-la-ş-: орауға көмектесу, орауда жарысу [26: 493].
sar-la-t-: орату [26: 494].
tök-le-ş-: төгіліп ағу [26: 644], tök-: төгу, [26: 644].
üp-le-: ұрлау [26: 713-14].
üp-le-n-: ұрлану [26: 714].
üp-le-ş-: ұрлауға көмектесу [26: 714].
Ортақ етіспен ерекше қолданысы. -la/-le жұрнағы -(ı)ş- ортақ етісі жұрнағымен қолданылған кезде, ортақ әрекет жасау мағынасынан бөлек 8 мысалда ерекше бір функционалдық қызметте қолданғаны байқалады. Бұл жерде әрекетті ортақтаса жасау емес «бәс тігу» мағынасында қолданылғанын көреміз. Мысалдары төмендегідей:
altun+la-ş-: алтын тігіп бәстесу [26: 22].
at+la-ş-: жылқы тігіп бәстесу, жылқыға бәс тігу [26: 50].
aw+la-ş-: үйін бәске тігу [26: 51-52].
kız+la-ş-: бәске қыз-күң тігу [26: 327].
kökürçkün+le-ş-: бәске көгершін тігу [26: 358].
yarık+la-ş-: бәске қалқан тігу [26: 749].
tawışgan+la-ş-: бәске қоян тігу [26: 588].
üm+le-ş-: шалбарын бәске тігіп құмар ойнау [26: 712].

Тарихи және қазіргі түрік тілдерінде ең көп қолданылған қосымшалардың бірі болып табылатын -la/-le есімнен етістік жасайтын қосымша «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде де өз мысалдарымен орын алған. Бұл мақаламызда қосымшаның функцияналдық қызметі қарастырылмады, жұрнақтың қай сөз таптарымен қолданылғаны зерттелді. Сондықтан тек бір ғана функциясына назар аударылған. 1. -la- есім сөздерден етістік тудырушы жұрнақ жалаң түрінде де етіс формаларымен бірге қолданылған. 2. Ең көп мысал жалаң түріндегі -la/-le формасында 349 рет қолданылған. Бұдан кейінгі кезекте өздік етіс формасында 296 мысалы кездеседі. Үшінші орында барлығы 71 мысалы бар ырықсыз етіс формасында қолданылған. 3. «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіне -la/-le жұрнағының барлығы 783 мысалы бар. Бұл еңбекте барлығы 8000ға жуық сөз қолданылғанын ескерсек бұл сөздердің оннан бірі осы жұрнақпен жасалғанын көреміз. 4. 783 мысалдың 14-інің етістіктен туындағаны анықталды. Бұл кезеңде зат есімнен етістік тудыратын -la/-le жұрнағының етістіктен етістік тудыратын жұрнақ ретінде қолданылғанын айтуға болады. Қазіргі кезеңде бұл жұрнақ тек зат есімнен етістік тудыру

қызметін атқарады. 5. -la/-le жұрнағы «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде құс аттарына жалғанып жаңа етістіктер қалыптастырған. Жұрнақтың бұл қолданысын қазіргі қазақ тіліндегі кейбір мысалдарда көруімізге болады. 6. -la/-le жұрнағының ең көп мысалы зат есімдер мен сын есімдерде көрінуде. Қорытындылай келе көне түркі тілдерінен бастап -la/-le жұрнағы уақыт өте келе өзінің қызметін жоғалтпай, бүгінгі күнге дейін өзгермеген күйде қалған. Әрі түркі тектес сөздерге әрі басқа тілдерден алынған сөздерге де жалғану арқылы мыңдаған жаңа сөз қалыптастырған жұрнақ болып табылады.

Мақала AP22786207 «Қашқаританудың ғылыми-әдіснамалық және қолданбалы мәселелері: «Диуани лұғат ит-түрк» жазба ескерткішін ұлттық сананы жаңғыртудың лингвистикалық факторы контексінде зерттеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк // перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.

2. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 277 б.

3. Досмұхамедұлы Х. «Диуани лұғат ат түрк» // «Сана» журналы. – 1923. –№ 6-7. – Б. 23-26.

4. Divanü Lügat-it-Türk tercümesi. Çeviren Besim Atalay, 3 cilt. – Ankara: Türk tarih kurumu basimevi, 1985. – C.1. – 530 s. – C.2. – 366 s. – C.3. – 452 s.

5. Clauson G. An Etymological of Pre-Thirteenth-Century Turksih. – Oxford University press 1972.– 989 p.

6. Kelly J.M. Remarks on Kašdari's Phonology: II. Orthography // Ural-Altaiche Yahrbücher. – 1975. – Bd. 45. – P. 144-162.

7. Ülkütaşır M.Ş. Büyük Türk Dilçisi Kaşgarlı Mahmut: Hayatı. Şahsiyeti. Divanü Lugat'ı. – İstanbul: Cumhuriet Matbaası, 1946. – 138 s.

8. Ахаллы С. Словарь Махмуда Кашгарского и туркменский язык (на туркменском языке). – Ашхабад, 1958. – 251 с.

9. Стеблева И.В. К анализу типа повествования в поэтических текстах из «Диван лугат ат-турк» Махмуда ал-Кашгари // Turcologica: К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Москва: Наука, 1976. – С. 319-324.

10. Боровкова. Т.А. Грамматический очерк языка «Дивану лугат ит-турк» Махмуда Кашгари: Автореф. канд. дисс. – Ленинград 1966. – 15 с.

11. Халидов А.Б. Словари Исхака ал-Фараби и Махмуда ал-Кашгари: (Из истории лексикографии в Средней Азии X-XI вв.) // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов востока. – Москва, 1987. Ч. 4. – 67 с.

12. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва, 1989. –120 с.

13. Кэшкэри Мэһмут. Түркий тиллар дивани (Дивану лугати т-түрк) / Мэс'ул муһэррири Ибраһим Мути'и. – Үрүмчи: Шинжаң хэлк нэшрийати, 1981. – Т.1; – 1984. – Т.2.; – 1984. – Т.3.

14. Tryjarski E. Kultura Ludów turckich w świetle przekazu Mahmuda z Kaszgaru (XI w.) – Warszawa: Polska Akademia nauk, 1993. – 364 s.

15. Ermers R. Arabic Grammars of Turkic. – Leiden: Köln 1999. – 320 p.

16. Махмуд ал-Кашгари Диван лугат ат-турк (Свод тюркских слов). – М.: Восточная литература, 2010. – Т. 1 – 461 с.

17. Махмуд Кашгари. Түрк тилдеринин сөздүгү-Дивану лугати't-түрк. – Бишкек, 2011. – Т.1. – 906 б.

18. Kaşğarlı Mahmut. Dîvânü lûgati't-Türk. / çeviren Huseyin Düzgün. – Tebriz, 2004. – 623 s.

19. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.) – Ленинград: 1980. – 256 с.

20. Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – Москва: 1962.– 643с.

21. Erdal M. Old Turkic Word Formation. Vol. I. – Otto Harrassowitz: 1991. – 874 p.

22. Eraslan K. Eski Uygur Türkçesi Grameri. – Ankara: 2012. – 664 s.

23. Маманов Ы. Е. Тіл білімінің мәселелері. – Алматы: 2007. – 634 б.

24. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: 1991. – 384 б.

25. Ескеева М., Түймебаев Ж. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Алматы, 2016. – 368 б.

26. Besim Atalay Divanü lûgat-it-Türk Dizini "Endeks" – Ankara: 1943. – 885. s.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ КӨЗҚАРАС: АКСИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Б.Қ. Шагирбаева[1], Т. Тургут[2]
[1]PhD, қауымд. профессор, Ш. Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан;
[2]Профессор, доктор, Памуккале университеті, Денизли, Түркия.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VIҚРЗ Педагог мәртебесі туралы Заңында: «Балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге» міндетті деп көрсетілген [1,17]. Оқушылардың санасына ұлттық құндылықтарды дарыту үшін алдымен мұғалімнің өз бойында осы құндылықтар болуы тиіс. Құндылықтарды тану жолы оңай емес. Ең қиын мәселе – нағыз құндылықтарды жалғандарынан ажырата білу. Бұл жөнінде Ж. Дәулетбекова: «Шындығында да, *студент сөзді құндылық деп тану* үшін қаншама сатылардан өтеді. Ең алдымен, сөз оның ойды жеткізуінің, өзгелермен қарым-қатынас жасауының құралы ғана болса, кейін сөз туралы ұғымы кеңейе келе сөздің адам өміріндегі маңызын тану арқылы оның мәнін түсінеді. Ендігі жерде сөз ол үшін құрал болудан өміртанымдық, моральдық негізге айналады. Ең бастысы сөзді құндылық ретінде тани алады», – деп жазады [2,25]. Жалпы кез келген ересек адамның өзі түрлі сыртқы ықпалдардың әсерінен құндылық бағдарынан жаңылып қалуы әбден мүмкін. Ал әлі оң-солын танып үлгермеген оқушы мен жастықтың жалынымен асығыс шешім қабылдауға бейім студент жастардың құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі өте өзекті де жауапты істердің қатарында саналады.

Құндылықтардың маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, нысанның ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті *бағала*нуынан болады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауынан орын алады. Құндылықтар негізінен: өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне *баға* беруден тұрады. *Құндылықтар дегеніміз қоғам үшін ең маңызды деген әдет- ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырып, реттеу десек, білім алушы өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды.* Құндылықтарды қасиеттер деп санауға да болады. Олар бала кезден, ана сүтімен бірге, ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде қалыптасады.

Құндылықтар әр адам үшін әртүрлі болып келеді. Реттілігіне қарай, маңыздылығына қарай өзгеріп отырады. Себебі адам өмірі қозғалысқа, ізденістерге толы. Т. Петракова құндылықтарды үш түрге бөледі: табиғи, жүре пайда болатын және абсолюттік [3, 27].

Абсолюттік, уақытқа бағынбайтын, өзгермейтін құндылық – бүкіл адамзат үшін маңызы зор мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар. Ал, табиғи және жүре пайда болатын құндылықтар адам бойында тәрбие үдерісінде қалыптасады. Себебі «біздің егеменді және тәуелсіз Отанымызда өзіндік құндылықтарымыз бар және оларды сақтап, қорғай білуіміз керек. Бір де бір қоғам және бір де бір мемлекет патриотизм, бейбітшілік пен келісім, әлеуметтік серіктестікпен үйлесімділік, құқықтық тәрбие идеяларын жүргізбестен аяғынан тік басып тұра алмайды» [4,34].

Адамзат өркениеті мен мәдениетінің алға басуы адамның рухани дамуымен тікелей байланысты. Адамгершілік қағидасының мәні адамдарға деген сенім, сүйіспеншілік пен құрмет көрсетуден, адам өмірін неғұрлым жақсарта түсудің барлық амал-тәсілдерін қарастырып, қолданудан көрінеді. Рухани дамыған тұлға болу – адамды тұлға ретінде тану, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу деген сөз. Ізгілік – жоғары мәдениет пен білімді, сөз бен істің бірлігін, енжарлықпен күресуді талап ететін белсенді өмірлік ұстаным. Адамның қандай құндылықтар жүйесін ұстанатынын, оның неге ұмтылатынын және өмірлік

мақсаттарын анықтау өте маңызды. Денсаулық, махаббат, сұлулық, білім, сүйікті жұмыс деген сияқты тұрақты мақсатты құндылықтар қай заманда да өз маңызын жойған емес. Адамгершілік пен ізгілік нормалары адамдар арасындағы барлық дерлік қарым-қатынастарды, олардың мемлекет пен қоғамға қатынасын қамтиды. Мемлекет пен қоғам тарапынан адамның күнделікті өміріне қойылатын нормалар мен талаптар оның ішкі сеніміне айналады, сезімін бақылайды, үйреншікті әдетіне айналады. Қоғамдық мораль қоғамдық және мемлекеттік құрылымның одан әрі нығаюына ықпал етеді, белсенді тұлғаны қалыптастырады. Қоғамда адамгершілік нормалар салтанат құруы үшін айқындалған тұрақты құндылықтар жүйесі болуы қажет. Егер қоғамда үстемдік құрып тұрған құндылықтар ізгілік жолына қызмет ете алмай жатса, онда оларды қайта електен өткізіп, тарих, дәстүр тұрғысынан басым құндылықтарды белгілеп алу өте маңызды.

Кеңестік дәуірде ғасырлар бойы екшелеп, тарих безбенінен өтіп, санамызға сіңген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарымыз ұмытыла бастады, тіпті жойылып кетудің аз-ақ алдына келіп тіреледі. Жаңа Қазақстан қоғамында енді тек жаңа құндылықтық көзқарастар ғана біздің әртүрлі қажеттіліктерімізге терең және ізгі көзқарасты орнықтыра алады, табиғатымызға жат, өзге мәдениеттердің ықпалынан шығуымызға тірек бола алады. Ізгі ниетті ойлардың әмбебап басымдығына жету үшін ғылыми негізделген нақты әрекеттер жасалуы тиіс. Ұлттық құндылықтар бүгінгі жастардың жүрегінің төрінен орын алуы үшін білім беру жүйесінің дидактикалық негіздерін жаңаша құру қажет. Адамның айналасындағы шындыққа қатынасы нәтижесінде оның құндылық санасы қалыптасады.

Студенттің болашақ кәсібіне деген аксиологиялық көзқарасын оның білім алу кезеңінде меңгеріп шығатын пәндерінің жиынтық мазмұны мен сабақ беретін профессорлық-оқытушылық құрам тарапына көрсетілетін құндылық бағдар айқындайды. Осы жерде ғылымда қатар кездесетін «*құндылық қатынас*» пен «*құндылық бағдар*» ұғымдарының ара қатынасын ажыратып алу қажеттілігі туындайды. Құндылық қатынас, бір жағынан, бағдарлау үдерісінің өнімі, екінші жағынан, осы үдерістің негізі ретінде көрініс табады. «Құндылық бағдар» мәселесі философия, әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдарында қарастырылады. Осыған қатысты анықтамалар 1-кестеде берілді.

1-кесте. «Құндылық бағдар» ұғымының ғылыми әдебиеттердегі анықтамалары.

ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР			
Философия ғылымында	*Әлеуметтану ғылымында*	*Психология ғылымында*	*Педагогика ғылымында*
Құндылық бағдар – тұлғаның әлеуметтік маңызы бар объектілерді еркін, бағалау тұрғысынан таңдауының нәти жесі көрінетін өзболмысының шарт тарына деген қарым-қатынасы (Франкл В.)	Құндылық бағдар дегеніміз – икемді, еркін таңдауды, жеке мүдделер мен адам ның қажеттіліктерін жан-жақты ескеруді көздейтін қоғам мен жеке тұлғаның байланысы (Алексеева В.Г.)	Құндылық бағдар – жеке тұлғаның кез келген құндылық тарға бастапқы қалауы ретінде пайда болатын құндылық қатынастарының түрі (Петровский А.В. Психологиялық сөздік)	Құндылық бағдар – бұл жеке тұлғаның өз нақты қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік құндылықтарға бағдарлануы (Игнатенко П.Р.)

Сонымен, құндылық бағдар ретінде жеке тұлғаның іс-әрекетінің бағыты мен мазмұнын сипаттайтын, адамның дүниеге, өзіне деген жалпы көзқарасын анықтайтын, жеке ұстанымдарына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне мән мен бағыт беретін күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылысты түсінеміз. Бұл бағыттағы ғылыми әдебиеттерді талдау тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесінің күрделілігі, көп аспектілігі және қарама-қайшылықтығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі білім беру жүйесінде құндылық бағдар қалыптастыру мәселесі білім беру мен тәрбиелеудің ең маңызды мақсаты ретінде қарастырылады, өйткені құндылық бағдардың қалыптасу дәрежесі арқылы тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу деңгейін, оның жетілгендігі мен әлеуметтік жағдайын бағалауға болады. Құндылық бағдардың қалыптасуы адамның бүкіл өмірі бойында жүреді. Солай бола тұрғанмен, көптеген зерттеушілердің

пікірінше, ең қолайлы кезең – студенттік кезең. Дұрыс ұйымдастырылған құндылық бағдар уақыт өте келе жеке тұлғаның тұрақты құндылық қатынасын қалыптастыруы мүмкін. Өз пәніне құндылық қатынасы арқылы студенттің педагогикалық мамандыққа деген ішкі ұстанымын көруге болады, ол жеке және әлеуметтік мағыналардың өзара байланысын көрсетеді және тұлғааралық қатынастар үдерісінде дамиды. Құндылық қатынас саналылық, іріктеушілік, белсенділік, тұрақтылық қасиеттеріне ие болады. Кен Робинсон бүгінгі білім беру жүйесіне креативтілік пен жан-жақтылық қасиет жетіспейтіндігін жиі айтып келеді. «Болашақтың мектебі» атты кітабында ағылшын ғалымы былай дейді: «Балалардың қабілеті сан қырлы. Бірақ, біз оларға қасаң бір қырлы стандартта білім бергіміз келеді. Біз әлі күнге дейін аграрлық, өндірістік жүйеге негізделген орта білімнен арыла алмай келеміз. Бұл жүйе адамның сан қырлы интеллектуалын танудан гөрі жансыз өндірістік жүйенің қажеттіліктерін өтеуге ыңғайлы» [5, 58]. Білім алушының құндылық бағдар жүйесі оның өз шешімдері мен әрекеттерін жүзеге асыру жолында сүйенетін сенімдері, көзқарастары мен ұстанымдарының жиынтығы түрінде қалыптасады. Бұл құндылықтарға мәдениет, отбасылық орта, жеке тәжірибе және діни нанымдарды қоса алғанда, әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін.

Құндылықты бағдарлау жүйесінің құрылымы күрделі және көп қырлы, оны бірнеше негізгі өлшемдер тұрғысынан түсінуге болады. Құндылықтар тұлғалық және ұжымдық қатынастар арасындағы өзара байланыстар мен қайшылықтардан туындайды. Құндылық бағдар жүйесінің маңызды өлшемдерінің бірі – дарашылдық және ұжымшылдық шарттар арасындағы қайшылық. Дарашылдық автономияның, өзін-өзі көрсетудің және жеке жетістіктердің маңыздылығын атап өтеді, ал ұжымшылдық қоғамдық келісімнің, өзара тәуелділіктің және өз тобына адалдықтың маңыздылығын көрсетеді. Бұл өлшемді әртүрлі мәдени айырмашылықтардан көруге болады. Мысалы, Батыс қоғамдарында жеке құқықтар мен бостандықтарға баса назар аударылса, Шығыс қоғамдарында әлеуметтік жауапкершілік пен міндеттемеге басымдық беріледі. Шығыс мәдениетіндегі тұлғалар қоғамға қарсылық көрсетпейді. Осы тұжырымды көптеген зерттеушілердің пікірлері қуаттайды. Айталық, «Шығыс мәдениеті ұжымшылдық, дәстүршілдік, интраверттік, интуитивтік, ал Батыс мәдениеті индивидуалистік, динамикалық, экстраверттік және рационалистік сипаттарымен ерекшеленеді. Әрине, бұл Батыс мәдениетінде ұжымдық құндылықтардың немесе Шығыста даралық құндылықтардың жоқтығын білдірмейді. Әңгіме құндылық доминанттар туралы болып отыр» [6, 158]. Сондықтан Батыс мәдениетіне еліктеп, ұлттық құндылықтарымыздан қол үзіп бара жатқан жас ұрпаққа түркілік тегімізді түсіндіріп, ұлы елдің ұрпағы екенін санасына сіңіріп өсіру қажет. Себебі, құндылықтарды бағдарлау жүйесінің құрылымын түсіну жеке адамдар мен топтардың мотивациялары мен мінез-құлқы туралы түсінік бере алады және жеке адамдарға мәдени айырмашылықтарды басқаруға және әртүрлі контекстерде тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Сократ «ең басты құндылық – ізгілік» деп санады. Сократ білімге ұмтылу бәрінен де маңыздырақ, тек білімді меңгеру арқылы ғана ізгі және қайырымды адам болуға болады деп есептеді. Философ өзінің басты міндеті білім беру емес, әркімді өз пікірін сыни тұрғыдан бағалауға шақыру және егер ол бағалары ақылға симайтын болса, одан бас тартуға жетелеу деп есептеді. Сократтың: «ізгілік – білімнен, ал дұрыс әрекет – саналы ойлаудан туындайды. Барлық адамдар ізгілікті қалайды. Ал олардың жасаған барлық жамандықтары жақсылықты білмеуінен болады»,-деген пікірінің құндылықтарды оқыту керек, білім беру жүйесінің өзегі етіп алу керек деген идеямен астасып жатқанын көреміз [7, 46].

Экзистенциализмнің негізін қалаушылардың бірі француз философы Жан Пол Сартр адам дүниеге келген кезде оның еш мәні болмайды және өзі туралы нақты тұжырымдамасы да болмайды, уақыт өте келе, ол өз өмірінің мәнін іздей бастайды деп түсіндіреді [7,184]. Платон: «Азаматтар білім алуы тиіс, олардың тек пайдалы білім алуға құқығы бар. Оқытудың негізгі мақсаты – ізгілік тарату», – деп есептеді [7,43]. Платонның пікірінше, адам жаны үш бөліктен тұрады. Біріншісі – рационалды бөлік, ақыл-ойдың негізі. Оның басты құндылығы – даналық. Екіншісі – жанның рухани, құдіретті бөлігі, оның ерекше құндылығы – ерлік пен батылдық.

Үшіншісі – адам жанының қалауын қанағаттандыруға ұмтылатын бөлігі. Оның негізгі құндылықтары – ұстамдылық пен мойынсұнушылық [7,26].

Ғалым Милтон Рокич құндылықтарды мақсаттық және құралдық құндылықтар деп екіге бөледі. Ол адамның өз өмірін бақытты ету жолында қол жеткізуді қалайтын құндылықтары (еркіндік, отбасындағы сенім, т.б.) мақсаттық, ал ол құндылықтарға жету жолында жүзеге асырылатын әрекеттері құралдық құндылықтары болады», – деп жазады [8, 27]. Бұларды ғылымда тұрақты және инструменталды құндылықтар деп те атайды. Білім алушы бірдеңені бағалап, оны иеленгісі келеді делік. Яғни, бұл оның белгілі бір мақсатына айналады. Екінші сөзбен, бұны тұрақты құндылық деп атайды. Ал, белгілі бір мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін нәрсені бағалау инструменталды құндылық болады. Бұл – белгіленген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін инструмент, құрал. Егер оқушы тарихты білуге құмартса, бұл тұрақты құндылық болады. Демек, осы бағыттағы кітаптарды іздеп жүріп оқитын болса, кітап оқу тарихи білімін қалыптастыруға бағытталған тәсілге, ал кітап инструменталды құндылыққа айналады. Сонымен, кез келген құндылықты иеленудің белгілі бір тәсілдері мен құралдары болады. Адам тұрақты құндылыққа қол жеткізуі үшін дұрыс тәсілдер мен құралдарды, яғни құралдық (инструменталды) құндылықтарды да дұрыс танып, бағалап, қолдана білуі тиіс. Демек, білім беру жүйесінің міндеті оқушының тұрақты құндылықтарға қол жеткізу жолындағы құралдық құндылықтарды қолдану жолдарын меңгеру болмақ. Мысалы, адам бір нәрсені қалап, ұнатады делік. Яғни, нақты мақсаты бар екеніне сенімді. Бұл – мақсатты құндылық. Егер ол белгілі бір мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін нәрсені бағалайтын болса, онда ол құралдық құндылық болады. Бұл оның мақсатына жетуге мүмкіндік беретін әрекеттерін жүзеге асыратын аспап, құрал болады. Егер адам шешендік өнерді шынымен жақсы көретін болса, бұл ол үшін тұрақты, мақсаттық құндылық болады. Бұл өнерді өз бойында дамыту үшін көптеген кітаптар оқып, жаттығу қажет екенін бағалап, түсінетін болса, кітапты өз мақсатына жету жолындағы басты аспапқа, яғни құралдық құндылыққа айналдырады. Осындай күрделі құрылымнан тұратын құндылықтарды тұтас меңгеріп, айқын мақсатына жету жолында нақты құралдарын қолдана білген оқушының сөйлеу тілін, мәтін жасалымын түзуге себеп болып тұрған уәждер, мүдделер, мәндер мен құндылықтар оның тілдік санасында көрініс табады. Оқушының қазақ тілі сабағындағы оқу-танымдық әрекетінің уәждемесі тіл арқылы ұлттың рухани, мәдени құндылықтарын меңгеру мақсатына айналуы тілдік тұлғаның ең жоғары прагматикалық-уәждемелік деңгейі болады. Сондықтан ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда ұлттық құндылықтар жүйесін оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану заманында кезек күттірмейтін өте маңызды және өзекті мәселелердің қатарында.

Аксиология – құндылықтарды, құндылық пайымдауларды және этикалық ұстанымдарды қарастыратын философияның бір саласы. Білім беру жүйесінде аксиология оқушылар үйренетін және игеретін құндылықтарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Орта білім беру жүйесінде меңгерілетін құндылықтар оқушылардың өзін, басқаларды және қоршаған әлемді қабылдауына тікелей әсер етеді. Білім беру жүйесін құндылық бағдарлы құру үшін оның дидактикалық ұстанымдарын айқындап алу өте маңызды. Тәжірибе негізінде: 1. Әрбір жеке тұлғаның ішкі құндылығын тану. Моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттау. 3. Білім алушының әлеуметтік жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. 4. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту. 5. Шығармашылық пен инновацияға басымдық беру ұстанымдарына басымдық берудің қажеттілігі айқындалды. Тіл – білім беру құндылықтарының аксиолингвистикалық негіздерінің маңызды құрамдас бөлігі. Білім беру жүйесінде тіл құндылықтар жайлы сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту және ой-пікірді жеткізу құралы ретінде қолданылады. Тіл құрмет, жауапкершілік және адалдық сияқты құндылықтарды білдіру үшін, сондай-ақ білім алушыларға осы құндылықтардың мәні мен маңызын үйрету үшін пайдаланылуы мүмкін. Оқушылардың оқытылатын құндылықтарды түсінуін қамтамасыз ету үшін сабақта қолданылатын тіл анық, қысқа және жүйелі болуы керек. Сонымен қатар, тілді барлық оқушылар бағалайтынын және құрметтелетінін сезінетін оң және инклюзивті сынып мәдениетін құру үшін пайдалануға болады.

Құндылықтар оқушылардың мінезі мен санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Құндылықтарды сіңіре отырып, педагогтар оқушылардың жағымды амал-әрекеттер жасауға ұмтылатын жауапты және белсенді азаматтар болуына көмектесе алады. Қазіргі тез өзгеріп жатқан әлемде инновациялар мен шығармашылық мәселелерді шешу және жаңа міндеттерге бейімделу үшін білім мен технологияны ілгерілету өте маңызды. Білім алушының шығармашылық қабілеті мен инновациялық әрекеттерін дамыту үшін оған сыни тұрғыдан ойлауға, эксперимент жасауға және олардың қызығушылықтарын ашуға мүмкіндік беру маңызды. Бұған жобалық оқытуды ынталандыру, инновациялық технологиялар мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, ынтымақтастық пен топтық жұмысты ынталандыру арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, оқу жоспарына ашық сұрақтар мен мәселелерді енгізу және білім алуға өзіндік ерекше тәсілдермен келуге мүмкіндік беру арқылы шығармашылықты ынталандыруға болады. Білім алушылардың өз қызығушылықтары мен құмарлықтарын зерттеуге еркіндік бере отырып, біз оларға инновациялық мәселелерді шешуші болу үшін қажетті дағдылар мен ойлау қабілетін дамытуға көмектесе аламыз.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Заңы. Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсанда, №293-VI қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz. 10.08.2022.
2. Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. – Алматы: ҚБТУ, 2011. – 240 б.
3. Петракова Т. Гуманистические ценности образования в процессе духовно-нравственного воспитания подростков: дис. док. пед. наук: 13.00.01. – М., 1999. – 440 с.
4. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
5. Алексеева В.Г. Молодой рабочий: формирование ценностных ориентаций. – М., 1983. – 216с.
6. Игнатенко П.Р. Формирование профессиональных ценностных ориентаций старшеклассников на труд в сфере обслуживания: автореф. КПН: 13.00.01. – Киев, 1978. – 24 с.
7. Робинсон К., Ароника Л. Школа будущего. Как вырастить талантливого ребенка. – М.: Манн. Иванов и Фербер, 2016. – 368 с.
8. Быстрова Т.Ю и др. Культурология. – Екатеринбург, 2014. – 192 с.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС ПЕН ӘДЕБИ БАҒЫТТАР

Шақантаева Н.Т.
«Тұран-Астана» университетінің магистранты, Астана, Қазақстан.

Әдеби ағымдар мен бағыттар – өз кезегінде қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси және философиялық жағдайларына реакция ретінде пайда болып, әр тарихи дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Көркем шығармашылықта қолданылатын көркемдік әдіс – бұл жазушының туынды жазу барысында пайдаланатын көркемдік тәсілдері мен шығармашылық ұстанымдарының жиынтығы болып табылады. Әрбір әдеби ағым немесе бағыт белгілі бір әдіснамалық негіздерге және эстетикалық ұстанымдарға сүйенеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында прозаның даму бағыты мен көркемдік әдістерінің эволюциясы – зерттеудің өзекті нысандарының бірі. Әсіресе, реализм – әдебиеттегі шындықты объективті әрі көркем түрде бейнелеуге негізделген әдіс ретінде ұлттық прозаның қалыптасу және даму үдерісінде маңызды рөл атқарды. Қазақ прозасындағы реализм ағымы – жазушының әлеуметтік болмысты, адам мен қоғам арасындағы күрделі қатынастарды, тарихи үдерістерді, ұлттық болмысты терең әрі шынайы суреттеуге ұмтылысынан туындаған көркемдік құбылыс. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ прозасы қалыптаса бастаған тұста-ақ реалистік сипаттар айқын байқала бастады. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері, Абай Құнанбайұлының қара сөздері, кейінгі кезеңде Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов секілді қаламгерлер шығармашылығында реализм ағымы жан-жақты дамыды. Бұл авторлар өз туындыларында қоғамдағы әлеуметтік

теңсіздік, ұлттық сана, тұрмыстық қайшылықтар, адам мінезі мен ішкі жан дүниесін бейнелеуде реалистік көркемдік әдістерді шебер қолдана білді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ прозасы мен реализм бағыты – бір-бірімен өзара тығыз байланыста дамыған көркемдік-эстетикалық құбылыс ретінде қарастырылады.

Мақалада көркемдік әдістің әдеби ағымдар мен бағыттар аясындағы орнын сараптау мақсатында бірнеше негізгі зерттеу тәсілдері мен дереккөздер қолданылды. Ең алдымен, тарихи-талдау әдісі пайдаланылды, өйткені әрбір әдеби бағыт пен ағым өзіне тән тарихи және мәдени жағдайлар аясында қалыптасып, сол уақыттың өзіндік сипатын бейнелейді. Әдеби ағымдардың пайда болу алғышарттары мен олардың көркемдік тәсілдері сол дәуірдегі әлеуметтік-саяси ахуалмен байланысты қарастырылады. Осы негізде, әрбір бағыттың қоғамдық санаға, философиялық ойларға және мәдени кеңістікке тигізген ықпалы зерттелді. Сонымен қатар, салыстырмалы сараптама әдісі қолданылып, романтизм, реализм, символизм, импрессионизм және модернизм сияқты әдеби бағыттардың көркемдік әдістері салыстырылды. Бұл ағымдардың ерекшеліктері мен ортақ белгілері анықталып, олардың эстетикалық қағидаттары мен философиялық негіздері талданды. Бұған қоса, аналитикалық тәсіл арқылы әр бағыттың шығармашылық табиғатындағы басты стильдік элементтері мен жанрлық сипаттары қарастырылды. Мақалада көркем шығармалардың нақты мысалдары арқылы теориялық байламдар дәйектеліп, көркемдік әдістің әдеби үдерістегі рөлі мен маңызы айқын көрсетілді.

Көркемдік әдіс белгілі бір тарихи жағдайлардың аясында қалыптасады, яғни белгілі бір көркемдік әдісті ұстанған қаламгерлерді ортақ идеал туралы түсінік, сол идеалға сай келетін (немесе оған қарсы қойылатын) кейіпкерлер типі, осыған байланысты туындайтын сюжет құрылымы секілді факторлар біріктіреді. Қоғамның тарихи және әлеуметтік жағдайларының сан алуандығы – көркемдік әдістердің де түрленуіне жол ашады [1, 143]. Мұндай пайым соңғы уақытта жарық көрген теориялық еңбектерде де кеңінен қолдау тапты. Көркемдік әдістің тарихи сипатқа ие екендігіне байланысты ғылыми пікірталастар кезінде біршама қызу өрбіген болатын және бұл мәселе төңірегінде сан түрлі теориялық көзқарастар қалыптасты. Ленинград университетінде шығарылған «Шет ел әдебиеті. Әдіс мәселесі» атты жинақтың авторлары көркемдік әдістің әдістемелік аспектілеріне ерекше назар аударып, оны тек статикалық категория ретінде қабылдауға болмайтынын алға тартты. Олар көркемдік әдісті тарихи-әдеби тұрғыдан бағалау белгілі бір теориялық қиындықтар тудыруы мүмкін екендігін ескертеді. «Смоллеттің сентиментализмін, Байронның классицизмін, Диккенс пен Бальзактың романтизмін, Золя мен Норристің реализмін қалайша нақты жіктейміз? Вальтер Скотт – реалист пе, әлде романтик пе? Фицджеральд пен Вульфтың романтикалық стилі немесе Фолкнердің модернистік әдістері қандай негізде түсіндірілуі тиіс?» деген сұрақтарды ортаға сала отырып, Ю.В. Ковалев былай деп жазады: «Әдісті динамикалық әрі диалектикалық категория ретінде мойындау – түрлі көлемдегі тұйық пікірлерден шығудың және әдістемелік жасанды мәселелерден арылудың бірден-бір жолы. Бұл жол – күрделі, жеткіліксіз зерттелген, ең бастысы – дәстүрлі жол емес» [2, 3]. Мұндай ойлар көбінесе көркемдік әдіс пен әдеби ағымдар мен бағыттар арасындағы өзара байланыс мәселесінен туындайды. Осы ғылыми проблема – яғни көркемдік әдіс, әдеби ағым және бағыттар арасындағы өзара қарым-қатынас пен ықпалдастықтың сипатын ашып көрсету – біздің назар аударатын басты мәселелердің бірі болып табылады.

Бұл ретте, Г.Н. Поспеловтың көзқарасы ерекше мәнге ие. Ол: «өмірді көркем бейнелеу принциптері» – типологиялық ұғым болып табылса, ал әдеби бағыттар мен ағымдар – нақты тарихи категориялар Көркемдік мазмұнның типологиялық белгілері өздігінен пайда болмайды әрі өздігінен өмір сүрмейді. Олар әрқашан да белгілі тарихи ерекшеліктерге негізделеді және оларды ғылыми тұрғыдан түсіну сол тарихи сипаттармен тығыз байланыста ғана мүмкін болады» [3, 22], – деп атап көрсетеді. Көркемдік әдіс пен әдеби ағымдар арасындағы күрделі байланыстарды зерттеуде және бұл ұғымдардың ара-жігін ашуда Поспеловтың ұсынып отырған ғылыми ұстанымдары өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар, ол: «Жазушылардың идеологиялық ұстанымдары мен теориялық көзқарастары тек қана өмірді

көркем бейнелеу принциптерінде емес, олардың бүкіл шығармашылық болмысында, яғни туындыларының көркем мазмұны мен формасының құрылымынан айқын байқалады. Сондықтан да бұл мәселені терең түсіну үшін алдымен әдеби ағымдар мен бағыттарды жан-жақты зерттеу қажет. Мұнда әсіресе әдеби ағымдардың маңызы жоғары, себебі әдеби бағыттар – тарихи тұрғыдан кеш пайда болған және арнайы бағдарламаға сүйенетін ағымдар» [3, 22], – деген маңызды тұжырым жасайды.

Жалпы алғанда, кеңестік әдебиеттану ғылымында бұл мәселе, яғни әдеби-тарихи үдерістегі көркемдік әдіс пен әдеби ағымдар мен бағыттардың арақатынасы жайында әрқилы ғылыми пікірлердің болғанын байқаймыз. Бұл тұрғыда әсіресе кең таралған екі негізгі ұстанымды бөліп көрсетуге болады. Бірінші көзқарас бойынша, көркемдік әдіс пен әдеби бағыт өзара тығыз байланыста қарастырылып, әдіс – бағыттың негізі, ал бағыт – әдісті қалыптастыратын фактор ретінде танылады. Осындай көзқарасты ұстанған ғалымдар қатарына А.Н. Соколов, И.Ф. Волков, Л.И. Тимофеев, Ю.И. Суровцев және басқаларды жатқызуға болады. Аталған зерттеушілердің тұжырымдамасы бойынша, әрбір әдеби бағытқа өзіндік тән көркемдік әдіс тән, әрі белгілі бір әдіс сол бағыттың шеңберінде өмір сүреді. Мәселен, А.Н. Соколов былай деп жазады: «Әдіс пен бағыттың арақатынасы мынада айқындалады: көркем шығармашылықтың әдісі идеялық-эмоционалдық мазмұнмен, бейнелік құрылыммен қатар өнердің әртүрлі деңгейдегі барлық қырларын қамтитын әдеби бағыттың аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады» [4, 77]. Ал Ю.И. Суровцев осыған ұқсас түрде: «Әдісті бағыттан ажыратуға болмайды. Әдіс дегеніміз – сол бағыттың көркемдік әдісі» [5, 117], – деген қорытынды жасайды.

Осылайша, көркемдік әдіс пен әдеби бағыттар мен ағымдардың арақатынасына қатысты екі түрлі теориялық ұстанымда да оларды «нақты-тарихи» немесе «типологиялық» белгілері негізінде түсіндіруге ұмтылыс анық байқалады. Бұл мәселеге талдау жасаудағы басты назар – көркем шығарма болып табылады, яғни әдеби туындының идеялық мазмұнын терең зерделей отырып, автордың шығармашылық ұстанымын ашуға және оны замана талабымен ұштастыруға ұмтылу басым [6]. Екі түрлі көзқараста да белгілі бір дәрежеде рационалдық негіздің бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Аталған ғылыми ұстанымдардың түйісетін тұсы – әдеби бағыттардың тарихи шындыққа негізделген нақты құбылыс ретінде танылуы. Бұл тұрғыдағы пікірлердің тоғысуы көркемдік әдіс пен ағым мәселесінің күрделі табиғатын зерделеудегі маңызды ғылыми алға жылжу болды. Алайда көркемдік әдіс ұғымына қатысты пайымдаулар әртүрлі бағытта дамыды. Бірқатар зерттеушілер (И.Ф. Волков, Л.И. Тимофеев және т.б.) оны нақты-тарихи категория ретінде қарастырса, ал басқа ғалымдар (П.А. Николаев, Г.Н. Поспелов және өзгелері) көркемдік әдісті типологиялық сипаттағы ұғым деп дәлелдеуге тырысты. Қазақ прозасындағы көркемдік әдіс пен әдеби бағыттар – ұлттық әдебиетіміздің даму заңдылықтарын, көркемдік-эстетикалық ізденістерін, тарихи және әлеуметтік үдерістермен тығыз байланысын айқындайтын маңызды ғылыми мәселе. XX ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңдегі прозалық шығармаларда әртүрлі көркемдік әдістер – реализм, романтизм, символизм, модернизм мен постмодернизм сынды бағыттардың белгілері көрініс тауып, авторлар өзіндік стильдік даралығын қалыптастырды.

Әдеби бағыттар мен көркемдік әдістер жазушының дүниетанымына, тарихи кезеңнің сипатына және көркемдік мақсат-міндетіне байланысты қалыптасатыны белгілі. Қазақ прозасында бұл үрдіс жазушылардың шығармашылық ізденістері арқылы жан-жақты дамып, көркемдік палитрасы кеңейіп отыр. Мысалы, кеңестік кезеңде социалистік реализм басым болса, тәуелсіздік алғаннан кейін жазылған прозаларда экзистенциалистік, символистік, модернистік және постмодернистік бағыттардың элементтері айқын көрініс тапты. Сөйтіп, қазақ прозасының көркемдік әдіс пен әдеби бағыттар тұрғысынан дамуы – тек эстетикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар ұлттық сана-сезімнің, тарихи жады мен рухани ізденістің көрінісі. Бұл үрдісті зерттеу – әдебиеттану ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов К. Әдебиеттану әліппесі. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2000. – 184 б.

2. Ковалев Ю.В. Проблемы эволюции метода в зарубежных литературах. // Зарубежная литература. Проблемы метода. Вып.2. Вопросы эволюции метода. – Ленинград, 1984. – С. 3-7.

3. Поспелов Г.Н. Взаимодействие литературных направлений и художественных методов. Творческие методы и литературные направления. – М.: МГУ, 1987. – С. 17-28.

4. Соколов А.Н. Теория стиля. – М.: Искусство, 1968. – 152 с.

5. Суровцев Ю.И. Социалистический реализм как литературное направления. // Социалистический реализм: Проблемы и суждения. – М.: Худ. лит., 1977. – 395 с.

6. Kleszcz L. Hermeneutic reason as the “Art of understanding” // Vestnik of Saint Petersburg University. – 2021. – Vol. 37. – Issue 3. – pp. 441-448.

ӘСКЕРИ ТҰТҚЫН ҚАЛАМГЕРЛЕР МҰРАСЫН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ (1941–1944 ЖЖ.)

Шалғынбекова А.Б.

2-курс докторанты, Ә. Марғұлан атындағы ППУ, Павлодар, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық сана мен рухани құндылықтарды сақтай отырып, жас ұрпақтың адамгершілік және азаматтық болмысын қалыптастыру. Осы тұрғыда құндылық бағдарлы оқыту концепциясы ерекше мәнге ие. Ол оқушының интеллектуалдық дамуын ғана емес, оның рухани әлемін, адамгершілік ұстанымын, тарихи жадын дамытуға бағытталады [3, 26-б]. 1941–1944 жылдары фашистік концлагерьлерде тұтқында болған қазақ қаламгерлері – Жұмағали Саин, Әбдірахман Асылбеков, Хамза Абдуллин және басқалар – ауыр тағдырға қарамастан, рух биіктігін, ел мен ар алдындағы адалдықты сақтау идеясын өз шығармаларында бейнеледі.

Мақаланың мақсаты – Хамза Абдуллин бастаған қазақ әскери тұтқын қаламгерлерінің шығармашылық мұрасын құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінде тиімді пайдаланудың ғылыми және практикалық жолдарын айқындау.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім мазмұнын адамгершілік және мәдени тәжірибемен байытуды көздейтін заманауи педагогикалық бағыт [1, 47-б]. Ол тұлғаның өзіндік «Менін» дамыту, рухани иммунитетін күшейту, ұлттық сана мен мәдени кодты сақтау арқылы қоғамдағы үйлесімді қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді [1, 56-б]. Әдебиет пәні – осы бағыттағы ең тиімді құрал, себебі ол адам мен қоғам, мораль мен ар туралы ойлануға мүмкіндік береді. Соғыс жылдарындағы әдебиет, әсіресе әскери тұтқын қаламгерлер мұрасы, осындай құндылықтық рефлексияны дамытудың ерекше әлеуетіне ие. [2, 62-б].

Екінші дүниежүзілік соғыстың ең ауыр кезеңінде неміс лагерлерінде тұтқынға түскен Хамза Абдуллин — тек жауынгер ғана емес, қазақ аудармашылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Тұтқын кезінде ол неміс тілін жетік меңгеріп, кейін соғыстан соң әлемдік әдебиетті қазақ тіліне аударуға зор еңбек сіңірді. Абдуллиннің шығармашылық жолы — рух биіктігінің айқын көрінісі. Ол тұтқындық өмірдің азабына мойымай, тіл үйреніп, білім жинап, кейін бұл тәжірибесін ұлт руханиятына арнады. Оның кейінгі аудармалары — Шекспирдің, Гётенің, Шиллердің туындылары — адамгершілік пен еркіндік идеяларын қазақ оқырманына жеткізді. Мұның бәрі Хамза Абдуллин тұлғасын рухани тұрақтылықтың, білім мен еңбектің, ұлттық намыстың символына айналдырады. Осы тұрғыдан оның өмір жолы мен шығармалары құндылық бағдарлы оқытуда еңбек пен білімнің құндылығын, рухани төзімділікті, ұлт алдындағы жауапкершілікті насихаттауда таптырмас материал.

Мұндай мұраларды оқу процесінде енгізудің тиімді жолдары мыналар:

1. Құндылықтық талдау әдісі – Х.Абдуллин мен Ж.Саин шығармаларын оқытуда басты идеялар: рухтың сынға түсуі, ар-намысты сақтау, білім арқылы еркіндікке ұмтылу.

2. Проблемалық сұрақтар әдісі – мысалы: “Тұтқындық өмір адам рухын сындыра ма, әлде шыңдай ма?” деген сұрақ төңірегінде пікірталас өткізу.

3. Пәнаралық байланыс – Хамза Абдуллиннің тіл үйрену мен аудармашылық еңбегі шет тілі, әдебиет, тарих сабақтарымен біріктіріледі.

4. Тұлғалық-бағдарлы жоба әдісі – оқушылар “Хамза Абдуллин — рух пен еңбектің символы” тақырыбында шағын зерттеу жүргізеді.

5. Рефлексия мен шығармашылық тапсырмалар – шығармадан үзінді оқып, оқушы өз өмірлік құндылықтарымен салыстырып эссе жазады.

1941–1944 жылдардағы қазақ әскери тұтқын қаламгерлерінің, әсіресе Хамза Абдуллиннің шығармашылық жолы – рухтың жеңісін дәлелдейтін тарихи және тәрбиелік феномен. Бұл мұраларды құндылық бағдарлы оқыту жүйесіне енгізу арқылы білім беру процесі терең адамгершілік сипат алады. Оқушы Хамза Абдуллин тағдыры арқылы еңбекке, білімге, еркіндік пен рухани төзімге құрметпен қарауды үйренеді [5, 95-б]. Бұл – ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық гуманизмнің түйісу нүктесі.

Мақала AP23490928 “Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы” жобасы аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаева С.С. Құндылық бағдарлы білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2010.
2. Айтмамбетова Б. Тәрбиенің жалпы негіздері. – Алматы: Рауан, 2003.
3. Саин Ж. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1975.
4. Асылбеков Ә. Солдат тағдыры. – Алматы, 1982.
5. Абдуллин Х. Мен көрген соғыс. – Алматы: Қазақстан, 1995.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Шарапиден А.Т.
Д. Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицей мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек тілдік дағдыларын қалыптастыру жеткіліксіз. Өйткені олардың адамгершілік, мәдени және эстетикалық құндылықтарын дамыту басты міндетке айналды. Сондай-ақ, білім беру тек ақпарат беруден тұрмай, оқушының жеке тұлғалық, әлеуметтік және мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Бұл ретте, тіл мен әдебиет сабақтары оқушының ойлау қабілетін дамытуға, өмірлік тәжірибесін байытуға, қоғамдағы мәдени кодтарды түсінуге және этикалық нормаларды ұғынуға ықпал етеді [1, 15-б.].

Құндылық бағдарлы оқыту теориясы тілдік және әдебиеттік пәндерді оқытуда оқушының танымдық, эмоционалдық және мәдени дамуын бір жүйеге келтіреді. Бұл тәсіл мәтіндерді түсінуге ғана емес, олардың терең мәнін бағалауға, өмірлік құндылықтарды анықтауға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құндылық бағдарлы оқыту оқушыны тек білім алушы ретінде емес, өз пікірін қалыптастыратын, жауапкершілікті сезінетін, этикалық нормаларды ұстанатын жеке тұлға ретінде дамытады [2, 5-б.]. Құндылық бағдарлы оқыту практикалық тұрғыдан да маңызды рөл атқарады. Әдеби шығармаларды талдау барысында оқушы адамгершілік, достық, әділдік, адалдық сияқты өмірлік құндылықтарды түсінеді және олардың маңыздылығын бағалай алады. Бұл тәсіл оқушының тілдік дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мәтінге қатысты өз көзқарасын білдіруге, талдау және салыстыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытудың ғылыми негіздерін зерттеу және оның сабақтағы практикалық мүмкіндіктерін анықтау. Зерттеу міндеттері: Құндылық түсінігі мен оның педагогикалық мәнін анықтау; Тіл мен әдебиеттің құндылықтық функциясын зерттеу; Құндылық бағдарлы оқытудың теориялық және практикалық әдістемесін қарастыру; Сабақтарда құндылықтарды қалыптастыру жолдарын көрсету; Оқушылардың жеке тұлғалық және эмоционалдық дамуына тіл мен әдебиеттің әсерін бағалау; Практикалық тапсырмалар мен сабақ үлгілерін құндылық бағдарлы оқыту принциптері бойынша әзірлеу.

Құндылық – адамның өмірінде маңызды, әлеуметтік, мәдени тұрғыдан бағалы деп саналатын идея немесе принцип. Педагогикалық тұрғыдан, құндылықтар оқушының ойлау қабілетін, мінез-құлқын және мәдени сезімін қалыптастыратын негізгі элемент болып саналады. Тіл мен әдебиет сабақтарында құндылықтар бірнеше бағытта көрінеді. Этикалық құндылықтар оқушыға адалдық, әділдік, кішіпейілділік сияқты моральдық қағидаларды түсінуге көмектеседі. Эстетикалық құндылықтар арқылы оқушылар сұлулықты қабылдау және шығармашылық сезімін дамыту қабілетіне ие болады. Мәдени құндылықтар ұлттық дәстүрлер мен тарихқа құрмет сезімін қалыптастырады, ал коммуникативтік құндылықтар сөйлеу мәдениеті мен тілдік этикаға бағытталған дағдыларды дамытады [3, 11-б.]. Ал әдебиет – адамзат мәдениетінің айнасы. Әдеби шығармаларды талдау арқылы оқушылар әлеуметтік және моральдық құндылықтарды меңгереді, адам мен қоғам арасындағы қатынасты түсінеді. Сонымен қатар, әдеби мәтіндер тілдік құралдарды тиімді қолдануға дағдыландырады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге ойлау және құндылықтарды бейнелеу құралы болғандықтан, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фольклорлық шығармалар және заманауи әдебиет оқушыға моральдық және эстетикалық тәжірибе береді. Осы тұрғыдан тіл мен әдебиет сабақтары оқушының ойлау қабілеті мен эмоционалды дүниесін үйлестіріп, құндылықтық бағаларды меңгеруіне ықпал етеді. Құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыруда бірнеше педагогикалық әдістер тиімді. Мәселен, сұрақ-жауап әдісі оқушыларға моральдық және әлеуметтік тұрғыдан ойлануға мүмкіндік береді, ал дискуссиялық әдіс әдеби кейіпкерлердің іс-әрекетін талдай отырып, құндылықтар туралы пікір алмасуға жағдай жасайды. Жобалық және шығармашылық тапсырмалар оқушыларға мәтінді өз тәжірибесіне байланысты қайта өңдеуге, эссе немесе шығармашылық жұмыс жазуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеграциялық тәсілді қолдану арқылы тарих, мәдениет, өнер пәндерімен байланыс орнатып, оқушыға құндылықтарды терең түсінуге жағдай жасалады [1, 22-б.].

Психологиялық тұрғыдан, құндылық бағдарлы оқыту оқушының жеке тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Бұл тәсіл оқушылардың эмоциялық интеллектін қалыптастырады, олардың өз эмоцияларын және өзгелердің эмоцияларын тану қабілетін дамытады. Сонымен қатар, оқушылардың моральдық шешім қабылдау қабілеті жетіліп, қиындыққа кезіккенде этикалық тұрғыдан дұрыс таңдау жасауға үйренеді. Құндылық бағдарлы оқыту шығармашылық ойлауды дамыта отырып, оқушының жаңа идеяларды қалыптастыруына және шығармашылық әрекетке белсенді қатысуына жағдай жасайды [4, 20-б.]. Практикалық тұрғыдан, сабақ барысында әдеби шығармаларды талдау арқылы оқушылар адамгершілік, достық, әділдік сияқты құндылықтарды меңгереді. Мысалы, Абай Құнанбаевтың шығармаларын оқыту кезінде оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдап, олардың өмірлік тәжірибесі мен шешімдерін қазіргі өмірмен байланыстырады. Сабақта сұрақ-жауап, дискуссиялық талдау, жобалық тапсырмалар және шығармашылық эссе сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, көркем сурет немесе бейне презентация жасау арқылы оқушының эстетикалық сезімін дамытуға мүмкіндік жасалады.

Шетелдік тәжірибелерде құндылық бағдарлы оқыту Еуропа мен АҚШ мектептерінде кеңінен қолданылады. Финляндия және Норвегия мектептерінде әдебиет сабақтары арқылы оқушыларға этикалық және әлеуметтік құндылықтарды түсіндіруге ерекше көңіл бөлінеді. Рөлдік ойындар, топтық талдау және әлеуметтік жағдайларды шешу әдістері оқушыны белсенді зерттеуші және сыни ойлай білетін тұлға ретінде қалыптастырады [5, 14-б.]. АҚШ-тағы «Character Education» бағдарламасы оқушыларға адалдық, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді әдеби шығармалар және жобалық жұмыстар арқылы үйретеді.

Құндылық бағдарлы оқыту тіл мен әдебиет сабақтарының сапасын арттырып қана қоймай, оқушыны әлеуметтік, мәдени және этикалық тұрғыдан дамыған тұлға ретінде тәрбиелейді. Теориялық және практикалық аспектілерді біріктіру оқушының сыни ойлау, шығармашылық және эмоционалды қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Шетелдік тәжірибелер мен отандық әдістемелердің үйлесімі сабақтың тиімділігін күшейтіп,

оқушыларды қоғамға бейім тұлға ретінде қалыптастырады. Құндылық бағдарлы оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін сабақ барысында әртүрлі практикалық әдістерді жүйелі түрде қолдану маңызды. Бұл әдістер оқушылардың тек білім алуын қамтамасыз етпей, олардың жеке тұлғалық, моральдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Сабақ барысында келесі негізгі әдістер кеңінен қолданылады: 1. Сұрақ-жауап әдісі. Бұл әдіс оқушыларға мәтін мазмұнын түсіндірумен шектелмей, кейіпкерлердің әрекеттері мен шешімдері туралы ойлануға мүмкіндік береді. Мысалы, Абайдың «Қара сөздер» шығармасын талдау кезінде мұғалім оқушыларға «Бұл әрекет әділдік қағидаларына сәйкес пе?» немесе «Осы жағдайда сіз қалай әрекет етер едіңіз?» деген сұрақтар қояды. Мұндай сұрақтар оқушыларды сыни ойлауға, логикалық қорытынды жасауға, өз пікірін негіздеуге үйретеді. 2. Дискуссиялық әдіс: Топтық талқылау арқылы оқушылар әртүрлі көзқарастарды салыстырады және өз пікірлерін қорғауды үйренеді. Әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқын, шешімдерін және олардың салдарын талдау оқушыларға этикалық тұрғыдан ойлануға септігін тигізеді. Мысалы, топтар кейіпкерлердің өмірлік таңдауын талқылап, олардың шешімдерін қазіргі өмірлік жағдайға байланысты салыстыра алады. Дискуссиялық әдіс оқушыларды белсенді қатысуға, өз ойын ашық білдіруге және басқа пікірлерді тыңдауға үйретеді, бұл олардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытады. 3. Жобалық және шығармашылық тапсырмалар: Мәтіннің идеясын бейнелеу мақсатында оқушылар эссе, әңгіме немесе көркем шығарма дайындайды. Мысалы, кейіпкердің әрекетін қазіргі өмір жағдайына бейімдеу, сценарий немесе қысқа қойылым жасау оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады. Сонымен қатар, жобалық жұмыстар арқылы оқушылар зерттеу дағдыларын дамытады, мәтінді терең талдайды, этикалық және эстетикалық бағалауды үйренеді. 4. Интеграциялық тәсіл: Бұл әдіс тарих, мәдениет, философия сияқты пәндермен байланыстыру арқылы мәтінді терең талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, Абай шығармасындағы идеялар мен қазақ қоғамының тарихи дамуы арасындағы байланыс зерттеледі. Мұндай интеграциялық талдау оқушыларға мәдени құндылықтарды терең түсінуге, мәтін мазмұнын тарихи және әлеуметтік контекстте бағалауға көмектеседі. Интеграциялық тәсіл сондай-ақ оқушылардың сыни ойлау қабілетін, тарихи сана сезімін және мәдени түсінігін дамытады [1, 40-б.]. Сабақ барысында осы әдістерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың әдеби білімін жетілдіріп қана қоймай, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады, моральдық және әлеуметтік шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар, әр әдіс оқушыларды белсенді зерттеуші, сыни тұрғыдан ойлай білетін және өз пікірін ашық білдіретін тұлға ретінде дамытуға бағытталған.

Құндылық бағдарлы оқыту сабақтарының тиімділігін арттыру үшін қосымша құралдар мен тәсілдерді қолдану маңызды. Бұл әдістер оқушылардың білімін тек теориялық тұрғыдан меңгеруге емес, олардың моральдық, эстетикалық, мәдени және коммуникативтік қабілеттерін жүйелі дамытуға бағытталған. Бірінші кезекте сабақта инфографика мен кестелерді қолдану тиімді тәсіл саналады. Әр сабақта қолданылатын әдістерді, тапсырмаларды және бағалау критерийлерін визуалды түрде көрсету оқушыларға ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, сабақтың құрылымын айқын етеді. Мысалы, әр әдіс бойынша оның мақсаты, сабақтағы қолданылуы және күтілетін нәтижесі кесте немесе инфографика арқылы ұсынылуы мүмкін. Сұрақ-жауап әдісі оқушыларды сыни ойлауға және логикалық қорытынды жасауға бағыттаса, дискуссиялық әдіс әртүрлі пікірлерді салыстыруға және этикалық тұрғыдан ойлануға мүмкіндік береді. Жобалық және шығармашылық тапсырмалар шығармашылық қабілет пен эстетикалық талғамды дамытса, интеграциялық тәсіл мәтінді тарихи, мәдени және философиялық контексте талдауға жағдай жасайды. Инфографика сабақтың визуалды құрылымын көрсетіп қана қоймай, әр тапсырманың мақсатын және күтілетін нәтижесін бірден түсінуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолданатын сабақтарда маңызды болып табылады.

Сабақтағы әдістердің тиімділігін арттыру үшін салыстырмалы талдау жасау да маңызды. Қазақ әдебиеті мен шетел әдебиетін салыстыру оқушыларға кең ауқымды аналитикалық қабілет береді. Мысалы, Абай Құнанбаев шығармаларында адамгершілік, әділдік, адалдық сияқты моральдық құндылықтар басым болса, шетел әдебиетінде, мысалы Уильям Шекспир

немесе Чарльз Диккенс шығармаларында әлеуметтік әділет, адам құқықтары және жеке жауапкершілік идеялары ерекше көрінеді. Салыстырмалы талдау барысында оқушылар моральдық дилеммаларды шешуді үйренеді, әдеби кейіпкерлердің әрекетін қазіргі өмірлік жағдайлармен салыстырады және өз көзқарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл тәсіл эстетикалық талғамды дамытып, мәдени айырмашылықты түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ және шетел әдебиетінде көрініс табатын мәдени кодтарды салыстыру арқылы оқушылар ұлттық дәстүр мен басқа халықтардың мәдени ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың мәдени құндылыққа құрмет сезімін қалыптастырады.

Сабақта құндылықтарды жүйелі енгізудің тиімді жолдарының бірі – оларды модульдік жүйе арқылы көрсету. Бұл тәсіл әр сабаққа этикалық, эстетикалық, мәдени және коммуникативтік құндылықтарды алдын ала жоспарлап, сабақтың құрылымына кірістіруге мүмкіндік береді. Мысалы, моральдық шешімдер модулі кейіпкер әрекеттерін талдау арқылы оқушыларға адалдық, әділдік және жауапкершілік сияқты құндылықтарды меңгеруге жағдай жасайды. Эстетикалық модуль шығармашылық тапсырмалар арқылы эстетикалық талғам мен көркемдік сезімді дамытса, мәдени модуль тарихи және мәдени контекстте мәтінді талдауға бағытталады. Коммуникативтік модуль дискуссия, рөлдік ойын және топтық жобалар арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін, топтық жұмысқа қатысуын және сыни ойлау қабілетін жетілдіреді. Модульдік жүйе оқушылардың құндылықтарды кезең-кезеңімен меңгеруіне, олардың өз дамуын бақылауына және өзара бағалау арқылы кері байланыс алуына мүмкіндік береді.

Инфографика, кестелер, салыстырмалы талдау және модульдік жүйе сабақтарды жоспарлауда практикалық маңызға ие болып қана қоймай, оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерін және мәдени-социоэтикалық түсінігін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл тәсілдер оқушыларды тек білім алушы емес, белсенді зерттеуші, сыни тұрғыдан ойлай білетін және өз пікірін дәлелдей алатын тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Сабақта осындай практикалық құралдарды қолдану арқылы оқушылар әдеби шығармаларды терең талдайды, мәдени және этикалық құндылықтарды меңгереді, өзара пікір алмасу арқылы әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді [6, 11-б.]. Осы тәсілдерді сабаққа жүйелі түрде енгізу, сонымен қатар шетелдік тәжірибелерді ескеру, білім беру процесін байытады және оқушылардың жеке тұлғалық, моральдық, эстетикалық және мәдени дамуына ықпал етеді. Модульдік жүйе мен салыстырмалы талдау әсіресе орта және жоғары сыныптардағы әдебиет сабақтарында құндылық бағдарлы оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер сабақтың теориялық және практикалық бөліктерін үйлестіріп, оқушылардың білімін және тұлғалық қасиеттерін біртұтас дамытуға жағдай жасайды.

Құндылық бағдарлы оқыту тіл мен әдебиет сабақтарының негізгі мақсатын кеңейтіп, оқушының тек білім алуын ғана емес, оның жеке тұлғалық, моральдық, эстетикалық және мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды педагогикалық бағыт болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, тіл мен әдебиеттің сабақтары тек ақпарат беру құралы болып қана қалмай, оқушыларға өмірлік құндылықтарды меңгеруге, әлеуметтік және моральдық шешімдер қабылдауға, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Құндылық түсінігі педагогикалық тұрғыдан оқушының ойлау қабілеті, мінез-құлқы және мәдени сезімін қалыптастыратын негізгі элемент ретінде қарастырылады. Әдеби шығармалар арқылы оқушылар этикалық, эстетикалық, мәдени және коммуникативтік құндылықтарды меңгереді. Мысалы, Абай Құнанбаев шығармалары арқылы адамгершілік, әділдік, адалдық сияқты моральдық қасиеттерді үйренсе, шетел әдебиетінде оқушылар әлеуметтік әділет, жауапкершілік және адам құқықтарын түсінеді. Осылайша, салыстырмалы талдау олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға және мәдени айырмашылықты бағалауға септігін тигізеді.

Практикалық бөлімде ұсынылған әдістер – сұрақ-жауап, дискуссиялық талқылау, жобалық және шығармашылық тапсырмалар, интеграциялық тәсілдер – оқушылардың белсенді қатысуын арттырады. Бұл әдістер олардың шығармашылық ойлауын, аналитикалық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлауын және әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді. Сонымен

қатар, сабақта рөлдік ойындар, комикс немесе визуализация, эссе және презентациялар арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушылардың эстетикалық талғамын және эмоционалдық интеллектін дамытады. Модульдік жүйе арқылы құндылықтарды кезең-кезеңімен енгізу сабақтарды жүйелі жоспарлауға және оқушылардың жеке дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Құндылық бағдарлы оқытуда бағалау жүйесі де дәстүрлі тәсілдерден ерекшеленеді. Бағалау тек білім деңгейін тексеруге емес, оқушының құндылықтарды меңгеру деңгейін, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін, сондай-ақ топтағы белсенділігін бағалауға бағытталған. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерін қолдану арқылы оқушылар өздерінің жетістіктерін көре отырып, өз дамуын бақылауға үйренеді және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіреді. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, құндылық бағдарлы оқыту тек ұлттық әдебиетке ғана емес, әлемдік әдебиет пен мәдениетке де негізделсе, оның тиімділігі артады. Финляндия мен АҚШ-тағы бағдарламалар оқушыларды этикалық және мәдени тұрғыдан тәрбиелеуге, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған [7, 30-б.]. Бұл тәжірибе Қазақстан мектептерінде де қолдануға болады, әсіресе салыстырмалы талдау мен интеграциялық тәсілдерді енгізгенде.

Жалпы қорытындылай келе, құндылық бағдарлы оқыту келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізеді: Оқушылар әдеби шығармаларды терең талдайды, олардың этикалық, эстетикалық және мәдени мәнін түсінеді; Оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттері және коммуникативтік дағдылары дамиды; Сабақтар тек білім беруге емес, жеке тұлғаның әлеуметтік, моральдық және мәдени тұрғыдан қалыптасуына бағытталады; Модульдік жүйе мен салыстырмалы талдау оқушылардың өзара бағалау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді; Шетелдік тәжірибе және инновациялық әдістерді қолдану оқытудың тиімділігін арттырып, оқушыларды белсенді, мәдени және этикалық тұрғыдан жетілген тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, тіл мен әдебиет сабақтарында құндылық бағдарлы оқытуды жүйелі түрде енгізу оқу процесін толықтырады және оқушылардың білімін, жеке тұлғалық қасиеттерін, моральдық және мәдени дамуын қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай жетілдіруге және оқушыларды қоғамдағы белсенді, мәдениетті, жауапкершілігі мол тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова, Г. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018. – 256 б.
2. Қасымова А. Құндылық бағдарлы оқыту: теория мен тәжірибе – Астана, 2020, – 210 б.
3. Мұратбекова С. Тіл және әдебиет сабақтарында құндылықтарды қалыптастыру. – Қызылорда: Білім, 2019, – 198 б.
4. Жұмабаев Б. Педагогикалық психология негіздері. – Алматы: Мектеп, 2017, – 240 б.
5. Morrison T. European Practices in Value-Based Education. – London: Routledge, 2017, – 254 p.
6. Назаров Р. Құндылық бағдарлы оқытудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2020, – 230 б.
7. Walker, L., & Davis, K. *Integrating Moral and Cultural Education in Schools*. – London: Palgrave Macmillan, 2015, – 289 p.

3. АХМЕТОВАНЫҢ «КҮРЕТАМЫР» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

С. С. Шокабаева[1], М. Б. Баймуханбетова[2]

[1] Доцент м.а., ф.ғ.к.; [2]доцент, ф.ғ.к., .Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ұлттық құндылық – халықтың, ұлттың ең құнды, рухани, материалдық қазынасы. Ал ұлттық құндылықты сақтау – тұтас бір ұлтқа аманат, мәңгілік тақырып, мәселе. Көптеген ұлтжанды жырау, жыршы, ақын, жазушы, қоғам қайраткерлері, ғалым, ұлы тұлғалардың бәрі

ұлттық құндылықтар тақырыбында жазған және сол үшін күрескен. “ ұлттық құндылық тақырыбы тек бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды. Бұл адамзат тарихында сонау IX-XV ғасырлардағы Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы сияқты қазақ даласының ойшылдарының еңбектеріндегі “Кемел адам” тұлғасын жасау идеясында айқындалған. Ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасу негіздері ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларынан бастау алады” [1, 3-8-бб.]. Ата-бабаларымыздан бастау алған ұлттық құндылықтардың өзегін жалғап, сабақтастырып, рухани байлығымызды құнттап, бағалап, оны ұлт санасына ұялатып, насихаттап, бұл тақырыпқа арнап кітаптар жазып жүрген XXI ғасырдағы осындай халқына қалаулы, еліне елеулі қаламгерлеріміздің бірі – Зейнеп Ахметова.

Зейнеп Ахметова (18 қаңтар 1945 жыл) – белгілі жазушы, қоғам қайраткері және қазақтың ұлттық дәстүрлерін насихаттаушы. Ол даңқты қолбасшы әрі халық батыры Бауыржан Момышұлының келіні, жазушы Бақытжан Момышұлының әйелі. Зейнеп Ахметова қазақ мәдениетінің дістүрлерін, отбасылық құндылықтарын және қыз-келіншектердің тәрбиесін сақтау мен дамыту жолында үлкен еңбек сіңірген [2].

Жазушы З.Ахметованың “Күретамыр” еңбегінде қазақтың халық санасында көнеріп, ұмытылып бара жатқан немесе қазір бар болса да, сәл бұрмаланып, өзгертіліп қолданылып жүрген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар жайында нақты, анық ақпарат кеңінен берілген, қамтылған. Кітаптың “Күретамыр” деп аталуының өзінде де терең мән, мақсат бар. Бұл жайында автор былай деп жазады: “Күретамыр деп, қанды жүректен дене мүшелеріне тасымалдап таситын ең ірі, ең маңызды қан тамырды айтады. Күретамырдың бітеліп қалмай, қызметінің жақсы атқарылуы адамның қалыпты өмір сүруінің кепілі. Сол секілді әрбір халықтың жеке атауды иемденетін ең басты белгісі, яғни жүрегі – тілі болса, сол тіл арқылы танытатын да, сақтайтын да – күретамыры” [3, 3-б.].

Кітап “Ұрпақ жалғастығы”, “Ата-ана арманы”, “Құрсақ шашу”, “Жеріктік өріс”, “Келін күтімі”, “Кіндік шеше”, “Аққолды ана”, “Жарысқазан”, “Шілдехана”, “Итжейде немесе иткөйлек”, “Қалжа”, “Уыз”, “Балаға ат қою”, “Бесіктой”, “Бесік әкелу”, “Бесік жыры”, “Қырқынан шығару”, “Тымаққа салу”, “Бауырынан табақ алу”, “Тұсаукесер”, “Көгентүп”, “Танабау”, “Тіл ұстарту”, “Бауырына салу”, “Асырап алу”, “Жеті ата”, “Ашамайға мінгізу”, “Сүндет той”, “Сырға той”, “Тілашар”, “Айдар”, “Кекіл”, “Тұлым”, “Тұмар”, “Көзмоншақ”, “Бүйрек сыбаға”, “Құлақ беру”, “Таңдай беру”, “Мүшел”, “Жолашар”, “Тоқымқағар”, “Жиенқұрық”, “Енші беру”, “Шашу”, “Асату”, “Байғазы”, “Көрімдік”, “Базарлық”, “Айттық”, “Асар”, “Жарапазан”, “Тыйым”, “Түйін” деген сияқты тақырыптарды қамтиды.

“Ұрпақ жалғастығы” тақырыбының негізгі түйіні – “Іштен қыңыр туғанды тезге салсаң түзелмес” (көне сөз), “Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шahap опат болады” (көне Шығыс даналары). “Ата-ана арманы” тақырыбының негізгі түйіні – “Бесіксіз үйде береке болмайды”, “Балалы үй – базар”, “Балам – балым, баламның баласы – жаным” (мақал-мәтелдер), “Қазаның булы, жөргегің сулы болсын!” (бата). “Құрсақ шашу” жайында автор былай деп жазады: “Ұрпақ қамын ойлаған көргенді ене арнайы дастарқан жайып, ауылдағы әйелдерді “құрсақ шашу, кейде “құрсақ той” деп аталатын дәстүрлі қонақтыққа шақырады. Шақырылған әйелдер құрқол келмейді, әрқайсысы өз үйлерінен әртүрлі тағам әкеледі. Ондағы мақсат – келіннің жерік асын табуға жәрдемдесу. Құрсақ шашудың негізгі мәні де, мақсаты да осында жатыр” [3, 7-б.]. Қазір бізде керісінше, “гендер пати” ұйымдастырып, жүкті әйелдің үй іші қонақ шақырып, әлі дүниеге келмеген баланы алдын ала тойлайды. “Гендер пати” – қазаққа жат, ұлттық салт-дәстүр, жоралғымызға қарсы, шет елден келген салт.

“Жеріктік өріс”. “Жерік астың адамның мінез-құлқына, жаратылысына тікелей әсері болады дейтін әжелер сөзінің шындыққа жақын екенін көрсетеді” [3, 13-б.]. “Қалжа”. “Шілде тері шықпаса, қырық түрлі қырсық жабысады деп ой түйген”. “Тамырына сүйенген тал бәйтерек болады”. “Уыз”. “Адам бойындағы ізгі қасиеттің бәрі ана сүтімен берілетінін бүкіл әлем біледі. “Уызына жарымаған өмірінде жарымайды”. Ана сүті – адам баласының шынайы түрде, жақсы сапада адам болып қалыптасуының, өміршеңдігінің басты кепілі. Жаңа туған

нәрестеге қатысты міндетті түрде орындалатын маңызды дәстүрдің біреуі – баланы ауыздандыру. Баланы маймен ауыздандырған" [3, 41-43-бб.].

"Балаға ат қою". Адамның өмірі азан мен намаздың арасы, – дейді мұсылмандар. Қазіргі кезде қазақтың ат қоюы да өзінің ұлттық сипатын да бағытын жоғалтып барады. Әрине, баласына қандай қойып, не деп атауы керек, ол ата-ананың өз шаруасы, талғамға талас жоқ. Дей тұрғанмен, Диана, Тансу, Даяна, Айлин, Дамир, Сандия, Самир секілді қазаққа тән емес, мағынасы түсініксіз жеңіл-желпі атауларға тым әуестеніп кеттік. Тағы бір бас шайқататын Анара, Жанара, Баяна, Жаната болып мәнін де, сәнін де ойсыратып бітті [3, 45-49-бб.].

"Бесік жыры". Бесіктегі бала бес түлейді. Бесікке жататын баланың бір ерекшелігі – бесігін аңсап тұратындығы [3, 72-б.]. "Қырқынан шығару". Қар қылаудан өседі, бала сылаудан өседі. Қырқынан шығарудың ең басты мәні – сәби қырық күнге жеткенде еті мен сүйегі бірігеді. Бала енді тіршілікке бейімделе бастайды, адам болуға бет бұрады [3, 75-б.]."Тұсаукесер". Ала жіптің себебі Жақсылық болып басына бақ қонғанда асып-тасып асылық жасамасын, қиындықта жасып басылмасын, өмірінің күнгейі мен көлеңкесінен тең өтсін! – деп баланың аяғына тұсалған ала жіпті пышақпен шорт кеседі [3, 84-б.]. Қазір біздің қоғамда, заманда ерекше білім беруді қажет ететін, дұрыс, анық сөйлей алмайтын, жарымжан балалар көбейіп барады. Ата-аналардың балалары үшін логопед маманды іздейтінін, ақыл-ойы, тілі өз жасынан кеш дамып жатқан балалар санының жылдан-жылға өсіп келетінін де жиі естіп те, көріп те жүрміз. "Көгентүп". Жас баламен байланысты әдемі салттың бірі – көгентүп. Көгентүп – баланың көгенінің түбі болсын, малының басы болсын деген ақ ниетпен берілетін төл [3, 93-б.]. "Танабау". Танабау тағудың өзіндік әртүрлі себептері болады. Мысалы, бүлдіршін ата-анасымен ауылдан ұзап жолаушылап келгенде "жолы болып жүрсін", "алдынан жақсы адамдар кездессін", "барған жерінде ашылатын есік көп болсын" деген бата-тілек айтылып, "танабау" қадайды [3, 95-б.].

Қазақта "Тіл ұстарту" салты бар. Ата-бабамыз балаларға жұмбақтар, жаңылтпаштар, өлеңдер жаттатқызған. Төрт түлік, оның төлдері, шығаратын дауыстарына, оларды шақыруға қатысты өлеңдерді ойын ретінде ұйымдастырып жаттатқызған. Үй жануарларының, аңдар мен құстардың қимыл-қозғалысын, жүріп-тұруын ойын түрінде қайталатады. Ойынның аты – "Қалай айтуды білемін" деп аталады.

Жеті ата. Бала → әке → ата → баба → арғы ата → түп ата → тек ата. Ал жоғарыдан төмен қарай әке → бала → немере → шөбере → шөпшек → немене → туажат.

Ашамайға мінгізу. Бала өміріндегі аса қуанышты да атаулы күндердің бірі – ашамайлы тайға мінгізу салты. Ашамай той [3, 117-б.].

Сүндет той. Сүндеттойдың басқа тойлардан ерекшелігі – жұртты тойға сүндеттелетін бала өзі шақырады [3, 123-б.].

Сырға той. Қазақ халқы тоғыз жасты балиғатқа толған кез санайды, дегенмен құлақты жеті жаста теседі. Жеті әлем жаратылысының саны болғандықтан, қасиеттейді. Ұл баланы сүндетке отырғызумен бірдей қыз да есеюдің алғашқы сатысынан өтеді [3, 135-б.].

Міне, осы сияқты жоғарыда аталған салт-дәстүр, жоралғылардың бәрінің адам өміріндегі маңызы зор. Өкінішке орай, қазір бұндай ырым-тыйым, жоралғы, салт-дәстүрдің біршамасы ұмытылып бара жатыр. Бұл, әрине, ұлт, болашақ үшін өте қауіпті.

Қорытындылап айтқанда, танымал жазушы, қоғам қайраткері және қазақтың ұлттық дәстүрлерін насихаттаушы З.Ахметованың "Күретамыр" кітабы – ұлттық құндылықты, мәдениетті, тарих, әдебиетті, ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелеріне арналған құнды еңбек. Бұл – мәңгілік тақырыпқа арналған, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық идеология, ұлттық тәрбие қағидаттары, отбасындағы тәрбиенің маңызы туралы жазылған өміршең рухани азық. З.Ахметованың тілшілерге берген сұхбаттарында мектепке "Халық педагогикасы" пәні енгізіліп, оқытылуы керек деген тамаша идеясы, ойы бар. Біз де осы ұсынысты қолдап, мектептерге, колледждерге, жоғарғы оқу орындарына "Халық педагогикасы" пәні енгізіліп, оқытылуы керек деп есептейміз. Қазіргі жаһандану үрдісі қарқынды жүріп жатқан заманда ұлтымызды "Темірқазығынан" адастырмайтын өмірге қажет бағдар – ұлттық құндылықтарды сақтау, кейінгі буынға, ұрпаққа жеткізу, оның өміршеңдігі, мәңгілік болуы.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джонисова Г.Қ. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру: П.ғ.к. дисс. автореферат: 13.00.01. – Атырау, 2010. – 30 б.
2. Зейнеп Ахметова [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%97%D0%B5%D0%B9%D0%BD%D0%B5%D0%BF_%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B2%D0%B0
3. Ахметова З. Күретамыр. – Алматы, 2018. – 208 б.

САН МЕН САНА: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ҚЫРЫҚ» ҰҒЫМЫ

Інкарқызы Ж.

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан.

Қазақ халқының дүниетанымында сандар тек есептік мәнге ие көрсеткіш қана емес, сонымен қатар киелі ұғым, мәдени код, символдық мазмұн ретінде де көрінеді. Солардың ішінде қырық саны ерекше орын алады. Бұл сан халық санасында мифологиялық, діни, ритуалдық және фразеологиялық деңгейде тамыр жайған. Зерттеу барысында біз қырық санының этномәдени негіздерін, символдық мәнін, сонымен қатар заманауи санада қалай сақталып қалғанын анықтауға тырыстық.

Мақаланың негізгі мақсаты – *қырық* санының қазақ дүниетанымындағы символдық көріністерін жан-жақты талдау. Аталған санның қазақ танымындағы маңызын көрсету үшін тарихи, генеологиялық, діни, мифологиялық аспектілерде талдау жасалады. Киелі сандарды, соның ішінде *қырық* санының символдық мағынасын зерттеу тіл білімінен бөлек, психология, әлеуметтану, философия, антропология т.б. ғылым салаларының дамуына зор үлес қосады. Қазақ танымындағы сандар этимологиясы І.Кеңесбаев, Ә.Хасенов, Ә.Қайдар, Н.Уәлиұлы, Т.Жанұзақов, Е.Қойшыбаев, Т.Сайрамбаев, Қ.Ғабитханұлы, Қ.Тәжиев, Қ.Дүсіпбаеваның еңбектерінде әртүрлі аспектілерде зерттеледі.

Қырық санының киелілігі тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл шығыс өркениеттері мен монотеистік діндердің дүниетанымында кездеседі. Бұл сан ежелгі шумер, вавилон, үнді, парсы және араб мәдениеттерінде белгілі бір өмірлік кезеңдерді, тазарту процесін, рухани өсу сатысын білдірген.

Ислам дініндегі көрінісі: Мұхаммед пайғамбарға уахи түскенде жасы қырықта еді. Құранда пайғамбарлардың қырық күн ораза ұстағаны, қырық күн тазару рәсімдері баяндалады. Бұл – қырық санының рухани толықтық, жетілу, жоғары сананың пайда болуы кезеңін білдіретінін көрсетеді.

Түркілік дәуірмен сабақтастығы: Ежелгі түркілерде «қырық батыр», «қырық ру», «қырық серік» ұғымдары жиі кездескен. Бұл – санның бірлік пен қауымдық құрылым символы ретінде қабылданғанын көрсетеді.

Қазақтар үшін қырық санына деген құрмет діни немесе мифологиялық түсініктермен шектелмей, нақты өмірлік құрылымдарда көрініс тапты. Қырық күн – жаңа туған нәрестенің қалыптасу кезеңі, өлім мен өмірдің өтпелі уақыты, рух пен тәннің түзілу мерзімі деп есептеледі. Бұл туралы З.Ахметованың «Күретамыр» еңбегінде баяндалады: «Қырық күн, қырық саны адам жаратылысымен тікелей байланысы болғандықтан қасиеттейді. Бойға бала бітерде ештеңені артық-кем жаратпаған Алла Тағаланың құдыретімен бір тамшы ұрық суы қырық күнде қанға айналады, қаннан қырық күнде етке айналады. Тағы қырық күнде еттен сүйек пайда болады, одан қырық күн өткен соң, ет пен сүйекке жан бітеді және қырық күн өткенде жан алған ет пен сүйек адам пішініне енеді. Содан кейін шақалаққа сезім жүйесінің пайда бодуына қырық күн кетеді.Тағы қырық күнде бала толысады. Сөйтіп, 280 күн – қырық аптада, анығын айтқанда, тоғыз ай, тоғыз-он күнде нәресте өмірге келеді. Баланы қырқынан шығару – жоғарыдағы қырықтардың соңғы жалғасы» [1, 75-б.].

Қазақ халқының дүниетанымында қасиетті сан саналатын қырық саны тек мифтік және символдық мәнмен ғана емес, сонымен қатар «қырқын беру» сияқты жерлеу және еске алу дәстүрлерімен де тығыз байланысты. Қырқын беру дәстүрі – қазақ халқының ежелден келе жатқан жерлеу және еске алу ғұрпының маңызды бөлігі. Адам қайтыс болғаннан кейін оның «үші», «жетісі» («тоғызы»), «қырқы» («қырық тоғызы»), «жүзі», «жылы» беріледі. Бұл атаулардың әрқайсысы өмір мен өлім арасындағы белгілі бір рухани кезеңді, тұтастықтың шегін білдіреді. Дәстүрлі түсінік бойынша, марқұмның жаны жер бетінде қырық күн бойы болады да, қырық бірінші күні ғана о дүниеге өтеді. Қазақ дүниетанымында бұл сәт «ит күзеткен қақпадан өту», «иттің кейпіне ену», «ит көйлегін кию» сияқты метафоралармен бейнеленген. Мұның бәрі өлім мен өмір арасындағы өтпелі кезеңнің символдық сипаттарын көрсетеді. Ежелгі замандарда «қырық» сөзі тек сандық ұғым емес, жылдық циклдің толықтығын білдірген. Сондықтан «үшін», «жетісін», «қырқын», «жылын» беру секілді рәсімдер де осы уақыттық айналымдардың бір-бірімен байланысын көрсетеді. Уақыт өте келе бұл атаулар сандық мағына алып, әрқайсысы нақты ғұрыптық кезеңді білдіретін еске алу дәстүрлеріне айналған [2, 344-б.].

Қырық санының киелі болып қалыптасуына төрт санына байланысты дүниетанымның әсері болғаны жайлы деректер кездеседі. Қ.Ғабитханұлы қырық саны мен төрт санын бір тақырып аясына алып зерттейді. *Төрт* саны туралы жалпылама ұғым басқа сандық ұғымдарға қарағанда алтай тілі жүйесіндегі халықтарда өте ертеден қалыптасқанға ұқсайды. М.Томанов: «Тіліміздегі сан, санақ мөлшері жайлы ұғымдарды білдіретін сөздер бірнеше түрлі және олардың құрамы жағынан да әр түрлі. Сөз таптарының ішінде бір-бірінен алшақ, бір-біріне сай түспей жататыны да осы сан есімдер. Рамстедт алтай тілдеріне ортақ сан есім деп тек қана «төрт» сөзін көрсетеді» [3, 112-б.], - дейді.

Қазақ тілінде қырық санына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер сан ғасырлық өмір тәжірибесінің көрінісі ретінде сақталған: Қызға қырық үйден тыйым – қыз баланың тәрбиесіне бүкіл қоғам жауапты екенін білдіреді. Бұл тіркес әйел адамның абыройы мен әдебі қоғам үшін маңызды екенін көрсетеді.

Қырық рулы ел – бүкіл халықты, бүкіл елді білдіреді. Мұнда қырық санымен көпшілік ұғымы бірігеді. Қырық күн шілде – жаздың аптап ыстығы. Мұнда қырық – мерзімдік өлшем ғана емес, шыдамдылық пен қиындық кезеңінің символы. Қырық уәде беріп, біреуін орындамау – сенімсіздік, жалғандықты білдіретін этикалық ұғым. Қырықтың бірі – Қыдыр – қазақ а қонақжайлық пен киелі меймандостық ұғымымен тығыз байланысты. Құдайы қонақты сыйлау, күтпеген мейманды құрметтеу дәстүрінен шыққан. Әйелдің қырық жаны бар – әйел затының төзімділігі мен өмірлік күреске бейімділігін, күш-жігерінің молдығын бейнелейді. Қиындыққа мойымай, ауыртпалықтарға төтеп бере білетін әйел табиғатын көрсету үшін айтылады.

Қазақ халқының дүниетанымында «қырық» саны ерекше мағынаға ие. Бұл сан тек сандық көрсеткіш қана емес, сондай-ақ киелі, сиқырлы, көптік және шексіздік мәнге ие символ ретінде де танылады. Жалпытүркілік мәдениетте де бұл ұғым тұрақты тіркестер мен салт-дәстүрлерде кеңінен көрініс тапқан. Қырыққа бөліну — татар тіліндегі «кырыкка ярала алман бит инде» тіркесіне ұқсас, қазақ тілінде бұл сөз тіркестері адамның ішкі жан дүниесінің күйзелісін, екіұдай күй кешіп, шешім қабылдай алмай тұрғанын білдіреді. Мағынасы: «мың ойға бату», «қатты қиналу». Қырық ожау суға шомылдыру — баланы көз тиеді деген сеніммен қырық қасық сумен жуындыру рәсімі. Бұл нанымда қырық саны арқылы тазару, киеден арылу, қорғау мағынасы беріледі. Қырық үйден ас алып келу — сүйегі сынған немесе науқас адамға 40 үйден әртүрлі дәм жинап беру арқылы сауығуға ниет білдіру. Бұл дәстүрде қырық саны халықтың ортақ қолдауы мен ниетін білдіреді. Қырық жілік болғыр — Негативті мағынада айтылатын қарғыс. Мал сойғанда қырық мүшеге бөлу арқылы адамның ауыр күнәсін білдіру. Мұнда «қырық» көптің ішіндегі бөлшектену мен тұтастықтан айырылу символы. Қырық пышақ болу — Араздасу, жек көру, қатты ұрсысу мағынасында. «Қырық» мұнда да көптік, әр тарапқа шашырау, ыдырау көрінісі ретінде қолданылады.

Кейбір зерттеушілер «қазақ» этнонимінің шығу тегін қырық сақ тіркесімен байланыстырады. Бұл тұжырым бойынша, сақ тайпалары тарихтың бір кезеңінде бөлініп, бытырап кеткен соң, оларды сипаттау үшін «қырыққа бөлінген сақтар» деген атау қолданылып, нәтижесінде «қазақ» сөзі пайда болған деген пікір бар.

Қырық жеті саны – қалың мал есебі ретінде қолданылғанымен, бұл нақты малдың саны емес, сәбидің ана құрсағындағы өмірінің толық кезеңін бейнелейді (қырық апта). Бұл – биологиялық білім мен киелі танымның түйісуі.

Эпостарда қырық саны батырлар санын, уақыт бірлігін, қазына мөлшерін көрсету үшін қолданылады:

«Қобыланды батыр» жырында – қырық күндік жол, қырық түйе жасау, қырық серіктес;

«Көрұғлы» аңызында – қырық күн ана сүтімен қоректену, қырық бірінші күні ғайып ерендер келуі – киелі уақыт межесі.

«Оғыз-наме», «Қорқыт ата кітабы» сынды көне мұраларда – қырық шатыр, қырық жігіт, қырық күн той, қырық жара – қырық саны эпикалық кеңістіктің уақыт пен көлем көрсеткіші ретінде алынған.

Зерттеу аясында қазақ халқының танымындағы «қырық» санына байланысты ассоциациялар анықталып, ассоциативтік тәжірибе жүргізілді. Бұл тәжірибе сауалнама түрінде ұйымдастырылып, оған әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтағы 98 адам қатысты. Қатысушыларға «Қырық санын ойлағанда, қандай сөз есіңізге түседі?» деген ашық сұрақ қойылды. Жиналған жауаптар негізінде жиілікке қарай талдау жасалып, нәтижелер дөңгелек диаграмма түрінде ұсынылды (1-сурет).



1-сурет. Қырық санына байланысты ассоцияциялық сауалнама нәтижесі

Тәжірибе нәтижелері бойынша ең жиі кездесетін жауап – «Қызға қырық үйден тыйым» (15,5%). Бұл жауап халық арасында «қырық» санының тәрбиелік мәнмен, әсіресе қыз баланың тәрбиесімен тығыз байланыста қабылданатынын көрсетеді. Екінші орында «Қырық шілтен» (12,4%) сөзі тұр. Бұл мифологиялық және діни танымнен сабақтасып, рухани қорғаушы күштермен байланыстырылады. Үшінші жиі кездесетін жауап – «Қырық мысал» (4,1%) – әдебиет пен халық ауыз әдебиетіндегі тұрақты тіркес ретінде қабылданғанын аңғартады. Сонымен қатар, «Қырық қонақ», «Қырық күн», «Қырық қамшылау», «Қырық қарақшы», «Қырық өтірік» сияқты жауаптар да кездесіп, «қырық» санының халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, мифология және тұрмыс-салттық танымда алуан түрлі рөл атқаратынын дәлелдейді.

Қатысушылар берген жауаптар негізінде «қырық» саны: тәрбиелік; мифологиялық; әдеби-фольклорлық; тұрмыстық немесе наным-сенімдік контекстерде қабылданатыны айқындалды. Қазақ халқының дүниетанымында киелі сандардың, әсіресе «қырық» санының символдық мәні зор. Бұл зерттеу барысында «қырық» санының тек математикалық ұғым ретінде ғана емес, мәдени-философиялық, тәрбиелік, мифологиялық және фольклорлық тұрғыдан терең тамырланған семантикалық өрісін ашу көзделді. Жинақталған деректер мен жүргізілген ассоциативтік тәжірибе нәтижелері бұл санның ұлттық санада ерекше орын алатынын дәлелдеді.

Қырық саны халықтың салт-дәстүрлерінде, әсіресе өмірлік маңызды кезеңдерге байланысты (мысалы, балаға қырық күн, марқұмды қырық күн өткен соң еске алу), ритуалдық уақыт өлшемі ретінде қолданылып, қасиетті және аяқталғандықты білдіретін символға айналған. Сонымен қатар, «қырық шілтен», «қырық өтірік», «қырық қарақшы», «қырық мысал» сияқты тіркестер арқылы бұл сан қазақ мифологиясында, фольклорында, әдебиетінде және халықтық педагогикада кең көрініс тапқан.

Ассоциативтік тәжірибе нәтижесінде қатысушылардың көпшілігі «қырық» санын тәрбиеге, наным-сенімге, діни-мифологиялық образдарға қатысты ұғымдармен байланыстырғаны байқалды. Бұл қазақ халқының сандық ұғымдарды өмірлік және рухани тәжірибемен сабақтастыра білетінін көрсетеді. Атап айтқанда, «қызға қырық үйден тыйым» секілді тіркестер «қырық» санының қоғамдық тәртіп пен моральдық нормаларды білдіретін құрал ретінде де қызмет ететінін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, зерттеу барысында алынған нәтижелер қырық санының қазақ мәдениетінде көпқабатты, символдық, құрылымдаушы мәнге ие екенін айғақтайды. Ол тек дәстүрлі танымда емес, бүгінгі заманда да өзектілігін жоймаған, ұлттық менталитет пен рухани құндылықтардың айнасы ретінде танылады. Мұндай семантикалық-когнитивтік зерттеулер ұлттық сана құрылымындағы сандық бейнелердің маңызын ашуға, дәстүр мен қазіргі таным арасындағы байланыстарды зерделеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова З. Күретамыр. – Алматы: 2018. – 208 бет.

2. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 480 б.

3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы, Алматы, 1988, 200 б.

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Байтанасова Қ.М.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ф.ғ.к. Қазақстан, Астана.

Әдебиет – адамзаттың эстетикалық, рухани құндылықтарының тарихы. Әдеби үдеріс өзінің әлеуметтік-эстетикалық функциясын орындап, әр дәуірдің белгілі қаламгерлерінің дәстүрін сақтап, жеткізіп отырады. Қазіргі әдебиеттану, әдеби үрдіс – мәдени-тарихи өмірдің бір тармағы. Демек, әдеби үрдісті жалпы мәдениеттен тыс қарауға болмайды. Әдебиеттің дамуында әдеби дәстүрлер ерекше маңызға ие. Көркемдік идея, түр, тақырыптың жалғасу дәстүрі қаламгерлердің көзқарастарынан туындап жатады. Өмірге қарым-қатынастың әр кезде кездесетін тарихи идеялық-эмоционалдық түрлері (трагедиялық пен комедиялық, сатиралық пен патетикалық), жалпыадамзаттық, адамгершілік және философиялық проблемалар (ізгілік, ақиқат, сұлулық, қайырымдылық), өнердің «мәңгілік тақырыптары», сондай-ақ ғасырлар бойына екшеліп, жинақталған көркемдік түр әдеби үрдістің тіршілік етуіне қажетті дәстүрді құрайды. Демек, әдеби үрдіс әлем әдебиетінде, белгілі бір халық әдебиетінде болсын үнемі жетіліп отыратын процесс. А.Байтұрсынов сөз өнерінің мәртебесін былайша айқындайды: «Өнердің ең алды – сөз өнері деп аталады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреткер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1, 8]. Осы сөз өнерінің бастауындағы халық шығармалары өзінің сан сапалы қасиетімен ерекшеленеді. Ондағы бай қасиет, дәстүр мен өнеге ғасырлар бойы халықтың рухани дүниесінің кемелденуіне ықпал етіп келеді. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, халықтық құндылықтарды – шынайы мәдени-этникалық мұраларды жандандырып, ұлттық тектілікті сақтау жолындағы қадамдары алдымен білім мекемелерімен байланысты. Шәкірт мектеп табалдырығын аттап, сауат ашуға ден қоя бастаған кезден, сөз, тіл құпиясына бойлайды.

Әдебиет - өнер, халықтың сана-сезімін көркемдік ойлау қабілетін байытатын рухани дүние. Әдебиетте адамның ілгерідегі жақсылықты көксеген асыл арманы, ұшқыр қиялы, осы жолдағы күрес-тартысы, халқымыздың басынан өткен әр қилы оқиғалар, ерлігі мен елдігі суреттеледі.

Әдебиет пәні білім беру жүйесінде мынадай мақсаттарды көздейді:

- ұлттық және жалпыадамзаттық әдеби дамуға тән сипаттардың ұқсастығы мен даралығын саралау үстінде, ұлттық, адамзаттық құндылықтарды, халықтық мәдениет пен салт-дәстүрді құрметтейтін рухани кемелді, отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеу;
- көркем шығарма мәтіндерін мазмұн мен түр, негізгі әдеби-тарихи мағлұматтар және теориялық-әдеби ұғымдар бірлігі тұрғысынан игеру, әдебиет тарихы бойынша қажетті мәліметтерді, сондай-ақ, әдебиеттану ұғымдарын пайдалана отырып, көркем шығармаларды оқу мен талдау дағдыларын меңгерту;
- көркем мәтінді сезімталдықпен қабылдауды, бейнелі ойлау жүйесі мен шығармашылық қиялдауды, оқырмандық мәдениет пен авторлық ұстанымды түсінуді; өнердің басқа түрлерінің ішіндегі әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерді; оқушылардың көркем шығарманы өз бетімен оқуға деген қажеттілігін; шығармадағы нақты тарихи және жалпы көркем мазмұнды анықтай алуды; ауызша және жазбаша түрде өз түсініктерін беріп, қазақ әдеби тілін сауатты пайдалануды дамыту;
- шәкірттерге әдеби пәндер жүйесіне тән білім, іскерлік дағдыларды меңгерту, сондай-ақ, сөйлеу және жазу әрекеттеріне бейімділігін, оқу үрдісінде өздігінен жұмыс істеуге бағытталған шығармашылық қабілетін жетілдіру, игерген білім, дағды іскерліктерін өмірлік тәжірибеде қолдана білуге үйрету [2].

Бұл мақсаттар әдебиетті оқыту үрдісінде өзара сабақтаса іске асады және осы негізде төмендегідей базалық біліктіліктер айқындалады:

- көркемдік-эстетикалық біліктілік - әдеби шығарманы көркемдік тұрғыдан игеру дағдыларын қалыптастыру арқылы жастардың көркемдік-эстетикалық талғамының, рухани-адамгершілік қасиеттерінің жетілуі;
- құндылық біліктілік – жастардың өзін-өзі және қоғамдық-әлеуметтік ортаны дұрыс тани білуіне, дұрыс бағдар ұстануына ықпал ететін дүниетаным негіздерінің қалыптасуы;
- оқу (интеллектуалдық) біліктілік – оқу үрдісінде мақсаттылық, жоспарлылық, жүйелілік, шығармашылық сипаттардың ұштасуы;
- ақпараттық біліктілік - әдеби-мәдени дамуға байланысты жаңа ақпараттарды тиісті дерек көздерінен өздігінен іздеп табу, пайдалану іскерліктерінің қалыптасуы;
- әлеуметтік біліктілік – жастардың әдеби-көркемдік шындықты дұрыс түсіну және бағалау дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдана білуі, әлеуметтік ортада өз орнын табуға бейімделуі.

Бұл сипаттарды игертуде әрине, пән мұғалімінің кәсіби маман ретіндегі көмегі қажет. Кәсіби құзыреттілік – маманның өз саласы бойынша жинақтаған білімінің, білік-дағдысының көрсеткіші. Кәсіби саладағы ізденіс, даму, шеберлік, оңтайлы әдіс, қарым-қатынас – бұл маманға қажет әрекеттер. Қазіргі қоғам әр адамнан өзінің кәсібіне деген ынтаны, жауапкершілік пен дамуды қажет етеді. Әдебиет пәнінің негізі - көркем мәтін. Көркем мәтінді талдау принципін көрсете отырып ғалым Т.Есембеков: «Автор пікірі мен оқырман пікірін жарыстыра қолдану, оқиғаның әрі қарайғы дамуын болжалдауда оқырманмен сырласу сияқты амалдардың да коммуникативтік маңызы зор. Ал әңгімешінің жеке тыңдаушымен сұхбаты түріндегі көркем мәтіннің оқырманға айтатыны бөлек, оған ықпалы басқа. Әдеби шығармадағы автордың атынан сөйлеуге құқы бар персонаж автор мен оқырманның арасындағы дәнекер ретінде қабылданады және ол туындының басынан аяғына дейін жалғасуы да таңғаларлық емес», - дейді [3, 81].

Көркем өнердің өзге түрлеріне қарағанда әдебиеттің көркемдік әлемі жан-жақты ойластырып, жинақтаудың ең жоғарғы дәрежесіне жеткен. Әдебиеттің бойында ой айту, идея ұсыну сияқты сипаттардың басқа өнердің барлығынан басым болуының сыры да осында. М.Жұмабаев: «Әдебиет – искусстволық бес тарауының біреуі. Искусство адамзаттың сұлулық

сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуынан туған. Искусство да тұрмыс түріне, еңбек түріне қарап өзгеріп отырмақ. Искусство сезімнен туған әрі сезімді оятатын сурет арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылу болғандықтан, искусство өмірге, тұрмысқа пайда тигізуге тиіс» [4, 218]. Әдебиеттегі көркем бейнелерді көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес. Өнердің басқа түрлерінен әдебиеттің өзіндік ерекшелігі бар. Бейнелеу, мүсін, ән, би өнер түрлері қандай да бір зат (бояу, тас, әуен) арқылы жүзеге асса, әдебиеттің құралы-сөз. Әдебиетті түсіну үшін сезіммен қатар сана мен танымның да қызметі қажет.

Әдеби шығармалардың басым бөлігінде адамның өмірі, мақсат-мұраты, ой-сезімі, күрес-тартысы негізгі орын алады. Қандай бір көркем шығарма болсын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады. Сонымен бірге қоғамдық қарым-қатынастарға, адамның қоғамдағы өміріне зейін қоя отырып, әдебиет адамзатқа тән ой-сезімдерді тәрбиелеуге, оның қоғам алдындағы парызын түсінуге ықпал етеді. Оқырманды жазушының шығармашылық әріптесі ету арқылы әдебиет оның бойындағы көркемдікті тану қабілетін дамытады. Әдебиетті оқу ойлау жүйесінің дамуына түрткі болады, тілді байытып, жетілдіреді. Әдебиет адамзаттың сан ғасырлық мәдениетін жинақтайды, білімнің аса маңызды қайнар көзі, өзін-өзі тәрбиелеу құралы болып табылады. Көркем туынды адамның танымын, қиялын жетілдіріп, шығармашылық әлемнің ерекшелігін түсінуге жетелейді. Көркем шығарма арқылы адамның эстетикалық қабылдауы, адамгершілік мұрат-мақсаттары тереңдейді.

Көркемдік қызметтің семантикалық және эстетикалық аспектілерін қарастырғанда туындының сыртқы (мәтін) мен ішкі (эстетикалық нысан) жақтарының мәнін ашып алған жөн. Өз кезінде бұл мәселеге қатысты қарапайым да ұғымды жауап берген Л.Н. Толстой болды. Оның «Что такое искусство?» (1898) трактатында әлемдік эстетиканың көркем мәдениет құбылысына коммуникативті тәсілдің бастау болатындығын көрсеткен. Өнерді «адам өмірінің шарттарының бірі» деп қарастыра отырып, Л. Толстой оны адамдардың рухани өзара әрекеттестіктерінің тәсілі ретінде түсінді. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында көркем шығармашылықтың коммуникативті табиғаты туралы орыс қаламгерлері (О.Э. Мандельштам, Н. Гумилев), ғалымдар (М. Бахтин, А.И. Белецкий) де пікір білдірген. Ақын О. Мандельштам алғашқылардың бірі болып (Л.Толстойдан кейін) 1913 жылы «Диалогсіз лирика болмайды» («Нет лирики без диалога») деген тезисті ұсынды. Оның тұжырымынша поэзия «әрқашан қандай да бір белгісіз адресатқа бағытталады. Оған автор өзіне қалай күмән келтірмесе, тап солай күмәнсіз қарайды». Өткен ғасырдың 20 жылдары А.И. Белецкий: «Әдебиет дегеніміз – саналы түрде қабылданған диалог, ол автор мен оның санасында орныққан белгісіз, азды-көпті ғана анықталған әңгімелесуші», - деген [5, 21]. Осы тұрғыдан алғанда оқырманда, көрерменде немесе тыңдаушыда көркем шығармашылықта өзінің орны болады. Кейіпкерге (туындының шығармашылық нысаны) қатысты адресаттың ұстанымы – бұл пікірлес адамның да ұстанымы болады. Ал, шығарманың эстетикалық субъектісісіне қатысты – бұл телшығармашылық ұстанымы. Зерттеуші Б.О. Корман «нақты, өмірбаяндық оқырманның шығарманы қабылдауы оқырманда эстетикалық шынайылықтың қалыптасуы болады», - дейді [6, 53].

Көркем шығарманың қандай түрі де өзінің коммуникативті параметрі жағынан әр түрлі жанрдағы әрекеттік қарым-қатынаста болады. Бұл коммуникативті ситуацияны орнықтыратын - қаламгер. Әдебиет қай кезеңде де «мәдени орталықтың» қозғаушысы ретінде, көркем мәтіндердің жиынтығы деп қарастырылады. Сондықтан да мәдениеттің аясында көркем әдебиеттің көне дәуірден бастап, күні бүгінге дейінгі маңызы айтарлықтай бекіді. Әдебиет өнердің маңызды белгілерін бойына жинай отырып, сөз өнерінің барлық түрінде өзінің басты сипатын сақтап отырады. Өнердің басқа түріне қарағанда әдебиет дәнекерліктің ерекше пішіні болып саналады. Әдебиет адамның әлемді тануының көркемдік және жүйелі-логикалық формасын құрайды. Әдебиет тарихы – әдебиет туралы гуманитарлық білімнің бір бөлімі ретінде әдебиеттің философиялық, эстетикалық, әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін қамтиды.

Әдебиет пәнінен оқу үрдісін ұйымдастыру барысында оқытушы төмендегідей мәселелерге назар аударуы қажет:

-оқушыларды ұсынылған көркем мәтіннің мазмұнын түсініп игеруге;

-тілдік қолданыстың мағыналық, эмоционалды-экспрессивті, бейнелілік ерекшеліктерін тани білуге;

-көркем бейне мен көркемдік шындықтың ерекшеліктерін, байланыстылығын ажырату арқылы оқушының өмірлік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыруға;

-ұсынылған материалдар негізінде әдеби даму заңдылықтарын ашуға бағдар ұстанып, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жаңа құбылыстардың мәнін түсіне білуге;

-ұлттық және әлемдік әдебиет үлгілерін салыстыра оқыту нәтижесінде ұлттық мәдениет пен тарихты, салт-дәстүрлерді құрметтеп, дәріптеугеу;

-әдебиетті оқыту барысында пәнаралық байланысты, жаңа технологияларды оңтайлы қолдануға баулу.

Мәдени-әдеби құндылықтар – елдің даму деңгейінің, рухани болмысының көрсеткіші. Мәтінді ұғыну, түсіну арқылы әр кезеңнің, мәдениеттің, этностың, жеке тұлғалардың түрлі ой-пікірі, түсінігі жарыққа шығады. Әдебиеттің ұлттық сипаты мәтіннің жасалып отырған ортасының тіліне, мәдениетіне байланысты екендігі белгілі. Көркем туындыны толық және арнайы талдау – қоғамдық ойды, ұлттық мәдениетті, оның дәуірмен байланысын, әдеби процестегі орнын, белгілі бір әдеби әдісті және жазушы шығармашылығын талдау – әдебиеттанудың компетенциясы. Ендеше, мәтін – автор үшін ой-сезімін жеткізу формасы да, тыңдаушы (оқырман) үшін танымдық, тәрбиелік және эстетикалық маңызы бар категория.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиеттанытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

2. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2016. – 160 б.

3. Есембеков Т. Көркем мәтін теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.

4. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2013. – 446 б.

5. Белецкий А.И. В мастерской художники слова. – М.: Высшая школа, 1989. – 158 с.

6. Корман Б.О. Избранные труды по теории и истории литературы. – Ижевск: изд. Удм. ун-та, 1992. – 236 с.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Дәулетбекова Ж.Т. «ТІРІ БІЛІМ» МЕН ТІЛ ЭКОСОФИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСІМІ – ТІЛДІ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАЙ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕГІ 3

Ekici M. TÜRK DÜNYASI DEĞERLER EĞITIMININ UNESCO'YA GÖRE AKTARILMASI

Смағұлов Ж.Қ. ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 7

Çakmak C. KAZAKÇA VE TÜRKÇEDE GÖRÜLEN YALANCI EŞ DEĞER KELİMELER 11

Құрман Н. Ж. ЦИФРЛЫҚ ДИДАКТИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ 15

Тагирова С.А. ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ДЕТЕЙ - БИЛИНГВОВ НА УРОКАХ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА 18

Рай Қ.М. ҰЛЫ ХАКІМ АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАР БАСТАУЫ 23

Зайсанбаева Г.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ҰСТАЗ ТҰЛҒАСЫ 25

Жұмағұлов С.Б. Ж. АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ АФОРИЗМДЕРІ 29

Қапантайқызы Ш. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: СҰРАҚТАР МЕН ШЕШІМДЕР 33

1-секция.
ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Абдуллаева Г.А. РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ СРЕДСТВАМИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ РАБОТЕ С ТЕКСТОМ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ 38

Ажибекова М.Е. ЖҰБАНОВ ПЕН Ж. ЖОЛАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ 40

Ақтанова А.С. АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ 43

Аитова Н.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: ТІЛ ТАБИҒАТЫНАН ТІЛДІ ТҮСІНІП ҚАБЫЛДАУҒА ДЕЙІН 46

Алнағанбет Н.Ғ. Ә. ЫБЫРАЙЫМҰЛЫНЫҢ «СЕМСЕР ЖҮЗІНДЕГІ СЕРТ» РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ (1-ТОМЫ БОЙЫНША) ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ 50

Аманбекқызы Ж. ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ 52

Апеева Г.С. ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ ӘСЕРІ 57

Асетова А.Л. ӘДЕБИ МӘТІН АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУДЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 59

Аубакирова С.Т. Ғылыми жетекші: Қапантайқызы Ш. БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ 62

Açıkgöz H. MAHTUMKULU'NUN DÜŞÜNCELERİNDE DEĞERLER EĞİTİMİ 66

Бекберген А.С., Шокабаева С.С. «ТОҚТЫ МЕН СЕРКЕ» МУЛЬТФИЛЬМІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ 68
Балабеков А. К., Қаирбаева Қ.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЖАСЫЛ» ЖӘНЕ «КӨК» ТҮСТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘНІ 71
Бегимова Г.А. «ГҮЛІСТАН БИТ ТҮРКІ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТАМЫРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ АЙНАСЫ 74
Бибеков Қ.Т. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ 78
Bolatova A.S. İÖYP MEZUNLARININ KARIYER GELIŞIM SÜREÇLERININ KARŞILAŞTIRMALI İNCELENMESI 81
Бөкен Г. С. МӘДИНА ОМАРОВА ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАР 85
Бөкен Г.С., Тлеубердина Г.Т. АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ МАҚАМ: САЗ, СӨЗ ЖӘНЕ САНА ҮНДЕСТІГІ 89
Дүйсен М.Б. ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ 94
Елубай А.М., Татиева С.С., Қазезова А.М. ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 96
Жайлауова Г.У. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СУБСТАНТИВТЕНУ: СЫН ЕСІМНІҢ ЗАТТАНУЫ 102
Жамбыл А.Д. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ГУМАНИСТІК РӨЛІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ 104
Жұмаділла А.А, Бимаханбетова Н.Б., Медетова Б.Л., Райымбекова А.Т. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 108
Ибраймова Г.С. ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМЫТУ 112
İbrahimli C. KASQARLI MAHMUD YOLU VƏ TÜRK DÜNYA 115
Igenbay T. GAMIFICATION TECHNOLOGY AS AN INNOVATIVE METHOD OF TEACHING THE PROSE OF SAKEN ZHUNUSOV 119
Исламова Ш.Б., Аубакирова С.Т. ҚАЗАҚ ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНАН 123
Кабидуллиева Ж.Ж., Сәтбекова А.А. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӘЛЕУЕТІ 126
Кажибаева Г.К., Жукенова С.К. БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТАБИҒАТ» КОНЦЕПТІСІ: АКСИОЛОГИЯ МЕН ПСИХОЛОГИЯ ТОҒЫСЫНДА 130
Кайырбаева Ж. К., Рахметова Р. С. ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗСАПТАУЫН ЖЕТІЛДІРУ 135
Kapanova A.K., Ibrash N.M. FLUENCY IN ENGLISH THROUGH THE DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE 139
Картаева А. М., Келгембаева Б. Б., Құрманбекұлы Қ. ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ МЕН АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ 142
Kenenbaeva M.A., Tuleutemirova A.A. MORAL EDUCATION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH CARTOONS 146
Кенжалин Қ.К. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚОРҚЫТ ЖӘНЕ ҚОРҚЫТ АТА ЖЫРЫ 150

Кокбас Ж., Ережепова А. ЗЕЙТІН АҚЫШЕВТІҢ «ЖАЯУ МҰСА» ЖӘНЕ «ИМАНЖҮСІП» РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘНШІ АҚЫНДАРДЫҢ БЕЙНЕСІ 152
Кокбас Ж., Илюбаева А. ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ 157
Кошенова Ш.Т. МЕКЕНШАҚ – ӘДЕБИЕТТАНУ КАТЕГОРИЯСЫ 160
Кулабаева Р.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ҚҰРАЛДАР 164
Қосыбаев М.М. М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ ИТ-ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮРКІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ КӨРІНІСІ 167
Лес Н.Ө. ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ЖАҢА РӨЛІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ 173
Маевский Н.А., Зайсанбаева Г.Н. ҚОС ТІЛДІК ОРТАДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: «ЫРЫҚ БІТІК» ТРАКТАТЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ 176
Махсутова Г.Қ., Кажибаева Г.К. АЛАШ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ 180
Минбаева С.М., Жалғасбек Б. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В КОНТЕКСТЕ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ 182
Минбаева С.М., Серікқанұлы А. ГУМАНИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОГО ОБУЧЕНИЯ ЧЕРЕЗ РИТМ, ТЕМП, ИНТОНАЦИЮ И ЭМОЦИЮ СТИХОТВОРЕНИЯ 185
Мысырқызы М. ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ РӨЛІ 188
Oralbekova K. ABAI'S CREATIVE LEGACY AS THE FOUNDATION OF LINGUISTIC, CULTURAL, AND PERSONAL DEVELOPMENT 192
Орынбасаров Р.А., Сабыр М.Б. ХАЛЫҚ АҚЫНЫ САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ 194
Рахымберлина С.А., Есенбаева Р.М. ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫН (АНТРОПОНИМИКАСЫН) ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ РӨЛІ 198
Романова Ж.А., Жусупова Г.К. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗДАРДЫҢ СОМДАЛУЫ 203
Сафаргалиева А.Ы., Абугалиева А. ЯЗЫК КАК СРЕДСТВО ХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ 206
Тоқтасынова Д.Ғ. «БЕРУ» ЕТІСТІГІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ («ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ» НЕГІЗІНДЕ) 208
Turgumbaeva N.K., Eker S. KAZAK DILINDEKI DUYGUSAL SÖZDIZIMI: ULUSAL DÜNYA GÖRÜŞÜ VE DILSEL KIŞILIK OLUŞTURMADAKI ROLÜ 211
Ускенбаева Г.А. Қ.А. ЯСАУИДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ 215
Халметов А.Р. М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ ИТ-ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ -ла, -ле ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ 217
Шагирбаева Б.Қ., Тургут Т. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ – БАҒДАРЛЫ КӨЗҚАРАС: АКСИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ 223
Шақантаева Н.Т. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС ПЕН ӘДЕБИ БАҒЫТТАР 227

Шалғынбекова А.Б. ӘСКЕРИ ТҰТҚЫН ҚАЛАМГЕРЛЕР МҰРАСЫН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ (1941-1945 ж.ж.)	230
Шарапиден А.Т. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ	231
Шокабаева С.С., Баймуханбетова М.Б. З. АХМЕТОВАНЫҢ «КҮРЕТАМЫР» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ	235
Інкарқызы Ж. САН МЕН САНА: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ҚЫРЫҚ» ҰҒЫМЫ	238
Байтанасова Қ.М. ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК	241

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары»
атты ғалымдар мен мұғалімдердің
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы
материалдарының
ЖИНАҒЫ

Басуға 07.11.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Цифрлы басылыс. Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 15,5

ISBN 978-601-385-146-4